

Бекжігіт СЕРДӘЛІ



**СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ,
СӨЙЛЕЙІН**



Алматы-2023

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
С 88

*2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік
оқытушысы» грантының қаражатына шығарылды*

Сердәлі Б.
СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН. 2 томдық –
Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы. 2023. 1-том.
– 352 бет.

ISBN 978-601-205-

*Автордың қос томдығында қоғамдық өмірдің түрлі
тақырыптарына қалам тербеген тәрбиелік һәм
танымдық мәні бар әлеуметтік желілерде жарияланған
қысқа жазбалары мен сұхбаттары топтастырылған.
Сондай-ақ, замандастары мен достарының жылы
пікірлері де осында жинақталып отыр.*

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-205-

© Сердәлі Б., 2023
© «Нұрлы Әлем» баспасы 2023

Бекжігіт Сердәлі

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Алматы
«Нұрлы әлем»

ЖЕЛТОҚСАН – ЖАНЫМНЫҢ ЖАРАСЫ

Аяусыз қатігездікпен басып-жаншылған Алматыдағы 1986 жылығы Желтоқсан көтерілісі, сол оқиғаның тікелей басы-қасында болғандықтан, әлі күнге дейін көз алдымда. Ульяновскіден келген орыс басшысына деген наразылықтан туған кездейсоқ өрбіген оқиға десек, көтерілістің мәнін төмендетіп аламыз, дұрысы империялық үстемдікпен жүргізілген ұлт саясатына қарсылық білдірген жастардың саналы қозғалысы.

Олай дейтінім, алғашқы күні ҚазМУ-ден шыққан лек-лек жастардың айтатыны «қашанғы шыдаймыз, өз билігімізді өз қолымызға алатын кез жетті ғой, біз де ел емеспіз бе?», «ағаларымыз аңсаған азаттық алар сәт туды емес пе?», «халқымыздың көрген азабы аз болды ма, аяққа тапталғанымыз осымен жетер!» деген сияқты ұранды сөздер болды. Біреу сыбырлап айтты, біреу ашық айтып жатты. Бірақ Тимирязев, Сәтпаев көшелерін қара-құрым ағынға ұластырған жастар бейбіт еді, кәдуілгі сол кезде жиі болатын шеруге бара жатқандай көңілді болатын, әр тұстан ақ матаға «маркстік-лениндік ұлт саясатының» ұрансөздері жазылған транспоранттар ағараңдайды.. Жалын атқан жастар емеспіз бе, жолай әдемі ән де, жалынды жыр да оқылып жатыр. Жан-жағымыздан алабөтен ойдан ада, тек жүректе шемен боп қатқан талап-тілекті айтып қалуды мақсат еткен саналы топты ғана көреміз. Біз танымайтын әлдебіреулер тарапынан «Айтар ойымызды ашық айтайық, бірақ оқыс қимылға барып жүрмеңдер» деген ескертулер жиі естіліп қалады. Мұнысы несі, біз көшедегі бұзақы емеспіз ғой, бейбіт шеруге шыққанда не тұр деп таң қалғанбыз сонда.

Осы лекпен алаңға да келіп кірдік. Алаңды толтыруға айналып қалған жастардың араның омартасындай гүлі желтоқсанның ызғарын сезбеген денемізді біртүрлі

тітіркендіріп жіберді. Тұңғыш рет осылайша қауымдасып жиналған кілең қазақтарды көріп тұрғандықтан ба, бойымда ерекше бір рух пайда болды. Сол рух, әсіресе, алаңдағы барлық жастардың Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін бір деммен қосыла айтқанында тіпті үдеп кетті. Ұлы бар, қызы бар қолтықтаса алға ұмтылды. Арттан сыққан екпін аялдауға мұрша бермеді, мінбердің жанынан бір-ақ шықты. Енді мінбер үстіндегі болып жатқан жағдай көз алдымызда анық көрініп тұрды. Елге танымал үлкен аға-апаларымыз «жатақханаларыңа қайтыңдар, адаспаңдар жастар!» деген сөздермен басу айтып жатты. Үндерінде діріл, көңілдері секем. Өздері айтып тұрмағаны анық, айтқызып тұр! Мінбер маңайындағы сірескен қара костюмді шоғыр алдыңғы қатарда тұрған студенттердің: «Бізге мінбер беріңіздер, ойымызды, талап-тілегімізді ашық айтып тарқасайық» деген сөздерін естімегендей күй танытып, елең-құлаң қылатын емес. Екінші бір тұстан да осындай өтініштер айтылып жатты. Алаңға жарық беретін бағанаға өрмелеп, бірінің мойнына екіншісі шығып жастардың арман-тілегін айтуға ұмтылғандары да аз болған жоқ. Бәрі бекер еді. Дауыс күшейткіш ұстап тұрғандар жастарға мінбер берудің «ұлттар достығы лабораториясына» қаншалықты зардабының тиетінін әрі жоғарыдан оңбай «таяқ жейтіндерін» жақсы білетін-ді, сондықтан мінберді беру олар үшін «Рейхстакты берумен» тең тұғын. Мәселенің ушығуы осыдан басталды. Оның үстіне Үкімет үйінің маңына бақайшағына дейін мұздай қаруланған әскерилердің келе бастауы жастарды ашындырды. Әскерилердің етіктерінің дүрсілі милицияға «жан бітірді», бізді тықсырып тастамақ ниетте сойылдарын алып, алға ұмтыла бастады. Арт жақтан берік қамалдай болып тіресіп тұрған қалың халықты ысырып тастау мүмкін емес еді. Қос қыспаққа шыдай алмай, өкпесі жаншылған қыздар шыңғыра бастады. Алдыңғы лекте тұрған жігіттер соққы астында қалды. Бұл қазаққа тән мінезі бар ер азаматтардың жанына батты. Милицияға қарсы ұмтылуға тура келді. Тырнақпен тырмалап қар жұмбаздарын жасап, атқылағаннан басқа бізде амал қалмады. Қақтығыс осылай өрши берді. Ар жағы белгілі: әскерилердің аяусыз сабауға көшуі, ығысып шетке шығып қалғандарын темір бункерге тоғыта бастауы, бұрымынан сүйрелген қыз... сойыл соққысынан шойырылған жігіт... азан-қазан, у-шу... Біз

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

байқамаған екенбіз, ескерилер жан-жақтан қаумалап-ақ қалған екен, әп-сәтте быт-шытымызды шығарып, ыдыратып, бөлік-бөлікке бөліп тастады.

Бейбіт шеру өткізіп, талап-тілегімізді айтамыз да қайтамыз деген ниетпен келіп, істің мұндайға айналарын күтпеген жастар енді ашынып, аяғына дейін тұруға бел буды. Жастар шын мәнінде жүгенсіз кеткен империялық жүйенің оспадарсыз әрекеттердің бет-бейнесін анық аңғарды. Бұл режимнің жергілікті ұлттың наразылығын жаншу үшін ештеңеден де тайынбайтынын, ешкімді де аямайтынын ұғынды. Азаттыққа ұмтылған алғашқы ұшқын енді «мұз үстінде жанған алауға» айналды. Алаң толы жастар күшпен таратылуға жақын қалғанымен, ешкім де жатақханасына қайтпай, алаңды айналшықтап жүріп алды. Жатақханаға барған сәтте «жасанды қамауға» алынатынын олар жақсы білді. Енді тайынар бет жоқ, мақсат жолында өлейік деген серт байласты жастар. Осы үмітпен әр жерде қонып, ертеңіне алаңға қайта жиналды. Бұл жолы, қауіп қылғанымыздай, студенттердің басым бөлігі жатақханаларда және оқу корпустарында «қамалып» қалған болатын.

Ертеңгі қырғын ел есінен кетпейтін қырғын болды: аязды күні өрт сөндіру машиналарынан шашылған мұздай су, аяусыз соққыға жығылған өрімдей қыздар, сойыл соққысынан сұлап түскен жігіттер, қан жоса болған топтастар, топ-тобымен «құрсауланып», белгісіз бағытқа алынып кеткен замандастар...

Тілек ескерусіз қалды, жүрек жаралы болды! Бұдан өткен қорлық болар ма?!

Екі-үш күннен соң оқу аудиторияларында лектордың орнын құпия тергеушілер басты, лекция орнына тергеу амалдары жүре бастады. Тергеу ұзаққа созылды. Бопсалау, теріс ақпар беруге итермелеу аз болған жоқ. Жүйке жұқарды, жан күйзелді, намыс аяққа тапталды... Сол жүрек жарасы, міне, 22 жыл болды, әлі жазылған емес. Әр желтоқсан сайын сыздап, жанға тыншу бермейді.

Шүкір, сол Желтоқсанның бастауы, араға 5 жыл салып Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Кеш болса да, жастар тілегі қабыл болды. Елбасымыз ұстанған саясат бізді әлемге танытты. Бір өкінерім, мына көршілес Кентау қаласы қала төрінен «Желтоқсаншылар стелласын» ашып, жыл сайын Тәуелсіздік

боздақтарын еске алып, құран бағыштап отырса, Түркістан әзірге үнсіз. Тек бірлі-екілі мектеп қана кездесу өткізген болады. Қазір еліміздің Тәуелсіздігі үшін 17-18 желтоқсан күндері алаңда арпалысқан аяулы замандастарымды, достарымды, ҚазМУ-де бірге оқыған топтас құрбы-құрдастарымды, алаңда бірге жүрген өзім танымасам да, тілегіміз бір болған намысшыл жастарды сағынышпен және биік мәртебемен еске аламын.

Сендер ел азаттығы жолында күрестіңдер, еңбектерің еш болған жоқ, мейлі, әрқайсысыңның есімдеріңді ел біле қоймас, бірақ сендер ата-бабаларымызға тән өр рухтарыңмен халық жадында мәңгіге сақталатын боласыңдар!

ЕЛ РӘМІЗІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ

Тәуелсіздікті көп жыл арман етіп ек. Ойдағымыз болды. Ортамыз толды. Төбедегі келді.

Елулікке енер ақ жолдың алдындамыз. Европа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етер үлкен тілектің үстіндеміз. Тек мұнымызды ұзағынан сүйіндіргей. Елде тыныштық болғай. Жасампаз жастарымыз жарқын келешекке ұмтылғай. Қырқына шыдап, қырық біріне шыдамағандай болмайық. Ел тұтқасын ұстаған Елбасыдай ерен ерімізге үмітімізді арқалатып, сенім артайық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елде есте қалар үлкен серпіліс болды. Ол – Отанымыздың егемендігін, өзіндік болмысы мен тарихи мәнін айшықтайтын мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Осындай жас ел үшін мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін, қазақстандық патриотизмді қалыптастырып, ұлттық бірлікті нығайтатын; халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды нышандар. Сондықтан да Президентіміз мемлекеттік рәміздерге әрдайым көңіл бөліп келеді. Қазақстан халқына арнаған биығы Жолдауында да қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жетілдіру және күшейтудің маңыздылығын тағы да ескертіп өтті.

Мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі – өз елінің шынайы отаншыл, іскер, жасампаз көзқарасына азаматты тәрбиелеу болып табылады. Осы арқылы біз тәуелсіздіктің

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

қасиетті белгілерін ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбіріміз Қазақстанның Жалауын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуымыз қажет.

Рәміз – біздің найзалы нышанымыз. Ал сол нышан келешегіміздің қайнар көзі – жастардың қолында. Сондықтан мен мына жастар тұрғанда елімнің болашағы үшін аса көп қамығып уайым кешпеймін. Көзінде от, жүрегінде намысы ойнаған жастарға қатты сенемін және солардың ата-бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздігіміздің кепілі болатынына шүбасыз иланамын. Егер маған қайтадан жарық дүние есігін ашар бақыт бұйырса, сөз жоқ, Қазақжерінде қайта тууды нәсіп етер едім, және де Жалауымды желбіреткен, Елтаңбамды еңселі еткен, Әнұранымды асқақтатқан жастардың соңынан ерер едім. Рәміз – мен үшін аса құрметті мәртебе! Ел рәмізі үшін жұдырықтай жүрегімді жұлып берер сәт туса, «міне, ала ғой» деп қасқая қарсы тұрар едім. Тек жанымда сендер болыңдаршы, намысты жастарым!

ҰҚЫПТЫЛЫҚ

Күнделікті қат-қабат шаруа есік күзетумен бітетін заман. Әсіресе халық аса ділгір кеңселердің алды апыр-топыр. Құрып қалғыр бір қол үшін бастыққа кіру қиынның-қиыны. Зәреде кезегің жетіп, кіре қалсаң, тура Рейхстагты бағындырғандай бақытты күй кешесің.

Дәл осы көріністі мен қанша барып жүріп Сәрсенбек Қойшыбайұлының кабинетінің алдынан кездестірмеппін. Кіре берістегі хатшы бөлмесі құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Шыбынның ызыңы естіледі. Кезек күткен бірді-екілі адам сыбырласып қана сөйлеседі. Хатшы қыз Құндызай келушінің кезегін реттеп құлдыраңдап жүгіріп жүр.

Осындай тәртіпті орнықтырған Сәрсенбек Қойшыбайұлы деп отырғаным университет президентінің оқу-әдістеме ісі жөніндегі вице-президенті Тұртабаев. Былайғы жұрт Тұртабаевтың есімі естілсе кірпідей жиырылып, бойын тіктеп алатыны рас. Өйткені, бүгінгі ісін ертеңге қалдырып, ертеңгісін арғы күні жалғастыратын уайымсыз, қамсыз адамдар үшін Сәрсекеннің талабын орындау азаптың-азабы. Зады, алтын уақыттың қадірін де, бағасын да жақсы білетін Сәрсенбек Қойшыбайұлы бір минутын да босқа өткізбейтін ұқыпты жан. Ең бастысы, біз әрқашан да

ол кісінің біреуге зекіп сөйлегенін, қатты ашу шақырғанын естіген де, көрген де емеспіз. Кемшін кеткен тұсыңды жайымен ғана айтып, «мұным дұрыс па, пәленше түленшеұлы?» деп өзіңе салмақ сала қарайды. Барлығын қолмен қойғандай дәлелмен жеткізіп тұрса, қалай дұрыс демейсің?!

Ол тек өзісімен, өз әрекетімен үлгі болуды, қас-қабақпен ұғындыруды қалайды. Не айтпағын қас-қабағынан танысың. Танысың да сәл «ұзын арқау, кең тұсауға саламын-ау» деген ойыңнан айнып, лажсыз қам-қарекетке көшесің.

Университетте екі мыңға жуық адам жұмыс істейді, одан да көп болуы әбден мүмкін. Сәрсекен солардың барлығының түр-келбетін, қай бөлімде қызмет істейтінін, әкесінің аты-жөнімен жатқа біледі десем сенер ме едіңіз! Феноменальды есте сақтау қабілеті бар жанды тұңғыш көруім. Мәдениет сарайының үлкен залында барлық оқытушылардың қатысуымен алқалы жиын жиі өтіп жатады. Тәрде отырған Сәрсекен кейде артқы қатарда «мызғып» отырған адамның аты-жөнін түгендеп атап, «ұйқысынан» оятатыны бар.

Сәрсенбек Қойшыбайұлы мен білетін ғалым-басшылардың ішіндегі қарапайым, шаруақоры. Ол ғылымды ғана емес, оқу үдерісін де терең білетін жан. Өзіне де, өзгеге де қатал, тура, әділ. Шаруасы көп адам, әдетте, салдыр-салақтау болады. Бірақ, Сәрсекен олай емес, әскери адам сияқты, әбден жинақы. Жұмысқа уақтылы келеді, уақтылы кетеді. Түскі үзіліске бес минөт кейін кетіп, бес минөт бұрын келетін жанды көруім осы. Сондықтан ол кісіні орнынан таппай қаламын-ау, жұмыстан ерте кетіп қалса қайтемін деп уайымдаудың еш қажеті жоқ.

Оның жұмыс кабинетінен не еденде, не стол үстінде көлденең жатқан дүние көрмейсің. Әр қағаз өз орнында. Тіпті, университетке келген әр хаттың көшірмесі Сәрсекеннің кабинетінен табылады десем, қателесе қоймаспын. Қызмет хат жазғанда да солай: әр сөздің, әр сөйлемнің өз орнында тұрғанын қалайды. Қашан көңілі толғанша түзетуден талмайды. Қол қоюдан зәрезап болған, ручканың ұшымен жалғыз таңбаны сүйкей салатын бастықтар көп. Сәрсенбек Қойшыбайұлы мың қағаз әкеліп берсең де, сенімен сөйлесіп отырып-ақ, жарты құлаш қолын қоюдан бір танған да, шаршаған да емес.

Туғаншылдығынан гөрі, турашылдығы басым.

Арызқойларды жақтырмайды. Таласа келген екі тарапты әбден тыңдап алып, байыппен барлап, әділ шешімін шығарады. Сондықтан да, даулы мәселені Сәрсекеннің алдына барып шешуге асығатындар көп.

Міне, мен білетін Сәрсекен ұқыптылық пен жинақылықты серік еткен осындай жан. Бүгінгі уәдесін ертең ұмытатын, халық қамынан гөрі қарақан басының қамын көбірек күйттейтін кей басшылардың ұқыптылықты осы кісіден үйренгенін қалар едім.

Турашылдығыңыздан таймаңыз, Тұртабаев мырза!

ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ ПАТШАЛЫҒЫ

Құрғақ сөз, жайдақ ойды күнде тыңдап жүрміз. Өзін ақын немесе жазушы санайтын «талантсымақтардың» көлгірсіп айтқан әңгімесінен де шаршағанбыз. Біздің іздейтініміз – асқар биіктей маңғаз көрінетін, айтар ойы айқын шынның жүзінен де қаймықпайтын нағыз талант иесінің пікір-пайымы. Мәрттік те, байыптылық та, байсалдылық та бір бойынан табылып жүрген сыншы-суреткер Әшірбек Сығай сондай жан. Оның шығармаларын оқығанда, сахна төрінен шегендей жеткізген парасатты ойларын тыңдағанда, міне, осы кемшін тұстың орны толғандай болады. Қазақ театрының арғы-бергі тарихы, ел өнерінің алтын діңгектері, сахна саңлақтарының шығармашылық портреттері, келмеске кеткен асылдардың жауһар бейнелері, бүгінгі замандас келбеті, бір қарағанда үйреншікті де таныс көрінетін осынау лейтмотивті Сығай еңбектерінің сыршыл беттері десек те болады. Бұрынғыдай емес, қазір ел еңсесін түзеп, өнер іздейтін болған, рухани азыққа деген құмарлық бар. Ілгеріде тәж қаланың талғампаз жұрты Хантағының сары баласына – Әшірбек сыншыға қаламгер ретінде сыйластықпен ғана қарайтын, қазір оны тоқсан жыл көрмеген туысындай қарсы алып, хан көтеріп, құрмет тұтады, бір қара сойып, құдасындай күтеді. Олар Әшағанды көтермелеп жатқан жоқ, еңбегін, елге тигізген шарапатын биікке көтеріп жатыр. Сығайдың есімі естіле қалса, «жерлесіміз ғой» деп иіп, теледидардан шыға келгенде, «бұл жолы не дер екен, енді кімді сойып салар екен?» деп айыздары қанып отырады. Әшаған да осыны күні бұрын сезгендей, бірде байсалды кейіпке еніп, бүгінгі театр өнерінің тынысы жайлы ағыла сөйлеп, таланттар турасында

тартымды ой қозғап жатса, енді бірде еркелеп, балаң күйге түсіп, өзіне ғана жарасымды әзіл-қалжыңға да ерік беріп жатады. Әшағаңмен таңды таңға ұрып қанша әңгімелессең де жалықпайсың. Әңгімені әдемі айтады, образдар айтады, тура ішінде жүргендей күйге енесің. Ауық-ауық желпілтіп қағытып қоятыны тағы бар. «Бұл менің Ақсарыдағы нағашы атамнан жұққан қасиет» деп отырады ол сөз арасында.

Өз басым дәл Әшекеңдей шешен адам көрген емеспін. Сахнада тұрып байсалды кейіпте байышпен әңгіме айта бастағанда зал сілтідей ұйып тыңдай қалады. Білгірдің аты білгір. Ылдидан салса төске озған, ертеден шапса кешке озған жүйрігіміз қамшы салдыратын емес, желмаяша желдей есіп қоя береді. Мың кісіні ауызына қарата бипаз сөйлейтін Райымбек Сейтметтің өзі Әшағаңның шешендігін мойындағанын өз көзіммен талай көргем. Жалпы, осы екі азаматтың жарасымды достығы, ағалы-інілі өнер тарландарының бірі үшін екіншісі жан беретіндей ілтипатқа толы сыйластығы өнер жолында бірге жүріп бірін-бірі күндейтін кейбір азаматтарға үлгі боларлық-ақ. Мейлі үлкен бол, мейлі кіші бол, талантсың ба, екі аға құшағына алып жүре береді. Екеуі де ел ішінен шыққан тума таланттарға бір көзқараспен, бір ғана ақ ниетпен, бір ғана пәк көңілмен, таза жүрекпен қарайды.

Түркістан театрына жиі бас сұғып тұрамыз. Кезекті бір премьерарада алдыңғы орындардың бірінде Әшірбек аға да отыр екен. Екі көзі сахнада, иек қағып қана амандасты. Сезімтал жүрегі әртістердің ойынында, табиғи салмақтылығын сары алтындай сақтаған қалпында аса бір ыждаһаттылықпен зейін қоя тыңдап отыр. Жүзінен көрініп тұр, жұдырықтай жүрегі мазасыз жұлқынады. Сәл көңілі бөлінсе, сол сәтте, сол сағатта бір ғажап әлемнен біржола айырылып қалатындай күйде. Сахнада жанын жеп ойнап жүрген әртіспен бірге күледі, бірге толғанады.

Қызығы артында екен. Спектакль біткен соң театр труппасы залға түсуге жүрексініп, сахна сыртында сенделіп жүр. Бір қарағанда зал толы көреремен аһілеп-уһілеп, қойылым кейіпкерлерімен бірге қара сорпаға түсіп, ішкі жан дүниелерін ақтара риза кейіпте қол шапалақтап, қошемет көрсетіп отырғандай болған. Әртістер әдемі-ақ ойнады, көрермен де разы. Енді Әшағаң мақтайтын шығар деп отырғанбыз...

Зал босаған соң барлық әртістерді алдына жинап

алған сыншымыз – сахна сабазымыз Әшағаң ойқастап былай кетті. Айтқаны дұрыс, дәлелі орынды. Ойпар-ай, қалай дөп тауып жеткізіп отыр? Мұны мен де байқаған едім ғой, бірақ дәл Әшағаңдай жер жебіріне жеткізе айта алмас едім деп біз отырмыз. Өткір сын. Естісең жігерің құм болады. Алайда әртістердің ұнжырғасы түсіп отырған жоқ, айта түссе екен деп ынтығатын сияқты. Тыңдаушы ынтық болған соң сарабдал сыншы да шешіле сөйлейді. «Сынды жаза білу қандай ерлік болсы, сол сынды көтере білудің өзі соншама ерлік» деп сыншының өзі жиі айтатындай, әртістердің зейін қоя ықыласпен тыңдауы сол ұмтылыстың айғағы іспетті. Сыншы-шешен сөйлеп отыр. Біз тыңдаушымыз. Драматургия мен режиссура мәселелері, актерлық ізденіс, сахналық қойылым проблемалары – айтылмаған ештеңе қалмағандай. Бірақ тыңдарман актер қауымы да, режиссер Сая Қасымбек те асығар емес. Рухани ұстаздан бірдеңе алып қалуға ұмтылып, аш көзденіп отыр.

Жалпы, Әшірбек Сығай театр өнері жайлы сөз қозғағанда қанаттанып кетеді екен. Мақсаты – ойлы жасқа ой тастау, мүмкін болса ойландыру, реті келсе айтқанына сендіру.

Байқап жүрміз, Әшірбек Сығай тұлағасы жылдан-жылға іріленіп барады. Ол өнер өлкесінде жүзген алып кеме іспетті. Сол алып кеменің жел кернеген желкенін тік ұстап жүрсек дейміз біздер, артынан ерген өнерпаз інілері. Осындай сәтте Қаратау етегіндегі кішкентай қаладан өсіп-өніп келе жатқан үлкенді-кішілі, талантты-талғамды өнер өрендері Әшірбек Сығайдың кемесінде алыс жағалауға – өнер өлкесіне, парасат пен пайым патшалығына аттанып бара жатқандай көрінеді.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ДҰРЫС ТОЙЛАП ЖҮРМІЗ БЕ?

Григорян күнтізбесімен келетін қаңтардың 1-і де Жаңа жыл, күн мен түн теңелер наурыздың 22-сі де Жаңа жыл. Сонда біз Жаңа жылды жылына екі мәрте тойлайтын болып отырмыз. Жарайды, тойдың көп болғаны жақсы, бірақ екі жаңа жылды мерекелеуді ұйымдастыруда екі түрлі көзқарас қалыптасып қалған жоқ па екен деген күдік ұялайды көкейде.

Мәселен, Санта Клаустың жаңа жылында алдын ала екі апта бұрын (үлкен қалаларда тіпті бір ай бұрын) алаңға жа-

сыл шырша орнатылып, қала біткен шыны ойыншықтармен, қызыл мұрынды әкейдің сұлба-суреттерімен безендіріліп, базар біткен тарсылдақтар мен торсылдақтарға толып, барлық мекемелер алпыншақ-салпыншақтары мен қағаздан қиған ақ ұлпаларын есік-терезелеріне жапсырып әуреге түсіп жатқаны. Көше біткен жап-жарық, әйтеуір, бір жақсы мейрамның келе жатқанын іштей сезінесің. “Ойбай, киіз үй тігеміз, ақша жинаңдар, үйден кебеже-сандық, түлкі тұмак, кесеқап ала келіңдер, жейтін бауырсақтарыңды да ұмытпаңдар” деп жатқан ешкім жоқ.

Жалпы, мереке деген халықтың қызықтай жүріп демалуына жасалған қажетті шаралар жиынтығы ғой. Мерекеде бақылаушы болмайды, бәрі де қызықтаушылар. Бізде – Наурызда қалай? 22-сіне екі-ақ күн қалғанда жоғарыдан апай-топай тапсырма келеді: қайдан тапса оннан тапсын, әр мекеме бір-бір киіз үй тіксің, ішін ескі жабдықтармен толтырсын, қазан көтерсін, арнаулы комиссияны күтіп алсын, жүзде бар! Ал, содан алашапқын басталады!

Дайын тұрған киіз үй кімде бар дейсің?! Оны пәлен теңгеге жалға алады (киіз үйі бар кейбір пысықайлар оны бір сиырдың құнына жалға береді екен деген әңгіме бар). Үйме-үй тентіреп, біреуден келі, біреуден келсап жинап, ішін толтырады.

Салық салып күрішін, ақша жинап пүлішін алып, дастархан жаяды. Әнші-әуенші де, ыдыс-табақ та, қазан-ошақ та, аспаз да, бәрі-бәрі жалданып келеді. Осының барлығы белгілі бір топтың тамашалауына, солардың игілігіне ғана әзірленеді. Үй аралап олар келіп-кетпейінше не есік, не қазан ашылмайды. Тек сығалай қарауға, сырттай бақылап өтуге ғана мұрсатың бар.

Комиссия да лек-легімен жүреді: бірі қонақжай, бірі қатал сыншы. Осыған қарап қазіргі Наурыз оны ұйымдастырушылар мен комиссияның ғана игілігіне айналып отыр деген қорытынды жасауға болады. Наурыздың басталуы да, бітуі де тез. Күн көтеріле дабыл қаққан той түске дейін шолтаң ете қалады. Түстен кейін алаңнан бірде-бір киіз үйді таппайсың. Тек шашылған қоқыс қана қалады. Екі күн бойы үй күзетіп әбден шаршаған шаруа жігіттер отауды тезірек жығып, үйлеріне қайтқанша асығады (олардың да мерекелеуге қақысы бар шығар?!). Қысқасы, бұл күні демалушы

да, демалысты ұйымдастырушы да сілікпесі шығып әбден шаршайды. “Бүйткен Наурызды құрысын, үйде шырша құрып, отбасыңмен түнгі 12-ні күткен рахат екен-ау!” деп елдің қажитыны содан.

Сонда төл мерекеміз Наурызды жарқылдата тойлауға не кедергі, неден кемістік жібердік? Рас, әу баста елді алаңға шерулетіп шығару дәстүрі болды. Ол көпті қызықтырғанымен, оған арнайы сахна шеберлері қатыспай, мекемелер тартылғандықтан, әрі ол көп шығын мен кәсіпқой ұйымдастыру күшін қажет ететіндіктен аяғы құрдымға кетті. Кейін әрбір мекемені міндеттеп жүріп киіз үй тігуді шығардық та, жұрт санаулы өнерпаздардың өнерін қызықтаумен тарқайтын болды. Ал мобильдік киіз үй (тез тігіліп-жиналатын) ат төбеліндей адамдардың сайраны мен ішіп-жеу ордасына айналды.

Сырттай бақылайтын қарапайым жұрттың әлгі есігін аспаз келіншек күзеткен “наурызотауларға” деген алақөздігі пайда болды. Отауды тігіп-жығу мен күйелеш-күйелеш болып көшеде көже пісірудің ешкімге рахат сыйламайтынына көптің көзі жетті. Бұған этностар түгілі қазақтардың өздері жатсына, мысқылдай қарайтын халге жетті.

Бұл айтылғандар өзімізді кеміту үшін емес, кемсітілген, қисық кеткен тұсымызды анықтау үшін, ұлық мейрамымызды ұлықтау, бай мазмұн мен мәннен жұрдай бола бастаған ұлы мейрамды арашалау, ұлттық намыс пен рухани болмысымызды жаңғырту, оларға жаңа тыныс беру мақсатында ғана талданып отыр.

Қызыққан жанға ізденсе мерекені тойлаудың түрлі нұсқалары бар, оны жергілікті авторлар жазса да болады. Тек дүйім елді әуреке салмай, маман сахна шеберлерінің күшімен ғана қойылатын қойылымдар қажет боп тұр бізге. Әрі тарихи, әрі уақытас шаралар жиынтығы арқылы мерекелік дәстүр мен атрибуттарды байытқанда ғана Наурыз мейрамы тек кезекші шаралар тұрғысында қалмай, мазмұндық жағынан да байыр еді. Әрі тамаша көруге келген ел шын мәнінде демалып, көңіл көтеріп қайтқан болар еді.

Сіз не дейсіз бұған, тойшыл ағайын?! Әлде, алаңға барып, наурыз көжеге сырттай тамсанып, көк түтінге ысталған кәуап жеп қайтқан ұнай ма сізге?

АФИШАДА ҚАЛҒАН МӘҢГІЛІК БЕЙНЕ

Біздің студенттік шақ өзге-тін Жігіттердің де жөні бөлек. Ұлтшыл, ұйымшыл. Бір-біріне деген ықыласы да ерек. КазГУ-дің 5-жатақханасы – өзінше бір мемлекет. Төл заңы, төл қызығы бар. Мұнда курс, топ деген ұғым болмайтын. Аға да, іні де аралас. Әсіресе, өнер мен өлең көпшілігімізді бауырластырып жіберген-ді. Бәлкім, сол жігіттердің ыстық ықыласы болар, бір-бірімізді қимай, ауылды ұмытып, жаз демалысында да елге бармайтынбыз. Алматыда қалып, ала жаздай қызығы мол студенттік кештер жалғасатын.

Сол ортаны сағынамын кейде... Бауыржан Үсеновтің, Бауыржан Жақыповтың, Светқали Нұржановтың, Гүлнар Салықбаеваның, Мұратбек Дүйсенбековтің жатақхана дәлізінің бүйіріндегі қуықтай бөлмедегі әдеби ортада оқыған жырлары әлі есте. Біздің жігіттердің тырнақалды жырларын басқа оқу орындарындағы өлеңқұмар жастар да келіп тыңдайтын. Сол тұстағы жастар қазіргідей сабақтан соң табыс іздеп ала дорба асынбайтын, сауық іздейтін.

Менің де, Табылдың да (Досымов), Нұрымның да (Ерғалиев), Бауыржанның да (Үсенов), Әміржанның да (Қосанов), Бейбіттің де (Құсанбек), Серіктің де (Жанболат) ертелі-кеш ермегіміз – домбыра мен гитара-тын. Қос домбыраны әнге қосып, (кейде үшінші дауысқа гитараны да қосақтайтынбыз), терциямен бірнеше дауыста сүйемел жасауды алғаш енгізгенімізді ол кезде өзіміз де байқамаған екенбіз. Балконда, не болмаса тамақ иісі мұңкіген ас бөлмесінде жаңа туған әндерімізді шырқататынбыз. Әсіресе, дәліздің акустикасы жақсы болатын, ән әдемі естілетін. «Көтеріп ап кетіп ем, бұлқынбадың...» деп Табылдың, «Даусың қандай, дариға-ай, даусың қандай» деп Бейбіттің, «Сені алғаш көргенімде, мен өзіңе ғашық болдым» деп Уәлибектің, «Кеудемде самғайды арман, сен маған өкпелеме» деп Бауыржанның, «Сендерге әрдайым орын бар, ақ отау төріне қоныңдар...» деп менің әндерді шырқағанда, ертеңгі коллоквиумды ұмытқан сауыққой студенттер әжептеуір жиналып-ақ қалатын. Сәлден соң ән бағасын ұғар көпшілік «жаңа әндеріңді айтшы» деп Табылға қолқа салатын.

Ән салғанда Табыл арқаланып кетуші еді. Әнмен қосарлана көмейінен бір әдемі жұмсақ трелл шығатын. Ги-

тараны шертісі де бөлек. Қазір «проигрыш» деп жүргенді Табыл ән басына міндетті түрде қосатын. Ән сонысымен әрленетін. Жаңа әндерін көбіне бізге тыңдататын. Тез жаттап алатынбыз. Әсіресе, Нұрым жаттауға бейіл. «Қане, қайталай қойшы» деп домбырасын сабалай бастағаннан-ақ Табылдың шабыты шалқитын. Мына жақтан Серік екеуіміз домбыра қосарлаймыз. Сонымен бір кішігірім ансамбль пайда болатын. Ләйлә, Ләззәт, Нұрсәуле, Зейпін, Мақпал бастаған курстас топ лезде жанымыздан табылады. Әдемі ән кейде қазанына оңайлықпен жақындата қоймайтын кей қыздардың бөлмесінен бір-ақ шығаратын. Сауық-сайран таң атқанша жалғасады. Қараңғылық тыныштығын бұзғандарды сабасына түсіруге келген қатулы Құрманбектің өзі де ән әлдиімен отырып қалатын.

Табылдың студенттер арасында ерекше кең тараған әуендері «Сен де қуан, қуанайын мен-дағы, сені сезім, мені көзің алдады...», «Сен үшін сонау алыстардағы елес ем, осынша мені арман ғып келдің неге сен...», «Ұнатамын мен сені дегенменен, көрмегенді басқадан сенен көрем...», «Мен қазақтың жүре алмайтын шаттанбаса, күлмесе, мен қазақтың ішкен асын тастай салар жыр десе...», «Ақ дидарың-ай сенің, ақ дидарың-ай, көңіліңде сенемін от күй барын, еркем-ай...» деп басталатын әндері еді. Бұларды күллі жатақхана жаттап алған. Қосыла шырқайтын. Әсіресе, 5-жатақханадан ұшқан әндерге 8-жатақханадағы филолог қыздар ғашық еді. Соны сезетін болуымыз керек, Табыл, Нұрым үшеуіміз балконға қосарлай қонып, тұнық ауамен әнді филфакқа қарай әуелететінбіз. Әнді жақынырақ отырып тыңдағысы келе ме, қыздар қол бұлап шақыратын. «Бір тойғанымыз – бір байығанымыз» деп есептейтін біздер 8-жатақханадан қалай шыға келгенімізді білмей де қалатынбыз. Көбіне біздер үшін Абира, Бота, Гүлшаттардың есігі айқара ашық тұратын.

Табылмен көп жүрдік, көп сырластық. Алып денесі болса да, жаны нәзік-тін. Ешкімнің қолын қаққан емес. Аңғал, жомарт. Дәрісханада Табыл отырған бұрыш көңілді орта болатын. Әйтеуір бір қалжың-қызықты ойлап табатын да тұратын. Ұстаздардың мінез-құлқына қатысты пародиялары өте көп. Кейбірін ұстаздар ұзынқұлақтан естіп те қалатын, бірақ өкпелеген емес. Ұтымды әзіл көңілге қаяу салмаса керек.

Бірде әскерге баратын болып, шашын тақырлап алдырып келіпті. Сабаққа қалай барам деп уайымдап жүр. «Жігіттер, барлығымыз бірдей болсақ, алабөтен көзге түсе қоймаспын, сендер де шаштарыңды алдырып келіңдерші» деп қолқа салды. Дос көңілін жығамыз ба, алдырдық...

Табылға көп арқа сүйейтінбіз. Жоғары курстан әлімжеттікпен біреу ренжіте қойса, Табыл «көкесін» танытатын.

87-ші жылғы түлектер – біздерді ызғарлы Желтоқсан әр түкпірге айдады. Бір-бірімізден көз жазып қалдық. Хат-хабар да, кейінгі ұялы байланыс та сағынышты баса алмады.

Бірде Түркістанда үлкен бір жиын болып, Атыраудан келген мейман қолыма тілдей хат ұстатты. Талай хат алғам, мына хат көңілімді ерекше бір алабұртып, біртүрлі күйге бөледі. Табылдан екен, сағынып жүрген Табылымнан! Арада қаншама уақыт өтсе де, сол хат сарғайып альбомымның ішінде жатыр.

«Атыраудан хат» деп басталады Табылдың хаты: «Беке! Салаумалейкум! Кездеспегелі қанша жыл, қанша заман. Сендерді сағынумен күндер зулап өтуде. Үй-іші, жеңгей, балдар аман болар. Біз де аманбыз. Индерде жүріп жатырмын. Қарттар бар, балалар төртеуге жетті... Аудандық мәдениет бөліміндемін. Творчество жәйімен жалғасуда. Реклама жағы кемшіндеу, алыстамыз ғой. Бердібаймен, Нұрыммен хабарласып тұрамын. Нұрым жақында қонақ болып келіп кетті. Сенің баяғы әнін бұл жақта кең жайылған. Кел, гастроліңді ұйымдастырамыз. Мынау Сансызбай Базарбаев деген коллега – ағамыз. Журналист, ақын, азамат кісі. Саған хабарлас деп отырмын. Амандығыңды айтып жібер. Үй-ішіңе сәлем айт!

Сәлеммен досың Табыл Досымов. Индер кенті, 30 мамыр 2001 жыл».

Жол түспеді. Өкінішті. Таразда Қуаныш курстас бар (Иембердиев). Екеуміз талай оқталдық. Сәті болмады. Биыл жазда барамыз-ақ дегенбіз, аяғы мынау болды. Бәрібір басына барып Құран бағыштауымыз қажет. Бұл жолы талай аяғымызды тұсаулаған пенделік кедергінің болмайтыны өкінішті-ақ...

Осыдан бірер ай бұрын Табыл телефон арқылы хабарласқан. Жүрегінің сыр беріп жүргенін, келіншегі екеуі Шымкент түбіндегі Манкентте демалып қайтуды жоспарлап

отырғандарын айтты. Сосын біз де біраз жоспар сызып, рухани астанада есте қаларлықтай күтіп алуды ойластырғанбыз. Уәделі уақыт өтті, хабар болмады. Индерге өзім хабарластым. Қарлығаш Табылдың науқастанып, сапарды кейінірекке жылжытқандарын жеткізді. Бірақ жағдайы жақсы екен.

Кейін Табылды өзімнің жеке шығармашылық кешіме шақырдым. Қуанды, «бұл жақсы сылтау болды, арқа-жарқа бәріміз бір бас қосайықшы» деп шаттанып кетті.

Кеш қамымен афиша әзірленді. Табылдың гитарасымен түскен суреті де афишадан ойып орын алды. Ел, әсіресе, жастар жағы бард-әншіні асыға күтті. Бірақ...

... бірақ, Табылдың өзінен бұрын Түркістанға қаралы хабары жеткен еді...

Табылдың рухына бағышталған кеш өткен соң да, менің афишам қара күздің қараша желіне діріл қағып, біразға дейін әр тұста жалбырап ілулі тұрды. Мен үшін асыл, Түркістан үшін бейтаныс бейне көпке дейін гитараның азалы реквиемін шертіп тұрғаны ақиқат еді...

ҰСТАЗ

Мектеп бітіргенімізге биыл 30 жыл. Ауылға барып, ары-бері өткенде мектептің сыртынан көз салғаным болмаса, ша-руам болмаған соң оншалықты ішке көп кіре бермейтінмін. Осы жолы әдейі ат басын бұрдым. Сол баяғы жатаған ескі ғимарат, ескі де болса көңілге ыстық, жүрекке жылы алтын ұя. Шүйгіні қалың жап-жасыл аула, қара қарғаға мекен болып, аспанмен таласқан тал-дарақ, арқырай аққан аққайнар арық, ән-күйден беретін ұстазы қонағасыға кетіп, уақытша доп қуған бала, мектеп ауласын мекен етіп, әркімді әуре еткен көршінің ала сиыры – ештеңе өзгермепті. Өзгергені заман ғана...

Осыдан отыз жыл бұрынғы аяулы ұстаздарым көз алдыма тізбектеліп келе қалды. Кісіліктің, кішіліктің үлгісі еді олар. Байыппен сөйлеп тұрып-ақ «теріс айналған» мойныңды түзеп жіберетін. Төлеген Елтаев, Рүстем Ибрагимов, Сейділлә Сейдуалиев, Феруза Әбуова сияқты ұстаздар дауыс көтеріп, түп-тамырыңды қазбай-ақ жөнге салатын. Қас-қабағыңа қарап, ішкі иірімдеріңе «қиял» сәулесін жіберіп, бауырына тартқанда, еріксіз «мұңың мен зарыңды» төгіп сала беретінсің. Бұлардың сан тарапта жүрген жүздеген

шәкірттеріне әлі күнге дейін аңыз атадай, абзал анадай көрінетіні рас.

Менің ерекше есімде қалғаны – бұйра шашты, кесек бітімді, шоң қара, сонысына қарамай, өте аңғал, кішіпейіл, түр-тұлағасы, жүріс-тұрысы айрықша бөлек, сол кездегі мектеп басшысы Әнеш Өксікбайұлы Құттыбаев. Қызметін ермегім, ұстаздықты күнкөрісім демей, екеуін күміс күймеге қосқан сұлу торыдай қатар ұстап, сауатты, ойлы шәкірт дайындауды ар алдындағы парызым деп білген Әнекең Куйбышев кеншарына қарасты «Үлгілі» елді мекеніндегі «Қазақстан комсомолының 50 жылдығы» (қазіргі Мәулен Балақаев атындағы) мектебін тапжылмай 15 жыл басқарыпты. Азаматтығы мен арын алға қойған аңғал аға әрқайсысымызды жатсынбай өз баласындай маңдайымыздан сипап өсірді, тәрбие берді, білім берді. Мұны парызын білген ұстаз бен қарызын ұққан шәкірттердің түсінісуі деп ұқтық. Аядай ауылда осы мектептің ашылуына өзі мұрындық болып, ауылдың жасы мен кәрісін түгел асарға жинап, ала жаздай өзі бас болып, батпақ кешіп, лайға түсіп, мектеп іргесін қалағаны әлі есімізде. Қойма маңындағы қуықтай бөлменің төрт бұрышында төрт сынып отырып, төрт ұстаздың дәрісін тыңдаған мына біздер үшін бұл мектептің маңызы зор еді. Сондықтан әліпті-таяқты енді тани бастаған біздер де белуардан лай кешіп, мектептің қабырғасының көтерілуіне біркісідей атсалыстық. Әнеш ағай командир, біз сарбаздары секілді, күн-түн демей қара күзде мектеп шатырын жауып алдық.

Біrer жылда қаланың әр бұрышынан іші-сырты қарауға көз ұялар бірнеше үй салып алғандары да аз емес. Біз «бай малын байғұстан қызғанып» отырған жоқпыз, ішсін-жесін, тойласын, тек біздің есебімізден емес қой?.. Әйтпесе «әйтеуір нан пұл үшін отырмын» деп күлбітелеп бізді алдамасын, «баюға келдім» деп ашық айтсын! Қазір тұрмыс түзеп алу ұят емес. Айлыққа қарап отырсақ та біз мұны жақсы түсінеміз.

Базар – қоғамдық көпшілік орын, мұнда бейәдеп сөйлеуге, біреудің ар-намысына тиюге болмайды. Кейде базар төріндегі ақ жаулықты кейуаналарымыздан ұяламыз. Немересіне ертегі айтып, ошақ басында отырар жастағы ана-ларымыз әдеп пен иман көрсетудің орнына ауыздарына не келсе соны айтып отыр. Тұрмыс тауқіметі әбден қажытқан,

ақша адастырған аналар тіпті сені жеті атаңа дейін түгендеп сыбап шығудан тайынбайды. Олармен жай сөйлесу мүмкін емес, базарды басына көтере бажылдап, әбүйіріңді айрандай төгеді. Ғабит Мүсірепов тамсана жазған Қазақ анасын жоғалтып алған жоқпыз ба деп қорқамыз кейде. Ана десе кимешек киіп, ұршық иірген, бір ауылға ақылман болған келісті әйел елестеуші еді көз алдымызға, қазір жалаң бас, жалаң аяқ, шаштарын шайтан сарыға, бет-ауыздарын шетел опадалапарына бояған өншең «гендерлік саясаттың» жәрретіне былғанған әйелдерді көреміз. Үлде мен бүлдеге оранып, әмиянын қолтыққа қысқан, түскі асын кафе, кешкі асын ресторан жағалап ішкен мұндай аналар ұлт келешегі болады дегенге өз басым сенбеймін.

Таяу маңда газ да, электр жарығы да тағы қымбаттайды деген сөз бар. Бұған да тосқауыл қояр дәрмен жоқ. Өйткені бәрі-бәрі жекеменшіктің қолында. Жалақыға жалақы қосылар 2009 жылға дейін әлі қанша өсім боларын бір құдай білсін! Ендеше, жүкаяқ түбіне ақша жинап, ұлымды үйлендіремін деген ойдан аулақ болыңыз. Күнделікті нан пұлыңызды, ішіп-жеміңізді қамдаңыз. Айтпақшы, тапқан-таянғаныңызды базаршыларға апарып беруді де ұмытпаңыз...

УӘДЕНІҢ АДАМЫ

«Адам күні – адаммен». Бабаларымыздың артында қалған осы нақыл өмір шындығынан туған сөз. Тіршілік иесі болған соң, басыңа не келіп, не түспейді. Осындай сәттерде шамаңның келгенінше біреуге қолұшыңды беріп, оның «түйесінің ауған жүгін қайта теңдеуге» көмектессең, ертең сенің басыңа сондай бір күн туса, оның да қарап қалмасы анық. Адамдық қасиет осындай-осындай әрекеттерден басталып, қорлана беретін болса керек. Бір-бірімен біте қайнасып кетудің жолашары да осы ма деймін. Иә, тіршілік қамына байланысты туындап жататын кейбір жәйттер адамдар арасында уәде байласуды өмірге әкелсе, уәде беру, оны орындау да адамның арына сын. «Уәде - құдай сөзі» деген тіркес те осыдан туса керек. Біздің кейіпкеріміз – қалалық мәслихаттың депутаттығына үміткер Серік Айтөреев, міне, осы «уәде берген екенсің, оны орындау сенің парызың» дегенді ес білгелі естіп өскен ұрпақ.

Жалпы, берген уәдеңнің артында ауыр жүк жататы-

нын ұмытпаған абзал. Сенің уәдеңе үміт артқан жан, содан туатын нәтижені күні бұрын өлшеп-пішіп, белгілі бір үміт нобайын белгілеп, өзінше бағдар жасап қоятыны да белгілі. Берген уәденді орындасаң, оның үмітінің ақталғаны. Ал артқан үміті ақталмай қалса, оның саған деген ілтипаты ойрандалып, үмітінің күлі көкке ұшуы мүмкін. Бұл жәйт, кейде сенің тағдырыңды талқан етіп кетуі де ғажап емес. Уәде салмағының ауырлығы да осында жатыр. Өкінішке орай, бүгінде «уәде» атты ұғымның кадiрi тайып, құны тым төмендеп бара ма деймін.

Уәде оның орындалуымен құнды екенін Серік жақсы сезінген. Сондықтан да ол босқа уәде шашпайды. Қолынан келер іске ғана араласады. «Бүгінде уәде бере салу ең оңай әдетке айналып барады, - деп қынжылады ол. – Газет бетін ашып қалсаң, теледидар мен радионың түймесін басып қалсаң, аддымен биік басында отырғандар тарапынан берілген көл-көсір уәденің орындалмай жатқанына куә боласың. Басқа-басқа, халық қалаулыларының өздері бас болып, сайлау алды науқан барысында жұрттың мұң-мұқтажының орындалуына қолұшын беремін деп, сайланып алғаннан кейін уәделерінен танып, сайлаушыларын жерге каратып кететіні тым өкінішті».

– Қазір әсіресе мені ауыл тұрғындарының жағдайы катты алаңдатуда, – дейді Серік қаланың Рысқұлов көшесі бетіндегі бөлігін алалай жүріп. – Олар өздерінің күнделікті тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелерді қалаулылары арқылы еліміздің билік басындағыларға жеткізуді, сол мәселелердің шешілуіне мұрындық болуды ғана өтініш етіп айтуда. Әйтпесе олар аспандағы айды алып бер деп отырған жоқ. Тұрмысқа қажетті бұрын болған нәрселердің қайтадан қалпына келтірілуін талап етеді. Елбасының ауылды өркендетуге байланысты алға қойған міндеттерінің жергілікті жерде мүлтіксіз орындалғанын қалайды. Осы іске қатысты басшылардың қимылына қарқын қосылуын тілейді. Өйткені, олар Елбасы тарапынан қойылған міндетті, айтылған уәдені орындайтын жергілікті өкімет билігі екенін жақсы түсінеді.

– Бұл күндері бұл ауылды ауыз су мәселесі қинап тұр, – деп сөзін сабақтады Серік әрі қарай. – Теледидардан Қызылорда, Ақтөбе, Жезқазған сияқты облыстарда бел алғандай, бөшке тиелген қол арбаны сүйреп, су тасып

жүргендерді көргенде көңілің пәс болады. Елді суландыруға қаржы бар, ол жеткілікті, тек орындаушылар тарапынан құлық аздау. Олар осы мақсатқа көзделген қаржыны орынды жұмсаудың қамын ойлап, бас қатырудың орнына, оңай әдісті басшылыққа алып, «болашағы жоқ аймақтар» деген сылтауды алға тартпак болады. Бүгінге дейін әжептәуір өмір сүріп келе жатқан елді мекендердің мектебін таратып, медпунктің жауып, пошта-байланыс бөлімінің есігіне құлып салып тастағанын да көзіміз көріп отыр. Мұндай елді мекен тұрғындарының көпшілігінің жаңа орынға көшуге ынта танытпауы, сол жердегі тіршіліктің таусылып бітпегеніне куә болса керек. Демек, сол ауыл-аймақтардың бәріне бірдей «болашағы жоқ» деген таңба соғуға абайлап қараған жөн секілді.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда кері кеткен тіршіліктің бәріне «нарық заңы осындай, ол шаруаны жолға қоюға қаржы жоқ» деген дәлел келденең тартылатын. Ал соңғы 4-5 жылда, керісінше, қаржы бар, тек оны белгіленген жоспарға сөйкес орны-орнымен жұмсау жағы жеткіліксіз болып тұрғаны ақиқат. Қала әкімінің қаланың кезекті жылының бюджетін талқылау кезінде осы іске жауапты құзырлы мекемелердің «бізге ана шаруаға пәлен миллион, мына жұмысқа пәлен миллион қаржы қажет» деп сұрап алып, ал жыл аяғында сан миллиондаған сол қаржыны толық игермегені туралы нали тұрып мәлімдегені осындайда еске түседі. Сол «дерт» әлі жалғасып келеді. Өткен жылдың аяғында әкім осы мәселені тағы да қайталап, бірқатар басшыларды «шықпыртып» алғаны белгілі. Қала сыртында ауыз су іздеп, әбігерге түскен жәйтті жоғарыда тілге тиек еттік. Ал осы жайт қала тұрғындары үшін өте өзекті мәселе екенін тиісті органдар білмейді емес, біледі. Жай адамдар арасында бір-біріне берген уәдесін орындамай жататыны да пенде үшін үлкен мін саналса, сонда жоғарыдағыдай мысалда қала деңгейіндегі уәденің аяқасты етілуіне не дейміз? Қарапайым кісі емес, билік құлағын ұстағандар әуелде берген құшақ-құшақ уәделерінен еш себепсіз танып кетіп жатса, оның сұрауы кімнен болмақ? Серікті қынжылататыны осы. Сол үшін де ол депутаттыққа ұмтылып отыр. Билік маңына жақындасам, әйтеуір сөзім өтеді ғой, қарапайым халық мұң-мұқтажын жеткіземін ғой деген үміт бар онда.

– Уәдені орындамағаны үшін уәде иесінің жұрт алдында да, ел алдында да ешқандай жауап бермеуі мені ойлантады, – дейді үміткер. – Бүйте берсек, жер басып жүрген пенденің ең қадірлі қасиеті – уәдеден аттап өте беретін болсақ, онда кім болғанымыз? Абзалында «Уәде – құдай сөзі» деп кеткен бабалар сөзін есте естен шығармасақ деймін.

Серік Айтөреевтің уәдеде тұратын адам екенін біз жақсы білеміз. Ендеше, халық қамы үшін уәде үдесінен шығар үміткерге сенім артқанымыз жөн шығар.

ТІЛ БІЛМЕЙДІ ЕКЕНСІҢ – АЙЫППҰЛЫҢДЫ ТӨЛЕ!

Жан-жағыңыз... ар жағыңыз («түсінікті тілде» сөйлегісі келіп тұратын шенеуніктерді айтып отырмыз) қай тілде хат жазады, сізбен қай тілде сөйлеседі? Мән бердіңіз бе?

Бұдан былай лауазымды адамдар «тіл білмеймін» деген желеумен сізге көпе-көрнеу орысша жауап қата бастаса немесе мемлекеттік тілде жазған хатыңызға ресми тілде жауап жолдап жатса, сотқа шағымдануға толық құқыңыз бар. Мұны Парламент Мәжілісінің депутаты Мұхтар Шаханов та шегелеп айтып отыр («Парламент қазақша сөйлесін!». Ана тілі, N48, 2004 жыл). Себебі, 2001 жылдың 1-қаңтарында қабылданған ҚР-ның «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің «Тіл туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық» деген 81-бабында: «Лауазымды адамның тіл білмеймін деген сылтаумен құжаттарды, сауал салуды, өтініштерді немесе шағымдарды қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамауы, – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады», – деп көрсетілген.

Қырық жыл осында тұрып, тіл білуге асықпаған шенеунік! Қалтаңнан қағылғың келмесе, тіл үйрен!

ТУРИЗМДІ ТУ ЕТКЕН ТҰҒЫРЛЫ ЕЛ БОЛСАҚ ҚОЙ...

Әлемдегі көп мемлекеттің табыс көзі – туризм болып тұр. Олар сонымен байып отыр. Оңтүстік өлкесінде, әсіресе Түркістан қаласында туризмді дамыту туралы қаншама

әңгіме көтерілгенімен, әзірге бұл мәселе аяғынан ақсап жатыр. Облыста 18 ұйым туристік қызметпен айналысады екен. Саяхатшылық қызмет жасайтын жеке кәсіпкерлер де жоқ емес. Өкінішке орай, олардың қызметі әзірге шет елге азаматтарды қыдыртуға жіберуден арыға аспай тұр. Бұл сервистік қызмет көрсетудің 47,6 пайызын құрайды. Ал тарихи өлкенін тарихын тамашалатуға сырттан қонақтар шақырған мекемелердің жұмысы айтар ауызға ұят: небәрі 3,1 пайыз.

Кеше көшеде Тұманды Альбионнан келген ағылшын азаматын жолықтырып қалдық. «Неткен керемет дала! Осы кезге дейін Курил аралдарын босқа аралап жүрген екенмін», – деп ауызынан суы құрып отыр. Қазақстан дейтін елдің, сол елде Түркістан деген қаланың бар екенін білмейтін әлі қаншама адамдар жағажайларды жағалап жүр десеңізші! Іргесінде тұрып ілуде бір жолы түскенде ғана кесенеге бас сұғатын қандастарымыз да аз емес қой...

СЫРҒАЛЫМ, СЫРҒАҢНЫҢ СЫҢҒЫРЫ... кіндігіңде сыңғырлай ма?

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиді,
Құлпара талқан боп сыңғыр.
Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Жүректі жандырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кір...

Үй сыртын айналған арудың шолпысының, әлде сырғасының сыңғырына елтіген Мағжан осылай деп жырлапты. Дәл қазір Мағжан ақын арамызда болса, сұлу сырғасының сыңғырын басқаша сипаттар ма еді... Себебі, бүгінгі сырға құлаққа емес, мұрынға не кіндікке тағылатын болған. Қара сырғаны қабағына қасқайтатындар да бар. Одан қала берді сырбаз сырғаны ер адамдардың жарғақ құлақтарынан да кездестіруге болады. Бұл не? Сән бе? Әлде, үнді қыздарына еліктеу ме? Мұны жастардың өздерінен сұрап көрелік.

Гүлнәр, студент:

– Танауыңды бұйдалап апсың?..

– Жай, сән үшін.

– Құлақта тұрса сән болмай ма?

– ...

Мөлдір, оқушы:

– Білмеймін, құрбым таққан соң мен де таға салдым.

– Ата-анаң жатырында жатқанда саған тіршілік сыйлаған кіндігіңе сырға тағып жүргеніңді біле ме?

– Қайдағы! Атай көрмеңіз. Жанымды шығарады. Үйге барған соң кіндігімді жауып аламын ғой.

Айжан, сатушы:

– Қасыңның орнында тізілген моншақ тұр, бұл не?

– Маған бір тәуіп тағып ал деген.

– Осылай қабағыңа тағып ал деді ме?

– Ия. Тіл-көзден сақтайды екен.

– Қабағың ісіп кетіпті ғой, ауырмай ма?

– Ауырады. Шыдаймын да.

Міне, Мағжан арман еткен қыздарымыз осылай деді.

Тағы да сол Мағжан:

Шолақ айдар, шөп желке,

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,

Былақ-сылқ етіп жүргенде,

Ойламайсың ба үйрек деп?! – депті.

Осылар сықылды кейбір қыздарды көріп күдер үзген-ау, қайран ақын...

ҚАҚПАҢЫЗ НЕГЕ БИІК?

Ұлы Қытай қорғанын көргеніңіз бар ма? Армандап әуре болмай-ай қойыңыз, ол іргеңізде тұр. Қытай қорғанын салушылар Түркістанды мекендейді. Қайсыбір үйге барсаңыз да, алдыңыздан биік дуалдар мен аспанмен таласқан қара қақпалар қарсы алады. Аулаға қарар саңылау жоқ. Тек қақпа күзеткен иттің дауысы ғана естіледі (онсыз да биік қақпаны несіне күзетеді екен?). Лауазымды қызметін айтып сұрамасаң, көрші мен көрші бірін-бірі танымайды. Есесіне қай шенеуніктің қай аумақта тұратынын, қай тойхана немесе қай дүкен кімге тиесілі екенін бүкіл түркістандықтар жақсы біледі.

Дуал неге биік, қақпа неге жабық, оны ешкім де ашып айта алмайды. Жаңа көшіп барған едік, биік қорғанды біз де

соқтық. Қала ұсқынын бұзбайық дегеніміз ғой...

“ТОЙЫМ ОЙЫМА ҚОНБАЙ ТҮР”

Қазақ тойға құмар халық. Бірақ, кейінгі кезде той өткізу кейбіреулердің байлығы мен шайлығын көрсетудің бәсекесіне айналып кетті ме деп қорқамыз. “Көрпеңе қарап көсіл” деген аталы сөз әдірем қалған, жұрттан жылу жинаса да, үлкен тойханаларда той жасап, кейін қарызын өтеуге шамасы келмей, келіні 2-3 балалы болғанша құдасына бір шай бере алмай “шиқылдап” жүрген қазекем аз емес.

Той – елден жылу жинау үшін емес, қызық сыйлау үшін өткізілуі тиіс. Той төріне шығып алып, ұшы-қиыры жоқ бірін-бірі қайталайтын арзан тілек айту (егер оны тілек дейтін болсақ) кімді де болса жалықтырып жібереді. Тойшыларға сөйлемей кету тозақ сияқты. Дастархан басына 300 адам жиналса, солардың бәрінің бірдей тілек айтып шығуы шарт. Тауып айтып, нұсқа шығып жатса мейлі ғой, жауыр болған жаттанды сөзді сағыздай созып, жұртты әбден ығыр қылады. Тіпті, той иесі далада қалып, сонда отырған бір дәудің байлығы мен шайлығын, шыққан тегін, атақ-даңқын жер-көкке сыйғызбай мақтап, табандап тұрып алатындар бар. Сөз тимей қалып ренжіп жатқандары қаншама. Той өткеннен кейін ағайын арасындағы араздық көбіне, міне, осындай “сөйлемей” кетуден туады. Сосын той иесі “бәледен аулақ” деп оған сөз беріп құтылады. Кім не әкелгенін жіпке тізіп, тізім жасап есептесіп отыратындар да бар.

Тойдың көркі – асаба. Алайда тойды күнкөріс қамына айналдырып алған асабалардың сол қуанышты әдемі кешке айналдырып жүргені некен-саяқ. Түскі тойдан кешкі тойға асығыс-үсігіс “секіріп” жүрген қоян-асабада арнайы той сценарийін жазып, тыңғылықты дайындық жүргізуге қайбір уақыт болсын. Музыканттар да дайын дискетпен дайын фонограмманы қойып, дастархан басында отырып алуды әдетке айналдырған. Араққа сықия тойған кей тойшылар қазақы музыканы менсінбей, “өзбекшең қайда?” деп өзеурей кететін әдет бізде, оңтүстікте көп. Сырттан келген мейманнан ұяласың. Бұған той иелерінің өздері де кінәлі. Бар әзірлікті дастарханға жұмсап, осы жағына оншалықты мән бере бермейді.

Тойдың екі-үш сағат кешігіп басталуы әдетке айналған.

Оған тойхана иелері де көңдігіп алған. Шақыру қағазында той 7-де басталады делінген, ал ол кезде барсаң дастархан енді жайылып жатады.

Өзі екі-үш сағат кешігіп басталған тойға түнгі 12-де беті шып етпестен кердеңдей басып кіретін ел ағалары да бар. “Әкім мен хакім келуші еді” деп елді күттіріп қоятын тойлар да аз емес. Өйткені жіліктің майлы басын иеленіп қалғандар кешігіп келуді өздеріне едәуір мәртебе санайды. Оларға кешіктің екен деп кіналап жатқан той иесі жоқ, қайта керісінше, бар жылы-жұмсағын соған тосып бәйек болып жатады. Ерте келгеннің ернін жалап, барға қанағат қылғаннан басқа лажы жоқ.

Тойдың бір бөлшегі – беташар. Қазақы дәстүрімізге сай келін бетін ақын домбырамен үкілеп ашушы еді, қазір оны да қойдық. Келін бетін ақша түсетін банкіге телміре қараған, жазып алған қағазын даңғырақ әнге сап оқып бере салатын түбіт мұрт бозбала ашатын болып алды. Той ағасымын деп төрде төбедей болып отырған ел билері осыны аңғармай жүр ме? Аңғарса тыйым салмас па еді.

Соңғы уақытта, мейлі ол танымал болсын, болмасын сахна төріне отырғызып қойып той өткізетін бір рәсім шықты. Мұны шығармашылық кеш дейміз.

Оны той иесінің өзі әкімшілік пен мәдениет бөлімін жағалап жүріп сұрап та өткізеді. Шын шығармашылық кеш талант иесінің өзін емес, өнерін көрсететін мағынада өтуі тиіс деп ойлаймыз. Аз ба сондай талант. Шәкен (Сәрсенбаев) сазгердің, Асқар (Дүйсенбиев) ақынның, Айнұр (Түлкібаева) ақынның жеке кештері өтті ме? Кісілік бет-бейнесіне, тектілігіне бағынған шын талант ата салтында жоқ үрдіске жол беріп, адаспайды, еліне еңбегі сіңбей сахна төрінде шалқайып отырғанды ар санайды. Осыған қарап мәдениет бөлімі шын талант пен жай өнершінің аражігін ажырата білмейді-ау деген ойда қалады екенсіз. Әйтпесе, сахна төрінде мазаққа емес, мадаққа лайық жандар отырар еді ғой...

АЯТЫН АҚЫҒА ОҚИТЫН ҚАРИЯЛАР

Түркістанға тәу етіп жас та келеді, кәрі де келеді. Көпшілігі сырттан ағылған зияратшылар. Бұрыңғыдай емес, қазір кесене маңы тап-таза, мейманға қызмет көрсету сервисі де әлемдік талапқа сай. Бұл мұражай қызметкерлерінің адал

еңбегі.

Алайда, осында бізді қынжылтатын бір жайт бар. Ол – кіре берісте отырған ҚқоммерциялықҚ қариялар мен аятшыл алаяқтар. Кесененің бас қақпасына жақындай беруің мұң екен, әлгі көксақалдылардың бірі көзін жұмады да, Құран сүрелерін заулата жөнеледі. Екі көзі сенің қалтаңда. Аятақымды төле дегені. Ставкасы – 50 теңге. Ел төлеп жатыр. Біз де төлемек болдық. 30 теңге ұсындық. Қ50 теңге!Қ, – деп ежірең ете қалды. ҚАқсақал, Құранды саудаға салғаныңыз қалай?Қ, – дедік шыдай алмай. ҚЕлдің беріп жатқан садақасы ғой. ТөмендетпеҚ, – деп қалтасындағы теңгелерін сылдырла-тып қояды.

Таң қалатыны, жоғары мәртебелі меймандар келгенде әлгі аятшыл шалдардың барлығы жым-жылас жоқ болып кетеді.

Жаназаны ақыға шығарып, асты алымға қайырғанға етіміз үйреніп кетіп еді, ісі мұсылман көз тіккен қасиетті мекенде орын алып отырған осынау жат көрініске дәтіміз шыдар емес.

САТУШЫ – АНА, САТЫП АЛУШЫ – БАЛА

Қазақстанда «Кәмелетке толмағандарға темекі сатуға тыйым салынады» деген заң болғанымен, Түркістан жаймалары мен ләпкелерінде балаға темекі сату тыйылмай тұр. Баланың жасын сұрап, темекі сатудан бас тартқан сатушыны әл-әзір көрген жоқпыз.

Ләпкешіге тауарының өткені жақсы, ал темекімен уланған ұрпақ ертең кімге керек? Жыл сайын елімізде 25 мың адам осы темекінің кесірінен өмірмен қош айтысатынын ескерсек, жаймашыларға мықтап ойланатын-ақ кез келген сияқты. Алматыда әр дүңгіршекте «Кәмелетке толмағандарға темекі сатуға тыйым салынады» деген ескертпе жазу бада-надай көзге ұрып тұрғанымен, бізде ол дәстүрге енбеген. Керісінше, сол кәмелетке толмағаныңыздың өзі көше бойында темекі саудалап отыр. Кездейсоқ сұрау салған көше балаларының басым бөлігі «Темекі сатып алуда еш қиындық жоқ» деп жауап берді.

КӨШЕҢЕ КӨШЕЛІ ЖАНДАР ИЕ МЕ?

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Алматыда шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен болған кездесуінде ауыл-аймақта қолдан жасалған ру батырларына көше аттарын беру әлі тоқтамай отырғандығы, бүйте берсек, ертең көзі тірі адамдарға қойылған тастұғырлар мен ескерткіштерден аяқ алып жүре алмай қалуымыздың кәдік екендігі қынжыла айтылған болатын. Бұл «науқаннан», ашығын айтайық, Түркістанда кенде емес. Пәлен «қожа» мен түлен «шектінің» атындағы көшелер мұнда да жетерлік. «Бұдан былай мұны жергілікті әкімдердің өз бетінше айқындауын тоқтату керек, – деп кесіп айтты Елбасы. – Көше аттарын беру мәселесі ендігі жерде Министрліктің жанындағы Ономастика комиссиясында талқыланып, шешілуі тиіс».

Лайым, солай болғай!

АЙ-ҚАП!

Түркістан түрлі түйткілге түрткі. Табыстау үшін ойлап таппайтындары жоқ. Бірде орталық базардан оймақтай орын тауып, орда жинап тұрған ойыншы жігітке тап болғаным бар. «Келіңдер! Көріңдер! Небәрі 10 теңге. Қызық әп-сәтте!». Қарап тұрмын, ел кезекке тұра қалыпты. Әлгі жігіттің қолында ауызы буылған үлкен кенеп қап. Кезегі келгеннен 10 теңгесін лып еткізіп ала қояды да, қаптың ауызын ашып, түбін сығалатады. Әлгі қап түбіне қараған адам шек сілесі қата күледі кеп. «Не бар екен?» дейміз қапқа жеткенше тағатымыз құрып. «Өзің көресің ғой» дейді ол да қызықтырып. Арман болған қапқа тездетіп жеткенше, ішіндегісін көргенше 100 теңге беруге бейілміз. Ақыры жеттік-ау! Қуақы жігіт еппен ашып қап түбін сығалатты. Кірпіш! Кәдуілгі күйелеш кірпіш! Ақымақ болғаныңа күлесің. Қарқылдап күлесің! «Не бар екен?» дейді артыңдағы адам. «Өзің көресің ғой» дейсің сен де. Бұл «Сен де ақымақ боласың ғой» дегенің еді...

«КАТАНИЕНІ» АУЫЗДЫҚТАР

КАТАНИ КЕРЕК БОП ТҰР

Ілгеріде жігіт ұрын барып, қызға жолығатын да, сөз айттып, салмақты шешім қабылдайтын. Онысы – отау тігіп, үй болайық дегені. Содан қалыңдық пен күйеу той күні бір-ақ

көрінетін. Қазір ше?

Қызға сөз салсаң, алдымен үйінді көрейік дейді. Үйінді көргені – күйінді көргені. Ұнаса – ұттың, ұнамаса – біттің.

Басқа жақты қайдам, Түркістанда той болар күні қалыңдық шаштаразда шашымен әлек, ал күйеу бала «катаниені» ойлап, басымен әлек болады. Таң атпай басына ақ желегін жапсырып алған қалыңдық бір мәшинеге еге боп, опа-далабын іздеп, қаланы шарқ ұрып шарлаумен әлекке түседі. Бұл кезде күйеу баланың достары құны қыздың бір қалың малынан кем емес «Лимузин» жалдап, бір отар қойдың пұлына тең біркелкі «ақ сәйгүліктерді» есік алдына қаздың балапанындай тізіп қояды. Осыдан соң «катание» деген дәстүр басталады. «Бізді көрдіңдер ме?» дегендей, жамырай «бапылдатқандар мен бипілдеткендер» көшені ешкімге бермей, азан-қазан шумен әулиелі мекен – Әзірет Сұлтанға қарай құлайды. Көше тәртібін бұзған осынау алаөкпе көшке «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа табылмай тұр әзірге.

Жол тәртібін қадағалайтындар арасынан «катаниені» ауыздықтар Катани табылса игі.

РУҒА БӨЛІНІП ЖҮЗІ КҮЙГЕНДЕР

Дәл қазір бізде көзге көрінбейтін, қайда апарып соғары белгісіз бір майдан жүріп жатыр. Ол “руға бөліну” дейтін бәсеке-жарыс. Бұл ұлтымызға біткен рухани жара. Тұтас бір халықты торына түсірген індет.

Әлдебір аймақтарда көбірек шоғырланған рулардың өкілдері жиналып, өздерінің президенттерін сайлап алған. (Президент – латынша *praesidens* “мемлекет басшысы” деген мағынада. Сонда әлгі “президенттердің” кішігірім бір-бір “мемлекетті” басқаратын болғаны ғой). Жік-жікке бөліну осыдан басталмай ма? Мұндай ұйымдар өз руларының шежіресін кітап етіп бастырып, ат шаптырып, ас беріп, өз аталастарынан шыққан атақтыларын әулие, би, шешен етіп, көше атын беріп насихаттап жүр. Рушылдықтың бар екені әсіресе сайлау қарсаңында немесе әлдебіреу лауазымды орынға отыра қалса бірден сезіледі. Ешкім де алдымен “оның азаматтығы, іскерлігі қандай екен?” деп сұрамайды, “қай жүз, қай рудан екен?” деп сыбырласа бастайды.

Қанды қырғын соғыста жауына, Желтоқсанның ызғарлы суығында отаршылдық пен әміршілдік жүйеге қарсы ұйыса шыққанда жүзге, руға бөлінбеген қазекем жайшылықта неге бөлінгіш? “Ата тегін білгенде не тұр?” дерсіз. Ата тегін ғана білуді мақсат еткендер үй ішінен үй тігіп, рулық ұйым құра ма? Тақ пен лауазымға тек өз руласының отыруын қалап, астыртын әрекеттерге бара ма?

Қалай десек те, руға бөліну бізге абырой әпермесі анық. Тіпті, шек-шекараңды білмейтін өнердің өзін жершілдікке бөліп алу әрекеттері байқалып қалып жүр. Бұл өткен ғасырлардан-ақ бастау алған сияқты. Қазақтың күйлері мен әндерін жинаған А.Затаевичтің “Қазақ халқының 1000 әні” деген кітабында: “...обыкновенно казахи любят и признают только напевы и мелодии своего рода, своего аула и волости, отрицательно и даже враждебно относясь к прочим” деуі осының айғағы іспетті.

Әрине, туыстығы жақын адамдардың қаны араласпау үшін отау құрғалы жүрген жастардың өз тегін білгені айып болмас, бірақ осыны желеу етіп, ру мен тайпаға бөліну тамыры бүтін қазақ үшін жақсылық әкелмейтіні анық. “Бөлінгенді бөрі жейді” дейді мұндайда қазақ. Біз - бір Қазақпыз! Бір ұлтпыз! Бір туыспыз! Іргесін ешкім сөге алмаған, сөге де алмайтын Мәңгілік елміз

ҰРПАҚҚА ДАРИТЫН, ЖЕР АТЫ – ТАРИХЫҢ

Бір кездері түркі қағанатының орталығы болған тарихи қала Түркістанмен іргелес жәдігер сахар – Кентаудың да өзіндік бай тарихы бар. Қаратаудың жалаңаш өркештеріне табан тіреген хан тағына ұқсас доғал жартас, қамау жықпылға мінгескен “Қатын қамал” үңгірі, “Түйе шөккен” шоқысы, “Шапай гора” сүйір тасы... Мұның барлығы қала маңына көрік берген табиғат тұмсалары.

Қаратау етегінде аңыз да көп. Бірі – өткен ғасырлардан шежіре сыр шертсе, енді бірі кешегі күннен хабар береді. Көнесі – құлаққа қонымды, жаңасы – күмәнді. Сондай күмәнді аңыздардың бірі – “Сонкульсайға” қатысты әфсана. “Кентау жерінде, кәрі Қаратау бөктерінде бір аңыз бар. Ол – орыс қызы Соня Куликова жөніндегі ешқашан өшпейтін,

қартаймайтын аңыз, – деп жазады белгілі драматург-жазушы Оразбек Бодықов өзінің Кентау жайындағы естеліктерінде. – Соня Куликова осыдан 20 жылдай бұрын (60-жылдарды айтып отыр. – Б.С.) шахта ішінде бір тасқын суды тоқтағамын деп жүріп қаза тапты ... Ол қаза тапқан шахтаның жер үстіндегі сайын Соня Куликова деген атты “Сонкуль” деп қысқартып алып, “Сонкульсай” деген атпен атап кетті” (Кентау правдасы, 16 тамыз 1980 жыл). Әрине, жазушы сол тұстағы ел ішіндегі естігенін жазып отыр. Бірақ, жазба деректер бұл сайдың атам заманнан “Шұңғылсай” аталатынын растайды. “Оған соғыс жылдарында бұрғылау жұмыстары барысында алынған тас капсульдегі жапсырма қағаздар да дәлел бола алады”, – дейді қарт кенші Қасымбек Дәрібаев. Тағы бір күмәнді тұсы – топонимика тарихынан белгілі, қазекем ешуақытта жер-суға орыс сөздері мен қазақ сөздерін араластыра ат танбаған. Атаған күннің өзінде орыс сөздерінің әріптерін бұрмалап жеткізген. Олай болса, “Сонкульсайды” “Сәнкілсай”, “Сәнәсай” немесе тағы басқа түрде атаған болар еді. Жер астындағы тылсым табиғаттың дүлей күшімен алысып, қапыда мерт болған қайсар қыз София Куликованың ерлігіне басымызды ие отырып, сайдың “Шұңғылсай” деген тарихи атауын қайтарып берген жөн деп есептейміз. Ал батыр қызға қаладағы әдемі көшелердің бірінің атын беруге де болады.

Тағы бір ойландыратын мәселе – Кентаумен іргелес елді-мекен атауларының орфографиялық жағынан дұрыс аталмауы. Бұл тұрғыда көнекөз қариялардың пікірлеріне сүйенген артықтық етпейді. Мәселен, “Байылдыр” деген не сөз? Дұрысы – “Байылди” (“ылдиы көп жер” деген мағынада) дейді қариялар. Сол сияқты “Біресек” емес – “Біресік” (сол тұста қақпаға ұқсас тау аңғары бар), “Кұшата” емес – “Күшата”, “Ащысай” емес – “Ашасай” (аша сияқты бір-бірімен түйіскен сай) дегенді дәдел етіп жүр сол қариялар. “Ауылдағы қартың – жазып қойған хатың” дегендей, ғасырмен құрдас қарттар пікірі қай кезде де жансақ кетпек емес.

Мұнымен қатар сол жер-су атауларының орыс тіліндегі нұсқасының дұрыс айтылуын да қадағалаған жөн: “Кантаги” емес – “Хантагы” (орыс ағайындар “Хабаровскіні” – “Кабаровск”, “Ханты-Мантыды” – “Канты-Манты” деп жүрген жоқ қой), “Баялдыр” емес – “Байылди”, “Ачисай” емес – “Ашасай”.

Сөз соңында ашасайлықтарға айтар бір ұсынысымыз

бар. Кентау – Ашасай тас жолының тау аңғарындағы “Шапай гора” атап жүрген сүйір тасты бұдан былай “Бауыржан тау” деп атасақ. Ер Шапай Еділ бойын шарлай берсін де, сол құрлы ақбозат мініп, “папах” киген, елім деп еңірген өз Бауыржанымыз кімнен кем!

КҮН НҰРЫ

Бір күні Күн, Су, Жел жағажайда серуендеп жүрген ақ марал қыздың алқызыл көйлегін кім шешіндіре алар екен деп өзара бәстесіпті.

“Мен шешіндірем!”, – деп алаөкпе Жел бірінші ұмтылыпты. Алақұйыңдатып қойнынан да, қонышынан да сумаңдап, көйлегін жұлқылап, әбден әуреге түсіпті. Қанша жұлқыса да, екі түймесін ағытқаннан басқа дәрменге шамасы жетпепті.

“Е-хе-хе! – деп сылқылдай күліпті Су. – Шамаң келмейтіні бар, несіне әуре болдың? Енді мені қара”, – деп толқынмен серпи қызды ақ көбікке шомылдырып алыпты да, ағысқа сап екпіндете жұлқи беріпті. Оның да көйлек тігісін сөккеннен басқа екпінге шамасы келмепті.

“Бұларың бос әурешілік, – депті сонда Күн көктен күлімдей қарап. – Қыз жаны нәзіктікті қаламаушы ма еді? Осынша жұлқып, әуреге салғандарың не?” – деп бар шуағы мен жылылығын жерге аямай төгіпті.

Күн нұрынан ыстықтап, терлей бастаған қыз еріксіз көйлегін шешіп, ақ денесін желге тосып, суға қарай аяңдаған екен...

ТӘЖ ҚАЛА – АРМАН ҚАЛА

“Соншалық сүйсіндірген Кентауды біз бар қазыналы Қаратаудың тәжі десек: Созақ, Шаян, Түркістан орталықтары қызғана қоймас...” (Мұхтар Әуезов).

“Қаланың біз кірген шетінен бастап-ақ асфальт көше кездесті де, қалай бұрылсақ та бар көшесі біркелкі, тек асфальт жайылаған шаң-тозаңсыз боп шықты. Қалың жас ағашты, сылдыраған таза сулы, өңшең тастан салынған екі-үш әсем қатарлы жақсы кварталдар тізіле береді. Барлық үйлердің терезе алды оюлы, жақсы өрнекті бояулы шарбақтар. Қала үлкен. Көшелердің оқтай түзу қатарлары ұзақ-ұзақ”. Ұлы

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Мұхаң (Әуезов) осыдан 40 жыл бұрын тамсанған Кентауың осы...

Бір кездері “Елім-ай” әнінің зарлы әуеніне тербелген қасиетті де қасіретті қарт Қаратау етегіндегі жас қала, міне, осылай жаңғырған, осылай тамсандырған. Бұл қайраты толған жігерлі адамдарға қазыналы қойнын ашқан; бар асылын адам игілігіне ұсынып, кен орнына айналған өңір. Тау етегінен бой түзеген жас қаланы ырымға балаған жұрт оны “кенді тау” (Кентау) деп атап кеткен.

Шағын қала бір көрген жан тамсанған,

Сағым, дала, қыраттармен қоршалған.

Шағын ғана қала деген аты бар,

Сәлем, ұлы астаналар Кентаудан!

Қаратауым көне таулар атасы,

Ғасырлармен мың бүктелген жотасы.

Түйе деп жүр жоталарды тіркескен,

Ал Кентауым – соның ерке ботасы, – деп Әділхан ақынды адас қылған Кентауың осы!

Қазірдің өзінде де осы қалаға келсең, гүл иісі аңқыған кешкі самал көкірек пердесін тербетпей қоймасы кәдік. Рахатқа бата тұрып, мына жасыл желек жамылған оқтай түзу әсем көшелерге, саяжолдар мен гүлзарларға тоймай қарайсың. Кіре берісте бақ-бақ гүлі секілді көз жауын алған фонтандардың ық жағынан өтсең, үстіңе бейне бір сұлу қыз иіс су сеуіп бергендей әсерде қаласың.

Кентауға – 50 жыл. Бүгінде жарты ғасырлық тарихы бар осынау қала уақыт тұлпарымен желіп отырып, көптеген бел-белестерден өтті, өсіп, өркендеді. Даңқы бүкіл әлемге жайылды. Ондағы еңбек адамдары небір игілікті істердің бастаушысы, жаңаның жаршылары атанды, есімдері елге, әрісі шет елге таралды.

Өткенге көз салсақ: XIX ғасырдың басында Қаратау бөктерінің Ащысай рудасын ағылшын концессионерлері жыртқыштықпен пайдаланды. Олар жалдамалы жұмысшыларға руданы түйемен тасытты. Жұмыс адам айтқысыз ауыр болды. Шет елдіктерге жалданған жұмысшылар күні бойы жер астында бейнеттеніп, қараңғы қапас, тар үңгірде қорғасын рудасын қайламен ұрып түсіретін. Сондағы “тісін қайрап, жанын жалдап” тапқан еңбек ақысы жеке басының күн көрісіне де жетпейтін.

Кенші тірлігі де қиын болатын. Қарлы боран азынап тұр. Тау аңғарымен ұйытқып соққан жел көз аштырар емес. Бір топ шахтерлер биікке көтерілуде, өйткені кен биікте. Кім алға жылжып, сәл биікке көтерілсе, сол соңындағы адамға арқан ұшын береді, сөйтіп бірін-бірі тартып жетектегендей әрең дегенде руда бар жерге көтеріледі...

Ол заман келмеске кетті. Бар байлығын бауырына басып, түнеріп жатқан Қаратау сілемдері келе-келе Кентау кеншілеріне бар құпиясын ашты. “Мырғалымсай” кенішінде жасалған рекорд оның даңқын бүкіл әлемге паш етті.

Бұл жөнінде баспасөз деректері былай дейді: 1969 жыл. “Мырғалымсай” руднигіндегі А.И.Олейниковтың, П.М.Ромахтың және Н.Камаловтың тазарту бригадалары өте жоғары өнімділікке – адам-сменаға 100-150 тонна руда шығаруға жетті. Мұндай көрсеткіш еліміздің кен өнімдерін өндіретін өнеркәсіптерінің практикасында болған емес”. (Кентау правдасы, 1969 жыл, тамыз).

1970 жыл. “А.Г.Зенин, А.Хамидуллин, Қ.Кенжетаев басқаратын бригадалар үстіміздегі жылы адам-сменаға 183, 205, 216 және 208 тонна руда өндіріп, рекордтық нәтижелерге жетті”. (Кентау правдасы, 1970 жыл, қараша).

Небәрі 15 жылдың ішінде Кентау адам танымастай құлпыра өзгерді. Әлемге әйгілі кен-руда, машина жасау өнеркәсібі дамыған қалаға айналды. Жаны жаз, пейілі кең жомарт жандардың тасқынды табыстарға жетуі қала экономикасын алға бастырды. Комбинат ұжымы кен қабаттарын шапшаң проходкалаудың мүлде басқа, жаңа әдістерін ойлап тапты. Соның негізінде көптеген еңбек майталмандары мемлекеттік наградаларға ие болды.

Баспасөз деректері былай дейді: 1965 жыл. “Мырғалымсай” руднигінде тау-кен жыныстарын көлбеу түрде шапшаң жүргізудің жаңа әдістерін талдап, жасағаны және өндіріске енгізгені үшін комбинаттың инженер-техник қызметкерлері мен жұмысшы тобы Лениндік сыйлықтың лауреаты атағына ие болды. Олардың қатарында проходшылар бригадирлері Н.С.Швец, Н.С.Кулеш, Н.И.Абрамов, бұрынғы участок бастығы Ә.Құлманов, участок механигі В.П.Иванов, рудник бастығы И.Ш.Коган және тағы басқалары бар. (Кентау правдасы, 1966 жыл, ақпан).

1970 жыл. “Ачполиметалл” комбинатының бұрынғы бас

инженері В.Н.Ищукке, комбинат директоры В.Н.Логиновқа, комбинаттың бас инженері С.Мәуленқұловқа және “Мырғалымсай” руднигініңучастокбастығыВ.Ф.Щербининге өздігінен жүретін жабдықты пайдалану арқылы кен жұмыстары процестерін комплексті механикаландыру бойынша руда өндірудің жаңа технологиясын талдап жасағаны және енгізгені үшін Мемлекеттік сыйлық берілді. (Кентау правдасы, 1970 жыл, қараша).

Әділхан ақынды тағы сөйлетейікші:

Қайла, сүймен – көне сөздер мен үшін,
КРАЗ, МАЗ-дар – қандай ғажап келісім!

Сөйлеймін мен техниканың тілімен,

Мен ұнатам жаңалықтар жеңісін!

Бірі – бауыр, бірі – құрбы-құрдасым,

Қарт шахтерлер – шежіреден сырласым.

Тапжылмаған тәкаппар тас сияқты,

Жыр етемін шахтерлердің тұлғасын.

Ақын айтқандай-ақ, бұл өңірде небір еңбек ерлері өмір кешті. Өзжерінешынберілген, қаншамағазизжандар дүниеден өтті. Солардың ішінде Мырғалым Фахрезетдиновтың есімін айрықша атауға болар. Ел игілігін аңсаған есіл ер алапат толқынында арманда кетті. Өзі кетті. Бірақ ол тапқан кеніш артында қалды. Адал еңбегін қадір тұтқан жұрт ол тапқан кенішті “Мырғалымсай” атап кетті. Сол “Мырғалымсай” кейін қаншама ерлерді өмірге әкелді!

Баспасөз деректері былай дейді: “Мырзахан Тәжімбетов кеншілер мамандығын игеруді “әліппеден” бастады. Ол басқаратын бригада кейін бірнеше рет өнімділіктің рекордына жетті. Мырзахан сол үшін Социалистік Еңбек Ері жоғары атағына ие болды” (Кентау правдасы, 1970 жыл, 10 желтоқсан).

“Западный” руднигінде Болат Құлпейісов басқаратын бригада 22 жұмыс күні ішінде жер бетіне 22887 тонна руда шығарды. Еңбек өнімділігі адам-сменаға 208 тоннадан келді. Тамаша нәтиже! (Кентау правдасы, 1970 жыл, 22 қыркүйек).

“Мырғалымсай” руднигінің кеншісі, Социалистік Еңбек Ері Нұрмахан Камаловтың есімі қаламызға кеңінен мәлім. Оның бригадасы миллион тоннадан астам руда берді. Өнімділік адам басына есептегенде 90 тонна рудадан келді. (Кентау правдасы, 1975 жыл, 27 наурыз).

Ерлердің ерен еңбектері жайлы ақын Рахым Балабиев сол тұста былай деп тебіреніпті:

Кентауым – туған жерім, сағынышым,
Жатырсың алаулатып жалын күшін.
Жаңартып рекордтар әр жыл сайын,
Кездескен асқар асу, алынды шын.
Кенші көп әлемге аян, мақтанамын,
Мерейлі қуанышыңа шаттанамын.
Өзіңе әдейі арнап барғанымда,
Ерлердің жақсы ісіне тап боламын.

Өткенге көз салсақ: Қаратауда кен қазу ісі ІХ-Х ғғ басталған. Жергілікті халық оны үш артель болып бөлініп, үш кезеңнен жүргізген. Біріншісі – ұлы кен, жаңа кен аталатын кеніштерден кен қазып алу. Екіншісі – қазылған кендерді тасынан айыру. Үшіншісі – қорғасын қорыту. Одан түскен қорғасынды Иқан, Түркістан, Ташкент, Бұқара базарларына шығару.

Қаратауда кен қазу, қорғасын өндіру жөніндегі тұңғыш өкіл И.Первушин деген көпес болды. Ол мұнда 3 мың пұт таза қорғасын өндіріп бересің деген шартпен жіберілген-ді. Көпес кен орындарын тұрғындардан 1200 сомға сатып алды. Сөйтіп екі шахталы, 1 қайтармалы пеші бар, тәулігіне 9 пұт қана таза қорғасын алатын шалажансар зауыт салды. Бір жарым жыл ішінде міндетін орындай алмаған зауыт жабылып қалды. 1915 жылы рудникті сатып алған М.А.Зайдель мен 1917 жылы оны жолға қоямын деген Л.И.Лесман да ешнәрсе өндіре алмады. Тек 1926-1936 жж И.И.Князев басқарған геологиялық экспедицияның барлау жұмыстары ғана өз нәтижесін беріп, көптеген кен орындары ашылды.

Соның негізінде бой көтерген Ащысай комбинаты еліміздің кен өндіру саласында кен қазбаларын шапшаңдатылған әдіспен өтуде енгізген жетекші кәсіпорынның біріне айналды. Жаңа машиналар кешенін жасау және қолда бар жабдықтарды жетілдіру бағытында ұзақ мерзімді бағдарламалар жүзеге асырылды. Үздіксіз ізденіс нәтижесінде комбинат кешенді механикаландыру құралдарын, еңбекті ғылыми ұйымдастыру шараларын жоғары кәсіби шеберлікпен ұштастыра білді.

Баспасөз деректері былай дейді: “Бастапқы кезде тазарту жұмыстарының барлық стадияларында тек қана

ВМ-13, БМ-17, Р-3 қол перфораторлары қолданылып, руда жеткізу АС-10 және АУ-15 аз күшті скреперлермен іске асырылды. 1949 жылы забой жұмысшысының еңбек өнімділігі бір сменада барлығы 3,26 тонна болды. Соңғы жылдары бұрғылауға жетілдірілген ОМ-506 бұрғылау қол балғалары, КЦМ-4 колонкалық перфораторлары және ГП-1 станоктары, руда жеткізуге 16-28 киловатт күші бар скреперлік қондырғылар пайдаланыла бастады. Забой жұмысшысының еңбек өнімділігін 2,2 есеге көтеруге мүмкіншілік берілді”. (С.Мәуленқұлов. “Есею жылдары”, Кентау правдасы, 1970 жыл, 5 желтоқсан).

“Мырғалымсай” тау-кен орнының ерекшелігі қиын гидро-геологиялық жағдайында. Рудникке ағатын су сағатына 19-20 текше метрге жетеді. Тау жыныстарының ыңғайсыз жағдайда орналасуы, руданың өте төменгі құрамы, судың молдығы – міне, осының бәрі бірнеше жылдар бойы руда шығарудың шығынын көбейтіп келеді. Бұдан шығу жолы. Бірінші вариантында тау-кен орнының үстінен ағатын өзен арнасын бөлуді, екінші вариантында маусымдық су ағынын ретке келтіру үшін су қоймасының құрылысын салуды, ал үшінші вариантында проходкалаудың басты жолдарында су өз ағынымен туннельдерге құйылып, содан соң жер бетіне шығуға мүмкіншілік беретін дренаждар жүргізуді ұсынамын”. (В.Логинов. “Жаңа технология бойынша”, Кентау правдасы, 1970 жыл, 1 желтоқсан).

Қала жыл өткен сайын көріктеніп, көркейе берді.

“Сол күні кешке біз биыл ғана бітіп, енді оқушыларын күтіп тұрған, ең жаңа үлгіде салынған орта мектеп үйін көрдік, – деп жазады Мұхтар Әуезов өзінің әйгілі “Оңтүстік сапарынан” очерктерінде. – Қаланың қандай орта мектеп оқушысы болса да қуана қиялдайтын, қызғана сүйсінетін анық армансыз жақсы жайғасқан мектеп. Облыс орталығы Шымкент қаласына емес, Қазақстанның өнерлі үлкен астанасы Алматының өзінде де дәл осындай, Алтынсарин атындағы мектептей қазақ мектебін көрген емеспіз”.

Баспасөз деректері былай дейді: “N1 мектептің оқу ісінің меңгерушісі Әблақ Баешов жиырма жылға жақын уақытын мұғалімдік жұмысқа арнады. Оның тәрбиеленушілері еліміздің түрлі аймақтарында еңбек етуде”. (Кентау правдасы, 1970 жыл, 3 қазан).

Мына бір дерек те қызықтырады: “Қалада 85 мың дана газет-журналдар тарату жоспарланса, ол 87 мың данаға тартылды. (Кентау правдасы, 1970 жыл, 17 қыркүйек).

Бұл сол кездегі қала халқына шаққанда, қаланың әр 1000 тұрғынына 1353 данадан (!) келеді деген сөз.

Әрине, шағын шолуымызда бүкіл қала тарихын тізбелеп шығу мүмкін болмас. Мақсат – сол тұста еңбек етіп, қаланы көркейткен адамдар тыныс-тіршілігімен таныстыру болатын. Кентау қашан да өзінің әсемдігімен, көріктілігімен көз тарта беретін болады. Оған қонақтай келген адамдар абзал жандармен тез шүйіркелесіп, олардың ақкөңілі мен кең пейілдігіне, жаюлы дастарханы мен керемет меймандостығына, сыпайы адамгершілігіне дән риза болып қайтады. Қаланың бүгінінен ертеңі зор. Оған шүбәсіз сеніңіз. Сондықтан сол қаланың патриоты болуды арман етіңіз. Себебі, Сіз кентаулықсыз!

ӨЗІ – ҚАЗАҚ, ҚҰЖАТЫ – ӨЗБЕК

Шет елден “елім” деп келген қандастарымыз екі жылға дейін азаматтық ала алмай жүреді. Ал 54 жыл бойы өз ұлттығын қайтара алмай, арманда жүрген ауылдастарымызды қайтеміз?

Рас, кезінде Кеңестік Қазақстан 100-ден астам ұлттардың мекені айналып, халықтар достығының ұстаханасы болып келді. Сталиндік сайтан саясат бар ұлттың басын осында біріктіріп, бір ғана “совет” деген ұлттың туын желбірету үшін қолдан келгеннің барлығын жасап бақты. Дейтұрғанмен, мұндай лақап идеологияның астарында ұлтаралық жымысқы әрекеттердің болғанын да біз жоққа шығара алмаймыз. Бір ұлт пен екінші ұлттың арасындағы әлеуметтік текетірестер, ұлттық шендестіру саясаты – осының айғағы. Әңгіме өзегіне айналып отырған жайт, міне, осындай солақай саясаттың құрбанына айналған қандастарымыз туралы болмақ.

Түркістан қаласының іргесінде, Кентауға ұзар жолда Ораңғай елді мекені бар. Осында Тұрғанбай әулетінен тараған 16 отбасы, барлығы 150-ге жуық адам тұрып жатыр. Бұлардың тегі – қазақ, құжаты – өзбек. Талай жылдан бері “қайта қазақ боламыз” деп қаншама есіктерді тоздырып, бірталай мекемелерді сығаласа да, еш нәтижеге жете алатын емес.

– Кезінде қазақы аңғалдығымыздан ба, жоқ әлде, басқа

себептері болды ма, әйтеуір, 1947 жылы Оранғай ауылдық кеңесі туу туралы құжаттарымызға бізден сұрамай сыртымыздан ұлтымызды өзбек деп жазып жіберіпті, – дейді әулеттің қазіргі үлкені Сейфулла Файзуллаев ақсақал. – Содан бері әр нәресте дүниеге келген сайын, қанша байбалам салсақ та, құжаттарымыз өзбекше рәсімделіп жүр. Менің бауырларым да, олардың бала-шағалары да, өз ұл-қыздарым да – барлығымыз “өзбекпіз”. Тәуелсіз елдің тәуелді азаматтары болғанымызбен де, бәрібір аталық тегімізді қалпына келтіреміз деген арманымызды жүзеге асыра алмай, тағы сандалып жүрміз. Мемлекеттік мұрағаттың Кентау филиалындағы түпкі құжаттарымызды көтерген едік, онда мен де, менен кейінгі бауырларым да түгел қазақ болып тайға таңба басқандай жазылып тұрмыз.

Мұрағаттық анықтама. (4 қаңтар 2001 жылы берілген, НФ-1) Оранғай ауыл советі кеңесінің құжаттары қорының “Жамбыл” бөлімшесінің 1966-1967 жылдарғы ауыл шаруашылық кітабында азамат Юсупов Файзулланың үй қожалығында:

Файзуллаев Әбен – баласы, ер, 1942 жылы туған, қазақ.
Файзуллаев Бақтияр – немересі, ер, 1966 жылы туған, қазақ.
Негізі: қор 97, тізім 3, бума 7, кітап 91, парақ 36 а.б.

Төрайым Қодарова Г.К.

Қор сақтаушы Жұмабекова У.А.

Анықтамадағы Әбен – ағам, Бақтияр – інім, – деп жалғастырды сөзін Сейфулла ақсақал. – Бір өкініштісі, мұрағат меңгерушісі Г.Қодарова бір анықтамадан басқа құжаттарды әртүрлі сылтаулар айтып, беруден бас тартты. Інім Бақтияр екеуіміз қаншама рет жалынып барсақ та, еш нәтиже шығара алмадық. Төлқұжат бөлімінен де жәрдем сұрап көрдік. Олар мұрағаттан тиісті құжат әкел дейді. Мұрағаттың әрекеті анау.

Мұрағаттың не себепті қорда бар құжаттарды беруден бас тартып отырғанын түсіне алмадық. Ал сол мекемеге бұдан кейін де бірнеше мәрте барған Бақтиярдың сөзіне сенсек, өзіне дейінгі ата-бабаларының барлығының да қазақ болып жазулы тұрғанын өз көзімен көргендігін айтады.

Жоғарыдағы жалғыз құжаттың өзі-ақ бұлардың қазақ екендігін айғақтап тұрған жоқ па? Жарайды, құжатты қағаз дей қояйық, ал жүрек ше? 16 отбасыдағы әрбір адамның қайсысымен сөйлессең де, “мен – қазақпын!” деп ақ жүрегінен

ақтарылып тұр ғой. Қай адам өз тегінен жерініп, мен өзге ұлттың перзентімін деп айта қояр. Тым болмағанда көзі тірі адамдарға сенуге болмас па? Ендеше, 54 жыл бойы күткен арманды шақты сыйлар сәт туды. Файзуллаевтар әулетіне жүрек қанымен жазылған ұлтын қайтарып беру керек деп есептейміз.

Тек бұлар емес, осы пұшайманды жеп жүрген қаншама қандастарымыз бар. Оларға да ата-баба қанынан сіңген ұлттық мәртебесін қайтарып алуға жәрдемдесу керек. Мұны соншалықты күрделі мәселе етпей-ақ, оңайлатуға болады ғой.

Қазақ екені анықталып, тұратын мекен-жайы тұрақты болса, басқа не кедергі? Файзуллаевтар әулетінде бұл екеуі де бар. Әлдебір кеңсе кеміргіштің кесірінен бірер минөтте өзбекке айналып шыға келген қандастарымыз енді жылдар ұзатып қайта қазақ бола алмай әуреде жүр. Осының әділіне жетер пенде бар ма екен?..

ШАТТЫҚ ҰЯЛАҒАН ШАҢЫРАҚ

Дене пішімі кең, әрдайым аңқылдай амандаса жүретін, кімді де болса бауырына басып, дос құшағын айқара ашуға құмар осы бір жігітті өне бойы студенттер ортасынан көремін. Көретінмін де, оның оқытушы мен студент арасындағы жасанды «алшақтықты» жоюға ұмтылған құлшынысына таң қалатынмын. Мұндай адамдармен тілдесу тым қызық. Соның сәті жақында түсті.

Кейіпкерім – өнер факультетінің деканы Арман Ысқақұлы ЖҰМАШ.

Арманмен жақынырақ танысқан сайын оның отбасылық жағдайының бір кітапқа жүк болар аяулы сәттерге толы екеніне көз жеткіздім. Осыдан соң тек өзі туралы жазсам ба деген әдепкі ойым басқа арнаға ойысып сала берді. Енді соны көппен бөлісуге асықтым.

Бүгінгі уақыт ауанында үлкен ұлы Арман бас болып Жұмаш әулетінің бір-екі емес, алты бірдей тастанды нәрестені бауырларына басып, басынан сипап, аналық, аталық мейірімдерін төгіп, ертеңгі елдің азаматтарын аман сақтап қалуға титтей де болса үлес қосуы – адамдықтың, үлкен адамгершіліктің ақ жолы деп ұғыну керек.

Ойы таза адамның – жаны да таза. Ал, жаны таза

адамның жақсылық жасауға үйірсек жүретіні әуелден мәлім. Міне, Арманға адалдықты үйретіп, ақ жол сілтеп отырған әкесі – Ысқақ сондай жан. Ендеше, Арманның бойындағы асыл қасиет те, балаға деген жүрек шапағаты да осы әкесінен дарыған сияқты. Әуелгі ынтызарлығымыздың бар құпиясы, міне, осында жатқандай.

Осыдан соң бұл отбасыға біз жиі баратын болдық. Жай бармаймыз, ыстық ілтипат, жылу іздеп барамыз. Әр барған сайын олардың балаға деген аялы сезімдеріне таңдай қаға қайтамыз.

Сәл шегініс. Бірде Ысқақ өмірінде адамзат баласы ауызға алуға арланатын сұмдық оқиғаға куә болды. Таңертеңгілік жұмысқа асығыс шыққан ол ауласының есігін аттай бере, шалқасынан түсе жаздады. Дәл есігінің сыртында жөрекке оралған, жарық дүниеге келгеніне небәрі 3-4 күн ғана болған, мынау баянсыз өмірдегі зұлымдық атаулыдан бейхабар сәби жатыр...

– О, тоба! Лағнет жаусын, бейкүнә сені тастанды еткен безбүйректерге! Адамзаттан пенде болып туылып, айуан болып кеткендер-ай, қалай ғана көздері қиды екен? – деп бөбекті көтеріп алғанда, үйден жүгіре басып келген зайыбы Гүлжаһанның мына сұмдыққа ебіл-дебілі шықты. Сол күні осы бір суық оқиға мен шаранасы кеппеген сәбиді бауырларына басқан Жұмаш әулеті туралы хабар шағын қалаға тез тарап кетті. Бұл күнде Ысқақ сәулеті жарасқан келбетті Кентаудың білдей дәрігері. Алдына келген науқастарды, әсіресе, бөбектерді өбектей жүріп, жан-тәнімен емдейді. Уақытпен санасу деген Ысқақтың жұмыс кестесінде болып көрген емес. Ал, Арман бірнеше лауреат шәкірттерді тәрбиелеген үлкен өнер иесі. Өзі де қара жаяу емес. Бүкілодақтық эстрада артистері байқауының лауреаты. Сахна тілін зерттеп жүрген жас ғалым. Жақында ғана Алматыда «Мұқам» деген атпен өнертанушылар үшін аудай қажет оқу құралы жарық көрді. Мұның барлығы, сөз жоқ, алдымен әкесі Ысқақтың, сосын рухани ұстазы, профессор Райымбек Сейтметовтың әкелік, ағалық қамқорлығының жемісі сияқты.

Жалпы, Ысекеңнің балаға деген, тіпті, барша адамға деген жүрек жылуын тілмен айтып жеткізу қиын. Осыдан біраз бұрын қуықтай бөлменің алты жерінде алты бесік тербетіп, түн ұйқысын төрт бөлген Гүлжаһан жеңгейдің де, сағат

сайын жаялық жуып, суық суға қолын малған келіндерінің де қабақ шытқан сәтін көрген емеспіз. Сол келіндерінің бірі – Арманның зайыбы, осы университеттің шығыстану факультетінің түлегі, бүгінде Кентау бөлімшесінде әдіскерлік қызмет атқарып жүрген Анар Жұмаш.

Сәл шегініс. Түн. Ай сәулесі жатын бөлмені әжептеуір жарық етіп тұр. Сырттағы дыбысқа аз-кем құлақ түрген Ысқақ жаңа ғана көз ілген қасындағы Гүлжаһанды оятып:

– Естіп тұрсың ба? Сыртта сәбидің дауысы шыққан сияқты.

– Ия... ия... Ойпыр-ай, тағы да...

Тез киініп, екеуі асыға тысқа шықса, екі ит көшеде жатқан жөргекке ұмтыла бастаған екен.

Сәлден соң бейкүнә сәби ыстық алақанның жылуына жылынып, ана бауырына тығыла түсті...

Енді, міне, тағдыр тәлкегінде қалған тастанды сәбилер үшін есігін айқара ашқан «АрНұр» отбасылық нәрестеханасының да, жат баласын өз перзентіндей бауырларына басып, қамқор құшағын ашқан Жұмаш әулетінің де бүгін айтары аз емес. Нәрестехана атының «АрНұр» аталуы жайдан-жай емес. «Ар» Ысқақтың үлкен ұлы Арманның, «Нұр» екінші ұлы Нұржанның бастапқы буындарынан құралған символикалық атау. Сәбилердің аты-жөндері де осы атаумен еншілес: Айым Арнұрқызы, Зияш Арнұрқызы, т.б...

Ел болған соң қаңқу сөздің ере жүретіні ақиқат. «Несін айтасыз, Жұмаш әулеті бала асыраймын деп ақшаның астында қалыпты», «Балаларға берілетін жәрдемақының өзі мәшине алып, үй салуға жарап қалған көрінеді» деген сияқты гу-гу әңгіме жүрекке сызат салуда. Шын мәнінде күтімдегі сәбилердің ешқайсысы да мемлекеттен қаржылай жәрдем алған емес. Бала күткені үшін отбасы мүшелерінің басынан сипап жатқан да ешкім жоқ. Бала тамағына да, жаялығына да отбасының ортақ қаржысы жұмсалады. Мұны түсінген кейбір адамдар болмаса, қамқор қолын созғысы келген қалталы жандар байқалмайды. Рас, сәбилерге жаны ашығансып, жәрдем білдіруге ниет еткендер бар. Бірақ, қу күйбең тірлік бәрін ұмыттырып жібере ме, бірте-бірте ат ізін салмай кетеді. Бұған отбасы әбден үйренген. Сондықтан қамқорлық жасаймын дегендерге онша сеніңкірей бермейді.

Бұлар өз балаларым ғой, – дейді Ысқақ, – біз не жесек,

не кисек, олар соны жейді, соны киеді.

Терең ойлаған адамға Жұмаш әулетінің мұнысы ерлік. Даладағы сәби түгілі, өз перзентіне өзі ие бола алмай жүрген жандар аз емес қой арамызда. Қане, қайсысымыз жат баласын бауырымызға басып, нанымызды бөліп бере аламыз? Ертең әрқайсысы өседі, мектепке барады, отау құрады. Кем-кетігін бүтіндеп, қанаттандыру да үлкен парыз...

Бұл әулетке қай кезде келсең де, бейкүнә сәбилердің құйтақандай жүректерінің лүпілін сезесің. Сол лүпіл бейне бір осынау отбасы мейірімінің тынымсыз ырғағы секілді.

ДОСТЫҒЫҢ БЕРІК ПЕ?

Достың қадірі қалды ма қазір? Бәрі есеппен жүргендей көрінеді маған. Бұрынғылар бірге асық ойнап жүрген балалары бір-бірімен жат болып кетпесін деп, екі ұлды достастырып, той жасаған. Компьютерден бас алмайтын бүгінгінің ұлдары кіммен дос болатынын білмейді, оны әкесінен не шешесінен сұрайды. Әкесі есептің адамы, қалтасы қалың, қызметі бар ауылдасына қарай жұмсайды, шешесі ұлының үйкүшік болғанын қалайды. Асылы ақылды балаларды бала қиялынан туған асыл мұраттар достастырса керек.

Достық—екіадамныңмінез-құлқыныңжарасымдылығы, ішкі жан дүниесінің иірімділігі. Ежелгі скифтер жақсы адаммен дос болу үшін арнайы келісім-шартқа отырған. Ал арабтар үстел үстіне ірі тұз салынған ыдыс әкеп қойып, берік достықтың белгісі деп әрқайсысы бір уыстан жеген. Кавказдықтар жасы үлкендердің алдында ант қабылдап, алтын жүзік салынған ыдыстан сүт ішіп, саусақтарын қанатып, қан араластырып, бас киімдерін алмастырған. Үндістер жынысына мән бермей достасатын болған. Австралиялықтар тек өздерінен үш рет бір нәрсе сатып алған адамды ғана дос тұтқан. Ал, бізде, қазақта сәл өзгерек...

Байлығың тасып, бағың асып тұрғанда жалпаңдап жаныңнан шықпайтын мал досың болады. Олар күн сайын малың мен дүниеңді түгендеп, «жан алып, жан беруге» әзір сияқты көрінгенімен, бағың тайып, ырыс-құтың сарқылған күні аштан қалсаң да ауызыңа су тамызбайтын жағымпаздардан нағыз өзі.

Іс түсе қалса басыңа,

Күні үшін жүрген қулардың

Бірі де қалмас қасыңда, - деп ақындар бекер жырламаған
гой...

Қызметің өсіп, ел назарына іліге бастасаң қара басыңды ханға балап, мақтап-мадақтап, қасыңнан бір елі шықпайтын, иіліп жастық, жайылып төсек болатын жағымпаз да жарамсақ тақ достарың пайда болады. Қызметін өсіргеніңше қайта-қайта үйіңнен шықпай, әйеліңді мақтап, табаныңды жалауға шақ қалып, әбден әуреге түсіп есі шығады. Мұндай «достар» биліктің бишігі қолыңнан түскен күні бет-пердесі дереу өзгеріп, артыңнан бір уыс топырақ шашатындардың нағыз өзі.

Атан түйе сойып, сары бас қошқар шалып, қолын қанға малып қан дос болатындар да бар. Кейінгі кезде саусақтарын немесе білектерін тіліп жіберіп, «қан араластырып» дос болатын достықтың жаңа сипаты пайда болды. Мұндай достық көбіне қылмыс әлеміне тән. Бала қиялымен осылай серттесіп достасатындар да аз емес. Қиын сапарларда бірге болып, қатық-шалапты бөліп ішіп, қанды көйлек жолдастықты ту еткен үзеңгі дос деген бар. Көбіне мұндай достық туған бауырдай аралас-құралас болуға немесе «құдай десіп, құйрық-бауыр жескен» құдалыққа ұласып жатады. Шет мемлекеттерде әскери борыштарын өтеп, әскер қатарында екі жыл қатар қызмет еткен «служактар» осындай достық иелері. Бұлардың қатарына он жыл мектеп партасында бірге отырып, балалық шақтары бірге өткен сыныптас достар мен бес жыл бірге оқып, қара нанды бөліп жеп, жастық пен махаббат дәмін бірге татқан курстас достар, таңның атысы, күннің батысы бірге жүріп қызмет ектен қызметтес достарды да қосуға болады. Ең қымбаты – бала күнгі дос. «Тел қозыдай емісіп, құлын тайдай тебісіп» өскен көзге ыстық, көңілге жақын достық бұл. Көк шыбықты ат қып мініп, жалаңбұт жүрген, қауын-қарбызға бірге барған, көрші қызға хат жазып, талай көршіні зарлатқан қимас шақ әркімнің-ақ көңілінде болар...

Ауылы аралас, қойы қоралас, ыдыс-аяқтары бірге жүрер отбасылық достардың орны бөлек. Олар жас ерекшелігіне қарамайды, той мен қазада бірге, өзара сыйластық пен патша көңілді дұрыс көрген айырылыспас достар. Мұндай достармен жалғыздықтың не екенін сезінбейсің, бала-шағаңмен араласып, әзілің жарасып, бар ауыртпалықты бірге көтересің. Алыс сапарға шықсаң алаңдап артыңа қарайламайсың.

Жарыңа серік, бала-шағаңа берік отбасылық достардың орны қашанда бөлек. Әрі қорғаның, әрі қорғанышың, көңіліңнің түбіндегі сырды көзіңнен-ақ оқитын жан досың болады. Бұлар жанашырың болумен қатар, кемшілігіңді бетіңе қаймықпай айтар сыншың да. Сен хансың ба, қарасың ба, бөліп-жармайтын, жанын үзіп беруге даяр жарық дүниедегі жалғыз жанашырың. Оған керегі сенің амандығың. Сенің мәртебең өскен күні төбесі көкке жетіп қуанады, басыңа қасірет бұлты үйірілсе жүрегі қан жылап қиналады. Жан дос мыңнан біреуге ғана бұйырады.

Сен де доссыз емес шығарсың, қадірлі оқырман? Сенікі қай дос? Достығың берік пе? Осыны бір сәт таразылап ойландың ба?

«АР МА?» ДЕГЕН ДЕРТКЕ ҚУАТ ЕМЕС ПЕ?

Күйбең тірлік көбімізді безбүйрек етіп бара ма, қалай? Хал жағдай сұрамақ түгілі, амандасуымыздың өзі мұң болып қалғандай. Аға да асығыс, бала да асығыс. Әйтеуір, белгісіз бағытқа зымырап бара жатқан біреу. Емен-жарқын хал сұрасып отыратын тамақ басында да жалпылама көз жүгіртіп, «ас үсті ғой» деп бас изей салатын болдық. Бір кездері жамбастай жатып әңгіме-дүкен құратын ескі таныстың өзі сенімен қоштасып кетуге асығып жатқаны. Сағыныштан тілдесіп қалайын деп қолын қапсыра ұстап жібермейін десең де, көздері бір орнында тұрмай ойнақшып, әлдеқайда алаңдап тұрғаны. Бұл неткен ығы-жығы өмір. Қайда асығып барамыз, ағайын?!

Тіпті, науқастанып жатқан ағайынның халін сұраудан да қалдық. Қол тимейді баяғы... Мұхаммед Пайғамбардың хадистерінің бірінен «Науқастың халін сұрауға бара жатқан жан жаннатқа кетіп бара жатқанмен бірдей» деген жолдарды оқығаным бар еді, жаннат есігін ашуға да уақыт таппайтын болғанымыз ба? Бір кездері аралас-құралас жүріп, біріміздің қызығымызға екіншіміз қуанып, тілеулес, ниеттес пейілде болған бірқатар азаматтар қазір науқас. Арқырай күлсе аңқылдаған көңілі көмекейінен көрінен Әділхан Әліайдаров аға, қара сөздің қара нары Қабылан Керімбеков көке, қызыл сөздің жорғасы Жорахан Төреханов көке, Қаратаудың қара

бурасы Қасымбек Дәрібаев ағалар біраз болды, төсек тартып жатыр. Әрине, олар бізден ешнәрсе дәмеп отырған жоқ. Бірақ «жақсы сөз – жарты ем», «арма деген – дертке қуат» демеуші ме еді?! Бес минөт уақытымызды бөліп, қара шаңырақтарына кіріп шықсақ, науқастары жеңілдеп, балаша қуанып қалмай ма? Жақында ақын Рахым Балабиев екеуіміз Жорахан ағанікінде болдық. Шал епелектеп қалды. Көзіне жас алды. «Қайда жүрсіңдер? Келіп тұрсаңдар қайтеді?» дегені. Таяққа сүйеніп эзер кіріп-шығады екен. Қалтырай тұрып, қапсыра құшақтады. Өткен-кеткенді әңгіме етті. Көз көргендерді сұрады. Кетуге ыңғайланған біздерді білегімізден ұстап жібергісі келмеді. Алла әл-қуат берсе, қараңғы бөлмеден шығып, бізбен қыдырғысы бар. Көк дөнен көңіл нелер қияларға жетелеген болуы керек, Абай өлеңдерінен шумақтар оқыды. Жанға медетті Алла мен Абайдан іздейтін сияқты... Көңіл босады. Қасымбек көкеге барсаң да ет астырып, есен-саулық сұраспай қайтармайды. Қайта-қайта әңгімеге айналдырып, ұзағырақ отыруыңды тілейді. Ескі кезді еске алады, жаңалық сұрайды. Базарбайдың қазасын есітіп, әшейінде сулана қоймайтын ескі жанарға жас үйірілді... Бір нүктеге қадалып ұзақ отырды. Өрімдей азаматты өлімге қимағаны ғой... Салалы саусақтарын қайшылап қаламсап сұрады. Азалы жыр туған болуы мүмкін...

Ия, қариялар азайып бара жатыр... Қадірлерін білейікші! «Арма» деп аңқылдай кіріп, кеуілдерін сұрайықшы! Мына жарық дүниеде бір-бірімізді сыйлағаннан басқа не қалды дейсің?..

ЖОЛ ТӘРТІБІН БҰЗАТЫН КІМ?

Қазір қалада адам көп, адамнан көлік көп. Сол көліктің ыңғайлы жүруін қадағалайтын құзырлы мекеме бар ма? Көлігіңе мініп, көшеге шыға қалсаң, қалтарыста тұрған «қызыл таяқтыны» көріп, бар екен ғой деп ойлайсың. Бірақ «қорыған жерге өш келе ме», ала таяқ шошаңдаған сайын жол қозғалысы тәртібі жиі бұзылуда. Бұған кім кінәлі: жүргізуші ме, әлде автоинспектор ма? Сөз жоқ, жүргізушілердің барлығы МАИ қызметкерлерін кіналайды. Жаяу жүргіншілер де көлік жүргізушісінен гөрі автоинспекторды қаралауға бейім. Халық көп жүретін тиісті жерлерде неге тұрмайды дейді, тек қалаға әлдебір биік мансап иесі келгенде ғана тәртіп іздегісі келетіні

несі дейді, көрінбей қалтарыс-бұлтарыста тұрып көлік аңдығанын қашан қояды дейді - әйтеуір, айта берсе сылтаулары көп. Ал жолда жүру тәртібін бұзған өзін не жүргізушіні кіналайтындар аз.

Мәселен, жаяу жүргінші жүретін арнайы орындар белгіленгеніне қарамастан, адамдар жолдың кез-келген жерінен кес-кестеп өте береді. Тіпті, көлігі аз көшенің өзінде жоғары жылдамдықпен келе жатқан машиненің сигналына ықпайтын, машина жанай өтсе де кең көшеде кердең басып жүре беретін адамдар бар. Жүргізушілер де тәртіп бұзуға құмар. Қала ішінде көліктер 40 шақырым жылдамдықпен жүруі тиіс. Ал бізде 100, кейде 120 шақырым жылдамдықпен жүйткіп бара жатқан көліктерді жиі байқайсың. Кедергі жасар көлік болмаса, қызыл шамға көзді қысып өте шығар желөкпелер де аз емес. Трассада жарысқанын місе тұтпай, жол ортасына тоқтай қалып, хал-жағдай сұрасып тұрып алатын «крутойлар» да бар. Неке саяхатына шыққандар тіпті проблема. Жолдың қарсы бетіне шығып кету олар үшін түк те емес.

Сонда жол тәртібін бұзатын кім?

ӨЛЕҢ «АЙТЫП», ӘН «ОҚЫП» ЖҮРМІЗ БЕ?

Құдайға шүкір, ел тойынып қалды, той да көп, оңаша отырыс та көп. Кешқұрым мейрамханалар мен шатхана-лардан бос орын таппайсың. Көңілді отырыс болған соң, әрине, ән айтылады. Бірақ, кейінгі кезде арақ пен шарапқа масайраған топ «ән салайық», «ән айтшы» деудің орнына, «өлең айтайық», «өлең айтшы» дейтін болып жүр. Тіпті, ұлттық телеарнадан сұхбат беріп жатқан белгілі әншілердің өзі де әнді «өлең, өлең» деп өзеурейтінді шығарды. Қой деп жатқан бір тіл маманы жоқ. Бұлай кете берсек, таяу болашақта «ән» деген әдемі сөзімізден айрылып қалатын түріміз бар. Орысша баламамен алсақ, ән – «песня», өлең – «стихотворение» емес пе? Өлеңді айтпайды – оқиды ғой. Ендеше, тілге абай болайықшы. Әр сөзге мән бермесек, ертең тілімізді шұбарлап алуымыз әбден мүмкін.

ЕСКІ ДОС

Аралбайдың дүниеден өткеніне де, міне, биыл он екінші жылы...

Ескі дос... Ол қай кезде де қымбат, жаныңа жақын. Ұмыта алмайсың. Әр қылығы есіңе түсіп, жаның жабырқайды. Сағынасың. Шын дүниеде өмір сүріп жатқанын сезсең де, мына жалған дүниеге бір келіп кетсе екен дейсің. Кезінде оның айналасынан айналшықтап шықпайтын мына бүгінгі адамдардың өзгерген бет-бейнесін көрсе дейсің. «Мұның қалай?» деп шымбайға батыра айтса дейсің. Күнделікті күйбең тірлікпен досы түгілі өзін де ұмыта бастаған пендесіне «есіңді жи, бұл жалғанның дүниесін ана дүниеге арқалап кетермісің? Ауырған адамнан ар ма деп хал сұрағанның, жанға медет, бойға қуат боларын, аруаққа бас игеннің Алладан несіп боларын ұмыттың ба?» деп ескертсе дейсің. Әйтеуір, жаның жабырқағанда ескі доспен сырласып, мауқыңды басқың келетіні рас...

Төсекте жатса да ән тербеп өткен, ғұмыры қамшының сабындай қысқа болған сазгер Аралбай Байжановты кейінгі ұрпақ білмеуі де мүмкін. Орта буын оның сырнайын құлаштай созып өне-бойы жымыып тұрар жүзін әлі ұмытқан жоқ. Өзі өмірінің соңында қызмет еткен Хантағыдағы №6 мектеп ұжымы оны әр жыл сайын еске алып, шығармашылығын жастарға үлгі етіп жатқанымен, ол азды-кем жұмыс істеген №12 мектеп ән-күй мұғалімдерінің абзал ұлдарын ұлықтаудың орнына «Әліппе тойларынан» арыға ұзай алмай отырғаны, Мәдениет сарайының ағымдағы жұмыстардан қол босата алмайтыны жанға батады.

Аралбайдың тағдыры жас кезінен ауыр болды. Арал маңындағы азапты елмен бірге бастан кешті (бәлкім, өмірмен ерте қош айтысуына бұл да себеп болған болар), әкеден ерте айрылды, қызметте жолы болмады. Әкесінің де, өзінің де 39 жаста дүние салуы тағдыр тәлкегі ме, жоқ әлде, кездейсоқтық па? Өзінен соң інісінің де нақ сол 39 жасында бақилық болуын да тағдыр тәлкегі дейтін шығарсыз. Әйтеуір, бір жұмбақ өлім...

Кәсіпкерлікпен де айналысып көрді, сезім адамы ғой, көпке ұзай алмады. Оның өмірінің ең бір қысқа әрі алтын дәуірі Пушкин мектебінде өтті десек, қателеспеспіз. Өміртайдай азамат (Жүсіпов) Аралбайдың бойында бір алапат күш тұрғанын, бұл жігіттің тума дарынының талай

биіктерге жетелейтінін сезді. Сезді де қызметке алды. Мектеп бірден көтерілді. Қала, облыс, республика деңгейлерінде бірінен соң бірі жүлделер қанжығаға байлана берді. Тау етегіндегі кішкентай мектеп республикаға белгілі білім және өнер ошағына айналды. Мейрамқұл, Назира, Бейсенбек, Жақсан, Сәрсенбек, Нұрғали, Жақсылық сияқты өнерпаздар мен өнер жанкүйерлері бір ортаға шоғырланды. Біз де жұмыстан қол босаса солай қарай асығатынбыз. Өйткені, мұнда өнер ортасы бар, сол өнердің қадірін білер басшы және қосшы бар. Біртүрлі жылылық сезілетін. Күнде идея туып жататын. Сол жылдары Хантағы түгел ән салды десек, артық айтқандық болмас. Міне, осы жылдары Аралбай шабыттанды, шабыт ләззәтін сезінді. Бірінен соң бірі бірнеше әндер туғызды. «Әнімсің таусылмайтын», «Ерке құсым», «Жайнаға», т.б. Қолымызда сөзін жазып үлгермеген әлі де қаншама әндері жатыр. Үлгере алмады, жанын жегідей жеген індет үлгертпеді...

Бір әнінің қалай дүниеге келгенін айтайын. Ол кезде Кентауда дәл қазіргідей үй жылы. Қақаған аязда терезе желдеткіші ашық тұратын. Шүмектен ыстық су сорғалап тұр. Үйде ешкім жоқ, ваннада жатқанмын. Сырнайын бебеулетіп Аралбай кіріп келсін. «Шық! – дейді еркінсіп. – Ән туды!». Сөйтеді де әдемі бір әуенді қайта-қайта тартады. Ән жүректі елжіретіп барады. Әннен алыс адам емеспін, жылы ваннаны тағы қимаймын. «Кір!» дедім амалсыз ваннаға. «Қане, қайта тартшы! Не деген ғажап әуен! Кімдікі өзі?». Аралбай ән шығарады деген ойда жоқ. «Менікі, - дейді ол бір ыңғайсыз тірлік жасағандай күмілжіп. – Осыған сөз жазу керек». «Ау, мен ақын емеспін ғой» деймін мен қапелімде не дерімді білмей, көңілін тағы қимаймын. «Сен әннің қадірін білесің ғой, жазып көрші. Басқаға көрсетсем күле ме деп қорқам...» деді. Келіспеске лаж жоқ, оның үстіне мынадай әдемі ән баурап әкетіп барады...

Гүлім бе едің, үнім бе едің,
Көктеммен ере келген.
Жайңаған күндей, нәурізек гүлдей,
Қарайсың тереземнен...

Сөз дайын болды. Жұп-жұмыр емес, бірақ әнге құйыла кеткен сияқты. Атын да тауып қойған сияқтымыз: «Әнімсің таусылмайтын». Аралбай қуанып жүр. Бала сияқты. «Мен де

ваннаға түсем!» деп жаныма жата кетті. Екеуіміз тар бөлмені жаңғырықтыра әндетіп жатырмыз. Әйелім келіп мына жатысымызға күлмегенде, әлі қанша жатарымызды бір құдай білсін... Не керек, сол күні Мейрамкүл, Назираларға барып, жаңа әнді таң атқанша жудық-ау. Бұл Аралбайдың тұңғыш әні болатын...

Қазір кеше ғана жаныңда күліп-ойнап жүрген жанның бүгін жоқтаушысы жоқ дегенге сенгің келмейді. Сыр бөлісер өнер ортасы да қалмады. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен...», әркім өз тіршілігімен әуре. Аралбайдың өзі-ақ бір өзгеше әлем еді ғой! Көзі тірі болса ол бүгін де қарап жатпас еді. Талай әндері туар еді. Әттең...

26 қаңтар күні №6 мектепте Аралбай рухын еске алу мақсатында кеш өткізбекпіз. Елеусіз қалған өнер иесіне құрмет көрсеткісі келген кез келген азаматты осы кешімізге куә болуға шақырамыз.

Аралбай әні таусылмайды!

«ҚАРА ЖОРҒА» КІМНІҢ БИІ?

Қазір базбір мектептер мен балабақшалар таңғы Әнұран мен дене жаттықтыруларын жиыстырып қойып, жаппай «Қара жорғаны» билеуге көшкен. Сонда «Қара жорға» қазақ би өнерінің қайталанбас мәйегі ме?

Қазіргі «Қара жорға» «Сал күрең» дейтін күйдің ырғағын сәл өзгертіп, оған биге лайық мәтін жазып, «жар-жардың» үзік-жұлығын қосарлаған жаңаша аранжировка. Бір байдың қызы жасауына қосып әкесінің сал күреңін сұрайды. Жалғыз қызының сөзін қимаған әкесі соңғы рет жорғасымен тайпалтып өткенде, сол жерде отырған бір күйші «Сал күрең» күйін шығарған деседі. Бүгінгі «Қара жорға» бұрынғы биі әуенінен мүлде бөлек. Ал бұрынғы би қалай еді?

«Жас Алаш» газетінің жазуына қарағанда (Ә.Дәулетхан, «Кұлды бәрекелде өлтіреді немесе “Қара жорға” биі хақында», 05.12.2010), қазақ бұл биді шаруадан қолы босаған кезде тамашалайтын болған. Ол үшін бір қарулы жігітті ортаға шығарып, атқа ұқсатып төрт аяқтатып тұрғызып қоятын. Сонан кейін биді жақсы билей алатын бір бозбала билей жүріп қара жорғаға жақындап, алдымен аттың кекілін, құлағын, жалын сипап барып нөқта, сонан соң жүген салу рәсімін жасайды. Бұдан кейін арқасын, сауырын сипап

жүріп, атты ерттеуге кіріседі. Мұның бәрі, би қимылдары арқылы орындалады. Бозбала буын биінің небір нәзік қимылдарын жасап, жұртты қыран-топан күлкі қызығына ба-тырады.

Көріп отырғанымыздай, би қимылына әйел баласы ара-ласпайды екен, бұл таза жігіттер биі. Қазіргі біз көріп жүрген биде бозбалаға бойжеткен қосарлай шығып, бірде жігіт тізерлеп, қыз оған асылып, бірде қыз тізерлеп, жігіт оған асы-ла қимыл жасап, біртүрлі оғаш әрекетке барады. Мұны оң-солын тани қоймаған мектеп оқушыларының жасап жатуы тіпті ерсі. Ұлтымызда әдепті қыз ешуақытта бұлайша жігітке ұмтылып әбжіл, еркін қимылдамаған. Жігіт бөлек («Аңшы биі», «Аю биі», т.б.), қыз бөлек («Айжан қыз», «Қамажай», «Аққу биі», «Киіз басу биі», т.б.) билеген. Қыз-жігіттердің жаппай билеуі кеңес дәуірінің «ұжымдастыру» жемісі. Бір жазбаларда жорғаның сауырына кесе толы су қойғанда да төгілмегені жөн деп жатады ғой, ендеше бұл би буын биі болған күнде де, шалт қимылсыз би болуы керек деп ойлай-мыз.

Әрине, би өнеріне ешкімнің де таласы жоқ. Қазақ биінің қатары әдімі билермен толығып жатса, бұдан ұтарымыз мол. Дегенмен, әдемі биді әрсіз көрініске, әдепті қызды әдепсіз қимылға араластыруымыз ұлтымызға сын болмақ.

Би тарихына үңілсек, басына үкі тағынып, денелеріне түрлі шашақты киім киіп, би билеген көріністерді Азияның терістігіндегі жартас суреттерден жиі кездестіруге болады. Негізінен бұл бейнелер дабылын соғып немесе басқа күй аспаптарын шертіп, би билеп тұрғанымен ерекшеленеді. Мұндай шамандық бейнелер б.д.д. 2000-1500 жылдар аралығына тән. Ал «Қара жорға» Еуропа, Азиядағы қазақтар шоғырлы қоныстанған аумақтарға кеңінен таралған. Қазақ халқының өзіне тән «Аю биі», «Қара жорға биі», «Ортеке биі» (қуыршақ биі), «Көк түйме биі», «Шешеке биі» секілді төл билеріміз бар. Қытай қазақтарында көп биленетін «Қара жорға биінің оқиғалық мазмұны мынадай: жылқы түлігінің жабайы кезінде бір қазақ жігіті дала жылқысының біреуін шалмалап ұстап алып, қолма-қол үйретіп, ауылына мініп келеді. Жылқының өңі қара, жорға екен. Өз табысына қуанған әлгі жігіт алдымен атын ойнақтатып ат үстінде, онан соң жерге түсіп билейді. Ауыл адамдары қызу қарсы алады.

Осыдан барып қырғыздар арасында “Жылқы биі” таралған. Қазір Шынжаңның жер жерінде “Жылқы биі” кеңінен ойналып жүр. Бізге таныс “Қара жорға” биі осы жылқы биінің дамыған басқа нұсқасы деген жорамал бар. Біз – түркі-моңғол бір бәйтеректің бұтағымыз. Шыңғысхан заманындағы тайпалар бір тілде – көне түркі тілінде аудармашысыз сөйлескен. Моңғолдарда «Жылқы биінің» бір нұсқасы сақталып жатса, оған таңданудың еш сөкеттігі жоқ.

АСАБАЛЫҚТЫ КӘСІП ЕТКЕНДЕР

Тойдың сәні асаба екеніне ешкім дау айта алмас. Дегенмен, жаттанды әзіл-оспақтарымен ана тойда да, мына тойда қыдырып жүретін қайталама асабалар елді әбден жалықтырып алған сияқты.

Бұрынғыдай емес, халық қазір асаба таңдауға көшкен. Ауылдағыны “менсінбей”, қымбаттау болса да үлкен қаладан асаба жалдап алып келетіндер аз емес. Тойға талғаммен қарайтын мұндай той иелері әзірге санаулы ғана. Шағын қаладағы саусақпен санарлық асабаны ел жақсы танып алған. Қайсысының тойды қалай бастайтынын күні бұрын біліп, айтып отырады. Ал асабаға бәрібір, оған қолына күнделікті напакасы түсіп тұрса болғаны, қалғаны шорту. Шіркін асабалар әр тойда әрқилы қимыл көрсетсе ғой деп ойлайсың. Алайда, бір айтылған әзілді екінші асаба қайталап тұрса, мезі болатынымыз рас. Тойдың жақсы өтуі, өтпеуі асабаға байланысты. Шақырылған қонақтардың көңілі күпті болып қайтса, бар тапқан-таянғанын шашып-төгіп жұмсаған той иесінің обалын кім көтермек? Жеңіл-желпі анайы сөздерге құмар асаба ешкімге абырой әпере қоймас. Кейде сол әзілі той төріне тілек айтуға шыққан қадірлі мейманға айтылып жатқандай ыңғайсыз күй кешесің. Бірде үйлену тойында қос құда мен құдағиды сахнаға шақырып алып, “келінге қарай жүгір, маған қарай жүгір, бір-біріңді құшақта, беттеріңді сүйіңдер” деп әбден масқаралап клоун қылған асабаны көрдік. Жерге қарадық. Шам сөндіріп, ортаға торт әкеліп, екі жасқа пышақ жалаңдата торт кескізіп, ата-енесінің ауызына тықпыштаған тұрпайы көріністі болса да күнде “тамашалап” жүрміз. Одан гөрі ибалы келін төмен қарап, сырлы кесемен ата-енеге ақ ұсынса, көргенді күйеу ілтипат етіп, зерен табақпен ас ұсынса, жарасымды болмай ма? Қысқасы, жаттанды сөз, жадағай

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

қимыл асабаға абырой әпермей тұр...

Той – тәрбие басы. Көпшілік жиналған орында мәдениеттілік талап етіледі. Бұрынырақ ақсақалдар ғана сөйлеген. Ал қазір ата-енесімен жағаласып кеше түскен келіндер де сөйлейтін әдет тапты. Бір-біріне микрофон ұзатып, қаз-қатар тізілген топ бір сөзді қайталаумен жарты сағат уақытыңды алады. Тост берілмесе өкпелері қара қазандай кеуіп шыға келетін масаң қонақтар – алдымен өз ағайындарың. Сөзге қонақ беруден, мейман қадірлеуден қалып барамыз ба, қалай? Үлкен кісі деп ақсақалдан той шымылдығын ашуға бата сұрасаң, өткен-кеткенін айтып тілек сияқты бірдеңені езеуреп тұрып алады. Жастарға үлгі-өнеге көрсетер деген мұндай қарттарымыз батадан бұрын бокалға ұмтылса, келер ұрпаққа не өнеге береміз? Қарын тойған соң тойдан шығып кете беретін меймандар да аз емес. Уақыты тығыз шығар дейсің, олай емес, той қызығы кеткен соң оларды ұстап тұру қиын.

Тойдың түрі көп. Әрқайсысына лайық өз үрдісі болса, асабаның әрбір сөзінде астарлы нақыл тұрса, қарапайым әзілмен күрделі ұғымдарды ұқтырса, осының өзі тәрбие. Жөн-жосықсыз қылжақпен тойдың берекесін кетіргенше, ізденіп, көпшіліктің ыңғайына қарап той басқарсақ, елдің алғысына бөленетініміз даусыз.

ПАТРИОТ

Өнерпаз қауымның той іздеп жүретін әдеті. Бірде Жүсіп Ақшораев, Мақсат Айтжанов, Нұржан Құлшынбаев бар, бір топ өнерпаз Шымкенттің «Тельман» аумағында тұратын сол кезде «Шаншар» әзіл-сықақ театрының артисі, бүгінде қалалық мәдениет үйі директорының орынбасары Нұрбақыт Байысбектің үйіне, ұлы Айсұлтанның шілдеханасына бара қалдық. Көрші-қолаң, ағайын-туыс, бір қауым ел жиналып-ақ қалған екен. Қақпадан үйге кіре берісте күтпеген жағдайға тап болдық. Нұрбақыттың әкесі, бүгінде 60-ты алқымдап қалған Анарбек Байысбек ағамыз бізді байқап қалып, дәл есік алдында күйойнатқыштың тетігін басып қалғаны. Мемлекетіміздің Әнұраны шырқай жөнелді! Алақанымызды жүрегіміздің тұсына тақап, қаздыып тұра қалдық. Өзі Әнұранды бар дауысымен шырқай айтып тұр. Байқасақ, кіре берісте маңдайда көк Туымыз да желбіреп қалған екен. Оған тағзым етуімізді

өтінді. Сосын ғана босағадан үйге аттауымызға рұқсат етті. Міне, Патриот! Таң қалдық!

- Әкем де қызық! – дейді сасқалақтаған Нұрбақыт. - Үйге келген әр мейманның осылай Әнұранымызды шырқамай, Туға тағзым етпей төрге озғанын көрген емеспін. Әсіресе, 30 тамыз - Конституция күні және Тәуелсіздік мейрамында әкем бізді таң алакеуімнен ерте тұрғызып, дыбыс күшейткішті ерінбей шатырдың төбесіне шығартып, Әнұранды ойнатады. Бүкіл ауыл қосыла шырқаймыз. Ал көк Ту босағамыздан үзілген емес. Үйден шығарда Туға қарап елімізге тыныштық, кірерде отбасымызға береке тілей өтеміз.

Бүкіл ауылға мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеуін дағдыға айналдырған Анарбек ағамыздың мамандығы заңгер. Қолынан келмейтіні жоқ, әсіресе мәшине жөндеуге үйір. Мұхтар Шаханов пен Шәмші Қалдаяқовтың көліктерін талай жөндеп, алғыстарын арқалаған сәттері аз болмаған. Іздеп жүріп Алтынбек Қоразбаевтың «Волгасын» да сатып алып мініпті. Өнерге құмар. Барлық әншілердің өмірбаяны мен репертуарын жатқа айтады. Ең бастысы, тіл жанашыры, мемлекеттік рәміздеріміздің насихатшысы.

Түрлі салтанатты жиындарда айбынды Әнұранымызға қосыла шырқауды ар санап, ернін ғана жыбырлатып тұратын ағайынға Анарбек ағаның үйіне бір барып қайтуға кеңес берген болар едік. Нағыз патриоттар ел ішінде бар екен, соған риза болдық!

МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ СӨЗ

Жихангез бейдауа бір жан қаламызға сапар шегіп келе қалса, алдымен оның көрнекі жерін көргісі келеді деген жансақ бір пікір қалыптасқан. Содан ба, тайлы-таяғымызбен қалаға кіре берістің шөп-шаламын жұлып, алаң маңын сыпырып әуре болып жатқанымыз. Мұндай ұғымды бізге ақша табудың соңына түскен батыстық туризм мамандары қалыптастырып қойған. Ал, ежелден иен даланы мекен еткен ата-бабаларымыз алыстан ат арыта келген мейманына алдымен сарқыраған өзенін, құзар шыңын, сылдырай аққан бұлағын көрсетуге асықпаған. Керісінше, қараша үйге қондырып, ақсарбас малын сойдырып, ақ сабасын сапырып қымыз ұсынған, сол өңірге белгілі әнші-жыршысын алдыртып, таң атқанша сейілсеруенін тамашалатқан. Келген құдайы қонақ ауылдың ақ

пейіліне емес, сарқылмас өнеріне, ән-күйдің кемеріне таңтамаша болып таң ата тарқасқан. Қарапайым ғана құдалықты алайық, күнұзақ алдына табақ-табақ ет қойып, саба-саба қымыз ұсынғаныңмен, ән-күйсіз ымпи-тымпи отыра берсең, құдалық есте қала ма? Бұл да солай.

Енді, сол жихангез біздің қаламызға зәуеде келе қалды делік. Бар ма көрсетеріміз? Жоқ, әлде, мұрнынан сүйреп ТЭЦ-ке, не болмаса Ұкаша атаны іздеп Сертке апарамыз ба? Қараша үйіміз – Мәдениет сарайы, ақсарбас малымыз – осы өңірге белгілі жыршы Болатбек, не болмаса күйші Әлімбек пен Бауыржан, әнші Тәуірбек сияқты өнерпаздарымыз, ақ саба қымызымыз – халықтың әні мен өнері болмас па еді!

Тек айтулы даталы күндерде ғана елді елең еткізер «кезекші» концерттерден, шығармашылық кештерден арылып, халыққа шын мәнінде халықтық өнер ұсынар сәт туды. Бұған кезінде өзі де хас өнермен сусындап, талай аспаптың құлағында ойнаған, былайша айтқанда, өзіміздің өнердегі әріптесіміз болған, қала әкімі – Нұржігіт Нұрпейісұлының да қолдау көрсетуге асығып отырғанына өз басым бек сенемін! Кезінде бүкіл одақты дүркіреткен, Райымбектей дана, Асанәлідей дара, Әшірбектей аға; Қанаттай бөрі, Сейдолладай сері туған Кентаудың хас өнерін қайта қалпына келтірейік, ағайын! Бұған бір мәдениет бөлімінің ғана күші жеткіліксіз. (Онсыз да ондағы азаматтар жарғақ құлағы жастыққа тимей қызмет етіп жатыр). Көп болып қолға алатын іс бұл. Ендеше, мен осында отырған баршаңызды осы ұлы іске жұмыла кірісуге шақыра отырып, қала мәдениеті мен өнерін өркендетуге септігі тиеді-ау деген бірді-екілі ұсынысымды ортаға сала кеткенді жөн көрдім.

1. Илегеніміз бір терінің пұшпағы. Бүгіннен бастап біз бір-бірімізге қызғана қырын қарауды, жер-жерге, ру-руға бөлінуді қойып, жақсылығымызды асыра, жамандығымызды жасыра, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара тек қаламыздың өнері мен мәдениетіне ғана қызмет етуді мақсатымызға айналдыруымыз керек.

2. Мәдениет бөлімі жанынан қалада өтетін әрбір іс-шараны, саханаға ұсынылар әрбір концерттік туындыны алдын-ала бақылап, өткеннен кейін саралап отыратын құрамында айтулы мәдениет пен өнер азаматтары бар Көркемдік кеңес құрылуы тиіс.

3. Мәдениет сарайын саябақтардан бөліп алып, жеке мәртебе беріп, тек шығармашылықпен айналысатын өнер ордасына айналдырған жөн. Сонда ғана көптен бері арман болып жүрген талай лауреаттар мен өнер қайраткерлерін туғызуға мүмкіндік туады.

4. Мәдениет сарайының штатын қайта қарап, ұлттық өнерге баса мән беріп, 80 пайызға дейін шығармашылық мамандардың болуын қадағалау керек.

5. Саңлақ өнерпаздарды жинақтап, Мәдениет сарайы жанынан қаланың өнер төлқұжатына айналар «қала әкімінің оркестрін» құру керек.

6. Елбасының Жолдауда айтқан «әркім өз мамандығымен айналысуы тиіс» деген қағидасын башылыққа ала отырып, Мәдениет сарайының штатына өнерден хабары жоқ, мамандығы сәйкес келмейтін азаматтардың отыруына жол бермеу керек.

7. Осы кезге дейін қала тарихында ақындық пен қолөнерді қоспағанда бірде-бір өнер адамы мемлекеттік атақ алып, не болмаса «Кентау қаласының құрметті азаматы» атағына ие болмапты. Ұсыныла қалса, депутаттар түрлі сылтаумен кандидатурасын алып тастауды әдетке айналдырған. Биыл қаланың 55 жылдық мерейтойында кемі 5 адамның осындай түрлі марапатқа ие болуын ұсынар едім.

8. Қала күні қарсаңында қала алаңынан, Мәдениет сарайы маңынан осы қаладан шыққан айтулы өнер азаматтарын ұлықтайтын «Жұлдыздар аллеясын» ашуды ұсынамын.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҮНЕМІ ҚАДАҒАЛАП ОТЫРУ КЕРЕК

Мемлекеттік тіл барлық мемлекет мүшесіне ортақ. Дағдарыс өтеді, кетеді. Ал халық пен оның тілі мәңгілік. Дағдарысты сылтау етіп, мемлекеттік тілімізді аяқасты ете берсек, қалған ісіміздің бәрі бос әурешілік. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасында: «Қазіргі уақытта ономастика республикадағы ұлттық тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде тек ғылыми-

практикалық, мәдени-тарихи ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси маңызға да ие» деп жазылған.

Қала әкімдігінің жанындағы ономастика комиссиясы бүгінге дейін көптеген жұмыстар атқарғанын жоққа шығара алмаймыз. Қаламыз бен оған іргелес поселкелердегі кеңес дәуірінен қалған ескі көше аттары қайта жаңғырып, халқымызға белгілі тұлғалардың есімдері берілді. Дегенмен, қала ономастикасында «52», «49», «67» сияқты беймәлім атаулар әлі де тілдік қолданыстан шыққан жоқ. Ресми іс-құжаттарда кездеспесе де, ауызекі тілде жиі айтылады. Бұл орамдарға «Қаратау», «Күнгей», «Қазақстан» сияқты атаулар берсек, ел құлағы жаңа телімге икемделе бастар еді. Комиссияның қадала қарар ендігі мәселесі – маңдайшадағы жазулар. Әлі күнге дейін кейбір кәсіп иелері немесе дүкен мен мекеме қожайындары өздерінің мекемелеріне тиесілі түрлі ақпараттық-жарнамалық билбордтары мен маңдайшаларын тіл бұрар өзге тілде жазғанды жөн көреді. Бұл мода ма, жоқ әлде қасақана сөйте ме, оны түсіну қиын. Кейінгі кезде не қала тұрғыны, не қала қонағы түсінбейтін (бәлкім, сол нысанды ашып отырған иесі мұны өзінше ұғар), не қазақша емес, не орысша емес, бір түсініксіз атаулар қаптап кетті: «Дижаме», «Жанель», «Рада», «Анджай», «VIP», «Вавилон», «Империаал», «Карина», «Арма», «Фариал», «ОВ», «Адик», «Миллениум», «Сыла», «Дантист». Келмеске кеткен кеңестік жүйенің бел баласы Ресейді аңсататын атаулар да аз емес: «Южанка», «Анастасия», «У бабушки», «Сантехника», «Стройматериалы», «Оленька», «Пчелка», «Перекресток», т.б. Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа болмағандықтан, ойға келген атауды қоя салу барлық салаға тән «ауру» болып отыр.

Рас, соңғы жылдары қала көшелері біршама қазақылана бастады. Елге белгілі тұлғалардың есімдері беріліп, бір жүйеге келтірілген секілді. Дегенмен, ішінара жұмсақ креслода отырып, жұмыр басын ғана қамдаған, халыққа тигізген зәредей де пайдасы жоқ кей азаматтардың есімдерінің көше маңдайшаларында тұруы іштей қынжылтады. Қалтаңнан асфальт төсеп, шам орнатып, үй қапталын әктеп берсең болғаны, бір көшеге ие болып шыға келетін заман болды бір кезде. Қоғамға, елге еңбегі мен ерлігі сіңген адамдардың есімін тәрбиелік мақсатта мәңгілеу керек болса, тек сол аза-

мат тұрған үйге естелік тақтайша қойса да жеткілікті емес пе? Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасында адам аттарын «көшеге беруге болмайды» деген тармақ жоқ деген желеумен көкемнің атын көшеге, шешемнің атын мүйіске бердік бір кезде. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Алматыда шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен болған кездесуінде ауыл-аймақта қолдан жасалған ру батырларына көше аттарын беру әлі тоқтамай отырғандығы, бүйте берсек, ертең көзі тірі адамдарға қойылған тастұғырлар мен ескерткіштерден аяқ алып жүре алмай қалуымыздың кәдік екендігі қынжыла айтқан болатын. Жалпы, көшеге ірі тұлғалардың есімдерін, болмаса, қазақ халқының тарихын аңғартатын тарихи атауларды берген дұрыс деп есептейміз. Бұл ұрпақ жадына жақсы әсер етер игі дәстүр.

Тағы бір қынжылтатыны, бізде «көше атын бердік, ендігісін өзің ойла» деген сияқты жаман бір әдет бар сияқты. Ол қай көше, қайда орналасқан, маңдайшасын кім жапсырады? Бұған ешкімнің басы ауырмайтындай. Әсіресе бұл қаланың шет аймақтарында жиі кезігеді. Сырттан келген мейман бір көшені іздей қойса, кейде бүкіл қаланы аралап шығуына тура келеді. Ол көшені тапқан күнде де бірде-бір үй нөмірі көрсетілмегендіктен, әр қақпаны ұрып, «сіздің нөміріңіз қандай?» деп сұраумен жүреді.

Осыған бір жүйелі көзқарас керек сияқты. Мәселен, «Менің көшем» деген бір акция жүргізсек. Сол күні көше тұрғындары біркісідей өз көшелеріне көше маңдайшаларын жапсырып, үйлеріне нөмірлерін ілсе, біршама реттеліп қалар еді. Ұлттық ономастика мәселелерін әр ұлт тек өзі шешуге тиіс. Ол туралы басқадан сабағат сұрап керек жоқ. Осы орайдан келгенде қазақ тіліндегі топонимдерді орыс тіліне транскрипциялап шаршап жүргеніміз түсініксіз жағдай. Мемлекеттік тілі қазақ тілі деп танылған Қазақстан үшін атаулардың орысша немесе ағылшынша транскрипциясының, аудармасының қажеті бар ма деген заңды сұрақ туады? Әлемде басқа ешбір елде топонимдер екі немесе үш тілде қатар жазылмайды. Бұл - ұлттық құндылықты бағаламау ғана емес, жалқы есімдердің қолданысын қиындатып жіберетін қажетсіз, артық талпыныс. Қаланың көптеген жерлерінде, мәселен, «дүкені «Молшылық»-«Молшылық» магазин»

деген сауатсыз маңдайшаларды жиі кездестіруге болады. Дұрысы: «Молшылық» дүкені» емес пе? Оның қасына орысшасын жазып не қажеті бар? Дүкен деген жалғыз сөзді орыс тілділердің жаттайтын уақыты болған жоқ па?

Ономастикалық жұмыстарды үйлестіру, оны үнемі қадағалап отыру Қазақстан Республикасы сияқты дамушы елдерге ғана емес, әлемдегі өркениетті елдердің барлығына тән болып келді. Мәселен, тіл мәселесі шешіліп қойған әлемдегі алпауыт елдердің барлығында да ономастиканы тұрақты бақылап отыратын комитеттер жұмыс істейді. Бізде де қала әкімдігінің қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамы жанынан осындай бір бақылаушы орган құрылғаны жөн деп есептейміз.

«ҚАЗАНШЫНЫҢ ЕРКІ БАР...»

Кейінгі кезде елді ауызына қаратқан, аттары дардай үлкен аға-әпкелеріміздің арды да, ұятты да жиыстырып қойып, алқалы жиындарда ашықтан-ашық атақ саудалай бастағанын қарап осы мәтел еріксіз ойға оралады екен. Көрмейін десең, көзің бар, үндемейін десең, бұл індет белең алып бара жатқанға ұқсайды. Бұл ненің белгісі? Халықты басыну ма, жоқ әлде, менмендік пен даңғойлықтың шегіне жеткен көрінісі ме? Дәл мұндай атаққұмарлық кеудесін алпыншақ-салпыншақ темірге толтырған Брежнев жәкемнің заманында да болмаған шығар?

Соңғы бірер айда екі ән байқауына қонақ ретінде қатысу мүмкіндігі туды. Бірі – Шардара әндерінің байқауы, екіншісі – Түркістан туралы жаңа әндер байқауы. Екі конкурсқа да ел ішінен таныла алмай жүрген беймәлім таланттар көптеп қатысты (байқау солар үшін өткізіледі емес пе?). Тәп-тәуір әндерімен елді елең еткізгендер болмай қалған жоқ. Өз басым кентаулық Жұпар Бекшораеваның Шардара туралы әніне жоғары баға берер едім. Осыған дейін бір әні екіншісіне ұқсастау келетін Жұпар замандасымның дәл осы жолғы әнінің ерекшелігі иіріммен иірілгені рас. Түркістан байқауында да ауызға ілігер жергілікті таланттар аз болған жоқ. Бір өкініштісі, екі байқауда да барлық жүлдені қазылар алқасының өзара бөлісіп алуы болды. Төрелік айтар төрден орын алған айтулы ақын Қадыр Мырза Әліге бірінші орынды, ал қара қылды қақ жаруды сеніп тапсырған сазгер Құралай Сәтмұханбетоваға екінші орынды беруді жөн деп

тапқан «әділ» қазылар алқасында не қадір-қасиет қалды екен? Қазылар отырған төрден сахнаға шығып «өз жүлдесін» алған «конкурсанттарға» әр тұстан селқостау қол соққан көрермен үшін біз ұялдық.

Жуырда Тәуелсіздік күніне орай қаланың бір топ азаматтарына (жиырмаға жуық адам!?) «Кентау қаласының құрметті азаматы» атақтары берілді. Дұрыс-ақ! Еңбегі еленген азаматтардың тиісті қошаметке ие болғанына ешкім де қарсылық білдіре қоймас. Бірақ сол азаматтардың біразының депутаттар екенін ескерсек (депутаттардың басым бөлігі бұдан бұрын да бұл атақты алып қойған...), көңілге күмән ұялайды. Себебі, осы атаққа өтініш түсіргендердің құрметке лайықты-лайықсыз екенін сол депутаттардың өздері жасырын дауыс беру арқылы анықтайды емес пе? Ендеше «құрметті азамат» атану үшін депутаттардың өздеріне өздері дауыс бергені ме?

Жалпы, осы атаққа ұсынудың ережесін ел біле ме екен? (әлде жасырын нәрсе ме?). Қала үшін ең жоғары құрмет атағы болып табылатын осынау марапатқа елге еңбегі сіңген, мемлекеттік наградалары бар, халық сүйіспеншілігіне бөленген азаматтар лайық-ау деп ойлаймыз. Құдайға шүкір, осы атаққа ие болғандар арасында ондай азаматтар жоқ емес, бар! Тек «қазаншының еркіне сала бермейік» те дегеніміз ғой... Осы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығына ұсынылатын үміткерлер алдын-ала баспасөз арқылы жарияланып, елдің талқысына түсетін жақсы бір дәстүр бар. Содан соң ғана олар комиссия қарауына түседі. Бәлкім, қаланың құрметті азаматы атағына үміткерлерді де осылайша қала газеті арқылы ел безбеніне салған жөн шығар. Ал бұл атақты кімге беру, кімге бермеу жөніндегі шешімді мәслихат осы қаладан шыққан елге белгілі азаматтардан құралған арнаулы комиссия шешімімен келісе отырып шешсе, нұр үстіне нұр болар еді.

БАЙЛЫҚ БАҚАМЕН ӨЛШЕНЕ МЕ?

Қазіргі адамдар қызық. Ырымшыл. Қытайдың ойыншық бақасын байлықтың белгісі ретінде аузына тиын «тістетіп», сыйлы орынға қадірлеп орнатып қоятын болған. Осындай бақа көзді жүзікті күндіз-түні саусағынан тастамайтындар да кездеседі. Отбасына, өзіне байлық әкеледі-міш. Оу, бақа

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

дегеніміз байлық шақырмақ түгілі, күнін зорға көріп, шыбын-шіркей теріп, батпақта өмір сүретін «бомж» жәндік емес пе? Ол қалайша байлыққа кенелте қалады екен?

Ел таласа-тармаса алып жатқандықтан, базарда осы сияқты тиынмен әспеттелген түсініксіз сыйкәделер көбейіп барады.

Кеседегі шайының бетіне тұнған көбікті саусағымен іліп алып, «доллар кел, ақша кел» деп күбірлеп басына жағатын ырымшылар да кездеседі. Қазекем көбікті ешуақытта ас санамаған. Ұзақ қайнаған еттің бетіндегі көбікті шөмішпен қалқып алып, итке де бермей, далаға төккен. Енді оны тәбәрік етіп басымызға жағып жүрміз.

Орыстың тағасын босағаға қағып қойып, шалқасынан жатып, байлық бағып жатқандар да жетерлік, Шетелден келген түрлі әтір-сабынды бір-біріне пұлдап сатып, шөп дәрілерін уыстап ішіп, шырын суларын ем деп ұрттап жүргендер де аз емес. Олардың да түпкі мақсаты баю, деніне саулық іздеу. Қаратау тұнған байлық, мың түрлі ауруыңа ем болар жалбыз бен киікотына дейінгі шипашөптер сонда самсып тұр. Оны барып теруге ерінеміз, ал сол шөпті түрлі қоспамен құтыға салып, удай бағамен шетелден әкеліп тұрған фирма-сымақтардан таласа-тармаса сатып аламыз.

Қарап отырсақ, байлық туралы түсінігіміз ала-құла екен. Күні кешеге дейін бай мен байлықты өркениетті қоғамның тәртіп-талаптарына сай келмейтін құбылыс, адамды қанаудың белгісі ретінде көпшілік санасына сіңіріп келдік. Қазір бұл мәселеге басқаша қарай бастағанымыз рас. Содан да болар, байығысы келмейтін адам жоқ.

Халқымыздың салт-дәстүріне ой жүгіртсек, адал еңбекпен мол байлыққа тез арада қол жеткізудің басқа да жолдары көп екен. Ең үлкен байлық, Рахманқұл қария айтқандай – мәдени байлық! Отбасымызға соның келуін тілейік. Ендеше, төрімізге қытай бақасын емес, рухани байлық – кітап жинайық, босағамызға жалбыратып қызыл шүберек байламай, ел рәмізі – көк туымызды ілейік, жүрегімізге арам пиғыл ұялатпай, имандылық нұрын қадайық!

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БОЗІНГЕН КҮЙШІ

Әлімбек Қонысбеков Күнгей мен Теріскей өңірінің күйшілік мектебі мен дәстүрлі ән өнерін қабат алып жүрген

шоқтығы биік бірегей тумаларының бірі. Қарт Қаратау баурайының ән өнері, күй өнері дегенде алдымен ауызға түсетіні осы салалардың бұлақ-бастауын да тұрған Әлекең сияқты сирек таланттар. Қолына қара домбыраны ұстағанда оны бірде дүлей дауыл жерден көтеріп әкетіп, күй біткенше аспандата шарықтатып отырғандай, енді бірде Сарыарқаның салқын самалы баяу тербетіп, сабаңа түсіріп, мұңсыз бір қиялға жетелейтіндей көрінеді. Жанына байланып, айрықша сезімге бөленіп, жадау тартып отыра бересің. Ол күйді айрықша бір шабытпен нұрланып тартады. Оның домбыра шертісі біз білетін бұрынғы-соңғы күйшілердің бірде-бірінікіне ұқсамайды. Өнердің ең үлкен ерекшелігі де сол ұқсамауда. Ешкімге ұқсамағандығынан да ел-жұрт Әлекеңе дереу көңіл бөледі. Көп күйшінің ішінен ол жарқ етіп жаңаша, оқшау көрінді. Содан да болар, өнерінің де, өзінің де бағы жанды.

«Эстраданың экспанциясына елітіп алған жастардың ендігі жерде халықтық музыканың колоритін, оның белгілі тұлғаларын біле қоюы немесе түсіне салуы екіталай шығар» деген пікірмен намыс қажай сұхбаттасқанымызда, Әлекең қазақтың халықтық ән дәстүрі, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан, турасын айтсақ, Сүгірдің күйшілік мектебі бағытында ұзақ-сонар әңгіме бастайтын. Бастайтын да, қазақтың дәстүрлі күйлерін, Қаратау шертпелерін орындаушылардың қатары жылдан-жылға сиреп бара жатқанына «аһ» ұра мұңаятын. Өздерінің соңынан енді қандай жастар шығып, орнын басады деген дұдамал пікір еңсесін басатын.

Жалпы, Әлекеңнің бұл өнерге келуі үлкен бір жетістік болды. Тіпті, сол кезде ұлттық консерваторияның өзінде қазақтың дәстүрлі күйлерін орындайтын мамандар әзірлейтін мамандық жоқ болатын. Міне, осы тұста Әлекең сияқты ел ішінен қайнап шыққан тума таланттар сол олқы тұстың орнын басты.

Әлекеңнің негізгі үлкен еңбегі Сүгір шығармашылығын жаңаша бағытта қайта тірілтуінде еді. Терісей өңірін айтпағанда, сол тұстағы Қаратауды мекендеген өнерпаздардың дені Сүгірдің күйлеріне еліктеп өсті. Егер Ергентай, Самар сияқты күйші ағаларына ілесе жүріп, Әлімбек Кентау қаласына келіп, Сүгір шығармаларын халық аспап-

тар оркестріне түсіріп, бүкіл Қаратау өңіріне жаймағанда, мүмкін Сүгір де сол Созақ өңірінің төңірегінен аспай, жай ғана халық жадындағы көп күйшілердің бірі болып қалған болар ма еді, кім білсін? Сүгірдің машығындай бипаз да майда қоңыр күйлері бар салмақты өнерпазды табиғаттың өзі бізге сыйға тартуы тегіннен тегін болмаса керек. Былайша айтқанда, Әлекеңді Сүгір шығармашылығының жаңа ғасырдағы жаңа жалғасы деп айтсақ та болады. Дәстүрлі күй өнерін халқына сіңіріп, мектебін қалыптастырып кеткен осы өңірдің тумалары Генерал Асқаровты, Төлеген Момбековты, Ергентай Борсабаевты, Самар Сүйіндіковты айтпағанда, кешегі Құманғазы мен Тәттімбет бастаған күйшілер шоғыры біздің ұлттық өнеріміздің мақтанышы.

Әлімбек шертпе күйді орындаушылардың хас шебері ғана емес, өзі де әдемі күйлерімен елді тамсантаып жүрген күйші-композитор да. Оның ересек орындаушыларға арналған «Ана құдіреті», «Өттің дәурен», «Жігер», «Бірлік басы – Ордабасы», «Наурыз», «Аңсар», «Сейдолла сарыны», «Шаттық» күйлері, балаларға арналған «Ақ тайлақ», «Алақай», «Көксерек», «Ақша қар», «Ортеке», «Қошақан» сияқты 40-қа жуық күйлері мен күй-толғау, күй-поэмалары бүгінде саз мектептері мен лицейлерінің репертуарынан берік орын алған. Кейінгі жылдары Әлекең халық қайнарынан бастау алған әдемі лирикалық әндер де жазып жүр. «Сен бар жерде» (с. Ж.Егінбаевтікі), «Алыста жүрген бауырлар» (с. Ұ.Қонысбекованікі), «Аяулы ана» (с. Б.Оспановтікі), «Өзің едің» (с. Р.Балабиевтікі), «Майдангер жыры» (с. Е.Байтудікі) сияқты 20-ға тарта әндері осының айғағы. Зайыбы Ұлтуар да көмейіне бұлбұл қонған тамаша әнші. Әлекеңнің көптеген әндеріне қазір осы Ұлтуар сөздер жазып жүр. Ұлдары Сұлтанбек, Өмірбек, Мейрамбектер де әке жолын қуып, оңтүстік өңіріне белгілі өнерлі өрендерге айналған.

Ә.Қонысбеков 1947 жылы дүниеге келген Өзбекстан Республикасы Әндіжан облысының тумасы. Әкесі Қонысбек Тұрсынбекұлы Созақтың мұсылман медресесінде білім алған зиялы азамат. Голощекиннің солақай саясаты малың, дүниесін кәмпескелетіп, Сібірге айдатып жіберген Әлекеңнің тума-туыстары да теперіш көріп, қиналған жұртпен бірге ауа көшіп, 30 жылдай Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанда бас

паналауға мәжбүр болды. Ұлы Отан соғысы басталғанда әкесі әскерге аттанып, екі рет ауыр жараланып, көрсеткен ерлігі үшін III-дәрежелі «Даңқ» орденімен, бірнеше ерлік медальдарымен марапатталған.

Оңтүстік өңіріне «Қонысбековтер отбасылық ансамблінің» көркемдік жетекшісі ретінде танымал Әлекең Асанәлі Әшімов, Райымбек Сейтметов білім алған Алтынсарин мектебінің түлегі. П.И.Чайковский атындағы саз училищесін, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны бітірген. Ұзақ жылдар Кентау қаласындағы №1 балалар саз мектебінің халық аспаптар бөліміне жетекшілік етті. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында бөлім меңгерді. ҚР білім беру ісінің үздігі, жоғары дәрежелі мұғалім, кезінде «халық оркестрі» атанған Кеншілер мәдениет сарайы халық аспаптары оркестрін ұйымдастырушылардың бірі. II-ші және III-ші халықтар шығармашылығы фестивальдерінің лауреаты.

Ә.Қонысбековтың күйшілік мектебі – халықтық өнеріміздің мақта-нышы. Оның күй шерту, ән шығару үлгілері шеберлігі жағынан да, тақырып-тық-мағыналық маңыздылығы жағынан да үйренуге, насихаттауға лайық.

Қолыңыздағы кітапқа әуесқой күйші-композитор Әлімбек Қонысбековтың аспаптық музыкалық шығармалары, танымал күйлері мен әндері, Әлекеңді құрмет тұтар замандастарының естелік-сырлары топтастырылып отыр. Жинақ мектептің ән-күй мамандарына, күйге әуес жоо-ның студент жастарына, жалпы көпшілік өнер сүйер қауымға арналған.

«ҰЗЫНҚҰЛАҚҚА»

ҮЙІРСЕК ЕТКЕН ҰСТАЗ

Қазақ журналистикасының теориясы дегенде алдымен ауызға ілігетіні – республикамыздың түкпір-түкпіріндегі күнбе-күнгі бұқаралық ақпарат құралдарының қазанында қайнап, ҚазМУ-дың туын жықпай, абыройын асқақтатып жүрген талай шәкірттердің ұстазы болған Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Марат Барманқұлов, Әбілфайыз Ыдырысов, Қабиджан Құсайынов, Сағымбай Қозыбаев, Дандай Ысқақов, Намазалы Омашев сияқты абзал ағалар еске

түседі. Солардың ішінде отыз жылға жуық уақытын табан аудармай, еліміздегі журналист мамандарын даярлайтын ұстахана – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің журналистика факультетіне сарп еткен, бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қызмет етіп, Журналистика мәселелерін зерттеу институтын басқарып отырған филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашевтың да алар орны ерек.

Өткен жолы Астанаға барғанымда ұстазыммен ұшыраса кеттім. Біраз әңгімелестік. Мынау сонда түскен сурет еді...

Әлі есте, келгеніне 3-4 жыл бола қоймаған жас маман Намазалы Омашұлы бізге радиожурналистикадан дәріс берді. Радионың адам үшін қаншалықты зор маңызының бар екенін, өзге бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда оның қандай да бір ерекшелігінің болатынын біз сол жолы ұққан едік. «Сіз көлік жүргізіп келе жатсыз делік, – деп бастайтын ол лекцияларының бірін қызықтыра. – Жаңалық білгіңіз келді. Хабар алу үшін ақпарат құралдарының бірін: не газетті, не телевизияны, не радионы таңдайсыз. Көлік рулінде отырған адамға, әрине, газет оқу қиын, телевизияны болса да қарай алмайсыз, алдыңыздағы жолдан назарыңыз ауып, апатты жағдай туғызуыңыз мүмкін, ыңғайлы құрал – радио. Қолыңыз рульде, көзіңіз алда, тек зейін қойып, құлақ түрсеңіз болғаны...». Қане, қызықпай көр! Сол жылы, жаңылыспасам, Омашевтың лекциялары әсер етті ме екен, әйтеуір, курстағы бірталай бала жазғы өндірістік тәжірибеге жолдаманы радиоға алдық. Талай рет өзі бас болып қазақ радиосына ертіп барды. Бірнеше апта Сауық Жақанова, Зәмзәгүл Шәріпова апаларымыздың, Ласкер Сейітов, Аманжол Еңсебаев ағаларымыздың есігін тоздырдық. Өз басым радиоға қызыққаным соншалық, өндірістік тәжірибемді үш мәрте сонда өтіппін. Қазақ радиосындағы ағаларым тіпті қызметке шақырды да. Әттең, 1986 жылғы Желтоқсан барлығымызды Алматыда қалдырмай, жан-жаққа шашыра-тып жіберді...

Намазалы ағаның тағы бір есте қаларлық қасиеті – 90-шы жылдары ол ҚазҰУ-де 10.01.10–журналистика мамандығы бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы болды. Жұмысқа қатал, әділ қарайтын. Аямайтын. Әбден сүзгіден өткізіп барып қорғауға жіберетін. Менің жұмысымды да

сөйтті. Жұмысым әбден дайын болғанша жетекшім Темкең, хатшысы Баукең (Жақыпов) үшеуі үш жақтан «қысып», қатты састырғаны бар. Есесіне жұмысымды сүзгіден өткізіп, әбден пісіріп алдым. 1999 жылғы желтоқсанның 30-ы болатын. Қыс қатаа, қар қалың. Дәл қорғауға шығар күні қатты тұмауратып қалдым. Ыстығым көтеріліп, мазамның қашып тұрғанын сезген Намазалы аға: «Қорықпа, іштегі ыстығыңды қазір сырттағы «ыстық» басады, мен жұмысыңды әбден қарап шыққам, бәрі сәтті болады! – деп жұбату айты. – Тек сен ұстаздарыңды ұятқа қалдырушы болма!». Содан тынысым ашылып, арқам кеңіп сала берді. Ерекше бір күш пайда болды. Залда Темірбек Қожакеев, Шерхан Мұртаза, Зейнолла Серікқалиұлы, Камал Смайылов, Әшірбек Сығай, Шеріаздан Елеукунов, Дандай Ысқақов, Ғарифолла Есім, Абдухамит Марқабаев сияқты кіл мықтылар отыр. Жанашыр, жаны жайсаң ағалар отырғанда, рухың көтеріліп, арқаң кеңіп сала береді екен! Төраға төрден «қысылма» дегендей басын изеп, кірпік қақты. Міне, бұл да ұлы ұстаздың қамқорлық танытқан ұлық ұлағаты болса керек.

Байқап жүрміз, келер жылы 70 жасқа толар ғалымның тұлғасы жылдан-жылға іріленіп, биіктеп бара жатқандай. Ол журналистика айдынында желкенін желпи ашып жүзіп келе жатқан алып кеме іспетті. Сол алып кеменің ескегін қолымызда мықтап ұстап, ұстаз аманатын адал арқалай алсақ, одан асқан бақыт жоқ дейміз біздер, артынан ерген көп шәкірттері...

САХНАГЕР СЕЙТМЕТОВ

Түркістан театры. Бұл менің жиі бас сұғатын киелі мекенім. Бір түрлі жылы, жаныма жақын, ыстық ұя. Әнебір жылдары мұнда, қойылым басталар алдында есік алдынан жылы жымыып Райымбек ағаның өзі қарсы алып тұратын. Көрермен де, біз де қаумалай жиыла қалатынбыз. Жеңіл әзіл-қалжынымен желпінте күлдіріп алатын да, білек тұсын жұмсақ түріп, «пәлі, әлі уақыт бар екен ғой» деп төбеге, екінші қабатқа бастайтын. Сыртынан байқаймыз, шалбарының қыры сынбаған, үсті мұнтаздай тап-таза, туфлиі дүкен сөресінен жаңа шыққандай жалтырап, тектіліктің төрелігін сездіріп тұратын.

Кішкене кабинеті қонақжай. Үстел үсті тәтті-құттыдан,

шайдан босаған емес. Хатшысы Света құйып берген шыныаяқ шайды жіңішке саусақтарымен көтере сораптай отырып, Әшағаңмен, Асанәлі ағалармен өткізген аяулы күндерін ерекше ықыласпен еске ала әңгіме тиегін ағытатын. «Оу, – дейтінмін сонда іштей, – өнердегі қос ағамыз да Түркістанға жиі келгіштеп жүр ғой, неге соншалықты жабырқап, сағына берер екен?». Қазір ойлап отырсам, Алматыдағы өнер ортасынан, ағаларынан алшақ, біртүрлі жалғызсырайды екен ғой... Қазір мен де, дәл солай, Райымбек ағаны сағына жалғызсырайтын сияқтымын...

Райымбек Сейтметтің осында, өзі туып-өскен мекенге келіп, тақыр жерден қалай театр ашқаны, оған лайықты әртістерді қалай әзірлегені, театр репертуарын қалай қалыптастырғаны туралы баспасөз бетінде талай жазылып, талай тақырыпқа өзек болғаны елдің есінде. Бұл жөнінде Шерхан Мұртазаның: «Алматының екі бірдей театрын басқарған Райымбектің Түркістанға кеткені бәрімізге жұмбақ болды. Сөйтсек, Райымбек, Юлий Цезарша «Қазақстанның театр әлеміне жаңа, өзгеше театр қосу үшін кетіпті» десе, Рахманқұл Бердібай: «Түркістан қаласында театрдың ашылуы Тұран жерінде имандылық пен қазақтың ұлтжандылығы, таза пейілі сақталғаны деп есептеймін», Хадиша Бөкееваның: «Райымбекжан, Түркістанда текке жүрмеген екенсің. Мынадай талантты балаларды тәрбиелепсің, тамаша театр құрыпсың» деп толғаған пікірлерінен асқан баға бола қоймас. Ол жайын қозғамай, қасында көбірек жүргендіктен, Рекеңдей аяулы азаматтың адами болмысын, қарапайым қасиеттерін көбірек айтсам ба деймін.

Әнебір жылдары, Кентау қаласы қиын кезеңдерді бастан кешкен жылдары, не жарық жоқ, не жылу жоқ, жалақы да уақтылы берілмейтін, Райымбек аға екеуміз Кентаудан Түркістанға күнделікті қатынап жұмыс істедік. Астында жасыл «Kia», жолдан мені мінгізіп алатын. Рөлді саусақ ұшымен жетелей отырып сырғитын, бірақ жылдамдықты 70-тен асырмайтын. «Бұл әңгіме айтуға ыңғайлы жылдамдық» деп жұбатып алатын, сәл сағатыма қарағыштай бастасам. Астымыздағы көлік те рөлде халық әртісінің отырғанын «сезе» ме, кедір-бұдырыңды елең қылмай, жұмсақ тербеле жылжитын. Сондағы көп айтаныны – өзі ашқан театр жайы. «Мұндағы репертуарды жергілікті халықтың ыңғайына лайықтамасаң

қабылдауы қиын, – дейтін сонда күрсіне. – Комедияға көбірек барып жүргенім де сол. Сөйтсе де, классика керек-ақ. Онсыз театр – театр емес. Дәл қазір Б.Вахапзадениң «Көк түріктерін», С.Балғабаевтың «Ең әдемі келіншегін» түрік тілінде сахналап жатырмыз. Мына шәкірттерімнің осындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде түрік тілінде білім алғаны – менің бақытым. Айдар Наурызбаев, Қанат Садықбеков, Мұрат Құрманбеков, Ержан Исатаев, Ержан Нұрымбетов, Гүлзада Айтбаева, Марат Оразметов, Мақсат Айтжанов, барлығы талантты балдар. Кексе әртістерден еш кемдігі жоқ. Егер сәтті шықса, гастрольдік сапармен Түркияға барып қайту ойда бар». Расында да, тәуелсіздігімізді алып, ел іргесі енді беки бастаған қиын-қыстау жылдары Рөкеңнің өзі бас болып Түркістандағы Ясауи университетінен «Өнер» факультетін ашып, жергілікті жастарды өнерге баулып, актерлік шеберліктің қыр-сырын үйретіп, өнердің қызу қайнаған ордасы Алматыдан алшақ жатқан Түркістанда театр мектебін қалыптастыруы үлкен ерлік болатын. Жылуы жоқ, жарығы көп сөнетін суық үйде тұрып өзінің қайсар мінезінің, еңбекқорлығының, өнерге деген адалдығының және табандылығының арқасында сахнагердің ақжолтай арманы орындалып, түркі дүниесінің тұмарындай Түркістан театры қалыптасты. Арманы орындалып, Түркияға барып қайтты. Анадолының Анкара, Сивас, Кайсери, Қырықкәле, Кония, Нидде, Маталия, Ерзум, Герсун, Анталия, Спарта сияқты ірі қалаларының театрқұмар көрермендерімен қатар Кипр жұрты да Райымбек театрына қошеметпен қол соқты. Сол жылдары баспасөзде жазылғанындай, театрдың Түркиядағы гастролі шын мәнінде қазақ өнері үшін үлкен сенсация болған еді. Елбасымыз Н.Назарбаев та 2001 жылы Түркістан театрында болып, аталған қойылымдарды тамашалап, «Райымбек Ноғайбайұлы негізін қалаған Түркістан театрының болашағы зор деп сенемін» деген бағасын берген болатын.

– Райымбек ағамен бірге Кентауда суық пәтерде тұрған сәттерім әлі естен кетпейді, – дейді шәкірттерінің бірі, бүгінде Райымбек ағаның өзі негізін қалаған Түркістан сазды-драма театрының директоры Ержан Исатаев. – Ол кісі театр, шәкірт тәрбиелеу жайын көбірек ойлайтын да, мен ас-суын әзірлеп, барлық жағдайын жасайтынмын. Сонда театр ашуға

бағытталған ниет жүректерге жылу беріп, пәтердегі суықты елемеуге себі тиегін.

Сөз жоқ, Ресейдегі сахна саңлақтары Л.Варпаховский мен А.Гончаровтың мектептерінен дәріс алған Райымбектей дара тұлғаның Түркістанға келуі, бұл жерден театр ашуы – ер Түріктің бесігінде тербеліп жатқан жастарымыздың бақыты. Егер біз көне Йасы жеріндегі университетті ұлы Тұран ұрпақтарының ортақ оқу орнына айналдыруды мақсат етсек, сол қасиетті өңірді театрсыз көзге елестету мүмкін емес еді.

– Базбіреулер сананы тұрмыс билеген мынадай қылат етпе кезеңде бізге ойын-сауық іздейтіндей театрдың қаншалықты қажеті бар деп талай айтты маған, – дейтін Райымбек аға өз сөзінде. – Ойлап қарашы, театр – жан-сезімнің жаңғырығы емес пе? Күнделікті күйбең тірліктен шаршап келгенде, қайда барып демалмақсыз? Кіммен сырласпақсыз? Жан дүниенің кіммен бөліспексіз? Айналаңыз базарға асығулы. Үйдегілер сізді түсіне бермейді. Сөз жоқ, театрға келесіз. Шер тарқатасыз. Жан дүниеніңге жалау болар жұбаныш іздейсіз. Яғни сол театр арқылы өзіңіздің де жұмыр басты пенде екеніңізді, қоғамға қажет екеніңізді сезінесіз.

Рас-ау! Қазір Түркістан театры тек қойылым көрсететін жер ғана емес, түркі тілдес елдердің халықаралық жиындары мен мерекелері өтетін рухани орталыққа, қасиетті Түркістан жеріне рухани жаңа леп ала келген мәдениет мәйегіне айналды.

Бар ниетімен Түркістан топырағына театр әкелуді мақсат еткен өнер тарланының заманға байланып қалмай, келешекке үмітпен қарауы соңынан ерген шәкірттеріне қайсар рух, замани шабыт берді. Әйтпесе, «әркімді заман сүйремек, заманды қай жан билемек» деп данышпан Абай айтқандай, заман адамға ырқын билетуші ме еді? Оңтайына оралса, адамды да, халықты да қамырша илемек. Жан-жағыңа ой көзімен байырқай қарап, адамдар жан дүниесіне үңіліп көрші. Не сездің? Халық рухы ұйқылы-ояу қалпына қайта түспеп пе? Рухы иленбеп пе? Ендеше сол сананы сілкінтер бір сәуле Түркістанда әлі де себезгілейді. Ол – Райымбек театры.

Сол жылдары жас жігіттей сұлу көрінетін Райымбектің маңдайынан шуақ төгіліп тұратын. Жағымпаздық пен тоғышарлықтан ада, дүниені сол жас қалпында қабылдайтын азаматтың шығармашылық әлемі де солай, жап-жас қалпында.

Талай өнер адамдарымен сұхбаттасуыма куә болған қуатты қалам мені Рекеңмен тез қауыштырып, лезде сырластырып жіберді. Әңгімелесудегі мәнер-машығы да, ой түйі де, таптау-рын тақырыптың өзін ширықтырып, тосын ойларға жетелеуі де оны жақындата түсті.

– Бала күнімде Йасауи күмбезінің маңында, ескі қорған-төбелерде көп ойнаушы едік. Сонда біз осынау ескерткіштің құпияға толы қабырғаларына таңдана да тамсана қарайтынбыз. Қазір қасиетті өнер туралы ойлансам, көз алдыма сол сұлулық ескерткіші – көк күмбез келеді. Мені өнерге, өмірге ғашық еткен сол болу керек. Толыса келе түйгенім: осындай дәрежеге жеткізген, өнеріме бақ берген, қайда жүрсем де желеп-жебеп жүрген ұлы бабамыз Қожа Ахметтің аруағы екен ғой. Мектеп бітірдім. Консерваторияда оқыдым. Қазақ өнерінің қара шаңырағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында актерліктің қыр-сырын меңгердім. Мәскеудегі жоғары режиссерлік курсты бітіріп шықтым. Ең алғашқы қойылымым башқұрт драматургі Азат Абдуллиннің «Ұмытпа мені, күнім» атты поэтикалық драма-сы болды. Содан кейінгі жылдары Әуезов театрында, жастар театрында, облыстық театрларда, студенттер сахналарында алпысқа жуық спектакльдерді қойыппын.

Райымбек үшін театрдың жаңа бір әсем де күрделі жан-ры – поэзия театрын құру да аз еңбек болған жоқ. Абайдың, Махамбеттің өлеңдеріне жасалған спектакльдер, жастарға арналып қойылған поэзия жанрындағы қойылымдар – М.Шахановтың «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», Қ.Мырза-Әлінің «Данышпаны», М.Мақатаевтың «Дариға жүрегі», Ф. Оңғарсынованың «Бақыт пен мұңы», Т.Бердияровтың «Оқ пен гүлі» – сол еңбектің жемісі.

Шәкірт демекші, бүгінде өнер өлкесінде өріс жайып жүрген әртістердің басым бөлігі осы Райымбек шәкірттері. Алғашқы кездері жаңадан ашылған оқу ордасының табалдырығын имене аттаған балаң шәкірттер қазір сахна машығының қыр-сырын меңгеріп, шеберліктерін ұштаған тәжірибелі актерлерге айналған.

– Көп жағдайда классика таңдаймыз деп, батысқа еліктегіш болып алғанымыз жасырын емес, – дейді тағы бірде Рекең. – Ал сол әлемдік шедеврлермен тең қоя алар тәлтумаларымыздың бар екенін естен шығарып жатамыз.

Олар ешбір классикаңыздан кем емес. Тек соларды жіліктеп-жіктеп берер оқу құралдары жоқ.

Қай халықтың классикалық шығармаларын сахналасақта, оған ұлттық бояу енгізіп отыру керек. Әрбір шығармадан қазақы мінез байқалып тұрсын. Ұлттық психологиялық процесс, характер көрініп жатсын. Райымбек пікірі осы.

– Өз ұлтының психологиясын меңгерген студент өзге ұлттікін тез қабылдай қояды, – дейтін Сейтметов. – Бәріміз де жылаймыз, бәріміз де күлеміз. Ал оны сахнада қалай жеткіземіз? Көрермен жүрегіне қалай жол табамыз? Ол – басқа әңгіме. Театрға өнерге құштар жастар көп келеді. Бірақ әрқайсысының бойында өзіне ғана тән құпия бір даралық жүреді. Оны ол байқай бермеуі де мүмкін. Тек сырттай лапылдап тұрған арзан өнеріне малданып, әлдебіреудің «сен әртіс боласың» деген қыздырма сөзіне еріп келе салатындары көп-ақ. Керісінше, ішкі жан дүниесін ақтара салмайтын, әйтсе де өнерге өлердей құштар жастар да кездеседі. Ондайлардан жетектеп, баулыса тәп-тәуір сахнагерлер шығады. Осыған қарап, біз өзімізді кейде адам жан дүниесіне үңілген психологтарға да теңейміз.

Райымбекті ұзақ тыңдайтынмын. Оны қиялшыл деп айта алмайсың. Сейтметов Түркістанда өнер ордасын ашамын деп Алматыдан ат арыта келгенде, жұрт бос қиял деп күлген. Қазір солар театр төрінде отырып, Райымбек шәкірттерінің өнеріне тамсана қол соғуда. Бар-жоғы 20 жылға жуық уақыт бедерінде көптеген классикалық шығармалар сахналанып, көрермен қошеметін алды. «Ең әдемі келіншек» түркі тіліне аударылып («Ең гөзал гелин»), қазақ пьесасы тұңғыш рет түркі тілінде қойылды. Осының барлығы бос қиял ма?

Райымбек ағаны марқұм Әшірбек Сығай өте жақсы көретін. Екеуі бас қоса қалса, күнұзақ әңгімелері таусылмайтын. Сондағы айтатындары – театр жайы, өнер мәселесі. Жуырда менің қолыма «Сарасөз» журналының редакторы Гүлжаз Қарыбек шәкіртімен Райымбек ағаның өз қолымен жазылған бір хат келіп түсті. Хат Әшірбек Сығайға бағышталып жазылған екен.

«Айналайын Әшірбек інім! – деп басталыпты хат. – Сәлемет пе? Өзің, ата-анаң, мектептес достарың, ұстаздарың аманшылықта ма? Сәлем айтарсың. Біріншіден, ғафу өтінемін, інішегім. Бірден жауап жазуға уақыт тапшылау бо-

лып, ішінәра бір кезекті съемка қолбайлау болып дегендей, ең бастысы, М.Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» деп аталатын трагедиясын сахнаға шығару тауқыметімен әуреленіп жатырмыз. Оны «жандандырып» жатқан талантты режиссер – Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетов. Оған театрымыздың бас артистері, бар артистері, өнер ардагерлері тегіс қатысады. С.Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ.Бадыров, Ы.Ноғайбаев, Ш.Мусин, М.Сүртібаев, С.Майқанова, Х.Бөкеева, Б.Римова, Ш.Жандарбекова сынды апа-ағаларымыз өнер толғайды. Осы жолы жастарға, яғни біздерге де зор үміт артылып отыр. Ф.Шәріпова, Н.Мышбаева, Р.Әуезбаева, Т.Тасыбекова, С.Оразбаевтармен бірге мен де бас рольдердің бірінде көрінбекпін. Ол – Әбіштің ролі. «Абай жолы» романын оқыған боларсың. Оқымасаң, тез оқып шық. Түсініп оқы. Түйсініп оқы. Сыдыртып шықпай, ойлана, мазмұнына ене оқы. Хатыңа қарағанда өзіңді зерек пе деп қалдым. Тоғаныстарыңды қағазға жақсы түсіріпсің. Өнерге деген көңіл (әсіресе, ауылдық жерлерде) пәлендей емес. Әйтсе де, мен де сол ауылдан шықтым. Менің әріптестерімнің көбі... Асанәлі де, Сәбит те, Матан да... тағы басқалар да... Тілің, түсінігің жақсы екен. Жазуға деген қабілетіңді де құптаймын. Оны тастама. Өнер мен әдебиет егіз. Мырғалымсай мектебінде (кейіннен Кентау) жүргенде мен де әдеби үйірмелерге белсене қатысқанмын. Өлең жазуға да, талаптанғанмын. Ол жас кезіңде міндетті түрде басыңнан өтуге тиіс жағдайлар. Ал, өнер табиғаты тегінде аса нәзік құбылыс. Ол еліктіргіш, еліттіргіш. Үстірттікті жақтырмайды. Өнерге оңай деп талаптанба, қиын деп талаптан. Құр сырттай құмартушылық алысқа апармайды. Әсіре қызыл, әлем-жәлем жеңілтек ойлармен өнер дүниесіне кірігу екіталай нәрсе. Өнер жайлы әдебиеттерге зер сал. Олар сирек, әрине. Дегенмен, газет-журналдарға шыққан өнер мақалаларын назарыңда ұста. Айтпақшы, Шымкент облыстық қазақ драма театры Кентау, Түркістан төңірегінде ойындар қойып, жиірек жүретін біздің кезімізде. Қазір қалай? Соны тамашалап, мүмкіндік болса, қойған спектакльдерін құр жібермеуге тырысқаның жөн. Онда да елге еңбектері сіңген Ж. Тұрсынов, Ж. Серікбаева, А. Абдуллина, Р. Байкенов, О. Жұмабеков, Ә.Ордабаев секілді өнер шеберлері баршылық. Біздің театрдың дәл қазір ол жаққа жолы түспей тұр.

Ал, енді өнер оқуы жайында. Біз, бір топ жастар, Құрманғазы атындағы консерваторияның театр бөлімін осыдан екі-үш жыл бұрын ғана бітіріп шықтық. Түгелдей, дерлік, Алматыдағы қазақ театрына қызметке қалдық. Сол актерлік бөлімінің бірінші түлектері болғанымызды мақтаныш етеміз, әрине. Енді ол оқу орны жыл сайын талантты жастарды тұрақты түрде оқуға қабылдап тұрмақ. Егер сахна өнерін шын сүйсең, сонда түсіп, оқып қалуға ұмтыл. Түсу шарттары мынадай: 1. Қара сөз оқу (проза). Мәнерлеп, мазмұнды түрде, артистік қабілетпен, әрине. Оны кезінде көрерміз, даярлық үстінде әлі-ақ түсініп аларсың; 2. Өлең сөз оқу. (поэзия). Тақпақтамай, тарсыдатпай, ойыңды ұғынықты мақамда жеткізу; 3. Әзіл-сықақ (күлдіргі оқиға). Жеңіл түрде, юморлық көңіл-күйде дегендей... Сосын, дүниетанымыңды байыта түс. Айналаңда болып жатқан түрлі жағдайларға деген өз көзқарасыңды пысықтағайсың. Орта мектепті бітіруіңе әлі екі-үш жыл бар екен. Түбі – жолығармыз. Өйткені, Кентаудың орталығында соғыс ардагері Мәрайым деген туған ағам тұрады. Шахтер, Шешем сол кісінің қолында. Биылғы жазғы демалыста екі-үш күнге Кентауға соғып, анамның, ағамның халдерін біліп кеттім. Енді, бұйыртса, келесі жазда жол түсер. Сол кезде кездесуіміз әбден мүмкін. Әзірге осы бар айтарым, інім Әшірбек. Алғашқы таныстығымыз (хат арқылы болса-дағы) сәтті болды-ау деп ойлаймын. Менің өзім де тәжірибе арттыру жағынан жастаумын. Сонда да болса, меселіңді қайтармау үшін осы жауапты жазып отырмын. Кездескен сәттегі әңгіме бұдан да кеңірек һәм тереңірек болары сөзсіз.

Өнерге деген әуестігің күшейе түссін деген ізгі тілекпен – Алматы академиялық қазақ драма театрының артисі, жерлес ағаң Райымбек Сейтметов.

11 қараша, 1962 жыл».

Кейін Әшірбек Сығай да өз кітаптарының бірінде «Иә, ағам Райымбек Ноғайбайұлы Сейтметов жазған алғашқы хат менің тағдырыма үлкен өзгерістер әкелген еді. Болашағымды айқындап, тағдырымды таңдап алуға даңғыл жол ашқан еді» деп жазды.

Райымбек Сейтметовтің өнердегі жолы өнеге-бітімімен баршаға аян. Бүгінде өнер тарланбозы өнерқұмар жастарға үлгі болар алып бәйтерекке айналды. Ішкі мәдениеті мен кәсіби даярлығы қатар жетілген сахна шеберінің көзі тірісінде

жеткен асуы бүгінгі ұрпаққа талғампаз пайыммен көрінері ақиқат. Басқасын айтпағанның өзінде, бұған оның өмірі мен өнері үлкен тәрбиелік мектеп бола алатыны даусыз. Қашанда ұстамды, сырбаз, сыпайы, дүниетанымға жүйрік, оқығаны мен тоқығаны мол, көңілі келіп, сөйлеп кетсе, білетіні көл-көсір Райымбек Сейтметов бейнесі менің жадымда, міне, осылай сақталып қалған еді...

13 ҒАСЫР ЖАСАҒАН ТҰТ АҒАШЫ

«Бір ағаш кессең, он ағаш ек» дейді дана халқымыз. Шөліркеп, ыстықтағанда сая табар сауапты рахатты осы ағаш көлеңкесінен табасың. Шалқалай жатып, бір мызғып алсаң, бойыңа әл-қуат жинап, әп-әжептеуір-ақ демалып қаласың. Өкінішке орай, кей қандас ауласына тал-дарақ жуытпайды. Газон төсеп, аяқ жолына тас тізбелеп, шырша шаншып, горшок гүлімен әрлеп-сәндеп, «жасанды» тыныштың іздейді. Ал, бабын тапсаң, ағаш та адам сияқты ұзақ жасайды. Мына суреттегі бүршік атып тұрғанына 1300 жыл болған тұт ағашының мекені - Түркістаннан 28 шақырым қашықтықтағы кәдуілгі «Тайқазан» құйылған Қарнақ ауылында. Оны осыдан 13 ғасыр бұрын исламды уағыздаушы діндар Имам Бақли екен. Он адам құшақ жайып енін эзер бойлайтын қарт дарақ, өзегін шірік кеулесе де, әлі күнге дейін айналасына жұпарын шашып, жеміс беріп тұр. Әрқайсысымыз ауламыздан тыс, есік алдына тым болмағанда бір шыбықтан шаншысақ, азғана жылда абат мекенге айналарымыз сөзсіз

БҮГІНГІНІҢ ЖАРАМАЗАНЫ

Бала кезіміз. Жаздың айлы кештерінің бірінде үй сыртынан бір топ ересек бала «Айтамыз жарамазан жар басынан, Пайғамбар қауын артқан арбасынан» деп әндете жөнелетін. Сол-ақ екен, көзі көрмейтін марқұм Қали әжеміз үй ішіндегі балалардың у-шуын тыйып тастап, әлгі ауыл балаларының мазмұнды, қайталанбайтын әуезді шумақтарына құлақ түретін. Біраздан соң таяғына сүйене барған әжем жастарға ризашылығын білдіріп, кимешегінің ұшынан бір уыс кәмпит ұстататын.

Ес білгенде өмір толқынына ілесе қалаға келген біз сол бала күнгі жарамазанды аңсайтын болдық. Әрине, қазір де

балалар топ-топ болып жарамазан айтады, бірақ бұрынғыдай емес. Пиғылдары басқа – ертеңгі балмұздаққа, кола-спрайтқа ақша табу. Ілгергі жарамазанның шумақтары мазмұнды, айтушылар ұлттық киіммен, ұлт аспаптарымен топтаса жүретін. Осындайда Сүйінбай үйінің тұсына келіп жарамазан айтқан, сол арқылы ұлы ұстазбен қауышқан Жамбыл ақын оралады ойға. Негізі жарамазан ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырларының алтын қорын құрайтын шешендігімен, көсемдігіментанылғанжыршумақтарығой. Діниәдебиеттерде бұл жыр жолдары Рамазан айында имандылықты уағыздай жүріп, Мұхаммедтің үмбеттерін жігерлендіру, көңілін көтеру ниетінен туған десіп жатады. Көне көздер жарамазанның Рамазан айының соңғы он күнінде, ауыз ашылып болған соң ғана айтыла бастауы тиіс екендігін, онда да жасы 12-ден асқан ер балалардың ғана айтуы жөн болып табылатынын, бір айтылған үйге екінші қайталап айту әбестік болатынын ескертіп жатады. Қазіргі балалардың жаман үйреніп алғаны соншалық, қолдарына теңге ұстатқан ауқатты үйдің дарбазасын күнде қағып тұрудан арланбайды. Ал бұл жарамазанға деген сенімсіздіктің тууына себепші болады.

Қазір де бала күнгідей елеңдеп үй сыртына құлақ түретініміз рас. Екі шумақ жаттап алған екі бала дарбазанды жын қаққандай қаққылап, «не берсең де ақша бер (!), басқа нәрсе алмаймын!» деп, қашан қолына тиын-тебеніңді ұстатқанша тықақтап тұрып алады. Тәтті-құтты ала шықсаң, бұртиыр өкпелей қалатындары бар. Демек, бұл балалардың ниеті басқа. Пойызда вагон аралап, қалың базар жағалап, той қуалап жарамазан айтушылар да кезігеді. Олардың да діттегені ақша. Кафе-ресторанда отырғандарға стол басына арланбай барып, алақан жайып, «жарамазан айтатын» балалардың да саны көбейген. Үлкендер жағы ауызашарда жастарға мұның дұрыс емес екендігін үлгі етіп айтып отырмағаннан кейін бүгінгі жарамазанның мәні де, сәні де өзгерген.

Рас, пәтер есігі түгілі сыртқы қорасына дейін құлып сап тастап, қарулы күзетпен ауласына жан жолатпайтын супер-көршілер де бар. Ондайлар, еркіне салсаң, жарамазаншыларды қауіпсіздік саласы қызметкерлерін шақыртып, қуып шығудан да тайынбайды.

Әйтсе де, мен тура бала күнімдегідей жарамазан қашан айтылар екен деп әр кеш сайын үй сыртына құлақ түруден

жалыққан емеспін. Әзірге екі шумақтың басын құрап айта алмайтын, не мақсатпен жарамазан айтып тұрғанын түсінбейтін, ақшадан басқа ойлайтыны жоқ алақан жайған ойын балаларынан басқа ешкімді де көре алмай жүрмін...

ХИРУРГТЫҢ ХОББИ

Бір жылдары курстас досым Құлтөлеу Мұқаш жазушылардың суретшілік хоббиі туралы «Қазақ әдебиетінде» сериялы мақалалар басушы еді. Іздеп жүріп, қызыға оқитынмын. Кентау қаласындағы «Уролоия орталығына» барғанымда Құлтөлеудің сол жазбалары еріксіз есіме түсті. Себебі, осындағы жоғары категориялы уролог-дәрігер Нұрмахамат Жахаев адамның ойына келе бермес хоббимен айналысады екен.

Жастайынан әсемдікке құмар болып өскен шипагер жүріп-тұрған жерінен міндетті түрде темекі тұтататын оттық (зажигалка), кілттұтқа (брелок), тоңазытқышқа жапсыратын естелік магнит сатып алып, коллекциялаумен айналысады. Қазірдің өзінде жеке коллекциясында мыңға тарта әлгіндей сый-кәделер жинақталып қалған.

– Хобби адамға сүйікті ісімен айналысып, тынығуына, жалғыз қалғанда ой құшағына беріліп, ләззат алуына әсер етеді, – дейді бұл турасында Нұрмахамат Анарбайұлы. – Жабырқаған көңіл көтеріледі, шаршағаның басылады. Жақсы ермек – жақсы кәсіп, бос уақытың мағыналы өтеді.

Айтса айтқандай-ақ, ерекше ермек Нұрекеңе түгесілмейтін қиял, таусылмайтын шабыт беріп тұрғандай. Кішкентай кабинетінің төрт қабырғасын жапқан айналы шкаф әлгіндей «ермек-экспонаттарға» толып тұр. Әуендете тұтанатын оттық дейсіз бе, адамның алақанындай кілттұтқа дейсіз бе, түнде сәуле шашатын магнит дейсіз бе, әйтеуір, қызылды-жасылды бір әлем, көзіңді ала алмайсың.

– Шет елге көп шықтым. Жүрген жерімде осы заттарды алмасам, бір түрлі көңілім құлазып, әлдене жетіспегендей беймаза күй кешемін. Сосын жарты күн уақытымды сый-кәде дүкендерін аралауға арнаймын. Кейбірін, тіпті, үш күн іздеп, әзер тапқан кездерім де болды. Әйтеуір, бос қайтқан кезім болған емес.

Нұрекеңнің тағы бір ермегі – түрлі сорттағы шай-сусын, кофелерді коллекциялайтындығы. Итальян кофесі,

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

француз кофесі, бразил кофесі, не жоқ дерсіз! Құтының қақпағын ашсаң, иісі аңқиды!

Бұл жолы дәрігер бізге малай кофесін әзірледі. Жұмсақ, дәмі тіл үйіреді.

– Мынау пастерленіп ұнтақталған сүт – үндінікі. Кофеге ерекше дәм береді. Ал, мынау баяғы көк қант, кофені ұрттағанда тамаққа салмақ түспейді әрі өңешті қырнамайды.

Нұрекең кофені демдей жүріп нұсқаулықтарын айтып үлгеріп-ақ жатыр. Оны тыңдар ес бар ма, тәбетіміз ашылып, қайта-қайта кофе қайнатқышқа қарағыштап, дегбіріміз қалмай барады. Күткенде әр секундтың қымбатқа айналатын әдеті емес пе, жұтынып-ақ отырмыз...

Төр жақтағы үлкен аквариумда жылытырқанат балықтар жүзіп жүр. Біз көрмеген теңіз жәндіктері. Жантайып жатқан ана біреулерін «мусорщик» дейді екен. Шым-шымдап шашқан жемді өзге балықтар таласа-тармаса жеп тауысқан соң, әлгі «мусорщиктер» қалған-құтқанын сарқа жұтып, қалдық қалдырмай жалап-жұқтап, суды мөлдіретіп тазалап қоятын көрінеді.

Қысқасы, кофе сораптай отырып, Нұрекеңнің кабинетінен ерекше дизайнмен әрленген шарап, коньяк, виски коллекцияларын да, қазақы шай жабдықтарын да, ұлы тұлғалар бейнеленген кілемшелерді де, ең бастысы, түсқағаз орнын жапқан бес жүзге тарта фотосурет галереясын да тамашалап үлгердік.

Міне, осылайша ата-бабаларымыз кезінде «еріккеннің ермегі» деп санаған Нұрекеңнің хоббиі бізге ерекше көңіл-күй сыйлады...

АРУАҚҚА СӘЛЕМ САЛУ ДҰРЫС ПА?

Ежелден аманаттап жеткен дәстүрлеріміздің бірі - бета-шар. Жылдар бедерінде ол заманына қарай түрлі өзгерістерге ұшырады. Келін бетін экспансиялап эстрадамен ашуға да, келін сәлемін саудаға салғандай ортаға жылтырата банкі қойып, ақша жиып алуға да етіміз үйренді. Қош, айтпағымыз бұл емес еді.

Сәлем кімге салынады? Көз алдыңдағы тірі адамға салынады. Абстрактілі, жоқ нәрсеге «ассалаумағаликум» деп қолыңды созсаң, «мынау жынданған ба?» деп жұрт күледі. Сол сияқты беташарда да аруаққа деп келінге ауаға сәлем сал-

дыру біртүрлі ерсі көрінетін сияқты.

Осындай алқалы жиында аруақты еске алған, оларды келіннің есіне салған дұрыс та шығар, бірақ жаннаттан жайлы жай тапқан асылдарымызға мұнан гөрі, мәселен, беташар алдында келіннің алақанын жайып қойып, бір дұға бағыштап жіберіп барып, беташарды бастаса, анағұрлым имандылау көрінбес пе еді. Беташардың мақсаты - келінге алдағы кезде сәлем салып жүрер көзі тірі қайын жұртын таныстыруда емес пе? Сосын күйеуінен кіші қайны-қайын сіңлілеріне келін жеңге болып келеді, сондықтан оларға былайғы өмірде келін сәлем салмайды. Беташарда бесікте жатқан балаға дейін тек таныстыра салмай, «одноразовый» сәлем салдыру мен аймақ-аймақтағы ру-руды түгендеп сәлем салдыруды да әйтеуір ақша жиып алудың бір тәсілі деп ұқтық...

ҚАЖЫЛЫҚ - АТАҚ ПА?

Абай да айтқыш-ау! Сегізінші қара сөзінде дүниенің жарымы басында тұрған байлар туралы сөз ете келіп: «Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім - ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны - бәрі мал», - дейді.

Діни сауатымды керемет деп айта алмаспын, бірақ бір мәселені оншалықты ұқпай жүрмін. Мұсылманның бес парызы бар екені баршаға аян: Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Пайғамбардың Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, ораза тұту, қажылық қылу. Жөн-ақ. Осының қайсысы қайсысынан мәртебелі, қайсысы құрметтірек, қайсысы алда тұруы тиіс? Әлде, барлығының мәртебесі бір ме? Ешбір молда тап басып айта алмайды.

Алайда, көпшілік бас қосқан жиында қажылық парызын өтеп қайтқан мейман (қажылықтары қабыл болсын!) кешігіп кірсе, жұрт өре түрегеліп, күнделікті бес уақыт намазын қаза қылмай, Аллаға құлшылық етіп жүрген пендені, не болмаса, жарлы-жақыбайға жыл сайын зекет беріп, қайырымдылық ісімен танылып қалған «Атымтай Жомартты», болмаса ауыл молдасын төрдегі орнынан тұрғызып жіберіп, әлгіні - кешіккен қажыны, жасының көп төмендігіне қарамастан, «Қажеке! Қажеке!» деп кеу-кеулеп, соның орнына апарып

төрге отырғызады. Газеттерден де байқап жүрмін, мақала соңында аты-жөнін жазғанда атақ-абыройын «қажы» деп ныспылайды. «Зекет беруші», «Ораза тұтушы» дегенді кездестірген емеспін.

Сонда деймін де, қажылық - атақ па, құрмет пе, жоқ әлде, төрге оздырар мәртебе ме? Шарифат кітаптарында: «Бас бостандығы бар, балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс, дені-басы сау адамға қажылыққа бару парыз» деп қана қойған...

Бұл жай ғана білгіміз келген нәрсе, пікір жазғыштардан біреуді қаралаған ғадауат ой-түйіндерін жазбауларын өтінеміз. Сіздерге Алла разы болсын!

ӘШІРБЕК СЫҒАЙДЫ АҢСАУ

Әшірбек Сығай! Қара сөздің хас шебері, сөйлесе қызыл тілдің шешені. Бұл өңірде оны білмейтін адам кемде-кем. Хантағының тумасы, халықтың еркесі. Жанын жаннатқа беріп, мына қым-қуыт тіршіліктен демалып, дамылдап жатқанына да биыл үшінші жыл. Ел сағынады, аңсайды. Жымия күліп, нұрлы жүзімен айналасына шуақ шашар келісті келбетін, әзіл-қалжыңға, жеңіл оспаққа тояттатқан тәтті кездерін іздейсің. Отырған жері ду-думан, шалқыған көңіл, бір өзі – бір театр дерсің. Кім-кімді де бет-жүзіне қарамай шырпып өтетін, айтар ойы айқын шынның жүзінен де қаймықпайтын нағыз талант иесі-тін. Қазір шындықты шырқырата айтар адамдар да қалмай барады. Өңкей жылмаң қаққан жарамсақ жалпақшешейлер. Әшағаң еске түскенде, шегендей жеткізген парасатты ойларын санаңнан жүгірткенде, осыны бір ойлайсың.

Ілгеріде Кентаудың талғампаз жұрты сөз өнерінің сары баласына – Әшірбек сыншыға жерлес ретінде сыйластықпен ғана қарайтын, қазір оны көкіректері қарс айырыла, көздерінен аққан жасты жиі сүртіп, қатты қамыға еске алатын болған. Бүгінде кең байтақ өлкеміздің әр тұсында Әшағаңды еске алған сағыныш кештері өтіп жатыр. Естелік кітаптар шығарылып, фильмдер де түсірілуде. Биылғы Астанадағы «Театр фестивалі» де Әшірбек Сығайдың атымен өтті. Осылайша өзге жұрт сара сыншының ерен еңбегін, елге тигізген шарапатын бийкке көтеруге тырысып-ақ жатыр. Сығайдың есімі естіле қалса, «жерлесіміз ғой» деп иіп, теледидардан

шыға келгенде, «бұл жолы не дер екен, енді кімді сойып салар екен?» деп айыздары қанып отыратын кентаулықтар, енді асыл бейнесі әлі арамызда екен ғой, рухы өлмейді екен ғой деп шүкіршілік етуде.

Әшағаңның қасында көп жүрдім. Бірде байсалды кейіпке еніп, театр өнерінің тынысы жайлы ағыла сөйлеп, таланттар турасында тартымды ой қозғап жатса, енді бірде еркелеп, балаң күйге түсіп, өзіне ғана жарасымды әзіл-қалжыңға ерік беріп жататын. Онымен таңды таңға ұрып қанша әңгімелессең де жалықпайтынсың. Әңгімені әдемі айтады, образдап жеткізеді, тура оқиға ішінде жүргендей күйге енесің. Ауық-ауық үлкен демей, кіші демей желпінтіп, қағытып қоятын әзілдері де бар.

Өз басым дәл Әшекеңдей шешен адам көрген емеспін. Сахнада тұрып байсалды кейіпте байыппен әңгіме айта бастағанда зал сілтідей ұйып тыңдай қалатын. Білгірдің аты білгір. Ылдидан салса төске озған, ертеден шапса кешке озған жүйрігіміз қамшы салдырмайтын, желмаяша желдей есіп қоя беретін. Мың кісіні ауызына қарата бипаз сөйлейтін Райымбек Сейтметтің өзі Әшағаңның шешендігін мойындағанын өз көзіммен талай көргем.

Жүрегінің бір жартысын туған елі – Хантағыға, өскен жері – Кентауға арнаушы еді Әшағам. Жолы түсіп осы өңірге сапарлай келсе, ескі жұртқа соқпай кетпейтін. Байқап жүрміз, Әшірбек Сығай тұлағасы ол кеткеннен кейін күннен-күнге іріленіп бара жатқан сияқты.

Күні кеше Үкімет қаулысымен Түркістан сазды-драма театрына Райымбек Сейтметтің есімі берілді. Ел болып қуандық. Осылайша сахна тарланбозының аты өзі ашқан өнер ошағының кіре берісіне тасқа қашап жазылды.

Ендігі кезек – Әшағаңда!

Райымбек Сейтмет Алматыда жүріп 1962 жылы оқушы бала Әшірбекке: «Айналайын, Әшірбек інім! Дүниетанымыңды байыта түс. Айналаңда болып жатқан түрлі жағдайларға деген өз көзқарасыңды пысықтағайсың. Орта мектепті бітіруіңе әлі екі-үш жыл бар екен. Түбі – жолығармыз!» деп ыстық ілтипатын хат жазған екен. Жолықты. Екеуі де қатарласа жүріп, ел ілтипатына бөлінді. Енді екеуін де қосарлай ұлықтау – біздің міндетіміз болмақ.

Хантағыдағы мектеп әлі Пушкин атында. Бауырмал

халық – орыс ақынының аруағы бізге разы шығар. Алпыс жыл бойы білім ошағының атын иеленіп, ұрпақ аманатын абыроймен арқалады. Дүние – алма-кезек. Елу жылда – ел жаңа. Ендігі иелік – сол өңірдің тумасы Әшағаңның еншісіне тиесілі сияқты.

Кезінде бұл мектеп өнерлі ұжым ретінде авторлық бағдарламамен бүкіл республикаға танылды. Мұнда қазір Әшірбек Сығай атындағы арнаулы сынып бар. Ендігі тұста мектеп маңдайшасында «Әшірбек Сығай атындағы орта мектеп» деп жарқырай жазылып тұрса, хантағылықтар да, кентаулықтар да, жалпы театр өнерінің талғампаз жұрты да разы болар еді. Бұған ұлы Абай арқылы қазақ даласына есік ашқан Пушкин де ренжи қоймас деген ойдамын.

«ӨНЕРТАПҚЫШ» КӨМІРШІЛЕР

Қыс жақындады. Қалай, қамданып жатырсыздар ма? Көмір мәселесі не болып жатыр? Баяғы Қарағанды, Шұбаркүл көмірі шығар алатындарыңыз. Біздің көмір басқа. Неге десеңіз, Түркістандағы көмір жеткізушілер шетінен «өнертапқыш», Қыс хабары қылаң берісімен-ақ жандарынан көмір нарқын шығарып, әлемде жоқ бағаны «шарықтата» қояды. Не болмаса, қалаға көмір келісімен былтырғыдан қалып қойған ескі көмір топанын түбіндегі тас-топырағымен араластырып, қара алтынның әлемде жоқ жаңа түрін шығара салады. Тіпті, біздің көмірді пешке саларда сумен қарып әуре болудың қажеті жоқ. Көмір жеткізушілер оны да қамдастырып қойған. Әлгі топыраққа араласқан көмірдің үстіне шылқылдата су сеуіп, жалтыратып-ақ жатқаны. Көмір тасымалдаушы жеке көлік иелерінің «ұяты» бар екен қайта. Топырақ араласып, су себілген қара алтынның салмағын азайтқысы келе ме, әйтеуір, 5 тонна деп әкелген көмірі үйге жеткенше 4 тоннадан сәл ғана асық болып шығады. 300 метр жерге жол пұлы деп 3 мың теңгесін алуды да ұмытпайды. Әлі көмір алып үлгермесеңіздер бізге келіңіздер. Әдемілеп артып береміз

ТОЙ «КРЕДИТІ»

Қазекемнің сыйластығы той деңгейінде қалып қойған жоқ па екен деген күмәнді ой келеді кейде. Ағайындас, аралас

адамдардың бір-біріне: «Тойыңа шақырмадың», «тойыңда сөз бермедің» дегендей өкпе-наздарын естіп қаламыз. Ілгеріде көңіл шіркін бір асым насыбайдан қалушы еді, қазір бір жапырақ той қағазынан қалып жүр. Өмірде тойдан өзге айырбастауға келмес достық, туыстық сыйластықтар бар емес пе? Әлде, мұның барлығынан үш сағаттық тойдың бәсінің биік болғаны ма? Қайран, қазақ, түбімізге бір-біріне кредит бергендей «тойанамен» алдаусыратқан той-томалақ жетіп жүрмесін деңіз!

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІНІҢ ТҮРКІСТАНДЫҚ НҮСҚАСЫ

Автоинспекторлардың тек трассаны аңди беретіні несі екен? Нағыз «тәртіпсіз» жүргізушілер қала ішінде жүр. Мәселен, Түркістанда қос жолақты басып қарсы бетке өту, жасыл жанбай сарыға қозғалу, көше қиылысындағы жаяу жүргіншіге арналған «зебра» жолақты тұтасымен баса тұрып бағдаршамның «командасын» күту, негізгі жолмен келе жатқан жаяу жүргіншіні өткізбей бұрылыс жасай салу, көліктің бұрылыс жасау шамын бұрылып жүрер кезде ғана жағу, сұқ саусығын шошайтып алдыңнан көлденеңдеп шыға салу күнделікті жол жүру тәртібіне айналған. Автоинспекторлар осыларды қадағалаудың орнына қала сыртындағы айналма жолда арлы-берлі жүйткіп әуре. Кейде сырттан келген меймандарыңнан ұяласың.

«Сіздерде машиналар жасылға тоқтап, қызылға жүреді екен, бәрі сұқ саусағын шошайтып, жасыл жол жасап алады екен» деп әзілдейді.

«МЫСЫҚ-ТЫШҚАН» ВОКЗАЛЫ

Вокзал қайсыбір қаланың да паспорты. Келген қонақ алдымен вокзалға түсіп, қайтқан қонақ вокзал арқылы жол жүреді. Күндіз білінбес, Түркістан вокзалының іші көптен бері түнде қаракөлеңке. Тіпті, қабырғаға үлкен етіп ілінген паннодан пойыздың жүрер кестесін фонармен қарамасаң көру қиын. Сәулеттік шешімі тәп-тәуір-ақ, тек қараңғылығы болмаса. Тойханаларды жарқыратқан шамдардың бірі осында ілінсе ғой деп армандайсың кейде.

ҚАЙРАН, ТЕКЕМЕТ...

Бала кезімізде күнұзақ далада асыр сала ойнайтынбыз да, кешқұрым ит сілікпеміз шығып үйге келген соң, бір кесе айранды басымызға аудара қотарып алатынбыз да, текеметке аунай кететінбіз. Содан, таң атқанша тұяқ серіппей рахаттана ұзақ ұйықтайтынбыз. Астымыздан сыз өтпейтін. Қазір қалы кілем төсеп, қалың көрпеше салып жатсаң да, таңертең бөліңді ала алмай, бүктетіліп, біразға дейін бей-жай күйде жүресің...

Атадан – балаға мирас осы бір қайталанбас өнер туындысын қазір қала түгілі жүн-жұрқасы шашылып жатқан ауылдан да кездестіре алмайтын болдық. Қой қырқымы кезіндегі азын-аулақ жүнді ауыл қазағы болмашы ақшаға құрмышының қолына ұстатып жүр. Ал саудагер тең-тең жүнді шетел асырып жатыр. Елде киіз басатын кемпір, жүн сабайтын келін қалмаған. Барлығының арманы – базарда қалыдай қаланып тұрған көзалдар қымбат кілемдер. Алда-жалда әжеден қалған текеметті көрсе, «шаң тартады, қыл-қыбыры көп» деген желеумен құтылғанша асығады.

Кезінде оң босағада отырған қыз ұзатылып кеткен соң бір жылдан кейін төркініне текемет басып жіберетін дәстүр болған. Оны алған ата-анасы, туған-туыс, бауыры жат жұрттағы қызының жайын бірден білетін. Өйткені қыз өз сағынышын сол ою-өрнекке кестелейтін. Өкінішке орай, бүгінде біз ою-өрнектің тілін түсінетін қасиеттен айырылып, текемет, сырмақ, алаша атаулыны шетел асырып, өзіміз арзанқол паласта аунап жатырмыз.

Қазақ ешқашан киізді сату мақсатында баспаған. Текемет басу жаңа түскен келіндер үшін үлкен мейрам-тын. Ауылдың қыз-келіншектері киіз басылатын үйге жиналып, бір жағынан жұмыс істеп, бір жағынан бір-бірімен сырласып, мұңдасып, шер тарқасып қайтатын. Бұл абысын мен ажын арасындағы татулықты жақындастыратын. Киізді жоғалту арқылы біз қолөнерімізден де, әдет-ғұрпымыздан да айырылып барамыз ба деп қорқамын. Ал архаикалық дүние деп мұрын шүйіре қараған текеметімізді шетелдіктер жанталаса сатып алып жатыр.

Әзірге шетелдіктер үшін таңсық әлемдегі ең бай қолөнер туындысы - қазақ текеметі бізде шаң басып босағадағы иттің астында жатыр...

ӘЙЕЛДІҢ ШАШЫ ҚЫСҚА, АҚЫЛЫ ҰЗЫН

Баяғыда аналарымыз қарындас-әпкелеріміз шашын жайса, «Тек! Шашыңды жайып сайтан болдың ба?» деп ұрсушы еді. Ал, әжелеріміз «Әйел заты күйеуі қайтқанда немесе жынданғанда ғана шашын жаяды» деп айтып отыратын. Содан ба, біз құралпылас замандас құрбыларымыз шаштарын жаймай, жып-жинақы түйіп немесе өріп жүретін. Жайған күнде де резеңкемен белінен бір буып желкесін көрсетпей артына тастайтын. Қазіргі қыздар шаштарын жинамақ түгілі, екі шекесінен құлақтарының алдынан төгіп, омырауларына қобырата тастайтын бір әдет тапты. Желкелері ашық, әлгі бет-көздерін жасырған шаштарының не құлақшын бауы не тазының құлағы екенін ажырата алмай дал боласың. Шаштарын еркекшелеп қысқарта қиып, онысын сары түске бояп, мода қуған кексе әйелдер де көбейіп келеді. Бұл не? Әлде Мөңке айтқан «Кебір жерге теңеледі, әйел ерге теңеледінің» кебі келді ме екен?..

БАТА ОРНЫНА - ТІЛЕК

Жамбасы креслодан енді босаған қазіргі «көсе қариялар» бата мен тілекті ажырата алмайтын сияқты. Бата бере қойыңыз деп алақаныңды жайып микрофон ұстата қойсаң, жаттанды тілегін айтып бір сағат тұрып алады. Не бет сипарыңды, не тілек тыңдарыңды білмей дал боласың. «Бата бермейсіз бе енді?» деп ескерте қойсаң, батасы да бірінші кластың тақпағындай бірдеңе болып шығады. «Мен пәлен жерді пәлен жыл басқардым» деп шірене бергенше, бір-екі ауыз бата жаттап алса нетті сол мақтанқұмар қарынбайлар..

КИТ ОРНЫНА – ДОМБЫРА

Бізде, оңтүстікте, құдалықтан соң келген құдаларға кит кигізу дәстүрі бар. Жаңа жегжат елдеріне не ілуге, не киюге жарамсыз тең-тең қытай көйлек-көншектерін арқалап қайтатын.

Кентаулық ісмер дос-бауырым Тәуірбек Дүйсенбиев ұлының құдалығында осы қасаң қағиданы бұзып, келген әрбір құда-құдағиға кит орнына бір-бір домбырадан тарту

етті. Әдепкіде арзанқол мата алып үйренген құдалар шамданып қалмас па екен деп ойлағанбыз. Жоқ, жүздерінен разы болғандықтары байқалды. Қысық көздердің жабайы бизнесін байыта бергенше, Тәуірбек сияқты кит қоюдың осындай бір дәстүрін енгізсек қайтеді? Мәселен, мата орнына «Дәстүр» төрт томдығын, «Абай жолы» қос томдығын, «Қазақстан» энциклопедиясын сыйға тартсақ қандай жарасымды...

ӨНЕРПАЗ ӘЙЕЛДЕР-АЙ

Бір кезде әйел атаулы, «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» дегенге наразылық танытты ма, әйтеуір ұзын бұрымдарын шолтита қырқып, қысқа шаш жаппай сәнге айналған еді. Қазір, қуанарлығы, ұзын шаш қайта сәнге еніп келеді.

Енді қылтық атаулыға жаны қас әйел біткен тағы бір «өнер» тауыпты. Тәңір жаратқан қастарын бұрынғыдай біртіндеп теруді қойып, оны кәдуілгі сақал қырғандай ұстарамен сыпырып тастап, лезвиенің қырнауынан қалған жылыр тұқылдың үстінен қаламмен «қас» бояп алатынды шығарды. Әйтеуір, шаш сыпырылып, шаш орнына сурет кекілі салынбағанына қуанып жүрміз... Әй, өнерпаз әйелдер-ай...

БІРТҮРЛІ ҰЯЛЫП ТҰРМЫН...

Өте ұялшақ халықпыз ба деп ойлаймын. Ұят болмасын деп, қарызданып-қауғалансақ та, ай сайын төлеуге жағдайымыздың келмейтінін біле тұра несие алып, 500-600 адамға дастархан жайып, той өткіземіз; ұят болмасын деп, шығынға белшеден батырар, халқымызда жоқ кейбір дәстүрлерді салтымызға енгізіп жатырмыз; ұят болмасын деп, құдамыздың «тым шашылмаңдар, бізде ондай салт жоқ» дегеніне қарамастан, қызымыз үшін ғой деп, бір «камазға» жүк болар жоралғы апарып тастаймыз; ұят болмасын деп, мың қаралы қандастар бас қосқан жерде, бір өзге ұлттың өкілі үшін сол тілде сөйлеп кетеміз; ұят болмасын деп, тағдырына балта шауып, өмірінде мүлдем көрмеген жігітке улап-шулап жүріп біреудің қарғадай қызын «келін» етіп алып қаламыз; ұят болмасын деп, базаршылардың таразыдан алдап тұрғанын білсек те, артық ақшамызды төлеп, қанағат қыламыз; ақырында, ұят болмасын деп, келген келімсекке кертіп жер беріп, бизнесін

өркендеугіне жағдай жасаймыз. Қандай ұялшақпыз...

Біртүрлі ұялып тұрмын...

АБЫРОЙЫН СТАЖБЕН ЕСЕПТЕЙТІНДЕР

Өзінің абыройын «Мен пәле-е-ен жыл еңбек еткем!» деп кеуде соға еңбек өтілімен бағалайтындар бар. Ондайлар басшысының тапсырма беруін «намысын таптап жатқандай» біртүрлі жақтырмай қабылдайды. Не бітірді екен, деп өткен жолына үңілсең, әкімшілік жағалап сұрап алған бірді-екілі Мақтау қағаздары мен Алғыс хаттарынан өзге ештеңе көрсете алмайды. Жұмыс орны да оны оншалықты «сағынышпен» еске ала қоймайды.

Керісінше, жұмысқа кіргеніне екі-үш жыл ғана болған жастар көбірек сұранысқа ие және олардан қоғамға келер пайда көп. Елгезек, жауапты, еңбексүйгіш. Мақтан-мадақтан ада. Креативті, сыни ойлай алады, цифрлық технологиядан хабары бар, менеджерлік алғырлығы мықты.

Сіз қалай ойлайсыз, мына қоғамға «жерден шөп көтергісі келмейтін» стажы көптер қымбат па, әлде, «жұмыс бар ма?» деп жұлқынып тұрар жастар қымбат па?

АЛТЫН ҰЯМ

Мектеп бітіргенімізге биыл 40 жыл. Ауылға барып, ары-бері өткенде типтік үлгіде қос қабаттай бой көтерген мектептің тасасындағы ескі ғимараттың сыртынан сағына көз салғаным болмаса, шаруа болмаған соң оншалықты ауласына көп сүңгі бермейтінмін. Осы жолы «Рухани жаңғыру» аясында мектеп әкімдігі арнайы шақырған соң ат басын әдейі бұрдым. Сол баяғы талай ұстаздарымның ізі сайрап жатқан жатаған ескі ғимаратты көргім келді. Жұтаң болса да көңілге ыстық, жүрекке жылы алтын ұя. Шүйгіні қалың жап-жасыл көгал, қара қарғалар алаңсыз мекен еткен тал-дарақ, ауыл қуалай аққан ақтұма арық, «ДШ»-дан беретін ұстазы қонағасыға кетіп, уақытша доп қуған бала, мектеп ауласын мекен етіп, қарауылын әуре еткен көршінің ала сиыры – бәрі-бәрі күні кешегідей сурет күйінде көз алдыма тізбектеліп келе қалды. Өзгергені заман ғана... және... Елбасы сыйға тартқан 100 мектептің бірі – жаңа типтік жобадағы екі қабатты мек-

теп. Еңселі ғимарат шағын ауылға сән беріп тұр.

Бұл жолы Жәудір ұстаз бастамашыл болып, мектеп басышысы Баян Қияқова қарындасым қуана қолдай кеткен «Туған елге туың тік!» іс-шарасына арнайы қонақ ретінде шақырылған екем. Жанымда «Гүлдер» ансамблінің алғашқы солистерінің бірі, Түркістан қаласының құрметті азаматы, «Ақ жаулығың қолда, алаң болып жолға» деп басталатын әйгілі әннің авторы Досым Шерментаев пен виртуоз аккордеонист, Түркістан саз-өнер мектебінің директоры Сырым Айсынов бар. Өткен жолы қазақ вальсінің ақ гүлі Құралай Сәтмұханбетова мен дәстүрлі әнші Абылайхан Оспановпен бірге барып, ауыл тұрғындарына тегін концерт қойып қайтқан болатынбыз.

Кіре берістен-ақ оқушылар сап түзеп, бізді жылы қарсы алды. Осында, «Үлгілі» мектебінде менімен қабат қазақтың біртуар ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Қасымхан Бегманов, академик Әбдірәсіл Жәрменов, «Бәйтерек» монументінің ішкі интерьер дизайнерлерінің бірі Қамбарбек Көшенов білім алған.

Қырық жыл бұрынғы аяулы ұстаздарым көз алдымда. Кісіліктің, кішіліктің үлгісі еді олар. Байыппен сөйлеп тұрып-ақ «теріс айналған» мойныңды түзеп жіберетін. Осы мектептің шежіреші ардагері Төлеген Елтаевтан бастап Рүстем Ибрагимов, Сейділла Ғайбуллаев, Феруза Әбуова, Құралай Әзімханова, Әбен Мырзалиев – әкемізден артық көрер аяулы ұстаздарымыз. Бүгінде шәкірттерінің арасында аттары аңыз болып қалған Айдарбек Момбеков, Кеңес Жәрменов, Мәдіхан Беркімбаев, Жұмакүл Маханбетовалар да жүрек түбімізде, көңіл төрімізде. Бұлар дауыс көтеріп, түптамырыңды қазбай-ақ теріс қылығыңды ыммен жөнге салатын дала тәрбиешілері. Қас-қабағыңа қарап, ішкі иірімдеріңе «қиял» сәулесін жіберіп, бауырына тартқанда, еріксіз «мұның мен зарыңды» төгіп сала беретінсің. Бұлардың сан тарапта жүрген жүздеген шәкірттеріне әлі күнге дейін аңыз атадай, абзал анадай көрінетіні рас.

Менің ерекше есімде қалғаны – қалың қайратты шашын артына қайырған, кесек бітімді, шомбал қара, сонысына қарамай, өте аңғал, кішіпейіл, түр-тұлғасы, жүріс-тұрысы айрықша бөлек, сол кездегі мектеп басшысы Әнеш Өксікбайұлы Құттыбаев. Ол кісінің жағрафия сабағына

бола бағып жүрген лақ-қозымызды тастап мектепке қарай асығатынбыз. Жаңа сабақты түсіндіре жүріп, шашы өсік баланың қасына келіп, самайын алақанымен батыра сипап «зар илеткенін» талай көрдік. Шашыңды ал дегені. Көйлегінің түймесін үзіп алақанына ұстатып жіберетін. Таза жүр дегені.

Қызметін ермегім, ұстаздықты күнкөрісім демей, екеуін күміс күймеге қосқан сұлу торыдай қатар ұстап, сауатты, ойлы шәкірт дайындауды ар алдындағы парызым деп білген аяулы ұстаздарыма «Амал күн» иіліп бас иіп, қапсыра құшағыма қысамын

ДОС ПЕН «ДОСТЫ»

Кейінгі жастар «бауырым», «досым» деген бауыр-мал сөзді «досты», «брат» дейтін бір «жаңа қолданыспен» алмастырып жүр. «Досты, жол сілтеп жіберші», «Брат, қол жалғап жіберші» дейді бір-біріне. Түсініп көр? Бұл қай елдің тілі? Біз байқамай жүрген шығармыз деп түсіндірме сөздіктерді де парақтап шықтық. Таппадық. Тіл мамандарына сауға салдық. Олар да мұның қазақ тіл тіркесінде жоқ сөз екенін айтты. «Брат» көрші елден келді, «досты» деген сөз жоқ еш жерде. Сонда жастар мұны қайдан алған? Алатопы киген ағайын берді тілжұмбағымыздың жауабын. Оларда бар екен мұндай сөз! Сонда «бауырым», «досым», «туысым», «замандасым», «құрдасым», «ағам», «інім» деген әдемі сөз тіркестеріміз бола тұра, өзге тілден сөз іздегеніміз қалай? Бұған «браттарым» мен «достыларым» не дер екен?..

БІР АУЛАДА 7 КЕЛІН

Қазір үйлену де оңай, ажырасу да оңай. Бүгін кешке тойға барып, екі жастың «шаңырағының шайқалмауын, босағасының берік болуын» тілеп ағыңнан жарыла ақ тілегінді ақтарып жатсаң, ертесіне таңертең сол жастардың ажырасып жатқанын естисің. Көбіне «енесімен сыйыспаған екен», «абысынымен араздасып қалыпты» деген сықылды сыпсың әңгіме құлағына жетеді. Осындайда отбасы құруды жеңіл ойлайтын жеңілтек жастарға отбасы татулығын үлгі еткен әулеттердің өнегесі аманат болса дейсің.

Түркістан қаласында Құрбан ата көшесінің бойындағы

№40-үйде Өмірзақ ата мен Манап апамыздың қара шаңырағында бір аулада 7 келін тату-тәтті тұрып жатыр. Үлкен келін – Райхан. Ол осы шаңыраққа бас ие – ұлдың үлкені Нышанәлі ағамыздың үйіндегі жеңгеміз. Таң намазын оқиды, оған дәрет суын кіші келін Жанерке таң атпай тұрып даярлап қояды. Жана түскен келінге таңғы асты енесімен бірге – осы үйдің үлкен келінімен шүйіркелесе отырып ішкен бір қызық. Мұны осы әуілдегі еншісі бөлек избасар екі келіні Шолпан мен Гүлжан байқап қалса, «бізді неге оятпадыңдар?» деп әп-әжептеуір бұртиысып та қалады.

Қашан бас сұқсаң да бұл әуіл шаттық пен шадыманға толы. Күнде думан, күнде той. Бірде жас келін босанып жатса, енді бірде үлкен немеренің тұсауы кесіліп жатқаны. Барлығының басы-қасында сол аулада қоралас отырған інісі Бекәлі де, апасы Алтынкүл мен ақын жездесі Мүтәлі де, қарындасы Шырын да, бауырлары Жұманғали мен Өмірәлі де жандары қалмай жанашырлықпен араласа жүреді. Бұлардың бауырмалдығына ошақ басында сорпа қамымен жүрген Бақыттыгүл, Сымбат, Жанат келіндері де сүйсіне қарайды.

Кешкі ас үстінде әлгі үлкен ене – Райхан анамыз барлық келіндерін жан-жағына жинап алып, қаз-қатар отырғызып қойып: «айналайын, қанаттарым менің, сендердің мына жүгіріп жүрген ботақандарға деген аналық мейірлерің, бір-біріңе деген абысындық ықыластарың, қайнағаларың мен қайныларыңа деген қамқор ілтипаттарың бізге, мына Нышекең екеуімізге, шексіз бақыт сыйлайды. Өстіп тату-тәтті ұйысып отырғандарыңның өзі мына айналамыздағы қоңсы-қолаңға жақсы өнеге» деп жиі айтып отырады. Келіндерін қызындай көретін эзиз ана осылайша оларға әрқашан ата-ене, абысын-ажынмен тату-тәтті болу керегін аңғартады. Өз кезегінде келіндер де ененің айтқан әрбір өсиеті мен ақылын, берген тәлім-тәрбиесін көкейлерінде сақтайды. Ал 45 жыл бойы Әзірет Сұлтан қорық-мұражайының қайта қалпына келтіру шеберханасында еңбек етіп, бүгінде зейнетке шыққан, осындағы әрбір кірпіштің құпиясына қанық Нышанәлі ағамыз: «6 балама 6 бала қосып берген құдайдан айналайын!» деп рахаттана шалқып отырады. Қазір үлкен ұлы Әмірәлі де әке жолын қуып, сол шеберханада қыш өрнектеу құпиясын меңгеріп жүр.

Нышекең қыш қалауда шеберліктің шыңына жеткен

«Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы», мәдениет қайраткері. Оның арқан кермей-ақ, кірпішті көз мөлшерімен сызғышпен сызғандай қалаған қабырғаларын талай шетелдік майталман шеберлер таңдай қағыса мақтай жөнелгенін көзбен көргенбіз. Кесененің сыртқы қабырғаларының мүжіле бастаған өрнекті қыштарын сол қалпынан айнытпай әзірлеп бере алатын жалғыз маман - осы Нышекең.

Құрылыста жапондықтардан асатын ешкім жоқ. Нышанәлі туралы, оның қышқа жан бітірген қолөнері туралы ести салысымен, сол жапондық ұсталардың бірі Нышан ағамыздан ешқандай құрал-саймансыз бірнеше қатар қалауын өтініп қолқа салады. Кәнігі ұста үшін бұл үйреншікті іс, шығыс құрылыс өнерінің мәнеріне салып қабырғаның бір бөлігін демде қалай қояды. Сонда жапондық ұстаның қабырғаны сипалап тұрып, бас шайқай бергенін әріптестері әлі күнге дейін әңгіме етіп айтып жүреді. Кім білсін, жапондық ұстаның сол сәтте қазақ шеберінің кірпіш қалаудағы құпиясының жай-жапсарын тәтпіштеп сұрап алуға мәртебелі ары жібермеген де болыр. Кейін Нышекеңнің осы өнерін бағалаған қазақтың біртуар ұлы Өзбекәлі Жәнібеков мұны Үндістанға баратын делегация құрамына енгізіп, Тәдж-Махал еліне қыдыртқаны бар. Ежелгі Бұлғар жері де Нышекеңнің шеберлігіне тәнті болған. Қазір ауық-ауық жер-жердегі археологиялық экспедициялар Нышекеңді арнайы шақыртып, ақыл-кеңес сұрап жатады.

Міне, осындай өнегелі әулетте бірнеше ұрпақ өкілі 7 ене-абысынның бірлігімен бір әуілде тату-тәтті өмір сүруде. Келіндердің бақытты жүзін көрген көрші-қолаң бұл үйде ешқашан ұрыс-керіс болмайтынына сенімді. Өйткені, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсету отбасы мүшелерінің басты міндеті болып саналады. Отбасындағы ата мен ененің орны ерекше қадірлі. Ене – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-туғанның, абысын-ажынның бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, келіндердің тәрбиешісі деген түсінік қалыптасқан. Атаның да айтары мол, берері көп. Аталы сөз бен баталы сөздің иесі ретінде әрқашан келіндеріне өнеге көрсетеді. «Абысын тату болса ас көп» демекші, бұл шаңырақтан қонақ үзілген емес. Осы келіндердің арқасы, жыл сайын бұл әулет Оразаның бірінші күні ауызашар өткізуді әдетке айналдырған. Сол күні, айтты-айтпады, қазыналы

қарттар осы үйге қарай аяңдай береді...

Мәуелі бақтай жайқалып, қуаныш пен шаттықтың алтын ұясына айналған бұл әулетте осылайша әрдайым ене мен келін, келін мен абысын арасындағы жарасым бақыттың белгісіндей анық байқалып-ақ тұрады.

КҮЙШІ ТӨЛЕГЕН, «САЛТАНАТ» ЖӘНЕ МЕН

«Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының... себебі не?». Бұл Абай сөзі. Айтылғанына жүз жылдан астам уақыт өтсе де, біз оның жауабын әлі таба алған жоқпыз. Талантты көзі тірісінде қадірлеуден де әлі адамыз. Жылы сөзімізді өлген соң ғана арнағымыз келетін әдет бар әлі... Жиырма екі жыл бойы ешкімге айтпай, іште сақтап келген бір уақиға есіме түсіп отыр.

Созақ ауданында Қозмолдақ дейтін әдемі бір ауыл бар. Сол ауылда дүниеден өтер шағында қарт күйші Төлеген Момбеков тұрды. «Бозінгеннің бүлкілі», «Салтанат» сияқты күй жауһарларын қалдырған атақты күйшіні көру бала күнгі арманым болатын. Бірде соның сәті түспесі бар ма!

1996 жылы кентаулық ақын Рахым Балабиев 60 жасқа толып, туған елі Сызған-Қозмолдақ әкімдігі дүркіретіп мерейтойын өткізбекке бекінеді. Қашанда сал-серілерін жанынан тастамайтын Рахаң жанына біз сияқты бір топ өнерпаздарды ертіп алатынын естігенде, шынын айтайын, өз басым жүрегім жарылардай қатты қуандым! Қуанышым – Төлеген Момбековты көретінім, жанында отырып, өз шертуінде күйін тыңдайтыным.

Содан тойлы күні күнгей-теріскейге өнерімен таныс Абылайхан Оспанов, Мейрамкүл Дайрабаева, Аралбай Байжанов, Есқара Тоқтасынов, Назира Әділбаева, Базарбай Оспанов бар, бір қауым өнерлі жастар Созаққа тартып кеттік.

Салған жерден ауыл әкімдігінің тойға өте тыңғылықты әзірленгендігі байқалып тұрды. Алты қанатты ақбоз үйлер, буы бұрқыраған қазан-қазан ет, үйді-үйге табақ тасыған ұлттық киімдегі қыз-жігіттер шараның сәнін кіргізіп тұрғандай. Ақындығымен қабат, өнерпаздарға деген меценаттығымен, діндарлығымен танылып қалған Рахаңның абыройының

ауыл азаматтары үшін ерекше екенін сезіндік. Себебі, әрбір өнерпазға сөзін жерге тастамай бір-бір шенеунік бәйек болып қызмет етіп жүр.

Бізді сегіз қанатты ақ үйге жайғастырды. Іші ду-думан. Әннің де, жырдың да тиегі ағытылып-ақ жатыр. Ішке именіп кіре алмай, жабықтан құлақ түрген қыз-келіншектерде есеп жоқ, сылқ-сылқ күледі, есіктен сығалай жымың қағады. Ондайда өнерпаздың делебесі қозбай ма, әнді одан сайын сырғыта сорғалатамыз.

Менің іздегенім – Төлеген Момбеков!

Ыстық еттің буына тұманданған үйдің ішінен көзбен шола күйшіні іздеймін. Көрінбейді. «Осындай дүбірлі думанда болуы тиіс еді ғой, әлде бір жаққа сапарлай кетті ме екен» деген дұдамал көңіл де жоқ емес. Күтушілердің бірінен қайда екенін сұрап та үлгердім. Ол селқос «сыртта жүрген шығар» деді де қойды. «Ауылдағының ауызы сасық»...

Әлден уақ қолына қара домбырасын ұстаған, белі бүгіліп, шау тартқан бір қария сықырлауықтан ішке кіріп, босағаға сүйеніп отыра қалды. Үн жоқ. Әлпетінен әбден шаршағандығы білініп тұр. Мына сүреңсіз өмір шаршатқан сияқты. Сырқат та меңдегендей ме, қалай?..

Домбыраны жай адам алып кірмейді. Дәу де болса, Төлеген осы!

«Аға төрге озсын!» дедім дауысымды шығара, жанымнан орын ысырып. «Қоя беріңіз, елдің адамы ғой, сіздер қонақсыздар...» деді әлдебіреу ыңғайсызданып. «Жоқ! – дедім мен қатқыл үнмен. – Төрге шықсын!». Қасымдағы адамнан «Төлеген күйші ме?» деп сұрап, нақтылап алғам.

Домбырашы шал төрге ұзады. Салалы саусағымен домбырасының мойнынан тап айрылып қалардай қапсыра, бекем ұстап алған. Жаныма жайғасқанда байқадым, жанары суланып тұр екен. Ішкі зар ма, әлде, ыза ма, әйтеуір бір запыран бар. Бірдеңе деуге оқталдым да, ішкі күйзелісін сыртқа шығарып алам ба деп сабыр сақтаңқырадым. «Шынымен де Төлеген күйшінің жанында отырмын ба», деп өзіме-өзім сене алар емеспін, мас болып, масайрап отырмын.

Ептеп есін жиған соң, хал сұраса бастадық. Ол да біздің жайымызды сұрап білді. Ащы судан ұрттаңқырап отырғанбыз, соны байқады ма, екі жүз граммдық қырлы стақанды білдірмей жылжытып, «құй» дегендей ым қақты.

Кейде босаңсуға бұл да керек, қолын қақпадым. Жарыса тарттық. Сосын манадан бері қолынан тастамай ұстап отырған домбырасын елді елең еткізгендей дың еткізіп бір қақты. Қоңыр үн. Зор үн. Талай домбыра үнін тыңдап жүріп, бұрын соңды мұндай үнді естімегем. Ел тына қалды. Төлеген көзін жұмды... Біз үйі қалдық...

Алматыға келген бір сапарында Төкең телевизияға келіп, грампластинкаға атасы Бапыштың, Сүгірдің және өз шығармаларынан бірнеше күй орындайды. Сол кезде теледидар қарап отырған Нұрғиса Тілендиев: «Мына қақпас қайдан шықты?!» деп, атып тұрғанын естігем. «Талантты талаан таниды» деген осы. Біз де тура сол Нұрғисаның кейпіндеміз. «Қосбасар», «Мешін», «Қат-қабат», «Мыңжылқы», «Ел жаңа», «Асу», «Анама», «Қоштасу», «Қаратаудың шертпесі»... Бірінен соң бірі құйылып жатыр. Базбірі өз күйлері, базбірі Сүгір күйлері. Тыңдаудан еш жалығатын емеспіз. Әттең... клубтан «сіздерді қалың ел күтіп отыр» деген хабар жетпегенде, қанша отырарымызды бір Құдай білсін...

Клубтағы кеш біткен соң, кешқұрым таза ауада Төлеген күйшіні қайта іздедік. Ендігі тыңдағымыз келгені – «Салтанат», қызына арнаған күйі. Мана байқағанбыз, Төлеген тұрған үйдің сырт сылағы түсіп, қоршауы қисайыңқыраған екен. Ауыл әкімін шақырып алып, «бұл қалай?» деп бетіне басып, ұялтқанбыз. Сол үйге барайық дедік. Мың болғыр, ауыл атқаміндерлері бірер сағаттың ішінде үйді сылап-ақтап, тап-тұйнақтай етіп қойған екен, қуанып қалдық. Төлегеннің жүзіне де қан жүгіріп қалған екен. Күй бірінен соң бірі ағылды, Төлеген шалқыды...

«Салатанатты» қолқаладық. Төкең бұл күйін салған жерден орындауға асықпайтынын аңғардық. Алысқа ұзақ көз тікті, жанарын жасауратты. Кенет, томағасын сыпырған тұйғындай қара домбырасын бебеулете жөнелді...

«Салтанат»...

Күйшінің асыл жары Пернеш қайтыс болып, Төкең Райхан, Қызжан, Дана, Гүлжан, Салтанат атты бес қызымен, Қайрат атты бір ұлымен қалады, қаза жанына қатты батады. Бір күні жұмыстан шаршап үйіне келсе, Қайраты төрт жасар Салтанатын жылатып қойыпты. Салтанат арада біраз жыл өтсе де, өлген шешесін ұмытпай: «Апама айтам» деп зар

еңіреп жылап отыр екен. Осы сөзді құлағы шалып қалған күйші ауыр күй кешіп, қатты толқиды. Қызын жұбатып отырып, өзі де қосыла жылайды. Бар тапқаны домбырасын саба-лай береді. Ертеңіне жаңа күй шығады...

Осы жолы да тап солай, күйді екі жанарынан жас саула-та отырып орындады. Біз де тебіреніп кеттік...

Кейін Теріскейден Төлеген күйшінің қазасы туралы суық хабар жеткенде, көзден саулаған жасымды тыя алмай, көпке дейін дел-сал күйде жүрдім. Бар тапқаным, «Салтанат» күйін тыңдай бердім. Бұл жолы «Салтанат» күйі маған Төкеңнің реквиеміндей естілген еді...

ӘН МЕН ӨЛЕҢ

«Әсем әнім сырнайдай», деп жадыратады халық әні, «Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп» деп тамсантады Ілияс, «Ән - көңілдің ажары» деп толқытады Абай. Байқайсыз ба, ешқайсысы да қазіргі концерт жүргізушілер немесе телешоумэндер сияқты, жоқ болмаса, дастархан басында отырған ағайын сықылды «ән» дегенді «өлең» деп тұрған жоқ.

Қазір қазақтың осы бір «ән» дейтін әдемі сөзі «өлеңге» алмасып барады. Екінің бірі «өлең айтшы», «Қайраттың ана бір өлеңі әдемі», «радиодан жақсы бір өлең беруіңізді сұраймын» дейтін болған.

Ән мен өлең екі нәрсе ғой, ағайын-ау! Ән - сазы мен сөзі үйлескен шығарма, оны әншілер шырқайды. Өлең - ақынның туындысы, оны оқиды. «Түсінікті» тілмен айтсақ, ән - песня, өлең - стихотворение емес пе?

Сахнадан, эфирден «ән» сөзіне жоқ іздеймін, қайтарыңдар «ән» дейтін әсемімді...

«КӨЛЕҢКЕ»

«Жүгі жеңіл түйе жатаған келеді» демекші, бүгінде жұмсақ креслоға жайғасқан әрбір шенеунік жанына бір-бір «көлеңке» ертіп алатын болған. Портфелін көтеріп, ұялы телефонының қоңырауына жауап беріп жүретін, сырт киімін шешіндіріп-киіндіріп, жиналыстарда президиумдағы кресло-ларына мәпелеп жайғастырып, ас ішсе қасында кірпік қақпай, қазықтай қасқып тұратын мұндай «көлеңкелерді» көмекші дейді екен. Бір қызығы, қанша қысқару болып жатса да, сол

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

көмекшілерге бұл нәубеттің неліктен әсер етпейтініне таң қаласың.

Енді солардан қалысамыз ба деп, о тоба, асабалар да бір-бір көмекші ұстайтынды шығарыпты.

Егер тойыңызға «әп-әжептеуір» (яғни, өздерін екiнiң бiрi қол жеткiзе алмас «элитный» асабамыз деп санайтындарды) асабалыққа жалдасаңыз, той басталса да, шымылдыққа жаңа түскен жас келiндей «үздіктіріп», тойдың жартысына дейін жұмбақ шалдай той қоймасы жағынан шықпай қояды. Орнына «шәкіртімін» деген желеумен шикіөкпе бiр жас бала, яғни көмекшісi шығып, жарты сағаттай миыңды ашытып амандасып алады да, өзiнiң кiм екенiн тағы бiр он бес минут жарнамалап, сосын тiзiмге үңiлiп топырлатып тост бере бастайды. Тек елдiң берекесi кетiп «әлгi мықты асабасы қайда?» деп мойнын соза бастағанда ғана, той иесi «оу, шықпайсың ба, қып-қызыл ақшаға жалдап отырмын ғой» деп ренжіңкіреген соң, онда да тойдың жартысынан ауа, «одолжениемен» ортаға шығады. Ол да тағы жарты сағат амандасып, жарты сағат елмен «позировать етiп» (суретке түсiп дегенiм ғой), тойды фото-шоуға айналдыра бастайды. Балашаға мен қатын-қалаш иығына асылып, суретке түсушiлер көбейiп бара жатса, әлгi көмекшісiне микрофонды қайта ұстата қойып, «жұлдызды фотосессия» науқанымен әуре боп дастархан аралап кете барады.

Сонда деймiн де, ақыры тойды көмекшісi басқаратын болса, рахатын той үстiндегi фотографтар көрсе, қымбат асабаны жалдап не басымызға күн туды?

СЕЗІМДІ ҚАЙТЕМ ТУЛАҒАН?

Адам сезiмi қызық, бiрде жаймашуақ ләззәтқа бөлеп, екi қолтығыңа қанат бiтiрсе, ендi бiрде ашуыңды мұрныңның ұшына әкелiп, көңiлiңдi тас-талқан, алай-дүлей етедi.

Бұл дүниеде сезiм рахатына бөленбеген адам жоқ та шығар. Өз басым ең алғаш хат жазғанда ғажап күйге түскем. Бәлкiм, оным сүйген адамыма арналып жазылмаған да болар, бiрақ, iштей ерекше сезiмге берiлгенiм анық. Ол кезде мұның алғашқы сезiм бұлқынысы екенiн сезбеген де болуым керек. Қазiр ойлап отырсам, рахат! Етбеттеп жатып аласың да, «Ақ қағаздан ардақты, көк сиядан салмақты», «Гүлденген әлем, ауылдан сәлем!» деп бастап, ұзақ-сонар хат жазасың.

Өзіңмен өзің, ешкім кедергі жасамайды, ойыңдағы барлық сезім-сырыңды құмарың қанғанша ақ қағазға ақтарасың. Бір жеңілдеп қаласың. Қанша жазсаң да еркін, қалай көсілсең де қалпың.

Алаңдаумен күндер өтті, өтті апта,
Ал өзіңнен хабар да жоқ, жоқ хат та.

Аңсағанда азық болсын жаныма,

Алданышым - хаттарыңды тоқтатпа, - дейді Асқар Жүнісбеков ән арқылы.

Қазіргі жастарды аяймын. Хат жазу ләззаты дегенді білмейді. Сүйгеніне жүрекжарды сезімін оп-оңай ватсап арқылы жолдай салады. Күнұзақ алақандай көгілдір сәулеге телміруден рахат іздейді. Бұл не сезім? Ішқұса болып өліп кетесің ғой. Аяулы сезімге беріліп, ақжарма тілек ақтармағаннан кейін, айтарыңды өлең жолдарымен тұздықтап, көсіле шаппағаннан кейін...

Алғашқы сезім қапыда келеді, қапияда жоғалып кетеді. Мына күні мен сезімге еріксіз берілдім деп ешкім де тап басып айта алмаса керек. Бірақ, сол сезім рахатын ешуақытта ұмыта алмайды. Орта жасқа келсек те, кейде сезімге ерік беретін кездеріміз аз болмайды. Көңіл жас, шабыт шалқып тұр, неге сезімге берілмеске! Шығармашылық адамдарының сезімсіз өмір сүруі мүмкін емес. Сезім жойылған күні шығармашылық та жоғалады. Тек бала күнгі, балаң сәттегі сезім ұшқынын сөндіріп алмау керек. Сол тәтті қиялмен өмір сүрген абзал. Бәлкім, адамға берілген бұл да бір несібелі бақыт шығар.

Қане, кім сәулелі сезіммен, ықыласты көңілмен өмір сүргісі келеді екен? Ой бөлісейік.

АВТОТҰРАҚСЫЗ ҚАЛА

Егер ақпарат құралдарына сенсек, біз өркениетті мемлекетте өмір сүріп жатқан сияқтымыз. Ал өркениетті мемлекетте халыққа қызмет көрсететін әр нысанның алдында көлікті 5-10 минутқа қалдыра тұрып, дүкенге жүгіріп кіріп шыға қоятын автоаялдама қарастырылған. Өкінішке орай, Түркістанда ондай «роскаш» болмай тұр. Алақандай бос орынболса, әлдебіреубағанаға «ақылыавтотұрақ» деп картон қағазын жапсыра қояды да, тежегіш басқан әр жүргізушіден 100 теңгеден сыпырып ала бастайды. Квитанция талап еткенге сол аумаққа қарасты дүкеннің «жеке кәсіпкер түгенше»

деген мөрін басып, тілдей қағаз ұстата қояды. Содан заңсыз квитанция алғысы келмеген клиент көлігін көшеге бойлай қоюға мәжбүр. Бірақ оның да дәл осындай тұстарды аңдып жүрер МАИ дейтін «иесі» бар.

Осындайда жерге түспей, аспанда қалқып жүретін мәшине қашан шығар екен деп армандайсың.

АҚ БОСАҒАҢ – АРЫҢ

Бойжеткен қыздың ұзату тойын да сән-салтанатымен тойханада өткізетін болдық. Яғни, жаңа өмірге қадам басқан қыз өзінің балалық тәтті сәттері өткен ақ босағасынан емес, әлдебір кәсіпкердің «босағасынан», яғни тойханадан ұзатылып кете баратын салт шықты. Қызды алып кетуге келген құдалар жақ ішкені ірің, жегені желім боп, той бойы тағатсыздана сағат тіліне қарағыштаумен болады. Себебі түнгі 12-ден қалдырмай қызды алып кету дейтін еш жерде жазылмаған бір «заң» бар.

Сағат 12-ге тақаған шақта күйеу бала тойхананың кіре берісіне қымбат көлігін тақап қойып, қаралы жиындағыдай елді зар илетіп, күңіrentкен асабаның соңғы сөзін күтер-күтпес, көз жасын тыя алмай тұрған Золушка-жарын ата-анасының, ағайын-туыстарының көзінше, көздерін бақырайтып қойып, бұтынан қармап көтеріп алып, мәшинеге атып ұрады да, тура жын қаққандай бар жылдамдығымен жүйткі жөнеледі. Ақ босаға қайда, ел қайда, аңтарылған жұрт «артыңа қарайлама, тойханаға қайта кіруге болмайды» деген асабаның желеу сөзіне сеніп, бастары салбырап, жынынан айырылған бақсыдай әрі-сәрі күй кешіп, қыздың ата-анасына басу айтқансып, алаң көңілмен үйлеріне қайта бастайды. Бұрын қыз өзінің ақ босағасынан ұзайтын. Өз үйінен күйеу еліне аттанарда ауылын аралай жүріп, жақын туыстарымен қоштасатын. Ондағы мақсат ағайындарымен жүздесіп шығу ғана емес, әр туыстың от орнымен, шаңырағымен қоштасып, сол шаңырақ иелерінен, дәстүр бойынша ескерткіш есебінде ұсынған сыйлықтарын қабылдап, ықыластарына ризашылық білдіріп, олардың сыйлықтарын көзіндей көріп, кеудесіне қысып аттанатын. Соңынан ақ босағасына келіп, ата-анасымен, жұртымен, құрбы-құрдастарымен қоштасып, «сыңсу» айтып, өзінің жаңа үйіне жеңге-қайынсіңділерімен бірге кете баратын. Күйеу тек еріп жүретін, аяғына жарма-

сып, көтеріп әкетпейтін.

Сіз қалай ойлайсыз, жат жұртқа жарым көңілмен кетіп бара жатқан қызға ұзатылар кезде өз босағасы қымбат па, әлде тойхана босағасы қымбат па?

СӘЛЕМІҢ ТҮЗУ МЕ?

Адамдардың бір-біріне сәлемі түзу, дос, бауыр болғаны, әрине, ғанибет! Көшеде не қаға берісте екі жігіттің бір-бірін «сабап» тастардай боп, үлкендерді қағып-соғып сарт-сұрт иық қағыстыра амандасуына, бойжеткендердің тар тротуарды бүкіл денелерімен жауып тастап, үш мәрте бет түйістіре сүйісіп сәлемдесуіне, көрген бетте-ақ сәлемін өкпе-реніштен бастайтын ағайынның «аман-саулығына», көшенің арғы бетінде кетіп бара жатып, мына беттегі көптен көрмеген танысына: «Төөу! Кісі боп кеткенбісің? Жан-жағыңа қарайтын түрің жоқ қой, тіпті?» деп қол бұлғай салатын сәлемшіге, қазақы дәстүрге жат екенін сезсек те, бой үйренісіп қалған. Баяғы «Ассалаумағалейкум!» деп қос қолдай амандасар қазақ сирек бүгінде. «Армысың!» деп құшағына алар бауырың тағы жоқ. «Сәлем!», «привет!», «қалай!», «зрасті!» деп жүргендерді көресің. Бұл шет елге еліктеген елірме амандасулар. «Мен қол беріп амандасқанды онша ұната қоймайтын қазақпын, бас изесең жетеді» деп «тектіліктің текесі» боп жүрген замандастарымыз да жетерлік. Хадисте жазылған сәлем беру әдептеріне сүйенсек, аттылы – жаяуға, жүріп келе жатқан – отырғанға, азшылық – көпшілікке, жасы кіші – үлкенге, ер адам – әйелге бірінші сәлем берген. «Кім бірінші сәлем берсе – Алланың нұры жауғаны» дейді.

Ілгерірек қайсыбір қазақ та бөтен үйге енгенде, танысын-танымасын, «Ассалаумағалейкум!» деп жалпыға сәлем бере амандасқан. Тіпті, баспанада адамдар жоқ болса да, «Ассалаумағалейкум!» деп дауысын соза шаңыраққа сәлем беру әдеті қалыптасқан.

Мұндайда Бұхар жырау:

Өзек қуа ағады,

Өзен судың сағасы.

Алыстан сәлем береді,

Әдепті елдің баласы, – деп сүйсінген.

Әлдеқайда асыққан жастардың «шолақ» сәлеміне қарап, таяу болашақта амандасуды мүлдем жиып тастап, бір-

бірімізге «Най!» деп қол бұлғай салмасақ етті деп қорқасың кейде.

ҚҰРАН МЕН ҰРАН

Діни салт-жоралғыларды жақсы білемін деп айта алмаймын, бірақ көзге көрініп тұрған кейбір келеңсіз жайттарды айтпасқа лажың жоқ.

Мәселен, түннің бір уағына дейін ащы сусынмен «аласталған» тойханаларда ертесіне түсте құдайы ас беріліп жатады. Түркістанда мұндай асты арнайы имандылық асханаларында беріп жүр.

Марқұмның жылдық асына тек сол кісіні жақсы білетін, көзі тірісінде аралас-құралас болған жандар барады емес пе? Ал енді сол жерде, онсыз да ол кісі жайлы жақсы білетін ортада, асаба жалдап, микрофон жүгіртіп, марқұмның өмірбаянын қайта-қайта түгендеп тәтпіштеп айта берудің не қажеттігі бар екен? Той болса бір сәрі, тілек айтып, көңілін марқайтасың. Мұнда оның жақсы адам болғанын отырған ел түгел біледі, білген соң дұға етейін деп келіп отыр. Одан гөрі бірнеше рет Құран бағышталса дұрыс болмас па еді? Жоқ, әлде бұл да көзге түсіп қалуды көздейтін мақтанқұмар әдегіміз бе? Бәлкі, көзі тірісінде қимаған түзу сөзімізді осында айтып, «міндеттен құтылудың» бір амалы ма екен бұл?

Әлгіндей қаралы жиындарда қарын тойдыра жеңіл әзілмен қарқылдай күлетін ағайынды да көз шалып жүр.

Бауырсақ пен ас атасы - нанды шанышқымен шаншып алып, салфетка орнына нан түйірімен майлы ернін сүртетін қарынбайлар да кездеседі.

Қариялармен табақтас бола отырып, ет турауға икемделмейтін жастар да көбейіп келеді.

Осындайда өзбек ағайынның ас ішкен жердегі тазалығына разы боласың. Тамақ ішіп болған соң, әркім алдындағы сүйек-саламын кесеге жиып-теріп салып, қайтарып береді. Былайша айтқанда, күтушілердің жұмысын жеңілдетеді. Мұның барлығына молда-имамдардың көзі үйреніп кеткен бе, әлде өздері икемделіп кеткен бе, әйтеуір үндемейді. Сіз қалай ойлайсыз, осындай жиындарда Алланың Құраны қымбат па, әлде шенді-шекпендінің ұзатып айтар «ұраны» қымбат па?

ЖАРТАСҚА БАРДЫМ...

Кейде айтқаныңа құлақ асатын, пікіріңе позитивті пікір қосатын, содан ой-түйін шығаратын жандар болады. Ондай достарымды мен ұлт құндылығына, ұрпақ тәрбиесіне бей-жай қарамайтын, еліміздің, халқымыздың келешегіне ақжолтай үміт артатын адамдар деп есептеймін. Ал, керісінше, кейде айтпағың жартасқа барып ұрғандай далаға кетіп, сөз естіп қалатын сәттерің де аз кездеспейді. Сондайда:

Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын? -
деп іштей күйзелген Абайға жүгінгің келеді.

ТОЙҒА ЕМЕС, ТОЙДАН...

Тойдан қалмайтын қатын-қалаш қазір тойдан емес, базардан қайтқандай белдері бүгіле пакет-пакет зат арқалайтын болған. Себебі, олар тойға барарда тойанасымен бірге қалтасына бір-бір пакет сала баруды айнымас әдетіне айналдырып алған.

Той біткенше әлгі пакет арақ-шарапқа, кәмпит-салатқа әбден толады. Сенің той қызығын соңына дейін тамашалаймын деген тәтті қиялың әдірем қалып, той жартысына жетпей-ақ отырған дастарханың жым-жылас, көзіңді бақырайтып пакет-пакетке тоғытылып кете барады. Даяшыларға да рахат болды, дастархан жиып әуре болмайды, әлгі қатындар олардың жұмысын өздері-ақ тындырып жатыр. Тойхана иелері де тағам қалдықтарын қайда жіберемін деп бас ауыртпайды. «Енді баяғыдай бос шөлмектерді қабылдайтын орындар ашылса ғой, шишасын да жинап кетер еді» деп отыр олар.

Түсінеміз, 80-90-нан асқан шал қисайса, асына келген ел дастархан иелерінің рұқсатымен, онда да пакет таратқан соң, тәбәрік болсын деп ұяла-қысыла бірді-екілі кәмпит алып жататын. Бірақ аузы-мұрнынан шыққан пакет тасыған емес. Қазір тойдан пакеттеп зат тасу ұят болмай қалды.

Бұрынғыдай емес, заман тоқ, сонда мына елге не көрінді?

ҚЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ

Кейінгі кезде Ерке Есмахан қайырмасы:

Ғашықпын мен қазақ ұлына,

Жүрегiнiң тазалығына.

Ғашықпын мен қазақ жігітке,

Сенім берген нәзік үмітке, - деп келетін «KZ жігіт» дейтін бір әнді орындап жүр. Сөзінде мән-мағына жоқ, әні жеңілтек.

Әншінің «ғашықпын» деп үздіге ән қайырмасын айтып бола салып, кенет онысынан айнығандай шалт кетіп, «ахау, а-ха-ха» деп саңқылдап, түсініксіздеу бір дыбыстарды шығара бастауы жігіттерді мазақтағандай әсер етеді екен. Сенбесеңіздер, тыңдап көріңіздер...

Бұдан бұрынғы «Қайда» дейтін әнінде де жасырынбақ ойнағандай «а-а-а, о-о-о» деп жұмбақтап есiңдi шығарушы еді.

Жалпы, әнді қыңқыл-сыңқыл дыбыстармен әрлеу Есмаханның тұрақты стилі ме деп қалдық...

«ЖАБЫСҚАҚ» ӘРІПТЕР

Әйтеуір адамға әрне жабысқыш. Жалпақ бетіңе талпақ танауың, қақпақ жамбасыңа сидам сирағың, шидем шекеңе қос құлағың, жайдақ жауырыныңа білем білегің жабысқан. Жарайды, бұларды Жаратқан ием сыйға тартқан он екі мүшең делік, жабысса жабысқан шығар. Ал сол екі аяқты пендеңнің атына бөтен әріптің кенедей жабысып қалмай жүргеніне не дерсің?! Жабысқанда да қандай, желімдей қатып айрылатын емес.

Алдымен «д» деген пәлекет жабысты. Джамбул, Джорабек, Джумаш, Джумағали, Джарықасын болып кете бардық. Сосын айғырдай «а» жармасты. Абдулла, Алипбек, Алимбек, Арипбек, Лаззат, Айгерим, Айкен болдық. Бұлардан қалмайын деп «в» да қонжиды. Валихан, Вали, Валибек боп шыға келдік. Кейінгі жылдары «ь» деген жіп-жіңішке бір пәлекет сүйретіліп қалмай жүр. Гульмира, Айгуль, Гульжан, Ульмира, Асель. «Қ» – «к» болды, «ш» – «ч» болды (Кайрат, Чокан). Жабысқақ әріп енді алдын қойып, артыңа да жармасатынды шығарды: Айнура, Айгуля, Аяна, Айгера... Қысқасы, бөтен әріп қонжиып төлқұжатымыздан айырылатын емес. Алып тастайын десең сол әріпке бауыр басып

қалған Асаның азар, берейін десең «бізге қажеті жоқ, онсыз да бұл әріптер бізде бар» деп Иваның безер. Жаның ашып, аты-жөнін әлгі бөтен әріптерден арашалап, қазақша жазайын десең: «ойбай, төлқұжатымда солай жазылған, бір қарпін де өзгертпе!» деп қандасың қолыңда өлетін. Бөтен әріп, түбі сен ата-бабам азан шақырып қойған атымды да ұмыттырарсың...

РУШЫЛ ДҮКЕНДЕР

Кейбір кісілердің Фейсбуктың әр тұсынан құлақ қылтитатын рушыл пиғылымен күресіп жүргенімізде, енді ол аз болғандай, Түркістанда маңдайына бадырайтып атын жазып алған «рушыл» дүкендер де пайда бола бастапты. Бұл не, клиент жинаудың жаңа формасы ма, әлде трайбализмнің дендей бастаған заманауи көрінісі ме? Әкесінің, бабасының, немересінің, жиенінің, тіпті қатынының атын қоғамдық орындарға еншілеп беруге көз үйреніп қап еді, енді мынауысы шықты. Бұрын дүкен аты өзіне лайық болушы еді: «Молшылық», «Ырыс», «Береке», «Дастархан», қазір «Life», «Shor» дегендерден көз сүрінеді.

«Рушылдыққа» бүгін тоқтау сала алмасақ, таяу жылдарда ата-тегімізді таңбалап, құлағымызға сырға тағып алатын күн де алыс болмас...

ОЙЫН БАЛАСЫНЫҢ «ОЙЫ»

Қазіргі ойын баласына сұрақ:

– Адам бір-біріне кездескенде не істеу керек?

– Амандасады.

– Екінші?..

– Ру сұрасады.

Бұл олардың бізден, үлкендерден алып жүрген тәрбиесі емес пе екен? Ойланайықшы...

«Біліскеннің айыбы болмас» деген желеумен, себепсізден-себепсіз ру сұраса беру азғана қазақты ынтымағынан айырып, ала қойдай бөліп жүрмесін, ағайын!

РАЗНАРЯДКА

Разнарядка! Бұл бюджеттік мекемеде қызмет ететін әрбір жанға таныс жайт. Жоспар бойынша «ерекше тізімдегі» мерзімді басылымдарға жазылуды міндеттейтін науқандық

шара. Талқыланбайды, орындалады. Мұның сенің еркінді жіпсіз байлап тастар екінші жағы да бар. Қалта бюджетіңе салмақ түсетіндіктен, қалаған басылымдарыңа қосымша жазыла алмайсың. Яғни, сен амалсыз «ерекше тізімдегі» мерзімді басылымдарды оқуға мәжбүрсің.

Осы сияқты, әрбір отбасымызға ұлттық құндылықтарымызды түгендеп оқытар классикалық туындыларымызға бір-бір разнарядка керек сияқты. Әйтпесе мына фб, вк, инсто-лар санамызды күштеусіз-ақ, еріксіз «разнарядкалап» бара жатқандай ма, қалай?..

ТӨЗІМДІЛІК

Бұрын, бала кезімізде деймін да, кірпікке мұз қатып, мұрын қызартып, құлақ үсіткен талай аязды күндері тізеден қар омбылай жүріп, күнұзақ мал жайып, Алланың берген аязына, үскірік желіне, алақұйын боранына мұншалықты шағым жасамаушы едік, қатты жел уілдете түндік желпінткен киіз үйде де қыстады емес пе шыдамшыл бабам. Қазір мына смс арқылы келетін төтеншенің төтен хабарына, гидроорталықтың ауа райы болжамына күнібұрын біртүрлі алаңдайтын үрей тапқан сияқтымыз. Жарайды, ТЖМ өз қызметін атқарып жатыр делік, ал ата-бабамыздан апталап қар жастанып, мұз құрсаңған бізге не жорық осы? Ғаламторда аяздан айып іздеген қаптаған хабарламалар...

Бұлай шошына берсек, шіліңгір шілдеде де ызың еткен желден ықтап, үйден шыға алмайтын секемшіл ауру тауып алмайық, ағайын! Табиғаттың төтен мінезіне сабырмен қарайық! Бұл да өткінші...

«ХАМЕЛЕОН» КӨШЕЛЕР

Шағын қалаларда көшелердің екі түрге бөлінетінін білесіз бе: үлкеен меймандар келгенде түрленетін, жыл сайын гүлзарланып, ақтап-сырланып, қарауда болатын көшелер және мүлдем қараусыз, әлгі үлкеен меймандар бара қоймайтын лайсаң, асфальттанбаған, мәшине түгілі адам зорға жүретін көзден қалтарыстағы көшелер. Екі көшенің де тұрғындары «біз қалада тұрамыз» дейді. Бірақ, жағдайлары екі түрлі. Тұрғындарының аяқ киімдеріне қарап-

ақ қайсысының қай көшеде тұратынын тез ажырата қоясың. Әлгі элитный көшеде тұратындар бәтіңкелерін айына бір рет сүртеді, қияс көшедегілер етіктерін күніне екі-үш рет тазикке салып жуады.

Төплайларын былғағысы келмей ме, әйтеуір, маңызды мейман маңызды көшелермен келіп-кеткенді жөн көреді. Сүпер қонақ маршруттан сәл ауытқимын, яғни маңызсыз көшеге кіріп-шығайын десе, ол көшенің бағы ашылды дей бер. Бір аптада адам танымастай өзгеріп шыға келеді.

Оу, облыстан келетін меймандар, бір көше бойымен жүре бермей, біздің көшемізге де ат басын бұра кетсеңдерші! Шай ішіп шыққанша бәтіңкелеріңізді қатырып жуып қоюға уәде береміз!

«КҮН КӨСЕМДЕР» ӘЛІ ТҮР

Түркістаннан 13 шақырым қашықтықта Ораңғай елді мекені бар. Осындағы қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов атындағы мектеппен іргелес жеке қожалықтағы учаскеде (бұрын бұл телім мектепке қараған деседі жергілікті жұрт) шамамен биіктігі 4 метрге жуық «Күн көсемнің» ескерткіші «коммунизмге жол сілтеп» әлі қасқайып тұр. Арлы-берлі өткен оқушылар бір-бірінен: «Бұл қай жазушы?» деп сұрайтын көрінеді. Есесіне Әуезов мектебінің алдында жазушыға ескерткіш жоқ. Бұрынырақ бюсті болған екен, Көсем көрінбей қалар деп алып тастаған болуы мүмкін. Бұл аз десеңіз, қаладан 26 шақырым шалғайдағы Ескі Иқан елді мекенінде де мектепке жақын маңнан Сталиннің бюсті күн сәулесімен шағылысады.

Қызыл үкімет бұл өлкеде бірінші орнамаған сияқты еді, көсемдер кімді күтіп тұр екен?

МАҚТАН МЕН МАДАҚ

Осы дастархан басында дүйім елдің алдында көзін бақырайта отырғызып қойып, біреуді сағаттап мақтап жатқандарға кезіксем, сіздерді қайдам, мақтан объектісінен бұрын қатты қысыламын. Өйткені, мақтаушымен қосыла басыншұлғып отырғандардың арасынан жасандыыржиганымен, бет-жүздерінен жақтырмағандықтың сызаты анық байқалып тұратын көздерді байқаймын.

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Сонда деймін де, ана желпіңген мақтауышы абыройын биіктетем деп, керісінше, шелектеп төгіп жатқандай көрінеді?

Бұл біз ғой, ал ана жұмсақ креслода отырған шенеуніктер, мерейтойларында ғана естеріне түсіп, туған жерлеріне тағзым ете баратын ел еркелері мың мақтауға жарылып кетпей қалай шыдап жүр екен? Әлде олардың жасанды мақтанға еттері әбден үйреніп кеткен бе?

Бәлкім, бұған мақтанқұмарларды емес, мақтағыштарды кіналауымыз керек шығар?

БАРЛЫҚ БІЛІМ - КІТАПТА

«Қазір кітап оқитын студент-жастар азайды, барлығы интернетке шұқшиып отыр» деген пікір бар. Ал, жастар басқаша ойлайды. «Біз күндіз сабақтамыз, кітапханаңыздың жұмыс режимі бос уақытымызға сәйкес емес, таңғы 10-нан кешкі 19-ға дейін ғана жұмыс істейді. Бұл кезде біз сабақтамыз». Осыған қарағанда кітапхана жұмысын кешке қарай жандандыратын ортақ жүйе керек сияқты. Мәселен, кешкі 17.00-ден түнгі 00.00-ге дейін делік. Еуропа мен Америкада тәулік бойы 24 сағат жұмыс істейтін кітапханалар бар. Онда студенттерге аса қажет компьютер, сканер, принтер, буфет таң атқанша жұмысын жүргізеді. Тіпті, оқырман тынығып алатын бөлмелері мен ваннасы да бар. Бұған жастарымыз не дер екен?

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢ ТІК!

Ресми ақпараттарға сенсек, 1 қаңтардан бастап ауыл азаматтарының төлеп жатқан салығы ауыл қоржынында қалып, бүгінде азып-тозып кеткен туған жерімізді көркейтуге жұмсалады екен. Енді ауылымның кемпір-шалы ауызашардан түртінектеп қайтатын қараңғы көшелері жарықтанып, мектепке барған оқушы сатпақтап жүретін батпақ жолдары асфальттанып, дәріханасы жоқ, клубы тойханаға айналып кеткен ауылда жаңа әлеуметтік нысандар бой көтеріп, мәресәре болып қалар деген үміттеміз. Мұның бәрі ауыл халқына құшақ-құшақ уәде беріп сайланып алған, ендігі жерде төл бюджетке иелік етер ауыл әкімдерінің іскерлігіне байланысты. Бұдан бөлек өз ауылына бүйрегі бұрар демеушілер де

ауыл қалтасын қампайта алады екен. Бұл туралы Елбасы Ұлт Жоспарының 98-ші қадамында нықтап айтқан. Мәселен, биыл халқы 2 мыңнан асатын ОҚО-ның 175 ауылы 25 млрд 800 млн тг дербес бюджет иеленбек. Әр ауылға орта есеппен 147, 4 млн тг. Аздау. Дегенмен, істің басы.

Ауыл әкімдері де қарап қалмай, қалада тойхана салудан қолдары тимей жүрген жерлестерін шақырып, елді мекендерде кәсіпкерлік нысандардың көбеюіне атсалысуы тиіс.

Кіндігі ауылға байланған, бүгінде түрлі қиырда адал еңбегімен жағдайын жақсартып алған менің туған жерім - «Үлгілі» ауылынан (Түркістан ауданы) шыққан азаматтарды, жалпы, ауылына енжар қарамайтын барша қазақстандықтарды, туған жерімізді көркейтуге атсалысуға шақырамын! Туған жеріңе, ананның ақ сүтін емген туған өлкеңе туыңды тік, бауырларым!

ҚАЗАҚЫ ШАЙ

Тағыда кафе-ресторан мәзірі туралы бірер сөз.

Шайды бабымен ішетін бір халық болса, ол – қазақ. Әсіресе, батыс жақ келген мейманға шайды сүт-қаймақ қатып, сән-салтанатымен әдемі ұсынады. Оңтүстік те самауырды сексеуіл шоғына маздатып, шайды баппен демдейді.

Айтпағым, осы кафе мәзірінен шайдың төрт-бес түрін байқаймын: қара шай, көк шай, сүт қатқан шай, кейін ташкент шайы деген шықты (оны махаббат шайы дейтіндер де бар). Сондағысы көк шай мен қара шайдың лимон мен шекер-набат қосқан қосындысы. Дұрыс-ақ. Көк шай өзбек ағайындардың шөл басар сүйікті сусыны. Енді біз де сүт қатқан шайымызға «қазақ шайы» деп ен тақпаймыз ба? Біздің қазекемнен артық шайды сүт қатып бабымен демдер қай халық бар дерсің! Бұл - қымыз, қымыран, шалап сияқты жеңсік төл сусынымыз ғой. Ендеше, даяшы қолымызға ұстатқан ас мәзіріне үңілгенде «сүт қатқан шай» деп емес, «қазақ шайы» деп тарсырыс беруді әдетке айналдырсақ қайтеді, ағайын!

ҚАЗАҚЫ САЛАТ

Ілгерірек театр мен саябақ қала сәнін ашушы еді, асхана да түннің біруағына дейін гуілдеп жататын, қазір ресторан мен кафелерден аяқ алып жүре алмайсың. Шүкір, бұл

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

– тоқшылық. Бір байқағаным, сол кафе-ресторандардағы ас мәзірлерінен қазақы атаудағы салаттарды кезіктіру қиын. Греческий, министерский, мужской каприз, харетико, ачик-тучик, острый, пикантный, цезарь, оливье, селедка под шубой, черри... осылай кете береді. Дұрыс, біз шөп-шаламға онша құмартпаған халық шығармыз. Біздің стихиямыз ет қой дерсіз. Бірақ бұдан да аспаздарымыздың қатырып жатқаны шамалы. Мәзірімізден қуырдақ пен еттен басқа қазақы атаулы тағамды көре алмайсыз. Қуырдақ деп ұсынғаны еті картоптан көрінбейтін жаркое. Мәзірдегі тағам мясо по тайский, мясо по арабский, мясо по французский, мясо с овощами... болып кете береді. Еті біздікі – атауы жұрттікі.

Оу, қазақ аспаздары! Жаңа тағам ойлап тапсаңдаршы. Мысалы, жеңіл ас, жеңсік ас, тай еті, бұқтырылған қабырға, марқа төсі, кеспе көже деген сияқты. Төл еліміздің төлінің етін жеп жатқанымызды сезінейік те...

ТІКЕ АЙТУ – МАҚТАН БА?

«Бетке тіке айтатын адаммын, біреулер сияқты пікірімді іште бүгіп қала алмаймын» деп, үлкенсің бе, кішісің бе, жүзіңе қарамай, тіке сөйлейтін бейпілсөз әйелдер көбейді және онысын бір ерекше мақтанышпен, мінезіндегі бір жақсы қасиеті ретінде айтады. Сол арқылы өзін әділдік, ақиқат жаршысы санайтын да сияқты. Олардың бұл «әділет сүйгіштігі» қасындағы адамның көңіліне келіп, жүрегіне қаяу салып жататынын сезбесе керек. Қасындағы құрбылары да «Біздің Мәкең осылай тіке айтады!» деп мақтанмен қолтығына су бүркіп жатады. Сол тіке айтқыштар, неге екенін қайдам, қоғамдағы шын әділетсіздіктерді ашып айтуға келгенде біртүрлі дәрменсіз...

ТҰРАЛАТҚАН «ТОҒЫЗДАР»

Байқайсыңдар ма, кейінгі кезде ата-бабамызда болмаған түрлі қаде-күде көбейіп барады: бұрын екі жақ құдалыққа тек үй тоғыз бен ағайын тоғыз ғана апарушы еді, қазір достар тоғызы, нан тоғыз, мәуе тоғыз, орамал тоғыз, көрші тоғыз, шай тоғыз, тақия тоғыз, күміс тоғыз, балдыз тоғыз, парфюмерия тоғыз... дегендерді қосып алыпты. Сұмдық! Құдалық емес, кішігірім базар көшіп келді дерсің. «Кемпір өлді» де-

ген кәдең жолда қалды, бесік апарғанда астына қымбат қалы кілем төсемесең кәдең түгелденбей-міш. Бұрын екі әйел бесігін арқалай келіп, еркек біткенді көрші бөлмеге жіберіп, баланы бесікке бөлеп, бір тостақ көжесін ішіп кете салушы еді, қазір еркекпен тізе түйістіре отырып, тойхананы толтыра той жасайтын болған.

Осы елде жоқ кәденің барлығын ойлап тауып жатқан жұмысы жоқ, сериал көруден босамайтын еріккен әйелдер сияқты. Қалай дейсіз ғой? «Черный касса» ма, «гәп» пе, әйтеуір жаңашылдық сонда туатындай. Оу, еркектер, әйелдеріңіз черный кассаға емес, «кұда құрылтайына» барып жүрген жоқ па? Әйелдерге еркіндік беріп, бұл түрімізбен кете берсек, таяу жылдарда «мәшине тоғыз» кәдесін де қосып алып жүрмейік...

ӘНІ «ЖОҚ» ХАЛЫҚ

Жаңа жылдан кейін телеарналардан біраз жыл басы концерттерін тамашаладық. Бір таң қаларлығы, бұрын титрына тек әншісін ғана жазып, ән иелерін ұмыт қалдырушы еді, бұл жолы авторларын да қосарлай жазып отырды. Мұнысын құптадық. Сондағы байқағанымыз, қазір «хит» боп жүрген біраз әндердің сөзі «қазақ» та, әні «келімсек» екен. Титрлардан «француз әні», «қырғыз әні», «болгар әні» дегендерден көз сүрінеді. Аты дардай әншілеріміз тура ұлтымыздың ұмыт қалған дәстүрлі әндерін айтып жатқандай көздерін жұмып, бір рахат күйге бөленіп, ләззат алып, бастарын шайқап-шайқап билеп жүр.

«Мен жиендік жасап, «нағашыларымның» әнін айтып жүрген жоқпын ба осы, мұным ұят емес пе екен?» деп қымсынып жүрген бірі жоқ. Шетел әндеріне өңдеп сөз жазған ақындар да сол залда айыздары қана шапалақ соғып отыруы әбден мүмкін (титрда аты-жөндері тұр ғой). Олар да сорлы әндердің шын шайырлары мұныма қалай қарар екен деп ойланбаса керек-ті.

Әйтпесе сия жұмсап, «абырой арқалап» әуре болмас еді ғой. Бұл бағытымызбен кете берсек, таяу жылдарда титрға «сөзі - өзіміздікі, әні - сол баяғы шетелдікі ғой» деп жаза салатын күйге жетуіміз ғажап емес...

СӨЗ ТҮЗЕЛДІ, КӨШЕҢ ДЕ ТҮЗЕЛСІН!

Түркістанды ел түркі жұртының рухани астанасы деп таниды. Сондықтан, зиярат ете келген турист мұндағы әрбір тұрғынның сөйлеу мәдениетінен қазақы иісті, шығыстық болмысты аңғарғысы келеді. Өкінішке орай, базбір түркістандықтар осы бір құндылығымызды әлі де ұғынбай жүрген сияқты. Қала аумақтарының ономастика қызметі бекіткен әп-әдемі-ақ атаулары бар, бірақ оны тек ресми құжаттардан ғана көреміз. Ауызекі тілде басқаша.

Ремзавод, Хлобзавод, Жуковский, Швейцария, Техос-настка, ТГЖД, ШНОС, Жолдың асты, Онның жолы, Бестің жолы, Жетінің жолы, Оралман, Коммунизм, Тельман, Город, Маслопром, Автобаза, Микрорайон, Новостройка... осылай кете береді. Бүкіл түркістандықтар да, жолаушы көліктерінің бағыттаушы маңдайшалары да осылай сөйлейді. Жергілікті тұрғындар аялдама атауларын да қызық айтады: Бестің повороты, Тупик, Тас, Артезиан, Районный, Корпус т.б. Егер де сырттан келген біреу қаланың ресми жолкөрсеткішін қолына ұстап алып, «Яссы ықшамауданына» немесе «Тұран ықшамауданына» жол сілтеп жібересіз бе?» деп жөн сұраса, жергілікті халықтың «мынау не деп тұр?» деп бетіне бажырая қарап, аңтарылып қалатыны сөзсіз. Түркістандықтар, сөз түзелді, сен де түзел! дейміз бе, қайтеміз?

ФОТОДАҒЫ ЖАСАНДЫЛЫҚ

Байқаймын, ФБ-шылардың профильдегі фотосуреттерінің басым бөлігі селфилеткен автопортреттік нұсқадағы суреттер екен. Ең қызығы, қыздар айна алдында соткамен бетін жауып түсуге құмар. Ал ірі пландағы суреттерде ернін дүрдітіп жасанды жымип түсу әдетке айналған. Экранға жүзін жартылай жасыра түсу үрдісі де байқалады. Жасандылық енді өмірді қойып, бейнені сол күйі көсетуі тиіс фото өнеріне де біртіндеп еніп келеді...

ЕСІМІҢІЗ КІМ?

Құбылаға қарап азан шақыра ат қою – мұсылмандықтың қатаң ұстанатын ғұрыптарының бірі. Адамның азан шақырып қойған есімінің көп жағдайда оның тағдырына да әсер ететінін

ежелгі ойшылдар қадап айтқан. Тіпті, әрбір әрпінің өзі белгілі бір дәрежеде оның алдағы өмірінің бағыт-болжамын айқындайтын көрінеді.

Бүгінде арамызда, әсіресе өздерін «жұлдыз» санайтындардың ортасында, ата-анасы ырымдай азан шақырып қойған есімдерінен «жерініп», шет елдік жұлдыздарға еліктей бастағандар тенденциясы қалыптасып келеді: Лидо (Лидия Досалина), Беркут (Айбек Сейітов), Аиша (Виктория), Шаһизада (Заһизада Байбатшанова), Кентал (Талғат Кенжебұлатов), Лана (Қорлана Күнсеркина). Аты-жөндерінішінара өзгертіп алғандары да кездеседі: Айжан Нұрмағамбетова (Айтжан Нұрмағамбетова), «Жігіттер» тобындағы Айдар Байжанов (Ерсінбек Тұрғанбекұлы), Төреғали Төреәлі (Төреғали Әлиханов), Майра Ильясова (Махира Ильясова), Ұлықпан Жолдасов (Умиксат Жолдасов). Бұл аз десеңіз, рушылдықтың иісі аңқып тұратын есімдер де жеткілікті: Аша Матай (Ақбота Асқарова), Нұрлан Албан (Нұрлан Тәжікенов), Ғаділбек Жанай, Ақылбек Жеменей (Ақылбек Аязбай), Майра Керей (Майра Мұхамедқызы), Абай Бегей (Абай Ниязқұлов). Осындай «жұлдыздарға» еліктеген жастар да бір-бірін Баука, Кана, Мара, Бека, Айкош, Гуля, Санду, Аяука... деп ныспылайды. Мұндайдан тіпті аяқ алып жүре алмайсың. Бақсақ, лақап есімге құмарлық, әсіресе, белгілі адамдардың арасында кең етек жайғанға ұқсайды: Сталиннің шын аты-жөнінің – Джугашвили, Гитлердің – Шикльгруббер, 146 лақап аты болған Лениннің – Ульянов екенің екінін бірі білер. Сол сияқты Брюс Ли (Ли Юн Фан), Марк Твен (Сэмюэл Ленгхорн Клеменс), Пеле (Эдсон Арантис ду Насименту), Мұхаммед Али (Кассиус Марселлус Клей), Джеки Чан (Чан Кон Сан), София Ротару (Софья Ротарь), Жан-Клод Ван Дамм (Жан Варенберг), Пьер Ришар (Ришар Морис Шарль Леопольд Дефей), Сильвестр Сталлоне (Сильвестр Энцио), Урлът Дисней (Уолтер Эолайас), Мадонна (Мадонна Луиза Вероника Чикконе), Витас (Виталий Грачев), Дима Билан (Виктор Белан) сияқты лақап есімдерден аяқ алып жүре алмайсың. Бұл бір есептен танымалдықты танытудың айла-тәсілі де сияқты.

Қалай болғанда да, ата-анаң үміт етіп мың ойланып, мың толғанып, азан шақыра қойған төл есіміңе не жетсін!

АВТОР – АВТОР ЕМЕС, ӘНШІ – АВТОР БОЛЫП ТҮР...

Бұл жағдай ән туғызып жүрген барлық сазгерлердің басында бар мәселе болуы мүмкін. Бір ортанқол әнші: «Авторлық қоғам дейтін бар, соған туындыларыңды тіркетсең ақшаның астында қаласын» деген соң, осыдан 12 жыл бұрын, дәлірек айтсам 2005 жылы «ел айтпайтын әндеріммен бастарын қатырмай-ақ қояйын» деп, оларды былай жиыстырып қойып, әншілердің ауызынан, тойханалардың репертуарынан түспей жүрген 5-6 әнімді арқалап, Алматыға жол тарттым да кеттім. Содан «Қазақстан авторлар қоғамы» деген мекемені тауып алдым. Иненің көзінен өткендей пысықай қыздар салақұлаш қағаз толтыртып, 2005 жылғы 15 шілде күні қолыма «сен авторсың» деген көк куәлікті ұстата қойды. Әлгі куәлік жан қалтамда жүрек тұсымды жылытып, «еңбегімнің өтеуін енді көретің болдым-ау» дегендей бір жылылық ұялатып, шабыттандырып, шаттандырған еді сонда. «Әндерім радио мен телеарналарда айтылып жатыр, өнебойы «заказда едім» деп тойдан қолдары босамайтын әншілер күнде кешке той қуалап біздің әндеріміз арқылы табыс тауып жатыр, маған да әлгі авторлар қоғамындағы «кашөлөгіме» тиын-тебен түсіп жатқан шығар» деген рахат күймен, ойша ақшамды оңды-солды «шашып», қиял құшағында ауылда жата бердім. Тағы бірде Шымкенттен бір жігіттер келіп, «сіз авторсыз!» деп, қағазымды түгендеп, қолымды сілкілеп қысып кеткенде, тіпті балаша қуанып кеттім.

Міне, содан бері әйтеуір Алматыға жол түссе, авторлар қоғамына соқпай кетпейтін әдетті таптым. Сондағы алатыным – жылына 5-10 мың теңге ғана.

Былай қарап отырсам, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мыңдаған тойханада әндеріміз айтылып жатқан сияқты (мәселен, «Жас жұбайлар», «Ауыл жатыр той жасап»...). Ал, түсіп жатқан ақшаның шамасы әлгіндей. «Сен қалай едің?» деп мені осы жаққа нұсқаған әншіден сұраймын ғой баяғы. Оның алатыны – әп-әжептеуір екен. Сонда деймін де, Авторлар қоғамы туындыны туғызған авторға «сүйек тастап», оның әнін айтып жүрген әншіге «майлы жілік ұстататын» болғаны ма? Тойда той иесінен – бір, авторлар қоғамынан – екі сыйақы алатын әншіде арман жоқ екен!

Авторлар қоғамына соғып, мұның мәнісін сұрағанымда,

«әніңнің тойханада айтылып жатқанынан дәлелің бар ма? Бейнеге түсіріп алып кел, сосын мәселеңді қараймыз» деп қысқа ғана жауап берді. Сонда деймін де, тіркеуде тұрған өз туындыма Авторлар қоғамынан сыйақы алу үшін күнде кешке қолыма камера ұстап, той жағалап кетуім керек пе?

ӘЙ, СӘН ҚУҒАН ҚЫЗДАР-АЙ...

Осы сән қуған қыздар-ақ ыстыққа шыдамсыз екен. Біресе етектерін түріп, қысқа юбка киді. Бір иықтарын түсіріп, салқын самал соқсын деп кіндіктерін ашып жүрді. Жон арқаларын жалаңаштап та көрді. Аяқтарына жұқалтаң табаны ғана бар шәркейді де байлап жүрді. Енді – жыртық джинсы.

Жыртықджинсымен жүру өздерін «асамәдениеттіміз» деп есептейтін жастар арасында хипп сәнқойларының кезінде-ақ пайда болған. Қазір бұл, жынысына қарамастан, жастардың жаппай киетін сән атрибутына айналды. Оны әзірлеп алу да аса қиын емес. Лезвие, қайшы, скальпель болса болғаны, жап-жаңа джинсыйыңыздың қалаған жерінен тілгілеп, кірпішпен үйкелеп, жұлма-жұламасын шығарып аласыз. Джинсы неғұрлым ит талап тастағандай жұлма-жұламасы шығып жатса, соғұрлым сән көрінеді. Өкініштісі, әлгі еркектердің көзінің құрты болып отырған тілім тесіктің жыл өткен сайын тізеден жоғары қарай көтеріліп бара жатқанында. Қай жерге барып тоқтарын бір Аллаһ білсін! Әй, қыздар-ай, неге ғана ыстықтай береді екенсіңдер?!

ҚОНАҚҚА БАРҒЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?

Бірде, ортамызда 90-ға келген сыйлы қариямыз бар, көршіміздің үйіне айттап бардық. Адам түгілі керіктің де бойы жете алмас биік қақпа іштен кілттеулі екен. Еппен қағып едік, «бұл кім?» деген әйел адамның қатқыл дауысы естілді. Айттап келгенімізді айттық. «Біз ешқандай айттаушыны шақырған жоқпыз! Жөнел, түге!» деп жөніне кетті. Ойланып қалдық...

Несін жасырайық, дәл қазір қақпа алдынан өтіп бара жатқан адамнан шошитын заман туды. Тапа-тал түсте кілттеп аламыз. Камера орнатамыз. Адамның дыбысы естілсе шын-жырын тістелейтін ит ұстаймыз. Қарулы күзетшілермен

келісім-шарт жасасамыз.

Бұрын қалай еді? Есігіміз ашық-шашық, көршіміз емін-еркін кіріп-шыға беретін. Малымыз да ортақ, мысық-итіміз де ортақ, табағымыз да ортақ. Бала-шағамыз да ортақ. Күні бойы бірге, бір аулада ойнайтын. Абысындар өзара тату-тәтті. Жиын болса шақыртусыз-ақ қазан-ошаққа араласып, білек сыбана іске кірісіп кететін. Құлып дегеніңді білмейтінбіз. Ұзап шығатын болсақ, есікке кесек тіреп, топсасына шөп қыстыра салатынбыз. Онда да адам емес, мал кіріп кетпесін деген қауіп. Сонда да ұрлық дегенді естіген емеспіз.

Енді көп қабатты үйде тұратын ағайынның үйіне алдынала ескертусіз аттап басудан қалдық. Тосыннан барсаң подъезде кіре алмайтының ақиқат. Домофон. Сол құрғырдың кодын білу үшін амалсыздан күні бұрын телефон шалып, есіктен кірудің егжей-тегжейін сұрап біліп алуың керек. Подъездің іші түрме дерсің. Әр қабатта темір тор. Желкеңнен камера сығалап тұр. Қысқасы, бір үйге қонаққа бару үшін түрлі инструкциядан өтуіңе тура келеді.

Жеке үйлердің жағдайы әлгіндей. Аулаға сығалар жысық жоқ. Қақпа алдына көлік қоюға болмайды. Айқайласаң да, ысқырсаң да, ешкім келіп есік ашпайды. Себебі, терезелерін дыбыс өткізбейтін пластикпен тұмшалап алған. Амалсыз, телефон шаласыз. Қонақтан зәрезап болған, кешкі тыныштықты қалайтын үй иесі соткасын әдейі тілі енді шыға бастаған немересінің қолына ұстатып қояды. Ерке баланың жарты сағатқа созылған еріккен сұрақтарынан аман-есен құтылып, үй иесі телефон тұтқасын байқамай көтере қалған жағдайда ғана үйге кіресің.

Қонақ шақырып па едіңіз? Балконнан қарай салыңыз, кіре алмай далада жүрмесін...

ШАПАННАН НЕГЕ ШОШИМЫЗ?

Түркістан базарына кірсең, қаланып тұрған шапан. Көздің жауын алады. Кірсе – шыққысыз. Бірақ, әлгі шапандардың жанына барып саусағыңмен сипалай бастасаң, ою-өрнектері ширатылып, қабыршақтанып үгітіле бастайды. Басым бөлігінің – аппликация екені көрініп тұр. Қолөнер шеберлері жақсы біледі, аппликация деп отырғанымыз, сапасыз жұқалтаң қиындыларды өрнектеп, желімдеп үтіктеп жапсыру. Бұл – уақытша дүние. Сондықтан да, қара ба-

зарда Қытайдан жеткізілген шапаныңыз тең-тең болып үйіліп жатыр. Біртіндеп аласыз ба, келілеп аласыз ба, ешкім қолыңызды қақпайды. Арзан болған соң ба (Түркістан базарында 3-5 мыңның арасы), сол шапандар сөмке ішінде умаждалып, жиын-құдалықтарда көшіп жүр. Тойға барса шапанысыз қайтпайтын аты дардай ағаларымыздың үйінде де осынау сый-кәдеге келген «құрметті киім» сандықта иленіп жатыр. Шетінен суырып алып, мерейтойларда сыйлы ағаларының иығына жауып жатқандары.

Әсіресе, тойда, қарияларды қаз-қатар тізіп қойып, шапан жаба бастағаннан-ақ, олар әлденеден шошынғандай, іле иықтарынан шапандарын жұлып алып, пакеттеріне тоғытып жатқандарын байқайсың. Кигісі келмегені. Денеге қонымды, тәуір болса киеді ғой. Шалғайларына сүрініп, олпы-солпы болып жүргісі келмейді. Қалпақтары да ыңғайсыз. Шүйдеңнен сырғып, мұрныға түсіп, мазаңды алады. Екі бүктелген бөріктері де басыңа картон қаптағандай біртүрлі ыңғайсыз. Атам заманнан құрмет пен ізет белгісіндей болған осы қадірлі киімімізді тым сайқымазаққа айналдырып алған жоқпыз ба деп ойлайсың кейде. Байдың да, жарлының да иығына жауып жатырмыз.

Ілгеріде құрметті қонаққа, ақынға, батырға, палуанға, елге еңбек сіңірген ардақты, айтулы азаматтарға ғана шапан жабылатын. Бұл «батыр», «ақын», «палуан» деген құрметті атақтардан кейінгі берілетін құрметтеу, сый-сияпат, марапат, мадақ белгісі. Онда да қандай шапан десеңізші! Тысы мен астарының арасына жүн немесе мата салынып, сырты шұға, барқыт сияқты әдемі, мықты матадан қапталып, іші астарланатын. Жібек, барша сияқты бағалы маталар пайдаланылатын. Өңірі алтын жіппен оқаланып, әшекейленетін. Қысқасы, қазіргі той-құдалық шапан қадірін түсіріп бітті. Шапан жабу – біздің дәстүр ғой. Олай болса, неге біз шапан тіккіштерден құрметті киіміміздің тарихи кейпін сақтауды талап ете алмаймыз? Әлде, олпы-солпы киім ұнай ма бізге? Мейлі, қымбат-ақ бола қойсын, денеге қонымды, етек-жеңін жинақы, жарасымды етіп тігу қиын ба? Оюын да тым жылтырата бермей, әлсіз сән үлгісіне салып кестелеп оқалауға болады ғой. Сонда ағаларымыз иықтарына жапқан шапандарын пакетке жасырмай, керісінше, тастамай киіп жүрер еді.

АСТАМШЫЛ АСАБАЛАР

«Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа» болмаған соң, асабалар тойды қыздырамын деп ойына келгенін істеп, әбден есіріп барады. Ене мен келін арасындағы биязы сыйластықты сайқымазаққа айналдырған мына асабаға не дерсің?

Дүйім елдің алдында масаң жігітке асылып билейтін бишілерді есіртіп жүрген де, жұмсақ ойыншыққа отырып алып, етегінің қайда қалғанын білмей, күллі қайынағаларының алдында әуретті жері жылт етсе де, ақылынан адасып, желігін баса алмаған қатындарға есірік ойынды ойнатып жүрген де осы асабалар. Бір қызығы, тойдағы дүйім елдің бірде-бірі: не той иесі, не қарт-қария, не өзін зиялымын деп есептейтін ел ағалары әпербақан асабаға «әй, мұның не?» деп басу айтпайтыны таң қалдырады. Керісінше, ұятты әрекеттеріне мәз болып, қол шапалақтап, қосыла қолдау білдіретіні ойлантады. Масаң адамның әлсіз сәтін әжуаға айналдыра қояр мұндай асабаларды жүгендеп, әдеп этикасын еске салар жергілікті биліктің арнайы қаулы-қарары керек сияқты.

Той үстінде тәрбиеге жат ойын ойнатып, еркінсіген асабаға айыппұл салынып, айыппұлдан түскен қаржыға сол тойханаға келген меймандарға этикалық ой салар қанатты сөздерді кіре беріске баннер түрінде жазып, іліп қою керек. Әдепсіз асабаларды «қара тізімге» тізбелеп, той ұйымдастыратын продюсер орталықтарына беріп қойған да артықтық етпейді. Әлгі асаба оспадарсыз қылығын екінші рет қайталаса, айыппұл көлемін ұлғайта беру керек. Сонда ғана тойдан айырылағысы келмеген асаба лажсыздан кітапханаға барып ізденіп, көпті көрген ақылман қариялардан ақыл-кеңес сұрай бастайтын болады.

КІМГЕ, НЕ ҮШІН ТӨЛЕП ЖҮРСІЗ?

Біз төлемін ай сайын уақтылы төлеп электр жарығын тұтынып отырған қарапайым тұтынушылардың біріміз. Әркім өз ісінің маманы, алайда үйге сәуле беріп жатқан жарық қондырғыларының қызметін біле бермейтінімізді мойындаймыз. Сондықтан да жарық сөніп қалса, сабырмен қараңғыда отыра беретін қазақпыз. 3 күн жарық болмаса да, келген төлемақыны 30 күнге түгендеп төлей береміз. Себебі, жарық жеткізуге міндетті мекемеге барып, әділін айтып, ақыңды ажыратып алу мүмкін емес.

Міне, күні кеше үйдегі электр ақауларының бірінен кәкір шығып, 3 күн бойы үйде жарық болмай қалды. Өз бетімізше жөндей алмаймыз. Өмір қымбат! Сосын тәуекелге бел буып, маңдайшасына «Оңтүстік Қазақстан облысы (?) «Оңтүстік жарық транзит» ЖШС Түркістан электр жүйелері» деп жазылған мекеме есігін қақтық. Шаруамызды айта бастағаннан-ақ сөзімізді селқос тыңдаған мамандардың бірі: «Сізге біз көмектесе алмаймыз, электрикті көшеден өзіңіз тауып алып, жөндете беріңіз» деді. «Сонда қалай, - дедік біз де аң-таң қалып, - төлемақыны сіздерге төлеп жүрміз ғой, қызметті сіздер көрсетпейсіздер ме сонда?». «Біз үйіңіздің есептегішіне дейінгі аралыққа ғана жауап береміз. Ар жағы өзіңіздің проблемаңыз!». Әңгіме осымен бітті. Амал жоқ, сол мекеменің өзінен бір монтерді жалдап, «әке-көке» деп арқасынан қағып, ақшасын төлеп, үйге апарып жөндетіп алуға мәжбүр болдық.

Сонда деймін де, плоскогубцыйын қайшылап, «төлемақыңды уақтылы төлемесең жарығыңды қырқамын!» деп қақпа алдынан шықпай, үркітіп-қорқытатын дардай мекеменің қызметтік нұсқауында қарапайым халықтың әжетін шығару қызметінің қарастырылмағаны ма? Онда ақшаны кімге және не үшін төлеп жүрміз? Айына бір мәрте есікке әкеліп қыстырып кететін төлемақы түбіртегін тасығаны үшін бе?

16 ҚЫЗДЫҢ 2-ЕУІ ҚАЙДА?

Зұлқия-ай, Ұрқия-ай,
Қатира-ай, Сағира-ай,
Күлзира-ай, Назира-ай,
Марзия-ай, Мария-ай,
Нағима-ай, Бәтима-ай.
Әшекей қыз Айжан-ай,
бәлекей қыз Балжан-ай,
Шашбаулы қыз Сәлима-ай,
еркелеген Таиса-ай,
Толықсыған Маруся-ай, қайда кетті Раиса-ай,
Я люблю аяй!

Бұл қайталанбас дара дауыс иесі Ғарифолла Құрманғалиевтің орындауындағы халық әні «16 қыз»-дың қайырмасы. Біртіндеп санасаңыз, түпнұсқа мәтінде 16 қыздың

есімдері түп-түгел аталады. Ал «Дос-Мұқасан», Қайрат Нұртас және өзге де қазіргі эстрада әншілері айтып жүрген нұсқаларда, неге екені белгісіз, қыздардың есімдері түгел аталмайды (тіркелген бейнежазбаны тыңдап, санап көріңіз). 2 қыздың есімі жоқ. Қаншама жыл! Ешкім байқамаған. Әлде, бұлар әнді орындай бастағанда екі қыз ұзатылып кетті ме екен?..

ТҮРКІСТАННЫҢ ТҮРЛЕНУІ – ӨНІРДІҢ ГҮЛДЕНУІ

Түркістан қаласына облыс орталығы мәртебесі берілді. Енді әркімнің де көкейінде қала түбірімен өзгерсе екен, түрленсе екен, сәулеттік келбеті жаңарса екен деген ішкі ойдың жүргені анық. Осы қаланың ауасын жұтып жүрген азамат ретінде біз де сол ойдамыз. Әрине, мұндай түбегейлі реформаға уақыт керек. Бәрі бір сәтте бола салатын нәрсе емес. Астананың қазіргі келбетіне біз 25 жылдан кейін ғана қол жеткізе алдық. Сондықтан әрбір түркістандық бұған сабырмен, салмақпен қарап, бұрынғы облыс орталығы – Шымкенттен көшіп келіп жатқан түрлі құрылымдарға, олардың қызметкерлеріне қолдан келгенше жәрдем беруде.

Қайсыбір ірі мегаполис те шаһар ішін қуалай ағар өзенімен сұлу. Мәскеу – Волгасымен, Париж – Сенасымен, Астана – Есілімен, Алматы – Есентайымен, Рим – Тибрімен, Вашингтон – Потوماгымен, Стамбул – Босфор бұғазымен мақтана алады... Мұндай өзендер бір жағынан қалаға көрік берсе, екінші жағынан көгеріс фауналарын ұлғайтады, жағалауы туризм кластерін дамытуға мүмкіндік ашып, шаһарға салқын ауа алып келеді. Мәселен, қасымыздағы Қызылорданы кесіп өтіп жатқан Сырдария Түркістан қаласынан 50 шақырымға жетпейтін қашықтықта. Еңдеп, терең канал қазу арқылы арнасын қалаға қарай бұрып әкеліп, шаһар ішімен бір жығалатып алып, ағысын тоқтатпаған күйі апарып қайта Сырға құйса, керемет ма болар еді дейсің..

Жел тұрса ақтүтек шаңның борауы Түркістанда қалыпты әдетке айналған. Аңызға жел азын-аулақ есік алдында өсіп тұрған өсімдікті де қуратып жібереді. Мұнымен күресудің бірден-бір жолы – қаланы абаттандыру. Бір жылдары академик Мұрат Жұрыновтың: «Түркістан қаласының

астында үлкен су бассейндері бар. Секөндіне 26-28 литр су тартатын артезиан қондырғыларын орнату арқылы жер асты суларын тартып, Түркістанды таза сумен қамтамасыз етуге болады. 10 артезиан Түркістанға толығымен жетіп артылады» дегені бар еді. Бұл шындыққа келетін сияқты. Сол жылдары Жұрыновтың бастамасымен қазылған жалғыз артезиан күні бүгінге дейін бүкіл университет қалашығын, қала берді сол маңдағы жеке тұрғын үй секторларын суландырып тұр. Қаланы айналдыра көгалдандырып, тіпті қала ішіне арша-шыршалы өсімдіктерді, сирек кездесетін тал-дарақтарды молынан ексе, бұл шаһарды әрі шаңнан қорғар еді, әрі қалың көлеңке жауып, қала сәні кірер еді.

Чехияда болғанымда қала ішіндегі көшелерге асфальт төселмейтініне, оның орнына тізбелей тас қалап шығатынына таң қалғаным бар еді. Сұрастырғанымда, «асфальт ыстық күндері балқып, бойынан адам ағасына зиянды химикаттар шығаратын болғандықтан, біз ежелден осылай табиғи тас төсеуді әдетке айналдырғанбыз. Оның үстіне асфальт жаз күндері күннің жылуын бойына тартып, ыстық ауа таратады» деген еді мамандар. Бізде Қаратау бөктері шашылған тас. Неге осылайша тау сыйын игілікті іске пайдаланбасақ?

Жаңа қалада үйлер де ретсіз салынбаса екен дейсің. Мәселен, Прагада, Венада үй шатырларын тек қызыл-сарғыш түсті черепицамен жабу дәстүрі бар. Ұшақпен төбеден қарағанда қала бір түсті қызыл көрпе жамылғандай сондай әдемі көрінеді. Қабырғалары да ою-өрнекті қасбеттермен әрленіп, шырмауық өсімдіктер өрлетіп, сұлулық келбетін сақтап, қалаға әдемі реңк беріп тұрады. Көшелері тап-таза. Дәл біздегідей жеке теліміне қарыстап артық жер қосып, көшеге итіне шығып жатқан ешкімді байқамайсың. Сызғышпен сызғандай түп-түзу. Бізде үй сыртын қоршай бастаса міндетті түрде елілеп жер қосып, сыртқа қарай жылжып отыратын бір жаман әдет бар. Осы бір қомағай әдеттен арылсақ, қала келбеті сұлулана түсері даусыз.

Түркістанның дамуына Елбасымыз тікелей назар аударып, көңіл бөліп отыр. Себебі көне шаһардың туристік әлеуеті өте жоғары. Өткен жылы 1 миллион 190 мыңнан астам туристер мен зияратшылар келген болса, алдағы уақытта олардың санын көбейту көзделіп отыр. Қала маңынан жаңа әуежайдың, теміржол вокзалының, автобекеттің бой көтерер сәті де

алыс емес. Сервистік қызмет көрсететін әлеуметтік-мәдени нысандар да көбейе бастамақ. Оларға қажетті инженерлік инфрақұрылымдарды еуропалық үлгідегі тәжірибелерге сүйене жасаудың маңызы зор. Қаланы газдандыру мәселесі де жедел қолға алынатын шаруа. Қазірдің өзінде Түркістан және іргелес Кентау қалаларында 1956 пәтерлі 33 тұрғын үйдің құрылысы басталып кетті. Облыс кәсіпкерлері, сондай-ақ Түркістан қаласына бейжай қарамайтын өзге де қалталы азаматтар инвестиция құюға, өз жұмыстарын жүргізуге әзір отыр.

Әлеуметтік желілердегі жазбаларға сүйенсек, Түркістан қаласының бас жоспары бекітілген соң бірқатар әкімдер мен қалталы азаматтар көне Яссы шаһарында түрлі инфрақұрылымдық нысандар салып, байғазылап тарту етпек ниетте. Мәселен, Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов Шымқала атынан бір ғимаратты сыйға тартуға ықылас білдірсе, облыстық мәслихат депутаты Серікжан Сейітжанов «Rixos» бес жұлдызды қонақ үйі типтес мейманхана салуды жоспарлап отыр. Анадолылық тағы бір іскер азамат бес жұлдызды екінші қонақ үйді тұрғызуды мойнына алмақ. Ал облыстық мәслихаттың хатшысы Қайрат Балабиев заманауи фитнес орталығын салуды ұйғарыпты. Бұлардан бөлек бірқатар іскер азаматтар өзге әлеуметтік-мәдени нысандарды салуға ниеттеніп отырған сыңайлы. Жән-ақ!

Естеріңізде болса, осы жазда Елорданың 20 жылдығына орай «Өңірлердің Астанаға тартуы» бағдарламасы аясында бірқатар облыс орталықтары жаңа нысандар тұрғызып, бас қаламызға тамаша сый жасаған еді. Алматы облысы – Жетісуды бейнелейтін жеті қақпасы, субұрқақтары, гүлзарлары, киіз үйге ұқсас орын-жайлары бар «Апорт» алаңын, балаларға арналған «Тенгри» саябағын тарту етсе, Атырау облысы – Есіл өзенінің екі жағалауымен байланыстыратын ұзындығы 313,5 метр, ені – 10,5 метр келетін балық символындағы көпірді салған еді. Атырау, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Ақмола және Жамбыл облыстарының әкімдіктері бірлесе отырып – жалпы ұзындығы 56 шақырымдық арнайы үстелдері және велосипед қоятын орындары бар, wi-fi және телефонды қуаттандыру мүмкіндігі қарастырылған веложол тартса, Маңғыстау облысы – кітапхана, музей, халықтық қолданбалы өнер ше-

берханалары, конференц-зал және тілдерді оқыту орталығы шоғырланған «Достық» үйін күрделі жөндеуден өткізіп берді. Шығыс Қазақстан облысы – көгалдандыру аумағы 613 мың шаршы метрді құрайтын ботаникалық бақты сыйға тартса, Қызылорда облысы – зымыран-ғарыш техникасы мұражайын ашты.

Осы сияқты, «Өңірлердің Түркістанға тартуы» іспетті асар-акциясы жалғасын тауып, жоғарыда аттары аталған азаматтардың игі істері республикалық деңгейде қолдауға ие болып жатса, түркістандықтар ғана емес, исі қазақ аспанға беркін атып қуанған болар еді.

Жалпы, жоғарыдағы нысандармен қатар көне қалаға мәдениет нысандары да керек-ақ. Мәселен, қаланың маңызды іс-шаралары әлі күнге дейін университеттің мәдениет сарайында өтуде. Заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен жарақталған ел деңгейіндегі алқалы жиындар өтетін салтанат сарайының қажеттігі байқалады. Түркістан театры да 235 орындық клубтың ескі жұртында отыр. Филармония мен цирк ғимараттары бой көтеріп жатса, артықтық етпес еді. Дендробақ, зообақ, арбат, гүлзарлы жасыл алаңқайлар – қала сәні. Балабақша мен мектептер де, жаңа типті орталық кітапхана мен неке сарайы да бірінші кезекте салуды сұранып тұрған әлеуметтік нысандар. Ірілі-ұсақты конференциялар мен тренингтер өтіп жататын конференц-залдарымен, офис-кеңселерімен жабдықталған Бизнес орталығы мен Мега сауда орталығы да қажетті нысан. Жастар күні-түні қыдырыстар ойын-сауық аттракциондарымен, түнгі демалыс аймақтарымен көз тартар саябақтар болса, қанеки! Еуропада жылына 16 миллион адам қызметін пайдаланатын ішінде гольф алаңшалары, кірсең шыққысыз түрлі ойын-сауық павильондары, кинотеатрлары, «биші» субұрқақтары, дүкендері мен мейрамханалары, боулингтері, бас айналдырар аттракциондары қарастырылған Disneyland Paris, (Europa-Park), Вся Европа, PortAventura, Тиволи сияқты демалыс кешендері жұмыс істейді. Мұндай әлеуметтік инфрақұрылымдар бір есептен Түркістанға туристерді тартудың жаңаша көзі болар еді.

Қалай болғанда да, Түркістан – түркі жұртына ортақ қала. Оның сән-салтанаты, айбыны мен абыройы әрбір қазақстандық үшін көз қуанышы болары даусыз!

Қала маңында тарихи жәдігер мекендер көп. Олардың көпшілігінің атаулары, тіпті қаланың өзіндегі 300-ден астам көше атаулары күні бүгінге дейін бір ізге түскен емес. Міне, осы мақсатта ономастика комиссиясының қолдауымен облыс орталығында таяу күндерде Күлтегін, Қазтуған жырау, Ханқорған, Алты Алаш, Мәңгілік Ел, Елім-ай, Болат хан, Күлтөбе және өзге де көшелер пайда болатыны қуантады.

«Театр киімілгіштен басталады» дейтін сөз бар. Дәл қазір Түркістан үшін «Тазалық табалдырықтан басталады» дейтін тіркес маңыздырақ болып тұрған сияқты. Әкімдіктің бастамасымен бюджетті мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлердің күшімен сенбілік ұйымдастырылып, күре жолдардың бойындағы жеке үйлердің алды мен қорақопсылар ақталып, су себіліп, арам шөптер жұлынып, тазалық жұмыстары жүргізілуде. Ұяты бар кейбір мекемелер көше беттерін өздері тазалап, жергілікті билікке көмек көрсеткендей сыңай танытуда. Қала әп-әжептеуір тазарып қалды. Бір өкініштісі, кеңсе қызметкерлері үйлерінің сыртын ақтап жатқанда, үй иелерінің есік алдына шығып, қол құсыра күле қарап тұрғандарын байқадық. Бұл жерде олар үйлерінің көше беттеріндегі өздері тастаған қоқыстарына, талай жылдан бері жөндеу көрмей, сылағы түскен қабырғаларына ұялып, кеңсе қызметкерлерінің сыпырғыларына жармасу керек еді. Олай болмады.

Жалпы, қала тұрғындары, әсіресе көше бойында тұруды құмартатын жерлестеріміз баяғы жайбарақат күндерін ұмыту керек сияқты. Себебі, қала келбеті әрбір үйдің сыртқы көрінісіне қарап айшықталады.

Мәселен, Еуропада есік алдында ретсіз жатқан қоқысты көрмейсің. Тек ағаш жапырақтары мен бірді-екілі жерге түскен жемістерді ғана байқайсың. Сонда қалай, олардың тұрғындары күл-қоқыс тастамай ма? Әлде, барлығы мәдениетті ме? Мәселен, Парижіңізде, Амстердамыңызда, турист көп болғандықтан, кешқұрым көшеде қоқыстан аяқ алып жүре алмайсыз. Ал, таңертең басқа көрініс. Дым болмағандай, тап-таза! Көшеге су себілген, айнадай жалтырайды, түрлі гүлдердің иісі аңқып тұр. Жата кеткің келеді! Яғни, мұнда көше тазалығы ел ұйқыға кеткенде қызады деген сөз. Гүл демекші, бізде көше бойына жазда ғана сән беретін ана бір киіздей тапал гүлдерді қондыру әдетке айналып бара-

ды. Не хош иісі жоқ, не ұсқыны жоқ, шаң тартады, әйтеуір аты гүл. Соған қыруар қаржының жұмсалып жатқаны ақиқат. Оның орнына мың жыл гүлдейтін, бес қабатты үйіңіздің өзіне өрмелей жөнелетін түрлі гүл шырмауықтарын, көрсе көз қызығатын, хош иісі анадайдан мұрын жаратын декоративті гүлдерді неге екпеске?

Әзірге бізде көшенің ластануына тек тұрғындарды ғана кіналау тенденциясы басымдау. Яғни, тазалыққа жауаптылар «жиналған жерде емес, шашпаған жерде тазалық бар» деп ұрандатады. Ал Еуропада басқаша. Олар «қоқыс тасталмаған жерде емес, сол қоқысты жақсылап жинап алған жерде тазалық бар» дейді. Мәселенің мәні тазалық жұмыстарының еуропалық жүйесінде болып тұр. Онда тазалық қызметі бюджет қаржысына тәуелді емес, жалданып жұмыс істейтін гастарбайтерлердің ықыласында. Жалақыны көп алатын да солар. Яғни, туристерден түсетін қаржы мен көше тазалығын бұзғандардан алынатын айыппұлдардың бір бөлігі осы жалданушылардың еңбекақысына жұмсалады. Сондықтан да, онда біздегідей көше сыпырып жүрген әйелдерден гөрі, қолына күрек ұстаған алпамсадай-алпамсадай еркектерді жиі кездестіресің. Жалақысы дұрыс болғандықтан олар өзіне жауапты телімін сол маңда жүріп-ақ күндіз-түні бақылауда ұстайды. Тіпті, кей елдер бомж-дар мен жүріп-тұруға қабілетті қайыршыларды да күніне екі құты сыра, бір қорап темекі беріп, тазалық жұмыстарына пайдаланады екен. Тіпті сапалы жұмысы үшін 10 евро сыйақы да қарастырылған. Сонда әр бомж небәрі 19 евроға көшеңізді айнадай етіп тазартып береді.

Шет елдегі тазалықтың мұншалықты тұрақтылығы – тазалық туралы заңның бұлжытпай орындалуында. Мәселен, Канныда темекі тұқылын мәшине терезесінен шертіп сыртқа лақтыра салғаның үшін 180 еуро (7554 тг) төлейсің. Ал Калифорнияда дәл осылай темекі тұқылын көше бойындағы жасыл шүйгінге тастай салсаңыз, 1000 доллар айыппұл салынады. Бізде көшеде тұрып жан-жағына түкіріну, темекі тұқылын табанмен баса салу, су шөлмегін жиекке лақтыра салу – күнделікті өмір көрінісіне айналған.

Қалада көшені шаңнан тазарту да үлкен проблема. Сыртқа бір шығып келсең болғаны, аяқ киімді қайта сүртуіңе тура келеді. Ал дамыған елдерде аяқ киім сүртуді

тіпті естен шығарып та жатады. Шаңнан құтылудың бір жолы – барлық ашық топырақты алаңқайларды шым гүлзарларымен, декоративті тас төсеніштерімен көмкеруде жатқан сияқты.

Қысқасы, құрметті түркістандықтар, Еуропадағыдай тазалыққа қол жеткізу үшін бізге біраз уақыт, сабыр, төзім керек. Қала – біздің қала. Тазалық қызметінің жанкешті шабуылына сырттай бақылаушы болмай, қолымыз қалт еткенде сыпырғы-күрек ұстап, есігіміздің алдына тазалап отырсақ, одан беліміз шойырылып қалмас. Әркім өз үйін өз мемлекетіндей көрсе екен деген тілек қана! Сонда ғана біз облыс орталығын жаңа қала деңгейіне көтере аламыз!

«Облыс орталығына айналдық, облыс мәртебесін алдық!» деп бір-бірімізді жүрек жарыла құттықтап, қуанып жатырмыз. Тіпті, өзге аймақтағы, шет елдегі достарымыз да тілеулес болып, ақжолтай тілектерін қуана жолдап жатыр. Қуанған жақсы, әрине! Бір есептен бұл бізге, түркістандықтарға, елін, жерін, отанын, туған қаласын сүйетін азамат ретінде үлкен жауапкершіліктер жүктейтінін ұмытпайық. Алдымен әуелден келе жатқан ынтымағымызды, бірлігімізді, татулығымызды ту етіп, жергілікті билікке қала инфрақұрылымын жақсартуда, қала көркін көркейтуде, тіпті кез-келген кішкентай мәселенің өзінде бәріміз «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», бірігіп, қолымыздан келгенше көмектесуіміз керек. Бұрынғыдай сырттай бақылап, «ана жер андай екен, мына жер мұндай екен» деп кемшілікті ғана тізе бермей, «жаманымызды жасырып, жақсымызды асырып», сол кемшілікті жоюға әрқайсысымыз не үлес қоса аламыз, соны ойланып, ой таразысына салып, атсалысуымыз керек. Барлығы бірден бола қоймайды, бірте-бірте болатын тірлікке ынтымақшыл, сабырлы болайық. Дастархан басындағы әңгіме пыш-пыш сыпсыңнан гөрі ел мүддесіне, ертеңгі облыс орталығының дамуына, қаланың гүлденуіне негізделуі тиіс. Тіпті, бір-бірімізге деген мәдениетіміз бен сыйластығымыздың өзі бізді ерекшелеп тұруы тиіс. Өйткені біз ұлы Мағжан аңсаған «ер Түрігім туып-өскен Тұран халқымыз»! Елбасының өзі, телеарнадан көргендеріңіздей, мәртебелі Жарлыққа жария түрде, елдің алдына шығып қол қойды. Мұның өзі бұл шешімнің аса салмақты екендігін білдірсе керек. Ендеше, сол жауапкершілікті сезіне білсек, біз алмайтын қамал жоқ. Жастар бізге қарайды, біз жастарға

үміт артамыз! Жас өскіннің де бұл істе белсенді көмегі керек. Жастардың көшедегі жүріс-тұрысы, мәдениеті туристік сапармен, зияратшылықпен келген сырттағы әрбір адамға үлгі-өнеге көрсетуі тиіс! Қала өзгерді, біз өзгердік, енді сендер де өзгеріңдер, жас достарым! Өйткені сен де, мен де, ол да облыс орталығының тұрғынымыз!

ТҰСАУЫҢДЫ КЕСЕЙІН, КҮРМЕУІҢДІ ШЕШЕЙІН...

Жуырда белгілі бір азаматтың тұсау кесер тойында қонақта болып қалдық. Өздерін зиялылар қатарына қосып жүрген үш әйел қайшыларын қайшылап, енді ғана қадам баса бастаған жас қыз баланы жарты сағат бойы шырылдатып, тұсауын үш мәрте кессе (дұрысы қырықса, себебі қайшымен қырықты ғой) бола ма?! Бірі шығыстағы қысық көзді көршіміз синтетикалық мақтамен ширатып әзірлеп берген базардағы ала жіппен, екіншісі кепкен тоқ ішекпен, үшіншісі қураған көк шөппен. Үшеуі де еңкейіп-тұруы қиындау әйелдер екен, ала келген «жіптерін» сондағы қызметте жүрген келіндеріне байлатты. Еңкейе алмайтын бірі, тіпті ортаға үлкен үстел қойдырып, баланы соның үстіне шығарып, күрмеуін шешті. Негізі дәстүрде «күрмеуін кесу» деп аталушы еді, бұл жолы қолдарында қайшы жүргендіктен «күрмеуін қырқу» деп қабылдадық. Мұны көрген қасымда отырған жасы тоқсанға тақап қалған Ысқақ қария қайта-қайта басын шайқаумен болды.

– Қазіргі тұсау кесер тойларыңа бірінші рет қатысып отырмын, – деді сосын. – Өзгеріп кетіпсіңдер! Тұсауды қатын кесті деген не сұмдық! Ер адам кеседі ғой, айналайындар-ау! Сосын қыз баланың тұсауы кесілмейді, жүріс алып кетеді деген жаман ырым бар, өмірде шалыс баспасын, сүрінбесін деп ер баланікін кеседі. Ала жіп байлағандарың дұрыс, бірақ ала мақта емес қой? Төрт түліктің бірі – қой жүнін ширатып байласаңдар болмас па? Жалпы, тұсауды адамның лауазымына қарап емес, кімге ұқсағанын қалайсың, жарлы болса да соған кескізгендерің дұрыс. Көк шөп туған жерінде көктесін, тоқ ішек баланың іші-сырты майлы болсын, ала жіп ешкімнің ала жібін аттамай, адал азамат болып өссін деген мағынаны береді, қарақтарым. Баланың тұсауын бүгінгідей қайта-қайта

емес, бір мәрте ғана кескендерің жөн. Әрине, әйелдердің бұл шарада мүлдем миссиясы жоқ екен деп айта алмаймын. Әжелер алақан жайып ақ тілек білдірсе, сыйлы ағасы тұсауын кесіп жатса, ажарлы абысын, өнерлі келіншек сүйінші сұрап жетелеп жүрсе, жарасымды болмас па? Қиылған ала жіпті бала көтермей жүрген келіншекке ырымдап тартса, көп ұзамай құрсақты болады деген ырым да бар. Мына жерде әне бір еркектеріңнің тұсау қиындыларын ырымдап қалталарына салып жатқанын байқап қалдым. Баланың алдына кес-кестеп қойып жатқан ақша, әмиян, шаппа, сотка сияқты заттарыңа жол болсын? Бұл кәрістерден келген жора. Бала қиялын қызықтау үшін домбыра, кітап, қамшы, асық сынды заттар қойып жатса, сөкеттігі болмас еді. Ал тұсау кескен адамға бүгінгідей жастақ-көрпе емес, шапан не кебіс кигізеді.

Бұл көпті көрген қарияның ойы. Ал, сіздер қалай ойлайсыздар, жамағат! Әлде, қарияныкі қате ме?

ТӨР – МҰҒАЛІМДІКІ!

Ұстаздың қадірі, мұғалімнің мәртебесі туралы аз айтылып жүрген жоқ. Бүгінгі қоғам Мағжанша: «Алты алаштың басы қосылса төрдегі орын мұғалімдікі» демейді. Төрдегі орын – лауазымдылардікі! Жұмыс уақытында да, жұмыстан кейін де солай. Солар би, солар қожа. Алдына барғанда сәл артқа шегініп, иіле қалмасаң, бәлеге қалдым дей бер. Амандасуға ұмтылып, қолыңды созып тағы әуре болма. Теріс қарап селқос қолының ұшын бергенімен, «мынау кім еді?» деп жақтырмай, кірбің тартып, алакөзденіп қалуы мүмкін. Сенің бас қаушағыңның ішіндегі әлемің оған көк тиын. Киіміңе, қалтаңа қарап кісілікке қабылдайды (күндіз-түні шапқылап жүрген мұғалімде қымбат костюм қайдан болсын?). Жасы да, кәрісі де сондай. Тойдың өзінде ең төргі дастархан ұстаздікі емес, лауазымдынікі. Той басталар уақыттан қанша кешігіп келсе де (ал олардың кешігіп жүру әдегінде бар), аяқ жаққа тізе бүге салмайды. Қолтыққа алған келіншегімен есік алдында іркіліп, төрден орын босатуыңды тілейді. Тіпті, сыптай киінген жап-жас бала, қызметін бұлдай ма, әйтеуір, қанша жыл ұстаздық етсең де, тұрып орын беруді ар санайды. Бәлкім, бұл лауазымдыларды тым биікке көтеріп жіберген қалыпты салт-санамыздан да болар.

Қош, сонымен, мұғалім мәртебесіне келейік...

Ілгеріде мұғалім келе жатқанда оқушылар бас киімдерін шешіп, ығыса жол беретін де, «Сәлеметсіз бе, ұстаз!» деп саңқ ете қалатын. Әрі қарай ұстаз туралы, оның ізгі қасиеттері жайлы жылы сөздерін жалғап кете баратын. Тентектік жасап, парталас сыныптастырыңа кедергі жасай бастаған баланың басына указка тық ете қалса, ата-анасына жүгірмейтін. Себебі ата-анасының да тентектігі үшін мұғаліммен қосыла «сабайтынын» бала жақсы білетін. Осыдан соң оқушыда «мұғалімнің мәртебесі менің ата-анамнан да биік екен ғой» деген ой қалыптасатын. Сыныпта «шыбын ұшпайтын». Тек мұғалімнің ешнәрсеге алаңдамай дәріс берген бірқалыпты дауысы ғана естілетін. Мұндайда ұстаз берген білім бала қауашағыңа ұйыға құйылатын.

Қазір ше?..

Мектепке әкесі қымбат көлікпен алып келетін оқушыда табалдырықтан аттамай жатып-ақ менмендік психикасы пайда болады. Мұндайда ата-анасымен салыстырғанда жұпыны киінген ұстаздарына менсінбей қарап, сәлемінің сатулы болатыны анық. Сабақ үстінде де қалтасындағы қымбат соткасы бүйірін түрткілеп «мазасын алып», қайта-қайта қарағыштап, сабақ оқуға зауқының болмайтыны тағы бар. Сотка қызығына берілген балаға мұғалімнің жай ғана ескертпесінің өзі жағынан тартып жібергендей әсер ететіні даусыз. Мұғалім бала қолынан соткасын сабақ біткенше уақытша алып қоя алмайды екен. «Сөндіріп қой» деуге тағы қақысы жоқ. Ондайда ата-анасы мектепке келіп, әңгір-таяқ орнатты дей беріңіз. Себебі, ата-анасы балаға сотканы кез-келген уақытта, тіпті сабақ үстінде де, хабар алып отыру үшін алып береді-міш. «Мұғалімнің әр қимылын бейнеге түсіріп, уатсабыма салып отыр» дейтін ата-аналар да бар көрінеді. Хабар алуға андроиді мен гаджеті жоқ, сөйлесуге ғана ыңғайлы қарапайым сотка да жарар еді, бірақ әр баланың қолында – смартфон. Смартфон болғанда да қандай, көз ұялады.

Тап осындай жағдайда «бар кінә – білім бере алмайтын мұғалімде!» деп қоңырау соғатын ата-аналар да аз емес. Бала тәрбиесін түгелімен мектеп ұстаздарына ысыра салған қоғамда мұғалім мәртебесі туралы айта қоюдың өзі қиын-ау. Рас, ішінара мамандығына сай келмейтін ұстаздар да кезігеді. Бірақ, бәрі емес қой. Мәселен, барлығы біркелкі киінетін, сабақ үстінде мүлдем сотка қолданбайтын Назарба-

ев зияткерлік мектептерінде, «Дарын» мектептерінде, білім инновация лицейлерінде оқушы үлгерімі біршама жоғары. Әлде олардың ата-аналарына сағат сайын соткамен хабарласпайтындай перзенттерінің тағдыры бәрібір ме? Меніңше, мұғалімге деген сана тәрбиесін өзгертпей, мұғалімге түгелімен сенім артпай, біз білімді ұрпақ тәрбиелей алмаймыз. Ал білімді ұрпақ ел ертеңін жарқын етіп қана қоймай, мұғалім мәртебесін де көтереді. Мұғалімнің алтын уақытының басым бөлігін өз перзентіне емес, өзгенің – мына сіз бен біздің ұл-қыздарымызға арнап жүргенін ұмытпайық. Олар тіпті ең нашар оқыған оқушысының өзін мақтан етіп отырады! Ендеше, біз де мұғалімге төрден орын берейік!

ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ БАСЫНДА КЕМЕ ҚАЛҒАН

Қазақ елін әлемге танытудың бірден-бір көзі - туристік кластер. Түркістан, Көкшетау, Хантағы, Мыңғыстау, Ұлытау, Жетісу, Қазығұрт... санамалай берсек, аз емес. Бірде Атбұлақтағы досым, белгілі сазгер Аян Қожанов бізді Қазығұрттың ұшар басына, Нұх пайғамбардың кемесінің макеті орныққан биікке алып барды. Нұх кемесін қасиетті Қазығұрттың нақ төріне орнықтыруды қасиетті тауды қастерлеудің бір белгісі екен деп ұқтық.

Бұрын байқамаған екенбіз, түрлі рельстер мен қаңылтырлардан, тақтайлардан құрастырылған кеме макетінің желкен ілер мачтасы өзінен биіктеу көрінді. Со-сын ойланып қалдық. Біз түрлі нұсқалардан (суретшілердің картиналарынан, фильмдерден т.б.) көріп жүрген кемеді желкен жоқ (суреттерді қараңыз). Желкен қайдан пайда болды сонда? Әлде жағалай жапсырылған спутниктік байланыс табақшаларын орнату үшін қажет болды ма екен? Логикаға салсақ, әлемді топан су басып, жер шары тұтас сумен шайылып жатқанда, желкеннің қажеті не? Желкен қайықты әлдебір мекенге бағыттау үшін орнатылатын құрылғы. Ал мұнда кемеге нақты бағыт алар мекен бомаған, тек жан-жауар, жәндіктерді аман алып қалу үшін су бетінде қалқып жүрер үйшік іспетті қондырғының болуы ғана ойластырылған. Осы мәселені індете зерттеп жүрген профессор Сапар Жақыпбеков өз еңбектерінің бірінде: «Мәскеуде 2004 жылы басылған

«Тайны исчезнувших цивилизаций» кітабында бірнеше тарау Нұх (Ноя) пайғамбардың кемесіне арналып, кеменің құрылу себептері, ұзындығы, биіктігі, кеңдігі, үш қабаттан тұратындығы жазылып, қосымша деректерде тиянақталған. Нұх пайғамбар және оның кемесі туралы мәліметтер Құранда, Тәуратта және Інжілде кездеседі. Христиандардың пікірінше кеме Арарат тауының басына қонған делінсе, түркі халықтары, оның ішінде қазақтар Қазығұрт тауын айтамыз. Алайда, дүниежүзі ғалымдарының пікірлеріне сәйкес Нұх пайғамбардың кемесі Арарат тауында, Тендюрек мекенінде, Эльбрус тауларында, сонымен қатар Қазығұрт тауында орын тепкен деген жорамалдар бар» деген пікір келтіреді. Байқап отырсаңыз, ғалым кемені «үш қабаттан тұрады» дейді. Ал үш қабатты алып корабльде желкеннің болмайтыны ақиқат. Сондықтан тарихшылар, өлкетанушылар, тиісті сәулетші мамандар қолда бар деректерге сүйене отырып, кеме макетін аңызға жанастыра қайта реконструкциядан өткізу жобасын ойластыруы қажет те сияқты. Сіз қалай ойлайсыз?

ЖАСТАРДЫҢ ТІЛІ – ТІЛСІЗ ТІЛ

Қане, жастардың тілімен бір сөйлеп көрейікші, қуып көрейікші дегенім ғой... Бірақ, братанның «крышасы кетіп қалған» екен деп думқаға кетіп қалмаңыздар...

Кеше бір достым, қасында братишкасы бар, петруш-касымен бірге хатама келді. Үйге кір, шай ішеміз десем, прикинь, майысып, ломаться етіп кірмей қойды. Не хабар дегенім сол еді, далада базарит етіп тұрып алмасы бар ма? Құлағымның кетіп тұрғанын қақпай тұрған сияқты. Өзінше! Соған қарағанда, көке-жәкесі бар-ау. Ал былай мазёвый бала. Байқаймын, әңгімесінің аяғы шай боп кетті. «Қуасың ба?» десем де ұғатын емес. Сыңдым ғой. Петрушкасын қарсы қойып, зарядтап қойсам ба екен деп те ойладым. Сосын анау-мынау, сиыр-бұзау, оған бәрібір ғой деп тормозит еттім. Жунгарит етуге дегендей, тағы ұят. Раха, жұмысым көп, зыт дедім. Кеткені сол еді, рахатизм! Все на мази!

P.S: Түсінбегендерге сөздік: қуу – лағып кету, братан – аға, крышасы кету – айну, думка – ойлау, есі ауысу, досты – дос, құрдас, братишка – іні, петрушка – құрбы (подружка), хата – үй, прикинь – қаратпа сөз, майысу, ломаться – ұялу, не хабар – не жаңалық бар, базарит ету – әңгіме айту, құлағы

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

кету – тыңдағысы келмеу, өзінше – менсінбеу, көке-жәке – мықты таныс, мазёвый – жаман емес, шай боп кетті – мыжып кетті, сыну – риза болу, зарядтау – айныту, анау-мынау, сиыр-бұзау – бәрібір, тормозит еттім – ұстамды болу, жунгарит ету – бұзықтық жасау, раха – рахмет, зыт – кет, рахатизм – құлағы тыншу, все на мази – бәрі тамаша

Міне, көшеде екеуара сөйлесіп тұрған кейбір жастардың ауызынан күн сайын еститініміз осы. Мұны жаргон дейміз. Жаргонды негізінен жоғары және орта оқу орындарының студенттері, оқушылар көбірек пайдаланады. Бір қалада тұрса да, әр мектепте оқитын оқушылардың ауызекі тілінде диалект-жаргондардың да кездесетінін байқайсың. Мұндай сөздер түсініксіз болса да, қарабайыр болғандықтан тез қабылданады. Бұл, әрине, тіл тазалығына нұқсан келтіретін жағдай. Көптеген жаргон сөздер жастарға қызықты көрініп, бір-бірімен тез тіл табысуға ықпалын тигізіп тұратыны рас. Құлаққа дөрекі естіліп, ерсі көрінгенімен, шүйіркелесе кетуге ыңғайлы.

Кейбір жаргон сөздерді ересектер қауымының да айта бастауы ойлантады. Мысалы; түк те емес – чепуха; демалыс – халыва; күлкі – угар; арзан – фуфло; мас – бухой; тақыр бас адам – лысик; толық адам – пончик, бәрі жақсы – мазя, пистолет – валына, пуля – семечки, сіріңке – драва, темекі – зубочистка, жалғаса береді. Меніңше, жаргондарды пайдалану сөздік қорымыздың аздығынан жүзеге асатын сияқты. Сонда тіліміздің болашағы не болмақ? деп уайымдайсың. Бүгінгі жастарымызға күнделікті кітап оқып, әдеби тілді мейлінше мол пайдалану арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру керек сияқты. Ал әзірге былапыт жаргондарды пайдаланатын жастардың болашағы бұлыңғыр болып тұр. Біз олардың өз ана тілін құрметтейтін азамат болып өсуін қалаймыз.

АСХАНА МӘДЕНИЕТІ

Көне Яссы шаһарындағы кейбір кафе-мейрамханалардың иелеріне «клиент всегда прав» дейтін ежелден келе жатқан аталы сөз жүрмейтін сияқты. Неге десеңіз, отыратын үстеліңнің, пайдаланатын ыдыстабағыңның тазалығына, даяшының қызметіне, басқа да қонақ кәдесіне қатысты өтініш-тілектеріңе мұндағылар пысықырып та қарамайды. «Ұнамаса басқа кафеге бара ғой!» дегенді

ойланбастан-ақ сұқ саусағын есікке қарай шошайта айта салады. Әсіресе, шеттен келген қадірлі мейманыңнан ұяласың. Олардың өз қаласындағы асхана сервисімен салыстыра отырып жеңіл ескертпе айтуға бейілді болатын әдеті (әйтпесе, біздер, жергілікті тұрғындар әлгіндей сұқ саусақтарға үйреніп қалғанбыз).

Біле-білсе, асхана иелері қалтасындағы ақшасын төге салуға дайын келген тұтынушының етегіне жармасып, асты-үстіне түсіп, жылы қабақпен қызмет көрсетуге бейілді болуы тиіс еді? Сол арқылы кәсібі дөңгелейді, тұтынушы балға үймелеген арадай айналшықтап шықпай қояды.

Ас мәзірі де жұтаң. Басым бөлігі күні бұрын әзірлеп, пісіріп, тоңазытқышта ұзақ сақтауға ыңғайлы тағамдар (сорпа, манти, түшпара, қуырдақ, палау, лағман, кәуап).

Сайып келгенде, біздікі асхана қызметкерлерінің мәдениеті арқылы қалаға жиі келіп жататын шетел туристеріне дамыған елдерге тән сапалы қызмет көрсетіп, тұтынушы талғамына сай тәбеттене тамақтанатын жағдай жасап, қала бюджетінің қалтасы томпайып жатса деген тілек қой.

ТЕКТІ СӨЗДІҢ ТӨРЕСІ

Жыры – ғибрат, термесі – тәмсіл азаматтың бірі әрі бірегейі «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, ақын-сазгер, термеші Аяз Бетбаев десек, ешкім мұнымызға дау айта қоймас. Сөз асылынан ұзақ уақыт бойы көз жазып қалған қазекем, әсіресе, аға буын аға-әпкелеріміз күні бүгінге дейін Аязын іздейді, қоңыр үніне көрік берген ойлы жырларын сағына еске алып отырады. Аяз термелетсе даланың тыншитынын, жылаған баланың уанатынын, әже құлағын түріп, қарияның күрсінетін сезетін олар. Текті сөзге бөгелмейтін, тау суындай сарқырап, арқырай ағатын, ылдидан шапса, төске озған, ертемен шапса кешке озған мұндай жүйрік термеші шын мәнінде халық жүрегінде таспен қашалып жазылып қалғаны ақиқат. Әсіресе, мына эстрада экспансиясы миыңда даңғырап, дәстүрлі өнерің әдірам қалған заманда таңдайына тәтті үн ұялаған Аяз термешінің әфсана-жырлары таудан құлаған тұма бұлақтай жанға жұмсақ, жүрекке жылы тиетіні рас. Аяз Бетбаевтың «Сағыныш», «Сыпатай батырға арнау», «Бауыржанға арнау», «Кененің 90 жылдығына арнау», «Шу өңірі»,

«Ғашықтар» және т.б. туындылары әлі есте.

Қазақтың саф алтындай ғажап өнерін – термесі мен жырын құрмет тұтар, сона-а-ау Мәскеуде тұратын қазақ меценаты, көп жылдар бойы Мәскеудегі қазақ диаспорасын басқарған қоғам қайраткері, Ресей қазақтары ауыз толыра мақтаныш етіп айта жүрер үлкен өнер жанашыры Жәнібек Елекбаевтай азамат түрткі болып, жуырда халық жүрегін жылдар бойы тербетіп, сөз ұғар ұрпағын рухани бұлақтан сусындатып келе жатқан Аяз Бетбаевтың туындыларын жинақтап, кітап етіп бастыруын қазақ өнеріне деген үлкен жанашырлықтан туған ниеттестігі деп ұқтық. Рас, заманында кең-байтақ даламызда музыкалық өнердің небір ғажайып үлгілері жасалды, қаншама үлгі-нәсият болар жыр-термелер туды. Ендігі мақсат – ортамызда жүрген Аяз Бетбаевтай таланттардың төлтумалары арқылы барымызды бағалап, сақтап қалу. Әрбір жыр мен термені шашау шығармай, қадірін кетірмей, мазмұнын солғындатпай, көмескілендірмей, төл қалпында келесі ұрпаққа жеткізу, аманаттау. «Өнердің қаймағы бұзылмасын десек, сол бір саф өнерді арқалап жүрген Аяздай өнерпаздар әспеттеліп, құрметтелуі тиіс» дейді бұл турасында Жәнібек бауырымыз.

«Жыр толғаса, қалың жұрттың құлақ құрышы қанатын, аламан айтыста қара үздіріп шабатын, терме тербетсе, көкейіндегіңді дөп басып айта алатын Аяз Бетбаевтай асыл ағаны қалың көрерменнің әрдайым іздеп жүретіні рас, - дейді Мәскеудегі «Қазақ тілі» қауымдастығының төрағасы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Әбуислам Тұрсынбаев. – Бұл жинақ халықтың сол сағынышын басатын, Аяз термелерін жас ұрпаққа таратып, насихаттайтын бір әдістемелік құрал болғалы тұр».

Жас ұрпақ демекші, ақын перзенті – қызы Айзада да өнерден құралақан емес, әке мұрасын аманаттап, елге таратып жүр. «Әкем соғыс жылдары дүниеге келді, анам Гүлшара Сәуірбайқызымен отау құрып, ұрпақ тәрбиелеп отыр. Өзім Тараз мемлекеттік университетін бітіріп, бүгінде облыс әкімдігінің ішкі саясат бөлімінде қызмет етемін. 1999 жылы Мәскеудегі «Мұрагер» қазақ қауымдастығының шақыруымен әкем, анам үшеуіміз Мәскеуде болып, «Ярославль» мәдениет сарайында өнер көрсетіп қайттық. Халық әкемді жылы қабылдады. Сол жердегі бауырларымыз әкеме

ризашылықпен «Жигули» автокөлігін сыйға тартты. Сонда мен дәстүрлі қазақ өнерін әкемнің қаншалықты биікке көтергенін жан жүрегіммен сезгендей болдым».

Халық жүрегінің үнін, оның ойы мен сезімін, бар болмыс-бітімін жеткізуге кейде эстрадалық туындылардың шамасының жетпей жататыны рас. Ал ұлттың тарихи қалыптасуынан бастау алған, қоңыр дауысты домбырадай ұлттық аспаптармен бірге насихатталып, бүгінгі күнге жеткен дәстүрлі жыр-термелер халық өнерінің көп тынысты, сан қырлы күш-қуатына тән сияқты. «Міне, осы асыл қазынамызды домбыра тілімен сөйлетіп жүрген Аяздай ағамызға қандай құрмет көрсетсек те, оның туындыларын ел ішіне қалай таратсақ та – бізге, осы күн өкілдеріне аманат, - дейді Қазақстан республикасының мәдениет қайраткері, дәстүрлі әнші Абылайхан Оспанов. – Қазыналы халқымыздан, ата-бабадан мұраға қалған терме құдіретіне бүгінде бас имейтін қазақ болмас. Қай кезде де ұлтты ұлт ретінде сақтап қалатын дәстүрлі өнер Аяз сияқты ағаларымыз барда өлмейтініне бек сенімдімін».

Ия, қалай десек те, бабалар мұрасы болған жыр-терме – текті сөздің төресі, рухани тәрбиенің құралы. XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісу жерінің өлең-туын аспандатқан таланттар Жамбыл жырымен «Бата берген Сүйінбай, Жырдың тіккен туындай. Ақындардың ақыны, Айдын көлдей ақылы» деп ақын есімін ардақтаған. Бала Жамбылға бата берген Сүйінбай ақынның рухы бізді ұлық өнерге үндесе, Аяздың бұл жинағы келер ұрпаққа ұлттық өнер құдыретін аманаттаған бір естияр құрал болсын! Ал сол мүмкіндікті туғызған Мәскеудегі бауырларымызға Алланың нұры жаусын!

ДӘУКЕҢ

Дәукең.

Куртасымыз Дәулет Телібаевты бәріміз осылай ныспылауға үйреніп қалғанбыз. Қызымыз да, ұлымыз да...

Курстағы үлкеніміз де сол. Біртүрлі пана тұтатын сияқтымыз ба, білмеймін, әйтеуір, еркелегіміз, ебі келсе сипай қалжыңдағымыз келіп тұратын әдет әлі қалған жоқ. Мұндайға Дәукең үйреніп кеткен, тісі ақсия күліп алатын да, әзіл-қалжынымызға оншалықты мән бермеген сыңай таныта-

тын.

Шешіле сөйлесе шешен, ақыл айтса көсем Дәукеңді әсіресе курстағы кішкентай қарындастарытым жақсы көретін. Дүрия, Ләйлә, Зейпін, Бақыт, Ғалия аға тұтып, «Дәукелеп», қасынан бір елі шықпайтын. Ондайда Дәукеңнің де қолы ашық. Қалтасындағы барын қағып, «төге салатын». Содан қыздардың бөлмесінде ду-думан, «бешір» басталатын да кететін...

Мұндай «экспромт» отырысқа біз де, жігіттер де ортақпыз. Себебі, Дәукеңнің жомарт дастарханынан дәм тату бізге де ерекше қымбат-тын. Болашақ журналистерміз ғой, түннің біруағына дейін пәлсафа соғып, жаңа ән-жырларымыздың тұсауын кесіп, мәре-сәре болып қалатынбыз.

Қарнымыз аша бастаса, курсымыздағы ең кенжеміз Дүрияға «ағаңнан хабар алсай» дегендей ыммен иек қағатынбыз. Ол да мұндайға епті, әлемдегі бар жылы сөздерін арнап, Дәукеңді тағы бір әдемі бешірге «отырғызып» қайтатын. Міне, сол жылдар Дәукеңнің шын азаматтығын, ініге ізетшіл, ағаға қамқор ақыл-парасаттылығын танытқан кезең болды...

Дәукеңнің тағы бір қасиеті – біз сияқты ауылдан үлкен қалаға үркектей барған інілеріне «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» қамқор, пана болып жүретіндігі. Мұнысы жалпы курстың ұйымшылдығына, бірлігіне, ынтымағына әсер етті.

Алғаш КазГУ-ге түскен жылдары жатақханада үлкен курстың кіші курсқа базыналып, «әлімжеттік» жасайтын «дәстүріне» тап болғанымыз бар. Сондайда курстың Ақпанбет Әліш, Құлтөлеу Мұқаш, Қуаныш Иемберді, Бердібай Кемал, Нұрым Ерғали, Сейтхан Зеберхан сияқты әскердің тәтпіш-түтпішін ертерек көріп келген намысшыл жігіттері Табылды Досым, Серік Жанболат, Әміржан Қосан сияқты «жұдырықтан қорықпайтын» курстағы інілерінің «қанын қыздыра» Дәукеңнің маңына топтастырып, «түн жортуылшыларының» қайсыбір «шабуылына» да төтеп бере алатындай алынбас қамал болғаны есте. Екі-үш күнге ұласқан текетірес біздің жігіттердің оңайлықпен «шағылмайтын жаңғақ» екенін дәлелдеп, содан бері №5 жатақханада «әлімжеттік» дейтін әпербақанның мүлдем жойылып кетуіне

алып келгеніне тарих та, кейін біздермен айырылмастай достасып, бауырласып кеткен жоғары курстағылар да куә.

Досымыз Ақпанбеттің бір өлеңінде:

Дәукеңнің сөзі де аңыз, өзі де аңыз!

Жігіттің сойы дерсің оны нағыз!

Ол күндер біздің әлі есімізде!

Еске түссе кей кезде сағынамыз... – дейтіні содан.

Дәукең екеуміз үшінші курста жатақханада екі орынды бөлмеде қатар жаттық. Сабақтан шаршай келгенде Дәукеңнің жалаңаштана шалқалай жатып, көз шырымын алатыны бар. Мұндайда тыныштықты пайдаланып, терезе алдындағы үстелге жайғасып, кітап оқып алуға мүмкіндік іздеймін.

Қайда?.. оң құлағыңның тұсынан шәугім шүмегінен ытқыған будың дыбысын беріп біреу пысылдап жатса, кітап оқисың ба... бәрі жайында қалды.

Байқаймын, алып денелі Дәукең уайым-қамсыз, ұйқы құшағында. Қарны шерміп (қазір сол қозы қарын өзімізде де бар), тоқшылықтың, кеңдіктің пайымын байқатып жатқандай. Кітап әріптерімен араласа домалақ қарнына көзім еріксіз түсіп кете береді. Ойын ба, сайтан күлкі ме, әйтеуір бірдеңе түртіп, әлгі дөңгелек қарынды сипалағым келді. Еппен алақанымды кіндік тұсынан дөңгелеттім. Баяғы пысыл, селт ететін емес. Батылданайын дедім. Енді шертіп көрмекке бекіндім. Кіндік тұсынан зың еткіздім.

Сондағы ұйқылы-ояу Дәукеңнің Абайшалап айтқаны ғой:

Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?

Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.

«Бір тойған – шала байлық» деген қазақ,

Ет әкелсең қайтеді шерте бермей?

Міне, біздің әзілдеріміз осылай жарасушы еді.

Қазақ өз сәбиіне есім берерде әр-түр-лі жағдайларды себеп етіп, соны ырым-дайтыны ежелден бар әдет! Біз-дің аға-дос Дәукең де жарық дү-ние-ге шыр етіп келген сәтте-ақ ата-ана-сы дәулетті, шалқар да кең, асау да арынды болсын деп ат қоюды ойласа ке-рек.

Десе дегендей, бүгінде 60 жасқа толып отырған ел ағасы Дәулет Телібаев сүйікті жары Қапимамен бірге өне-ге-лі ғұмыр кешіп, артына тамсана ай-тып жүрер жақсы істер қалдырумен ке-леді. Өзіне өті-нішпен келген адамға қолынан

келсе қол ұшын беруге, көмектесуге әзір. Кішіпейіл, достыққа берік, бір сөзді, ұсақ-түйекті елеп, ескере бермейтін биязы, жұмсақ мінезімен дос-тарының құрметіне бөленген жан.

Дәукең – азамат, Дәукең – ғалым, Дәукең – рухани қазына, Дәукең – әке, Дәукең – ата, Дәукең – дос... Осы атаулы сөйлемдердің ар жағына бойлайын десен, бойлай алмайсың. Себебі әрқайсысының тамыры өте тереңге кеткен. Мұны біз Дәукеңді құрмет тұтар, Дәукеңе қарап бой түзер іні шәкірттерінің еншісіне қалдырдық...

АСҚАҚ АРМАНДЫ АУЫЛ АҚЫНЫ

Бала күнімде сыйлас, сырлас ағам Қоныс Бегалиевтің жергілікті басылымдарда жарияланып жүрген жырларын, сықақ өлеңдерін іздеп жүріп тұщына оқитынмын. Тілі жатық, ойы айқын, күнделікті айналамда кезігіп жататын жайттар болғандықтан ба, әйтеуір, өлеңдері жаныма жақын тиетін. Қайбір жылы жерлес ағам, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Қасымхан Бегмановтың да екеуара әңгімеде Қоныс ағамның өлеңдеріне жап-жақсы баға бергенін естіген едім.

Міне, таяуда ауылдас досым, сыныптастым Есіркеп Мыңтаев Қоныс Бегалиевтің бір топ өлеңдерін жиыстырып алып келіп тұрып, «әр жерде шашылып қалғалы тұр, тілдей жинақ етіп шығарып жіберсек дұрыс болар еді» дегендей тілеулестігін білдіріп кеткен еді, ауыл ақынының ауылында да жанашырлары әлі де бар екен ғой деп іштей қуанып қалдым. Ел азаматтарын ұмытпай, ұлықтап жүрген азаматтарға іштей алғыс айттым.

Несін жасырамыз, ауылда жүрген ақындардың асқақ армандары көп жағдайда жүзеге аспай қалатындығы жасырын емес. Әдеби ортадан алыста жүрген соң, көзі тірі ақтаңгер ақындармен жүздесіп, сырласып жүрудің сәті де көп ұшыраса бермейтіні анық. Шалғайда өмір сүріп жатқан қаламгер қауымның жан жүрегі езілетін, ең болмағанда бір өлеңіңді тұщынып тыңдап, дұрыс бағасын беретін адамға зар болатын жағдаяттар кездеседі. Сондай сәттерде «шіркін-ай, осындай жігіттерге қалай қол ұшын созсақ екен» деген ойға да қаламыз. Қолдың келтелігі осылайша көп жерде өз кесірін тигізіп жатады. Ал Есіркеп бастаған мына бір игі шара Қоныс секілді ауыл ақындары үшін үлкен қолдау екендігі даусыз.

Енді ауылда, арамызда жүрген ақын ағамыздың жырларын бір шолып көрелік. Ауылдағы ақынның балауса жырларын оқып отырып, ел деп, адамдар деп соққан жүрегінің дүрсілін сезінеміз. Мұндайда ол:

Бұлт басып кенеттен,
Қарауытты айнала.
Баяу ғана жазғы жел,
Бетті өбіп жай ғана.

Паналауға көдені,
Жүгіре бердік дедектеп.
Бірақ жолды бөгеді,
Нөсер жауын шелектеп.

Сүйгеніңді құшақтап,
Ала түстіп ығыма.
О да мені құшаққа ап,
Қанды жүрек сырына.

Саған осы керек деп,
Жуды жаңбыр тәнімді.
Аш белінен мен ептеп,
Құша түстім жарымды.

Күннің көзі ашылып,
Дала тағы нұрланды.
Осы жерде – далада,
Махаббатым шыңдалды.

Қоныстың жырларында қалада туып, асфальтта өскен, ауыл ғажайыптарын біле бермейтін, сезіне алмайтын ұрпаққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, тек қана ауыл перзентіне тән сезім мен сергектік басым.

Уа, менің күсті – сүйел қолдарым,
Жинап апсың шырын еңбек мол нәрін.
Қолдар, қолдар! Сенің осы арқаңда,
Басып келем үлкен өмір жолдарын!
Кітаптайын аударасын күн бетін
(Қолым үшін қасиетті түн де күн!)
Қолдар, қолдар! Сенің осы арқаңда,

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Көп қой менің әлі атқарар міндетім!
Уа, қолдар, сен өзіммен біргесін,
Алдық рас, бірде мақтан, бірде сын.
Қолдар, қолдар! Сенің осы арқаңда
Көтеремін Коммунизм іргесін! - деп ағынан жарылып,
ақтарылады. Армандары көп ауыл ақынының көңілі мырза,
сезімі сергек.

Ал, достарым, алдыңда,
Сырды ақтарғым келеді.
Осындай өндіріс шағымда,
Шыңдалып қалғым келеді.
Ұрпағыма сөнбейтін
Күнді ап бергім келеді.
Мәңгі-бақи сембейтін,
Гүлді ап барғым келеді.
Қызығына солардың
Құндақталғым келеді.
Алдарында солардың
Шын мақтанғым келеді. - деп кең құшағын жаяды,
құлшына тамсандырады.

Үлгілі ауылының түлегі қоныс Бегалиевтың өлеңдерін
оқып шыққаннан кейін оның күнделікті күйбең тіршіліктің
аясында көміліп қалмай, өмір ағысына ілесіп, алға жылжуға,
үлкен мақсаттарға бел буған күрескерлік рухына риза бол-
дым.

Бірқатар жырларынан ауыл ақынының азаматтық са-
рыны естіледі. «Ұрпағым соғыс білмесін» атты өлеңі келер
ұрпаққа аманат ретінде айтылады.

Қысқасы, ауыл ақынының армандары Қоныс ақынды
әлі де талай-талай биіктерге шығаратын сияқты.
Жолы болсын, ақын ағаның!

АҚТАУ – АРМАН ҚАЛА, ӘН ҚАЛА

Толқында туған ән
Ақтау!..

Асау Каспийдің жағасында жамбастай жатқан осы
бір сұлу қалаға, неге екені белгісіз, екі күн ғана қонақтасақ
та, етене бауыр басып қалыппыз. Бәлкім, бұл сондағы ниет-
тес жандардың өнер адамдарына деген айрықша ықыласы

шығар. Әлде, сол аяулы кештерде тапқан тілеулес достардың – Бердіхан, Дулат, Тұрғанбай, Арман, Наурыз, Бақытжан, Құлыбек, Нұргүл, Кенжегүл, Айнұр, Жомарт, Жұмагүлдердің қимастық пейілдері ме екен? Қалай болғанда да, әйтеуір, бір ыстық бауырмалдықтың сағынышпен баурап алғаны анық...

Жанға жайлы жағалауда кешкі самалмен еркін тыныстай жүріп, жұмсақ желмен баяу толқитын қарт Каспийдің көкжиегіне ұза-а-ақ қарайтынымыз, «Три Дельфина» қонақ үйінің мансардында тыныстай тұрып, қолтықтаса кетіп бара жатқан жастарға сүйсіне көз салатынымыз, сыңарын іздеп шарқ ұрған шағалалардың шағыл әндеріне ыңылдай үн қосатынымыз әлі есте. Онымыз жергілікті ақын Жұмагүл Мұрсалованың жыр шумақтарымен ән болып былай төгілді:

Толқыны жағаңның,
Ғажабы ғаламның,
Тұсауын кестің бе жаңа әннің.
Ажары Ақтаудың –
Каспийім мақтаулым,
Талайлар таңдайын қақты-ау мың!

Теңіздің дабысы –
Домбыра қағысы,
Баурайды толқындар вальсі.
Үстінде қайықтың
Көңілім байып тым,
Сергідім, сан ойдан айықтым.

Жаныма жаққаны –
Арайлы ақ таңы,
Ғажайып күннің де батқаны.
Орнады анық бақ:
Аққу-ән қалықтап,
Шағала-сезімім шарықтап!

Қайырмасы да көп күттірген жоқ. Теңізбен бірге тербеліп, толқынмен бірге толғанып, шағала қанатына ілесіп кете барды.

Ән-күйге баймысың

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Алғандай айды шын,
Жаныма жайлысың, Каспийім!
Толқынға тамсанар
Жүрегім ән салар,
Қуана қарсы алар, Каспийім!

Осы сәт құмда жатып саз жазып жүрген Құлыбек те қолына гитарасын алып, ыңылдай әнге қосылды. Қоңыр үн, жағымды тенор. Жүрек қылын шерткендей жұмсақ иірім жанды баурап барады. Бұл Ақтауға, Каспийге деген махаббаттан туған жаңа вальсіміз еді. Сол түні бір-бірімізді қимадық па, әлде әнді қимадық па, әйтеуір, таң атқанша отырыппыз. Жаңа әннің атын осы кездесуіміздің тұмарындай етіп «Каспий вальсі» деп таңбаладық.

Маңғыстау жастары өнерге құмар екен

Ақтауға бірінші сапар шегуіміз. Қасымда бүкіл қазақ баласы әлі күнге ұмытпай шырқап жүрген «Апатайым-анашым» әнінің авторы, Жастар сыйлығының лауреаты Сауран Елеуов аға бар. Пойызда екі күн жүріп, бір-бірімізден жасырар сыр-сыралғымыз қалмаған. Бауыр басып, әніміз де, сәніміз де жарасып-ақ қалған-ды.

Вокзалдан сәйгүліктей ақ «Toyota» көлдеңендей қарсы алды. Шопыр бала өзін Наурызбын деп таныстырды. Таныса келе шопырымыздың «жай шопыр» болмай шыққанын байқадық. Біз іздей келе жатқан Бердіхан Әлменнің көзі де, құлағы да, былайша айтқанда, барлық қара жұмысын арқалап жүрген азамат осы жігіт болып шықты.

– Сіздер ренжімесеңіздер, біз бірден теңіз басына тартатын болдық. Онда «Қазақстан» ұлттық арнасының өкілі күтіп тұр, – деді салған жерден.

Құй талғамай, жол жүріп үйреніп қалған қазақпыз ғой, бірден «Тарттық!» дедік. Іштей теңізге тездетіп жетсек екен деген тілеуқор көңіл де бар...

Теңіз толқынына етегін батыра жайғасқан әдемі мейрамхана бізді құшақ жая қарсы алды.

– Бердіхандарыңыз мен боламын, – деді тісі ақсия күлім қаққан құлағы қалқан қара бала алдымыздан құшақ жая ұмтылып.

Екі мың шақырымнан асыға жеткен құшақтар күтсін бе, айқаса кеттік. Жан-жағымыздан фотоаппараттар сыр-

тылдап жатыр. Осы сәт өзімізді бейне бір «жұлдыздардай» сезінгенімізді жасыра алмаймыз.

Ұлттық арнаның меншікті тілшісі Гүлмира Әбішева бір сүйкімді жан екен. Жымия күліп кешкі жаңалықтарға синхрон жазып алды.

Осы аралықта Бердіхан да екі күндік бағдарламамен таныстырып үлгеріп қап жатыр.

– Алла қаласа, осыдан соң студияға барып, «Сөз бен саз» бағдарламасына сұхбат бересіздер. Кешкісін маңғыстаулық өнер азаматтары сіздер үшін «Дәстүр» мейрамханасында дастархан жайып жатыр, содан дәм татасыздар. Уақыт қалса түнгі Ақтау сұлулығын көрсетуді де ұмытқымыз жоқ.

Телеарнада бізден бөлек атыраулық, маңғыстаулық, құлсарылық әріптестер де бар екен. Шүйіркелесе кеттік. Танысып, қолтаңба алып, селфилетіп жатырмыз. Осы сәт Сауқан да шабытын шықтытты. Сырнайын иығына іліп, қарлығыңқы дауысымен бебеулете жөнелді. Бір сәтте телеарнаның іші күтпеген ду-думанға айналды да кетті...

Байқағанымыз, мұндағы жастар өнерге өте ынтық әрі қатты қадірлейді екен. Қазіргі ән өнері турасындағы пікірлеріміз салған жерден тоғыса кетті.

– Қазір ән де көп, әнші де көп. Бірақ басым көпшілігі біздің ұлттық ән емес, – дейді мұндағы жастар. – Ырғағында да, иірімінде де шығыс пен латынамерикандық бір даңғаза екпін басым. Бұл ұлтты жаулаудың «мәдени» түрі емес пе екен? Тілінен, әдет-ғұрпынан, әнінен жаңылған елді билеу оңай ғой. Басқалардың бізге жүргізіп отырған жымысқы саясаты боп жүрмесін. Мұны ұғар әуесқой әншіні де, кәсіпқой музыкантты да әзірге байқай алмай отырмыз. Музыкант гитара арқалап сахнаға шыққанына мәз, әнші клип қуалап әуре. Бұған қарсы мемлекетіміздің тарапынан жасалып жатқан нақты іс-шаралар да байқала қоймайды.

Жастар айтса айтқандай-ақ, кенеуі кеткен экономикамызды қаржының күшімен орнына келтірерміз-ау, бірақ дәстүрлі өнердің арқауы бір үзілгеннен кейін оны қайта қалпына келтіремін деу бекершілік. Қазір бізде сауатты тыңдаушы жоқ. Эстрадалық әнге елітіп алған ел домбыра үні естілісімен-ақ залдан шығып кете барады. Осы өкінішті...

Телетүсірілімнен соң да біз қоштаса алмай, жастар-

мен қазіргі өнер турасында, дәстүрлі ән бағытында ұзақ әңгімелестік. Сол кеште бәрімізді қимас еткен ұлттық ән өнеріне деген шексіз махаббатымыз еді...

Бердіханның концерті бізге шабыт сыйлады

Абай мәдениет үйінде ине шаншыр орын жоқ. Аншлағ! Мұндағылар Ақтаудың айшықты өнер ордасын еркелетіп «ДК Абай» дейді екен. Таң қалдырғаны, бүгінгі өнерін ортаға салар өнерпаздардың дені ауылдан шыққан әуесқой таланттар болғанымен, ел «жұлдызды» концерттерге келгендей ықыласпен ағылып жатыр. Билет іздеп жүрген жандарда есеп жоқ.

Жобаның авторы әрі жүргізушісі Бердіхан Әлмен осыдан жарты жылдай уақыт бұрын «Сөз бен саз» атты тың жобаны қолға алған. Мақсаты – әндері халыққа кең тараған, бірақ өздері тасада қалған ауылдағы сазгерлерді халыққа таныстыру. Осы орайда «Қазақстан-Ақтау» телеарнасынан арнайы бағдарлама ашып, өңірдегі ән өнерінің майталмандарын көпшілікке насихаттап жүр. Бүгінгі концерт сол бағдарламаның есебі іспетті. Енді тек маңғыстаулық емес, еліміздің өзге өңірлеріндегі композиторлар туралы да деректер жинақтала бастаған. Белгілі әндердің белгісіз авторларының біразы бүгін осы кештің қонақтары.

– Көбне ән айтатын әншілер танылады да, олардың жұлдызын жаққан сазгерлер тасада қалып жатады. Менің мақсатым – негізгі еңбек иелерін өсіп келе жатқан ұрпаққа таныту, – дейді Бердіхан Әлмен концерт шымылдығын аша тұрып.

Ол осылайша жастардың рухани жаңғыруына өзінің үлесін қосып жатқанын мақтанышпен жеткізді.

Сол кеште маған да көппен ілесе:

Сендерге әрдайым орын бар,

Ақ отау төріне қоныңдар

Ақ тілек батамыз мінеки,

Бақытты болыңдар, болыңдар, –

деп өз әнімді шырқауыма тура келді. Бүкіл зал әнге қосыла тербелді. Қол шапалақтап, сахнадан жібергісі келмеді. Сонда ғана көңілім толқып, әнде шекара болмайды екен ғой деген ойға келдім.

Ән біте бере сахнаға гүл шоқтарын ала шыққан ақтаулықтардың маған гүл сыйлай тұрып: «Мына

гүлдестемізді осында өнер көрсеткен туыстарымызға ала келген едік, бала кезден шырқайтын сіздің мына бір әдемі әніңіз ол ойымызды айнытты, қабыл алыңыз!» деп, риясыз пейілмен құшақтарына қысқаны жанарыма еріксіз моншақ ұялатты...

Міне, қоштасар сәт те туды. Қимаймыз. Амал не...
Қош, Ақтау! Қош, ақпейіл тыңдармандарым!

ҰЛТ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН АҒАШ ШЕБЕРІ

Кентау қаласында еліміздің бірқатар өңірлеріндегі оркестрлер мен ансамбльдерге, кәсіби орындаушыларға арнап домбыра, шертер, қобыз, жетіген сияқты ұлттық саз аспаптарын жасап жүрген Тәуірбек Дүйсенбиев дейтін азамат тұрады. Ағаш шебері. Шеберханасындағы қоңыр үнді домбыра, қобыз, жаңғақ ағашынан дайындалған ыдыс-аяқ пен кәдесыйлар оның ағаштан түйін түйген хас шебер екендігін аңғартады. Ағаш қалдықтарын кәдеге жаратып отырған оның бұл еңбегі жастарға үлгі. Тал-дарақтан ұлттық нақыштағы бұйымдар жасайтын ел ағасының мақсаты біреу ғана – киелі де бірегей ұсталық кәсіпті артынан ерген ізбасар інілеріне мұра етіп қалдырып кету.

Кейіпкермен тілдесу барысында оның арғы аталары ұсталықпен айналысқанын, қолөнерге бала кезінен ынта қойғанын аңғардық. Әсіресе, тері илеп, жүген-үзілдірікке таспа тілетін, ер тоқым жасап, жүген түйетін бүгінде 80-ді алқымдап отырған Кенжебек ағасынан үйренгені көп. Көптен соқпаған едік, байқаймыз, ол тек домбыра шабуды місе тұтпай, ағашты кесіп-жонып, күйдіріп, небір көз жауан алар туындылар жасауға кірісіпті. Ұстаханасында күні бойы отырып, сүйікті ісін серік етуден жалыққан емес. Жан-жағының бәрі толған ағаш, жаңқа. Құрал-сайманның түр-түрі бар. Қабырғаларындағы сөрелерде жартылай аяқталған ағаш бұйымдары, қазақтың ою-өрнегімен көмкерілген дүниелер толып тұр.

– Халқымыздың тұрмыстық заттарды жасау технологиясы ерекше, – дейді ол әңгіме арасында. – Бұл қазақтың мал өсіруімен, көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты болса керек. Көптеген өнімдердің мал шаруашылығына тікелей

қатысы бар екенін аңғардым. Мәселен, кезінде ер-тоқым жақсы бағаланған. Оның дайындалуына терімен қабат ағаш та таағаммен пайдаланылған. Үй жиһазы мен ыдыс та ағаштан жонылған. Енді, міне, ұлттық аспаптарда жасауда да ағаш кеңінен қолданылуда.

Ағаш материалымен жұмыс істеу оңай емес. Көркем бұйымдар мен ұлт аспаптарын жасайтын ағаштар табыла бермейді. Кейбір ағаштарды жеті жыл көлемінде кептіруге тура келеді екен.

– Көпжылдық тәжірибемде ебін тапсаң, бәріне қол жеткізуге болатынына көз жеткіздім. Қазір еліміздің түкпір-түкпіріндегі тұтынушыларымды әрдайым жаңа дүниелермен таңғалдыруға асығамын, – дейді шебер.

Асқан төзімділікті, ептілікті талап ететін өнерді 30 жылдан бері арқалап жүрген Тәуірбек Арынбекұлы бүгінде қолтаңбасы қалыптасқан хас шебердің нақ өзі. Оның бұл ісі елеусіз де қалмады. Алдыңғы жылы Оңтүстік Қазақстан облысының «Жыл қолөнершісі» сыйлығымен марапатталды. Шағын кәсіпкерлікті қолдау қорының ақшалай жүлдесін қанжығасына байлаған сәті де есте.

Тәуірбек Дүйсенбиев секілді шеберлердің қайталанбас дүниелеріне қарап, мұндай өнімдердің өз тұтынушысын табарына шүбә келтірмейсіз. Оның үстіне қазір ағаштан жасалған бұйымдар, күнделікті қолданыстағы ағаш ыдыстар экологиялық жағынан таза.

Саз аспаптарының шебері болу үшін ең бастысы шыдамдылық керек. Аспаптың сыртқы формасын байыппен жасаудан бөлек оның дауысын жақсылап шығару ұзақ ізденісті талап етеді. Тапжылмай отырып ойдағыдай нәтижеге жеткізер төзім екінің бірінің бойына дари бермейтін қасиет болса керек. Ұлт аспабын жасауда байқампаздық пен ішкі түйсік қажет. Әрбір пайдаланған ағашың қандай қалыңдықта тілінуі керек, оның қаттылығы мен жұмсақтығы, дыбысқа әсер етуі сынды көптеген ерекшеліктерді байқап, іштей сезіне білу нағыз шебердің ғана қолынан келсе керек.

Бұрындары аспаптардың ішектері малдың ішегінен, аттың қылынан жасалушы еді, қазір балық аулауда пайдаланылатын лескаға көшті. Негізі, табиғи мал өнімдері аспап сапасын ашады. Ағаш өңдеу құралдарының дамуы да шеберлерге мол мүмкіндіктер ашып отыр. Шеберлердің ара, шот, бал-

та, сүргі сынды қол саймандарының орнын электр тоғымен істейтін түрлі ағаш өңдейтін кескіш, тескіш, қырғы станоктары алмастыруда. Бұл құралдардың барлығы қол еңбегін азайтып, жұмысты әрі жеңіл, әрі таза жасауға мүмкіндік береді. Тәуірбек осы құралдардың көмегімен әртүрлі формаларды, пірімдерді, өрнектерді жасап жүр.

– Өзім Театр және кино институтының түлегімін. Сондықтан жасаған аспаптарымның дауысын, орындаушылық техникаға қолайлығын, әрбір ішек мен перненің таза тұнық дыбыс беруін, тембрін толық сараптай аламын, – дейді қолөнерші.

Тәуірбек материал іздеп, көп уақытын босқа өткізіп алады. Ішектердің, бояу мен лактың, сапалы желімдердің дені шеттен келеді. Өзімізде өндіріс жоқ. Мәселен, АҚШ, Германия, Чехия, Польша, Швейцария, Италия сияқты дамыған мемлекеттерде тек музыкалық аспап өндірісіне деп белгілі бір ағаш тұқымдарын өсіретін орман алқаптары бар. Сол ормандағы ағаш діңдері қажетті өлшемге дейін жуандағанда оны тіліп, ұзақ кептіріп, артынша жергілікті шеберлерге және шетелге экспорттап жатады. Қазақ елінің де осындай өндірісті дамытып әкетуге толықтай әлеуеті жетеді деп ойлаймыз.

Оның үстіне Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында да осы жайт тұспалдай жеткізілген. Тек ұлттық құндылықтарымызға деген жанашыр көзқарас болса болғаны.

АРЫ ТАЗА АДАМ ЕДІ

Қасым аға, сізді сағындық!..

Пендеміз ғой, кейде күпір сөйлейміз, бірақтап осы жолы шыңдығын айтайық, аға, қайда болса да, тіпті о дүниеңізге де біз сізбен бірге кетер едік. Мына жалған дүниенің бір-бірімен ырылдасып-қабысқан, мүшәйра жұлдесіне таласып, кешегі қандыбалақ досын оп-оңай-ақ күресіңге лақтыра салатын, өзіңіз сияқты турасын айтқан адамға қара күйе жағуға бейіл ақын сияқтылардан әбден шаршадық. Қазір шын шығармашылық дертіне шалдыққан адам айналасынан дәл сіздей ары да, жаны да таза адамды іздеумен қажып жүр, шаршап жүр. Әй, қайдам, жақын маңда сіздің орныңызды басар қайсар пенде табылмай ма деп қорқамыз...

Мына жалғанның әділетсіздігіне жаны күйзелген күйі

замандасыңыз Құтай аға кетті дүниеден. Ана тіліміздің жоқтаушысы Жорахан аға да жоқ. Қара сырнайын бебеуеткен Құрмаш пен Аралбай да әлдеқашан жан тыныштығын тапқан. Базарбай ше, ол да қара өлеңнің қайғысынан құса болып өтті өмірден. Қуандық, Махамбет, Мерген, Құрсан, Нұғман... қайда олар? Бәрі сіздің сырлас, сыралғы достарыңыз еді ғой... Бәлкім, сонда, тү-ү-ү ұрмақ бағында кездесіп жүрген де боларсыз. Несін жасырайық, апта құрғатпай Тагарин көшесінің бойындағы үйіңізден табылатынбыз. Әріпкүл апамның шайын ішкенше шөліміз қанбайтын. Сіздің жаңа жырларыңызды тыңдағанша маза болмайтын. Қанаркенепке шимайлай салған, бояуы кеппеген суреттеріңізді көргенше ынтығатынбыз. Әркімді магниттей тартар әдеби орта дегеніңіз, міне, осы. Сіздің әдеби ортағаңызға бір кірген адамның одан қайтып шығуы қиын еді. Бірде алыс, бірде жақын боп, кете алмай, айналсоқтап жүріп алатынбыз. Себебі, бәрі өзіңе таныс, жаныңа жақын. Еркелей де аласың, ентелей де аласың. Сіздің бір-бірінен асып түсер шығармашылығыңыз ешкімді де бейжай қалдырмайтын, тағдырыңды тәуелді етіп, талай шыңдарға шақыратын. Әрине, мұндай ортада дау-дамай да, айтыс-тартыс та көп болатын. Бәрібір ыстық.

89-жылдың қара күзі әлі есте. Ол кезде жұрт бір-бірімен сыбырласа сөйлесетін. Ал біз сіздің сол Тагарин көшесіндегі қуықтай бөлмеңіздің төрінде отырып алып, ана тіліміздің келешегі үшін қызылкенірдек болып айтасытынбыз. Есік те ашық, терезе де ашық. Ұлт тілі үшін үрімге айдап кетсе де іркілетін пенде жоқ. Сол ұрын басқосуларымыз үшін сіздің қаншалықты таяқ жеп, қаншалықты қуғын көргеніңізді бүгінде айтып тауысу қиын. Шүкір, еңбегіңіз еш кетпеген екен, республикадағы тұңғыш «Қазақ тілі» қоғамы (республикалық «Қазақ тілі» қоғамы кейін 1991 жылы ашылды) 1989 жылы біздің қаламызда дүниеге келген еді. Онда, сөз жоқ, тек сіздің ғана ерлікке тән үлесіңіз бар!

Біз сіздің сол қайсар мінезіңізді сағындық, аға!..

Ортамызда қара өлеңімен қасқая қарап сіз әлі жүрген сияқтысыз. Шүкір, қазақ даласы ақындарға кенде емес. Қаратаудың түстігінде Желеу мен Зияш, Әділхан мен Рахым, Қуандық пен Базарбай бастаған дүлдүлдер бар. Олардың дүбіріне ілесе небір марқасқалар шоғыры өсіп келе жатқан сияқты. Бірақ, неге екені белгісіз, бізге күйкі тірліктің

күйбеңін елең қылмай, жалғанды жалпағынан басып жүретін сіздің орныңыз бөлек болып көрінетін.

Кентау Кентау болғалы өлеңқұмар қауым сіздің жырыңызбен сусындап өсті, сіздің жырыңызды жатқа айтты. Аз жазбадыңыз. Өлең де жаздыңыз, ыңылдап ән де шығардыңыз. «Жырыңыз жақсы екен, жинағыңызды шығарып берейік» деп желпінткен жебеуші болмады. Содан, тілдей бірді-екілі кітапша шығарғаныңыз болмаса, өлең құрғырыңыз қоңыр сөренің тартпасында сарғыш қағазда шимай болып жата берді. Ауық-ауық жиын-тойларда сізді танитын байшыкештердің кездесетіні бар. «Жақсы ақын еді, кітабын шығара алмадық-ау» деп күрсінеді. Бірақ, ой-өрелерін өлең емес, өзге нәрсе билеп алған ондайлардың уәдесіне көзіңіз тірі болса сіз пысқырып та қарамас едіңіз. Енді мұраңыз бізге керек болып тұр, бізге емес-ау келер ұрпаққа қажет сияқты. Сол себепті Рысты апа бастаған топ жан жарыңыз Әріпкүл апамызға, көзіңіздің қарашығы – қыздарыңызға қолқа сала жүріп, жан-жақта шашылып қалған дүнелеріңізді алты ай бойы жинадық. «Көктем өтті көзімді ашып-жұмғанша» деп өзіңіз айтқандай, сапалы бір баспадан жарық көретін жұқалтаң кітабыңызды көру бәрімізге арман болып тұр.

Құдайға шүкір, сезіміміз алдамапты, кітап туралы хабар шығысымен-ақ, сіз туралы естелік айтамын деушілер қарасы көбейді. Ұл-қыздарыңыз да туындыңыз жарық көргенше тыным таппауға бекінді. Пушкин атындағы №6 мектеп суреттеріңізді жинақтаса, біз әр тұста шашалып қалған өлең-жырларыңыз бен әндеріңізді ықтияттадық.

Өзіңе аяулы адамның аспаннан ағып түскен жұлдыздай лезде көз алдыңнан кете қалуы түс көрген бір сәтіндей ғана сезіледі екен. Одан арғыға қимайсың. О дүниеде екеніңізге сенгің келмейді. Бірақ шындығы сол – сіз енді арамызда жоқсыз. Балаларыңыздың басынан сипап, немерелеріңізді бауырыңызға қысып, айналып-толғанып отыра алмайсыз. Енді біз сізді тек еске алып қана, өзіңізге жүректен шыққан сөзімізді арнап, сағынышымызды ақтарып, дұға бағыштап қана отырамыз. Мына құрастырылып жатқан кітап сол сағынышты басудан туған дүние.

Сіз өзіңізге жырдан тұғыр орнаттыңыз, енді біз сізге ескерткіш соғамыз!..

ӘБДУӘЛІ БАЕШОВТЫҢ КҮЙ-ДАРИЯСЫ

Әбдуәлі ағаны жұрт академик Баешов ретінде жақсы таныса, біз, өнерлес замандастары, оны Күнгей мен Теріскейдің күйшілік мектебі мен дәстүрлі ән өнерін қабат алып жүрген шоқтығы биік өнерлес азамат ретінде жақсы танимыз. Қарт Қаратау баурайының ән өнері, күй өнері дегенде алдымен ауызға түсетіні осы салалардың бұлақ-бастауларын да тұрған Әбекең сияқты сирек таланттар. Қолына қара домбыраны ұстағанда оны бірде дүлей дауыл жерден көтеріп әкетіп, күй біткенше аспандата шарықтатып отырғандай, енді бірде Сарыарқаның салқын самалы баяу тербетіп, сабаңа түсіріп, мұңсыз бір қиялға жетелейтіндей көрінеді. Жанына байланып, айрықша сезімге бөленіп, жадау тартып отыра бересің. Ол күйді айрықша бір шабытпен нұрланып тартады. Оның домбыра шертісі біз білетін бұрынғы-соңғы күйшілердің бірде-бірінікіне ұқсамайды. Өнердің ең үлкен ерекшелігі де сол ұқсамауда. Ешкімге ұқсамағандығынан да ел-жұрт Баешовке дереу көңіл бөледі. Көп күйшінің ішінен ол жарқ етіп жаңаша, оқшау көрінді. Содан да болар, өнерінің де, өзінің де бағы жанды.

«Эстраданың экспанциясына елітіп алған жастардың ендігі жерде халықтық музыканың колоритін, оның белгілі тұлғаларын біле қоюы немесе түсіне салуы екіталай шығар» деген пікірмен намыс қажай сұхбаттасқанымызда, Әбдуәлі аға қазақтың халықтық ән дәстүрі, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан, турасын айтсақ, Сүгірдің, Ықыластың, Төлегеннің күйшілік мектебі бағытында ұзақ-сонар әңгіме бастайтын. Бастайтын да, қазақтың дәстүрлі күйлерін, Қаратау шертпелерін орындаушылардың қатары жылдан-жылға сиреп бара жатқанына «ah» ұра мұңаятын. Өздерінің соңынан енді қандай жастар шығып, орнын басады деген дұдамал пікір еңсесін басатын.

Әбдуәлі ағаның негізгі үлкен еңбегі күйшілік өнерді жаңаша бағытта, жастардың тыңдауына оңтайлы қалыпта қайта тірілтуінде еді. Күнгей өңірін айтпағанда, сол тұстағы Қаратауды мекендеген өнерпаздардың деніне еліктеп өсті. Егер Әбдуәлі аға Кентау қаласында Ергентай, Самар, Әлімбек сияқты күйші ағаларына, Бекжігіт, Қайыргелді, Аралбай сияқты әнші інілеріне ілесе жүріп, төл тумаларын

халық аспаптар оркестріне түсіріп, бүкіл Қаратау өңіріне жаймағанда, мүмкін сол Күнгей төңірегінен аспай, жай ғана халық жадындағы көп күйшілердің бірі болып қалған болар ма еді, кім білсін? «Ясауи толғауы», «Түркістан» сияқты бипаз да майда қоңыр күйлері бар салмақты өнерпазды табиғаттың өзі бізге сыйға тартуы тегіннен тегін болмаса керек. Былайша айтқанда, Әбекеңді күй шығармашылығының жаңа ғасырдағы жаңа жалғасы деп айтсақ та болады. Дәстүрлі күй өнерін халқына сіңіріп, ән-күй мектебін қалыптастырып кеткен осы өңірдің тумалары Ергентай Борсабаевты, Самар Сүйіндіковты, Әлімбек Қонысбековты айтпағанда, кешегі Құманғазы мен Тәттімбет бастаған күйшілер шоғыры біздің ұлттық өнеріміздің мақтанышы.

Әбдуәлі аға әдемі күйлерімен елді тамсанып жүрген күйші-композитор ғана емес, шертпе, төкпе күйді қабат орындаушы хас шебер де. Оның «Ясауи толғауы», «Түркістан», «Тұран», «Репрессия», «Ұстаз» сияқты күйлері бүгінде бірқатар саз мектептері мен лицейлерінің репертуарынан берік орын алған. «Гүл ару», «Өмірімнің жұлдызы», «Өмір-өлең», «Түркістан жастарының вальсі» және тағы басқа әндері еліміздің онтүстік өңірінде жиі айтылып жүр. Әбекеңнің «Өмір-өлең» әні облыстық «Арай» ән-күй фестивалінде екінші орын алса, Кентау аймағы композиторларының конкурсында «Түркістан жастарының вальсі» бірінші орынды қанжығалады.

Қдай десек те, Әбдуәлі Баешовтың күйшілік мектебі – халықтық өнеріміздің мақтанышы. Оның күй шерту, ән шығару үлгілері шеберлігі жағынан да, тақырып-тық-мағыналық маңыздылығы жағынан да үйренуге, насихаттауға лайық дүниелер.

ШЫРЫН СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

Әркім әрнеге құмар. Біреу жақсы отырысты, ондағы көңілді ахуалды сүйеді, енді бірі шектей созылған телехикаяға ынтық. Саятшылық пен аңшылыққа әуестер бар, әнге, әншіге құмар фанаттар да ұшырасады. Тіпті, пара алуға, өсек-аяң айтуға құмартушыларды да біз өмірден кезіктіріп жүрміз. Ал сөзге құмар адамды көріп пе едіңіз? Кәдімгі қара сөзге, кестелі ойға құмар жанды. Сіз күлерсіз, бар екен. Ол – әдіскер-ұстаз Асан Байсымақ.

Асанмен тұздас, дәмдес болған адам оның бұл қасиетіне таң қала қоймас. Өйткені Асан кішігірім отырыстың, алқалы жиынның сөз зергері, шырын сөздің шебері. Даланың даналығынан, данышпандығынан үлгі алған Асанмен бір дастархан басында отыру – үлкен мектеп, шешендік, шеберлік мектебі. Оның сөз өнерінен білмейтіні жоқ, сара сөздің сарбазымен күнұзақ отырсаңыз да жалықпайсыз. «Әдептің ең үлкені – ұқыпты сөйлеу» деп өзі айтқандай, кез келген әңгімені әдібін жатқыза әдемі айтады, кейбір асабалар сияқты көңілге кірбің салмайды, сылап-сипап отырып-ақ жан жүйеңді елжіретеді. Асан айтады: «Бір ауыз сөз адамды ұлы да, масқара да қылады. Өмірдегі ең қатты да, ең жұмсақ та, ең ащы да, ең тәтті де – тіл. Қызыл тілден бал да, қан да тамады. Тіл – босағада жатқан арыстан, абайламасаң өзіңе шабады». Нанымды пайым. Тағы бірде айтады: «Арақ үнсіздің үнін, тілсіздің тілін шығарады, жоқ жерден бүлік шығарады. Маскүнемдік жындану үшін жаттығудың бір түрі. Еркек мас болып жынға, әйел мас болып албастыға айналады. Мас адам құтырған иттен жаман». Ащы айтады. Бірақ шындық! Асанмен пікірлес болғанда мұндай оралымды ойдың неше атасын тыңдайсыз. Рахаттанасыз, рухани ләззәтқа бөленесіз.

Бұл қасиет қайдан келді, кімнен алды? Өзі айтады: «Алдымен өмір үйретті, шала сауатты айналадағы қандастарым қайрады. Абай тілімен сөйлеп, оларға тәлім бергім келді. Екіншіден, бір кездері қалалық білім беру бөлімін басқарған Мұсабек Нұрымбетов ықпал етті. Бірде Мүсекең: «Білім саласы қызметкерлерінің қуанышынан қалмайық, сәл де болса оларға қызық сыйлайық. Бірақ, Асан, сен асаба боласың да, әр отырыста әртүрлі әзірлікпен келесің. Сөз қайталасаң құрыдым дей бер!» деп тапсырма береді». Содан Асан ізденіске көшті. Сөз қайталамау үшін кітап ақтаратын «ауруға» ұшырады. Расында, әр отырыс өзінше бір кестелі ой, келелі әңгіме дүкенінен айналды. Сөз қадірін ұғар Мүсекең «Жарайсың, Асан!» деп арқасынан қаққаны бар. Сол жиған-тергені, қазір санап отырса, 24 қойын дәптерге жинақталған екен. Аз сөзбен көп мағына беретін мағыналы ойларды оқырманға ыңғайлы үлгіде ұсынсам деген оймен жуырда Асан Байсымақ «Еркін и К ХХІ» баспасынан «Ақылдың көзі» атты тәп-тәуір жинақ шығарды. Күні бүгінге дейін әрқилы баспалардан нақыл мен өсиет, толғау мен толғам жинақталып,

кітап түрінде жарық көргенімен, олардың ешқайсысында да елді ауызына қаратқан шешендер мен асабалар үшін нақты бағдар болар мысалдар берілген емес. Автор бұл жинақта көп жылдар бойы ел ішінен өзі жинап-терген, еш жерде кездесе қоймайтын, қысқа-қысқа мағыналы сөздерді оқырманға ұсынуды мұрат тұтқан. Кітап тұтастай сол ел ауызындағы есті сөздерге негізделген. Аракідік автордың өз толғамдары да кезігіп қалады. Арасында айызыңды қандырар ақыл сөздер де, таңдай қақтырар толымды толғамдар да жиі кезігеді. Асанның қиыннан қиыстыра ұйқас құрап, шиырлай тартар талғампаздығына таң қаласың. Осыдан соң нақыл сөздерді түгелдей халық туғызды деген тоқтамға тағы бір еріксіз бас игендей күй кешесің. Ақыл бұлағы, парасат бастауы, тұма көзі – халық жадынан туатынына шексіз иланасың. Кітаптың «Ақылдың көзі» аталуы да осы пайымнан туған.

Кітаптағы нақыл-толғамдардың бір ерекшелігі – Асанның асабалық өнерімен астасып жататынында. Алдымен ел ауызында жүрген өсиет-термелерді тербете келіп, сол жиынға, сол отырысқа ыңғайлы үлгіде ұйқас құрап, қаймағын бұзбай кестелей салатыны. Мысал келтірейік:

Халық айтады:

Тұлпардан тұлпар туады,

Сұңқардан сұңқар туады.

Асылдан асыл туады,

Жалқаудан масыл туады...

Асан қосады:

Дәубастан маубас туады,

Субастан қу бас туады.

Сұмпайыдан тұрпайы туады,

Саңыраудан меңіреу туады (93-бет).

Тағы бір мысал.

Халық айтады:

Басыңнан бақ тайса туысың да кетеді,

Басыңа бақ қонса дұшпаның да құрмет етеді.

Асан қосады:

Ағайының жаман болса арманың кетеді,

Атың жаман болса дәрменің кетеді.

Әйелің жаман болса келгенің кетеді,

Құда-жегжатың жаман болса қадірің кетеді.

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Қызың жаман болса қызығың кетеді,
Балаң жаман болса бағың кетеді.
Көңілің арам болса арың кетеді,
Ақылды жігіт бүкіл еліне қызмет етеді,
Ақымақ жігіт жер басып жүргенін міндет етеді
(118-бет).

Ендігі бір мысал.

Халық айтады:

Ағадағы мал – аспандағы мал,

Інідегі мал – індегі мал,

Баладағы мал – даладағы мал.

Асан қосады:

Қыздағы мал – құздағы мал,

Туыстағы мал – қуыстағы мал.

Жиенге қараған – жерге қарайды,

Жездеге қараған – желге қарайды.

Күйеуге қараған – күлге қарайды,

Құдай өзіңе бермей, ештеңе болмайды (31-бет).

Асан жиған дүниелер халық даналарының өмірді бақылай келіп айтқан үлкен ой, терең пікірлерінің жиынтығы. Ал автор пайымдары – әдебиеттанушы ұстаздың тәжірибеден туған жемісі. Кітаптағы ақыл сөздер де, нақыл сөздер де бізге шынайы өмірді танытады, фәни өмірге жетектейді. Сондықтан бұл кітапты ашып оқыған жамағат оның мағынасын ұғуға, көркемдеп айтылған әрбір кестелі ойға зер сала қарауға құмартатыны даусыз.

Үлкен ой, терең пікірге құрылған өсиет-толғамдар ел санасының қорытындысы, өмір шындығының айнасы, кейінгі ұрпаққа қалдырған халық даналығының сәулесі. Автор жинақта мынаны істе, ананы істеме деп елге ақыл айтпайды, тек өмірдегі өзінің көргенін, сезгенін, бақылағанын ортаға салады. Ел кәдеге жаратса – автор үшін одан асқан бақыт жоқ.

Мен Асанды көптен білемін, үзеңгілес әріптесім, рухани сырласым. Ұзақ таңға мүдірмей ауызына қаратар шешендігі маған мәлім. Бірақ оның жақсы сөзге соншалықты құмарлығын, осыншалықты терең парасат иесі екенін сезбеппін.

БАЛА МІНЕЗ БАЗАРБАЙ

Біздің өнерлес, пікірлес, әріптес достарымыздың бақилық болғанына да біраз уақыт өтті. Қуандық, Мерген, Жорахан, Махамбет, Аралбай, Құрмаш, Құрсан, Базарбай, Нұғман... Оларды өлдіге қимаған асау көңіліміз әлдеқашан-ақ тыншыған. Кезінде бірге жүрген замандас-достарымызға соларды бір еске алып, бас қосайықшы десен, «әй, қойшы! Сен-ақ үздігеді де тұрады екенсің?!» деп өзіңді кіналай жөнеледі. Ал өмір болса сынаптай сырғып өтіп жатыр...

Бала мінез Базарбайдың кейбір қылықтары еске түседі кейде. Шырт етпе мінезі болғанымен, аңғалдығы басым-тын. Ақын ғой, ахаңнан ұрттап «арқырап» та алатын. Кейінгі жылдары жалғыз тұрып, жабыққан сәттері де аз болмады. Әкімдіктің үшінші қабатынан жайлы кабинет тисе де, өзінің төл редакциясында – «Кентау шұғыласында» қызмет етуді армандап кеткен еді... Қалай десек те, оның қайталанбас таланты мен қалжың етіп айтып жүрер қызықты сәттері көбірек есте қалыпты. Бүгін соның кейбірін ортаға салуды жөн көрдім.

80-ші жылдардың аяғы. Түскі үзіліс кезі. Абай (қазіргі Ататүрік) көшесінің бойындағы ескі барақта орналасқан редакцияның алдында күншуақтап отырмыз. Сәттібек, Мерген, Рамазан бар, ермегіміз Базекең, қағыта қаужаймыз.

– Әй, Базеке, сен осы шын ақынбысың? – дейміз қуақылана.

Ол да ер ғой, «түске дейін шіренетіннің» нақ өзі.

– Ия! – дейді нықтап.

Сол тұста көше бойлап аяқжолмен бір сұлу қыз көріне қалды. Қысқа етек көйлектің әлі көп тарала қоймаған кезі, тізеден тіле әдемі юбка киген, жұқалтаң кеудешесі бар, шашын жел желпіп, тіп-тік әдемі қалпы маңғаз басып келеді екен.

– Базеке, ақын болсаң, тап осы жерде ойланбастан мына қызға бір шумақ өлең шығара аласың ба? – дедік.

Ақын Базекең түлкі көрген қырғидай көзі жалт ете қалып, еш бөгелместен:

– Аруды көріп көңілім балқыды ма?

Шабьттың шалқарында шалқыдым ба?

Өзім кетіп барамын жүрегінде,

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Көзім кетіп барады балтырында, – дегені. Тапқырлық ақынға ғана жарасқан-ау дестік іштей.

* * *

Мәдениет сарайында өнердің қара қазаны қайнап жататын кез. Мәдениет майталманы Мейрамкүл Дайрабаева бас болып, «Назқоңыр» фольклорлық ансамблі концерт беретін болдық. Залда халық лық толы. Алдыңғы орында қаламын сайлап газет тілшісі Базекең де отыратын. «Батылданып алайық» деп жігіттердің сахна сыртында өңештерін «майлап» алатыны бар. Концерттен кейін көрерміз деп Аралбай қалғанын перде артына жасырып қоятын. Мұны сахнаны жіті бақылап отырған Базекең байқап қалатын. Содан концерт бітіп, рухани ләззәт алған ел есіктен сыртқа ұмтылатын да, жалғыз Базарбай сахнаға қарай «шабатын». Екі көзі перде артында. Шабытқа шалқыған біз Базекеңнен немізді аяйық, лезде-ақ қызық-думан басталып кетеді. Біраз отырған соң «маңызды суымыз» тауысылып, «қәйтсек екен» деп сабамызға түсіп отырғанда, енді ғана шабыты ояна бастаған Базекең жан-жағына қарап, мәдениет ордасында техник болып істейтін Рахым күйеу баласына көзі түседі.

– Әй, күйеу! – дейді саңқ етіп. – Өстіп отыра береміз бе?! Қожайындық танытпайсың ба мына ордаңа?

Күйеу де қу екен:

– Тап қазір бір шумақ шығарсаңыз, бәрі де болады, – деп жылмың ете қағады.

Мұндайда іркілетін Базекең бе:

– Отырмыз ғой мәдениет ханасында,

Ішкен-жеген бойымызға тарасын да?

Қайнаған құтханаға келіп қалды,

Неғыласың, бір жарты аласың ба?! – деп бір-ақ соқты.

Содан отырысымыздың арты той-думанға ұласты да кетті. Қысылғанда қыбын табар Базекем-ай!

* * *

Көктемнің шуақты күндерінің бірінде өнерлес інілеріне қол ұшын созып жүрер Рахым Балабиевтің туған топырағы – Қозмолдақта торқалы тойы өтетін болды. Екі күнге созылған тойдың алғашқы күні Сызған клубында ақынның шығармашылық кешін өткізу жоспарланды. Раханның артынан ерген өнерпаз іні-қарындастарын жанына серік етіп, сапарлас етіп жүретін әдеті, бұл жолы да кентаулық бір топ

өнерпаз «атқа қондық».

Жергілікті билік ақшаңқан үйлерді тігіп тастаған, табақ-табақ ет, күтіліп жатырмыз. Ана дастарханды тастап кету мүмкін емес, ортамызда күйші Төлеген Момбеков, шертпе күйден шер саулап, ұзағырақ отырып қалыппыз.

Сөйтсек өнерден сусап жүрген халық клубқа жиналып-ақ қалған екен. Сырттан сығалып, ішке ене алмай жүрген адам қаншама! Әміре байқауының жүлдегері, хантағылық әнші-асаба Абылайхан Оспанов кеш жүргізушісі. Ол да ет қызығына беріліп, сценарий жобасын жасауды ұмытып кетіпті, не істерін білмей, қапелімде асып-сасып қалды.

– Тым болмаса бастар сөзімді айтыңдаршы! – деп бізге жалтақтап жүр.

Мұндайда ақыннан басқа кімге сүйенерсің, Базекеңе қолқа салдық. Сонда Базекең іркілместен «жаз!» деп нықтап, былай деді:

– Тыңдаған жұрт жырларын, қалады ұйып,
Төскейсазда атағы дара биік.

Сызғанның ақиығы, сөз мергені –
Ортаңызда Рахым Балабиев.

Кеш осы шумақпен басталды да, ел қол шапалақтап дүрлігіп кетті...

Аңғал мінез, аңқылдақ Базекеңді қазір бәріміз сағынып жүрміз. Кім білер, Мұқағали мен Шәмшіні де кеш ұқтық қой, Базекең де бізге әлі талай керек болар...

ШЫРАҚТЫҢ СӨНБЕС АЛАУЫ

Ұстаз бейнесі – әрбір шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Мұғалімнің лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі, тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнаған періште деп айтсақ, артық айтқандық болмас. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз орынды айтылған. Біздің бойымыздағы шынайы білім, білік дағдылары жақсы ұстаздан ауысады. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде, жақсы қасиеттерді бойына дарытуда ұстаздың еңбегі зор. Менің алыстағы балалық шағымның куәсіндей ертегі әлемде қалып қойған аяулы ұстаздарымының бірі Жұмакүл Маханбетова, міне, сон-

дай жан.

Әрбір шәкірттің өзі сүйген, жылдар бойы тәлім алған ұстазының аяулы бейнесі көкірек көрігінде, жүрек түбінде сақталуы заңдылық. Оңашада отырып, алғашқы ұстаздарым туралы ойға кетсем, көз алдыма жарқын мінезді, ақ жүрек, жылы жүзді, қашанда көздерінен мейірім шуағын төгіліп тұратын Жұмакүл Мазамбетованың дидагы елестеп, еріксіз қиялға батып, жарқын естеліктерге жетелей жөнеледі... Ауылға барған сайын әр уақытта шашын жоғары түйіп, тіп-тік жүретін Жұмакүл апай өмірден озса да әлі күнге дейін мейірімге толы көздерімен күлімдеп қарсы алып тұрғандай көрінеді.

Күн сайын мектеп табалдырығын аттап кірген сәттен бастап өнебойы жарқын жүзбен қарсы алып, жылы жымиятын осы бір жанды қазір көптеген шәкірттері сағынып-ақ жүр. Ол ешкімге ұқсамайтын еңбекқор, білімді, мейірімді болатын. Бәрімізді өз інілеріндей көріп, ақыл айтып, көп нәрселерді үйретіп жүретін осы бір жанның орны біз үшін қашан да ерекше.

Жұмакүл апай бізге жоғары сыныпта биология пәнінен дәріс берді. Ауылға жаңа түскен жас келін, бір есептен жеңгеміз, сыныптағы әрбірімізді бір жыл ішінде жақсы біліп алды. Бұзықтау сынып болатынбыз, ашуланған жоқ, бипаз, бірсыдырғы қалпында «тілімізді тапты». Көп ұзамай біз оны өз анамыздай қадірлей бастадық.

Адам есейген сайын алыста қалған балалық шағын қатты сағынады ғой. Ауылдағы алаңсыз бақытты шақтың тәтті күндері жиі еске түседі. Бала арман, бала қиял, бала махаббат... Ойға оралған сайын еріксіз езу тартасың.

Құйтақандай «Үлгілідей» ауылда бізге кезінде дәріс беріп, келелі істерге жетелеген ұстаздарды ұмыту мүмкін бе? Әнеш ағай, Кеңес ағай, Айдарбек ағай, әрқайсысы бір әлем... Қазір біз де шәкірт тәрбиелеуге жарап қалғанбыз. Біздер, ақын Қасымхан Бегманов, композитор Бекжігіт Сердәлі, ди-зайнер Қамбарбек Көшенов, ғалым Жазира Исаева және тағы басқа бірегей шәкірттері ұстаздардан дәріс алу мүмкіндігіне ие болғанымыз үшін шексіз бақыттымыз.

Асыл арман мен ерен еңбек адамды биікке жетелейді, көкке кең құлаш жая самғатады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана қазақ. Сандаған шәкірт

тәрбиелеп, әріптестері жадында сақталған Жұмакүлдей апайдан дәріс алуымыз біз үшін үлкен мақтаныш, зор мәртебе.

ҮЙДЕ «КЕЛІНІҢІЗ» БАР МА?

Қазір қамсыз қазекем бітер-бітпесі бір Жаратқанға ғана аян ішектей шұбатылған түрік және кәріс сериалдарын жиыстырып қойып, отбасымен бірге әр кеш сайын үндінің «Келін» телехикаясын тамашалауға көшті. Үлкен де, кіші де ауқатты жанұяға еріксіз атастырылып берілген 10 жасар Ананди қыздың тағдырына алаңдаулы.

Көзі жастан құрғамайтын, әлі де оң-солын тани қоймаған жап-жас қыздың адуын енеге байланған азапты ғұмыры ешкімді де бей-жай қалдырмаса керек. Әсіресе, бұл жаңа түскен жас келіндердің жүйкесіне қатты әсер етіп жатқан сыңайлы. Әлі жаңа ортаға үйренісе қоймаған келіндеріміз киноны көре отырып, ата мен енеге білдірмей көздерінің жасын сығып алатынға ұқсайды. Фильмдегі кейбір көріністер дәстүрдің озығын да, тозығын да жиып алған қазекемнің тіршілігімен тағдырлас па деп қаласың. Сөмкеден сөмкеге қыдырып жүрген тең-тең мата, арзанқол білезік-сақина, қайдан енгені білгісіз, бітпейтін дәстүр, ыңыршығынды шығарар ырым мен тыйым... бәрі де бізге жат емес, таныс нәрсе. Ілгеріде сәбиді бесікке салу тойы абысын-ажын, құдаша мен құдағи бір үйге жиналып, өңкей әйелдер әндетіп-сәндетіп өткізер жиын болушы еді, қазір сол тойыңызға еркектер де ортақтасатын болған. Қалың мал қалып бара жатса да (баяғының қалың малы атан түйеден басталмаушы ма еді), қызға апарар жүк күннен-күнге түрлі «дәстүрмен» толығып, бір ауылдың бір жылдық бюджетіне тақап қалды. Той көп, той құрауға себеп одан да көп. Онсыз да тойға құмар халық кафе мен тойханаларды босатпайтын болды. Асабалар да тойды қайтсем қыздырам деп түрлі «дәстүр» іздеп әуре. Үйлену тойында жаңа елмен енді ғана таныс-біліс бола бастаған құда-құдағиды елдің алдына шығарып, масқаралап, «майрампаз» етуге айналды олар. Қос құдағиды қосақтап, «кім бұрын жетсе, сол жаңа туар нәресте атын қояды» деп жастарға қарата жүгірте ме, құда мен құдағиды шөлпілдетіп сүйістіре ме, ата алдын кесіп өтпес келін қолымен бір үзім тортты қайынатасының ауызына тықпалата ма, кәмпит ішінен нәресте іздеттіре ме, екі жасқа ел алдында ұятсыз сұрақтар

қойып, масқаралай ма, әйтеуір, ойларына келгенін істеп-ақ жатыр. Бұған не үлкен, не кіші «қой» деп жатқан жоқ, қазақы дәстүрден бейхабар ма, масқарампазға мәз болып қол соғады қайта. Енді таяу жылдарда «торт жегізу» сияқты осы осы бір жат әдеттер дәстүрге айналып кете ме деп те қорқасың.

Үнді фильмінің әсері аз болып жатқан жоқ. Жуырда бір ауызашарда отырмыз, жүгіріп жүрген 10 жасар ұл балаға «бір шәйнек шәй әкеле қойшы» дедік. Сондағы баланың жауабы: «Шәйді осы үйдің келіні әкеледі, менде нелерің бар» болды. Жағамызды ұстадық. «Келін» киносының әсері...

Өзге елдің хикаялары ертеңгі күні өзегімізді өртеп жүрмесін делік.

ҚАЛА ШЕЖІРЕСІНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

Биыл өз тарихының сексенінші маусымын жазып жатқан «Кентау шұғыласы» газеті кентаулықтар үшін қашаннан рух-ни жан серік, жаңалық жар-шысы. Басы-лым бетінен өмірдің қай саласынан болсын оқырманға қажетті ақпаратты таба аласың. Өзім ұзақ жылдар осы басылымда қызмет еткендіктен ата басы-лымның әр санын асыға күтіп отырамын. Аймақ пен қаланың саяси-экономикалық өмірімен қатар мәдени-танымдық мақалалардың молынан жарияланатыны ұнайды.

Уақыт өткен сайын газет те заман ағымына сай түрленіп келеді. Соңғы уақытта басы-лым оқырман талғамына қарай ойыса бастады. Бұған өте қуаныш-тымын. Қаламыздан шыққан ардагерлеріміз, қа-рымды қайраткерлеріміз тура-лы, аймақ тарихы жөнінде көпте-ген материал-дар жарияланып, мол мағлұматтар берілуде. Бұл жаңа-лыққа жаны құмар кентаулық оқырмандар үшін баға жет-пес сый болғаны сөзсіз. Сон-дай-ақ Қаратау өңіріндегі тарихи орындар жөнінде жа-т-зыл-ған танымдық дү-ниелерді өз басым қызыға оқы-дым. Күнгей мен теріскейдің ең көрікті аймақ-тарын қала жұртшылығына, жас-тарға таныстыруды мақсат етуді мен құптаймын. Әсіресе, қала тарихымен етене танысқысы келе-тіндер қатары баршылық. Жас буын үшін еліміздің шағын қаласын танып-білудің маңы-зы зор. Осы тұрғыдан келгенде ата басылымның бұл қадамы қуантады.

Сонымен қатар «Кентау шұғыласы» билік пен қарапайым халықтың арасындағы алтын көпір іспетті. Қала басшы-сынан бастап, ұжым-дардың жасап жатқан жұмыстары мен соны серпілістерімен танысып, көп жайға қанығып қаламыз. Күнделікті тірлігіміздегі кемшін тұстарды да бүкпесіз айтып, керек жерінде сынап та алады. Осы орайда мәдениет саласына қатысты материалдар көптеп берілсе екен деймін. Соңғы кезде бұл салада толғақты мәселелердің көбейіп отырғаны белгілі. Сол проблемалар жайы тұрғындарға көбірек ақпарат-тандырылса жөн болар еді. Осы саланың ардагері болғандықтан мәдениет пен өнерге қатыс-ты жылт еткен жаңа-лыққа елеңдеп отырамыз ғой, сол сәтте ата ба-сылым алды-мен қолымызға тиеді. Жал-пы, бұл басылымның қа-лыптасу кезең-дері көз алдымда. Абай көшесінің (қазіргі Ататүрік) бойындағы ескі барақтағы баспаханада дүрсілдеп газет басылып жататын. Ал жартылай ашылған терезеден тықылдаған механикалық машинканың дыбысы естілетін. Қазақ редакциясының басшысы Әзімхан Барамысов қалалық партия комитетінен келген құлаш-құлаш баяндаманы тікелей машинкаға аударатын да, біз – тілшілер оның үстінен қарап редакциялайтынбыз. Ал корректор Базарбай Оспанов баспахана мен екі ортада газет гранкасын ұстап, арлы-ерлі жүгіріп жүретін. Ішкі аулада орыс редакциясы бар-тын. Бас редактор Александр Олейников күн сайын шұғыл лездеме өткізетін. Алла Гельфанд, София Дәуленбаева, Светлана Өтенова, Борис Деревенский мұрындары пысылдап мақала жазатын. Газет фотосы Мәскеуден жеткізілетін. Қызыл, сары түсті пластик клишелерді қатаң сұрыптап барып қана газет нөміріне салатынбыз.

Баспахана тіршілігі кезекші редактор газетке қол қойғанша түн жарымына дейін тоқтамайтын. Клара апай мен Гуля апай қайнаған қорғасынды линотип машинасының басынан бір секунд та босай алмайтын. Кейде түн ауғанда орталықтан шұғыл материал келіп түсетін. Ондайда күні бойы еткен еңбегің далада қалып, дайын форма кезекті нөмірге шегерілетін де, барлығын қайта басынан бастауға тура келетін. Бұл таң атқанша ұйқы жоқ деген сөз. Міне, мұндай қайнаған тірлік аптасына үш мәрте қайталанатын. Өйткені газет аптасына үш мәрте жарық көретін.

Қазір сол күндерді қатты сағынамын. Талай ұйқысыз

түндерді бірге өткізген ұжымдастарымды аңсаймын. Біз – қала шежіресін көз майын тауыса бірге жазған бір отбасы мүшелері едік...

Биыл қала газетіне – 80 жыл. Үлкен мерейтой. Қала әкімдігі, қала халқы төл тарихын 80 жыл бойы зерделеген басылымын қадір тұтса айрықша шабытпен атап өтеріне кәміл сенемін. Бәлкім, сонда сағынышты ұжымдастармен бір қауышып қалармыз. Сағындым сендерді, «шұғылалықтар»!

Қала баспасөзінің қарашаңғырағы – «Кентау шұғыласы» газеті қаламгерлеріне алдағы уақытта да жемісті еңбек ті-леймін!

КӨКПАРШЫ ҚАЛЖАН

Көкпар – қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық ойыны. Білектің күші, аттың екпіні – көкпарға тән. «Көкпарды атаңнан болса да тартып шап» деген сөз бар. Бұл көкпар рухының ашық бәсекелестік пен әділдікке негізделгенін білдіреді.

Қауіп-қатері мен жан-дүниенді билеп алатын әуесқұмарлығы жағынан көкпарды хоккеймен салыстыруға болады. Әрине, шайба орнына мұнда серкенің бассыз денесі, конькидің орнына шабаңдоз мінген тұлпар болады...

Бала күнімнен білемін, қай ауылда көкпар берілсе, Кентаудан ат арыта Қалжан көкпаршы жететін. Дақпырты елге мәлім, көкпарды ермек үшін емес, әуес үшін шабатын. Шынын айтсам көкпарға сол кісіні көру үшін ғана баратынмын.

Оның қауым ел алдында көкпар малын қалай баптағаны да жадымда қалыпты.

Бірде қызық сыйлар тойлы үй көкпарға атаған ешкіні ортаға алып шықты. Ақсақалдар бата оқып, «ойын сәтті өтсін» деп бет сипасты. Содан бақылдақ ешкі бауыздалды. Көкпарға арналған құрбандықтың аяғы маталмай, төрт жігіт төрт сирағын ұстап тұрды. «Бұл көкпарға қатысатын аттардың аяғы түсалмасын, шабысы кең, екпіні қатты болсын дегені», деп түсіндірді басы-қасында тұрған кәнігі көкпаршы. Одан әрі ешкіні көкпарқұмар балалардың тақымына қысып, біраз бұлғаңдатты. Мұны «малдың бұлшықеттері сіресіп қалмай, жазылып, босауы керек» деп түсіндірді. Әрі қарай нағыз көкпар басталды. «Ойын үшін ешкі малын таңдау да бекер емес, – деді Қалжан көкпаршы. – Өйткені шекшек ата

тұқымы мұндай талас-тартыс ойындар үшін таптырмас құрал. Терісі ұстауға ыңғайлы, берік. Қойдың терісі мұндай қысымға шыдамайды. Көкпарға тасталған лақ-ешкінің еті ем-дом үшін таптырмас дәм. Ойыннан соң көкпаршылардың қаумаласып, көкпар түскен үйге жиналып, қуырдағын жейтіні содан. Тіпті, көкпар еті бедеу әйелге де ем».

Күміс едім, құным кетіп тоттандым,

Алтын едім, жамбы етіп атты әркім.

Лақ қылып қорласа да көкпар-күн,

Қайта ояндым дүбірінен аттардың, – деген ақын тәмсілі осы көкпар ешкісіне арналған іспетті.

Қалжан көкпаршыны алыстан талай тамашаладым, додаға дөп кіретін мұндай шабандозды көрген емеспін. Сырттан бақылап, ыңғайлы сәтін аңдып жүрер көкпаршылар болады. Қалжан көкпаршы ол топтан емес, бас-көз демей ат бүйірін тепкілей додаға тіке кіріп кетеді. Жай кірмейді, атты тақымдап, топты алқымдап, борша-боршасын шығарады да, көк серкені жұлып алып шығады. Қолы қарулы. Аттың тері мен серкенің жыны сіңген кәнігі көкпаршы Қалжан додаға келді дегенше, анау-мынау көкпаршыларың «әй, бігін бізге нан жоқ-ау» деп топтан сытылып шыға беретін.

Күйбеңтірлік, біреуанда, біреумұнда, қарт көкпаршыны қартайған кезінде тағы бір әдейі іздеп бардым. Төсекте жатыр екен, тұғырынан тайса да, тақымын бермепті. Саусақтары бірінің үстіне бірі мінгескен. Талай додадан қалған саусақтар бұл. Көкпар жайлы қаузасаң, екпіндеп қоя береді.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын қалың додада ат-матыммен жығылып, эзер аман қалғаным есте. Жылқы малы – асылтекті жануар ғой, адам баласын баспайтұғын қасиеті бар. Үстімнен 20-30 шақты ат ырғып өтті. Бірінің тұяғы тиген жоқ. Не деген керемет! Шаңымды қағып, атыма қарғып міндім де, тартысқа қайта қосылдым.

Жалпы, көкпарға жүректі, білекті жігіттер керек екенін сонда ұқтым. Кез-келген адам көкпар шаба алмайды. Қауіп-қатерін айтпағанда, жарақат алып қалу қаупінің өзі өте жоғары. Осының бәріне шыдаймын, төземін деген жан ғана атқа қонса керек. Қалжан көкпаршы бар ғұмырын осы бір дала ойынына арнады. Бірақ, оның айтқандарын жинақтап, кітап етіп құрастырар жан болмады. Шалқар шабандоз ат үстінде арындаған күйі дүниеден өтті...

Қазір ағайын-тумалары, Қалжан атамызды құрмет тұтар шабандоз қауым Кентауда көкпар-атаны еске алып, дүрмекті ас бермек. Қалжан көкпаршының өзі талай асқа баырып, көкпар тартып еді. Ал бұл жолғы көкпар Қалжан шабандозсыз өтпек...

ҚАЛА РУХАНИЯТЫНЫҢ АҚСАҚАЛЫ

Қалада өтер қайсыбір жиын-тойда да осы бір шағын денелі, шоқша сақалды, басынан айыр қалпағын тастамайтын ашаң жүзді қағылез сары кісіні көрмей қалу мүмкін емес. Қолында бүктеме қол орамалы, соның ұшымен жасаураған көзін ауық-ауық сүртіп отыратын. Талай жыл ұстаздық етті, абыройға кенелді. Шәкірттері мақтан тұтты. Жорахан, Қабылан көкелермен бірге бір мектепте «үш арыс» қария болып, дархандық даналығындай ұзақ жылдар қызмет етті. Жергілікті телеарнадан кешқұрым имандылық хабарларын жүргізді, баспасөзге жазып тұрды. Ана тілінің тазалығы үшін бар ғұмырын сарп етті. Бұл – Құлтай аға Әміреев.

Біз көзі тірісінде Құлтай ағамен етене араластық. Үйіне баратынбыз, ол бізге келетін. Рухани ортада ұзақ кештер риясыз әңгіме өрбитін. Терең адам. Білмейтіні жоқ. Әсіресе, қазақ тіліне қатысты айтары таусылмайтын. «Қазақ тілі» қоғамына одан көп араласқан, одан көп жаны ашыған адам жоқ шығар, сірә. Барлығына да уақыт табатын. Бір жылдары сол қоғамды басқарғысы келді де. Бірақ, қарттың жанын ұғар, құмарын қоштар ниеттес таба алмады. Есепсіз еңбегін ескеріп, жанашыр қауымы бірнеше рет қаланың құрметті азаматтығына ұсынып та көрді. Тағы да сол пенделік, әншейінде сырттан амандаса келген сыралғы жанға сый-құрметті оп-оңай «ұстата» салар халық қалаулылары Құлтай ағаға келгенде сараңдық танытумен-ақ болды...

Бірақ, ол ешқайсысына ренжіген емес. Өзінің бір ғана мақсаты – тіл тазалығы жолында аянбай еңбек ете берді. Әлі есте, бір кездері «Қазақ тілі» қоғамы бас болып, қаладағы бірқатар балабақшаларды қазақ тіліне көшіру бағытында күн-түні жұмыстар жүргізді. Одан қала берді көшелерді қазақыландыру мәселесі бар. Міне, осы тұста Құлтай ағаның шын жанашыр пейілі қатты байқалды. Тіл жанашырла-

ры М.Құрышбаев, Н.Жахаев Қ.Дәрібаев, А.Байсымақ, Қ.Айтжанова, Е.Тоқтасынов, Ә.Қырқымбаев, Ж.Дәрібаев, Ж.Төреханов т.б. бар, шын мәнінде ерлікке бара-бар жұмыстар жүргізді. Қазіргі қазақ халқының аяулы перзенттерінің атындағы көшелердің көпшілігі сол тұста қазақыланып, қазақ тілді балабақшалардың қатары сол кезде көбейді. Ал оларға рухани демеу беріп отырған осы Құлтай Әміреев болатын.

Төртінші қабаттағы қуықтай тас пәтерінен басқа жарытып дүние де жинамапты аға. Бар байлығы – қос перзенті Сағадаты мен Зересі, отын өшірмей, түтінін түтетіп отырған асыл жары Зарипашы, сосын тірнектеп жинаған кітаптары.

Жаңалыққа жаны құмар еді. Халық дәстүрін, салтын ерекше жақсы көрді.

Бірде ұлы үйленіп, той жасайтын болды. Ол кезде қазіргідей салтанатты сарайлар қайда! Есік алдына бөз матаны керіп жіберіп, таң атқанша думандата беретінбіз. Бұл жолы да дәл солай, бес қабатты үйлердің ауласына ас та төк дастархан жайылған.

Ел жиналып, жас жұбайларды күтіп тұрмыз. Дәстүр бойынша жастардың ақ «Волгамен» айналаны азан-қазан шулатып, кіріп келетін уақыты болды. Ондай ештеңе байқалмайды. Әлден уақ алыстан бар жасау-жабдығымен күміс қоңырауын сыңғырлата күйме кіріп келмесін! Ел шу ете қалды. Сәлден соң жаңа үйленген жастар ақ күймеден түсіп жатты... Бұл Құлтай ерекшелігі. Әрбір істен осылай өзгешелік іздейтін әдеті.

Осы қазақ «өлдің – өштің!» деген сөзді дәл тауып айтқан-ау дейсің кейде. Өз мінезіне, болмысына қарап айтса керек. Кеше ғана арамызда жүрген қаншама замандастарымыз қазір ұмытыла бастағандай. Әркім өз тірлігімен әуре. Ал күйбең тірлік ешқашан түгесілмек емес. Ертең сен де кетесің дүниеден. Сен де ұмытыласың. Сөйтсе де, Құлтай аға сияқты жандар ұмыт қалмаса екен дейсің. Олардың өзі емес, ісі өшпесе екен. Мақтан етіп айтып жүрсек-ші! Келер ұрпақ жадында ұстаса қане!

Міне, асыл ағаның дүниеден озғанына да бір жылға тақап қапты. Арда тұтып ағайыны ас берер. Тек Қалекендей аяулы жандар аста ғана емес, ардақ тұтар алқалы жиындарда да еске түсіп тұрса дейсің...

ДЕКАН

Мақаламның алғашқы сөйлемін оқып үлгермеген оқырманым тақырыпқа көзі түсісімен-ақ «қай факультеттің деканы жайлы әңгіме қозғағалы отыр екен» деп газетке шұқшия түсеріне кәміл сенімдімін. Алайда, мен өзім үшін санамның төрінде декан кейпінде сақталып қалған Римма Байғарақызы Тәукебаева туралы сөз қозғамақпын.

Алдымен, биылғы оқу жылы біздің факультетке басшы болып тағайындала салысымен-ақ, өз кабинетінің жай-күйін қамдамай, оқытушыларға жайлы мекен, студенттерге орнықты орын іздеген, қарамағындағы кафедраларының жиһаз-мүлкін әр ғимараттың табалдырығын тоздыра іздеп тауып (тіпті, жүгін артысып), қашан студенттер жайғасып болғанша сыртта жүріп, тыным таппаған нағыз деканымыз Нұрсәуле Қонарбайқызынан кешірім сұрап қойғым келеді.

Бәлкім, мен бұл мақаланы Римма Байғарақызы декан болып отырғанда жазуым керек пе еді, бірақ, ол мұныма үзілді-кесілді қарсы болған болар еді, әрі ол кезде қызметтік әдеп еркінсуге жол бермейтін.

Мені осы университетке «Ұзақ жылдар газетте қызмет етіп, тәжірибе жинақтаған адамсың ғой, енді сол білгеніңді балаларға үйретсең қайтеді?» деп Сейдолла Садықов шақырған еді. Онда біз қазіргі спортшылар оқып жатқан екі қабатты ескі ғимаратта болатынбыз. Міне, сол тұстан бастап сырттай атына қанық, жағымды үнінде Жағановаша жарасымды діріл бар Римма Тәукебаевамен жақынырақ таныса бастадық. Осынау жылдар ішінде Рима апайды (оны үлкен де, кіші де осылай атайды) алдымен қарапайым адам ретінде, кейін әділдікке тақ тұрар талапшыл басшы, ұлағатты ұстазғалым ретінде жете танып, мінез-құлқын, қадір-қасиетін толықтай біле алдым десем, артық айтқандық емес.

Қазір «Римма Тәукебаева кім?» деген сұраққа мына ғаламның сан қиырында жүрген мыңдаған шәкірттері ойланбастан-ақ: ол – ұлық Ұстаз деп жауап берер еді. Мен бұл кісіден шәкірт болып дәріс тыңдағын жан емеспін. Сондықтан әдістемесінен үлгі айта алмақпын. Бірақ, қия ашық тұрған есіктен апайдың аудиторияны сілтідей ұйытып, кіргеннен шыққанға дейін әр қимылы арқылы үлгі шашып, шәкірт сана-сына шапағат нұрын құйып жатқанын сеземін.

Әдетте 100-ден астам оқытушысы, 1000-нан астам

білімгері бар үлкен ұжымды басқару өте қиын. Бірақ, Римма Байғарақызы ешкімді де «қыңқ» еткізбейтін. «Қол сынып жеңде, бас жарылып жағада» қалатын.

ЛЕКТОР

Менің ұғымымда жақсы ұстаз – ең алдымен, жақсы “лектор” деген бағамен астасып тұрады. Ол бәрінен бұрын өз пәнінің керемет білгірі болуға тиіс. Осы тұрғыдан келгенде Темекеннің дәрісі несімен ерекшеленеді? Дәріс оқудағы шеберлік сыры неде? Біз шамамыз жеткенше, осының сырына бойлап, мәйегін тапсақ деген мақсат ұстанып отырмыз.

Дәрісхана – білімнің қасиетті құтханасы. Онда әрбір ұстаздан өзінің балаң ойын жетілдірер, жанына рухани азық берер деп үміт күткен келешек отыр. Сондықтан оған қалай болса солай, ойыңа не келсе соны айту үшін емес, үкілеген үмітті ақтау үшін кірген жөн. керек. Әйтпесе, дәрісханаға жолаудың қажеті шамалы. Темкең – осыны терең түсінген, жете ұғынған жан.

Меніңше, ұстаз деген ұлы ұғымға сай болуы үшін, осы жолды мұрат тұтушының бойында бірін-бірі толықтырар үш қасиет тоғысуы шарт. Біріншісі – білім, екіншісі – білік, үшіншісі кісілік. Міне, осы үшеуі бар жерде ұстаз бар, жоқ жерде жоқ. Темекен бойында осы үш қасиет біте қайнасып, бөлінбес бүтіндік құрайтын. Бірге жүріп, қатар еңбек еткен жылдарда біз бұған әбден көз жеткізгенбіз.

“Ұстаз деген өз уақытын аямау, өзгенің жанын аялау” деген қанатты сөз – Темірбек ұстаздың жанымен рухани үндестік тапқан ұғым. Ол кісі шәкірттерге сабақ өткізген сәттерде өзгеше бір рахат күй кешетін. Жүзі нұрланып, көзі оттай жайнап, жаны жадырап, шабытты шаққа еніп, дүниені ұмытып кететін. Дәріс оқыған уақытта ол кісі өзгеше әлемде жүруші еді. Ондай бақытты сәт кез келгенге бұйыра бермейді.

Ұстаз дәріс сағатын асыға күтетін. Балапандарына асыққан ата қыранша қашанда шәкірттеріне дәл уақытында асыға жетіп, олар отырған дәрісхана есігін айқара ашып, аңқылдай еніп, әзілдей кіретін. Ұстазбен бірге дәрісхананы жылылық жайлап, мейірім төгілетін. Дәптерін дайындап, қаламұшын қолға алған шәкірт кең маңдайы жарқыраған ұстазының нұрлы жүзіне үміттеніп көз тігетін. Ұстаз да

шәкірттердің жәудірей қараған көздерінен өзіне ғана белгілі сыр ұғып, ағыла жөнелетін. Шешіле сөйлеп, тебірене ой толғаған ұстаздың әр сөзін қағып алып, көңіл түкпіріне қондырмақ болған студенттің бұл сәтте басқа мәселеге көңіл бөлуі мүмкін емес-ті...

Ұстаз ағыл-тегіл төгіліп тұр. Таптаурын болған, кітаптан-кітапқа көшіп жүрген жауыр тіркес, жадағай тұжырымдар емес, иі қанған, июі келген қисындар, өзгелердің ойына келмес өзіндік түйіндер. Сұрыптаудан өткен, талғап алған, таңдап әкелген талғамға өзек, ойға дөп мысалдар. Міне, студенттің санасын байытып, көкейіне қонып, жүрегіне ұялап, жанына дәру болып құйылып жатқан білім нәрі дәрістегі осындай қасиеттерден қанып шығар еді.

Темекеннің әрбір сабағы қызықты өтетін. Ал, бұл – білікті ұстаз белгісі. Тереңнен тепсініп шығар бұрқылдаған қайнардай қуатты ой туғызып, оны тыңдарманға төкпей-пашпай жеткізу оңай шаруа емес. Қызыл тілден сөз сауғанның бәрі лектор емес. Сөз бар да, оны тыңдарманға жеткізу бар. Әрбір қажетті пікір, назар аударар ой дәл жетіп, санаға ұялау үшін оған оңтайлы қимыл-қозғалыс, мың сан ишара-ым қажет-ақ. Шынын айтсақ, ұстаз-лектор – өзінше бір театр. Мұны мойындаған жөн.

Темекеннің сонау кездегі лекция оқу сәтіндегі қимыл-қозғалысы әлі көз алдымда. Дәріс сағатында ұстаздың сол қолында қажет кезінде көз жүгіртіп отырар қағазы, оң қолында керегінде құлағына іліп, керек емесінде қолында айналдырып жүретін көзәйнегі болушы еді. Сол көзәйнек маған бейнебір дирижердің сиқырлы таяқшасы іспетті көрінетін. Бір құлағынан айналдыра жүріп, кенет ұстаз көзәйнекті алға тік ұстап, тоқтай қалғанда, дәрісхана сілтідей тынатын. Мәнді де мағыналы, керекті де қажетті сөз дәл осы сәтте айтылатын. Көзәйнектің бір құлағының ұшын ұстаз ерніне жақындатып, тістегендей болған сәтте іштен толқыған күрделі ой лықсып шығып, пәрменді пікір ортаға тасталар еді. Темекен дәрісті бір орнында тұрмай, теңселе жүріп, тебірене оқитын. Сергек қимылы шәкірт зейінін серпілтіп, зердесін ояу ұстайтын. Оның әрбір сөзі кеудеңе қонақтап, терең ойдың иіріміне тартып, ұйытып-ақ тастайтын.

Дәріс қызған бір тұста Темекен кейде тоқтай қалып, басын сол жағына қарай сәл қисайтып алып, өтіп жатқан

тақырыпқа қатысты өте бір қызықты әңгіме, немесе тапқыр әзіл-қалжың айтып, аудиторияны дүр еткізетін. Өзі мұны “ұйқы ашар” деуші еді. Қанша дегенмен екі сағат езіліп отыру оңай емес. Әсіресе, жаныңды маужыратар жаз айларында өте қиын. Оның үстіне студент деген қауымның ойын-сауығы таусылған ба?! Әлгі “ұйқы ашар” осындайда әбден-ақ қажет.

Темекең өзіне тән табиғи сезімталдықпен әр студент мінез-құлқындағы “ерекше қасиетті” дәл танып, дөп басатын. Сабақ арасында әлгі “қасиетті” әзілге айналдырып, кейде мысал ретінде ұсынып, жұртты қыран-топан күлкіге батыратын. Шәкірттерді қиюын тапқан қисынды әзілмен бір дүрліктіріп алып, тақырыптың жаңа бір қиырына тартып кететін. Тағы да сан рет екшеліп, електен өткен толымды ой өз тереңіне тарта жөнелетін. Міне, Темекеңнің дәріс оқуы осындай шеберліктер жиынтығынан тұратын. Темағаң – сабақ өткізудің өзіндік мектебін қалыптастырған ұстаз. Студенттер мүмкіндігінше ұстаз сабағын жібермеуге тырысатын. Қорыққандықтан емес, қызыққандықтан!

Әрине, ұстаздық тек дәрісханадағы сабақпен шектеліп қалмайды. Ұстаз – шәкірт болашағының бағдаршамы. Шәкірт кеудесіндегі үміт отты жаға білген оқытушы ғана нағыз ұстаз. Темекең шәкірт бойындағы жылт еткен көмескі ұшқынды көре білетін тәлімгер-тін. Ол шәкіртті аялай да, жазалай да, бағалай да білетін. Ұқыптыны ұнатып, зеректіні әлпештейтін. Қыңыр мінездіге қырсығып қалып, кер жалқауды жаны жаратпайтын. Несін жасырайық, көп ұстаздың лекциясын оқып, сабағын беріп, одан өзге іске мойын бұрмайтыны рас. Темекең ондайлар санатынан емес. Шәкірт баулу ісінің қандайынан болмасын тыс қалмайтын. Бәріне қатты көңіл бөлетін. Талабы да қатаң еді. Курс жұмыстарының өзінде әрбір студентпен жеке-жеке жұмыс істеп, кемшілігін көрсетіп, жетістігін бағалап отыратын. Оның ғылыми сипатына аса ыждағаттылықпен қарайтын. Студенттік жұмыстың тіліне, стиліне, сөз саптауына жете мән беретін.

Өзінен журналистік шеберлік шыңдайтын студенттердің жұмыстарын түгел оқып, талдаудан жалықпайтын. Өзіне деген ұстаз пейлі мен ықыласын сезінген студент өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын. Ондайда ұстаз ризашылығына бөленгендердің мерейі өсіп, ескерту алғандар намысын қамшылап, жігерін жани түсетін. Темекең

ұстаздық міндетіне адал азамат еді.

Иә, Темекен өз саласының білгірі, өз ісінің маманы болатын. Ұстаз қашанда әділет туын жоғары ұстауға тырысатын. Сондықтан да адамдықтың ақ туы алдында ол кісінің ары таза. Темірбек Қожакеев – шәкірт жанының тамыршысындай, шын мәніндегі ұлық ұстаз деген ұғымға сай тұлға.

Темекеннің ғұлама ғалымдығының куәсі – оның том-том зерттеу еңбектері мен оқу құралдары, оқулықтары. Шын ғалымның шынайы ізденімпаз екендігі әдебиет пен журналистикадағы тың тақырыпқа түрен салып, өзі тапқан сүрлеуін даңғылға айналдыруында. Ғылымдағы Темекен “бақшасының жемісі” талай ұрпаққа нәр болары анық. Ол – терең ізденіспен келген маңдай тер мен адал еңбектің жемісі. Сондықтан оның ғұмыры ұзақ.

Ғалым қаламынан туған “Қазақ сатирасы”, “Сатира және дәуір”, “Адам. Қоғам. Сатира”, “Сатиралық жанр”, “Сатира – күштілер қаруы”, “Сатира негіздері” т.б. салиқалы еңбектері қазақ әдебиеті мен журналистикасында бұрын ешкім кеңінен сөз қыла қоймаған тақырыптарды алғашқы болып игеріп, рухани мұрамызда өзіндік орны бар сатираны әдебиеттану ғылымының игілігіне жаратып, ғылыми айналымға енгізуімен құнды.

Темекен ізденісінің ерекшелігі – тақырыпты тек бетінен қалқымай, тұңғыықтан тартып, қопара жазатындықтан зерттеудегі қисындық, қағидалық тұғырнамасының тамыры тереңде болып келуі. Сондықтан да ғұлама ғалым еңбектері сатирадай сан сырлы құбылыстың құпиялы қырын ашып, жанрларының жігін ажыратып, оның рухани өміріміздегі орнын айқындап беруімен қымбат. Талғамы биік, танымы терең Темекендей зерттеушінің бұл еңбектері болашақта әдебиеттанудың сатираға қарасты қырын қарастырамын дейтін талай жас талаптың ғылым жолындағы адастырмас темірқазығына айналары хақ “Ғалымның хаты өлмейді” деген қанатты сөздің мәні осында жатса керек-ті.

Темірбек Қожакеевтегі азаматтың асылдығының бір белгісі – жас жетті, қайрат қайтты деп отырып алмай, пайғамбар жасынан асқан соң шабытты үдете түсіп, әдебиет тарихы мен журналистика тарихын “ақтаңдақтардан” аршып, ұлттық санадағы дертке дауа іздегені дер едік. Оның соңғы жазған “Жыл құстары”, “Көк сеңгірлер”, “Сара сөздің сардар-

лары” т.б. еңбектерінің маңызы ұлтымыздың ар-ожданына айналған арыстарымызды жұртымен қайта қауыштырып, олардың шығармашылығындағы ұлтжандылық рухын ашуында. Ғалым алаш қайраткерлерінің көрінгеннің көзіне түсе бермейтін публицистикалық мақалаларын архив қойнауларынан, қолжазбалар қорынан тірнектеп жиып, шаншыла оқып, көз майын тауыса жүріп жарыққа шығарды. Бар ғұмырын ұлтының кешегісі мен бүгінгісін, бары мен жоғын түгендеуге арнаған аяулы ұстаз-ғалым ұрпақ алдындағы борышын өтегендей. Елім, жұртым деп жүріп, жазықсыз жапа шеккен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Н.Төреқұлов, Б.Сүлеев, Ә.Бірімжанов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов т.б. алаш ардақтыларының әруағы Темірбек Қожакеевке риза. Темекен ұлылардың “ұрпаққа хатын” сараптап-талғап, байыптап-бағалап, түсініп-талдап, бүтіндеп-түгендеп, төкпей-шашпай болашаққа аманаттады. Ғалымға бұдан артық бақыт бар ма, бақ бар ма?! Бұл тұрғыдан келгенде, Темекен ғасырлық ғылымдағы қос буынның арасын жалғап тұрған алтын көпір іспетті. Ғылымға деген адалдығына қылау түсірмей өткен ғұлама, өзі пір тұтқан ағаларымен пейіш төрінде табысып жатқан-ақ шығар. Ләйім солай болғай!

Мен Темағанды шын мәніндегі бақытты жан деп білемін. Артында басқан ізін қасиет тұтар ұрпағы бар. Күш-қайратын сарп етіп жазған том-том еңбектерінің сан мың шәкірттер жанына сан ғасыр шырақ жағары сөзсіз. Халқына мәңгілік мұра қалдырған адамда арман болушы ма еді?! Иә, Темірбек Қожакеұлының есімі болашаққа бет алған ұрпақ көшінің алдында ұран болып жүрерінде күмән жоқ.

ҚҰЛАҒЫН ТЕСІП ҚҰНТИТЫП...

Биылғы жылдың кинохитіне айналған «Шал» фильмінде бас кейіпкер қорадағы қойларын нөмірлеп, әрқайсысына танымал футболшылардың есімдерін танып, өзімен-өзі күбірлеп сөйлесетін көрініс бар. Ілгеріде малсақ әкелеріміз де дәл осы шал сияқты «көк сыр менікі, ақ сыр сенікі болсын» деп көршілеріне ескертіп, қойдың жон арқасына үй сырлайтын сырмен өз есімдерінің басқы әрпін бастыратын немесе құлақтарына ен салатын. Қазір мал дәрігерлері үй-үйді аралап, қорада тұрған малды сары сырғамен таңбалап, төлқұжат беретін болып жүр. Қазір сол сырға мен енді біз

қыздарымыз бен жігіттеріміздің құлақтарынан көретін болып жүрміз...

Негізі ен салу - мал араласқанда ажырату, жоғалғанда жылдам табу, бір-бірінен ажырату үшін қажет. Сонда ентаңбамыздың кісі құлағында жүруі қалай? Психологтардың пайымдауынша, адам құлағының формасына, көлеміне және қалай орналасқанына қарап оның мінезінің ерекшелігін, ерік күшін, белсенділігін, денсаулығын білуге болады екен. Ал таққан сырғасына қарап не аңғарамыз? Бақсақ, бұл пәленің тарихы тым тереңде екен. Осыдан жеті ғасыр бұрын Азияда ерлер үшін арнайы сырға жасайтын ұсталар болған. Ал ежелгі египеттіктерде бұл әлеуметтік жағдайдың жоғарылығын білдіретін белгі. Римдіктер мұны құлдарға тақса, гректерде жезөкшелікпен айналысатын ерлер ғана сырға салбыратып жүрген. Сығандарда тұңғыш ұлы шетінегеннен кейін дүниеге келген ұлға сырға тағу салты болыпты. Пираттардың құлағындағы сырғалар тоналған кемелердің санын білдіреді екен. Сол құлаққа тағылған сырға жалғызбасты ананың жалғыз ұлы екенін, оң құлаққа тағылған сырға жалғызбасты әкенің перзенті екенін аңғартқан. Көршілес Ресейде сырға тағу І Павел патшаның кезінде сәнге айналыпты. Оны соғысқа кетіп бара жатқан сүйіктілерін қаңғыған оқтан аман қорғау мақсатында әйелдері бойтұмар етіп күйеулерінің құлағына тағады екен. Негізі перзенті бірінен соң бірі шетінеп тұрмайтын қазақ қана сәбиінің құлағын тесіп иттің жүнін өткізіп қойған ырым болған.

Қазір құлағын тіліп сырға, мұрнын тесіп персинг тағуға не жорық? Құлақтарына сырға тағып алып, соны сән көріп жүрген жігіттерді еркектер қатарына қосу қиын. Шарифатта сырға түгілі алтын жүзік тағудың өзі құпталмайды.

Жалпы, ер азаматтың мұрнының төбелесте, құлағының жаумен шайқаста ғана тілінгенін жөн санаймыз.

СӨЗ МЕРГЕНІ

Қазір, құдайға шүкір, ел іші өнерге кенде емес. Талант та, талант атын жамылған талапкер де жетерлік. Кімнің таза өнер адамы, кімнің өнерпаз екенін біле алмай далмыз. Сахнаға қарасаң, жып-жылтыр, әдемі-ақ. Атақтары да дардай. Сынып жетекшісінің не мектеп басшыларының қысым-қолқасымен бірді-екілі ән байқауына қатысып, тілдей қағаз алып алады

да, лауреатпын деп кеуде қағатындар шаш-етектен. Шетінен жұлдыз, шетінен марқасқа. Әлдебір әншінің дауысын өз дауысым деп ән салғансып, фонограммамен тойда тайраң қағатын ұятсыздар да табылып қалады. Бүгінгі кейіпкеріміз ол сорттан емес. Таза өнер адамы.

Әрине, әрбір адамның бойында бір пайыз болса да талант болары ақиқат. Десек те, нағыз талант иесі ілуде біреу ғана. Оны уақыт өзі дәлелдеп келе жатқандай. Сахна жайын түсінер көзіқарақты адамға талабы тау қопарар талантты тану тайға таңба басқандай оңай болса керек-ті. «Жігітке жеті өнер де аз» десек, сол жеті өнердің оябынан шығып жүрген Сайлаухан Жоланов туралы ұялмай сөз қозғай аласың.

Алдымен Сайлаухан көпшіл, сосын бойындағы өнерін қызғанбай төге салар көңілшек. Біздің университетке ол «Қазақ-Ресейден» келетін. Қазақ-Ресейіміз – бүгінгі Халықтар достығы университеті. Келетін де, бірді-екілі жырларын оқып, бас жұлдені қанжығаға байлап кете баратын. Түс көргендей болып қалатынсың. Студенттер де талантқа тағзым етіп, таңданыстарын жасырмайтын. Кейін бұл жігіт көрінбей кетті. Мәдениет бөліміне жұмысқа кіргенін естігенбіз, күнделікті күйбең тірлік күйкентай етіп жіберген болуы мүмкін, тасада жүреді. Бақсақ, Сайлаухан жыр саулатуын қоймаған екен. Қазақ жұртының өзге елдерден ерек етіп тұратын құдіреті де осында шығар, айтыс өнеріне бүйрек бұрыпты. Суырып салмалыққа таңдау салған екен. Өнердің бұл түрін меңгеру екінің бірінің қолынан келе бермесе керек. От ауызды, орақ тілді сөз сүлейлерінің бұл қасиетін ерекше бағалғанымыз жөн.

Шамасы 2003 жылы болу керек, қаламызда өткен ақындар айтысына бардым. Көздерінен жалын атқан жастарымыз көп-ақ екен. Бірақ, арасынан бір жігіт – Сайлаухан дараланып тұрды. Сөз мәнерінің иірімдері, терең ойлы мағыналығы халықтың жүрек түкпірінен бірден орын тапты. Уақыт өте келе оны сахналардан жиірек көретін болдық. Кейін жазба ақындар мүшайрасына да қатысып, бас бәйгіні бермей жүрді. Өлеңді мәнерлеп оқығанда Мұхтар ағасы сияқты жан тәнімен образға енетін.

Бірде «Хабар» агенттігінен курстас дос Ақпанбет келіп қалды. «Ақындар аллеясы» бағдарламасына таланттар іздеп жүр екен. Бірден Сайлауханды мезгедім. Табиғат аясына

алып шығып, түсіріп алды. «Сайлау інің жаман ақын болайын деп тұрған жоқ. Демеуші жағы жетіспейтіні болмаса...» деп жанашырлық білдірді.

Оқу оқып жүріп танылған дарын иесі, осылайша өзінің сан салалығын білдіріп үлгерді. Бүгінде Түркістан қалалық мәдениет үйінде қызмет атқарып жүрген жігіт қалалық іс-шараларға белсене қатысады. Драма үйірмесінде Сұлтанбектің, Хан Кененің, Қайраттың образдарын әдемі сомдап шықты. Сахнадағы жүріс-тұрысы, сөз саптауы, кейіпкердің жан дүниесін түсініп, оны бойына сіңіріп орындай білуі жұршылықты таң тамаша қалдырмай қоймады. Қойылым барысында ел күңіренсе – күңіреніп, қуанса – қуанып, трагедиялық та, сатиралық та рөлдерде образға еніп кете барды.

Сәкеннің рөлін сомдап, халықты ағыл-тегіл қып бір тебіrentкені бар. Кейіпкердің өзі тіріліп көз алдымызда келгендей болды. Өне бойымыз шымырлап, таңдана таңдай қаға бердік. Қойылым соңында талантқа тамсанған көрермен орнынан тік тұрып қол соқты. Қазір Сайлаухан Нұрағанның өзі бағдар еткен «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен «Ынтымақ» ауылына ауылдық клуб режиссері болып барды. Алыс ауылда жүріп те өнер ордасынан қол үзген емес. Молда Мұсаның 100 жылдығына орай өткізілген қалалық семинарға белсене қатысып, «Ер Шора» эпосынан пьеса жазды, дүйім жұрттың алдында қойылым ұйымдастырды. Оралхан Бөкей атындағы қалалық, облыстық байқауда жүлделі орындарды иеленіп, көркемсөз шебері атанды.

Сайлаухан – қазір сөз мергені. Халықтың көкейіндегі ойды дөп басып, жеткізе білу де оңай емес. Суырыпсалма айтыскер, өлеңнен өрім өрген ақын, дарынды актерді сөз мергені демей кім дерсің!

«ҰЯТСЫЗ» ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН

Шілінгір шілде. Ми қайнатқан аптап ыстық апшыны қуырып, таңдайды кептіріп барады. Жүйкесі сыр беретіндер де көбейген. Әсіресе, ауыз бекіткендер ешкімнің сөзін көтерейін деп жүрген жоқ. Ел шаршап жүр...

Кейде көшеде өзімен-өзі сөйлеп бара жатқан жас қыздарды байқайсың. Әдепкіде «мынау жынданған ба?» деп абдырап қалуың да мүмкін. Жақындай келе оның екі

құлағына құлаққап тығындап алып, ұялы телефонмен әлдебір құрбысымен сөйлесіп бара жатқанын аңғарасың. Жалғыз өзі. Біртүрлі ерсі. Айқай салады, жын қаққандай сықылықтап күле жөнеледі. Айналадағы дүниені ұмытқан, өзімен-өзі, басқа әлемде жүргендей жан-жағын сезер емес. Осындай құлаққапты тығындап алғандардың көшеде өзімен-өзі билеп жүргенін де байқағанбыз. «Несі бар, мен музыка тыңдап бара жатырмын» дейді ол. «Мұныңды сырттан бақылаған біреу «жындымысың?» десе не дейсің?». «Дей берсін, қазір бұл ерсі емес, кім не істеймін десе де өз еркі. Демократия!». Солай!

Қоғамдық көлікте ұялы байланыспен айқайлай сөйлесіп, күйеуін жерден алып, жерге салып, тықсыра қуып, өзінің отбасындағы бар сырын елге жайып отыратын еркешора әйелдер де кездеседі. «Апай, тым қатты кеткен жоқпысыз? Жай сөйлессеңіз де естіледі ғой» десең, «ісің болмасын, жайыңа отыр!» деп жекіп тастайды. Танымдық кітап оқығаннан гөрі күнұзақ агентпен әлек болып отырған жастар да көп. Агент арқылы тұрмыс құрып, үйленіп жатқандар да көбейген сыңайлы. Түн баласы көрпе астында саусақтарымен клавиштерін сытырлатып, соткамен сырлас, агентпен мұңдас болып жатқан жастарға әкенін де, шешенін де шамасы келмей отыр.

Әйтеуір, бір жапырақ тетік жасты да, кәріні де күндіз-түні алақандай көгілдір экранға телміртіп, сымсыз-ақ байлап-матап тастады. Шыңғыс айтқандай, бұл мәңгірттенудің басы болып жүрмесін деңіз...

ЕСКЕРТКІШ – ЕЛ ЕҢСЕСІ

Ескерткіш – елдің ері мен еркесін танытар теңдесі жоқ өнер туындысы. Ол ұлттың, оның келер келешегінің айнымас символы. Қалаға қыдырыстай келген кез-келген жолаушы міндетті түрде ескерткіш маңына тоқтап, естелікке суретке түсіп жатады. Көпшілік мерекелерде ел сол ескерткіш маңын ду-думанға бөлейді, жастар махаббат серттерін осы ескерткіш басында бекемдейді. Қысқасы, мүлгіген тас тұғыр қаншама жанның көз қуанышы, көңіл жұбанышы екені даусыз. Біз әлемге танымал Гизедегі Сфинкс, Рио-де-Жанейродағы Иисус Христос, Улан-Батордағы Шыңғысхан, Лэшаньдағы Будда, Нью-Йорктегі Азаттық, Волгоградтағы Отан-Ана, Чилидегі

Моаи, Мәскеудегі Минин мен Пожарский, Жұмысшы мен Колхозшы ескерткіштерін жақсы білеміз. Алматыдағы Абай, Шымкенттегі Бәйдібек баба, Атыраудағы Исатай-Махамбет, Астанадағы Қос ғашықтың мүсіні, Қарағандыдағы Шахтерлер, Тараздағы Жібек пен Төлеген ескерткіштері де ешкімнен кем емес. Шүкір, ескерткіштен кенде емес екенбіз. Бірақ, сапасы төмен кейбір ескерткіштерді көргенде, іштей қынжыласың...

Мәселен, Шымкентте мүсіншілер Сұлтан Илияв пен Әбдуақат Мұратбаев сомдаған Сейдолла Бейтереков ескерткішінен композиторға лайық бірде-бір белгіні байқай алмайсың. Аяғын айқастыра шаршаңқы кейіпте жай ғана тұғырға сүйеніп тұрған бейнені байқайсың. Оның орнына Сейдолланың бір қолыңды «Әлия» деп жазылған нотасы, күйсандыққа жайғасқан кейпі анағұрлым ұтымдылау шығар ма еді деп ойлайсың.

Түркістанда қала қақпасы – вокзал алдында алып ескерткіш тұр. Бұл маңдай тұстағы даңғыл көшеге еңсе көтеріп тіктеп қарай алмай, жүзін төмен салған Абылай хан бабамыздың ескерткіші. Жалпы, алаш баласы аспанға қарап өседі, Көк Түріктің тұқымы көкке қарап айбар көрсетеді. Ал біздің мүсіншілеріміздің біртуар тұлғаларымызды сомдағанда тұмсығымен жер иіскетіп, бастарын салбыратып қоятыны қалай? Бұл турасында кезінде баспасөзде әрқилы пікірталас та өрбіген. Ол кезде ескерткіш қала әкімдігінің алдындағы саябақта тұратын. Кейін биліктегілер оны «көзден таса, көңілден саяқ» вокзал жаққа ауыстырып тынды. Көне қалада ауып-көшіп жүрген ескерткіш бұл ғана емес. Қолына тәспі ұстап, белдігіне бәкі байлаған ескерткіш те бірнеше рет «қоныс аударып» үлгерді (жергілікті тұрғындардың базбірі оны әл-Фараби, бірқатары Әмір Темір ескерткіші десіп жүр, бірақ тақтайшадағы жазуы Алланы мадақтаған жазбаға көбірек келіңкірейді). Қазір бұл ескерткіш Саттарханов даңғылы мен Байтанаев мүйістерінің қиылысында тұр.

Қала әкімдігіне қарсы беттегі саябақта ел бірлігін сипаттайтын алып монумент бар. Арлы-берлі өткен жүргінші жұмбаздай жымдасқан алты шаңыраққа қарап мұны алты алаштың бірлігін меңзеген ескерткіш деп ұғады. Монументтің іргесіндегі тақтайшаға да: «Биіктігі 21 метрлік төрт мұнарадан тұратын «Бірлік» сәулеттік композициясы алты

алаш ұрпақтарының ынтымағын, бірлігін және даму тарихын көрсетеді» деп жазылған. Аспанмен астасқан төрт діңгекті көріп, сәулетшілер «төрт қақпалы Түркістан», «төртеу түгел болса төбедегі келеді...», «дүниенің төрт бұрышы» деген сияқты әдемі ұғымды бергісі келді ме екен деп те пайымдайсың. Бір кездері «Егемен Қазақстан» газетінің «Тәуелсіздіктің символын бейнелейтін төрт мұнаралы монумент» деп жазғаны да есте. Діңгектерге асылған темір шығыршық бір қарағанда жер шарына ұқсас, допқа да келеді. Зады бір-бірімен жымдасқан алты шаңырақ болуы мүмкін. Төбедегі шаңырақ – әдемі. Оған еш таласымыз жоқ. Ал бір қырынан жантая жатқан төрт шаңырақты түсіну қиын. Жамбасына қисайған шаңырақ қазақ үшін жақсылықтың нышаны емес. Астындағы шаңырақ тіпті шалқалай жатыр.

Осы біздің батырлар өнебойы аттан түспеген бе деп те ойлайсың кейде. Батырларға соғылған ескерткіштер кілең бір қалыптан шыққандай: қолында қылышы не қалқаны, астында ауыздығымен алысқан арғымағы болады. Аттан түсіп, жауының жағасын алып, кеңірдегін қысып тұрған немесе найза шаншып, табанына таптап жатқан батырды көрмейсің. Фантазия жоқ, талғам төмен. Түркістаннан Шымкентке шығар даңғылдың бойындағы Қабанбай батырдың астындағы арғымағының тіпті шайнар ауыздығы да жоқ. Ескерткішті соққан сәулетшілер батырымызды «жүгенсіз» арғымаққа қонжита салған.

Осы даңғылдың бойындағы Бекзат спорт кешенінің алдында қазақты әлемге танытқан қос батырымыздың еңселі ескерткіштері бар. Екеуі де мақтанышымыз, екеуі де жұдырықпен жұмыр жерді бағындырған бекзат батырларымыз. Бір өкініштісі, екі ескерткіш те бір қолдан шыққандай жадағай, боксшыларымыздың дара мінезін, арман-аңсарын, болмыс-бітімін, ішкі жан дүниесін ашып тұрған жоқ. Жай ғана адамды тұла бойымен алған фотосуреттің көшірмесі іспетті. Тек бірінің қолындағы қолғабына, екіншісінің қолындағы медаліне қарап боксшылар екенін пайымдайсың. Өмірдегісі мен мүсінделуі екі бөлек. Тұтастық жоқ. Мүсіншілер спортшыларды жете зерттемеген бе дейсің.

Қандай да бір болмасын, өнер туындысына жеңіл-желпі қарамаған жөн. Көрермен көзіне шалынатыны астындағы тұғыры емес, оның үстіндегі мүсіні болса керек.

ТӘУЕЛСІЗДІК МЕЙРАМЫНДА ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ АДАМДАР МАРАПАТТАЛАДЫ

Бірер айдан соң, желтоқсан айында ең ұлық мейрамымыз – Тәуелсіздігіміздің 27 жылдығын тойлаймыз! Байқасаңыз, жыл сайын Тәуелсіздік күні мейрамы қарсаңында жергілікті әкімдердің тарапынан марапаттауға ұсынылатын азаматтардың тізіміне негізінен 1991 жылға дейін (?) кеңес үкіметі мен совет партиясына адал қызмет етіп, жанқиярлық еңбектерімен кезінде сол жүйенің лайықты марапаттарына ие болған 65 жастан асқан зейнет жасындағы адамдар кіреді. Ия, жоққа шығара алмаймыз, олардың да еңбектері бар! Олар да марапатқа лайық! Бірақ, жыл сайын, әр мейрам сайын емес қой? Логикаға салсақ, марапаттың басым бөлігіне 1991 жылдан кейін, яғни, тәуелсіздік жылдарында, нағыз Тәуелсіз Қазақстан үшін (!) адал қызмет еткен, тәуелсіздік жылдары ерекше жетістіктерімен көзге түскен кейінгі буын өкілдері, әсіресе Тәуелсіздігіміздің тірегі – жалынды жастар көбірек ілінуі тиіс еді. Олар жастары ұлғайған аға-апаларының көлеңкесінде қалып қойып жатқан сияқты. Мәселен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің айтулы датасына арналған мерекелік медальдардың 25 жылдың ішінде еңбегімен, жарқын істерімен көзге түскен Мағжан айтқан жалынды жастарға берілгенін байқамаппыз. Бар болса да, санаулы шығар. Алайда, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында: «Мерекелік медальмен Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің қалыптасуына, егемендігінің нығаюы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары наградталады» деп айқын жазылған. «Социалистік Қазақстанға» делініп тұрған жоқ, «Қазақстан Республикасына» делініп тұр! Осы Жарлықтың 3-бабында: «Мерекелік медальмен наградтауға ұсыныстарды... қала әкімдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар енгізеді» деп жазылған. Демек, ұсыныс әзірлейтін әкімдер мен қоғамдық ұйымдар жастарға да көңіл бөліп, осы тұрғыда мықтап ойлануы тиіс сияқты. Марапат адамдарды жарқын істерге жұмылдырып, ынталандыру үшін беріледі. Ал, ондай

ынталы бастамалар мен жарқын істер жастардың да қолынан келеді! Елбасымыз биылғы Жолдауында: «Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын!» деп бастама көтерді ғой. Ендеше, жастарға да жолымызды беретін сәт туды, құрметті марапатқа құмар аға-апалар!

ҚАЛЫҢДЫҚ ЛАҚТЫРҒАН ДЕСТЕ... КІМГЕ ТӘБӘРІК?

Қалыңдық дестесінің тұрмыс құрған қыздардың ақ көйлегінің бір бөлшегі болып алғаны қашан. Ілгеріде үйлену тойы өткен соң жаңа түскен келін гүл шоғын күнге кептіріп, қуратып алып, өзге асыл тастарымен бірге сандықта сақтайтын дәстүр болған. Қазір сол дестені той бітісімен қалыңдық теріс қарап тұрып, арттағы қатарласа қалған бойжеткендерге иығынан асыра лақтыратын жоралғы пайда болған. Негізі қалыңдықтың десте ұстауы ХІХ ғасырда Англияда тұрмысқа енгенімен, гүл лақтыру кәдесі бізге мұхиттың арғы жағынан – Америкадан келді. Лақтырылған гүлді бірінші болып қағып алған бойжеткен көп ұзамай тұрмысқа шығады екен деген ырым бар.

Өкінішке орай, қазір кейбір тойларда байқап жүрміз, бойжеткендердің гүлге таласқаны соншалық, бір-бірін таптап кетердей анайы қимылдарға барып жатады. Сонда, шынымен де қыздар тездетіп күйеуге шығуды қалай ма, жоқ әлде, елден қалмайын деген санасыз әрекет пе? Ырымға сенейін десең, осындай тойлардан 7-8 гүл дестелерін коллекциялап жинап, әлі күнге дейін тұрмысқа шыға алмай отырған таныс бойжеткендерлі жақсы білеміз. Оны айтасыз, жақында тағы бір сорақы оқиғаның куәсі болдық. Бір тойда дүйім елдің көзінше жақында ғана тұрмысқа шыққан жас келін оң жақта отырып қалған қайынсіңлісінің майлы құйрығынан теуіп кеп жібергені! Ел гу ете қалып еді, шашын сары түске бояп алған үлкен абысыны ортаға шығып, осындай ырымның бар екенін, енді қайынсіңлісінің «жолының ашылғанын» айтып, жұртты сабасына түсірді. Жалпы, тойдағы ырым жәй мазақ үшін керек сияқты. Ал сол мазақтың құрбанына айналып отырған бойжеткендерге айтарымыз, көркем мінезден асқан дәстүр болмақ емес! Сонда ғана гүл қағып әуре болмайсың, гүлді сері жігіттің өзі-ақ әкеліп қолыңа ұстатады!

АКТЕР БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ? АЛДЫМЕН ӘНШІЛІКТЕН БАСТА!

Әлемде әркім өз ісімен айналысып үйренген. Темір ұстасы – теміржонады, бағбан – бау-бақша ісімен шұғылданады. Сондықтан да барлық елде өз ісінің маманы болуға үйрететін түрлі оқу орындары ашылып, «сен мына маман иесісің» деп қолына қалпақтай дипломдарын ұстатады. Яғни, кез келген адам белгілі бір мамандық иесі. Мәселен, білім беру саласында базалық білімнің сәйкес келмесе, мың жерден сен сол саланы терең меңгерсең де, тұрақтап жұмыс істей алмайсың. Келген комиссия «мамандығы сәйкес келмейді екен» деп, алдымен саған шүйліге бастайды. Мемлекеттік қызметте де солай. Қызметке қабылдау салаға қабілеттілігіңді тексеріп, тест тапсыру түрінде анықталады. Журналистер де үш айлық сынақ мерзімінен өтпей бұқаралық ақпарат құралдарына қызметке қабылдана алмайды. Тіпті, сахнада ел ықыласына бөленіп жүрген маман актердің өзі де киноға түсетін болса міндетті түрде сынақ кастингінен өтеді.

Дәл осындай талап тек әншілерге ғана қатысы жоқ-ау деп ойлайсың кейде. Өйткені, сериалдар мен кинофильмдерде қолыңда әлгіндей «актер» деген дипломы бар әртістерден гөрі әншілерді көбірек көресің. Жанар Айжанова, Мөлдір Әуелбекова, Жазира мен Жанболат, Кәмшат Жолдыбаева, Айқын Төлепберген, Дастан Оразбеков, Жанар Дугалова, Жігер Ауыпбаев... осылай кете береді. Тіпті, барлық сериалдарға қатысып, экраннан түспей, «жауыр» болған әншілер де бар. Бәлкім, кейбірінің актерлік мамандығы да бар шығар, бірақ біз оларды әнші ретінде жақсы танып қалғанбыз (әрине, кейбірінің актерлік қабілетіне таң қалмай тұра алмаймыз). Мәселен, ұлттық кино өнеріміздің жауһарларына айналған «Қыз Жібек», «Гаухартас», «Атаманның ақыры», «Менің атым Қожа» фильмдерінен киноға түскен бірде-бір әншіні таппайсыз. Әншілер тек әртістер салған әндерге ғана кадр сыртынан дубляж жасайды.

Сонда кино индустриясындағы мамандарға фильмдеріне түсу үшін кәсіпқой актерлерден гөрі әншілердің тиімді болғаны ма? Жоқ, әлде, одан да әрі танымал бола түсу үшін онсыз да «жұлдыз ауруымен» ауырып жүрген әншілердің өздері киноға түсуге сұрана ма? Мұның басқадай да бір себептері бар шығар? Біз білмедік...

ҚҰДАДАН ҚҰТЫЛҒАНША АСЫҒАТЫНЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

Кейінгі кезде «бір күнде құтылып алайық», «ағайын күнде жинала бермейді» деген желеумен құдамызды үйде не кафеде үш-төрт сағат қоян қуғандай етіп күтіп, арада ағайын ала қашып, кафеде дәм беріп, күні бойы құдайымыздай күткен құдамызды кешке тойхана іргесіне қаңтарып қойып, той алдында беташар өткізіп, сосын екі-үш сағат дастархан басында жұлқылап той тойлатып, әбден діңкелетіп шығарып салатын болып жүрміз. Қазіргі құда күту дәстүріміз, міне, осындай. Халқымыздың есте жоқ заманнан келе жатқан «құдалық» дейтін тамаша дәстүрімізді «құтылып алайыққа» салып, осылайша бір күндік арзан көңіл көтеруге айналдырып алған жайымыз бар.

Естеріңізде болса, бұрынырақ басқаша еді. Ағайынның ішінен ел ағаларының бірін күнібұрын қарсы жаққа шақырушы етіп жіберіп, құда күтер күнді белгілеп алатын. Ол жақ та шақыра келген жігітті құда күтер жөн-жоралғымен құрметтеп, шапан жауып шығарып салатын. Қазір мұны біз телефон дейтін «құдамен» алмастырып алдық. Құдалық қазіргідей кафеде емес, жер кепеде отырса да, қара шаңырақта өтетін. Құданы көшеден күтіп-шығарып салу – үйін көрсеткісі келмеудің, қатындарының саусақтарын суық суға салмаудың бір амалы болып есептелетін. «Өйбұй, даңғырадай үйі тұрып, құдасын көшеден күтіп шығарып салыпты деген не сұмдық?» деп әжелеріміз беттерін шымшитын. Қазіргідей той алдындағы алашапқындай емес, келіннің беті бөлек, үй ауласында, ағайынның алдында қызық-думанмен ашылатын. Ал құдалық екі күнге созылатын. Бірінші күні түске таяу келген құда ұымыз бен қызымыз өскен қара шаңырағымызда ағайынмен араласып, арқа-жарқа боп, жақынырақ танысып, асықтастан емін-еркін отыратын. Ірге көріп, ақ батасын беретін, жақсы ниетін жеткізетін. Құда асықпаған соң, күтуші ағайынның да көңіл-күйі сабырға тоқтап, асықпай күтетін. Қона жатып, көз ұйқыға кеткенше әңгіме тиегін ағытатын. Абысын-ажын да «өлгенде көрген бір той» деп, тоя жеп, ыстық ықыласпен тарқасатын. Ертеңіне өзге ағайындар бауыр басып қалған құдаларына үй көрсетпекке таласа-тармаса ұмтылатын. Құда жағы бірнеше үйді жағалап, мал-жанымен, тұрмыс-тіршілігімен танысып, ұмытпастай әсерде қалатын.

Қазіргіқұдажақынжамағайынынжиыпболғаншақүтуші жақтың сабырын ала күттіріп, түс ауа ғана шаң көрсететін болып жүр. Асаба ауызынан құда күтер бағдарламаның жарты күнге ғана арналғанын естіп алған соң, қызық-думанға селқос қарап, сағаттарына қарағыштап, «от ала келгендей» кейіп танытатыны рас. Бір есептен құдалықты мұндай күйге жеткізген өзімізден де кінә бар. Әлгінде айтқан екі күндік құдалық, несін жасырайық, «пьянкаға», ағайынның үй көрсетуі бірер минут тізе бүгіп қана нан ауыз тиіп шығатын «айттауына» айналушы еді ғой.

Сол тұста, екі күндік болса да, өз басым құдалықты жалықтастай әдемі етіп өткізген жандарды білемін. Түсте алдымен жақсылап жеңіл-желпі қуырдақпен бір шәй беріп, шаршағанымызды басып алған соң, қаланың көрікті жерлерін аралауға алып шықты. Құда күту рәсімі түстен кейін азулы асаба мен әнші жігіттердің ойын-сауық бағдарламасына ұласты. Осы тұста дастарханға ішкіліктің мүлдем қойылмағандығын ескерте кетейін. Ал кешқұрым бір жарым сағаттай театр тамашаладық. Театрдан соң тамақ сіңіруге мүмкіндік беріп, түнгі қаланы бір серуендетіп алып, алдын ала әзірленген қонақжайға (бір ағайынның үйіне) алып барды, сонда тынығып, ұйқымызды әбден қандырып алдық. «Көрпе асты», «көрпе үсті» деген дәстүрлермен басымызды ауыртқан ешкім болмады. Таң атқанша әдемі демалып, құданы күтуге кезекке тұрған бір ағайынның үйінде таңғы жеңіл тағамынан дәм татып алған соң, әйелдер жағы кәде-күдені тамашалауға отырды да, еркектер жағы ауыл іргесіндегі өзенге барып, балық аулап миларын тынықтырды. Түсте екінші ағайын түстікке, кешке үшінші ағайын кешкі асқа шақырып, китімізді кигізіп, концерт көргендей демалып, тарқастық. Жалығып шаршаған, жұрттың мазасын алған бір адамды байқамадық.

Жарты күн болса да, қазір де құдалық бағдарламасын дәл осылай ойға қонымды етіп дайындауға болатын сияқты. Мәселен, құданы түсте күтіп алған соң, жеңіл тағаммен бір шәй беріп алып, ағайынмен бірге қаланың көрікті жерлерін аралатып, естелікке суретке түсіп, түстен кейін қара шаңырақта үлкен асқа отыруға болады. Кешке ағайындардың кафеде жайғандастарханында нағыз концерттік бағдарлама жалғасын тапса, тіпті әдемі. Әйтеуір, не керек, құданы шаршатпаудың, көңілдерін көтерудің түрлі амалдарын қарастыруға болады.

Өйткені, бұл құдалық қой. Ал құдалықтың есте қаларлықтай көңілді өткені жөн. Тек тамақ беріп, кит кигізумен күтемін деу құдалық сәнін кіргізбесе керек...

Ал сіз қалайсыз, ағайын! Барлығын бір күнге белгілеп, құдаңыздан құтылғанша асығып отырған жоқсыз ба?

МУЛЬТИПЛИКАЦИЯДАҒЫ МУТАНТ-КЕЙІПКЕРЛЕР

Естеріңізде ме, бала кезімізде көгілдір жәшіктен мультфильм жылт ете қалса, ең қимас ойынымызды тастай салып, экран алдына жапырлай жата қалушы едік қой! «Ну, погоди!», «Гадкий утенок», «Гуси-лебеди», «Золотая антилопа», «Обезьянки», «Волк и семеро козлят»... көз ала алмайсың. Қазақ мультипликациясы да магнитше тарта-тын: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Қырық өтірік», «Құйыршық»... қайсыбірін айтайық. Барлығының да негізгі сюжеті бала тәрбиесіне, танымына, ой-түйсігіне негізделетін. Кейіпкерлер өмірден алынатын. Қасқыр – қатыгездіктің, түлкі – қулықтың, қоян – қорқақтықтың, қой – момындықтың, кірпі – адамгершіліктің символы екенін бала біліп өсетін.

Қазіргі балаларды мультфильм қарамайды екен деп айта алмаймыз. Бірақ қандай мультфильмдер? Не аң емес, не адам емес, өңшең мутанттар. Таңнан кешке дейін бірін-бірі зәбірлеп, қанын сорғалатып, ақырып-бақырып жатқан бір белгісіз мақұлықтар, жіңішке аяқтарымен қазандай бастарын көтеріп жүрген өңкей диюлар.

Мультипликациядан сурет қашқалы қашан? Өңшең CG, Flash, 2d, 3d, 4d... Жатқан компьютерлік графика. Walt Disney-дің, «Союзмультфильмнің» суретті анимациялары болмаса, мультфильмдер түгелдей осындай жеңіл форматтарға көшкен. Эффект қуалаймыз деп, бала танымын ұмыт қалдырып, қатігездікке бой алдырып бара жатқандаймыз.

Бірде үйге келген жиен немерем:

– Ата, Грю мен Миньонға барып қайтайықшы? – деді.

– Оларың кім еді? – деймін мен таңданысымды жасыра алмай.

– Өй, отсталый екенсің ғой! Мультиктегі ше?

Сосын мен де қарсы сұрақ қойдым:

– Толағай мен Алдар көсеге барғың келмей ме?

– Оларың кім, ата?

– Мультиктегі кейіпкерлер.

– Фу, анабір куклалар ма? – деді.

Күлесің бе, жылайсың ба?

Еліктеп отырғаны түсіңе кірсе түрлерінен шошып оянатын өңкей жалғыз көзді, қалқан құлақты, дәу мұрынды жарымес жабайылар. Оларды соншалықты албасты кейіпке түсірудің қаншалықты қажеті болды екен? Әлде, осы фильмдерді жасап жатқан аниматорлар өз өнімдерін балалардың да қарайтынын білмеді ме екен? Бір қызығы, балалар осы құбыжық кейіпкерлерге бойларын үйретіп алған. Қуыршақ дүкеніне кірсең де, алдымен «әпер» деп қолына ұстайтыны осы мутант-қуыршақтар.

Рас, қазір «Сақ» киностудиясы қазақы болмысымызға лайық бірқатар мультфильмдер түсіре бастады: «Қазақ елі», «Қошқар мен теке», «Момын мен қарақшы», «Тау көтерген Толағай», «Ала қоңыз бен құмырсақ», «Түлкі, кене, тасбақа»... Дегенмен, бұл аз.

Дәл қазір балаңыз қайда? Шетел мультфильмдеріндегі мутант-кейіпкерлер санасын улап жатқан жоқ па екен, байқаңызшы...

ТҮРКІСТАННЫҢ ТАМАҒЫ ДА ДӘМДІ

Түркістан қаласының кафе-мейрамхана жүйесі бұрынғыдай емес, бәсекелестікке ұмтыла бастаған сыңайлы. Осыдан екі-үш ай бұрын ас мәзірі төрт-бес тағамнан (сорпа, лағман, палау, бифтекс, манти) әріге бармаушы еді, кухняларын байыта бастағанын көріп отырмыз. Мынау жуырда ғана ашылған «Иса steak house» дала мейрамханасындағы «стэйк рибай» дейтін жаңа тағам. Ал ана қара киімді бауыр осы тағамды әзірлеген аспаз. Бұдан өзге «стэйк томагавк», «стэйк ковбой», «стрип стэйк», «ти-бон», «флет айрон» сияқты тәтті буы мұрныңды қытықтап, тілі дәм үйіретін тағамдар да жеткілікті. Ендеше, жаңа облыс орталығына күмәнмен қарап жүрген қала маңындағы достарымызды осында келіп, бір тоя тамақтанып кетуге шақырамыз! Кім біледі, бір жылдары шетел туристері «Түркістанның тамағы дәмді» деп арнайы ұшақпен ұшып келіп, бір тамақтанып алып, қайыра кері ұшып кетіп жатуы да мүмкін ғой...

ҚОШ, ҚАЛАМСАП...

Кәдуілгі саусағымызды былғап алатын қаламсаптың тарихы 6 мың жылдан әріге ұзайды екен. Әдепкіде істік тас, үшкір таяқ, тросникті қылқалам түрінде пайда болған бұл жазу құралы жыл өткен сайын жетіліп, темірден жонылған стилусқа, құс қауырсынына көшті. Қаламсаптың жаппай қолданыла бастауы XVIII ғасырдың басына түспа-түс келетінін біз жақсы білеміз. Алдымен 1790 жылы қаламның ұнғысындағы ұнтақ грифель пайда болды. Кейін 1884 жылы сақтандыру агенті Льюис Эдсон Уотермен сиямен жазатын автоқалам ойлап тапты. 1889 жылы ауыл мұғалімі Джордж Паркер оны жетілдіріп, екі ел арасындағы ресми хаттамаларға қол қоятын сапалы авторучкаға айналдырды. Дөңгеленген кішкентай шарикпен жазатын қаламсаптың авторы американ өнертапқышы Джон Лауд. Ал дәл қазіргі біз қолданып жүрген шарикті автоқаламды француз фабриканты Марсель Биш жаппай өндіріске енгізді. Статистикаға сүйенсек, осыдан сәл ғана бұрын жаһан тұрғындарының 92 пайызы қаламсапты қолданған екен...

Өкінішке орай, осынау тамаша өнер құралы бірте-бірте қолданыстан қалып бара ма деп қорқасың. ЦОН, офис, маркет, қонақ үй, әуежай, банк, вокзал... қызметкерлері мониторға үңіліп, автоқаламды ұмытқалы қашан. Енді, міне дәрігерлер де цифрлық қабылдауға көшпек. Мұғалімдер қолдарына қаламсап ұстамай-ақ тікелей «Kundelik.kz» порталы арқылы оқушыларды бағалай салатын күйге жетті. Барлығы цифрланған. Барлығы кард жүйесінде. Тіпті, екі адам өзара ақпаратты WhatsApp, Telegram, Messenger арқылы жөнелте салатын болды. Ең көп жазады дейтін журналистердің өздері де блокноттан гөрі, диктофон көмегіне көбірек жүгінгенді жөн санайды. Етпеттеп жата қалып, «Ақ қағаздан ардақты, көк сиядан салмақты,...» деп жазатын хаттың көзден балбұл ұшқаны қашан... Әлдебіреуге «телефон нөмірімді жазып ала салшы» десең, тұтқанын ар жағынан кнопкаларын сыртылдата басып, телефонына жазып алып жатады. Қалың топтың ортасында отырып, ешкімнен де қаламсап сұрап ала алмайсың. Қысқасы, ручка ұстайтындар аз. Дереву соткасына жармасады.

Ілгеріде «Жазу сауаты» арқылы қисыққөз дәптерге таяқшалар мен дөңгелектер сызып, бірінші сынып

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

оқушысының қол жазуын қалыптастыратынбыз. Қазір саусақ икемін жаттықтырмай-ақ, бір аптадан соң оқуға көшіретін болдық.

Төмендегі суретте екі адамның қол жазуын (почеркін) беріп отырмыз. Бірі – төрт сыныптық қана білімі бар, бүгінде жасы 85-тегі қарияның қол жазуы, екіншісі – жоғары оқу орнын тауысқан ғалым адамның қол жазуы. Ешқандай түсініктемесіз-ақ айырмашылығы көзге ұрып көрініп тұр...

Қайран, қаламасап!.. Жазу машинкасы, радиоқабылдағыш, күйойнатқыш, күйтабақ сияқты сен де бір күні естелікке айналып, тарих қойнауына біржола еніп, жоғалып кетер ме екенсің?..

«КРОТ» АДАМДАР...

Кейбір адамдардың (жасы бар, кәрісі бар) қара көзілдіріктерін кеңседе де, үйде де, қараңғы ғимараттардың ішінде де мұрындарының үстінен тастамайтынына таң қаламын. Өздерін «крутой» етіп көрсетудің амалы ма, жоқ әлде, түнімен ұйықтамай жортып, ащы судың көзге ұрған зардабын жасырғысы келе ме, әйтеуір, ұғу қиын. Рас, кейде дәрігер көзі ауыратындарға диоптриялы әйнегімен қара көзілдірік жазатыны рас, бірақ бәріне бірдей емес қой. Әдетте қара көзілдірікті күн төбеден шақырайып, жанардың нұрын алғанда тағушы еді, бұлар күн бұлттанып тұрғанда да, қара әйнекті шекелерінен шешкен емес, ұйықтаса да тағып жатады-ау деп ойлап қалдым. Сөйлессе де, сенімен амандасса да, қара көзілдіріктің ар жағынан қарап тұрғаны. Кімге қарап тұр? Кімге сөйлеп тұр? Саған ба, оған ба, ажырату қиын. «Танымадың-ау?» деп қоятынын қайтерсің? Тимати, Лепс, Қайрат, Сайлаубек сияқты қара көзілдіріксіз сахнаға шыға алмайтын әншілер де бар.

Сіз қалай ойлайсыз, жаныңызда өнебойы қара көзілдірікті жұмбақ жандардың жүргенін ұнатасыз ба? Жоқ, әлде, ештеңесін жасырмай, көзінің нұры төгіліп тұрған кеуілі де, пейілі де ашық адамдардың болғанын қалайсыз ба?

«ЖАМБАСТАҒАН» ПОЛИЦЕЙ...

Ел-жұрт қалжыңдағысы келе ме, әлде наразы болғаннан ба, әйтеуір «лежащий полицейский» атап кеткен, жүйткіп

келе жатқан көліктің жылдамдығын азайтатын асфальт жолда көлдеңен жатар бір сарыала жолақ бар (Түркістанда мұны кез-келген адам ешкімнен рұқсат сұрамай-ақ есік алдына цементпен құйып ала береді). Алыстан байқамасаң, қатты келе жатып байқаусызда «ходовкаңды» жұлып алуың әбден мүмкін. Әсіресе апақ-сапақта жарыққа шағылыспайтын бұл жолақ көзге онша түсе де қоймайды. Ресми атауы - ИДН, яғни «искусственная дорожная неровность» («жасанды жол кедергісі») деп аталатын бұл резеңкенің бағасы да арзан емес. Мұндай жасанды кедергілер негізінен мектептер мен балабақшалардың тұсына жүргізушілер жылдамдығын тежеп, байқап, айбайлап өтсін деген ниетпен қойылатыны белгілі.

Облыс мәртебесін алғаннан кейін, неге екені белгісіз, әлде Шымқаладан келіп жатқан элитный көліктердің «ходовкаларын» аяды ма екен, әйтеуір осындай жолақтардың басым бөлігі Түркістанда (Қазыбек би, 8 март көшелерінің бойында, №15 мектептің, «Ақжелкен» балабақшасының маңында) бір түнде зым-зия жоқ болды да кетті (қалтарыс-бұлтарыстағы әлгі «заңсыз» цемент-кедергілерден басқасы). Есесіне жуырда ғана осындай бір сарыала жолақ Түркістаннан Кентауға шыға беріс маңда пайда болды. Ол жерде мектеп те, балабақша да жоқ.

Сонда кімге бола орнатты екен? Сол маңда облыс әкімдігінің департаменттері орныққан ғимарат бар, бәлкім соған шығар. Сәл әрірек, 200 метр жерде №14 мектеп пен 800 метр жерде №24 мектеп оқушылары өтетін трасса өткелінде ондай жолақ жоқ. Сонда дейміз де, қос мектептің оқушылары Түркістан-Кентау күре жолынан ешқандай «жасанды кедергісіз», жаяу жүргінші жолағынсыз әрлі-берлі емін-еркін өтіп жатқанда, облыс департаментінің қызметкерлері кімнен қорқып осы жолақты орнатты екен? Әлде, «Түркістанда көліктер тәртіпсіз жүреді» деген сыпсың сөзге сеніп қалды ма? Айтпақшы, сәл берірек Арыс-Түркістан каналының түбінде таңертең мұғалімдер қызыл жалаушаларын ұстап, «оқушыларымызды көліктер қағып кетпесін» деп бүрсең қағып кезекшілік атқаратын Шымкент-Қызылорда, Түркістан-Кентау тас жолы қиылысы бар. Әлгіндей сарыала жолақтан гөрі, тап сол жерге балалар өтетін жер асты өткелі өзінен-өзі сұранып тұрған сыңайлы...

ДАЯШЫ МӘДЕНИЕТІ

Көргеннен көзақы алмай бизнесіміз дөңгеленбейді деп ойлайтын кафе, мейрамхана, тойхана қожайындары кейінгі кезде ер азамат даяшыларын, алжапқыш болса мейлі ғой, шотланд килтімен (юбкасымен) орап тастайтын болған. Сөзден жеңілген бейпіл ауыз қатындар «еркек болмасаң юбка киіп ал!» деп ашуға мінуші еді, даяшылардың юбка киетіндей не жазығының бар екенін түсінбедік. Негізі, ер азаматтың юбка киюі бізде намыс болып көрінгенімен, бұл шотландықтардың ұлттық киімі. Дегенмен, өзге елдің ұлттық атрибутын бұтымызға жапсырғаннан не ұтып жатқанымыз ұғынықсыз.

Чехия, Австрия, Франция, Түркия сияқты дамыған елдерде әйелзатын, оның ішінде қыз баласын даяшылыққа жолатпайды. Бұл кәсіппен көбіне жасы 50-ден асып, ақыл тоқтатқан ер азаматтар айналысады. Еркек-гарсондар тағам мәзірін әйелдерге қарағанда сабырмен, салмақпен, ұғынықтылау жеткізеді деген дәстүр бар. Ал бізде түн жарымына дейін сыра тасып, арақ құйып жүрген өрімдей жас қыздарды көресің. Ащы суға сылқия тойып алып, бейәдеп қылықтарымен елдің берекесін қашырып жатқан атпалдай азаматтардың, бір жұтым ұрттап алса сайқал күлкі қысатын масаң әйелдердің былапыт сөздерін осы қыздар күн сайын естуге мәжбүр. «Залалды» жұмыстан алатын тәулікақысы да мардымсыз. 1000-1500 теңге! «Мұндай абыройсыз жұмысқа қолымызға тиетін азын-аулақ шәкіртақымызға қосымша нәпақа болып қала ма деп мәжбүрліктен жегілеміз», дейді өздерін колледждің студенттеріміз деп таныстырған өрімдей бойжеткендер. Кейде, масайрап, қарқ-қарқ күлкі қысқан жігіттердің тездетіп тапсырыс берудің орнына, жүзіктің көзінен өткендей жап-жас қыздардың аты-жөндерін сұрап, жеті атасын түгендеп, уақыт өткізіп, келемеж етіп отырғандарын да байқайсың. Оны айта-сыз, даяшылыққа қызметке алу үшін қысқа юбка киюін талап ететін «кастингшіл» мейрамханалар да бар көрінеді. Шетелде даяшыны таңдау басқаша жүреді: шет тілін меңгеруіне, мәдениеті мен этикетіне, мейрамхана мәзірін, әсіресе, тағам ингредиенттерін, әр тағамның әзірлену технологиясын жатқа білуіне айрықша назар аударылады.

Қысқасы, «қызға қырық үйден тыю» болып тұрғанымен, түн жарымына дейін кальян мен темекі түтініне тұншығып, қолаңсы иістен бастары айналып жүрген қаракөз

қарындастарымызды даяшылықтан тыя алмай отырмыз...

Сіз қалайсыз, қызыңыз үйде ме, әлде табыс табам деп кафе жағалап жүр ме?

ЖҮЛДЕСІЗ ҚАЛҒАН ЖҮЛДЕГЕР

Сол жылдары халық жақсы көріп, ауызба-ауыз іліп әкеткен әдемі әнді «хит» деп айту дәстүрі болмаса да, 70-80 жылдары Сейдолла Бәйтерековтің әндері әншілердің репертуарынан түспей, бірінен соң бірі танымал болып жатқан кез. «Әлия», «Кездер-ай», «Күнге табыну», «Аман бол», «Түркістан», «Сарыарқа», «Қазақстан»...

Талантты композитор Қаратау іргесіндегі шапшағын ғана Кентау қаласының тумасы. Халқы 80 мыңға да жетпейтін бұл қаламен Әшірбек Сығай, Райымбек Сейтметов, Асанәлі Әшімов, Досым Сүлеев, Лаки Кесоглу, Линда, Ксения Георгиадзе, Сатыбалды Нарымбетов, Қасымхан Бегманов, Абылайхан Оспанов сияқты өнер және әдебиет майталмандарының балалық-жастық шақтары кіндіктес. Көпшілігі осындағы С.Бәйтерековтің атын иеленіп отырған саз мектеп-лицейінің түлектері. Ілгеріде облыстық музыкалық шығармалар байқауларына бақ сынауға келген аймақ-аймақтағы өнерпаздардың: «Кентаудан қатысып жатқандар жоқ па екен?» деп бір-бірінен сыбырлай сұрастырып алатын ішкі сақтықтары болғанға ұқсайды. Мұнда күні бүгінге дейін ай құрғатпай байқаулардың, жыл құрғатпай фестивальдердің өтіп жататыны осы «жұлдыздар шоғырының» қалап кеткен негіздерінен болса керек.

1999 жыл. Кентау қаласына істің оябын білетін іскер басшы, сонысымен халықтың есінде күні бүгінге дейін жақсы пікірмен қалған, бүгінде Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Мақсұт Ордабаевтың әкім болып тұрған кезі. Қасында өнер десе делебесі қозып, осы іске жан-тәнімен берілген ұлтжанды азамат, орынбасары Жолдасбек Күздеубаев бар, Сейдолла әндерін насихаттау мақсатында Кентауда тұңғыш рет халықаралық «Әлия» фестивалін өткізді. Бас жүздеге автокөлік тігілгендіктен, ән бәйгесіне жас әншілер елімізден ғана емес, шетелден де келіп қатысты. Роза Рымбаева төрайымдық еткен ән-думанына Кеңес Дүйсекеев, Бақыт Шадаева, Жеңіс Сейдоллаұлы, Қыдырәлі Болманов, Райымбек

Сейтметов, Сейдолланың жары Ләззат Аханова т.б. қазылық етті. Қазылар құрамында өзім де болғандықтан, мәселенің байыбына тереңірек үңіліп отырмын.

Содан не керек, фестиваль дүркірей өтіп, бас жүлдені сол тұста өнер факультетінің 3-курсында оқып жүрген Арыс қаласының тумасы, бүгінде облыстық әзіл-сықақ және сатира театрының көркемдік жетекшісі Мақсат Айтжанов қанжығасына байлады. Кешкісін қала алаңындағы 3 мыңға жуық адам қатысқан гала-концертте Роза Қуанышқызы «Фараби» құрылыс фирмасы (фирма атауын белгілі себептермен өзгертіп алып отырмыз) бәйгеге тіккен «Тико» автокөлігінің бантикті кілтін дүйім елдің алдында Мақсат Айтжановқа табыс етті.

Қуанышты хабар жата ма! Мақсаттың бас жүлдегіе болғандығы туралы жылы жаңалық сол сәтте-ақ Арыста Мақсаттың өзі білім алған Ж.Тәшенов атындағы мектеп жиынында дүйім елдің алдында хабарланады. Сол жиында Мақсаттың қара шаңырағындағы құлағы бір естіп, бір естімейтін жалғыз әжесі де отырған екен, «Мақсат мәшине мініпті» деген хабар кәрі кемпірге «Мақсатты мәшине қағып кетіпті» болып естіледі. Мақсат 70-те бауырына басқан жалғыз бала, қарт кісі сол бойда есінен талып құлайды. Бетіне су бүркіп жүріп әрең есін жиғызған кейуана мұнымен тоқтамай, жоқтауын зарлатып қоя береді. Жергілікті билік амалсыздан Түркістанға шығып, «тікелей эфир» арқылы Мақсатты әжесіне қосып, зарлаған кемпірді зорға тоқтатқан екен. Өкінішке орай, Мақсат бұл көлікті бір жылдан артық міне алмады. Себебі, жүлделі көліктің, біріншіден, құжаттарын реттеу мүмкін болмады, екіншіден, шын иесі бөтен адам болып шықты.

– Бір күні, дәлірек айтсам 2000 жылы телефоныма қала прокуратурасынан әдебіреу қоңырау шалып, тез кеңсесіне жетуімді бұйырды, – деп еске алады Мақсат бұл турасында. – «Не үшін?» деймін мен әдепкіде істің мән-жайын түсінбей қалып абдыраған күйде. «Астыңыздағы мініп жүрген көлігіңізге байланысты» деп қысқа қайырды. Бардым. Кабинетіне кірген бойда қолыма кісен салып, машиненің кілтін үстел үстіне қоюымды талап етті. Айтқандарын бұлжытпай орындап жатырмын. Сосын мән-жайды түсіндіре бастады. Бақсам, жүлдеге алған көлігім менікі емес екен, шын

иесі – күйеуі Өзбекстанда шахтада үйіндінің астында қалып қайтыс болған, соның өтеуі ретінде отбасына Өзбекстан та-
рапынан берілген жалғыз басты жесір әйелдікі болып шықты.
Арызданып отырған да сол. «Мақсатжан, – деді сосын про-
куратура қызметкері арқамнан қағып, – мұнда сенің еш кінәң
жоқ. Өте талантты жігітсің. Шынымды айтсам, сол фести-
вальде біз отбасымызбен сенің тілеуіңді тілеп, автокөлікті
ұтып алғаныңда қатты қуанғанбыз. Бірақ, заңның аты – заң.
Сондықтан көлікті шын иесіне қайтаруыңа тура келеді. Және
бір жыл бойы кісінің көлігін заңсыз айдағаның үшін айыппұл
салуға мәжбүрміз». Заңнан аттаған жерім жоқ, көнбеске ла-
жым қалмады...

Міне, осылайша бір сәтте көлікті болған Мақсат түс
көргендей аң-таң боп, жаяу Мақсатқа айналып шыға келеді.
Енді 12 мың теңге ғана шәкіртақы алатын студент-жүлдегер
қомақты айыппұлды қайдан төлемек? Бүйтіп конкурсқа
қатыспай-ақ қойса нетті? Сан сауал басын қатырады.

Не керек, бұл тосын жаймен ел тез құлақтанып қалған
болатын. Мақсаттың өнерін құрмет тұтар тыңдармандары
дереу еріктілер тобын құрып, қажетті қаражатын жинап,
айыппұлды көп ұзатпай төлеп тастайды. «Фараби» фирма-
сы да бір ағаттық кеткенін сезіп, Мақсаттан кешірім сұрап,
мәшинеге жетер қаражатты есеп-шотына аударады...

– Кейде қала көшесінен жүйткіп бара жатқан «Ти-
коны» көрсем, сол бір қиналған кездерім есіме түсіп, бір
күрсініп, бір күліп аламын, – дейді белгілі әнші.

Бастысы – жүлдеге алған заттай сыйлығыңда емес,
бастысы – сенің Сейдолла әнін шырқап, елдің жүрегінде
қалуыңда ғой, Мақсат! – деп жұбатамыз біз де. Мақсат
мұнымызға толық қосылады! Өйткені, ол жүлде үшін ән ай-
тып жүрген өнерпаз емес!

СОТКА СИНДРОМЫ

Сотка дейміз бе, ұялы телефон дейміз бе, мобильді
байланыс дейміз бе, әйтеуір, жан қалтамыздан түспейтін осы
бір алақандай құрылғыға күндіз-түні тәуелді болып қалған
сияқтымыз. «Біреу-міреу суырып алып кеткен жоқ па екен?»
деп қалта сыртын қайта-қайта сипалайтын, «Кабинетімде
үстел үстінде қалып еді, бейтаныс адам кіріп, қалтасына салып
жүрмесін?» деп жиналыстан шыққанша әрі-сәрі күй кешетін,
«Ішіндегі жазбаларымды келіншегім көріп қалып, басқаша

түсініп қалмас па екен?» деп сырт киімімізді іліп қойған төр жаққа жалтақтап қарай беретін, «Ана бір құрдасым уатсабқа ұятсыздау бір сурет салып еді, балдарымның қолына түсіп қалмас па екен?» деп енді ғана ойын қызығына беріле бастаған немереміздің қолынан сотканы жұлып алатын ауруға ұшырадық... Бұл аурудың диагнозы жоқ. Әлденеден құр қалатындай, секунд сайын қарағыштап, жылтыр экранды саусағымызбен сипалай береміз. Сырт көзге жыңды адам сияқтымыз: жымың ете қаламыз, қарқылдап күлеміз, ашу шақырып, әлдебіреуді балағаттаймыз. Лайк, түсіндірме, бөлісу... бекерге өтіп жатқан қайран уақыт. Дастархан үстінде, қонақта, әжетханада, көлікте, сабақта, кездесуде, төсекте... күй талғамаймыз, құлағымыз керең, бар зейініміз жылтылдақ экранда. Ана бөлмеде жатып мына бөлмеге «не істеп жатырсың?» деп реплика лақтырамыз. Мешелміз, сағаттап отыруға бармыз. Барлық мәлімет ғаламтордан табылады дегенімізбен, қажетті ақпаратты қарап отырған жастарды көру сирек. Уатсабқа келген фото-бейне-жазбаларды «қағып» алып, өзгелерге лақтырумен, тіл емлесі сақталмаған, кіл дауыссыздан тұратын қысқа жауаптар жазумен шектеледі. Жастардың уатсабтағы, әлеуметтік желідегі тілі, міне, мынадай: «дид» (дейді), «дим» (деймін), «жарайд» (жарайды), «бопты» (болды)... осылай жалғаса береді. Қос нүкте, леп белгісі, сұрау белгісі, дефис-тире, тырнақшаны айтпағанда, нүкте, үтіріңіз атымен жоқ. Қысқасы, мына заманда сотка дегеніңіз нағыз тілбұзар құрылғы болып отырған жоқ па екен деп алаңдайсың.

Ақпарат алмасуға таптырмас осы құрылғыны тілімізді бұзбай, негізсіз тәуелді болмай, тек қажетінде ғана пайдалансақ қой, шіркін!... Бір-бірімізбен сотка арқылы емес, бетпе-бет жүздесіп, сөйлесер күндерді сағындық...

ТҮРКІСТАН АЛАҢЫНДАҒЫ ТАЙҚАЗАН КӨШІРМЕСІ 7 МЕТАЛЛДЫҢ ҚОСПАСЫНАН ЖАСАЛҒАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

Жуырда Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының 40 жылдық мерейтойы тойланды. Айтулы іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен есімдері елге

ардақ мұражай қызметкерлері ағылды. Осында көптен көрмеген курстасым, Жезді мұражайының қызметкері Зейпін Қазанбаевамен ойда-жоқта ұшыраса кеттік. Екеуіміз көне қаланы қыдырыстай жүріп, Есімхан алаңындағы Тайқазанның көшірмесінің түбіне келіп суретке түстік. Зейпін алтын түстес Тайқазанды сипалай тұрып:

– Жездіден жеткен тәбәрік қой бұл, – деп қалды.

Менің таң қалысымды жасыра алмаған жүзіме қарап тұрып, әңгімесін әрі қарай сабақтады:

– 2002 жылы Түркістанда Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайы өткені есінде болар. Құрылтай өтетін күнге екі айға жетер-жетпес уақыт қалғанда Түркістан қаласының әкімдігі қасиетті Тайқазанның дәлме-дәл көшірмесін жасап, Есімхан алаңына орнату жөнінде ұйғарым жасайды. Сол тұста Жездідегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің директоры қызметін атқарып жүрген Мәкен Төрегелдин таңертең ертерек келіп, ұлы Рүстемді кабинетіне шақырып алады.

– Рүстем, сені бір маңызды іссапарға жіберсем деп отырмын, – дейді Мәкен ұлына. – Өзің сәулетшісің. Өндірістің жағдайын жақсы білесің. Тез арада Түркістандағы Тайқазанның көшірмесін жасау керек. Осындай абыройлы іс Сарыарқаның мысшыларына бұйырып тұр екен, аянбайық. Балқашқа жүресің. Мұның алдында сол тұстағы «Әзірет Сұлтан» музейінің директоры Темірхан Рыскелдиев осы шаруаны айтып Өзбекстанға қолқа салған екен, олар 2,5 млн теңге сұрапты. Үкіметтен ондай қомақты қаржы қарастырылмаған. Сосын жезділіктерге шығып отыр.

Осылайша арада бір аптадай уақыт өтіп, Жезқазған қаласының әкімі Ж.Ибаділдин, Балқаш қаласының әкімі А.Ахметов, Балқаш кен-металлургия комбинатының директоры М.Әліпбергенонтер мұрындық болып, 7 металдың қоспасынан құйылған қасиетті жәдігерді дәлме-дәл өлшемде ақы-пұлсыз құйып беруге уағдаласады.

Рүстем 2002 жылғы қазанның 8-і күні Тайқазанның өлшемдері мен сызба нобайлары қолтықтап, бума-бума қағазымен Балқаш қаласына келеді. Осында комбинат директоры М.Әліпбергенонпен, зауыт басшысы О.Лимен, комбинат инженері Е.Есжановпен, комбинаттың бас механигі Р.Оспановпен бірлесе отырып жедел түрде құйма қалыпты

даярлауға кіріседі. Түркістанға қарай транспорттау қиынға соғатын болғандықтан, қазанды 7-8 бөлік етіп құюға келіседі. 20 тоннадан астам металл балқытылады. Қоспа құрамында мыс, мырыш, қорғасын, темір, қола секілді негізгі металдар жүреді. Қосалқы бөлшектерін есептемегенде, қазанның өзінің таза салмағы 8 тонна болады. Қалыптар комбинат шеберлерінің қолынан шығады. Емшектері мен тұтқаларын қалыптау үшін Жезқазған қаласының бас суретшісі, белгілі сәулетші-дизайнер В.Н.Хлебов шақырылады. Айта кету керек, Тайқазанның емшектері таза мыстан құйылып, арнайы станокта жонылып, бұрандамен орнатылады.

Осылайша Тайқазан көшermесі 17 қазан күні Түркістанға арнайы көлікпен жеткізіліп, сол күні тұғырға қондырылады. Бұл игілікті шараны түркістандықтар, қала әкімдігі, музей ұжымы үлкен мереке етіп атап өтеді. Тайқазанның арнайы тұғырын сол кездегі мәдениет комитетінің төрағасы, ұлтжанды азамат Бекболайт Тілеухан арнайы қаражат бөлігіп, даярлап қойған екен.

Бүгінде Түркістан қаласының Есімхан алаңында тұрған Тайқазанның 7 металдың қоспасынан жасалған көшірмесі осылайша өмірге келген еді. Онда жезқазғандық, балқаштық азаматтардың шынайы ықыласы мен шебер қолдарының табы бар. Қасиетті мекенге жолдары түскен сайын жоғарыдағы азаматтар өздері тікелей араласқан сауапты істің белгісін көріп, әлі күнге дейін жүректерін мақтаныш сезімдері кернейді екен.

Түркістандықтарға айтарымыз, алаңда тұрған Тайқазан жай ғана арзанқол, жеңіл материалдан жасалып, алтын түске бояла салған көшірме-кәдесый емес. Ол 2 мың градустан жоғары температурада балқытылған төзімді, берік, тат баспайтын металдардың қоспасынан құйылған бағалы ескерткіш.

Кейін Түркістан қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихатының шешімімен жезқазғандық екі азаматқа «Түркістан қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Бірі – Жезқазған қаласының әкімі Жұмамәди Ибаділдин, екіншісі – бүгінде марқұм Жезді музейінің директоры Мәкен Төрегелдин...

Бүгін де осы бір тұғырлы жәдігерге келіп суретке түсіп жатқан халықтың қарасы көбірек көрінді. Олардың осынау

ескерткіштің 7 металлдың қоспасынан әзірленген құнды дүние екенін ұмытпағанын қалаймыз...

«ӨТІРІК» ӨНЕР...

Қазір біреудің дауысымен ән айту әдетке, бәлкім, сәнге айналып барады. Мұндай үрдіс, әсіресе, той-томалақты жаулап алған. Жалтырақ көйлек киіп алып, биші қимылымен қолын ербеңдетіп, тізесін соққылаған үш қыз немесе алба-жұлба киініп алып, жын қуғандай ербеңдей жөнелетін төрт жігіт көзімізге әбден үйренісіп қалды. Бұлар жай жүрген жоқ, айтуларына қарағанда «нандарын тауып жеп» жүрген сыңайлы. Нан тапқанда да қандай! Біреудің дауысымен! Ия, ия, бөтен адамның дауысымен! «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа» болмаған соң, оңай жолмен олжа тапқысы келетіндер күн өткен сайын көбейіп барады. Бұл неғылған әнші, қайдан жүр? Сахнадан неге көрмейміз? Мың сұрақ. Сұрап жатқан ешкім жоқ. Әнші-жыршыға жауапты тұлғалар оларға тосқауыл қоюдың орнына, қосыла қол шапалақтайды. Күндізгі іс-шараларда жөні түзу әнші табу қиын, тойда көріп жүрген жаттанды әншілер. Таң қалатынын, кешқұрым тойханалардан аяқ сүрінер әлгіндей «әнші-фанерщиктер» күндіз жер жұтқандай жым-жылас.

Бұл – бұл ма, мұны көрген кейбір ата-аналар «осылай да етуге болады екен-ау» деп, кішкентай ботақандарын ән өңдеушілерге сүйреп, өзгенің дауысымен ән жаздыртып, той-жиында ағайын-туыстарынан «жылу жинауға» алып шығатын болған. Бір тойдан бір бума ақша уыстап, ата-анасын «қарық қылған» бұлдіршін әркім кеп арқасынан қаққанға мәз. Әрине, «мұным ұят-ау» деп ойлауға әлі ерте оған. Дегенмен, өзгенің дауысымен ән айту бірте-бірте қанына сіңуі әбден мүмкін. Бесіктен белі шықпаған өрімдей баланы пайда көзіне айналдырып отырған ата-ана осыны бір сәт ойласа етті. Қауіптісі, қазіргі балалар танымал болуға үйір. Әлеуметтік желілер қаптаған «кішкентай жұлдыздар». Киген киімі, шаш үлгісі өз жасынан әлдеқайда ересек. Иықтары ашық, беті бес батпан бояу, етегі жер сыпырады. Мұндай қолпашпен біз олардың бойына эгоистік қасиетті мысқалдап жұқтырып жатқан сияқтымыз. «Өй, айналайын, әлгі ән айтқан бала сен бе едің?» деп қарсы ұшыраса кеткен «кішкентай жұлдызға» қолыңды созсаң, біртүрлі менсінбей, тіксіне қарайды. Қайта

мұны көрген жанындағы «жұлдыз» бола қоймаған ойын баласы жүгіріп келіп: «Ассалаумағалейкум, көке!» деп қос қолдап амандасып жатады.

Біреудің туындысын ұрлауды «плагиат» дерсіз, ал осы сияқты «өтірік» өнершілерді кім дейміз?

ТОЙ-ЖИЫННЫҢ ЕРКЕСІ

Көп әнші күй таңдайды, жағдайын күйттейді, қолпашпен жүргенді қалайды. Тіпті, гастрольге не тойға шықса да, ата-анасын, жеке шопырын, оққағарын ерте жүріп, қаламақыдан бөлек жатар жер, мінер көлік, ішер тамағын сұрайды. Абылайхан олай емес. Қашан келіп, қашан кеткенін білмей де қаласың. Жүрген бір сал-сері. Адуынды асаба, дәстүрлі әнші. Қоңыр домбырасын арқалай отырыс-жиынға тосыннан килігеді де, ортаны ду-думанға бөлей жөнеледі. Әр келгенде әрқилы кейіпте көресің. Шаш қою үлгісі де бөлек. Талғаммен киінетіні бар. Киімдерінде міндетті түрде ою-өрнекті ұлттық атрибуттар жүреді. Апа-жеңгелерінің көңілін көтерер базарлығын ұмытқан емес. «Мынау фин елінен, мынау балтық жағалауынан, мынау Мәскеуден» деп сәлем-сауқатын үлестіріп жатқаны. Жуырда айтулы әнші осындай «сапармен» Кентауға келіп қалды. Мұнда құшақ жая қарсы алар достары көп. Кіндік қаны тамған Хантағысы да осында. Балалық шағы өткен қара шаңырағы сонда. Тек... аяулы анасының орны үңірейіп тұрғаны жанына батады...

Өзі жиі шырқайтын:

Ауылым жайлы, бауырым жайлы жыр жазам,

Сүйеніп тұрып анам сүйенген шарбаққа... – деген та-
ныс әуен тап осы тұста көмейіне келе қалатыны жасырын
емес... Көзіне жас іркімеске лажы жоқ...

Абылайханның тап осы жолы Кентауға ерекше көңіл-
күймен келгені анық. Өйткені бүгін мұнда жерлес ағалары,
талантты ақын Базарбай Оспанов пен Нұрман Жүністі
еске алу кеші өтіп жатыр. Олар Абылайханның ардақ тұтар
замандас-достары.

Ел сары баласын сағынып-ақ қалған екен, қолқалап
бірталай ән айтқызды.

Кеш орталар тұста жұрт күтпеген тосын сый бол-
ды! Әкімнің орынбасары Самат Расул Абылайханға
жылы лебіздерін төге келіп, кеудесіне «Қала жанашыры»

төсбелгісін қадады. Бұл – Кентаудан жырақ, алыс жүрсе де туған елін ұмытпай, абыройын асқақтатып жүрер азаматтарға көрсетілер құрмет белгісі екен.

– Осы қалада туып-өсіп, қаншама рет келіп, өнерімді төгіп жүрсем де, не атақ, не мадақ сұрамаған екем. Мынау бір тосын сый болды-ау! Тұңғыш төсбелгім туған еліме деген ықыласымды одан әрі арттыра түсері даусыз!

Рахмет сіздерге! – деп ағынан жарылды асаба-әнші.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Басқа аймақтарға көшіп кетсе де, туған жерлерін ұмытпай жүрген зиялы қауым өкілдерін қолдау керек», – дегені бар еді. Мынау соның жарқын бір дәлеліндей болды.

Жаса, Абылайхан! Той-жиынның еркесі болып, елге шуағыңды шашып жүре бер!

ТІЗЕ БҮГУ – МОЙЫН ҰСЫНУ

Тізе бүгу - мойын ұсыну мағынасын білдіреді. Ілгеріде батырларымыз хан-патшаның алдына барғанда тізе бүтетін. Қазір Мемлекеттік Туымызға құрмет көрсетерде, не болмаса қарт кісіден бата-тілек сұрағанда ғана тізе бүгеміз. Мына жастарымызға не жорық? Әлі босағасынан аттай қоймаған қалыңдығының алдына барып, тізе бүгіп, жалынышты кейіппен сөз білдіріп жатқаны. YouTube-та қаптаған «керемет сөз білдіру!», «қызға керемет ұсыныс жасады!», «Қызға ерекше сөз салу!» деген сияқты пафостыбейнероликтер қаптап жүр. Қыз алдында тізе бүгіп, айналасындағыларға мазақ болып жатқан арыстай азаматтарымызға қарауға ұяласың. Мұның жат әдет екенінен ада, айналасындағы елірме қолпашшылар «ащы!, ащы! горька!», «горька!» деп айғайға басатының қайтерсің?! Бұл не? Батысқа еліктеу ме, әлде өзгенің қаңсығын таңсық ету ме?

Ата-бабаң сөзді қалай білдіруші еді? Қызбен екеуара, бөтен көзден ада, оңаша кездесіп, ақұрпек сезімдерін сыбырмен ортаға салып, сөз салмаушы ма еді? Көз – көңілдің айнасы. Ал көңіл – кісі болмысының көрінісі. Болашақ жарыңды елдің алдына алып шығып, мазақ еткеннен не ұттың? Тізе бүгіп, көңіл жарастырған жарың мұныңды ұнатты ма, ұнатпады ма? Сұрадың ба? Келін болмай жатып-ақ беті ашылып қалған қыз бала ертең оқыстан ыдыс-аяқ сылдыр еткенде «жағдайымды

жасамайтының бар, неге тізе бүгіп сөз салдың?» деп мұныңды бетіңе басып жүрмей ме? Әрі-беріден соң, әбден бойы үйренген шақта өмір бойы тізе бүктіріп, айтқанына, айдауына жүргізіп қоймас па? Әрине, мұндай «сөз салуды» әдепсіздік санайтын жастар көп. Осы сияқты көргенді жандар ертең-ақ бір-біріне деген сыйын жоғалтпай, жақсы шаңырақ иесі бола алатынына кәміл сенімдіміз!

Қане, тұр орныңнан, жігітім! Еркектік намысыңды қорлатпа!

АРМАНЫНА АСЫҚҚАН ҚЫЗ

Бүгінгі қоғамға әйел тұлғалар қажет пе? Әрине қажет! Тіпті, жаны нәзік болғанымен, тығырыққа тірелгенімізде, қимылы батылдау көрінер ханымдарымыздың әрекетіне қарап, бұл пайымымыздың алдамайтынына сенімдіміз. Тұмар, Зарина, Хиуаз, Әлия, Мәншүк, Ләззат, Сәбира... санамалай берсек, ерік-жігері мықты мұндай батыл қыздарымызды мына заманда да өз замандастарымыздың арасынан кездестіріп жатамыз: Кәмшат, Зылиха, Майшай, Фариза, Аққұштап, Күләш, Марфуға, Гүлшара, Тамара, Алтыншаш, Ханбибі, Оразкүл, Құралай... Олар қару ұстап, атойлап жауға ұмтылмаса да, ұлты үшін, тілі үшін, атадан мирас болған бағалы құндылықтары үшін отбасы күйбенінен сытыла шығып, жарғақ құлақтары жастыққа тимей безек қағып, шырылдап, хал-қадерінше жаңа заманның жаңа келбетін қалыптастыруға үлес қосып жүр. Бұрыннан таптаурын болып, әбден көнсіңген қасаң қағидадан аулақ, жаңа да тың, күрделі міндеттерді мойындарына алып, жадау жандарын жігерлеріне, ширықтыра, алға ұмтылады. Ендігі қоғам, міне, осы сияқты жандардың түсінігі, ерік-жігері, іс-қимылы арқылы жүзеге аспақ. Осыдан соң бұларды тұлға демей, не дейік!

Тұлға болмаса, шығармашылық адамдарының арасында бәсекелестік болмайды. Бүгінде елімізде жүзеге асып жатқан әлеуметтік-экономикалық және индустриялық-инновациялық реформалар, «Мәдени мұра», «Болашақ» бағдарламалары, «Интеллектуалды ұлт» жобасы және интеллектуалды ұрпақ әзірлеуге бағытталған мемлекет гранттары осы пікіріміздің дәлелі. Мұның бәрі тұлғаның жан-жақты қалыптасуына тиісті негіз қалайды. Осындай объективті жағдайларды тиімді пайдаланып, өзін-өзі ұдайы дамытып,

жетілдіріп, қамшылап отыратын адамдар біздің арамызда да аз емес. Мен танитын Гүлжаз Қарыбек солардың бірі.

«Пәлі, мұның қалай? Артықтау емес пе?» деп қылып ете қалатыныңызды ішім сезіп отыр... Несі бар? «Тұлға» деп тек кеңседен шықпай қағаз кеміріп, атақ-абыроймен ұпай жинап, кеудесін орден-медальға толтырған адамдарды ғана айту парыз ба екен?.. Ұлты үшін ойындағысын қаймықпай айтып, оймақтай ойын тасқа қашай жазып, сол пікірі арқылы маңайына жақсы аура қалдырып жатса, соларды «тұлға» десек, несі айып?

Гүлжазды мен студент кезінен жақсы білемін. Шәкіртім. Заман таршылығы тығырыққа тіреді деген жоқ, бауырына басқан нағашысының қолында өсті. Әлденені көкседі, іздеді, үміттенді. Қағазға шұқшиды, жазу-сызудан, шығармашылықтан ләззәт алды.

Оқуын бітірген соң алысқа ұзап, бағын сынап, үлкен қаладан бақытын тапқысы келді, Бірақ ақынын – Қасымын «баспанасыз қалдырған» Алатау баурайындағы қала мұны жатсына қарсы алды. Дегенмен, өжеттігінің, мақсатқа ұмтылуының арқасында әйелдер журналында табандап тәжірибе жинады, журнал шығарудың қыр-сырын меңгерді.

Талайға атақ-даңқ сыйлап, танымал еткен мегаполисте жүре бергісі келіп еді, «әй, менің бағым ауылда, топырақ иісі сіңген далада шығар» деп бір күнде шешім қабылдады да, барлығына қол сілтеп, Қылуette жатып-ақ мәңгілік өлмес хикметтерін жазып қалдырған Хазірет Сұлтанның отаны - көне шаһарға келді. Осындағы аяулы ағаларымен, дос-жарандарымен ақылдаса келіп, дербес журнал шығаруға бекінді. Ақпарат өнімінің тез тарауы – оның атына да байланысты. Таралымы табалдырықтан аспайтын терминшіл не болмаса шұбыртпалы атаулы басылымдар көп. Бұған керегі – ел көкейіндегі сөз. Сара сөз. Яғни, журнал аты – «Сарасөз» болмақ!

Кейін бұл туралы бір постында Гүлжаз былай деп жазады:

«Жүрегіңе жылулық сыйлайтын сүйікті кәсібің болғаны қандай ғанибет! Өз-өзіңе бастықсың! Тәтті ұйқыңды қиып, таңғы аязбен алысып, асықпайсың! Ешкіммен киім киіп жарыспайсың. Құндылықтар өзгерді! Біреудің айтқанымен жүрмейсің, есесіне бар шаруаны өзің ұйымдастырасың!

Ұйқым қанды дегенмен, бар жауапкершілік өзіңде! Ең бастысы, өз-өзімді жұмыспен қамтып, қала берді, мемлекетке салық төлеп, еліме пайдамды тигізіп отырмын! Шаршасам да, жұмысымнан ләззат аламын! Күллі түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласынан республикалық деңгейде, бәсекеге қабілетті журнал шығарып жатқанымды мақтан тұтамын!».

Өз кәсібіне деген адалдық бұл! Бұдан асқан қандай құрмет, қандай махаббат болмақ!

Шығармашылық қуаты да, талабы мен таланты да бір-бірімен жарасқан жорналшы осылай өз бақытын Йассыдан тапты. Ал журналы бұқараның үніне айналып, халықтың нағыз іздеп оқыр басылымына айнала бастады. Таралымы түгенденді, авторлары жоталанды. Белгілі ақын, жазушы, публицист, ғалымдардың өзі «Сарасөзге» мақала берейікші деп, қолдарына қалам ұстап, тың тақырыптарды қозғай бастады. Кұлбек Ергөбек, Несіп Жүнісбай, Мыңжан Байжанин, Мариям Әбсаттар, Елдос Тоқтарбай, Қалқаман Сарин... әрқайсысы бір әлем. Ақселеудің «Жұмбағы», Тоқтар батырдың «Бес ерлігі», ұлттық өнім жанашыры Дәулет Сыдықтың «Шұбаты», Жантұрсын шебердің ақылды «Бесігі» - «Сарасөз» журналы арқылы оқырманға жетті. «Назым сөз», «Сахна сөз», «Насыр сөз» - есте жоқ ескі замандардан сыр суыртпақтап, шежіре шертті. Ең маңызды деген жаңалықтар өңір газеттерінен бұрын «Сарасөз» нөмірлерінен көрініс тапты. Тұтас түркі дүниесінің әдебиеті мен мәдениетін ұйыстырар «Turksoy» ұйымының бағамды істері «Сарасөз» арқылы қалың қауымға жетті. Қадым жәдігерлерін осылайша түпкіштей түгендеп, зерделей зерттеп жариялауы журнал редакторының біліктілігі мен ой ұшқырлығының ұшқыны болса керек.

Қазіргі журналист – ол жазушы, редактор, сарапшы, корректор һәм дизайнер. Өйткені басылым басшысы елді аузына қаратқан азулы ақын-жазушылардың шығармаларын қаймықпай «түзетеді», сұхбат беруден қашатын сөзге сараң адамдардан сыр суыртпақтайды, журналдың ішкі мазмұны мен сыртқы сұлулығына үңіледі. Гүлжаз басшылық еткен журналға біздің де, суретші Мұрат Шаханбай екеуміздің, титтей де болса үлесіміздің болғанын қазір мақтанышпен айта аламыз.

Гүлжаз мұнымен тоқтаған жоқ. Енді өзін жазушы ретінде сынап көрмекке бекінді. (Айтпақшы, әлеуметтік желілерден оның бірер өлеңдерін де көзіміз шалып қалған).

«Басқаны қайдам, биыл мен үшін зорыққан жыл болды, – дейді Гүлжаз бұл турасында. – Оның үстіне өзіме есеп беретін де уақыт келіп қалған екен, мүмкін, менің бұл жазбам әлдекімдерге пайдалы болса – сауабы да сол. Биыл ешкімнің шақырған шәйіне бара алмадым, қоңыраулар мен хаттарға уақытында жауап бере алмадым. Түркістанға келіп кеткен жақын-жұрағатты күтіп алу, шығарып салу істерімен де айналыса алмадым... Бір сөзбен айтқанда ешкіммен ісім болмады. Содан да болар, кейбір кісілер мені «тәкаппарлығы басым» деп деп қабылдайтын көрінеді... Өзімді тани түсейін, кәсіби, тұлғалық жағынан жеке басымды жетілдірейін деп қана ойладым. Өз жүрегімнің ғана үнін тыңдауға бекіндім. Әр адамның ішкі қажеттілігі әртүрлі. Сыртына қарап тон піше салу үлкен әбестік... Құдайға шүкір ішкі фильтрім, интуициям жұмысын мүлтіксіз атқаруда, сол себепті керегімді алдым, керек емесін отқа тастадым. Оның үстіне жорналшы болған соң қоғамды зерттей жүру әдетім емес пе?! Үйренетін дүние көп-ақ! Менің кейбір жазбаларыма қарап бір құрбым «Білдей бір журналдың бастығысың, оны-мұны жаза берме» деп сақтандырады... Қайтейін, барым осы! Айтпақшы, тәкаппар болатын жөнім жоқ, шыққан жерім де тегім де қарапайым, буына мастанатын байлығым да жоқ. Оның үстіне жұмыс барысында, мамандығымның арқасында талай Жақсымен дастархандас болып сұхбат құрдым, бай-манап та, ғалым да, небір кіл жүйріктер алдымнан өтті. Олардың қарапайымдығына әбден тәнті болғам! Мұндай ғажап рухани сұхбаттардан кейін шаңның тозаңындай тәкаппар болуға менде құқық жоқ! «Бәрін айт та, бірін айт» журналының азапты ләззатына мені тағдырым мықтап арқандаған-ақ екен... Мобильді заманда көзсіз жасаған ерлігім болды... Осының барлығымен жағаласып жүріп кітап жаздым десем не дейсіз? Шақырған шәйге бармай, өзіммен өзім томаға-тұйық жүргенім сол қымбат ойларымды санамда пісіріп, қағазға түсіргенше жаным жай таппады ғой... Биылғы жылдың ең ауыр жүгі де осы еді. «Иә, Жаратқан, абырой бер!» деп қағаз қаламымды серік еттім...».

Міне, Гүлжаздың тұңғыш туындысы «Алдаспаны»

қолымызда!

Кейіпкері – сөзге сараң, бірақ ішкі түйсігі терең, айтары мол қарапайым еңбек адамы. Текті жанның көкірегінен төгілген түйдек ойларын Гүлжаз әдеби сөзбен кестелеп, көрген-білгені өзгеге де керегі болар деп тәмсілдеп, ғұмырнамалық эссе жазып шыққан.

МӘЙІТ МАҢЫНДА СҮЙЕК МҮЖІГЕНДЕР НЕ ОЙЛАЙДЫ ЕКЕН?

Өлім – той емес. Бір шаңырақтың, бір әулеттің қайғысы. Сондықтан қайғыға батып, қиналып отырған үй иелеріне жаназа күні астау-астау ет астырып, мүшелеп жілік тарату дұрыс болмаса керек-ті. Өкінішке орай, көп жерлерде мәйіт үйден шығысымен-ақ, зират басына бармай ығысып қалып қойған кісілер жапа-тармағай дастарханға ұмтылады. Қара жамылған әйелдер ішкі үйде аңырап отырғанда, ата сақалдары ауыздарына түскен ел ағаларының іргеде малжаңдап сүйек мүжіп отырғаны біртүрлі ерсілеу көрінеді екен. Ал әлгі ауыр қайғы қабырғаларына батып, таяқ ұстап қалған ағайын соларға шәй тасып, қызмет көрсетіп әуре. Тіпті, мұны айтасыз, мәйіт үйден шықпай-ақ, жаназасын күтпей табақ-табақ палау тара-та бастайтын жамағат та бар.

Бұл турасында 2009 жылы ҚМДБ-ның Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары амал ететін Ханафи мәзһабына сай дайындалған пәтуа не дер екен? «Қаралы үйдің тұрмысы ауыр немесе біреулерге қарызы болса, олардың одан әрі қарызға батып ас берулері дұрыс емес. Ол үйден ас шығартпау керек. Тағамды туысқандары, жора-жолдастары немесе көршілері үйінде жасауына болады. Өздері жақындарынан айрылып қайғырып отырған үй иелеріне тамақ әзірлетіп, кісі күттіріп қойған дұрыс емес. Мәйітті бірнеше күн жатқызып қойып, қонақ күтудің қамына кірісу күнә». Жөн-ақ. Ендеше, осы бәтуаға неге тоқтамаймыз, ағайын? Қайғыдан қабырғасы қайысып, қара жамылған үйде қалжың қағыса қарқылдай күліп, езуімізден май ағыза кекірік атуымыздың ендігі жерде жөні бола қоймас, сірә...

«ҚЫЗОЙНАҚ» ПА, «ЖЫНОЙНАҚ» ПА?

Славяндар қыз тұрмысқа шығар алдында құрбыларын

жиып, «девичник» дейтін бір рәсімді өткізіп жатады. Негізінен бұл дәстүр Беларусьте, Украинада, Бұлғарияда, Сербияда, Польшада, Ресейдің солтүстік бөлігінде кеңінен тараған. Ескі славян жоралғысы бойынша күйеуге кетіп бара жатқан бойжеткен қамсыз күндерімен, өрілген ұзын бұрымымен, сұлулығымен, ұят та болса айтайық, пәктігімен қимай қоштасып, сыңсып, құрбыларына «мұңын шағады». Мұндай жылап-сықтау бір аптаға, кейде екі аптаға ұласады. Қызойнаққа күйеу бала жағынан да сұрбойдақ жігіттер келіп, қыз құрбыларына тәтті тағамдарын ұсынып, таң атқанша ән салып, эротикалық би билеп, көңіл көтереді.

Осы бір қанымызға жат дәстүр сыналап бізге де еніп жатқан сыңайлы. Әсіресе, Астанада, солтүстік өңірлерде өздерін заманауи жастармыз деп есептейтін қыз-қырқынның ортасында «қызойнақ» ойын-сауық дәстүріне айналып бара жатқандай. Естеріңізде болса, базбір қазақ әншілері тұрмысқа шығар алдында құрбыларын моншаға шақырып, осындай «девичник» өткізген болатын. «Тойыма құрбыларымының бір түсті көйлек киіп келгенін қалаймын» деп еркелік танытқан жұлдыздар да кездесті. Міне, содан бері еліккіш, желіккіш қыздар «бастаңғы» дейтін қазақы жоралғымызды желеу етіп, ұзатылар алдында мейрамхана-шатханаларда, жалдамалы пәтерлерде не өз үйінде құрбыларымен бас қосып жүр. «Бастаңғы» бөлек, онда үйдің үлкендері жолаушылап кеткенде ауылдың қыз-келіншектері бір үйге жиналып, әзіл-оспақ айтысып, ұлттық ойындар ойнап, ән салып, күй тартып, әр түрлі өнерлерін ортаға салып, кеш батыратын. Ал бұлардың «бастаңғысының» жөні басқа, онда тосын фантазияға, еркіндікке көбірек мән беріледі. Қыз-құрбылар белгілі бір стильде, мысалы, үсті-бастарына қына жағып, теңіз қарақшылары, ерке сәби, үнді актрисалары, қуыршақтар әлемі, ертегі кейіпкерлері кейпіне еніп, ойларында жүрген қияли қимыл-әрекеттерін жүзеге асырады. Үлгі ететіндері қазақ ертегілерінің кейіпкерлері болса мейлі ғой, батыс анимацияларының адам шошырлық мутант-қуыршақтары. Талғамға талас жоқ, әрине. Бірақ, бұл сенің дәстүрің бе? Осыны бір сәт ойладың ба, жас құрбы? Ойпыр-ай, сыңсығың келіп, бойжеткен күндеріңмен қимай қоштасуды қаласаң, атадан келе жатқан «Сыңсу» дейтін өз дәстүрің бар емес пе?

Осының барлығы үйде, дастархан басында «қызға

қырық үйден тыйым жасап», халықтық салт-жоралғымызды күнделікті айтып отырмаудан туындайтын жайттар болса керек.

Бір өкініштісі, қызойнақтың дастархан басында, арақ-шараппен шалқыта өткізілетінінде. Ал, шарап ішкен соң арада жасырын сыр қала ма? Құрбылар ағынан жарылып, іштегі құпия пікірлерін, көрген-білгендерін, естігендерін ортаға салып, қажет болса, төсек қатынасының кейбір құпия қырларымен ой бөлісіп, түрлі ойын-сауықпен таң атырады.

«Девичниктің» басым бөлігі ұзатылар қыздың өз үйінде өтетінін ескерсек, бұған жол беріп отырған ата-аналарының ойлайтыны не сонда? Әлде, олар қызойнақтың түн жарымынан соң жынойнаққа айналып сала беретінін білмей ме екен?..

СЫРҒА САЛУДЫҢ СЫРЫ

Екі отбасының бір-бірімен құдандалы болуының басы – қызға сырға салудан басталады. Яғни, бойжетіп отырған қыздың үйіне жігіт жағынан бірнеше адам келіп, құда түседі, қалыңдықты алып кететін күнді ақылдаса белгілейді. Ал қыз жақ бұған арнайы дайындалып, дастархан жайып, болашақ құдаларын сән-салтанатымен күтіп алады.

Күні бүгін Кентау қаласында тұратын республикалық «Алтын жүрек» сыйлығының иегері, облыстық «Алтын шаңырақ» конкурсының жеңімпазы Ысқақ қарияның бойжетіп отырған немересіне сырға салмақ ниетпен Ханымай ана бастаған бір топ құдалар келді. Жақсы ниетпен келген «елшілерді» қыз жақ бар сый-құрметімен қарсы алды. Қыз құлағына сырға тағар рәсім басталар тұста, 86-дағы қария:

– Қызымызға сырғаны қайсысыңыз таққалы отырсыздар? – деп тосындау сұрақ қойды.

Әдепкіде құдалар жағы сырға тағуға арнайы ерте келген жігіт жеңгелеріне жалтақтай қарап, тосылып қалғанымен, кейін көнекөз қарияның нені меңзегелі отырғанын білмек ниетте:

– Мұның бәтуәлі кесімін айтуды сіздің ырқыңызға салайық, – деп қарияның ыңғайына жығылды.

– Ата-бабаларымыз ұзатылатын қыздың құлағына сырғаны кез келген адамға салдырмаған, – деп бастады әңгімесін шежірелі қария. – Жас келін болашақта сол секілді

өнегелі болсын деп ырымдап, әулетіне сыйлы, сөзі өтімді, өсіп-өнген ақылман анаға салдырған. Ал жігіттің жеңгелері күйеу баланы көрсетіп, қыздың жеңгелері қалыңдықты көрсетіп, бір-бірінен көрімдік алған. Қазір кеше ғана келін болып түсіп, әлі өзі де оң-солын тани алмай жүрген жас келіндерге сырға салдырып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Жігіт анасы, яғни, болашақ құдағиымыз «құлағың жамандықты естімесін» деп қыздың құлағына сыбырлап, алтын сырға, не болмаса, еншілеп, бөркіне үкіні өзі тағып, маңдайынан сүйген. Алтын сырға – қызға құда түсіп қойғанын, үкі – басы бос емес екенін аңғартқан. Кейін қызды алып кетуге келгенде: «Осы елде біздің алтынымыз бар еді, соған келдік» деп әдеппен рұқсат сұраған. Ал қыздың басындағы үкілі бөрікті көрген жігіттер, оған құда түсіп қойылғанын аңғарған. Бүгін қызымызға сырғаны алтын құрсақты ана – Ханымай құдағидың өзінің салғанын өтінер едім, – деп қолқа салды.

Осылайша қыз құлағына алтын сырғаны 70-ті алқымдаған қос ана – Ханымай құдағы мен Гүлжаһан әже тақты. Ал, дәстүрдің жөнімен орындалғанына разы болған алтын жүректі қария жақсылап тұрып бата берді...

БЕСІКТІ ҚЫЗ ТӨРКІНІНЕ АРТАТЫНЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

Нәресте дүниеге келгеннен кейін көп ұзатпай, бала қырқынан шығысымен-ақ ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келіп, баланы бесікке бөлейді. Бұл рәсім елге қадірлі, ұрпақ өсірген, қадірменді, жасы ұлғайған сол әулеттегі көпті көрген бір әйелге тапсырылады.

Есімде, жігіт шағымда анам шифоньер үстінде жабулы тұрған көне бесікті нұсқап: «Мына бесікте сенің әкең, атаң, өзің жатқансың. Енді менің немерем – сенің балаң жатса екен деп армандаймын» деген еді. Расымен де, алғашқы перзентім дүниеге келгенде анам атадан келе жатқан дәстүрді бұзбай, Ақботашымды дәл осы бесікке бөледі. Сол жолы сәби әже әлдиімен балбырап, тыныш әрі ұзақ ұйықтаған еді...

Кейін сол бесікті арқалап, Алматыға алып кеттік. Студенттік орта бесігімізді кезек-кезек тербетіп, ал курстас қыздарымыз бесік жырын сол бесіктің басында отырып ыңылдап үйренген еді...

Қазір бұл бесік көненің көзіндей болып, қара шаңырақта – әкемнің отанындағы інімнің үйінде тұр.

Жас нәрестенің өмірге келуі отбасы мүшелеріне, ағайын-туысқа, әсіресе, нағашы жұртына ерекше қуаныш сыйлайтыны рас. Сәби дүниеге келгенде ат жіберіп, алдымен нағашыдан сүйінші сұрайтыны содан.

Дегенмен, мені осы кезге дейін бір сұрақ мазалаумен келеді. Ортаға ойласуға салғаным ғой, бәлкім, бірі болмаса, бірі біліп қалар деген үміт. Тіпті, үлкен қариялардан да мұның жайын сұрастырып байқадым. «Кейінгі үрдіс шығар...» дегеннен басқа мардымды жауап ала алмадым.

Дархан көңіл сыймай кең даласына,

Күтті ме, әлде, сағына әрі асыға.

Бесік алып ертерек қойыпты анам,

Баласының болашақ баласына... – деп жырлап еді бір ақын.

Енді ойласайық... Жаңа өмірге келген сәби, біздің түсінігімізше, алдымен өз жұртының перзенті. Сондықтан да ол осы әулеттің бесігінде тербелуі тиіс. «Ел боламын десең – бесігіңді түзе!» деген содан қалса керек. Дегенмен, кейінгі кезде нәрестемізді нағашы жұрты, құдамыз сыйға тартқан жаңа бесікте әлдилеп жүрміз. Кейбір көп әулетті үйдің «кладовкасында» келіндерінің артынан келген бесіктердің бір жылдан соң жап-жаңа күйінде қаз-қатар тізіліп тұратыны содан.

Білгіміз келгені – бесікті қыз төркінінің алып келуі қалай? Әлде, мұның біз білмейтін бір себебі, жөн-жоралғысы бар ма?

«ӘН-КҮЙДІҢ» ЖАЙ-КҮЙІ ҚАЛАЙ?

Бала кезімізде «Алгебра, Химия... қонбайды менің миыма» деп әндегуші едік. «Алгебра», «Химия» сияқты пәндерден осылай бас сауғаласақ та, соңғы пән екеніне қарамастан, «Ән-күй» сабағынан қалмауға тырысытынбыз. Тақта алдында ән айтып, әсіресе, қыздардың салған әндерін құмарта тыңдап, үйге көңіл көтере, әндете қайтатынбыз. «Ұстазым», «Батыр бала Болатбек», «Қошақан», «Әке туралы жыр», «Анама» сияқты әндерді әлі күнге дейін ритмін бұзбай шырқап жүрсек, осы «Ән-күй» сабақтарының жемісі болса керек. Рас, ол кезде музыкалық арнаулы білімі жоқ, кез-

келген мұғалім әннен сабақ беретін, бірақ, олардың әнге деген құмарлығы ерекше-тін. Бізбен бірге балаша шаттанып, ынты-шынтысымен әнімізге қосыла шырқайтын.

Қазір де сол бағзы дәстүр айнымаған сыңайлы. «Ән-күй» сол баяғыша екінші сортағы пән күйінде, одан әннен хабары жоқ, сағат жетіспеген кез-келген маман сабақ беріп жүрген сияқты. Өзгергені тек пән аты ғана – «Музыка».

Үйреніп қалған дағды бойынша мектеп басшылығы музыка пәніне сурет және дене шынықтыру сабақтары сияқты қосымша сипатпен қарайды. Егер тарих, физика, геометрия, алгебра сияқты негізгі пәндерден мұғалім оқушыға нақты білімінің көрсеткішімен баға қоятын болса, музыка пәнінен оқушы «4», «5» деген шартты баға алады. Осыдан келіп, баланың бұл пәнге деген қызығушылығы әлсіз, эзірлігі шабаң. Үйде қолына кітап ұстап, нота сызып, әндетіп отырған баланы көрмейсің. Бұған, жоғарыда айтқанымыздай, «Ән-күйге» екінші сортты (бәлкім, үшінші сортты) пиғылмен қарау себепші болатын сияқты. Мәселен, музыка пәнінің мазмұны оқушылардың қабылдауына ыңғайлы ма? Оқушы музыка дегеннің өз өмірінде қаншалықты рөл ойнайтынын түсіне ме? Қазақ музыкасы мен әлем халықтарының музыкасы туралы салыстырмалы талдаулар бар ма т.б. Жауабы жоқ сұрақтар. Әйтпесе, соңғы шығып жатқан «Музыка» оқулықтары екі тоқсан бойы халықтың музыка өнерін, ән сауатын ашуға бағытталған.

Пәнге дұрыс қарамаудан туындайтын музыкалық сауатсыздық – балалардың халықтық ән колоритімізді жете ұғына алмай, шығыс пен латын американың әуендеріне елітіп, біздің әуеніміз осы екен ғой деп қабылдауына әкеліп тіреуде. Жастардың кумиріне айналып отырған Қайрат Нұртас, Ернар Айдар, Әлішер Каримов, Жанар Дұғалова сияқты кейінгі жас әншілердің айтып жүрген әндерінің басым бөлігінің қазақы колориттен алыстап бара жатқаны содан. Жастардың азаннан-кешке дейін тыңдайтыны осындай «мүгедек» музыка. Ал осының ара жігін мектепте ажыратып беретін «Ән-күй» сабағы болса керек. Өкінішке орай, мектептегі музыка пәні тек балаға ән жаттатумен ғана шектеліп жатқан сияқты...

Негізгі мәселе мұғалімге де байланысты. Мектепте осы пәннен сабақ беруі тиіс «музыкалық білім» мамандығын

бітіріп жатқан мамандар жоқ емес, бар. Бірақ, олар мектепке бармайды. Себебі? Сағаты аз. Ал аз сағат – аз жалақы. Мәселен, мектепте «Музыка» сабағы сабақ кестесінде әр сыныпқа аптасына бір-ақ сағаттан қойылған. Ән-күйдің 1-6 сыныптар арасында ғана өтетінін ескерсек, бар-жоғы 6 сағат. Алты сағатқа ғана жұмыс істеуге мектепке кім бара қояр дерсіз? Сондықтан да, жұмырға жұқ болмас бұл сағатты бастауыш пән мұғалімдері өзара бөлісіп алады. Нағыз ән мамыны беріп жатпаған соң, «Ән-күйдің» тағдыры оңсын ба?..

– «Ән-күй» пәнінің мұғалімдерін издесеңіз, оларды тойда музыка қойып отырған құралдардың арасынан табасыз, не болмаса, басым бөлігі асаба қызметінде жүр, – дейді мектепте әннен сабақ беретін мұғалімдердің бірі. – Міне, сабақ беріп жүрген менің де тапқан табысым күнкөрісіме жетпейді. Кешқұрым тойда ән салып, нәпақа табамын.

Оқушылар да музыка сабағының көп жағдайда болмайтынын, бұл пәнге әртүрлі мұғалімнің кіріп жататынын, көбіне бос отырып, соңғы сабақ болған соң қайтып кететіндерін тілге тиек етеді.

Ұлттық ән-күйіміздің бояуын бұзбай, ата-бабамыздан келе жатқан саф күйінде халықтық қалпын сақтап қалғымыз келсе, алдымен «Ән-күйімізді» түзеуіміз керек. Ол үшін мектептегі музыка пәнінің рөлі айтарлықтай жоғары болуы тиіс. Пәнге қатып қалған ұғым-түсініктер тұрғысынан емес, шығармашылық байыппен қарауымыз керек. Ол үшін мұғалімнің сол шығармашылық аяда қызмет етіп, балаларға үлгі бола алатындай ерекше дауыс иесі, белгілі бір аспапта шебер ойнай алатын дипломды маман болғаны жөн.

Кейінгі ұрпағымызда ұлтжандылық, өнерсүйгіштік рух жетіспей жататыны жасырын емес. Осы ұлтжандылықтың ұрығын себетін – музыка құдыреті, ән өнері! Жастарды жарқын өмірге жетелейтін «Пах-пах», «Чип-чип», «Зың-зың», «Көзімді ашамын, инстаграм басамын, махаббатымды әлемге шашамын...» деген сияқты жеңіл-желпі, не болмаса «Уәде берме», «Ойлаймысың», «Жоқ деме» сияқты өмірден түңілдіретін жылаңқы әндер емес, «Көк тудың желбірегені», «Сәлем саған, туған ел», «Мен қазақпын», «Әлия», «Домбыра туралы баллада», «Атамекен» сияқты рухты әндер болса керек.

Әрине, баласын дәрігер не МАИ қызметкері болуға

дайындап жатқан ата-ананың «Ән-күйді» негізгі сабақ деп есептемейтінін біз жақсы білеміз. Дегенмен ешкім де өз перзентінің ұлттық өнерден бейхабар, рухсыз болып өсуін қаламайтын шығар деп ойлаймыз.

Қалай десек те, «Ән-күйдің» жай-күйіне алдымен мектеп әкімшілігі жауапты. Арнайы сынып жоқ, көрнекілігі жұтаң, музыкаға қажетті құрал-жабдықтар қарастырылмаған. Қай мектепке барсаң да, тозығы жеткен күйсандық, ішегі үзілген домбыра, жыртылған сырнай, жарылған балалайка. Басшыдан мұның жәйін сұрасаң: «Несі бар, жетістігіміз жаман емес. Қалалық ән байқауларында жүделі орындардан көрініп жүрміз. Балаларымыз онсыз да талантты» деп шық жуытпайды. Рас, балалары талантты. Жүделі орындардан көрініп жүрген шәкірттерінің қуанышы олар үшін мерей шығар. Ал енді, сол фонограммамен ән айтып, жүде алып жүрген «талантты» балаларға әрі қарай музыкалық сауат алу қажет емес пе? Мектеп хоры қайда? Үйірмелер неге жұмыс істемейді? Бітіріп жатқан шәкірттердің өнер мен мәдениет саласына оқуға бармайтыны қалай? Бұған жауап берер ешкім жоқ...

Міне, достар, бүгінгі мектептегі «Ән-күйдің» жай-күйі осылай болып тұр...

ЖАЛҒАН АТАҚ-ДАҢҚҚА МАРАТОРИЙ ЖАРИЯЛАЙЫҚ

Қазір кеудесіне жез-темірден салпыншақ тақпаған адам қалмады-ау, сірә. Бай да, жарлы да, қатысы бар да, қатысы жоқ та тағып жатыр, тағып жатыр, тағып жатыр... Жиын-салтанаттарда қол шапалақтаудан шаршайсың, тіпті. Пәлендей елдің құрметті азаматы, пәлен мекеменің пәлен жылдығының мерейтойлық төсбелгісі, пәлен саланың үздігі... «Еңбегім бар ма, жоқ па, лайықпын ба, лайық емеспін бе?» деп жатқан бірі жоқ. Селфилетіп, фотолатып, әлеуметтік желіні жаулап алды. Мемлекеттік награда болса мейлі ғой, түрлі қоғамдық ұйымдардың, мекемелердің арзанқол мадақ-марапаттары. Белгісіз ұйымдардың белгісіз төрағалары қолын қойып, жеке кәсіпкер деп тіркеткен мөрлерін басып, есепсіз үлестіріп жатыр. Мұндай «марапаттар» ақылы. Төле де – ала бер! Бір сәттік алданыш, бір мезеттік қуаныш. Сосын

темір-терсегіңіздің ешкімге керегі жоқ, бала-шағаға мазақ, ойыншық болары даусыз...

Сонда мына жұрт жалған атаққа несіне ұмтылып жатыр? Қайтпекші бұл темір-терсекті? Әлде, даңқ-марапатқа етіміз үйреніп қалды ма? Әлгі тіркеусіз төсбелгілерін сарғайтып, тот басып кеткенше кеуделерінен тастамай тағып жүретіндерді қайтерсің?! Сонысын сұқ саусағымен шұқып көрсетіп, «мені байқа!» деп қорқытатындар да аз емес. Бір жапырақ Алғыс хатының суретін әлеуметтік желіге салып, «ал, құттықтасаңдар болады!» деп танауын көкке көтере «лайк» жинауға асығатын замандастарымыз да жетерлік. Жаппай – хайп! «Хайп» деп отырғанымыз жалған атақ қуып, пиарлатып немесе өзін-өзі жарнамалауда алдына жан салмайтын жандарға арналған жаңа неологизм.

Кезінде Мөңке би: «Азарсың, жұртым, азарсың, Азарыңның белгісі: Құны жоқ қағазды судай шашарсың...» деп ескертіп еді, әлде соның кебі келді ме екен?

Биыл – Жастар жылы ғой. Осыған орай менде ұсыныс бар. Мемлекеттік наградадан басқа барлық жалған атақ-даңқ, ақылы төсбелгілерге МАРАТОРИЙ жариялайық! Медаль таратқыштар одан гөрі үйсіз-күйсіз жүрген ЖАСТАРҒА ба-спана сыйласын, зейнет жасына жетсе де орнын босатпай отырған шал-шауқанды құрметті демалысқа жіберіп, талантты да іскер жастарға жұмыс тауып берсін, елімізді байыту-ды көздейтін жастарға арзан несие әперіп, шағын бизнеспен айналысуына мүмкіндік жасасын, креативті ойлайтын жастардың депутаттыққа, басқа да сайланбалы органдарға ұмтылуына жол ашсын!

Елбасымыз осы жылды Жастар жылы деп жариялай тұрып: «Біздің жастарымызды, Қазақстанның болашағын әр салада қолдауымыз керек», – деп үлкендерге, біздерге, үміт артып еді ғой. Ендеше, қолдан келсе қуаттайық та!

ЖАРНАМАДА – ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ!

Теледидардың алдында жиі отыратын болсаңыз, байқайтын шығарсыз, әлдебір хабарды аяғына дейін тапжылмай отырып қарау мүмкін емес. Он минут сайын жарнама, бес минут сайын төменгі жақтан жылт ете қалатын хабарлама. Әсіресе, өздері айтқандай, «рейтингті хабарда» (оны қалай анықтайтынын бір Құдай білсін) жарнама тіпті жиілеп

кетеді.

Енді оны аз қылғандай, тележүргізушілер де жарнамадан түспейтін болды. Студияда әрі-бері асығып-аптығып қауырт жұмыс істеп жатқансып немесе әлдебір фирма ұсынған брэнд-киімімен ұрлана қарап, онсыз да алтын уақытыңның біраз бөлігін жейді. Жарайды, тауарға жарнама керек шығар. Ал, мәтінін суфлердан әзер оқитын жүргізушіге не жарнама? Әлде, танымал болып, қызметте өсудің бір жолы ма?

Қазақ тілінің сингармонизм және үндестік заңын эфирде қатаң сақтап, тіліміздің шұрайын халыққа сол қалпы жеткізе алған «алтын дауыс» иелері – Әнуарбек Байжанбаев, Сауық Жақанова, Зұлқия Жұматова, Баян Секербаева, Нейля Омарова, Ласкер Сейітов, Тыныс Өтебаев, Аманжан Еңсебаев, Әбдірәлі Бөлебай кезінде жарнама іздемей-ақ халық сүйіспеншілігіне бөленді емес пе?! Тележүргізушіге керегі – хабар жеткізу, ақпарат редакциясындағы журналистер дайындап берген мәтінді үндестік заңын бұзбай сауатты айтып беру, дұрысы оқып беру шығар (өйткені мәтінді олар суфлердан оқиды ғой). Ал, экраннан қайта-қайта жарқ етіп, ойын емес, бойын көрсету, жымың қағып, көзін қысу – кәсіпқой тележүргізушіге емес, сәнқойға тән қызмет болса керек.

Салыстырайық, диктор – қағазға қарап дайын мәтінді оқитын адам, тележүргізуші – мәселенің мәнін алдын-ала ұғынып алып, сосын қағазға қарамай еркін сөйлей алатын маман. Сонда суфлердан дайын мәтінді кірпік қақпай оқып беретін адамды кім дейміз? Жүргізуші деуге келе ме? Телевизияшылар арасында «Дикторство телевизионное закончилось тогда, когда Миткова отказалась читать текст» деген қанатты қағида бар. Бұл 91-ші жылы Вильнюстағы митингте тікелей эфирден репортаж жүргізбек болған жаңалықтар қызметінің дикторы Татьяна Митковаға режиссерлер қолына оқитын қағазын ұстатқанда, «мені мыңдаған адам көріп отыр ғой, қағаздан қалай оқимын?» деп бас тартқан кезде туған сөз еді. Ендеше, алдындағы дайын мәтінді судыратып оқып отырған адамға жарнама не үшін қажет болды екен? Әлде, тіл мүкісін, болмаса сауатты сөйлеу мәдениетін жасыру үшін бе?..

Рас, тележүргізушілердің барлығы бірдей жарнамашыл емес. Экраннан көрінбейтін, тіпті көрінгісі де келмейтін, жарнамадан бойын аулақ ұстайтын Зейін Әліпбек, Берік Уәли, Ри-

нат Думанұлы, Саламат Омаш, Мұхамедәлі Болатұлы, Ләззат Ноғайбайқызы, Сандуғаш Баймаханқызы, Әсел Ергешқызы сияқты талантты жүргізушілер бар. Олар танымал. Олардың үні жарнамасыз-ақ халықтың құлағында!

ТОЙЫҢЫЗҒА ГЕНДЕР-АСАБА ШАҚЫРҒАН ЖОҚ ПА ЕДІҢІЗ?

Қазір баспасөз беттерінен гендерлік саясат деген ұғымды жиі кездестіруге болады. Gender – қоғамдағы адамның жүріс-тұрысын анықтайтын әлеуметтік жыныс. Яғни, гендер биологиялық айырмашылыққа емес, қоғамның әлеуметтік ұйымына бағынышты ерлер мен әйелдер қызметінің өзара теңдігін белгілейді. Әйелдерге тең қол жетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз ететін де осы саясат. Сол себепті, қазір әйелдер ерлермен тең қатар билікке ұмтылуда, өз бизнесін дамытуда, отбасында тең құқықтарды пайдалануда, жыныс белгілері бойынша кемсітпеуді талап етуде. Соған қарамастан, әйелдер бала тәрбиесімен де, отбасы тіршілігімен де айналысып үлгеріп жатады. Яғни, әйел – әмбебап тұлғаға айналып келеді...

Ел ішінде бұған қатысты кереғар пікірлер де жоқ емес, әрине. «Әйел мен еркектің орны алмасып бара жатқандай ма, қалай? – дейді біреулер. – Еркектің шалбарын, костюмін, нәскиін, жейдесін, туфлиін киді. Белдігін тартты, бөркін қисайтты. Машинасын мінді, сырасын ішті, темекісін шекті, креслосына жайғасты. Енді неміз қалды?» – деп налиды шүйкебастар.

Гендерлік саясат негізі, ойлап қараған адамға, әйелді төрге, еркекті көрге сүйрейтін тәмсіл емес. Әрине, түсінгенге! Ал, түсінбегендер солай-ақ ойлай қойсын. «Гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу боп табылады», – дейді демографияның тізгінін қағып жүргендер.

Сөйтсе де, халықтық менталитетіміз, дәстүр-жоралғымыз кей тұста әйелдердің ерлердің алдына шығып кетуін оншалықты «жақтыра» қоймайтын сыңайлы. Бұған дәлел ретінде: көшеде қатарласа келе жатқанда ер адамдардың

алдына түсіп кетпеу, ер адамның алдын кесіп өтпеу, намазға жығылғанда екі қадам болса да артта отыру, күйеуінсіз жалғыз-жарым қажылыққа сапар шекпеу, қартаң ер адамның бетіне тіктеп қарамау, жұптаса тілек айтқанда алдына ер адамды салу, рұқсатын алмай өз бетінше бір тірлікті бастамау сияқты ырым-тыйымдар бар. Қысқасы, әйелдер өздерінің еркектің қабырғасынан жаратылғанын, яки, бір саты төмен тұратынын ұмытпаса екен дейді халық даналығы...

Қазір мұның барлығын білмей ме, жоқ әлде, ескергісі келмей ме, әйтеуір, базбір әйелдер «ұяны ұрғашы құс салады» деп, барлық салада да бірінші болуға ұмтылып жүр. Ал, дүйім жұрт «Байтал шауып бәйге алмас», «Қатын басқарған ел қараң қалады» дегенді көлдеңен тартады.

Мәселен, кейінгі жылдары той-жиындарда әйел асабалар көрініс тауып жүр. Астанада – Құрманай, Атырауда – Ләззат, Шымкентте – Әлия, Түркістанда – Ханзада... Бұлар ел сүйіспеншілігіне бөленген, жарнаманы оншалықты қажет ете қоймайтын асаба-ханымдар. Алайда... Үйдегі кішігірім бесік той болса мейлі ғой, қарты мен қартаңы қатар отырар үлкен тойханаларда ортаға шығып көсемсіген, тілін безеп шешенсіген асаба-ханымдар бой көрсетіп қалады. Қайынағасы мен қайынапасының алдында қымсынбай көсіле сөйлеп, керек жерінде әзіл-қалжыңын араластыра думандатып, күлдіремін деп бүлдіріп жататын тұстары да кезігеді. Әсіресе, әйел-асабаның, шаңқылдап сөйлеуі, ойын ойнатымын деп көпшілікке сыртын беріп еңкейіп тұруы, жұртты билетемін деп ерсілеу қимыл жасауы, денесін жапсыра тар киім киіп алуы ұнамсыз көріністер. Жалпы, көп ер азаматтар «әйел адамның жұртты басқаруы (тойда отырғандар да жұрт қой) ер адамның ас бөлмесінде қамыр илеп, нан жауып жатқанындай әсер береді екен» деген пікірде... Әлде, олар қателесе ме?..

ТЕМАҒАҢ МІНЕЗІ ЖҰМСАҚ, ҚОНАҚЖАЙ, КЕҢПЕЙІЛ ДЕ ЕДІ...

Менің мына тақырыбымды оқып, Темағаның «темір тепкісін» көргендер «Бекеңнің мұнысы қалай?» деп қалуы да әбден мүмкін. Бәрін ретімен баяндайын...

Біз де дәрісханада артқы партада отырып, Темірбек аға

Қожакеевтен дәріс тыңдаған көп қазақтың біріміз. Лекциясы қызық еді. Өте қызық десем де болар! Бір өзі – бір театр! Лектор мінберінің ар жағында тұрып, әсіресе сықақ өлеңдерді шағын қойылымға айналдырып, бет мимикасымен мысал еткенде, күлкіге қарық болатынбыз. Екі пардың қалай зу етіп өте шыққанын байқамайтын едік. Осындай қызықтан құр қалғым келмей, алдыңғы партада отырғым-ақ келетін, бірақ... Шалт қимыл көрсетсең, тілімен түйреп түсетіні ұнамайтын. Сондықтан ұстазыма объект болғым келмейтін. Ал, біздің курста объект болғандар көп...

Бірде курстасымыз Ерсайын Жапақ Қожакеевтің сабағына дайындалмай келді. Дайындалмай келген адамның фамилиясының елден бұрын аталатын әдеті. Қожакеев журналды саусағымен жүгірте тұрып:

– Жапақов! – деп қалғаны.

Ерекең мұны күтпеген, абдырап, дайын еместігін ұқтырды.

– Неге?

– Кітабым болмады.

– Кітабың болмаса айтпадың ба, үйіңе-ақ апарып берер ем ғой, – деді Қожакеев қуақылана. – Қайда тұрасың өзі?

– Мына жақын жерде, Весновкада тұрамын ғой, ағай, – деді Жапақов жарқын үнмен.

– Әй, қу Жапақ-ай, менің қандай мағынамен айтып тұрғанымды сезсе ғой, – деп күлгені бар-тын ұлы ұстаздың.

Міне, содан біз біраз уақыт бойы Ерекеңді «қу Жапақ» деп жүрдік...

...Түркістандағы университетке шақыртумен келген кезім. Байқаймын, елдің бәрі Алматыға алашапқын. Осында біраздан бері қызмет етіп жүрген Мырзантай курстасым да жиі-жиі Алматыға барғыш. Бірде әріптес-досымды колидорда тоқтатып алып, «іс-сапаршыл» тірлігінің мәнін сұрадым: «Жоғары оқу орнында қызмет еткеннен кейін қорғап алмасаң болмайды екен, Беке. Егер ниетің болса, жүр, Қожакеевке жолықтырайын. Ұстазың ғой. Өзім сол кісіден тақырып алғам. Кеудеңнен итере қоймас. Сен де тақырып сұра» деді. «Ойбай-ау, Мырзеке, мені отқа итеріп тұрмысың?» дедім жүрексініп. Не керек, бір шешімге келе алмай, әрі-бері жарты жылдай жүріп қалдым. Сосын тәуекелге бел буып Алматыға тарттым. Қожакеевтің «Искра» кинотеатрының үстіндегі

«Үш алып» тұрғын үйінде тұратынын білетінмін. Есігіне жақындап, қоңырау түймешесін басып едім, «Кім бұл?» деген студент кезден таныс дауыс саңқ ете қалды. Дәл өзі! Арада пәленбай жыл өткен, мені қайдан тани қойсын деп ескі әдетпен фамилиямды айтып қалғанмын. «Әә, Сердалиев! Сен бе? Түркістанның аман ба? – деп жылы жымыған ұстазым есікті айқара ашып тұр. – Кір, кір!». Ұмытпапты. Басын қисайтып төрге ұзай берді. Артынан жүрдім. «Әй, Азат, шәй қой. Шәріден шәкіртім келді!» – деді балаша қуанып. Сол кеш екеуміз шәй үстінде ұзақ әңгімелестік. Әндерімнен хабардар екен. Тіпті, кейбірінің қайырмасын да білетін болып шықты. Тәп-тәуір дауысы бар. Әндетуін бірінші көруім. Бұйымтайымды сұрады. Айттым. Жетекші болуға келіспейтін шығар деп ойлағам, «еңбектенуден, менің талабымнан қорықпасаң, неге келіспейін» деді. Сол жерде екеуміз қазақ публицистикасының поэтикасын Шерағаң мен Қамағаңның шығармашылық зертханалары мысалында зерттеуге сөз байластық. Дерев Шерхан Мұртазаға да, Камал Смайыловқа да менің көзімше телефон шалып, келісімдерін алды. «Алты айда жұмысыңды үстелімнің үстіне қоятын бол!» деді сосын шегелеп, әлгі «қатаң талабының» бос айтылмағанын дәлелдегісі келгендей. Бұл – жайбасар ауыл қазағына қамшы басқандай әсер етті...

Содан күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалдым. Абай мен Абылайханның бұрышындағы кітапхананы жауып шығатын күйге түстім. Қамағаның үйінде апталап қондым, Шерағамен шер тарқастым. Не керек, алты ай емес, сегіз айда пәпкемді құшақтап Темағамның есігінің алдына келдім ғой. Алдыңғы жолы ескертусіз есік қағып едім, бұл жолы бара жатқанымды алдын ала ескерттім. Сол баяғы таныс дауыс: «Кім бұл?». Ішке кіргенімде қазандағы еттің иісі мұрнымды жарды. Азат апам сол баяғыша, қонақ келсе қуанып қалатын әдеті, қазан көтеріп қойған екен. Мен де құр қол емеспін, Түркістанның жеңсік асы деп қақ, қауын құрт, өрік-мейіз арқалай келгем. Бірден жұмысымның жайын сұрады. Пәпкемді көрсеттім. Алып, жұмыс кабинетіне кіріп кетті. Жарты сағаттай отырды. Ол шыққанша қамау терге түсіп, дегбірім қалмады. Баяғы студенттік кездегідей шыға айқайды басатындай көрінді. Жоқ, олай болмады. Күлімдей шықты. Ернін жымқыра, екі езуін екі жаққа жібере кеңкілдей күлетіні бар. Ондайда көзі

тіпті ұшқынданып, жарқырай кететін. «Жарадың, бала! – деді арқамнан қағып. – Мен ойлағандай болыпты. Біраз пысықтайтын, пісіретін жері бар. Тастап кетесің. Үш күннен соң келуің керек. Асықпай оқып шығайын». Азат апамның ақ дастарханының үстінде тағы біраз әңгімелестік. Байқаймын, әкемдей жақын тартып барады. Мен көрген Қожакеев емес, мүлдем басқа, мүлдем бөлек. Жылы, қонақжай, бауырмал...

Диссертациямды қорғап жатқан сәтім. Әлдебіреу қайта-қайта тықақтап, тақырыпқа қатысы жоқ сұрақтар қойып, ықтырып, састыра бастады. Мұнысы Темағама ұнамай қалған болуы керек: «Әй, Пәленшеева, сен не мына жұмысты мүлдем оқымағаның, не менен басқа ешкім ғылыми дәреже алмасын деп қасақана қасарысып отырған адамсың ғой!» деп сұрақ қойғышты қағып тастағаны бар.

Тау ағам Түркістанға да келді. Зиярат етпекке. Мырзантай екеуіміз қонақжайға жайғастырып, бәйек болып, күтіп жүрміз. «Сендер көп әуре болмаңдар, жеңгелерің жейтін асымды сөмкеме салып берген» деп жеңіл-желпі бутербродтарды үстелдің үстіне шығара бастады. Ауырыңқырап жүрген кезі болса керек...

Үзеңгілес дос Бауыржан Омарұлы бір жазбасында ұстазымыз жайлы «түрі трагедияны танытатын, көкірегі комедияны теріс көрмейтін» деп әдемі теңеумен баға берген еді. Қазір Темағамды, аяулы ұстазымды ойласам, неге екенін білмеймін, темірдей тәртіп орнатқан қатал, талап қойғыш деканнан гөрі, мінезі жұмсақ, кеңпейіл, қонақжай адам көз алдыма елестейді...

КӨЗІ ФОТОАППАРАТ ЖІГІТ

Омар Бабажанов – суретші. Суретші болғанда да, бармақтай суретші. Мәдениет сарайындағы жертөледен шықпайды. Қолында қылқаламы, майлы бояумен кенеп бетін шимай-шатпақтап сызады да жатады. Әлдеқандай себеппен Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бейнеленген полотно қолдарыңызға тиіп жатса, оны осы Омардың туындысы деп қабылдарсыздар. Осы кезге дейін киелі қалаға зиярат ете келген зиялы қауымға сый-сияпаттау үшін мына алдында мольбертте тұрғандай 200-ге жуық сурет салыпты!

– Бұрын кесене маңында сағаттап отырып сызушы едім, қазір әрбір өрнегін, кірпіш-тасын жаттап алғаным соншалық,

осында отырып-ақ сала беретін болдым.

– Басы-қасында болмағаннан кейін, сыртта отырып кесене сұлбасын дәл шығару қиын шығар? – деген күмәнімізді сездірдік...

– Сенбесеңіз, мына полотноны апарып салыстырып көріңіз, – деді.

Апардық. Айна-қатесіз. Аз-кем ауытқу бар, әрине. Дегенмен, фотокөшірме дерсіз!

Кім біледі, Омардың салған суреті талай адамның төрінде, құрметті жерде ілулі тұрған да болар...

«ЖАС» ДЕП КІМДІ АЙТАМЫЗ?

Жастар жылы жарияланды. Байқаймын, биыл жас болғысы келіп жүргендер көп. Кім біледі, науқаншылдықпен әлдеқандай бір жәрдемге не қызметке, тым болмағанда марапатқа ие болып қалам ба деген «мысық дәме» шығар. Бір танысым «жас деп кімді айтамыз?» деп қалды. Енді біреуі «жасым 42-де, әлі жас шығармын» деп қуақылана көзін қысты. Маған салса, қылшылдыған 40-қа дейінгілердің бәрін де жас дер едім. Бірақ, олай емес қой. Заңға жүгінейік. Қазақстан Республикасының Президенті 2015 жылғы 9 ақпанда бекіткен «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 1-бабы 3-тармағында «жастар – Қазақстан Республикасының 14 жас-тан 29 жасқа дейінгі азаматтары» деп тайға таңба басқандай жазылған. Осы Заңда «ерлі-зайыптылардың екеуі де 29 жасқа толмаса» жас отбасы, «29 жасқа толмаған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және білім туралы құжатта көрсетілген мамандық бойынша үш жылдан аспайтын уақыт жұмыс істеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматын» жас маман деп түсіндірілген. Ендеше, «жас» деп 14-29 жас аралығындағы іні-қарындастарымызды айтады екенбіз. Кейбір деректерге сүйенсек, мұндай жастар жалпы халықтың 30 пайызын құрайтын сыңайлы. Кешегі, әлімжеттікке ғана өресі жетіп, өз құрдасына жұдырық ала жүгірген мектеп оқушылары да біз жас деп қабылдап отырған – 13-14 жастағы өспірімдер! Өкінішті...

Мәселен, египеттік Мозайя Бриджес 13 жасында-ақ көбелек-галстук бизнесін жолға қойып, қаржы айналымын

200 мың долларға (55 млн 600 мың тг) жеткізген. Сол сияқты испандық Асима Сираси 14 жасында Испаниядағы тік жартасты Open Your Mind шыңын бағындырған. Ал американдық 14 жасар Ахмед Мохамедті ұйқыашар сағат ойлап тапқаны үшін Барака Обаманың өзі жеке қабылдауына шақырған. Джейден Смит 17 жасында Джеки Чанмен бірге «Каратэ-пацан» фильміне түсіп, сомдаған рөлі үшін 5 млн доллар қаламақы алса, қазір оның жеке есеп-шотында 14 млн көк қағаз жатыр. Қазақты әлемге танытқан Димаш Құдайберген «Славян базарында» Гран-приді ұтып алған кезде небәрі 21 жаста болатын. Бекзат 20 жасында-ақ Олимпиада чемпионы атанды. Жастардың ынта-жігеріне, қабілетіне қатысты айта берсек, мұндай мысалдар көп.

Қане, 14 жас пен 29 жас аралығындағы замандастарым, біз биіктерді бағындыруға, жаңалық ашуға, елімізді өркендетуге, құрбы-достарымызды маңызды істерге жұмылдыруға дайынбыз ба!? Жоқ, әлде, үкендер жағы әзірлеп берген науқаншыл шаралардан аса алмай, жалтақтықпен жыл өткіземіз бе?

ӘН ТЕРБЕГЕН ЖҮРЕКТЕР

Қазір әнбаяны экраннан шыға салысымен-ақ өзін биік санап, ісініп-кебінетін шала әншілер мен екі ән жазып алып (мүмкін жаздыртып алып), композитормын деп шалқақтайтын, мақтап-қолпаштаған сайын жұлдыз ауруымен ауыратындар экран бермейтін болды. Бір жылдары ақын Қонысбай Әбіловтің: «қазір үшеудің тобы, төртеудің тобы немесе жігіттер тобы деп бөлініп алып, өнер қуып жүргендер шықты» деген тұрғыда кейістік білдіре жазған пікірін оқып қалып едім, бірігіп алып, бір әнді әрі-бері тулақша тартқылайтындар көбейді. Бір әннің екі-үш шумағын өзара бөліп алып, бірі басып, бірі аяғын айтып, сахнаны шулатып-ақ жатқаны. Мұрнымен әндегу, дауысты дыбысты соза буындау, ән иіріміндегі бір буынға тоқтап қалып, екпін беру үйреншікті әдетке айналды. Тойға барсаң да – осы. Даңғыра әуеннен басың қазандай болып, шаршап қайтасың. Міне, осының барлығы тыңдарманды мезі еткен болса керек, кең далаға кетіп, жаз жайлауда дала сахнасынан ән тыңдағысы келетін болып жүр. Орадабасы төрінде өткен «Ән тербеген жүректер» атты ән-думан дәл осылай болмаса да, көрермен

кең жайлауда отырғандай бір рахаттана демалып қайтқан кеш болды.

Ел, жоғарыда айтқанымыздай, той әндерінен шаршап, халықтық әуенге шөліркеп қалған ба, әйтеуір, мына кешті екі сағат бойы тапжылмай отырып тамашалады. Шараның жөнімен өтуіне жағдай жасаған Ордабасы аудандық әкімдігіне, ерекше – әкім орынбасары Аңсарбек Әбдіқұловқа, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Құрманәлі Жылқыбайға, Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Айнұр Әубәкіроваға алғысымыз шексіз!

– Бұл думан өңірдегі 10-ға жуық ән авторлары мен күміс көмей әншілердің басын біріктірді, – деді өзінің кіріспе сөзінде ҚР мәдениет қайраткері Құрманәлі Жылқыбай.

Әншілер ән өнерінде өз ізі бар Құралай Сәтмұханбетованың, Асқар Мамырбаевтың, Бекжігіт Сердәлінің, Құрманәлі Жылқыбайдың, Мұхан Байбосыновтың, Аян Қожановтың, Нұрғали Мырзахметтің, Ізбасар Кеңесовтың жаңа туындыларын орындап, қалың көпшіліктің көңілін жадыратты. Телеэкраннан естіле қоймайтын әндерге шөліркеп қалған Ордабасы жұрты сахна төріндегі әншілердің өнерлеріне дуылдата қол соғып, әр әнді бірге қосыла шырқады.

– Басты мақсатымыз жанымызда жүрген аға-апаларымыздың әндерін бүгінгі жастарға насихаттау, – деді әкім орынбасары Аңсарбек Советұлы.

Орындаушылар тек әнді әсерлі жеткізіп қана қоймай, әр сазгердің өмір жолынан, шығармашылық үрдісінен хабар-дар беріп отырды.

– Бүгін мен балалық шағымды еске алып, әсем әндерді тыңдап, бір жасап қалдым. Кешті өте жақсы ұйымдастырыпты. Мың жыл өтсе де өз мәні мен мағынасын жоймайтын осындай ғұмырлы әндер көп болса екен! – деді осынау шараны Facebook арқылы естіп, көзбе-көз тамашалауға сонау Қазығұрттан арнайы ат арыта келген ақын қыз Жәмила Нәлібаева.

Жалпы, ордабасылықтар жыл өткен сайын жаңа үлгіде концерттік бағдарламаларды дайындап, өз тыңдармандарын қуантуға асығып жүр. Оған дәлел 2018 жылғы хор ұжымдары арасында өткен «Дауыстар үндестігі» атты думанды шара, мәдениет қызметкерлері арасында өткен «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты өнер фестивалі.

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

– Бұйыртса биыл да бірқатар тың жобаларды қолға алмақпыз, – деді Құрманәлі Жылқыбай.

Несі бар, мұның барлығы ел ішінде танылмай жатқан таланттардың тұсауын кесіп, рухани жаңғыруымызға теңдессіз үлес қосары даусыз. Бұған біз де тап мына көрермендердей орнымыздан тұрып, дуылдата қол соғар едік...

БАУЫРСАҚ МЕЙРАМЫ

Дәл қазір Түркістандағы халықаралық қазақ-түрік университетінде Әлеуметтік ғылымдар факультетінің белсенді жастарының ұйымдастыруымен «БАУЫРСАҚ-PARTY» мейрамы өтіп жатыр. Алғыс айту күніне орай жайылған дастарханға студент қыздардың өз қолымен пісірілген бауырсақ, шелпек, қытырлақ, чак-чак сияқты түрлі нан өнімдері ұсынылған. Бауырсақтардың дәмділігі соншалық, қыздарымыздың тек білімге ұмтылмай, ас әзірлеуден де алдарына жан салмайтынын көрдік. Бауырсақтан дәм татқандар ізгі тілектерін түрлі-түсті тілдей қағаздарға жазып қалдырып жатты. «Бауырсақ - ұлттық брендіміз, - дейді Рухани жаңғыру орталығының жетекшісі Әміреқұл Әбуов. - Бұл шара сол тағамымызды шетелге танытудың бір амалы. Себебі, бізде 20-ға жуық түркі мемлекеттерінен келіп оқып жатқан жастар бар ғой. Олар бұл бауырсақтан ауыз тиген соң, көпке дейін ауыздарынан дәмінің кетпей жүретініне сенімдімін!».

ТИЫННАН – АҚША...

АЛ АҚШАДАН – ТИЫН...

Ел ішінде «тиыннан ақша құралады» деген сөз бар. Осы тәмсілді Түркістан қаласындағы алып-сатумен айналысатын кейбір бауырларымыз өз пайдасына «дұрыс» ұғынатын сияқты. Супер маркеттердің касса басында отырған ақша санағыш пысықай қыздары, жоғарыда отырған қожайындары нақты инструктаж беріп қоған ба, әйтеуір, 1, 2, 5 тиындықтарды (негізі теңге ғой) ақша деп санамайды. Мәселен, әлдебір заттың бағасы 197 теңге делік. 200 теңгелікті ұстатсаңыз, қалған 3 теңгесін қайтарған емес. Бұл бір заңды құбылыс сияқты. Дегенмен, «тұтынушы құқын» ұмытпай, сала құлаш квитанциясын ұстата қоятыны ұнайды. Әлгі 3 теңге соған кетіп жатқан болуы мүмкін... Әгерки,

қалтаңыздан 195 теңге ғана шығып, қалған 2 теңгесін тауып бере алмасаңыз, затыңызды алып кетемін деп ойламай-ақ қойыңыз.

Жуырда Алматыға сапарлай барып, супер маркеттердің біріне бас сұға салдым. Саудаласқан затым 498 теңге болды да, Түркістандағы үйреншікті әдетпен сатушының қолына 500 теңгелікті ұстатып, бұрылып кете бергенім сол еді, «здачыңызды алмайсыз ба?» деп артымнан айқай салғаны. Біртүрлі ұялып қалдым... 2 теңгеліктің өзін құрмет тұтар алматылық сауда қызметкерлеріне разы болдым!

Содан Алматыдағы әсермен Түркістанға келмеймін бе?! Супер маркеттегі «таныс» қыздарыма: «Бір тиындықты қайтармайсыз ба?» деп қалғаным... Құдай сақтасын, естімеген сөзім жоқ: «Күніңіз сол бір тиынға қарап қалды ма? Ұялмайсыз ба? Сорлы бишара!».

«Қой, бұл дүкеннің басшысына тұтынушы құқы туралы аз-кем түсіндіре кетейін» деп басшысына кірдім. «Сын-ескертпеңіз орынды ғой, алайда бізде кассаға 1,2 теңгеліктер онша түсе бермейді, сосын шығар...» деп екі алақанын жайып, иығын құшитты. Не дерсің?..

Бір қызығы, заттардың басым бөлігінің жапсырылған заттаңбадағы бағасы 351, 1033, 847 болып кете береді. 0-денген «закругленный» баға жоқ. Осының бір астары бар сияқты...

Негізі деймін дә, 1-2 тиынға қарап қалған түгім жоқ, тек теңгеге құрмет болса деген ой ғой.

Сіздің қалада қалай, ағайын? Қалтаңызда 1,2 теңгеліктер жүрген жоқ па?

4-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІН ЖАТҚА АЙТАДЫ

Абай шығармашылығы өзекті, өміршең, қоғамға қажетті рухани азық болып келеді. Әсіресе, дана Абайды жастар көбірек ұққысы, білгісі бар. Қанша уақыт өтіп, адамзат баласы жаңа формацияға, жаңа даму сатысына көтерілсе де, Абай тұтас бір халықтың адастырмас темірқазығы, рухани суаты, сарқылмас қазынасы болып отыр. Кентау қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы №12 мектептің 4-сыныбында оқитын Филис Мұсаханова есімді мына бір ботақанның

Абайдың біраз қара сөздерін жатқа айтатыны көңілге жылылық ұялатады. Сыныптастары да Филис құрбыларынан үзіліс кезінде Абай қара сөздерінен үзінді оқып беруін өтініп жатады. Ондайда 4-сынып оқушысы тұра қалып, ерекше қомданып, шабыттана, шаттана Абай сөздерін оқи бастайды.

– Филис ұлы ақынның ұлағат сөздерін 3-сыныптан бері жаттап келеді, – дейді сынып жетекшісі Тұрғанкүл Жолдыбаева. – Бірде «Апай, Абай қара сөздерін жаттап жүр едім. Мағынасын тарқатып айтып бересіз бе?» деп өзі ұсыныс жасады. Содан екеуіміз күнделікті ұлы ақынның әрбір қара сөзін астын сызып оқуды әдетке айналдырдық...

Осындай көзі ашық, көңілі ояу балаларымыздың өсіп келе жатқаны қандай бақыт!

АСАБА ДА АСЫҒЫС, МОЛДА ДА АСЫҒЫС...

Әнші мен асабаның, келіннің бетін ашатын жаттама «айтқыштардың» (ақын деуге ауызым барыңқырамай тұр) алдын-ала тапсырыспен, асығыс-үсігіс, минут санап жүретінін біз жақсы білеміз. Олар бір күнде бірнеше тапсырыс алып, бір тойдан екінші тойға секіріп, эзер үлгеріп, сүрініп-сүрлігіп жүре береді. Жарты сағат, бір сағат кешігу – олар үшін жазылмаған заң! Ана тойдан шығып, мына тойға келіп үлгерем дегенше, уақыт шіркін бір орнында тоқтап тұрмайды ғой...

Асабаның тәуекелшілеп қабаттастыра той алып қойғанын екі жақ та білмейді. Асаба бұл құпияны ешкімге ашып айтқан емес. Тапсырыс қабылдап жатқанда, өзге тапсырысы бар екенін біле тұра, «үлгеріп қалармын» деген үмітпен той иесінен ішкі есебін бүгіп қалады. Кейбір жиындардың елді күттіріп, кешеуілдеп басталып жататыны содан. Сондағы кінә – асабаның құлқынына жұмыр болмай тұрған қу ақша. Қармап қалу керек, жалмап алу керек! Осындай пысықайлықпен бір күнде үш-төрт жиынға барып үлгеретін асабаларды біз жақсы білеміз.

Асабаны қойшы, оларды әртіс дерміз, енді молданың да бірнеше тапсырыспен жүретінін көріп, таң қала бастадық. Құран бағыштап дастархан жайып жатқан үйдің келіндерге: «молдекең тағы бір құранға барады екен, тамақты ерте-

рек түсіре беріңдер!» деп тапсырма беріп жатқанын талай естідік. Молдекең де мұны мақұлдағандай, асығыс-үсігіс уағыз айтқансып, екі рәкатты бір рәкатқа түсіре оқып, бетін бір сипайды да, шыға берісте үй иелері ниет етіп берген бесон теңгені саусақ ұшымен іліп алып, асығыстап, жөнімен кете барады.

Асабанікін – нан тауып жеп жүрген кәсібі дерміз, ал молданікі не? Әлде, құран оқу да кәсіпке айналып бара ма?

ТАМАҚ АРСЫЗ

Бала кезімізде ортаға буы бұрқырай келген тамаққа асығыстап қол сала бастасың, әжеміз білегіңді қағып: «алдымен «бисмилла» де, сосын нан үз, тамақ қайда қашар дейсің?» деп тыйып тастайтын. Сол әдет пе, құранды жиындарға барсам, имам дұға бағыштамай дастарханға тұра ұмтылған адамдардың әрекетін ерсілеу көремін. Тамаққа шыдамсыздық – нәпсінің бір түрі. Қазір өлім-жітім көп. Азалы әулет бақилық болған жақынына ағайын-туысын, жақын-жамағайынын, құда-жегжатын шақырып, жетісінде, қырқында, жылында ас береді. Көпшілік жиылған асты имандылық асханаларында берген ыңғайлы, әрине. Бір мезгілде келеді, бір мезгілде қайтады. Бір өкініштісі, батаға ертелеу келген жамағат дастарханға отырысымен-ақ, имам дұғасын күтпей, қасықшанышқыларын тарелкелерге сүйкеп, сақырлата бастайды. Қайда келді? Не мақсатпен келді? Жайнаған дастарханды көрген соң, барлығы әдірәм қалған. Қатырлатып шайнап жатыр, сылқылдатып жұтып жатыр. Бейне думанды тойға келген сияқты. Әлден уақ имамның құран бағыштай бастаған үні естіледі. Бұл кезде әлгілер кекірініп, тойынып-ақ қалған. Майлы қолдарымен бет сипап алып, тамақ жеуге қайта кіріседі. «Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз» деуші едік, тым болмағанда осындай азалы жиындарда ас нәпсісін тыйуға ерік-жігер таба алмағанымыз ба? Әлде, әр үстелге «имам бисмилла десін де?» деп, білекті қағып отыратын бір-бір әжеден отырғызып қоямыз ба?

ҚАРА ШАҢЫРАҚ, ҚАРА КЕЛІН

Халқымыздың салт-санасындағы қасиетті ұғымдардың бірі – үлкен үй, қара шаңырақ. Бүгінгі ұрпақ сол қара

шаңырақты қастерлеу түгілі, осы сөздің қаншалықты мағынасының бар екенін түсінуден қалып бара жатқандай ма, қалай? Көршіміз үйіне наурыз көжеге шақырып, үлкенді-кіші іргедегі үлкен бөлмеде отырғанбыз. Ұятты кісілер келіп қалса деген есеппен төргі жаққа бір-екі бос орын алып қойдық. Үй иелері құрақ көрпешені қалыңдау салған екен, бір-бір құс жастықты қолтықтап жантая кеттік. Әрі-беріден әңгіме қызып жатыр. «Баяғы қариялар жоқ-ау» деп қоямын іштей. Айтатыны – саясат, ұсақ-түйек пендешілік әзіл-қалжың. Бір-бірін қағытып, рушылдықтан әріге бара алмайды.

Әлден уақ жасы 80-ді алқымдаған кейуана келіп кірді. Әжемізді төрге ұзатпақ боп орнымыздан өре түрегелдік.

– Отыр, түге! – деп тыйып тастады таяғын шошаң еткізіп. – Қайнағам жоқ екен деп қара шаңырағын сыйламай төрге шығатын мені бір көргенсіз деп пе еңдер? Әруағын аттасам кім болғаным? – деді де, ірге жаққа отыра салды.

Шіркін, баяғының адамдары-ай! Осыдан қаншама жыл бұрын о дүниеге аттанып кеткен қайнағасының қара шаңырағын сыйлап, осы әулетті құрмет етіп, өз орнын білген аңқылдақ апам-ай! Сәлден соң «жұмыстан кеш шығып едік» деп осы әулеттің қызмет ұстаған бірнеше келіндері келіп кірді. Төрге шақырып едік, сөмкелерін қолтықтаған күйі жеңіл сәлем салғансып, тіземізді аттай өтіп, төрге ұзады. Әлгі қысыр әңгіменің қызығына берілген қарттарды тоқтатып қойып:

– Қара шаңырақ – мейлі, ол кім болсын, келін бе, күйеу ме, бөле ме, жиен бе, бір әулеттен тараған бүкіл жұмыр бастының түп тамыры, – деген тәмсілді айттық. – Оны сыйлау – осы әулеттің ата қазығы – үлкен бабаларымызды сыйлау. Осыны уақытша отырған креслосын бұлдап, «мен өзгеден бір қадам төрде отыруым тиіс» деп ойлайтын кейінгі келіндер естен шығармаса екен дейсің.

Білмеймін, қызметкер-келіндер ұялды ма, әлде ренжіді ме, әйтеуір, бір пияла шайларын ұрттап, «жұмысқа асығыс едік» деп, тізіле шығып кетті. Іргеде отырған әжем де «әй, отырмадыңдар ма?» деп тоқтау салмады...

ӘНБҰЗАР ӘНШІЛЕР

«Тілбұзар», «сөзбұзар» дегендер болушы еді, енді бұған «әнбұзар» дегенді қосыңыз. Экраннан

түспейтін әншілеріміздің «инновациясымен» халық әндері де, халық композиторларының әндері де, Қазақстан композиторларының әндері де аяусыз «күзеліп», «түзеліп» жатыр. Бала күнгі тыңдап жүрген әнімізді танымай қалдық, дұрысы таппай қалдық. Өңі де, сөзі де өзгерген. Бірте-бірте «мутанттанып», өзге бір туындыларға айналуға. Шәмші, Әсет, Әблахат, Нұрғисалар ғайыптан тіріліп келсе, өз әндерін өздері танымас еді. Қосыла шырқайын десең, не тұтығасың, не қақалып-шашаласың. Тілің кекештеніп, басқа әуенге ауысып бара жатқаныңды сезесің. Бұған кім кінәлі? Әнші ме, ән өңдеуші ме? «Кәсіпқой жұлдыздар» көбейген сайын танымал әндеріміздің түпнұсқасынан ауытқып, ремейк-әндерге ұласып бара жатқаны жасырын емес. Күнде естіп жүрген әнің –қыңқыл-сыңқыл. Нұржан айтпақшы, халау-лалау-лилау, гигөк-кигөк, шиқ-пиқ, тарс-тұрс... Ыңырсыған, аһілеп-уһілеген, депрессияға ұшыраған, жылап-сықтаған бірдеңе. Айтсаң «мелизм ғой, қазір мода, әннің ажарын ашады» дейді әншілер. Ажарын ашқанын қайдам, керісінше, базарын қашырып тұрған сияқты...

Әр өнер туындысының өз түпнұсқасы болмаушы ма еді? Мәселен, «Мона Лизаны» қалай өзгертпексің? «Абай жолына» түзету жасай аласың ба? Шекспирді қайтіп күземексің? Біле-білсе, әр туынды түпнұсқасы – автордың ұзақ жылғы шығармашылық ізденісінің нәтижесі емес пе? Мәселен, Джоконданың қолына гүл не сотка ұстатып, картинаны жаңаша сипатта қайта реставрациялай алмайсың ғой? Ән де солай болуы тиіс! Ол тактімен түгенделіп, нотамен шегенделеді. Ал нота – әннің дұрыс айтылуына, әуенінің бұзылмауына негіз болады.

Ән бұзу үрдісінің кең етек алып бара жатқаны соншалық, кейінгі жас композиторлар да, әншілерге осындай стильдегі әндер ұнайды екен-ау деп, не буыны, не бунағы келіспеген «жарымжан» әндерді шығаруға көшті. Мұндай әндерге сөз жазып жүрген ақындарды аяйсың. Мәселен, жастар ерекше сүйіп тыңдайтын Айқын Төлепбергеннің репертуарындағы «Жүрегім ақ» әнінен мысал келтірейік (қалам түртпей беріп отырмыз):

Ашық есікті қақпашы
Жүрек қағысын тыңдашы
Барыңды беріп өзіңе керегінді алшы.

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Көзіңдегі тамшың алдамшы
Сезімің рас бірақ
Сенің жүрегің менікінен ақ
Күн түн демей
Уақыт үнемдемей
Үнемі үндемей
Алыстасың саған қарай жол іздеймін
Миымның дәмінен ауыз ти
Қанымды қайнат есігімді ти
[Қайырмасы]
Жүрегім ақ, ақ, ақ
Есігін қак, қак, қак
Кір ішіне жап, жап, жап, love you janym
Жүрегім ақ, ақ, ақ
Есігін қак, қак, қак
Кір ішіне жап, жап, жап, love you janym
Не түсіндіңіз? Бәлкім, күні-түні құлақтарын құлақсазбен
тығындап, шетел әуендерін тыңдап жүрген жастар ұғып
қалар...

Әннің дұрыс әуені тек дастархан басында, ел ауызын-
да ғана айтылатын сияқты. Шын өнерден сусындап, құлақ
құрышын қандыру үшін, концертке билет алып әуре болмай-
ақ, әлдебір үйдің терезесінен төгіліп жатқан әндерге құлақ
түріп, ләззат алатын заман келе жатыр-ау...

ҰЛТТЫҚ КИІММЕН ЖҮРГЕНІ ҰНАМДЫ КӨРІНДІ

Түркістандағы Халықаралық университеттің журнали-
стика бөлімінде білім алып жатқан қыз балалар Ұлыстың Ұлы
мейрамы қарсаңында жыл мейрамының ұлттық ерекшелігін
өзге жастарға сездіру үшін бір апта бойы дәл мынадай ұлттық
киіммен жүруге уағдаласты. Қазір халықтық қалпымызға
сай жарасымды киінген қыздардың қатары күн өткен сайын
артып келеді. Дәрісханада жауқазындай құлпырған мұндай
көрініске ұстаздары алғашқыда тосырқай қарағанымен, қазір
көздері үйреніп, өздері де көктем шуағымен оюлы қамзол
киюге ниеттеніп отыр.

– Әзірге қолда барын ғана сатып алып киіп жатырмыз, –
дейді бірінші курс студенті Мадина Мамыр. – Өз бойымызға

лайық заманауи сән үлгісімен киім тігіп беретін тігін цехтары көбейсе қаракөз құрбыларымыз ұлттық қамзолдарымызды күнделікті тастамай киіп жүрер еді.

Мойнына алқа тағып, жинақы өрілген бұрымында шашбауы сыңғыр қаққан студент-жастардың дәлізде иба сақтай ұстаздарымен жылы амандаса өтуі жаныңа шуақ ұялатады екен! «Қыз өссе – елдің көркі» деген сөзді, қапысыз қалай айтқан қайран бабам!

КЕЙБІР ИМАМДАРДЫ ТЫҢДАСАҢ УЖАС КИНО КӨРГЕНДЕЙ БОЛАСЫҢ...

Көпшілік бас қосқан имандылық жиындарында, жұма намазда, ораза кезінде имамдардың тәрбиелік мәні бар уағыз айтып, имандылыққа, тазалыққа шақырып отыруы көңілге жылылық ұялатады. Әйтсе де, кейбір шағын құран бағыштауларда бастарына сәлде оранғандардың отырған көпшілікті «неге намаз оқымайсыңдар?», «өлімге дайындалмайсыңдар ма?» деп ұрса жөнелетіні ұнамайды. Уағыздары да сенімсіз. Тура жаңа ғана ана дүниеге барып келгендей, «онда олай екен, мұнда былай екен» деп ойдан жантүршігерлік оқиға құрап, қара аспанды төндіріп-ақ жатқаны. Сақалына сілекейі тамып, ауызынан көбік шашырап, отырған жұрттың берекесін алып, ішкенін ірің, жегенін желім етіп тынады. Дәл қазір төбеңнен тажал төніп, енді болмаса о дүниеге аттанып кетердей көңіл-күйде отырасың. Әсіресе, мынадай «қорқынышты» әңгімені тыңдап отырған жастар «бұйткен діні құрысын» деп, тірсектері дірілдеп, бастарын ала қашатыны даусыз.

Имандылыққа осылай уағыздай ма екен? Иман негіздерін көркем мінезбен, ақыл-парасатпен жеткізген жөн-ау. Ең соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.с.: «Мен ең ғажап хадистерімді көркем мінезді толықтыру үшін жібердім» демеп пе еді? Ендеше Алла әмірін жеткізуші әрбір иманның міндеті – қорқытып-үркіту емес, иман мен имандылыққа сабырмен, парасатпен уағыздау болса керек. Бұл тұрғыда Түркістан қаласындағы Әмірхан, Уәлихан имамдардың, Кентау қаласындағы Арман иманның салмақты, салдарлы уағыздары құлақ түрте, үлгі-өнеге алуға лайық-ақ.

«ДЖУНГЛИ» САЛАТ

«Ел ешкісін қырқыпты, егіндерін жыртыптының» кері ме, әйтеуір, кез-келген нәрсені бояп, қидалап, қырқып, түртіп, өнерлегіміз келеді де тұрады. Бұл «баланың ойыншығы» көкөніс-жеміске де жеткен сияқты. Жуырда бір тойханада болған едік, ауызға ілер салат таппадық. Қияр – аққуға, помидор – қолшатырға, киви – кактусқа, банан – автобусқа айналып кеткен. Бейне джунгли дерсің! Мың құрақ. Не саусақпен ұстай алмайсың, не шанышқымен іле алмайсың. Түрлі фигураларды қалыпқа салу үшін олардың қайшымен қырқылып, саусақпен икемдегені байқалады. Бірақ, ол қандай санитарлық жағдайда әзірленді? Кім әзірледі? Әзірлеуші медициналық бақылаудан өткен бе? Мұны ешкім де ашып айта алмаса керек.

Жалпы, салат дайындау технологиясының өзіндік ерекшеліктері бар: онда пышақ, тақтай, қырғыш сияқты жалпыға ортақ асхана құралдары қолданылады. Салаттың әрі тойымды, әрі дәмді болуына ерекше мән беріледі. Сондықтан оны қайшымен өрнектеп, оюлап жату – тағам құнарын жоғалтса керек. Керісінше, әр ингредиенттің өз сөлінің сақталуына мән берген дұрыс.

Ал, бізде әзірге клиент тартудың бір көзі – салат өрнегі болып тұр. Сұлулыққа, өрнекке құмарлық жақсы, әрине. Бірақ, әр табиғат сыйын өз сөлінде, өз қалпында дәм татып, қарын тойдырғанға не жетсін!

ТАЗА ҚАЛАДА ТҰРҒЫҢЫЗ КЕЛМЕЙ МЕ?

Әрбір адам таңертең жұмысқа барарда таза көшемен жүріп, кешқұрым жұмыстан үйге асыққанда таза ауа жұтып қайтқысы келеді. Бір жағынан мұның өзі сүйікті қаласына деген махаббатын арттыра түсері анық. Кең даңғылдар мен көше-бульварлар айнадай жалтырап, субұрқақтар майда моншақтарын бетіңе бүркіп жатса, жанның рахаты емес пе? Еуропада солай. Ал, бізде ше?

Түркістан қаласы әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне қарасты «Түркістан көгалдандыру және абаттандыру» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының күні-түні

соншалықты тер төгіп жатқандығына қарамастан, қала қоқыстан құтыла алмай отыр. Бұған кінәлі қалатұрғындарының өзі. Біріншіден, қаланың негізгі көркі болып табылатын күре жолдың бойындағы жеке сектордағы үйлердің қожайындары үйлерінің ішін сыпырып-сиырып жатқанымен, сырты адам көргісіз. Жылдап ақталмаған, айлап бапталмаған. Іргетасы құзданып, қабырға сылақтары түсіп жатыр. Шарбақтары күнге кеуіп, терезе бояуы қабыршақтанып тұр. Есік алды арам шөптен көрінбейді. Тротуарға төгіле салған үйілген топыраққа, былтырғы жөндеу жұмыстарынан қалған тасқа шырмауық иелік ете бастаған. Үй іргесіндегі суағарға пакет-теп қоқыс тастай салуға еттерінің үйреніп кеткені соншалық, бала да тастап жатыр, ана да тастап жатыр. Өз үйі ғой, бірақ реттеуге асығып жатқан бірі жоқ. Әкімшілік дейтін «супермен» бар, мұны солардың шаруасы көреді. Таңнан түске дейін белдері бүгіліп солардың қоқыстарын тазалап жатқан көгалдандыру қызметкерлерін көріп, аясың тіпті. Қақпасын айқара ашып қойып, көмір, отын саудасын қыздырып жатқан «кәсіпкерлер» де аз емес. Ұшқан шаң, жүгірген пакет, құраған тал-дарақ... Бір өкініштісі, өзге біреу келіп үйлерінің сыртын ақтап жатқанда, үй иелерінің есік алдына шығып, күле қарап, шемішке шағып тұрғандарын байқадық. Бұл жерде олар үйлерінің көше беттеріндегі өздері тастаған қоқыстарына, талай жылдан бері жөндеу көрмей, сылағы түскен қабырғаларына ұялып, әлгілердің сыпырғыларына жармасуы керек еді. Бірақ олай болмайды...

Тазалық көп қабатты үйлер секторында бар шығар десеңіз, оңбай қателесесіз. Онда тіпті сорақы. Жеке сектордағылар өз үйінің алдын тазаламай отырғанда, ондағылар коммуналдық меншіктегі «біреудің» ауласын сыпырып неғылсын? Балконнан пакет лақтыра салу, терезе алдына қыстан қалған сағал-сағал банкілерді тізіп қою мұндағы үйреншікті көрініс. Тіпті, аулаға жүгіре шыққан ойын баласы кезінде өздері лақтыра салған жердегі қоқысты алып ауыздарына салып жатса да, «қой, ұйымдасып аула тазалалығына шығайық» деген ой бастарына кіріп те шықпайды...

Жалпы, қала тұрғындары, әсіресе көше бойында тұруды бизнеске ыңғайлы мекен деп қабылдайтын жерлестеріміз енді баяғы жайбарақат күндерін ұмыту керек сияқты. Себебі, қала келбеті әрбір үйдің сыртқы көрінісіне қарап айшықталады.

Мәселен, Еуропада есік алдында ретсіз жатқан қоқысты көрмейсің. Тек ағаш жапырақтары мен бірді-екілі жерге түскен жемістерді ғана байқайсың. Сонда қалай, олардың тұрғындары күл-қоқыс тастамай ма? Әлде, барлығы мәдениетті ме? Мәселен, миллиондаған халық тұратын Парижіңізде, Амстердамыңызда, турист көп болғандықтан, кешқұрым көшеде қоқыстан аяқ алып жүре алмай қаласың. Ал, таңертең басқа көрініс. Дым болмағандай, тап-таза! Көше су себілген, айнадай жалтырайды, түрлі гүлдердің иісі аңқып тұр. Шөпке аунап жата кеткің келеді! Яғни, мұнда көше тазалығы ел ұйқыға кеткенде, түнде қызады деген сөз.

Мәселенің мәні тазалық жұмыстарының еуропалық жүйесінде болып тұрған сыңайлы. Онда тазалық қызметі бюджет қаржысына тәуелді емес, жалданып жұмыс істейтін гастарбайтерлердің ықыласында. Жалақыны көп алатын да солар. Яғни, туристерден түсетін қаржы мен көше тазалығын бұзғандардан алынатын айыппұлдардың бір бөлігі осы жалданушылардың еңбекақысына жұмсалады. Сондықтан да, онда біздегідей көше сыпырып жүрген әйелдерден гөрі, қолына күрек ұстаған алпамсадай-алпамсадай еркектерді жиі кездестіресің. Жалақысы дұрыс болғандықтан олар өзіне жауапты телімін сол маңда жүріп-ақ күндіз-түні бақылауда ұстайды. Тіпті, кей елдер бомж-дар мен жүріп-тұруға қабілетті қайыршыларды да күніне екі құты сыра, бір қорап темекі беріп, тазалық жұмыстарына пайдаланады екен. Сапалы жұмысы үшін 10 евро сыйақы да қарастырылған. Сонда әр бомж небәрі 19 евроға көшеніңді айнадай етіп тазартып береді.

Шет елдегі тазалықтың мұншалықты тұрақтылығы – тазалық туралы заңның бұлжытпай орындалуында. Мәселен, Канныда темекі тұқылын мәшине терезесінен шертіп сыртқа лақтыра салғаның үшін 180 еуро (7554 тг) төлейсің. Ал Калифорнияда дәл осылай темекі тұқылын көше бойындағы жасыл шүйгінге тастай салсаң, 1000 доллар айыппұл салынады. Бізде көшеде тұрып жан-жағына түкіріну, темекі тұқылын табанмен баса салу, су шөлмегін жиекке лақтыра салу – күнделікті өмір көрінісіне айналған.

Қаламызда көшені шаңнан тазарту да үлкен проблема болып тұр. Сыртқа бір шығып келсең болғаны, аяқ киіміңді қайта сүртуіңе тура келеді. Ал дамыған елдерде аяқ киім

сұртуді тіпті естен шығарып та жатады. Шаңнан құтылудың бір жолы – барлық ашық топырақты алаңқайларды шым гүлзарлармен, декоративті тас төсеніштермен көмкеруде жатқан сияқты.

Қысқасы, құрметті түркістандықтар, қала – біздің қала. Тазалық қызметінің жанкешті шаруасына сырттай бақылаушы болмай, қолымыз қалт еткенде сыпырғы-күрек ұстап, есігіміздің алдын тазалап отырсақ, одан беліміз шойырылып қалмас. Әркім өз үйін өз мемлекетіндей көрсе екен деген тілек қой біздікі! Әлде, таза қалада тұрғыңыз келмей ме?

АУЫЗАШАР САҒАТҚА ТӘУЕЛДІ МЕ?

Ауыз бекітіп, ашатын уақытты ата-бабаларымыздан бізге жеткен ескі әдетпен таңның атуы мен күннің батуына қарап емес, бүгінгідей сотқадағы минут-секундқа тәуелді ету қаншалықты дұрыс? Өйткені, ауыз ашар уақытта ауыз бекіткен жамағаттың бір-бірімен таласып, секунд санап қалатынына куә болып жүрміз. Бұл жөнінде көпті көрген көнекөз қариялар мен бүгінгі имамдар не дер екен?

ҚАЗІРГІ КЕЛІН АНЕКДОТ ТЫҢДАП, СӘЛЕМ САЛАДЫ...

Клиент тарту бәсекесінде, көзге көрінбесе де, асабалар айқасының жүріп жатқанын біз жақсы білеміз. «Мен мықтымын» дегенді олар қазақ дәстүрін келеке-шоуга айналдыру арқылы «дәлелдеп» жүрген сыңайлы. Әсіресе, келіннің бетін ашқыштар ештеңеден қымсынып-қымтырылатын емес. Азын-аулақ ақша үшін рулас қарындасының бетін аша салуға, келін алдында қайын атасын не енесін келеке етіп, бір емес, бірнеше рет ортаға шақырып, қалтасының түбін «қағып алуға» үйренісіп алған. Оқтау ұстаған жігітті «әрі тұр да, бері тұр» деп ел алдында мазақ етіп, сәлемін арнаған келіннің алдына ізет ете келген ағайынның жүріс-тұрысын әжуа етіп, күлдіремін деп, бүлдіріп жатқан асабалар да аз емес. Ақ жаулығын жамылған келінге мағыналы өсиет айтып, әулеттің игі жақсыларын таныстырудың орнына, бісімілләсін анекдот айтумен бастайтын «күлдіргіш» асабалар бағзы дәстүрімізді бүлдіріп барады. Елді бір «қызыққа» батырайын деп, беташарды былай жиыстырып қойып, қайта-қайта анекдот айтып,

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

келіннің екі иығын селкілдетіп, дәстүрді оп-оңай «ойын-сауық отауына» айналдыра қоятын асабалардың ойлағаны не екен сонда?

Елде келін бетін ашуды кәсіп еткісі келетін ақын қалмаған соң, мұндай миссияны той қуалап жүрген жаттама-асабалардың иеленіп алғанын несін жасырайық...

Ілгеріде бет ашушы ақынның сөзі:

– Нан тілесе, май берген.

Бай кісі мен байғұсты

Бәрін бірдей тең көрген.

Шөлдеп келген кәріпке,

Бал, қант қосып шай берген,

Жомарт байға бір сәлем! – деп келуші еді, қазіргілер:

– Әр жерден тиын құрап тұр,

Майда таппай жылап тұр.

500 теңге берші деп,

Жеңешемнен сұрап тұр, – деп сырғытады.

Бұған тоқтау салмасақ, таяу болашақта келін бетін MS сияқты рәп айтушылар ашып, ал келініміз билей жүріп сәлем салар заманға тап болып жүрмейік, ағайын...

МЕКЕМЕ АТАУЫ ШҰБАП ЖҮР

Адам есімі сияқты әр нәрсенің анық та айқын атауы болады: Кентау қаласы, Меркі шипажайы, Бурабай көлі, Нарын шатқалы, Шу өңірі, Қызыл алаң, Бәйтерек монументі деген сияқты... Неге екенін белгісіз, әйтеуір, осы біздегі мемлекеттік мекемелер мен мектептердің кіре берісіндегі маңдайшаларының атаулары аш ішектей шұбатылып жүреді: «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Алматы қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі... «Қай мекеме екен?» деп оқып боламын дегенше, не шаруамен келгеніңді ұмытып та қаласың. Осыны, қалған толықтауыштары мен пысықтауыштарын кеңседегі ресми қағаздарында қалдырып, жай ғана Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп, Алматы қаласы әкімінің аппараты, Энергетика және тұрғын үй басқармасы деп жаза салуға болмай ма? Әлде, бұл мекемені салмақты етіп көрсетудің бір тәсілі

ме, жоқ болмаса, маңдайша жазуына бюджеттен көп қаржы қарастырылғандықтан ба екен?

УАҚЫТТАН АДАСҚАН ЖАСТАР

Қазіргі кейбір жастардың өткен шақтың әнгімесін келер шақта айтатыны таң қалдырып жүр: «Кеше қызық болды. Мен бір досыма барамын ғой. Оған: Баука, кешегі сөзіңді ұқпадым? - десем, кешке үйге келеді ғой. Айтады: брат, кешір, білмей қаппын, деп...»

Жастарды уақыттан адастырып жүрген не екен? Асыққан заман ба, әлде, келер күнге үміт арта ма?..

ЖАҢЫЛТПАШҚА ҚҰМАРМЫЗ-АУ...

Әлемге әйгілі университеттердің атынақты әрі түсінікті, жаттап алуға да ыңғайлы: Оксфорд (Oxford), Гарвард (Harvard), Кембридж (Cambridge), Стэнфорд (Stanford), Принстон (Princeton), Йель (Yale), Колумбия (Columbia), Чикаго (Chicago). Ал, бізде... ҚазҰӨА, ҚазҰУ, ЕҰУ, ҚазҰАУ, ҚазҰМУ, ҚазҰПУ, ҚазҰТУ, ХАТУ, ОҚМУ... бірдеңе түсіндіңіз бе? Пәлен атындағы, түлен атындағы дегенді қоссам, тіпті, шұбатыла жөнеледі, бейне жаңылтпаш дерсің. Жеке университеттердің атаулары да осы іспеттес, әріптер тізбегі. Тек Назарбаев Университетінің (Nazarbayev University) атауы ғана көңілге қонымды. Жалпы, оқу орындарымызды әлемге танытып, шет елден де білімгерлердің біздің елімізге келіп білім алуын қаласақ, дамыған шет мемлекеттердің білім ордаларына ат қою дәстүрінен үлгі алған жөн-ау...

Мысалы, Kazakh University, Almaty University, Turkestan University, Astana University...

ШАХМАТ ШАРШЫСЫНДАҒЫ БАЙЛЫҚ

Қазір жұмыссыз отырғанның барлығы, бос жүргеніне ұяла ма, айтуір, өздерін кәсіпкерміз, бизнесменбіз дей салатын болған. «Сонда сол бизнесіңді қалай түсінесің?» десен, «ИП ашып қойдым» дегеннен әріге ұзап мардымды ештеңе айта алмайды. Базарда алдына әкеліп берген тауарды үстемелеп сатып отырған саудагер де өзін бизнесменмін дейді. Ал, ойлап қарасаң, бизнеспен есеп-қисапты жақсы

білетін, маркетингтен хабары бар ақылды һәм білімді адам айналысады екен. «Анау ма, ей, ол әбден байып, адам танымай қалған» деген бір сөзуар құрдасына ескі танысымның: «сол сияқты ақылды болсаң, сен де байыр едің ғой» деп айтқанын естігем. Өз басым бизнесмен бола алмаймын, ақылым жетпегендігінен емес, «хваткім» жоқ. Сөйтсе де, креативті ойлайтын, ойдан ой туғызатын идеясы көп адамдармен ұзақ отырып әңгімелесуге құмармын. Соның бірі - кез-келген өндірісті жапондық Kaizen пәлсафасы арқылы басқаруға болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеп, қазақша практикумын жазып шыққан Кентау қаласындағы трансформатор зауытының директоры Хайрулла Қожабаев. Әңгіме бизнес тақырыбына ойысқанда Хайрекең мысал ретінде бір қызықты жайтты айтты. Бірде Хайрулла Қытайға барады. Шин елінде белгілі бір кәсіпкермен дастархандас болып қалып, әлгіге бала күнінен мазалап жүрген «Бизнес дегеніміз не?» деген сұрақты қояды. Сонда кәнігі кәсіпкер жымсық көзін алысқа ұзата отырып: «Саған түсінікті болу үшін оны бір мысалмен айтайын» депті.

- Баяғыда халқының ерекше құрметіне бөленген бір император өмір сүріпті, - деп бастапты кәсіпкер әфсанасын. - Оның осындай беделге ие болуына ақылман уәзірінің көп еңбегі сіңген екен. Бірде хан қартайған уәзірін шақырып алып, шахмат ойнайды: «Ұзақ жыл адал досым, сенімді көмекшім болдың, енді осы еңбегіңе ризалығымды білдіріп, сый ұсынсам деп едім, қалауыңды айт!» дейді. Уәзірі: «Менің қалауыма байлығыңыз жетпейді ғой, - деп жұмбақтайды. - Қалауым - мына екеуміз ойнап отырған шахмат тақтасының бетіне сыятындай бидай берсеңіз болғаны» депті. Уәзірінің осыншалықты қанағатшылдығына таң қалған император: «Мұның қалай? Ат басындай алтын ал! Жарты байлығымды ал! Бір қадақ қана бидай сұрағаның не?» дейді. «Маған осы да жетеді» деп уәзірі ханның алдында бас иеді. Император қазынашыға иек қағып, тілегін орында дегендей ишара білдіреді. Әлден уақ қазынашы императорға келіп: «Хан ием, патшалығыңыздың бүкіл байлығы уәзіріңіздің тілегін қанағаттандыруға жетпей жатыр» дейді. «Қалайша?» деп император таң қалады. Сөйтсе уәзірі ықылас сыйын геометриялық прогресс көбейтіндісінде сұрап отыр екен: яғни, шахматтың 64 шаршысының біріншісіне бір бидай,

екіншісіне екі бидай, үшіншісіне екінің екіге көбейтіндісі төрт бидай, төртіншісіне төрттің төртке көбейтіндісі он алты бидай, осылайша Қытайдың бүкіл байлығын жинаса да жетпейтіндей есеп шығады.

- Міне, әріптес, бизнес деген осы! - деп сөзін аяқтапты кәсіпкер. - Бизнес - аз ғана табысыңды ұқсатып көбейте алу-да!

Кәсіпкерліктің қыр-сырын кәсібіне нәсіп еткендер, бәлкім, дәл осылайша шахмат есебімен бизнесін ұршықша үйіріп те жатқан шығар, кім білсін...

ЕСІККЕ БАЙЛАНҒАН ҒҰМЫР

Әрбір қызмет иесінің пәлендей уақыт аралығында жұмыс орнында болуы тиіс екендігін заңдастыратын «жұмыс кестесі» дейтін бір «ереже» бар. Есікке мықтап жапсырылған осы ескертпеге жұрт оншалықты мән бере бермейді. Өйткені сол кабинет иесі кестеде көрсетілген уақыттың басым бөлігін кабинетінде емес, қайда жүргенін бір Аллаам білсін, кабинетінен тыс жерде өткізсе де, ділгір шаруамен келген адам есіктің тұтқасынан бір тартады да, жабық тұруын әдеттегі қалыпқа балап, жөнімен кете барады. Тіпті қара есік күні бойы құлыптаулы тұрса да, келушілер сыртта өзді-өзі кезек белгілеп, иесіз табалдырықтың алдында сағаттап күтіп отыруға бейіл. Ал кабинет иесіне 8 сағат жұмыста болды деген табель жазылып жатыр, жазылып жатыр...

Жақында бірнеше адам бір есікті күзетіп бақандай 6 сағат отырдық. Есік иесі келе қоймаса да, ашу шақыра алмадық. «Ойнап жүрген жоқ қой, шаруасы бар шығар» дедік. Ал сол есіктің ар жағында одан да ділгір өз шаруамыздың бар екенін есімізге алмадық та. Қайран, есік күзетумен өтіп жатқан ғұмыр-ай!

Сіз қайдасыз? Есік күзетіп тұрған жоқ па едіңіз? Біле салыңызшы, кезегім қашан келер екен?

ДИМАШ – МЕКТЕП ОҚУЛЫҒЫНДА!

zakon.kz таратқан мәліметте әлемді мойындатқан белгілі қазақ вокалисі Димаш Құдайбергеннің 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығына енгені туралы ақпарат жария болды. Бұған дейін әнші туралы мәлімет қытай оқулықтарына

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

да енгізілген еді. Қазір дүние жүзінде Димаштың бейнесі бар сөмкелер, пенальдар, суперделер, сусабындар, бредлоктар, жапсырмалы магниттер, төсбелгілер сатыла бастады. Олардың құны біздің ақшаға шаққанда 3 мың теңгеден 30 мың теңге аралығында болып отыр. Базбір мектептер әншінің атымен аллеялар, оқу залдарын ашып жатса, Қытай әншіміздің атын брендтеп ұшақ ұшырды. Ақтөбеде Димаш атындағы бақ ашылса, Алматыда Димаш атымен жаңа шәй түрі пайда болды.

Міне, осылай біз қазақ атын әлемге танытып келеміз! Мақтаныш емес пе?!

«МАМАМ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕМ ҰРСАДЫ»

Қоғамдық көліктің артқы орындығында отырғам. Жасы 18-ге де толмаған, үріп ауызға салғандай жап-жас қыз қасыма келіп жайғасты. Құлағында ұялы телефоны. Көлікке орысша сөйлей кіргенін байқап отырмын.

- Кіммен сөйлестің, қалқам? - дедім әңгімесінің бітуін күтіп.

- Анаммен (таза қазақша сөйлеп тұр!).

- Анаңмен ана тілінде сөйлеспегенің қалай?

- Мамам қазақша сөйлесем ұрсады. Сосын орысша сөйлесеміз.

- Анаң қазақ па?

- Ия.

- Қызық екен...

Қыз ұялып қалды.

Жастарды кіналаймыз. Кейде өзіміз де кінәлі емес пе екенбіз осы?..

ЖЫЛЫ СӨЙЛЕШІ, АЙНАЛАЙЫН...

Туған тілімізде жүрекке жылы тиетін, есіткен сәтте-ақ бойыңда сиқырлы бір күй ойнап, көңілің көтеріліп сала беретін тамаша сөздер бар: АЙНАЛАЙЫН! РАХМЕТ! КЕШІР! Өкінішке орай, мұндай сөздерді біз бір-бірімізге оншалықты жиі айта бермейміз. Ұят сияқты... Айту қиындау ма, қалай?..

Сенбесеңіз, қане, қасыңызда отырған адамға осы

сиқырлы сөздерді дауыстап айтып көріңіз? Ә, тілі құрғырдың икемі келмей тұр ма? Солай!..

Есесіне, неге екені белгісіз, бейпіл, боқтық сөздерді айтқанда тіліміз күрмелмейді, зыпылдап ала жөнелеміз. Оңай... Тілге икемді... Айтқанды қойшы, жазамыз да ғой.

Әлеуметтік желі - көпшілік отыратын жер. Бала да, келін де, ана да, әке де... Бірақ, қымсынатын бірі жоқ. Тіпті, оқыған, сауатты, елдің қамын жейді деп ойлайтын желі қолданушылары да, лақап аттарын жамылып алып, ойына келгенін жазып жатыр...

Айналайын – чудесное слово,

Жаль, что русский его не поймет.

Объяснить я готов ему снова,

Только бедно звучит перевод, - демеп пе еді Олжас ақын.

Расымен солай-ау. Жылы сөзіңді орыс түгілі кейбір көзқаман қазағың да түсінбей бара ма деп қорқамын...

ТЕЛЕФОНЫМ ШЫРЫЛДАСА, СЕН ДЕЙМІН...

Әне бір бұрышта, үш аяқты дөңгелек ағаш үстелдің үстінде екі құлағы қалқиып тұратын ескі телефонымды сағындым. Анда-санда безек қағып шырылдаушы еді байғұс. Үйдегі әйел үлпілдек тәпішкесін сүйрете басып, тұтқаны көтере бере «Әләу!» дейтін де, «Әкесі-ау, жұмысындағы Әбекең ғой» деп сені шақыратын. Неткен бақыт! Сен де біреуге керексің! Асықпай, алшаң басып телефонға жақындайсың. Жұмсақ үнмен «Әләу!» дейсің. Рахат!..

Қазір ше? Телефон өне бойы жаныңда, жан қалтаңда. Қызығы жоқ. Ұжымыңды бастығыңмен қосып, әйеліңді қайын жұртыңмен қосып қалтаңа салып алғандай күй кешесің. Қоңырауының үні де біртүрлі. Табан астында бүйіріңнен музыка ойнап шыға келгенде, жыңды адам құсап сипаланып, әбіржіп-ақ қаласың. Айналаңнан ұят. Әсіресе, құранда отырғанда қиын...

Ойбай, соткам шырылдап қалды. Қой, өзім барайын. Мың шырылдаса да менен басқа ешкім селт ете қоймас. Әркім өз телефонымен әуре. Қайтесің, заман солай...

МҮНДА БІЗ ДЕ БАРМЫЗ, АҒАЙЫН!

Сырт құлақтан естідік, бүгін Түркістан қаласында қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» облыстық ән байқауы өтіпті. Осымен 23-ші рет ұйымдастырылып отырған ән байқауының жоғары дәрежеде өткеніне еш күмәніміз жоқ! Себебі талай талантты танытқан додаға композитор, шәмшітанушы, «Ән-аға», «Қариялар азайып бара жатыр», «Кірмеші жиі түсіме», «Шәй ішіп кетсең қайтеді» сияқты тамаша әндердің авторы Қалдыбек Құрманәлі, Қазақстан Композиторлар одағы облыстық филиалының төрайымы, «Ауылға барам», «Аппақ гүлдер», «Алтынай», «Сені көргім келеді де тұрады» сияқты танымал әндердің авторы Құралай Сәтмұханбетова сияқты өнердегі үкен достарым қазылық етіпті. Байқаудың қорытындысы бойынша бас жүлденің облыстық опера және балет театрының «Арбат» кватетіне бұйырғанын да естіп отырмыз. Кешкі сағат 7-де болады деген гала-концерттің сағат 5-те өтіп кеткеніне өкініш білдірген театр алдына сағат 7-де барған көрерменнің наразылығынан да хабардармыз.

Қош! Тамаша ән-думан өтіпті. Бұған қол соққаннан басқа айтарымыз жоқ!

Дегенмен, бізде бұрыннан келе жатқан айықпас бір дерт бар. Бізде деп отырғаным – Түркістанда. Осындай айтулы облыстық өнер шараларынан, облыс орталығы мәртебесіне ие болсақ та, жергілікті өнер азаматтары шешқақпай қала береді.

Қалыптасқан инстинкт – барлық шақыру билеттері бұрынғы облыс орталығы – Шымкенттегі өнер азаматтарына таратылады. Қызықты көретіндер де солар, абырой жинайтындар да солар. Шымкенттен бір автобус болып келеді, атақ-марапаттарын арқалап кері қайтады.

Ал біз мұны жергілікті баспасөзден оқып қалып, не болмаса залда отырып әріптестерімізге қол соғумен ғана шектелеміз. Әйтпесе, байқауды ұйымдастырушылар Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, дәулескер күйші Әлімбек Қонысбековтың, өнермен болмысы өзектес жазушы-сыншы Құлбек Ергөбектің, талай тамаша әндердің сөзін жазған талантты ақын Қасымхан Бегмановтың, айтыстың ақтаңгері Бекарыс Шойбековтың, Қазақстанның халық әртісі Қажыбек Бекбосынның, дәстүрлі әннің дарабозы

Сауран Елеуовтың, қыз-жігіт айтысының қызығы Әбдікәрім Манаповтың, аты аңызға айналған «Гүлдер» ансамблінің алғашқы директорларының бірі Досым Шерментаевтың Түркістанда тұратынын ұмытпаған болар. Мені қоя бер енді... Егер Шымқаладан келгендер осындағы өнерпаздардан бейхабар болса, хабарлассың, тізімдеріне тізім қосып беруге әзірміз.

Шымкенттен келген өнерлес-өрістес достарымыз алдымен бізді іздейтіні рас. «Қайдасыз, концертте көрінбедіңіз ғой?» дегенде, өз құдығыңа өзің түкіресің бе, қарға адым жерде отырып, «әй, бір шаруамен қаладан кетіп қалып едім» деп өтірік айтуға мәжбүр болып жатамыз.

Қысқасы, әзірге жергілікті өнерпаздар ду-думанды жыртық есіктің сыртынан ғана тамашалауға мәжбүрміз. Онда да шақырса...

ҒАШЫҚ БОЛУ СОНШАЛЫҚТЫ МАҚТАНЫШ ПА?

Ләйлі мен Мәжнүн, Еңлік пен Кебек, Қозы мен Баян, Жүсіп пен Злиха, Жібек пен Төлеген, Әзілхан мен Нұрғамила (Ербол мен Ментай)... бәрі де ғашық болған. Біз де ғашық болғанбыз. Бірақ, қазіргі жастардың ғашықтығы – бөлек. Олардың кейбіріне қызбен жүру айналасына «мақтаныш» етіп көрсетер «шоу» сияқты. Көпшілік орындарда алдамшы ләззат құмарынан шыға алмай, бір-бірімен құшақтасып тұру, оны селфилетіп әлеуметтік желілерге салу кейінгі ұрпақ үшін бірте-бірте сәнге айналып бара жатқандай. Қымсынуды ұмытқан әдепсіз қыз жігітінің белінен қапсыра құшақтап алады да, есінен адасқан жігіт «міне, көрдіңдер ме, жүретін қызым өзі-ақ мені құшаққа алды» дегендей, сағызын малжаңдаған күйі білегімен сұлуының мойнын орайды. Олардың жанында тұрған жалғыз құрбының «бұларың не?» деп ұяттан өртеніп, ыңғайсыз күй танытқанын көрген емеспін. Бәлкім, мұндай көрініске еттері үйреніп кеткен де болар. Әдеттегі құбылыс түрінде қабылдайтыны содан. Кейде мұндай көрініс адамдар ерсілі-қарсылы өтіп жататын тротуар үстінде де кезігеді. Айналып өтеріңді не өтпесіңді білмей, бетің дуылдап (ия-ия, олардың емес, сенің бетің дуылдап), ыңғайсыз күймен бұрылып кете барасың. Театрда да солай,

гала-концертте де солай, саябақта да солай, арбатта да солай... Жастарды білмедім, мұны біз, үлкендер жағы, әдепсіздік деп қабылдаймыз.

Ілгеріде ғашық жігіт қыз ауылына қараңғы түсе, жолдас-жораларымен ұрын келетін. Онда да достарын тыста қалдырып, ғашығымен жеңге көзінше оңаша тілдесетін. Құшаққа алып жармасу, есі кетіп алжасу болмайтын. Ентігіп қалдық-ау деп қыз жеңгесіне «ентікпе», қыз сіңлісіне «көрімдік» ұсынатын. Қызбен сыпайы сөйлесіп, таң қылаң бере әдеп-абыройымен қайтатын. Қазіргідей көше ортасында тұра қалып аймаласпайтын, «бізді көрдіңдер ме?» деп құшаққа алғанын мақтаныш тұтып жағаласпайтын...

Абай атам: «Ғашықтық тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» деп еді, бүгінгінің жастары ғашықтық ғаламатын қолмен ұстап, құшақпен біліп жүрген сыңайлы...

ЖҰМЫС КӨП, ЖИЫН ОДАН ДА КӨП...

Жиын көп. Кейде уақыттың басым бөлігінің сол аш ішектей созылған жиындармен өтетіні рас. Бюрократтықтың белең алып, формализмнің дендеп бара жатқанын тап басқан Елбасы кезінде мұны сынады да...

Әр басшының жиналыс өткізуде өз әдіс-тәсілі қалыптасқан. Нақты тапсырмалар беріп, «ал, жұмыстарыңа барыңдар!» деп жиынды тез тарқататындар бар да, керісінше, әрненің басын бір шалып, уақыт созбақтап отырып алатын жиналысқұмар басшылар да кездеседі. Мұндайда елдің алды есінеп, соткаларын шұқып, әйтеуір уақыт өлтіруге тырысады. Осындай мән-мағынасы жоқ, бірін-бірі қайталайтын жиналыстарға, осы жиындардан құлаш-құлаш жазылып жатқан хаттамаларға тәуелді болып сыртта қаншама жұмыстар бітпей қарап тұрады. «Бұлар қашан жұмыс істейді?» деп ойлайсың кейде. Түн жарымына дейін хат-хабар жазып, бала-шағасын, үйін, демалысын ұмытып, сабылып жүрген қызметкерлерге обал-ақ...

Қай басшыны қай уақытта іздеме, есік күзетіп отырған хатшысынан еститінің жалғыз жауап: «Жиналысқа кетті». Осындайда «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген айтулы сөз есіңе түседі...

Кей басшылар залға кіріп келгенде,

қарамағындағылардың тұрып ілтипат білдіргенін қалайды. Негізі, халықаралық этикетте жиналған қауым алты жағдайда ғана орнынан тұрып, құрмет көрсетуі тиіс: Әнұран орындалғанда, Мемлекет Туы көтерілгенде не залға енгізілгенде, Мемлекет Басшысы залға кіргенде не залдан шыққанда, сот төрағасы сот залына кіргенде не шыққанда, бір минөт үнсіздік жарияланғанда, сахна қойылымдарының соңында ризашылық білдіріп қол шапалақтағанда... Қалған жағдайда жұмыс бабындағы қалыпты ахуал көрініс табуы тиіс.

Субардинация, іскерлік этикет жақсы, әрине. Дегенмен, жиыннан гөрі, жұмысқа құмар басшы әдебі мен имиджі қарамағындағыларға үлгі-өнеге беруі керек шығар деп ойлаймыз...

ТОЙ КЭМПИТТЕРІН РЕСЕЙ ШЫҒАРЫП БЕРІП ЖАТЫР

Қазақтың тойшыл екенін, тойға бар тапқан-таянғанын шашып-төгетінін өзге халықтар да біліп алған-ау деймін. Әйтпесе Ресейдің сонау қиырдағы Косыревка селосы «Той» деп таңбалап ат таңып, бізге арнап мынадай (суретте) кэмпит шығармас еді ғой?

- Негізінен бұл кэмпитті той жасайтындар киләлап көбірек алады, - дейді Жәмила есімді сатушы. Бір айда шамамен 200 келідей сатылып кетеді.

- Бізде «Рахат», «Баян Сұлу» сияқты кондитер фабрикалары бар емес пе? Олардың өнімдеріне сұраныс жоқ па сонда?

- Маған салса өзіміздің өнімдерді алар едім, бағасы да осы шамалас, сапасы артық болмаса, кем емес. Білмеймін ғой, атына қызыға ма, әйтеуір осы бір кэмпитке құмар ел...

Кэмпит қағазының сыртындағы нөмірге де телефон шалып көрдік.

- Ия, негізгі тұтынушыларымыздың Қазақстаннан екені рас. Тапсырыстың көптігі соншалық, кейде орындап үлгере алмай да жатамыз, - дейді «Мерлетто» кондитер цехындағылар.

Әй, қазақстандық кондитершілер-ай, тойға көп бармайтындарың білініп-ақ тұр. Әйтпесе, той кэмпиттерінің

түр-түрін шығарып қояр едіңдер.

Мейлі, әлі де кеш емес, «Құдалық», «Гәп», «Черный касса» сияқты кэмпит шығарып қоя салыңдар. Алушыны өзім-ақ тауып беремін...

ХАНЫМДАР, МЫРЗАЛАРЫҢЫЗДЫҢ АЛДЫНА ШЫҒЫП КЕТКЕН ЖОҚСЫЗДАР МА?

Ағылшындар ресми жиындарын «ladies and gentlemen» («Леди и джентельмены») деп қаратпа сөзбен бастауға дағдыланған. Бұл олардың ұлттық құндылықтарының бірі. Осынау сөз қолданысы сонау ерте замандардан бері келе жатыр. Тәрбиелі, елгезек, өнегелі жас жігітті «джентельмен», инабатты ханшайымды «леди» деп құрметтеген. Қазір де классикалық үлгіде киініп, мәдениеттіліктің барлық этикетін сақтаған адамдар шоғырын осылай атап жүр. Мұның қазақ тіліндегі тікелей аудармасы «ханымдар мен мырзалар». Байқап тұрсыздар, «ханымдар», яғни әйел заты бірінші аталып тұр. Біздің дәстүрде, қазақы мінезде әйел заты еш уақытта бірінші аталған емес. «Ата-ана», «әке-шеше», «аға-әпке», «құда-құдағи», «іні-қарындас» дейді. Тіпті, бесіктегі сәбиді де «ұл мен қыз» деп атайды.

Бүгінде байқап жүрміз, көпшілік жиындарда «ханымдар мен мырзалар» қалып алып бара жатқан сыңайлы. Тіпті, асабалар да тойда осылай саңқылдай бастады. Бұл не? Мәдениеттіліктің шыңы ма? Әлде, еліктеу ме? «Құрметті жиынға қатысушылар!», «Қадірменді кеш қонақтары!» сияқты балама сөздер бар емес пе?

Қалай десекте, халықтық қалпымыздан айнымағанымыз жөн-ау, ханымдар мен мырзалар... ой, кешірерсіздер, тілі құрғыр кетіп қала береді...

ҚҰРАН СҮРЕСІ ГАРВАРДТА

Төрт ғасырға жуық тарихы бар әлемге әйгілі Гарвард университетінің Заң факультетіне кіре берісте қасиетті Құранның ән-Ниса сүресінің 135-аяты ілулі тұр: «Әй мүміндер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әкешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені

Алла, екеуіне де тым жақын. (Олардың халін біледі) Енде-ше әділдік істеу нәпсіге ермеңдер. Егер тілдеріңді бұрып, шындықты бұрмаласаңдар, шәксіз Алла не істегендеріңді толық білуші». Ал біздегі көп мекемелердің кіре берісінде шет ел сусындары мен тағамдарын жарнамалаған әншілердің суреттері ілулі тұр...

100 ГРАММ!

Бұрынғыдай емес, қырлы шөлмектің ішіндегі «зәрлі заһарды» той-томалақта ұрттап қоятындар азайып келеді. Көшеде теңселіп жүретіндер де аса көп емес. Отбасы шырқын бұзып жатқандарды да байқамаймыз. Британ зерттеушілерінің эксперименттеріне сүйенсек, «аз мөлшерде ұрттау жүрекке пайдалы екен де, миға зиянды» көрінеді. Ал Ресей дәрігерлері ер адам үшін алкогольді күн сайын тұтыну лимиті – 250 грамм шараптан, 0,5 литр сырадан, 50 грамм арақтан аспау керек деп есептейді. Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті дәрігер-горентолог Владимир Анисимов: «Өлім-жітімнің көбеюіне ащы суды мөлшерден тыс ішу де, мүлдем ішпей қою да әсер етеді» дегенді айтып жүр. Қалай десек те, қазакем үшін бұл «сиқырлы сусынның» зиянды екені ақиқат! Дінімізге де, иманымызға да жат! Кейде: «Ащы сусынды ойлап тапқан сары шаштылар бізге ішуді үйретіпті де, қанша мөлшерде ішуіміз керектігін айтпай кетіпті ғой» деп әзілдеп жататынымыз бар. Неге айтпады? Айтты ғой! Тек мән бермедік. Не болмаса олардың тілін ұқпадық. Солтүстіктегі көршіміздің қай лашығына барсаң да, сый-құрмет көрсеткісі келсе, алдымен «давай по 100!» дейтіні бар? Сол мөлшер емей, немене? «По 200, по 300, по бутылки» деген емес. Тежей алмай жүрген өзіміз ғой...

Реті келсе, бұл заһарды татып алмаған жөн-ау. Алайда... тым ақкөңіл, аңғалмыз-ау... Кім біледі?..

АУЫЗ ЖЫБЫРЛАТПАЙ, АСҚАҚ ШЫРҚАЙЫҚ!

Отанымызды шын сүйсек, әрбіріміз Қазақстанның рәміздерін – Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қастер тұтуымыз қажет. Әсіресе, Әнұран – біздің найзалы нышанымыз. Несін жасырайық, түрлі салтанатты жиындарда айбын-

ды Әнұранымызды қосыла шырқауды ар санап, ернін ғана жыбырлатып тұратын ағайынды көріп жүрміз. Кеудемізге алақан басқанымыз болмаса, Әнұранымызды асқақтата айтқан кезіміз аз болып жатады. Ал, мына Түркия жұртында бүкіл зал Әнұранды қосыла шырқағанда, рухың көтеріліп, құйқаң шымырлайды. Міне – намыс, міне – отаншылдық!

Кеше Түркістанда облыс әкімдігі ұйымдастырған Конституция күніне арналған іс-шарада көңілім бір марқайып қалды. Шымылдық ашыла бере өзімнің ежелден құрмет тұтар талантты досым Марат Оразметов Әнұранды жанды дауыспен шырқай жөнелгенде, кеудемді белгісіз бір күш кернеді! Жан-жағыма қарап едім, бүкіл елдің бұрынғыдай емес, бастарын көтере бар дауыстарымен асқақтата қосылып жатқанын байқадым. Денеміз балқыды, айбынымыз шалқыды!

Ақыры әншілерімізге фонограмманы қойып, жанды дауыспен ән айтуын талап етіп жатырмыз ғой, осы жаңашылдықты Әнұраннан бастайық! Дайын жазбасын қоса салғанды доғарып, сахнадағы әншінің қолдауымен, басшымыздан бастап қосшымызға дейін жанды дауыспен асқақтата айтуды әдетке айналдырайық!

ЖАСЫРЫНБАҚ ЖАҒЫМПАЗДЫҚ...

Жағымпаздықтың түрі көп: бастығыңа жағыну, сүйгеніңе жағыну, көршіңе жағыну... «Оңай жолмен артық пайда табуды не билік-мансапқа қол жеткізуді өмірінің мақсаты тұтатын адамдардың қызмет жағдайында өзінен жоғары тұратын лауазым иесіне жақсы көріну үшін шектен тыс қошеметшіл болуы» деп сипаттама беріпті жағымпаздық дейтін жексұрынға Уикипедия қария. Дұрыс қой! Әйтсе де, сол жағымпаздықты алдында тұрған қызметі жоғары адамның өзіне емес, «Әй, осының артында бір дәу тұрған жоқ па екен? Бұл пақырың мына орынға жайдан-жай келіп жайғаса қалған жоқ қой. Ано-о-оу жақта (сұқ саусағын төбеге қарата шошайтады) қоңырау шалған бір «талкашы» бар шығар, ертеңгі күні мұның одан да биікке өрмелейтіні даусыз, сол кезде пайдасы тиіп қалар, қазірден көзіне түсе берейін» деп көзге көрінбесе де, көңілінде тұрған бір белгісіз жанға жағымпазданып тұрған сияқты көрінеді кейде. Ол «мықтың» бар ма, жоқ па, бұған бәрібір. Әйтеуір, мынаның алдында ұпай жинаса болғаны...

Так что, әлдебіреу келіп алдыңызда жағымпаздана бастаса, шын екен деп сеніп қалмаңыз, ол өзіңіз жақсы танитын ана бір кісіңізге жағымпазданып тұр деп қабылдаңыз.

ТОЙДАН ШАРШАП ЖҮРСІЗ БЕ?

- Жүзің шаршаңқы ғой? Дұрыс ұйықтамағансың ба? – деген танысым:

- Тойдан шаршап жүрмін, - деді...

Жұрттың тойдан шаршайтынындай бар-ау:

- асабаның әр той сайын қайталап айта беретін жаттанды әңгімесі мен қайта-қайта шапалақ сұрай беруі шаршатуы мүмкін;

- музыканттардың колонканы барынша күшейте қоюы шаршатуы мүмкін;

- даяшылардың тойдың басында бір көрініп алып, одан кейін ізім-қайым жоғалып кетуі шаршатуы мүмкін;

- 50-60 адамнан төрге ұмтылып, «не десем екен?» деп алып, жұртты мезі ететін ұзақ-сонар «дежурный» тілектерін айтып тұрып алуы шаршатуы мүмкін;

- бала-шағаның аяққа оралғы болып тойханада жүгіріп жүруі шаршатуы мүмкін;

- екі жағына тойға шақырылмаған екі немересін отырғызып алған адуын жеңгесіне не дерін білмей, сыйлы қонағына орын таппай қиналып жатқан той иесінің дәрменсіздігі шаршатуы мүмкін;

- биге тұрғаныңды пайдаланып, қасыңдағы адамның дастархандағы біраз тағамды сөмкесіне салып алуы шаршатуы мүмкін;

- ақыр соңы, үйде кезек күтіп жатқан ертеңгі тойдың шақыру қағазы шаршатуы мүмкін.

Әй, тойшыл қазағым-ай, «той - халықтың қазынасы» деп өзің айтып қойған жоқ па едің, шыда енді...

БАС МҮЖИТІН БЕ ЕДІҢІЗ?

Қытайдан көшіп келіп, Семей жаққа қоныстанған қандасымызға жиенім қызын ұзатты да, көп ұзатпай қылауы бұзылмаған құдаларын сән-салтанатымен құдалыққа шақырды. Дастархан басында жасы жетпісті алқымдаған

үлкен құдамен табақтас болып қалдым. Құдалық енді қыза бастағанда қызмет көрсетіп жүрген жігіттер ішке табақ тартатын болды. Алдымен қара қазанда былқып піскен қойдың басы кірді. Осы тұста жанымда отырған құда әлденеге көңілі толмағандай басын шайқап қалды. Бас ортада отырған 70-тен асқан ауыл қариясының алдына барды. Бұл тұста да сыйлы қонағым келіспеген кейіп танытып таңдайын қақты. Қарт кісі бастың шекесінен тіліп алып дәм татты да, ескі әдетпен оны жанында отырған кісіге ұзатты. «Ойпырай, ә!» деп күрсініс білдірді төзімі тауысылған қонағым. Сосын мен де шыдай алмадым: «Күдеке, мұныңыз қалай? Бірдеңеге риза болмай отырған сияқтысыз ғой?» дедім. «Рас, – деді ол, – Ана бала бастың тұмсығын есіктен теріс қарата кіргізді. Сосын сыйлы асты келген мейманға ұсынбай, ауылдарыңызда күнде бас мүжіп жүрген ана замандасымның алдына қойды. Басты менің ғана мүжуім керек деген сөзім емес бұл. Өзің ойлап қарашы, мына мал кімнің құрметіне бауыздалды? Сыйлы мейманға арнап соймадыңдар ма? Ендеше, алтыдағы бала болса да, бас осындағы ерекше күтіліп жатқан ең қадірлі мейманға ұсынылуы тиіс еді. Екіншіден, басқа бата сұралған жоқ. Білмесеңдер айтайын, бас ұстаған адам алдымен оң жақ езуін кесіп алып, осы үйдің ырысы басқа жаққа кетпесін деп табақтың ернеуіне қояды. Екінші езуін өзі жейді. Құлағын кесіп, құймақұлақ болсын деп осы үйдегі ең кішкентай баланың алдына лақтырады. Екінші құлағын кеспейтіні, айтылған сөз бір құлағынан кіріп, екіншісінен шығып кетпесін дегені. Қадірлі дәмге пышақты бір тигізіп алып, көршісіне ұзату дұрыс емес. Өзі турап, осындағы адамдардың бәріне ауыз тигізуі тиіс. Әрқайсысы жекелеп жесе, басымыз қосылмай қала ма деп қауіп қылған. Басымыз түгел болсын, берекеміз бұзылмасын деген ырым. Шүйде етін дастархандағы елге тіреу болып жүрген ең беделді адамға, тілін шешен адамға, таңдайын өнерпаз жанға, не болмаса, бұрымды қызға ұсынған. Бір-біріне алақөз болып қалмасын деп екі көзін бір ғана адамның жегені де дұрыс. Дым көрмегендей сүйекті жалаңдап мүжімей, бір бөлігін алып қалған дұрыс. Оны кейін қонақтар кеткен соң үй иесі мал-жаным аман болсын деп өзі жейді». Осы тұста сөзін бөліп: «Біз жақта әкесі тірі адам бас мүжімейді деген тәмсіл бар, бұған не дейсіз?» деп қалдым. «Әкесі тірі адамның бас мүжімейтіні рас. Асыраушымыздан

айрылып қаламыз деп ырымдаған».

Сіз қалай едіңіз, бас мүжіп отырған жоқ па едіңіз? Әлде, бас ұстауға қатысты өз дәстүріңіз бар ма? Бөлісіңіз...

НЕ МІНІП ЖҮРСІЗ?

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары социалистік еңбекте жақсы көрсеткішке қол жеткізген еңбек адамдарына «Запорожец», «Жигули» не «Москвич» жеңіл көлігін кезексіз сатып алуға рұқсат беретін шешім берілуші еді. Ол сол шешіммен тиісті жерге барып, 5-7 мың сомға судай жаңа автокөлік мініп қайтатын. Ауылда әрі кетсе осындай бірекі ғана жеңіл көлік шаңдатып жүретін. Көлік иесі де елдің әжетіне жарап, толғатқан келінді перзентханаға жатқызып, соқырішек болып қалған адамды түн жарымында аудандық ауруханаға жеткізетін. Ауылда көлік мініп жүрген санаулы адамдардың бірі екенін білсе де, кісілігі болмайтын. Қазір ше? Шет елдің биік көліктерін мінгендердің амандасуы қиын. Әйнектерін қара пердемен тұмшалап алып, танауын көкке көтере жаныңнан өте шығады. «Мені пәлен жерге жеткізіп тасташы» деп өтініш айтамын екен деп әуре болмай-ақ қой, бұрылып қарамақ түгілі, тежегішін баспайды да. Қу намыс!

Енді қараңыз, ана «Москвич» мінгені маңдай терімен жеткен адал еңбегімен, елге сыйлы асқақ абыройымен көлік мінді, онысын мақтан етпеді, елдің әжетіне жарап, алғысын алды. Мына шет ел көлігін мінгені Қытайдан арзанқол зат тасып, оны он есе, тіпті жүз есе үстеме бағамен сатып байып, қымбат көлік мінді, мақтаныш етіп танауын көкке көтерді, кісіні менсінбеді... Парадокс!

Мұндайларға абыз Абай былай деп еді:

Мен боламын демендер,
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.
Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткені адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға...

Ал сіз не мініп жүрсіз? Бір шаруам бар еді, апарып қайтасыз ба?..

КВАРТИРНИКТЕН - КӨРКЕМДІК КЕҢЕСКЕ

Өткен ғасырдың 90-жылдары Ресей мен Украинада кеңінен қанат жайған квартирник - оңаша бір пәтерде көңілі жақын музыканттардың өзара отырып, акустикалық саз аспаптармен жаңа туындыларын орындап, бір-бірімен шығармашылық байланыс орнататын ортасы болған. Санкт-Петербургтегі «У Гороховского» квартирнигі әлі күнге дейін өзінің танымалдығын жоғалтқан емес. Виктор Цой, Борис Гребенщиков, Юрий Шевчук сияқты белгілі тұлғалар осы квартирниктер арқылы танылған. Түркістан квартирнигі U:projects жастар ұйымының бастамасымен, әкімдіктің қолдауымен тұсауын кескен екен, сәттілік тілейік! Тек формасы демесең...

Жастардың әншілік талантын осында ұштағаны жақсы, әрине. Бірақ, олар қандай әндер айтып жатыр? Әңгіме сонда. Егер бұл шараға есті әндер ұсынылып, оны әнұғар адамдар тыңдап, бағасын беріп жатса, әрине, құптарлық. Ал, тек гитараны сабалап, батысшыл музыкамен ғана «сусындап» жатса, квартирниктен мән кетеді. Негізінен жаңа туындылар ғана орындалып, сауатты сараптама жасалып отырса, жастардың бұл шарадан алары көп болмақ. Жалпы, мұндай квартирниктер бірте-бірте көркемдік кеңеске айналып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Алғашқы шараға өңір басшысы Рашид Аюповтың қатысуы түбі осы ойымыздың шындыққа айналарын сездірсе керек. Жалпы, қала басшысының жастар бастамаларына қолдау білдіріп отыратыны қуантады. Келер жұмада Noshi Madota кофеханасында өтетін квартирникке шақырса, өз басым қатысар едім. Жастардың ән талғамын көру, өнер әлеміндегі дүниетанымын байқау мен үшін қызық, әрине...

СҮНДЕТТЕУ – МҰСЫЛМАН ПАРЫЗДАРЫНЫҢ БІРІ

Кейде біз сүндеттелген балаға тілек айта тұрып, «Ұлыңыздың мұсылман болғаны құтты болсын!» деп жатамыз. «Әкесі – мұсылман, анасы – мұсылман, солардан туып, дүние есігін ашқан сәбидің сүндеттелгенше мұсылман бола қоймағаны ма, қалай? Тіпті, азан шақыра ат қойдық та ғой?»»,

деп ойлайсың.

«Бұл қате ұғым» дейді жергілікті имамдар: «Сүндеттеу – мұсылман парыздарының бірі. Сәби дүниеге келісімен-ақ – мұсылман. «Ұлыңыздың сүндеті қабыл болсын!», «Сүндет тойы құтты болсын!» деп тілек айтқан орынды».

ТҮРКІСТАН БРЕНДІ

Әлемнің қайсыбір мемлекеті де танымал болудың ең негізі критерийі деп – ұлттық бренд қалыптастыруды есептейді. Мысалы, Германия мен Жапония көліктерімен, Франция иісуымен, Голландия хош иісті гүлдерімен, Италия аяқ киімдерімен, Швейцария сағаттарымен, Чехия хрустальдарымен, Үндістан үнді шайымен, Корея электроникасымен, Қытай жібек матасымен, Жапония жауынгерлік жекпегімен, Финляндия сүт өнімдерімен, Шри-Ланка цейлон, Грузия грузин шайымен мақтана алады. Мына көршілес өзбек туыстар да алыс шет елдерге өзінің палауымен танылып жатыр. Мұның бәрін аталған елдердің брендтері немесе бренд болуға лайық дүниелері деуге келеді.

Қазақстан несімен мақтана алады? Бренд болуға лайық ерекшелеріміз бар ма? Әрине, алдымен ауызға ілігетіні – Алматы апорты, Медеу мұз айдыны, Шымбұлақ пен Бурабай, Маңғыстау, Көлсай, Нарын. Қымыз бен шұбатты, домбыра мен асықты, бауырсақ пен қазы-қартаны, тау қызғалдағы мен асылған етті, киіз үй мен сәукелені, шапан мен тақияны, айттыс пен көкпарды ұлттық брендімізге қоса аламыз. Соңғы жылдары кеңінен танымалдыққа ие болған «Қара жорға» биін де бұл тізімнен көрсек, артық емес. Қазақстанның сәулеттік символикалары – Алтын Адам мен Бәйтерек те ұлттық мақтанышымыз.

Ал, күллі түркі жұртының тұмары – Түркістанды не ерекшелейді? Түркістан бренді не? Алдымен ауызға ілігетіні Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, әсем сәулеттік көрінісімен көз тартатын вокзал ғимараты, қырық құлаш имек құдықтан зәм-зәм су ұсынар Ұкаша ата, көк күмбезі күнмен шағылысқан университет қалашығы, кесене маңындағы бір шақырымға созылып жатқан ұсақ-түйек кәдесый дүкендері, көзіңізше қалаған затыңызды әзірлеп берер қолөнер шеберханасы... Түнгі базар, бесік базар, әсіп базар, шұбат-қымыран базары, кәде-күде базары... вокзалда жолушыларға ұсынылатын

қой басы, ыстық әсіп, ет самса, ем үшін уатылып сатылатын ақкемер кесек, адыраспан, насыбай – бұлар да Түркістанды танытар бренд...

Ер Бекзаттың аты аталса да алдымен Түркістан еске түседі.

Ұқсата білсек, мықты брендинг қала қуатын арттырады. Ендігі жетпей тұрғаны – қаламызды әлемге танытатын мықты заманауи айбынды сәулеттік символика. Әкімдік алдындағы саябақта шалқалап жатқан шаңырақ бізге символика бола алмайды. Түркістанды дүние жүзіне танытқымыз келсе, ендігі тірлігімізді тек бренд түсінігімен байланыстырғанымыз абзал.

САҚАЛЫҢЫЗДЫ БОЯУҒА ДАЙЫНСЫЗ БА?

Бұған дейін Қарағанды, Алматы, Астанада бастау алған Яркокросс (Color run) - бояулар марафоны Түркістанға да келіп жетті. 10 тамыз күні қаланың бас алаңы кемпірқосақ түсіне боялмақ. Бояушы - құрылыс малярлары емес, жастардың өзі! Думан іздеген жастар жүгіре жүріп бір-біріне бояу ұнтақтарын шашып, армансыз «ойнап-күлмек». Кросс деп отырғаны сол. Осылайша Тұран жастары Жастар жылында ел назарын тағы бір мәрте Түркістан төріне аудармақ.

Бояу ұнтағына келсек, ол адам денсаулығына, табиғат тамашасына зиянсыз жүгері крахмалдарынан әзірленеді. Жүгіріп бара жатып абайсызда жұтып алсаңыз, ерніңізбен бір жалап алып, әрі қарай жүгіріп кете барасыз.

Дегенмен, әлеуметтік желілерде қала үшін бейтаныс осынау «жаңашыл» акцияға наразылық білдірушілер де табылып жатыр. Олардікі де жөн шығар. Жалғыз алаңымызды жағалдап алып, күлкіге қалып жүрмейік, бұдан гөрі ұлттық құндылығымызды түгендер халықтық бір шара ойлап табылмады ма екен деген жанашырлық шығар...

Әйтсе де, бұл көрініс фотосуретшілерге керемет «азық», жастарға тауысылмас қызық болғалы тұр...

Естеріңізде болса, 10 тамыз күні Түркістанда бас алаңда бір-біріне бояу ұнтақтарын шашып, жастардың көңіл көтерер белсенді қимылын танытар «Яркокросс» марафонының өтуі

жоспарланған еді. Сол сәтте-ақ ұлттық құндылықтарымызға немқұрайды қарамайтын әлеуметтік желі белсенділері бұған «қала үшін, ұлтымыз үшін маңызы жоқ шара» деп наразылық білдіріп, қоғамдық пікір туғызған болатын. Көп ұзамай, қала билігі желі қолданушыларының пікірімен санасып, марафонды өткізбеуге шешім қабылдап, шараның форматын толықтай өзгертті. Қараңыз:

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=2390769817849826&id=100007504923147.

Енді Есімхан алаңында жастар ұнтақ шашып жағалданбай, кешкі салқынмен қыдырыстап, салауатты өмір салтын қолдаған эстрада жұлдыздарының концертін тамашалайтын болады.

Ал, әлеуметтік желі белсенділері, үндеріне құлақ асып, пікірлерімен санасқан қала әкімдігіне алғыстарын жаудыруда.

Әлеуметтік желі де «төртінші биліктің» бір тармағына айналып келеді деген осы...

АЛ, «ҚАРТТАРЫМ», АМАН-САУМЫСЫҢДАР?

Әлеуметтік желіде жап-жас жүздерін қартайтып көрсетушілер (ойнаушылар дейміз бе) легі көбейіп келеді. Бұл ненің белгісі? Әдетте, адам қартайғысы келмеуші еді? Бетімді әжім басыпты деп айнадан жүзін теріс айналдыратын. Енді қымсынып жатқан бірі жоқ. Мәз-мейрам! Қартайған түрлерін айдай әлемге жариялап жатыр. Әлде заман қартаяйын деді ме? Неге тез қартайғымыз келіп жатыр? Түрімізді албасты кейпіне кіргізер жаңа бір қосымша шығып жатса, оған да шамға үймелеген шіркейдей шерулетеміз бе, қайтеміз?

Әлде, бұл ақырзаманның белгісі ме екен?..

ҚАЛАЙ?

«Бұл не сұрақ?» деп ойлап қалма, құрметтім! Амандасып жатырмын. Қазір екінің бірі осылай күмәнді амандасуға көшкен. Қайтесің, компьютер заманы. «Сәлеметсің бе?», «Сәлем!», «Амансың ба?», «Ар ма?» деп қол беріп, жағдай сұрасқаннан гөрі, осылай ыңғайлы болып тұр. «Ассалаумағалейкум!» деп сәніңді келтіріп кеудеңе қолыңды

қойып тұра ұмтылсаң, қағып өте шығады. Уақыт жоқ...

Күйбең тірлік көбімізді безбүйрек етіп бара ма, қалай? Хал жағдай сұрамақ түгілі, амандасуымыздың өзі мұң болып барады. Аға да асығыс, бала да асығыс. Әйтеуір, белгісіз бағытқа зымырап бара жатқан біреу. Емен-жарқын хал сұрасып отыратын дастархан басында да жалпылама көз жүгіртіп, «ас үсті ғой» деп бас изей салатын болдық. Бір кездері жамбастай жатып әңгіме-дүкен құратын ескі танысыңның өзі сенімен қоштасып кетуге асығып жатқаны. Сағыныштан тілдесіп қалайын деп қолын қапсыра ұстап жібермейін десең де, көздері бір орнында тұрмай ойнақшып, әлдеқайда алаңдап тұрады. Бұл неткен ығы-жығы өмір? Қайда асығып барамыз? Ешкім білмейді. Бірақ, сол аман-саулық сұрасуға бір минөт уақыт таппайтын асығыс пендең әлеуметтік желіге шұқшиып, сағаттап отыруға бейіл.

Ал, ФБ-лық достарым! Қалай?

Амандаса алдым ба?

АБАЙЛАҢЫЗ, МОБИЛЬДІ ҚОНДЫРҒЫҢЫЗДА – ЖАЛҒАН АҚПАРАТ

Қазір газет оқымайтын, радио тыңдамайтын, көгілдір экраннан тек телесериалдарды ғана тамашалайтын, ғаламтордан анық ақпаратты қалай ашып оқу керектігіне сауаты жетпейтін адамдар қолындағы мобильді құрылғыларына WhatsApp арқылы таныстарынан жазба, аудио, скриншот түрінде келіп жатқан түрлі жалған (фейк, өсек, ойдан шығарылған) ақпараттарға Құдайындай сенуге мәжбүр. Мұны біз кешегі Арыс оқиғасы кезінде анық байқадық. Анонимді, бүркеншік, бейтаныс адамдардан көшірме түрінде тарап жатқан жалған ақпараттың мәнісіне бармай, соған сенген мына көршілес Темірлан, Темір, Шәуілдір елді мекендерінен, Түркістан, Шымкент қалаларынан құжаттарын қолтықтарына қыса қырға қашқан адамдар аз болмады. Жалған ақпарат тарату үрдісінің соңғы уақытта кең өріс алып келе жатқанын, ашық өтірікке және ақпараттық манипуляцияға жиі тап болып жүргенімізді ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев та ескертті (ҚазАқпарат). «Мұның басты негізгі себебі – анонимдік. Мұндай белгісіздік жалған

фактілерді таратып, жазасыз қалуға мүмкіндік беріп отыр», – деді министр.

Қаскөйлер жалған ақпарат беріп қана қоймай, елді абыржытуға, жазықсыз әбігер мен әуре-сарсаңға салуға (негатив нарратив) әкеліп итермелейді. Әлеуметтік желілер арқылы тарап жатқан әрбір репост пен лайктың артында жазықсыз адамдардың тағдыры тұрғанын ұмытпасақ қой, шіркін.

Кеше бір танысым: «Түркістанда 60 градус ыстық болады екен, ел солтүстік өңірлерге көшуге дайындалып жатыр, сен қайтпексің?» деді. «Оны қайдан білдің?» дедім. «Міне, ватсабыма келіп жатыр» деді. «Кімнен?». «Құдамнан». «Айналайын-ау, сенің құдаң гидромет ісімен айналысып кеткен бе? Жалған ғой» дедім. Екеуіміз дереу құдасына телефон шалдық. Ол бұл жазбаның басқа бір танысынан келгенін айтты. Соған телефон шал дедік. Оған да әлдекімнен келгені белгілі болды. Міне, осылай, жалған ақпараттың қайдан пайда болғанын біле алмай, құдам да дал, құдағиым да дал. Мұны білудің түк те қиындығы жоқ. Қарны тойып, секіре бастаған әлдебір еріккен (қазір мұндайлар көбейді ғой) жылы төсегінде соткасын «шұқылап» жатып, ойын-күлкі үшін осындай жалған ақпаратты тарата салады. Ал, сол «ойын», өкінішке орай, қаншама адамдардың жүйкесіне, психикасына әсер етіп жатады. Шын ақпарат, ақиқат мәлімет WhatsApp арқылы емес, тек ресми органдардың хабарламалары арқылы таратылатынын менің WhatsApp-қа тәуелді замандастарым ұмытпаса екен.

ШАҢ ШАРШАТЫП ТҰР

Бәріміз де топырақта тудық, топыраққа барып жай табамыз. Былай қарағанда, топырақ бізге ең жақын нәрсе. Бірақ, мына Түркістанның топырағы әбден шаршатып тұр. Осы біздің топырақ мақтадай үлпілдек пе деп те ойлаймын кейде, үпіріп қалсаң болғаны, аспанға атыла жөнеледі. Әйтпесе, басқа жақта да топырақ бар, онда жел түгілі, дауыл тұрса да, мұншалық ақшулаң шаң көтерілген емес.

Шіліңгір шілдеде ми қайнатар ыстық төбеңнен құйылғанда, «шіркін-ай, салқын самал соқса екен, тіпті, қар жауса да қой демес едік» деп армандап отырғаныңда, үп еткен жел соғып, топырақ көтеріле жөнеледі. Тісің қышырлап,

әп-сәтте бет-ауызың айғыз-айғыз болып, жылтыраған көзің ғана қалады. Көйлектің жағасын жуа, шалбардың балағын қаға әйел де шаршады. Бәтіңкеңді жарты сағат сайын дымқыл шүберекпен сүртіп тұрмасаң, мал жайып келгендей күй кешесің. Мәшинені қоя бер! Әйнегін жапсаң дымығып барасың, ал ашсаң қалың топырақты саусағыңмен сүртіп ала бересің. Әзірге азынаған жел, ұшқан шаң көлік жуушылардың бизнесіне айналып тұр. Құлаң таңнан және бесін өте көшеге су себіліп тұрушы еді, әкіміміз, Өмекеңді айтам да, Арысқа кеткелі су сепкіш «водовоздар» да тым-тырыс болып қалған сияқты...

Қазір қалада қайнаған құрылыс. Жол да реттеліп жатыр. Канализация, газ, су құбырлары тартылууда. Әлгі шаң уақытша нәрсе болуы да мүмкін. (Әрине, құрылыс жүргізушілер экскаватормен қопарған жерлерін қайта көміп, реттеп кеткен жағдайда). Бірақ, олай болмай тұр. Қазылған шұңқыр айлап, үйілген топырақ апталап көмілмей жатыр. Мүмкін үлгермей жатқан шығар дерсіз. Кеңес дәуірінен қалған ескі әдет пе деп қорқам. Алдымен – жол, сосын – құбыр...

Қайткенде де, қала ішінде топырақ шаң болып көтерілмеу үшін бір амалын қарастыру керек сияқты.

Жел тұрса ақтүтек шаңның борауы Түркістанда қалыпты әдетке айналған. Аңызға жел азын-аулақ есік алдында өсіп тұрған өсімдікті де қуратып барады. Мұнымен күресудің бірден-бір жолы – қаланы көгалдандыру, абаттандыру. Көшеде шаң кеулеп шығар ұлтарақтай жер қалмауы тиіс. Алматыдағыдай әр кәсіпкерге мейрамханасының, шаштаразының, асханасының, т.б. бизнес көздерінің алдын шаң борамастай етіп шым төсеп абаттандыруды міндеттеу керек. Онсыз кәсіппен айналысуына тыйым салса да болады.

Бір жылдары академик Мұрат Жұрыновтың: «Түркістан қаласының астында үлкен су бассейндері бар. Секондіне 26-28 литр су тартатын артезиан қондырғыларын орнату арқылы жер асты суларын тартып, Түркістанды күндіз-түні суарып, абаттандыруға болады» дегені бар еді. Бұл шындыққа келетін сияқты. Сол жылдары Жұрыновтың бастамасымен қазылған жалғыз артезиан күні бүгінге дейін бүкіл университет қалашығын, қала берді сол маңдағы жеке тұрғын үй секторларын суландырып тұр. Қазір қай жағынан жел соқса да, университет қалашығында шаң көтерілген

емес.

Қаланы айналдыра арша-шыршалы өсімдіктермен, сирек кездесетін тал-дарақтармен қоршау да шаһарды шаңнан қорғайды, әрі қалың көлеңке жауып, қала сәні кірер еді.

Әзірге сәл шыдам керек, ағайын! Кім біледі, бір кездері біз де Еуропадағыдай айлап бәтіңке сұртпейтін жағдайға келерміз...

ӘЙЕЛДЕН ЕРКЕК КӨП ЕКЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрілігіне қарасты Статистика жөніндегі комитеттің биылғы 8 шілдедегі мәліметтеріне сүйенсек (қараңыз: Tengrinews), Қазақстанда 8 968 499 ер адам, 9 541 521 әйел адам тұрып жатқанға ұқсайды. Осы кезге дейін «бір еркекке 8 әйелден келеді екен» деп жүрген сәуегейлігіміз бос сөз болып шықты. Мына мәліметке қарағанда, 1 еркекке 1,06 әйелден ғана келіп тұр. Яғни, екі әйелге де жетпейді. Жыл басындағы мәліметпен салыстырғанда, ер мен әйелдің өсім көрсеткіші тең дәрежеде. Так что, ер азаматтар, аспандамай төменге түсейік. Тоқал түгілі, әйел жетпей қалу қаупі бар сияқты...

ЖАЛҒА БЕРІП «ЖАРЫЛҚАП» ОТЫР...

Естеріңізде болса, Түркістан қаласына облыс орталығы мәртебесі берілген сәтте-ақ кейбір азаматтар артық-ауыс пәтерлері мен үйлерін Шымкент қаласынан жұмыс бабымен келген мемлекеттік қызметкерлерге «бас айналатын» бағаға жалға ұсына бастады. Осыған дейін «10 мың теңгеге тұрсам ба екен, тұрмасам ба екен?» деп екіұдай ойда жүретін жас отбасы енді айдың-күннің амаында рухани қалада айына 80-100 мың теңгеге пәтер жалдауға мәжбүр.

Пәтерді жалға беріп отырған кім сонда? Басында жалғыз баспанасы бар адам жалға бере ала ма? Бірнеше жылжымайтын мүлкі бар адам ғана мұндай «раскошта» өмір сүре алса керек. «Бақсақ – бақа екен» демекші, Қаржы министрілігінің мемлекеттік кіріс комитеті жуырда осыған қатысты бір «қызықты» мәлімет ұсынды (sputniknews.kz). 20 мыңнан астам қазақстандықтардың үш және одан да көп артық пәтерлерінің бар екені, ал 150 адамның оннан астам

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

пәтерді жалға бере алатыны жазылған. Тіпті, астаналық бір тұрғынның бір басында 67 пәтері бар болып шықты. Бұлардың жеке кәсіпкер ретінде тіркелмегені, яғни тұрғын үй мүлкі салығын төлеуден жалтарып жүрген жандар болуы әбден мүмкін.

Ал, миллиондық қалаларда екі бөлмесін сағаттап не тәуліктеп 8-10 мың теңгеден жалға беріп отырған азаматтар да бар. Әр пәтерден айына 200-300 мың теңгені жай санап отыр деген сөз...

Әрбір қазақстандықтың байығанын, әлеуметтік тұрмысының көтерілгенін біз де қалаймыз. Тек айналаңдағы үйсіз-күйсіз, пәтер жағалап жүрген жандарды көргенде, бірнеше пәтерді құлыптап тастап, саусақтарының ұшымен пәтер кілттерін шыр айналдыра ойнатып, жалға алатын клиент іздеп жүру біртүрлі ерсілеу көрінеді екен...

ҚАЗІРГІ КӨРЕРМЕН ӘНШІ КӨРМЕГЕН БЕ?

Бұрынғы көрермен қызық, ә? Әнші сахнадан төменге түссе артынан қуалап селфилетпейді, өзі отырып балаларына гүл беріп жібере салмайды, екі құлағынан жымқырып ұстап алып бетінен сүймейді, ортаға шығып билеп кетпейді, орнында отырып, екі қолын ербеңдетіп артында отырған көрерменге кедергі жасамайды... Әлде, қазіргі көрермен өмірінде әнші көрмеген бе?

НАҒЫЗ ШОПЫРЛАР ТҮРКІСТАНДА ШЫНЫҒАДЫ...

Осы жұрт көлік сатып алмай тұрып, өздері айтқандай, біраз уақыт «вождениеге» қатысып, бүйірінде «оқу-жаттығу мәшинесі» деп жазылған көлікке мініп алып, өндірістік үйрету шеберлерінің көмегімен автодромда арлы-берлі қозғалып, көшеде қауіпсіз жүру дағдыларын игереді. Көлік жүргізу қызығына берілген темір тұлпар иелері шамалы тәжірибе алған соң, әйнектерінің артқы жағына «У» деген белгіні жапсырып алып, қала көшелерінде еппен жүріп байқайды. ҚР Ішкі істер министрілігі 2006 жылы №341 бұйрығымен бекіткен «Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау ережелерінде» осы дағдылардың барлығы егжей-

тегжейімен жазылған. Мұны ескеріп жатқан жан аз қазір. Кейде бір күн «үйреніп» алып, ертесіне-ақ қалың ағынға қойып кететін мықтылар да бар. Көшеде жүру тәртібін жиі бұзып жататын да солар.

Ел ішінде «Мәшине айдауды мықтап үйренгің келсе, Түркістанға бір келіп кет» дейтін әзіл-шыны аралас әңгіме де жүр. Расымен де солай-ау. Бұрылыс сигналын жақпай шалт бұрылу, бағдаршамның лыпыл қаққан сары белгісінен зулап өте шығу, оң жақтан озу, жаяу жүргіншінің алдын кесу, осының барлығы көне қаланың ежелден келе жатқан дағдылары. МАИ қызметкерлері қаншама айыппұл салып, ескертіп жатқанымен, көзін ала бере ескі әдетіне қайта басады.

Сырттан келген талай достарымыздың көліктерін қала сыртына қалдырып кетіп, қала ішінде таксилетіп жүргенін байқағанбыз. «Қалаларыңызда жүру қауіптілеу екен» дейді олар...

Ендеше, кез-келген жағдайда «шалт қимыл танытар» нағыз мықты шопыр болғың келсе, Түркістанға кел, бауырым, деп кеңес айтар едік...

АДАЛ САУДА

Бала кезімізде «Ойбай, несін айтасыз, Германияда, Жапонияда зәреде бір затыңды ұмыт қалдырсаң, ешкім тимейді екен, ертесіне барсаң, сол ұмытқан жерінде жата беретін көрінеді» дегенді еститін едік, сол сенім Түркістанға да келе бастаған сыңайлы. Қаланың әр бөлігінде «адалдық алаңдары» мен «адалдық дүкендері» пайда бола бастапты. Мәселен, асығыстай жүріп қаламсабыңыз бен дәптеріңізді үйде тастап кеттіңіз делік. Дүкенге соғып, онда шай ішуге кеткен сатушыны іздеп, ақшасын төлеу үшін касса алдында кезекте тұрып әуре болмайсыз. Жол жиегіндегі «адалдық дүкеніне» бұрыласыз да, «касса-жәшікке» заттың бағасына тиесілі ақшасын тастап, «здашын» санап алып, жөніңізбен кете барасыз. Уақытыңыз үнемделді. Сатушыны әуре етпейсіз. Әрі адал қызмет еткеніңізге іштей разы боп, әндетіп кете барасыз. Шіркін-ай, енді «адалдық базары» ашылса ғой, таразыдан қағатын пысықай базаршылар тұз жалай бастар еді...

ЖАМАҒАТҚА ЖАҒАМЫЗ ДЕП...

Ораза ұстау – бес парыздың бірі. Сондықтан жарлы да, бай да, Иван да, имам да тең құқылы. Ауыз ашарда дастархан басы барлығына ортақ. Төр менікі, босаға сенікі деген «еркелік» жүрмейді мұнда. Кеше бір айтулы ауызашарда кешіге келген мешіт қауымы (қазір осындай бір ұжым шыққан): «Жамағатқа төрден неге орын алып қоймағансыңдар?» деп, бүйректен сирақ шығарып, босаға жаққа отырмай қиғылық шығарды. Енді ғана дәм ала бастаған қауым не асқа қарарын білмей, не ас-су ішерін білмей, шайнағандарын жұта алмай абдырап қалды. «Дастархан дәмі бір, мұнда отыра беріңіздер» деп, ірге жақты нұсқаған үй иесінің сөзін әлгілер елең де қылған жоқ. Өңшең сәлделілер мен сақалдылар тікесінен тік тұрып, дегбірімізді алып бітті тіпті. Өткенде бір үйде көше (махалля) имамы: «Ауызашарда палау баспай, ет асыңдар, түге!» деп ас мәзірін бас аспаздай «сызып» беріп еді. Ендігісі – мынау...

Қазір жамағатқа жағамыз деп, өзіміз отырмасақ та төрден орын алып қойып жүрміз. Сіздерде қалай? Байқамай төрге отырып қойған жоқсыздар ма?

ӘЖЕ БОЛЫП ЖҮРГЕНІҢДІ ҰМЫТЫП...

«Күлсең – кәріге күл» дегенді қазіргі той табысынан бастары айналып, енді қайтіп таң қалдырарын білмей тоқыруға түскен әзілкеш асабалар басқаша ұғатын сияқты. Естуі нашарлап, көруі қиындаған кәрі-құртаңды ортаға шақырып алып, дүйім елдің алдында мазаққа айналдырып, келеге ету – асабалар арасында дәстүрге айналып бара жатқан сыңайлы. Негізі, бұл тәмсілдің астары – әбден қартайғанда қылығы бала қылығына ұқсай бастаған қартаң кісілерге құрметпен күле қарауды білдіруші еді, ал «жынойнақ қызығына берілген» мына асабалар бұл сөздің астарын тікелей түсініп, ата-әжелерін шаршы топтың алдына шығарып алып, қисандата билетіп, бұрмалай әзілдеп, келеке етіп, әбден есіл-дертін алып жатқаны. Келін отыр, жегжат отыр демейді, бір әулеттің тізгін ұстар ақсақалын, ертегі айтар кейуанасын клоунға айналдырып, сайқымазақ салт жасап бітті.

Ал, «мұның не?» деп, асабаның жағасынан алып, ата-енесін мазақ болған қалпынан арашалап, ұят пен әдепті сақтауы тиіс келін-кепшік, керісінше, ыржалақтай күліп,

жан-жағынан қаумалай мәз болып, телефонға түсіріп әуре. Ойлағандары ютубқа салып жұртты бір «шулату».

Отырған жұрт та мазақ болған үлкеніміздің бишара халіне реніш білдірудің орнына, айызы қана шапалақ соғып, бір-біріне «мына асаба жақсы ойын ойнатады екен» деп құлақтарына сыбырлап, келер тойға жалдау қамын ойластырып отырады.

Қайран, менің әжелерім-ай, аталарым-ай, жақсы мен жаманның байыбына бармайтын аңғал асабаның «ойыншығына» айналып жүре берер ме екенсіңдер? Әлде, тойда отырған көпшілік, әдептен жаңыла бастаған асабаның қолынан микрофонын жұлып алып, сабасына келтірер күн туар ма екен?

ЖАЛАҢ ТОБЫҚ

Адам ағзасында шаншу сияқты әр тұста көшіп жүретін бір ауру бар. Сән де солай, көшіп-қонып жүре береді. Мәселен, дененің бір бөлігін жалаңаштай көрсетудің тренд болып алғаны қай заман. Алдымен кеудеден бастады, сосын кіндікке түсті, кейін етектегі түрді, бірте-бірте тізені жыртып бастады. Енді тобыққа «шабуыл» жасауда. Бүгінде көшеде балағын түрмей, тобығын көрсетпей жүретін жастарды кездестіру қиын. Қысы-жазы солай. Несін айтасыз, сән! Тоңса – тоңсын, есесіне әдемі.

Тобықтың анық көрінуі үшін, әрине, нәскидің кедергі жасайтыны анық. Сондықтан олар нәски кимейтін болған, табаны жұқа крассовкаға жалаң аяқтарын сұғып жүре береді. Ал, қыста жаурайды десеңіз, тобық шарфы шыққан, соны орап алады. Тек, әйтеуір, нәски кимесе болғаны.

Дегенмен, уролог-дәрігерлер мұндай сәнқойлықтың түрлі урологиялық, гинекологиялық ауруларға алып келетінін айтып жүр. Оны тыңдайтын жас бар ма? Сән шіркін – бәрінен биік қой! Тек жалаңбұт жүрмесе болды да...

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ ӘНДЕР

Кейінгі әндерде, мәтін жазғыш ақындар сөз таппай қала ма, әйтеуір, адам ұқпас ыңқыл-сыңқыл көбейіп барады. Мұны әсіресе жастар сүйіп тыңдайтын хит-әншілердің әндерінен жиі байқаймыз.

Мәселен, «Қайда?» әнімен танымал болған Ерке Есмаханнның қала аралап жігіт іздеп жүретін клип кейіпкері ән қайырмасында жасырынбақ ойнағандай «а-а-а, о-о-о» деп жұмбақтап әуендетуі бір түрлі ерсілеу естіледі. Жоқ іздеген адамның соншалықты көңілдене қалуы, ақынға болмаса, әйтеуір, бізге түсініксіз. «KZ жігіт» деп аталатын екінші бір әнінде клип кейіпкері:

Ғашықпын мен қазақ ұлына,

Жүрегiнiң тазалығына.

Ғашықпын мен қазақ жігітке,

Сенім берген нәзік үмітке, - деп қайырмасын айта салып, кенет онысынан айнығандай шалт кетіп, «а-хау, а-ха-хау» деп саңқылдап, түсініксіздеу бір дыбыстарды шығара бастауы жігіттерді мазақтағандай әсер етеді.

Жалпы, әнді қыңқыл-сыңқыл дыбыстармен әрлеу Еркенің тұрақты стилі ме деп қалдық...

Әні жеңілтек, сөзінде мән-мағына жоқ мұндай әндер санасаң саусақ жетпейді. Әншейінде лирикалық әндерімен танымал Нұрболат Абдуллин «Келтірмеші күлкімді» деген әнінде «ха-ха-ха» деп ерсілеу бір дыбыстар шығарады. Дұрыс, ән күлкі жайында, бірақ. ауызымызды соншалықты ашып күлетіндей бұл операға арналған туынды емес шығар? Бізде әзіл әндер көп, олардың ешқайсысынан да дарақы күлкіні естіген емеспіз.

Асан Пердешов «Парам-парам» деген өз әнін шабыттана шырқап жүр. Осы сөздің не мағына беретінін бүкіл түсіндірме сөздіктерін ақтарып, күптігей көңілге жұбаныш болар ештеңе таппадық. Бәлкім, мұның мәнін жұлдыз-әншінің өзі түсіндіріп берер?

Ыңқыл-сыңқыл әннің «төресі» - Кәмшат Жолдыбаеваның орындауындағы «Карамель» әні ме деп қалдық.

«Ай ай ай ай ай ай ай ай ай

Ай ай ай ай ай ай ай ай ай, уеаһ, карамель» - қайырмасы осы!

Бұл неғылған «ай-ай», мұны әнге төмендегідей «ұятсыз» сөз жазған ақынның өзі түсіндіріп берер:

«Карамель, тілімнің ұшында карамель,

Тіліңмен ұға бер, бері кел,

Түнімен түнейді, берілер».

Той әндеріне кілең «хит» жазатын Рахымжан Жақайым деген әншінің «18 бен 25» деген әні бар. Әннің өн бойында Рахаңның өзі де түсінбейтін «тили-ти-ти-там» деген бір ыңқыл еріп жүр. 18 бен 25-тің келмейтіні рас. Жастық шақтың қайта оралмайтыны өкінішті. Бірақ, әнші жабырқап жүрген жоқ, көңілді. Тойшыл қауым да шаттана билеп жүр...

Асхат Тарғынның «Ай-ай-ай, чип-чип-чип, чип-чип-чип, аха» деп, Понти Жорабековтың «кс-кс, чик-чик, пф-пф, а» деп, Бейбіт Қорғанның «на-на-ней» деп, «Азия-Бақай» тобының «опмай-опмай» деп шырқайтынына құлақ үйренгелі қашан...

Меніңше, әр әннің қазақы болмысы, ұлттық колориті сақтауы керек сияқты. Тіпті, мелизм, қайырым, мақамда да. Ықылым заманнан-ақ дәстүрлі әншілер «халауләйлім», «илигай», «гиккай», «гәкку», «ой, гөк», «сәулем-ай», «беу, қалқам» сияқты халық жадына, үніне жақын қайырымдарды пайдаланған. Мұны Димаш Құдайбергennің, Батырхан Шүкеновтің, Рамазан Стамғазиевтің, Досымжан Таңатаровтың, Саят Медеуовтің эстрадалық әндерінен жиі байқаймыз. Ал, қазіргідей ыңқыл-сыңқыл, қаңғыр-гүңгір ұлттық әуенімізден айырып, әннің - репетін, сөздің - берекетін қашырып бара жатқандай...

ЖОЛҒА ҚОЛ ЖҮКСІЗ ШЫҚҚАНЫҢЫЗ ЖӨН

Шымкент-Түркістан бағытына қатынайтын «Хундай» көліктерінің жүргізушілеріне «Үздік өнертапқыш» деген бір-бір алқаны мойындарына байлай салу керек сияқты. Өткен жолы қала ішінен жаңа автовокзалға дейін «қосымша жолақы төлемесеңдер жүрмеймін» деп қиғылық салып еді, бұл жолы «қол жүктеріңді алмаймын, оған бөлек 500 теңгеден төлеңдер» деп тағы бүйректен сирақ шығарып отыр. «Апырау, жүксіз жолаушы бола ма? Қолымызға ұстап отырамыз ғой» деп жалынсақ та көнбеді. Әдетте, не табысы көп, не жолаушы тасымалдау ережелеріне бағынбайтындар осылай тойынады.

Қайтеміз, Түркістан «Хундайына» отыру үшін сөмкемізді күні бұрын багажға өткізіп қоямыз ба енді?

«БРАТАНЫҢ» – АҒА,

«АПАШКАҢ» – АПА ЕМЕС ПЕ?

Қазір ана тілімізге «жаңа қазақ тілін» енгізгісі келіп жүргендер көп. Олар шұрайлы тіліміздің әр сөзіне балама іздеп әуре: брат, братан, базар жоқ, реально айтты, жарды, жыртты, өшті, лапша ілді, мат болды деген тіркестер соның дәлелі. Түсінбесеңіз, «аударып» берейін. «Базар жоқ» - айтуға сөзім жоқ, тамаша, өте жақсы, керемет дегені; «сындырды» - жігіт қыздың көңілін өзіне аударды, келісімін алды, қаратты, күшпен ақша жинап алды дегені, «лапша ілді, құлақтан тепті, қоянның суретін салып кетті» - алдап кетті, сазға отырғызды дегені, «картопты жарды» – әзілдеді дегені, «тартыл» - қатарға қосыл, кел дегені, «бітіп қалдым» – ғашық боп қалдым дегені, «жыртты» - өз дегеніне жетті, мақсатына қол жеткізді, таң қалдырды дегені, «қораға кірді» – сәтсіздікке ұшырады дегені, «мына қыз «ат» екен» - мына қыз сұлу екен дегені, «прикол ұстады» – мазақ етті, келеке қылды дегені, «мат қылды, өшірді» - жеңді дегені...

Енді үлкен кісілерді «аташка», «апашка», «әжешка», «әпшека», «ағашка», «жеңгешка» деп ныспылау жаппай етек алып бара жатқан сыңайлы. Бұл солтүстіктегі көршіміздің «дедушка», «бабушка», «братишка», «сестричка» дегенінен туындаған қаратпа сөздер сияқты...

Апаларымыз не дер екен? «Апашка» деген ұнай ма екен оларға?

УАҚЫТ ҰРЛАУ МАРАФОНЫ...

Әр адамда белгілі бір дәрежеде өзіне ұнай бермейтін стереотип болады. Оны өзге халықтардың мінез-құлқына байланыстыра қойып, өзімізді ақтап алып та жатамыз. Эстондар – жайбарақаттығымен, итальяндықтар – эмоциональдығымен, жапондар – ізеттілігімен, немістер – дәлдігімен, қазақтар... білмеймін, айтсам, әй, жатып кеп ренжисіңдер-ау...

Хош, сонымен неміс дәлдігіне келейік. Шамамен сағат кешкі 7-ге қонағыңды шақырып, ол кісі тура 7.00-де кіріп келсе, «о, неміс екенсің ғой!» деп әзілдеп қаламыз. Бұл – неміс дәлдігінен туған фраза.

Осы дәлдік бізде бар ма? Жоқ па деп ойлаймын!

Өйткені қазір барлық жерде жаппай уақыт ұрлау ма-

рафоны жүріп жатыр. Мәселен, белгілі бір жиын сағат түскі 12.00-ге белгіленді делік. Залды толтыру – міндеттелген. Сіздің басшыңыз ешуақытта: «жиын сағат 12.00-де басталады, 11.50-де залға барып отыра беріңіздер» деп анығын айтпайды. «Таңғы 9-да залға барыңыздар, тізім бойынша тексеріледі, бармағандарға қатаң шара көріледі» деп, таңғы сағат 9-дан жиын өтетін залға қарай «қуады». Мұны бірнеше рет ерте барып алып, босқа уақытын жоғалтқан қызметкерлер біліп алған, асықпай, кешігі-і-іп жүріп алатыны содан.

Уақтылы барып та көрген. Ешкім жоқ. Қалай болсын? Жиналыс сағат 12-де басталады емес пе? Сосын келесі шақырғанда «әй, бәрібір уақтылы басталмайды» дейді де, екі сағат кешігіп барады. Осылайша оған жиналысқа уақытымен бармайтын жаман «ауру» жабысады. Ал, ол ауруды жұқтырып отырған – өзіміз!

Кейде басшыларды да түсінесің. Уақытымен айтса, мың сылтау тапқыш қазекемнің жиналысты бұзып, үздік-создық келе беретіні бар...

Ойлайсың ғой, жиналыстың дәл басталатын уақыты қадап айтылса, ешкім де кешікпес пе еді деп.

Қалай ойлайсыз? Дәл қазір сіз біреудің алтын уақытын ұрлап отырған жоқсыз ба?

ОСЫ СІЗГЕ РУШЫЛДЫҚ СОНШАЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ПЕ?

Қазір бізде көзге көрінбейтін, ақыры қайда апарып соғары белгісіз бір «майдан» жүріп жатыр. Ол «руға бөліну», «руын мадақ ету», «руын көтермелеу» дейтін бәсеке-жарыс. Бұл ұлтымызға көптен бері кенедей жабысып, ынтымағымызды, бірлігімізді бұзып келе жатқан көне дерт. Тұтас бір халықты шырмауына түсірген қызыл індет. Кесапат кесел қазір әлеуметтік желіге де еніп үлгерді. «Қане, кім қай рудан, жазайық!», «Ортамызда пәлен рудан отыр ма?» деген сияқты репостарды жиі кездестіресіз. Мақсат не – түсініксіз. Кейбір аймақтарда көбірек шоғырланған рулардың өкілдері жиналып алып, өздерінің президенттерін (рубасыларын) сайлап алған. (Президент – латынша praesidens «мемлекет басшысы» деген мағынада. Сонда әлгі «президенттердің» кішігірім бір-бір «мемлекетті» басқаратын болғаны ғой?).

Жік-жікке бөліну осыдан бастау алады! Мұндай ұйымдар өз руларының шежіре кітаптарын шығарып, ат шаптырып, ас беріп, өз аталастарынан шыққан «атақтыларын» әулие, би, шешен етіп, көше атын беріп насихаттап жүр. Рушылдықтың белең алғаны, әсіресе, сайлау қарсаңында немесе әлдебіреу лауазымды тұлға шеңді орынға отыра қалса қаттырақ сезіледі. Ешкім де алдымен оның азаматтығын, іскерлігін сөз етпейді, «қай жүз, қай рудан екен?» деп сыбырласа бастайды. Қызметке тартса да, марапатқа ұсынса да, қабілетіне емес, шежірелік туыстығына, ағайын-азаматтығына айрықша мән береді. Осыдан пәлен жыл бұрын қазақ күйлері мен әндерін жинақтаған А.Затаевичтің: «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында: «...обыкновенно казахи любят и признают только напевы и мелодии своего рода, своего аула и волости, отрицательно и даже враждебно относясь к прочим» деп таң қалуы осының айқын айғағы іспетті. Қанды қырғын шайқастарда жауына қарсы бір атаның баласындай біріге ұмтылған, 1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы суығында отаршылдық пен әміршіл жүйеге қарсы ұлттаса ұйысқан қазекем, енді жайшылықта, бейбіт заманда жүзге, руға неге бөлінгіш?

«Ата тегін білгенде не тұр?» дейді бұған біреулер. Ата тегін, жеті атасын ғана білуді мақсат еткендер үй ішінен үй тігіп, рулық ұйым құра ма? Тақ пен лауазымға тек өз руласының отыруын қалап, астыртын әрекеттерге бара ма?

Қалай десек те, руға бөліну бізге абырой әпермесі анық. Тіпті, шек-шекараңды білмейтін өнердің өзінде де жершілдікке, рушылдыққа бөліп алу әрекеттері байқалып жүр.

Әрине, туыстығы жақын адамдардың қаны араласпау үшін отау құрғалы жүрген жастардың өз тегін білгені айып болмас, бірақ осыны бұлтартпас желеу етіп, ру мен тайпаға бөліну тамыры бүтін қазақ үшін жақсылық әкелмейтіні анық. «Бөлінгенді бөрі жейді» дейді мұндайда қазақ. Біз – бір Қазақпыз! Тұтас ұлтпыз! Қазақстанды мекендеген өзге халықтармен бір туыспыз! Іргесін ешкім сөге алмаған, сөге де алмайтын Мәңгілік елміз!

КІМСІЗ СІЗ, «-ОВ» МЫРЗА!

Әрбір жанның аты-жөніне жалғанған патронимдік жұрнаққа қарап-ақ оның қай ұлттың өкілі екенін бірден

анықтауға болады: мәселен, «-швили/-дзе» жұрнақтарынан грузиндерді айнытпай танысыз, «-ян» – бұл армян халқының тегіне жалғанатын жұрнақ, «-енко/-ич» – украин жұртын, «-ский/-ская» – поляк жұртын, «ле/де» – француз жұртын, «-ин» – татар жұртын, «-етто/-ито» – итальян жұртын, «-ез/-ес» – испан жұртын, «-ссон/-берг» – швед жұртын, «-оғлы» түркі жұртын, «-заде» – әзірбайжан жұртын, «-ис» – латыш жұртын, «-унас» – литва жұртын, «-идис/-пулос» – грек жұртын әйгілейді, сол сияқты «-ов», «-ев», «-ской», «-их» орыс халқының адам тегін түгендеудегі ұлттық бренді. Айта берсе әр халықтың ұлттық ерекшелігін сипаттайтын мұндай мысалдар көп. Сонымен қоса бұл сол ұлттың салт-сана, ой-өрісінен хабар беретін көрсеткіші де іспеттес. Белгілі тілтанушы-славист Б.О.Унбегаун «Русские фамилии» (М: Прогресс, 1989 ж.) кітабында: «фамилии на -ов/-ев – это преимущественно русский тип фамилий» (!) деп тайға таңба басқандай анық жазыпты. Ендеше, -ов пен -ев-тен айрылмайтындай бізге не жорық, қазақ бауырларым?

Төлқұжатыңызды ашып қараңыз, осы біз аты-жөнімізді қалай жазып жүрміз, қазақи болмыс бар ма аты-жөнімізде? Қаншама төлқұжат алмасып, тәуелсіздікке ие болдық десек те, әлі сол баяғы қалпы. Екі қазақтың бірінің фамилиясы осыдан пәленбай жыл бұрын «сельсоветтің» шала сауатты «секретарының» жазып берген үлгісінен айныған емес. «Джолдасова», «Валиханов», «Абильдаев» дегендерден көз сүрінетіні содан. «Тегің дұрыс жазылмапты-ау?» десең, «Қалай дұрыс емес?» деп қалтасынан жеке куәлігін суырып алып, «Міне, құжатымда тайға таңба басқандай жазулы тұр ғой!» деп паспортын көлдеңен тартады. «Апырау, атаңның аты Жолдас, Уәлихан, Әбілдә емес пе еді?» деген уәжімізге «құжатта қалай – солай!» деп тыңдамай кете барады.

Аты-жөнімізді ұлтымыздың қалпына лайықтап кім жазып береді сонда? Кім кедергі бұған?

Елшім де емес! Өзіміз ғой!

Біреулер «-ов», «-ев» жұрнақтарын алып тастасақ, түрлі проблемалар туындайды деп жүр. Қайсысы аты, қайсысы тегі, біле алмай қалады-мыш. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 15-бабы бұл турасында не дейді екен, соған жүгінейік: осы баптың 4-тармағы: «Азамат өз есімін заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойын-

ша өзгертуге құқылы», 6-тармағы: «Есімін өзгерткен азамат өзінің бұрынғы есіміне рәсімделген құжаттарға тиісті өзгерістер енгізілуін талап етуге құқылы» дейді. Байқап отырсаңыз, кедергі жоқ. Тек «-ов» кісенінен құтылатын ішкі түйсік қана болмай тұр.

Ал, енді «атым қайсы, фамилиям қайсы, ел шатасады ғой?» дейтіндерге айтарым: қай құжатқа да ең алдымен аты, одан соң тегі жазылуы тиіс! (Сенбесеңіз, шетелге шығу үшін халықаралық стандартқа сай рәсімдеп алған қолыңыздағы паспортыңызға қараңыз). Бірінші – аты, сосын – тегі тұр! Әуежайда да, шетел компанияларында да сізге «мынаның қайсысы атыңыз?» деп сұрақ қоймаған шығар? Себебі олар халықаралық этикетте бірінші – атыңыздың, екінші – фамилияңыздың тұратынын жақсы біледі. Керісінше, «Джолдасов Қолдас» деп жазсаңыз, «Джолдасов» атыңыз екен деп шатасып қалуы әбден мүмкін. Дүние-әлем түгел аты-жөндерін сіздің «загран» паспорттағыңыздай етіп жазады: Джордж Буш, Владимир Путин, Сүлеймен Демирел, Маргарет Тэтчер, Ангела Меркер, Әлихан Бөкейхан, Нұртөре Жүсіп, Қайрат Нұртас, Ернар Айдар...

Абайды – Құнанбаев Абай, Ахмет Байтұрсынұлын – Байтұрсынов Ахмет, Олжас Сүлейменовты – Сүлейменов Олжас десек қалай естілер еді?

Әртүрлі жазылатындықтан, атының қайсы, фамилиясының қайсы екенін кейде айыра алмай шатасып жүретініміз содан. Айталық, өз басым бірінші атымды, сосын тегімді жазып қоятындықтан, фамилияны бірінші атап үйренгендердің кейде «Беке»-нің орнына «Сәке» деп қалатыны бар...

Негізі фамилия ресми құжат тізімдегенде немесе кітапхана картотекасын рәсімдегенде ғана бірінші жазылатын сияқты. Өзге жағдайда әлемдік қалып тәжірибеге енуі тиіс.

Қазір азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері атаналарының қалауы бойынша баланың аты-жөнін, тегін еш кедергісіз қазақы қалыпта жазып бере алады. «Өкініштісі, азаматтар жеке куәліктеріне аты-жөндерін қазақша емес, орысша дыбысталуы бойынша жазуды талап етіп жүр», – дейді АХАТ қызметкерлері. Айталық, Айгүл емес – Айгуля, Әйгерім емес – Айгерім, Іңкәр емес Инкар, Нұрай емес – Ну-

рай, Шыңғыс емес – Чингиз деген сияқты. Бұл да санамыздың әлі қазақыланбай отырғанын көрсетеді.

Несін айтайық, ата-тегімізді, аты-жөнімізді бір ізге салып жазудың жөні әлі келіңкіремей тұрған сияқты. Сана өзгермей, бұған бүгін-ертең тосқауыл қойылар түрі көрінбейді. Кісі есімін жазуға қатысты жаңа бір заң қабылданып немесе оны реттейтін нормативті құжаттар хатталмаса, осы кеткені кеткен.

Аты-жөн, ата-тегімізді жөнімен жаза алмай жүрген біз кімбіз сонда?!

ӘНҰРАНЫМЫЗДЫ АМЕРИКАДА ШЫРҚАП ЖҮРГЕН ЖІГІТ

Елдің бәрі Генаны жеңісімен құттықтап жатқанда, мен тікелей соған қатысы бар, Геннадий Головкиннің жекпе-жегінде өнебойы Әнұранымызды жанды дауыспен шырқап тұратын қандасымыз, менің Түркістандағы рухани досым әрі әріптесім Әміреқұл Әбуовтің туған інісі Орынбасар Әбу туралы айтқым келіп отыр. Орынбасар Түркістан облысының тумасы, қазір Америкада Нью-Йоркте білім алып жатыр. Еліміздегі түрлі ән байқауларының жеңімпазы, қазақ мәдениетін өзге елдерде насихаттап жүрген ұлтшыл азамат. Джаз бен афроамерикан фольклорын қабат алып жүрген талантты жігіт, естеріңізде болса, әнші жігіт бізге «Қазақстан дауысы» ән байқауы арқылы танылды. Кейін өнер институтын тамамдап, Астанада біраз сахна мәдениетін жинақтап алған соң, Америкаға оқу іздеп кетті. Қазір Орынбасар Нью-Йоркте «The Magic of Nomads» тобының солисі. Оны мұхиттың арғы жағына жетелеп апарған джазға деген сүйіспеншілігі. Қазір біздің қандасымызды нью-йорктіктер ерекше жақсы көреді. Әр кеш сайын қонаққа шақырып алып, блюз, свинг сипатындағы композицияларын жалықпай тыңдайды. Гена осы бір қазақ жігітін жанына жәй ертіп жүрген жоқ. Жаны да, қаны да қазақ - Гена қазақтың қайсар рухын рингке шыққан сайын құрметпен киіп шығар ұлтымыздың шапаны мен Әбудің әні арқылы әлемге танытпақ! Жарайсың, Гена! Жаса, Орынбасар!

ТОЙДА БИЛЕУДЕН ҚОРҚАМЫН...

Еркін елдің азат азаматымын десең де, қазір сен толық

бақылаудасың. Үйде – әйелің, қызметте – басшың, көшеде – танысың, мәшинеден – инспекторың, подъезде – бейнекамераң, тойда – көршің бақылайды... Жүріс-тұрысың, қимылың – бәрі аңдулы. Кейде ту сыртыңнан біреу қарап тұрғандай көрінеді, кібірткітеп жүре алмайсың, қарқылдап күле алмайсың. Анда да камера, мұнда да камера. Орыста «без комплексов» деген сөз бар, яғни, бұл әлденеден сезіктенбей, өз қалауыңмен еркін жүруді меңзейді.

Мәселен, Еуропада, тіпті мына көршілес Ресей мен Түркияда, адамдар өзгеше киінеді. Қалауын киеді деген жөн шығар. Қара костюмге қамалып, қызыл галстукке қылақынып отырған адамды, кеңселерде болмаса, көшеден сирек көресің. Белгілі бір университеттің білдей профессорының дәрісханағашортымен, кроссовкамен кіріп келгенін көргенбіз. Ешкім мән бермеді. Біз ғана... Таң қалдық. «Мұнысы несі?» дедік. Сөйтсек, онда бұл әдеттегі үйреншікті көрініс екен. Керісінше, дәрісханада костюм-шалбармен сықыпып отырған бізге олар таң қалған болуы мүмкін.

Адамдар ең қамсыз, уайымсыз жүруі тиіс орта – ол той. Онда да бақылау. Әркімнің қолындағы жылт-жылт еткен соткалардың әйнеккөздері саған қарап тұрғандай әсерде боласың, біртүрлі қысыласың. Ауызыңдағыны шайнай алмайсың, мойныңды созып барлай алмайсың. Биге шықтың екен – бітті! Шалт қимылыңмен әлдекімнің соткасына «объект» болып кете барасың. Ертесіне-ақ – YouTube-тің гүлісің...

Қысқасы, сіздерді қайдам, өз басым тойда билеуден қорқамын!

ТУҒАН КҮНІМ ТӘЖІКСТАНДА ТОЙЛАНДЫ

Қызық болды! Туған күнімді бірінші рет шет мемлекетте - Тәжікстанда атап өттім. ФБ-дағы достарым минут сайын ізгі тілектерін жазбаша да, бейнелебіз түрінде де жолдап жатты. Желі бірде қосылып, бірде қосыламай әбігерге салса да, мүмкіндігінше құттықтауларын қабыл алғандығымды білдіріп лүпіл басуға тырыстым. Лүпіл жетпей қалғандарға, кеш те болса, ақ жүректен ақтарылған ыстық лебіздері үшін үлкен алғыс айтамын!

Фестивальге қатысып жатқан қырғыз, тәжік, орыс, өзбек, қазақ бауырларым да кішігірім дастархан жайып, ерекше формада құттықтады. Әрқайсысы өз тілдерінде туған күн туралы әндерін шырап, туыстықта, саз-әуенде шекара болмайтынын жеткізді.

Қонақ үйге келсем, бес жұлдызды «НУАТТ» мейманханасының әкімшілігі мынадай (суретте) сый әзірлеп қойыпты.

Қысқасы, бүгін мен үшін ерекше бір есте қалар күн болды!

Осындай жылылыққа толы жаймашуақ сәтті баршаңызға тілеймін!

ДҮЙСЕНБІДЕ ӘЙЕЛДЕР ШАЛБАР КИМЕЙДІ

Тек дүйсенбі күні базар жайылатындықтан Душанбе аталып кеткен қалада жүргенімізге бүгін екінші күн. Осында халықаралық Орта Азия медиафестивалі өтіп жатыр. Қол боста, аз уақыт болса да, қаланы аралап көретін әдетімізбен бір сағаттай серуендей жүріп, көзге түскен кейбір ерекшеліктерді байқаған едік, бөлісейік:

- бұрыш-бұрышта көлік аңдып тұрған қызыл жағалыларды көрмедік;

- көлік жүргізушілер қала ішінде мәшине жарығын жағып жүруге, тартпа тартып отыруға міндетті емес;

- көлікке құмар әйел атымен жоқ;

- қауға сақалдылар мен оранып алғандарды кезіктірмедік;

- көше бойында қол көтерсең, тек сары түске боялған, «такси» деген жазуы бар арнайы көліктер ғана тоқтайды. Өзге көліктерге «таксовать» етуге тыйым салынған;

- әйел адамдар юбка-көйлекпен жүреді, шалбар киетіндер аз;

- халық жиі бас сұғатын мейрамхана-кафелерде даяшылық қызметті негізінен ер адамдар атқарады;

- ұлтаралық қарым-қатынас тілінде жөн сұрасаң, мейлі кәрісі, мейлі жасы, тек тәжік тілінде жауап береді...

КӨКПАР – КИЕ ОЙЫН

Көкпар – ұлттық ат спорты ойынымыз, әрине. Ұлттық брендіміз десек те болар. Атауы «көк бөрі», «көк бөрте», «паршалау» деген сөздерден шыққан деген деректер бар. Орта Азия халықтары арасында да бұл ойын кеңінен тараған. Қырғыздар «көк бөрү», «улак тартыш» десе, тәжіктер «буз-каши», ауғандар «бузавиш» деп атайды. Тіпті, мұхиттың арғы бетіндегі аргентин жұрты да осы ойынға құмар көрінеді. Жалпы, көкпар – жігіттердің әл-қуатын, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін сынға салатын ойын.

Кейінгі жылдары осы ойынды ата-бабаларына арнап ас беріп жатқандар арақ ішіліп, бөтелке домалайтын ду-думанға айналдырып алған сыңайлы. Әйтеуір, көкпардан кейін ат тұяғы тарпыған алаңқайда шашылып қалған шөлмектерді байқаймыз. Бұл ойын қызығын көруге барған көрермен «сыйы». Бәлкім, олар ат жалымен суылдаған аңызақ желден, қара күздің суық ызғарынан тоңып-жаурайтын шығар? Бірақ, осыншалық кие асты, атадан қалған ойынды арақ ішіп, табақ босататын орынға айналдыруға болмайды ғой.

Көкпарға барса, ат дорбаларына бір шөлмек сала шығатын ағайын бұған не дер екен?

БАСШЫҒА ДЕГЕН ТЕРІС КӨЗҚАРАС БОЛМАУЫ ТИІС

Кейбір адамдардың басшы атаулыға күмәндана қарайтын бір ішкі инстинкті болады. Мекемеге басшылық ету оңай деймісің? «Сырт көз – сыншы». Бірақ шағым айтқыш, сын жазғыш ағайын бір сәт өзін сол басшының орнына қойып көрді ме екен? Ұжымда түрлі адамдар бар, мінездері де әрқилы, барлығының бірдей көңілін табу қиын. Іштерінде шалыс басқаныңды аңдып жүретіндері, жеке өміріңнен компромат жинайтындары, реті келсе жоғары жаққа «сүйкей» салатындары да кездеседі. Содан – комиссия... Қане, басқарып көр енді?

Дегенмен, бұған басшылардың өздері де кінәлі сияқты: жаңа жұмыс орнына сырлас-сыбайлас командасын қосарлай ерте келеді, жан-жағына рулас-туыстас, ағайындас жегжаттарын топтастыра бастайды, қарамағындағыларын ұрсып-жекiп қатал ұстағанды жөн санайды, қолынан іс келмейтін ұжымда беделі жоқ пысықайларды қызметте көтереді.

Жұмыстың жайын білетін іскер әріптестерінің шетқақпай қалып жатқанын көрген ұжымдастары, міне, осыны көріп басшыға деген сенімдерін жоғалта бастайды. Кейде мұндай басшыларды аяйсың да. Не бастарына күн туды дейсің, қолын бір сілтеп кетіп қалмай ма? Бірақ, өз еркімен кетіп жатқан бірін көрмейсің. Жылы кабинет, жұмсақ кресло – жандарына жайлы болса керек.

Керісінше, басшылық қызметтен қашқақтап жүретіндер де бар. Ұжым алдындағы репутацияларын түсіргісі келмейтін болса керек. Басшы атаулыға жаны қас алақөздердің көбейе бастайтынын сезуі де мүмкін.

Негізі, біз боп, сіз боп, мына қоғамда басшыға деген сенімді арттыруымыз керек сияқты. Жақсы басшылар бар. Олар – ұжым беделі, ел ертеңі. «Жақсы басшы – елге құт» деген сөз содан қалса керек. Өз ұжымына адал қызмет еткен адамды әріптестері де ұмытпайды. Ісін көпке үлгі етіп айта жүреді.

Біздің облыста жанына белсенді жастарды ерте жүретін іскер басшыларды кездестіресің. Білгенін айтып, адаспай дұрыс шешім қабылдауды үйретіп жатады. Жауапкершілікті бірге көтерісіп, ұжымға адал қызмет етуді санасына сіңіреді. Ертеңгі күні сол жас шәкірттері үйренгендерін іс жүзінде қолданып, абыроймен елге қызмет ететіні даусыз.

Басшыға деген сенімді – қосшы, қосшыға деген сенімді – басшы қалыптастырып жатса, жанындағы қызметтестері мұны тек қуанышпен қабыл алатыны даусыз.

ҚАРАЛЫ ЖАНМЕН КӨРІСУ ӘДЕБІМІЗ ҚАЛАЙ?

Жұмыр басты пенде үшін ең ауыр нәрсе – жақын адамынан айырылу. Сондықтан суық хабарды естіген заматта-ақ мұсылман қауымы марқұмның жақын-жамағайындарының жанында болып, жұбату сөздерін айтып, көңіл білдіруге асығады. Мұны біздің жақта, неге екенін қайдам, «көрісу» дейді. (Негізі көрісудің амалы әр өңірде әрқалай – жаңа жылды Байбақты Қазыбек күнтізбесі бойынша қарсы алатын аймақ тұрғындары адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесін «Көрісу (яғни Амал) күні» деп атайды).

Базбір жерлерде қазалы үйде ерлер есік алдында қаз-қатар таяқ таянып тұрса, енді бір жерлерде ағайын-туыстары белдерін ақ шүберекпен буып, қаралы кейіп танытып жатады. Келген адам алдымен солармен көріседі. «Мекем», «қормалым», «бас ием», «қорғаушым», «замандасым», «жолдасым», «бауырым» деп дауыс шығара ұмтылады. Бұл қазақ халқының бауырмалдығының айғағы.

Әр өңірде көрісу әрқалай. Мәселен, біздің жақта көрісе келген жамағат қара жамылып қатарласа тұрған ер адамдармен екі иықтарын алма-кезек қағысып, қол берісіп, әрі қарай, егер ет жақын бауырмалдығы бар болса, ішкі бөлмеге, тізіле отырып жоқтау айтқан әйелдер жағына ойысады. Егіле жылаған ақ жаулықтыларға аят оқып, басу айтады. Сосын сыртқа шығып, ерлермен қайта қол алысып, «үкім – Алладан», «қаза қайырлы болсын», «өлмейтін адам жоқ, сынбайтын темір жоқ», «иманы жолдас болсын», «жаны жәннәттә болсын» деген жұбату сөздерін айтып, бет сипасып, көңіл білдіреді.

Осы қаралы жандармен көрісу кезінде сыртта бел байлап тұрған ер адамдармен әйелдер жағы да құшағын тосып білек айқастыра көңіл білдіріп жататынын байқаймын. Осы дұрыс па екен? Себебі, қаралы қатарда сол әйел затының қайынатасы, қайынағасы тұруы да мүмкін ғой. Ал, ибалы келіннің қандай жағдайда болмасын қайынағасының білегінен қапсыра ұстауы ерсілеу көрінеді. Одан гөрі ер азаматтары көрісіп жатқанда, әйел жағы еріндерінің ұшымен басу сөздерін айтып, жай ғана әйелдер отырған ішкі бөлмеге өтіп кеткені абзал. Іштегі көрініс те солай. Ер адамдар кіріп, келіндерімен білек айқастыра көрісіп жатады...

Бұл жөнінде имамдар не дер екен? Тәртібі қалай еді? Әлде, қателестік пе?

«КӨМІР – ҚАПТАЙМЫН, ҚЫСҚА САҚТАЙМЫН!»

Казгидрометтің болжамына сенсек, екі-үш күннен соң өңірімізге суық антициклон келе жатқан сыңайлы. Бұл хабар қыс қамын ойлай қоймаған кейбір қала тұрғындарына жайсыздау естілгенімен, жыл сайын көмір саудасын қыздырып жататын алыпсатарлар үшін әсте «қуанышты» жағдай.

Өйткені, олар күні бұрын отын базаларынан қара отынды аулаларына түсіріп алып, қаптап буып-түйіп, алғашқы қар қылаң берісімен ойларына келген бағаларын қойып, көше бойына шығара қояды. Мотоцикльдердің тыным таппай қала көшелерінде зырылдайтыны да осы сәт.

Түрлі шаруамен қол тимей, кеше ескі автобекет маңын жағалай қойып едім, әншейінде дарбазаларын айқара ашып, көмір саудасын қыздырып жататындар есіктерін қымтап алып, «қалада көмір жоқ, сәл суық түссін, саудамыз сосын қызады» деп алақандарын ысқылап отыр. Тек әр тұста жеңіл буылған қаптардың қарасы көрінеді. 1300-1500 теңгеден. Үй жылытпақ түгілі, пешке бір салуға да жарамсыз. Қаудырақ қағаздай қау ете қалады. Қаптағы отын ағашы да солай. Жұқалай жарылған 4-5 жаңқа. Әйтеуір, көмір тұтатып алуға болады. Қапқа сенсеңіз, бір күн мұрныңызды жылыту үшін 2-3 мың теңге жұмсайтын сияқтысыз. Алыпсатардың қуанатыны осы!

Ал, отын базаларын жағалап әуре болмай-ақ қойған дұрыс. Онда – жан алысып, жан беріскен «қан майдан». Шіренген шопырлар, кесір отын тиеушілер, тараздан жымқырған безбеншілер. Сәл тұрсаңыз, ақ көйлегіңізді қара түске бояп, қою қара шаң жұтып қайтасыз. Мәдениетті түрде барып, ақшамды кассаға төлеп, қалағанымды сатып ала қоямын деу бос әурешілік...

Қаланы газдандыру жұмысының кезең-кезеңімен қарқынды жүріп жатқанынан хабардармыз. Сөйтсе де, мүмкіндігінше бар шаруаны жиып қойып, қақаған қаңтарға дейін газдандыру жұмысын тездетпесе болмайды-ау. Әйтпесе, мына алыпсатарлар ешкімді аяйын деп тұрған жоқ...

КОМПЬЮТЕР ДЕ «АЛДАП» СОҒАДЫ ЕКЕН...

Жуырда ғана мынадай бір жағдайдың куәсі болдық. Мұны жаңа оқу бітіріп, жұмыс іздеп жүрген барша жас маманға ортақ проблема ғой деп жазып отырмыз.

Аты-жөнін атай қоюды оншалықты қалай қоймаған жас маман, бастауыш сынып мұғалімі деген қалпақтай дипломы бар болған соң, ел қатарлы жұмысқа тұрып, балашағасын асырағысы келді. Үйде босқа қарап отырғанша бала

тәрбиесінде мемлекетке пайдам тисін деп ойласа керек.

Содан жас маман түйіндемесі мен дипломының көшірмесін қолына желбіретіп ұстап алып, қаладағы біраз мектептерді (барлығын дерлік десек те болар) аралап көріп еді, басшылары: «Қайдағы жұмыс? Бала күтімі демалысынан келгендерді қайда сыйдырамызды білмей отырмыз» деп ауыздарын қу шөппен сүртті. Тек біреуі ғана: «Сен алдымен мұғалімдерге жұмыс тауып беретін sitcen.kz дейтін базаға тіркел, сосын мектептерден ваканттық орынға өтініш түссе, тест тапсырып, лайықты балыңды жинасаң жұмысқа тұра қоясың» деп жөнін сілтеді. Жас маман бұған қуанып қалды. Себебі, компьютер арқылы үйде отырып-ақ онлайн режимімен бос жұмыс орындары базасына тіркелсең, оны күнделікті қадағалай отырып, ваканттық орынның пайда болғанын көзіңмен көрсең, сосын жергілікті білім беру бөлімінің шақыртуымен білікті маман екендігіңді дәлелдейтін тест тапсырсаң, сен қатарлы жұмыс іздеп тіркелген өзге әріптестеріңнің арасынан оқ бойы озып, жоғары ұпай жинасаң, қолыңа жолдама-хаттамаңды алып ваканттық бос орынға өтініш берген мектепке барып жұмысқа орналассаң, одан асқан қандай әділдік болмақ! «Осыны жасап отырған, айналайын үкіметім-ай!» деп, жас маман көзіне жас алып, компьютер басына отыра қалып, әлгі sitcen.kz-ге тіркеледі.

Он бес күн өткен жоқ, әлдебір мектеп бастауыш сынып мұғалімі керек деп базаға өтініш түсірді. Көп ұзамай жас маман тестке шақырылды. Бір орынға үміткер 6-7 адам екі сағат бойы тест тапсырды. Жас маман барлығынан да оқ бойы озып, 77 пайыз ұпай жинады (өтпелі ұпай – 50 пайыз). Бұл қуанышын ол енесінен де, күйеуінен де жасырған жоқ. Жұмысқа кіретініне, бала күнгі арманы – балаға жүрек жылуын төгетініне сенімді болды! Бірақ, аламан сынақ мұнымен бітпеген екен. Ертесіне білім беру бөлімі конкурстың кезекті кезеңі – сұхбаттасуға шақырды. Ауызша сұхбаттасуға тестен өтпелі балл жинағандардың барлығы да келді. Төрде төрт адам отыр. Комиссия! Жеке-жеке қабылдап, жаңартылған білімге, педагог мәртебесі мен әдістемесіне қатысты екі-үш сұрақтан қойып жатты. Жақында ғана жаңартылған білім туралы қызыға оқып алғаны бар еді, соның көмегі тиді ме, сарнай жөнелді. Комиссия мүшелерінің бастарын шұғып, компьютерге балл қойып отырғандары аңғарылып жатты. Жүрек

күптігей, енді комиссия не дер екен? Комиссия не десін? Тестен 77 пайыз жинаған бұған «өтпедің» деді, төмен ұпай жинаған әріптесінің қолына «өттің» деп жолдама-хаттама ұстатты. «Хаттаманы компьютер шығарды, біз ештеңе дей алмаймыз» деді буынып-түйініп жатып. «Шешетін – комиссия екен ғой, сонда тестің – көк тиындық құны болмағаны ма?» деп, аң-таң болған күйі бұлар қалды. Сосын «бәріне кінәлі – компьютер екен» деп бірін-бірі жұбатты.

Бұл мәселенің анығын білмек боп, SmartNationJumys порталына хабарласып едік, «бұған біз ештеңе дей алмаймыз, барлығын жергілікті жер шешеді» деген қысқа ғана жауап алдық.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тамыз мәслихатында Үкіметке нақты тапсырма бере тұрып: «Жас маман» жобасының баяу қадаммен жүзеге асып жатқаны алаңдатады. Аталған жобаны іске асыру механизмі толық жүргізілмеген», деп сын айтып еді, рас екен-ау...

Күні кеше Ел Басшысы «Волонтерлік – жастардың әлеуметтік лифті» атты Қазақстан-Ресей жастарының ынтымақтастық форумына қатыса тұрып тағы да: «Білікті жас мамандарды қолдау күшейе түседі!» дегенді де айтты. Бұл бастамалар жергілікті жерден қолдау тапса екен. Креативті, сыни ойлай алатын, жігерлі жастардың жұмыссыз жүруі, барлық мәселені сыбайластықты тоқтататын тестің емес, уақытша құрылған комиссияның шешуі қатты алаңдатады...

ҚАЗАҚ ӘНІ – ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕ

Қырғыз бауырлардың «Таң сыры», «Жамғыр төктү», «Туулан жер», «Кызыл гүл», «Қырғыз жери», «Ала Тоо» сияқты танымал әндерін шырқап, елге таратқан Қырғыз Республикасының халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Тоқтоғұл атындағы Қырғыз мемлекеттік сыйлығының және III дәрежелі «Манас» орденінің иегері, көптеген халықаралық және ұлттық конкурстардың лауреаты Саламат Садыкова «Жаш жубайларға» деген атаумен менің әнімді (сөзі Өтеген Оралбаевтікі, қырғыз тіліне өңдеп аударған Кундуз Авашова) Қырғыз еліне тарата бастады. Қазірдің өзінде ән Манас пен Шыңғыс елінде ерекше «хит»-ке ие.

Әнді тыңдаған қырғыз бауырлар әлеужелілерде:

#baratalieva.g: Керемет ыр

#maha mahoyal: ochen krasivaya pesnya, melodiya, ispolnenie, slova. hochetsya tansevat vals дегендей пікірлер қалдырған.

Саламат Садыкова өнер өлкесіндегі жанқиярлық еңбегімен ел сүйіспеншілігіне бөленген танымал әнші. Әкесінен екі жасында, анасынан тоғыз жасында ерте айырылып, күйеуінің ән салуын оншалықты қалай қоймағанына қарамастан, әнге деген сүйіспеншілігі оны биіктерге көтерді! Қазір Саламаттың репертуарында 300-ге жуық ән бар. Шыңғыс Айтматов кезінде әншіге өте жоғары баға берді. Саламат Ресей, Испания, Оман, Украина, Нидерланды, Бельгия, Люксембургте бірнеше концерттер қойды. ТЮРКСОЙ-дың халықаралық сыйлығына ие болды. Жапонияда және АҚШ-та жеке әнжинақтары жарық көрген. 1990 жылы С.Садыкованың орындауындағы «Туулған жер» ырын қырғыз халқы мемлекет Әнұраны ретінде ұсынған болатын. Бірақ, түрлі себептермен қолдау таппады. Қазір Саламат Садыкова филармонияда «Камбаркан» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне жетекшілік етеді.

Несі бар, екі ел бір-бірінің әндерін айтып, өнердің достық көпірін салып жатса, оған тек «бис!» деп қол соққаннан басқа ештеңе де қалмас!

САХНАНЫҢ САРЫ БАЛАСЫ

Абылайхан Оспанов туралы әркім әрқалай айтады. Біреу ауызы дуалы асаба дейді, біреу дәстүрлі әнші дейді, ал енді біреу оны Мәскеуде халқымыздың әндерін насихаттап жүрген қазақ өнерінің жанашыры деп қабылдайды. Қалай десек те, әйтеуір, үкілі домбырасын қолынан тастамайтын осы бір сахнаның сары баласын кім-кім де құшақ жая қарсы алатыны рас. Танысы да көп, досы да көп. Бұл оның кім болса да жақын тұтып, ішкі-бауырына кіріп кетер адам жатырқамас көпшілігінен болса керек. Әсіресе, балаға деген жүрек жылуы ерек. Базбір жылдары балабақшада музыка жетекшісі бола жүріп, бала тілді балаларға төгілген мейірімінің жемісі ғой деймін...

Абылайхан Кентау қаласынан Қаратау қорығына ұзай бере өзен қуалай қоныс тепкен, тұмса табиғатымен таныс Хантағы ауылының тумасы. Бұл ауыл «Ханның тағы» тарихи ескерткішімен, Қаратау қорығымен, театр сыншысы

Әшірбек Сығаймен мақтана алады. Қызық, Әшағаң да, Абылайхан да бір мектептің түлегі. Екеуі білім алған Пушкин атындағы мектеп – қазақ тілді де, іргесіндегі Абай атындағы мектеп – орыс тілді. Бұл, былай қарағанда, достық пен ынтымақтың, бірлік пен татулықтың баяны іспеттес. Адуын ақын Қасымбек Дәрібаев, жазушы Махамбетжан Нұрлыбаев, новатор-педагог Өміртай Жүсіпов те осы ауылдан.

Елге сыйлы Әлкен көкеміз бен Күнжан анамыздың сапалақ сары, қалқанқұлақ бұйрабас баласы бала кезінен-ақ өнерге ғашық болып өсті. Мектепте жүріп көрші-қолаңның ақ босағасын аттаған жас келіндердің бетін ашып жүріп, той-жиында ән айтып, суырыпсалмалық құймақұлақ қабілетімен ауылға танылды. Анасы Күнжан мақалдап-мәтелдеп сөйлейтін жан еді, Абылайханға сөзқұмарлық қасиет сол анасынан дарыса керек. Кейін музыкаға деген қызығушылығы артып, сегіз шақырым жерден жаяу-жалпылай қалаға саз мектебіне қатынай жүріп білім алды. Бүгінде бұл мектеп қазақтың талантты композиторы Сейдолла Бәйтерековтің атын иемденіп отыр. Кейін Шымкентте пединститутта толыққанды музыкалық білім алады. Осы білімі оны ерекше колоритті үнімен, домбыра қағу стилімен талай биіктерге көтерді. Қазір Абылайхан «терция» тәсілімен – өзі бір дауысты, домбырасы екінші дауысты ұстап, ән айту өнерінде өзгеше бір екпін-әуен енгізіп жүр. Шымкенттіктер Абылайханды «адам-оркестр» ретінде де жақсы таниды. Себебі, ол қолының саусақтарына, аяғының башпайларына сылдырмақ-қоңырауларды іліп алып, дауысын ұлттық аспаптардың түрлі үнімен құбылтып, күрделі күйлердің өзін кәдуілгі бір оркестрдің «жүгін арқалағандай» тәп-тәуір орындап жүр. Қырғыз әндерін нақышына келтіре насихаттап жүрген де осы Абылайхан. Жалпы, Абылай әншінің айнымас кредосы – әбден жаттанды, сіңісті әндерден гөрі, ел ішінде танылмай жүрген әуесқой авторлардың әндерін елге жеткізумен ерекшеленеді. Әр әнді әбден елеп-екшеп, сөзіне жете мән беріп, жүрек елегінен өткізіп алғаннан кейін ғана үлкен сахнаға алып шығады. Негізі, Абылайханның сахнасы – той-жиын, дастархан басы десек те болар. Онда ән тез тарайды және ел қосыла шырқауға ыңғайлы. «Ауыл жатыр той жасап», «Елге сапар», «Текемет», «Ауылға сағыныш», «Айдын көл» әндері осылай тараған.

Абылайханның асабалығы бір төбе. Кішкентай

отырыстың өзін той-думанға, көңілді ортаға айналдырып жіберетін шеберлігі бар. Ән де, әзіл-қалжың да бірінен соң бірі төгіліп, таңның қалай атқанын білмей қаласың. Бір өзі – бір театр дерсің!

Әнші-асаба Абылайханның түрлі ән байқауларынан алған жүлде-марапаттары жетерлік. Жанды дауыспен дәстүрлі әншілерді тыңдап, баға беретін Әміре Қашаубаев атындағы ән байқауының тұңғыш лауреаттарының бірі, Мирный қаласында өткен ән байқауының жеңімпазы... Айта берсе, мұндай жетістіктері көп. Жуырда ғана өзінің туған жері – Кентау қаласы Абылайхан Оспановқа «Кентау қаласының құрметті азаматы» атағын табыстады. Бұл жерлестерінің оған деген ерекше ілтипатынан туған марапат болса керек.

Жалпы, біздің халқымыздың ерекше бір қасиеті – танысын-танымасын, бойында өнері бар адамды Құдайындай құрмет тұтып төріне отырғызатыны! Абылайханның да осы үрдіспен бейтаныс талай жанның төрінде құдайы қонақ болып отырғаны ақиқат. Тамылжыта әндерін шырқаған да шығар. Сол әндері арқылы көңілдеріне жылылық ұялатып, шаттық сыйлаған да болар. Енді мұның өзіне де, 50-ден асқан шағында, сондай бір жылылық, сондай бір құрмет керек сияқты! Ол – облыс орталығында жақсы бір шығармашылық кешін өткізіп, тыңдарманымен қауыштыру! Жақсы әнімен танылған талай шәкіртіне ризашылықпен шапалақ соғып еді, енді өзіне де шапалақ соғатын сәт туған сияқты!

ҚОШ БОЛ МЕКТЕП, ҚОШ БОЛ ФОРМА КӨЙЛЕК...

Қалада мектеп оқушыларының бар екенін тек 1 қыркүйек – Білім күні және 25 мамыр – соңғы қоңырау соғылған сәтте ғана сезіне аласың. Олай деуімізге тоғыз ай бойы әлем-жәлем киініп, қалағанын үстіне ілетін, тек әлгі күндері ғана ақшақардай құлпырып шыға келетін мектеп оқушыларының өздері себепші. Онда да форманы сынып жетекшілері тықақтап қоймаған соң тіктіріп киетіндерін жасырмайды олар.

– Соңғы бес-алты күнде фартук-көйлек тігіп, бір жыл бойғы жоспарымызды орындап алдық, – дейді тігін ательесіндегілер алақандарын ысқылап.

Ал ата-аналар соңғы қоңырауға бір күн қалғанда тігінші іздеп әуре. Өйткені мектеп киімін базарды он айналып іздесең де таппайсың.

Міне, осылайша соңғы қоңырау күні ақ шағаладай әдемі көрініске енген мектеп енді қоңыр күзге дейін қоңырқай тартып тұрады. Ал әпкесі бір киер киімін сіңдісі мектеп бітіргенше сандық түбіне тастай салады. Енді ол зат ешкімге керексіз...

БАРЛЫҚ ЖОЛ БАЗАРҒА БАСТАЙДЫ

Түркістанда ине іздесең де, түйме іздесең де әуре боп базарға барасың. Себебі қаланың басқа аймақтарында сауда жанетұрмыстық қызмет көрсету сервистері қарастырылмаған. Шаштараз да – базарда, асханаң да – базарда. Жаныңа не керек, бәрі базарда. Қала инфрақұрылымына жауапты тұлғалар шағын кәсіпкерлікпен айналысушы азаматтарға базарға үймелей бермей, сыртқы аймақтарда да бизнес жүргізуге кеңес бермей ме осы? Мәселен, «Тұран», «Яссы» ауылдарын айтпағанда, қаланың күретамырларының бірі Қазыбек би көшесінің бойында бірде бір шаштараз, бірде бір дәріхана жоқ. Басы ауырып, балтыры сыздағандар түнге қарай базарға жете алмайды. Одан гөрі Кентауға барып қайтқан тиімді. Ал онда дәріхана әр көшеде бар.

КӨШЕ АТЫН КӨШЕ АРАЛАП ІЗДЕЙМІЗ

Рас, соңғы жылдары қала көшелері біршама қазақылана бастады. Елге белгілі тұлғалардың есімдері беріліп, бір жүйеге келтірілген секілді. Дегенмен, ішінара жұмсақ креслода отырып, жұмыр басын ғана қамдаған, халыққа тигізген зәредей де пайдасы жоқ кей азаматтардың есімдерінің көше маңдайшаларында тұруы іштей қынжылтады. Жалпы, көшеге ірі тұлғалардың есімдері болмаса, негізінен Тұран көшесі, Желтоқсаншылар көшесі, Тәуелсіздік көшесі деген сияқты тарихи атауларды берген дұрыс деп есептейміз. Бұл ұрпақ жадына жақсы әсер етер еді.

Бізде әкімшілік тарапынан «көше атын бердік, ендігісін өзің ойла» деген жаман бір әдет бар. Ал ол қай көше, қайда орналасқан, маңдайшасын кім жапсырады? Бұған ешкімнің басы ауырмайтын сияқты. Сырттан келген

мейман бір көшені іздей қойса бүкіл қаланы аралап шығуына тура келеді. Ол көшені тапқан күнде де бірде-бір үй нөмірі көрсетілмегендіктен, әр қақпаны ұрып, «сіздің нөміріңіз қандай?» деп сұраумен жүреді.

Осыған бір жүйелі көзқарас керек сияқты. Мәселен, «Менің көшем» деген бір акция жүргізсек. Сол күні көше тұрғындары біркісідей өз көшелеріне көше маңдайшаларын жапсырып, үйлеріне нөмірлерін ілсе, біршама реттеліп қалар еді.

Әзірге көше атын көшеме-көше іздей тұрайық.

БІЗ ДЕ БАЛА БОЛҒАНБЫЗ...

60-70 жылдары бала болған біздердің осы күнге қалай аман жеткенімізге таң қаламын.

Бала күнімізде ескі «Запорожье» мінгенде кеудемізге белдік тартпайтынбыз және соғысқан көлікте «қауіпсіздік жастықтары» болмайтын. Қорғасыннан құйылған үлкен темір кереуетте ұйықтап жатып, оның радиациялық зардабын сезінбейтінбіз. Ауыра қалсақ бірсалар піскек (шприц) іздемей, ауылды айнала мың мәрте пайдаланылған шыны піскек пен инені суға қайнатып, дәрі егетінбіз. Биік дуалдар болмайтын, қақпа ешуақытта жабылмайтын, үй есіктерінде құлып тұрмайтын. Суды ауызымықтап жабылған пластикалық шөлмектерден емес, кәдімгі ағын судан іше салатынбыз. Құлап қаламын-ау деп велосипедке темір телпек киіп мінуді де ойламаппыз. Таң қаламын...

Үйден таңертең шығып кетіп, қас қарая бір-ақ оралатынбыз. Біздің қайда екенімізді бір Алладан басқа ешкім білмейтін. Ұялы телефон атымен жоқ қой! Аяқ-қолымыз тілініп, жұдырықтасудан тісіміз түсіп, ұршығымыз шығып жатса да, ешкім сотқа бермейтін. Бәріне тек өзіміз кінәлі болатынбыз. Қан-жоса болып төбелесіп, көзіміздің айнала-сы көгеріп жүрсе де, оны үйреншікті нәрсе санайтынбыз. Ертесіне түк болмағандай әлгі жұдырықтасқан «досымызбен» ойынды қайта жалғастыра беретінбіз. Жығылып қалып, тізіміз қанаса, жараға топырақты уыстап құя салатынбыз Таң қаламын...

Қазіргідей бір үйдегі ағайынды әр бала сыртқы орамына қарап әдемісін жеке-жеке таңдап жейтін балмұздақты

қалаға барғанда ғана қолға алып, барлығымыз жабыла жалайтынбыз. Одан ешкім де ауырып не ұшынып қалмайтын. Ешқайсысымызда да «айфон», планшет, наушник, интернет болмады. Мультфильмді көрші үйге, киноны клубқа барып көретінбіз.

Есесіне бізде достар көп болды. Қайсыбір аулаға барсаң да дос тауып алатынсың. Бірге велосипед теуіп, арыққа қағаз қайық жүздіріп, көпір үстінде отырып арман қиялына берілетінбіз. Ғарышкер болғымыз келетін, жазушы немесе мұғалім болуды армандайтынбыз. Ешкім де кәсіпкер не киілер болсам, байысам деп ойламайтын. Қажет кезінде көршінің ауласына шарбақ арқылы секіріп түсіп, қалағанымызша өрік-алма, қауын-қарбыз жейтінбіз. Үй иесі байқай қалса «ой, жүгермектер-ай!» деп қуалап ұстап алып, қойын-қонышымызды толтыра мәуе салып беретін.

Неше түрлі ойындар ойлап табатынбыз. Екі бала ойын бастаса, қалаған балалар қосыла кететін. Көршінің бақшасында пішен шабылып жатса асарлатып жабыла кететінбіз. Таң қаламын...

Мұғалім сабақта «екілік» қойса, оны түзеткенше кітап ақтарумен болатынбыз. Тамыр-таныс салып баға түзетуді ойламаппыз. Мұғалім келе жатса бас киімімізді шешіп, өтіп кеткенше шегініп тұратынбыз. Қаттырақ сөйлесе әкеміз ұрысқандай монтиып тұратынбыз. Нұқып қалса мектепке атанамызды сүйреп әкелмейтінбіз. Қайта олар өзіңді жазғырып, итіңді шығаратын. Бір әдеби кітап қолға түссе мұқабасы әбден тозып біткенше бүкіл сынып жабыла оқитынбыз.

Әр әрекетіміз тек өзіміздікі болатын. Артының не боларын біле тұрсақ та еркін қимылдайтынбыз. Милиция мен сотқа құдайдай сенетінбіз. Оларды сатып алуға болады деген ой үш ұйықтасақ та түсімізге кірген емес. Әскерден амал тауып қалып қою, ЖОО-ға түсу билеттерін (қазіргі тест сұрақтарын) сатып алу деген болмайтын. Тек заңға, ар-ұятқа ғана жүгінетінбіз. Таң қаламын...

Осы жылдарда балалық шағы өткен адамдардың бойында қазір де сол иманның сарқыншағы бар. Мұнысын білетін қызметте тез өскіш «пысықайлар» оларды өсірмей, тек қара жұмысқа салып, өздері солардың арқасында «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» күн көріп, өмір сүруде. Бірақ бұдан олардың шаршамайтынын, керісінше, ауыр еңбектен

ләззат алатынын бұл бәтшағарлар білмейді де. Таң қаламын...

Егер сіз, менің ғаламтордағы досым, сол жылдардағы перзенттердің бірі болсаңыз, онда бақытты екенсіз. Өйткені сіздің балалық шағыңыз санаңызды «инстаграмм» пен «ватсап» әлемі жаулап алмай жатып өтіп кетті. Әйтпегенде «бешірде» айнала отырып, мондалин әуеніне балқымай, би кештерінде кездейсоқ біреумен секеңдеп билеп кетер едіңіз.

Әрине, сіз қазіргі жастар сияқты «Лимузинге» мінбедіңіз. Есесіне «Москвичпен» талай жерді шарладыңыз. Тозығы жеткен іш киіміңіздің резенкесін далаға тастамай «рогаткіге» байладыңыз. Темір қалбырдан таба нанға по-видло жағып жедіңіз. Тіс батпайтын томардай көк қантты жаладыңыз. Көшенің кез келген бұрышындағы автоматтан 1 тиынға газды су іштіңіз. 2 тиынға телефонмен жарты сағат бойы сөйлестіңіз. Жұмыстан қайтар жолда үйде жейтін нәрсе бар ма екен деп уайымдамадыңыз. Айлық алсаңыз бір айға жетер ме екен деп пұшайман жемедіңіз.

...Ия, біз осындай едік қой. Ал қазір қандаймыз?

- фейсбукте отырып көршіге «дружба» лақтырамыз;
- өз отбасымызбен ватсап арқылы сөйлесеміз;
- единицам тауысылды деп досымызға «гудок» тастай-

мыз;

- күні бойы соткадан бас алмаймыз;
- наушниксіз сыртқа шыға алмаймыз;
- автобусқа қарт кісі мінсе «ей, мынау да, сүйретілмей үйінде жатпай ма, орнымнан тұрғызып жіберетін болды ғой» деп терезеге теріс қарай саламыз;
- ата-ана жағдайын сұрауға уақыт таппаймыз.

Ех, балалық шағым-ай! Қайта айналып келсең ғой!..

МОЛДА БІТКЕННІҢ ӨЛІМ ШАҚЫРЫП ЖҮРЕТІНІ НЕСІ ЕКЕН?

Мұсыман болған соң, әр пенденің алыс-жақын жамағайынын жиып үлкенді-кішілі ас беріп жататыны рас. Осындайда дастархан иесі төрде отырып, келген-кеткенге дұға бағыштап, уағызын айтып отыратын ауыл молдасының болғанын қалайды. Молдекеңді бұрынғыдай көшеден не көршіден шақыра салмайсың. Күні бұрын үй іргесіндегі махалла мешітіне арнайы барып, сағат-минөтіңді жорналға

тіркетіп, молдаға «тапсырыс» бересің. Әйтпесе, сәлде оранғандардың той қуалаған асабалар сияқты, «әттеген-ай, заказ алып қойып едім» деп сақалын сипап қашатыны бар. Жуырда ғана Кентау қаласындағы «Әр-Рахым» мешітінен келген «заказной» молданың жаназа шығара салысымен: «жердің басына бара алмаймын, тапсырысымда олай жазылмаған» деп тұра қашқаны осындай уақтылы тапсырыс берілмеуден туған жағдай болса керек.

Біздің айтпағымыз бұл емес-ті. Өздеріңіз де жиын-астан байқап жүрген шығарсыздар, сіздерде қайдам, біздің өңірде қайсыбір молда болмасын уағызын тек өлімге, о дүниеге, тозақ отына негіздеп сөйлейтін болып жүр. «Өлімге дайындалайық, жамағат», «Күн сайын, сағат сайын өлімді ойлап жүруіміз керек», «Өлімнен ешқайсысымыз да қашып құтыла алмаймыз», «Қабір азабын естен шығармаңдар, ағайын» деген сияқты үрей тудыратын уағыздарды көбірек айтады. Өздері солай қорқытқысы келе ме, жоқ әлде, жоғарыдан сондай пәтуалі уағыз тапсырылды ма, әйтеуір, ажарлы өмірден гөрі ажалды өлімді көбірек мысал етеді. Жаназа үстінде болса мейлі ғой, жай күндері де Құран бағыштасаң болғаны молдадан еститінің осы. Өлімнен қашып құтыла алмайтынымыз баршамызға аян ғой, енді солай екен деп, оны күн сайын, сағат сайын еске сала бергеннен ұтарымыз не? Ерте ме, кеш пе – күндердің күнінде Алла Тағаланың маңдайымызға жазған уақыты таусылғанда о дүниеге аттанып жүре беретініміз хақ. Ал мұны уағызының түйініне айналдырып алған молда нені көксемек? Одан гөрі Пайғамбарымыздың: «Қанағатшыл бол. Алланың саған берген үлесіне разылық көрсет», «Ең жақсы адам – өзгелерге көп пайдасы тиген адам», «Өзің үшін қалаған нәрсені өзгелер үшін де қала», «Алланы көп еске алсаң, сонда Оған жақындайсың», «Ғибадаттарың мен іс-әрекеттеріңде Алланың сені көріп тұрғанын ұмытпа. Сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұрады», «Өзіңе және бүкіл жаратылысқа (жанды-жансыз) мейіріммен қара. Сонда Алла да саған аяушылық білдіреді», «Аллаға тәуекел ет. Одан ажырама», «Ешкімге ашуланба, сонда ашудан аман қаласың», «Сен әурет жеріңді жап. Сонда Алла да сенің кемшіліктеріңді көрсетіп масқара етпейді» деген сияқты имандылыққа шақыратын хадистерін мысал етіп уағыз айтса, көпшілік көңіл қойып тыңдар еді.

Қалай десек те, шариғат білгірі, діни ұстазымыз – молданың адамдарды өлімге емес, жарқын өмірге, жақсылыққа уағыздап жүргенін қалар едік...

ТЕГІ ЖОҒАЛҒАН ӘНШІЛЕР

XVII-XVIII ғасырдағы халық әнші-композиторлары ел жадында Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Ақан Сері, Біржан Сал, Үкілі Ыбырай сияқты халық еркелеткен әдемі есімдерімен есте қалып еді, қазіргі «шоу-бизнесті» жағалап жүрген әншілердің аты-жөндері біртүрлі қызық: Беркут, Кентал, Бату, Понти, Лана, Лидо, Райм, Бибо, Айқын, Әміре, Шаһизада, Ғазизхан, Дана, Томирис, Дос... Әкесінің, атасының кім екені белгісіз. Азан шақырып қойған есімдерінен безіп, аспаннан салбырап түсе салғандай лақап аттарымен мәз-мейрам болып жүр. Аша Матайдың – Ақбота Асқарова, Кенталдың – Талғат Кенжеболатов, Лананың – Қорлан Күнсеркина, Лидоның – Лидия Досалина, Бибоның – Бейбіт Құсайынов екенін екінің бірі біле бермесе керек-ті...

Бұрынғы әншілердің әуен-саздары бірде асқақ, бірде ойлы, бірде ойнақы, бірде сырлы естіліп, терең толғау, толғақты пәсафа, адамның жан күйінің шуағы, сәулесі, қуаты, шері мен шаттығы қат-қабат өріліп жататындықтан, халық олардың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қарай еркелете бүркеншік есімдер таңған болатын. Онысы құлаққа жағымды, жұмсақ, талантына сай талғамды естілетін. Қазіргі әншілер бүркеншік есімдерін өздері қалап алғандықтан ба, әйтеуір құлаққа ерсі, түрпідей тиеді. Еш мағына жоқ, әйтеуір, ерекше болу, айрықша көріну сипатын ғана көздейтіндей. Бұларға еліктеген мектеп-балабақша балалары да кішкентай сахналарына шығарда Баука, Гал, Жан, Ерёма, Сико, Тимка деген сияқты «есімдерімен» хабарлатып, маңғаздана шығатынды үйреніп алыпты.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деуші еді, ертең 80-90-дағы қарияларға Понти ата, Баука ата деп ат таңып алмасақ болғаны...

КҮЛКІ АРСЫЗ немесе «ҚАТЫН КҮЛКІ»

Түні бойы ұялы телефондарымен «алысып», таң ата оны дыбыссыз режимге қойып алып түске дейін тұяқ

серіппей ұйықтайтын «заманауи» жастардың кешқұрым кафе-ресторандарды жағалап жүретіні көзге үйреншікті көрініс болып қалды. Осындайда ерте тұрып мал жайғап, қора тазалайтын, үй тірлігіне қолғабыс жасап, көршінің үйіне барып асарлата қоятын ауыл жігіттеріне таңданысымызды жасыра алмаймыз.

Ата-анасының өбектеуімен шолжаң болып өскен қала баласы ешнәрседен қамсыз. Қамсыз болған соң жылы төсектен тұрғысы келмейді. «Тұр! Үй шаруасын қамда!» деп жатқан ана жоқ, «неғып жатырсың?» деп қамшылап жатқан әке жоқ. Бар шаруасы – компьютер, тамақ, телевизор, сотка! Іздейтіні – ойын-сауық. Кафеде жағалай отырған, міне, осы жастар. Сыртта – әкесі әперген «иномарка», іште – өзі. Езуінде түгін будақтатқан «қор-қор», маңында ұйқыдан енді ғана оянып, қайда келгенін есіне түсіре алмай отырған өзі құралпы құрбы-достары. Бос ыржың, мәнсіз отырыс...

Біздің айтпағымыз – жастардың күлкісі еді. Не сайтын күліп жатқанын, не әйел күліп жатқанын біле алмайсың, әйтеуір залды басына көтерген шикі бір шикыл, даңғой, дарақы күлкі пайда болды. Ер адамдар кеңкілдей күлуші еді, мынау бір қатынға бергісіз арсыз, тексіз ыржалақ.

«Ақылсыздың белгісі – орынсыз жерде күледі» деп Майлықожа ақын айтпақшы, орынсыз жердегі күлкі адамның алаңғасарлығын, еш нәрсенің парқына бармайтындығын, тәрбиесіздігін көрсетеді. Дәстүрлі ортада күлудің өзіндік әдебі болатынын жастарымыздың ұғатын кезі келді. Көпшілік ортада жалғыз отырғандай бар дауысымен айқайлай күлу айналасына ыңғайсыздық туғызады. «Артық байлық адамды аздырады, артық күлкі жиреніш қоздырады» демеуші ме еді? Тым ерсі күлген адам, өзі сезбей отырса да, маңайына түрпі.

Кафені басына көтеріп отырған жастар! Жан-жағыңда әдепті жандар отыр, бала-шағаң ойнап жүр, күлкімізді тыййайық. «Арыстанның тісін көрсеткені – күлгені емес» дегенді қаперімізден шығармайық...

КЕШІККЕНГЕ НЕГЕ ЖАЛПАҚТАЙМЫЗ ОСЫ БІЗ?

Кешігіп жүру, кешігіп келу, кешігіп қалу... Осы бір қанға сіңісті болған әдет кейбір адамдардың өмірлік дағдысына ай-

налып бара жатқан сыңайлы. Когнитивті мінез-құлық психотерапиясымен көп жылдардан бері айналысып келе жатқан Лондон клиникасының дәрігері Гарриет Меллот өнебойы кешігіп жүретіндерге: «Легче всего приписывать опоздания неорганизованности, безалаберности, отсутствию должного воспитания и уважения к другим», – деп лайықты баға беріпті.

Өкінішке орай, айналамызда кешіккеніне қымсынбайтын, қайта оны тектілік, зиялылық санайтын адамдар көп. «Бастық кешікпейді, сәл аялдайды» деген түсінік содан қалса керек. Жұмысқа жарты сағатқа дейін кешігіп жүру, оны сыртқы факторларға сілтей салу, жұмыс кабинетіне уақыт кестесіне сай келмеу, ерте кетіп, кеш оралу – осының барлығы айналасындағы адамдардың жүйкесіне кері әсер ететін жағдайлар. Біреулер мұны сабырмен қабылдайды, ал енді біреулер... шыдай алмайды.

Әлдебір шендіні күткен тойдың өте кеш басталатыны, маңызды іс-шараны ашу үшін келуі тиіс мемлекет қызметшісінің кешігуінен қаншама алтын уақыттың текке жоғалатыны – бізге таныс жағдай.

Кешкі 7-ге шақырылған тойдың 9-да басталып жататыны, ертелеу келген қонақтардың күтуден шаршап, қарындарын тойдырып алған соң ертерек сытылып кетіп жататыны осыдан. Іс-шараларда залға адамдарды қамап алып, есік күзету де осы кешігуден туындайды. Уақтылы басталса жақсы іс-шарадан ешкім де кетпес еді әрі есік күзетіп әуре болмас едік.

Бір қызығы, кешігушілердің беттерінде қытық болмайды. Мен кешігіп келдім-ау, мына кіре беріске, босаға жаққа отыра салайын-ау деген түсінік болмайды оларда. Талтаңдап төрге озады. Манадан осыны күтіп зығырданы қайнап отырған залдан бос орын іздеп, қақ ортада талтая тұрып, көзін жан-жаққа салып, маңғаздана шолады. Ішкі есебі: біреу жүгіріп келіп жетекпен алып кетсе, әлдебіреу тұрып орын берсе, бұл ұялмай барып отырса.

Кешіккенге неге жалпақтаймыз осы біз? Жалпақтаған соң олар маңғазданады. Кешіккенім жөн екен дейді. Біреулер өзін көрсету үшін әдейі кешігіп жүруі де мүмкін. Бұған сіз боп, біз боп тоқтау салмасақ, ертең кешігіп қаламыз!

ҰЛТТЫҚ ӘУЕНІМІЗДІ ЖОҒАЛТЫП АЛМАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Жастар бүгінгі эстраданың «мега-жұлдызы» деп санайтын Ернар Айдар деген әншіні сырттегі естіп жүргенім болмаса, әндерін оншалықты зейін қойып тыңдай бермейді екем. Жуырда жолға сапарлай шығып, шопыр ән-альбомын қайта-қайта айналдырып қоя берген соң, шарасыздан екі сағат бойы тыңдауға мәжбүр болдым. Көңілім қалды! Дауысы құлаққа жағымды, ән иірімін дұрыс қайырып айтатын-ақ әнші екен, бірақ ұлттық ән-әуенімізді талғай алмайтынына, қазақ әуенінің гармониясын шығыстық қалыпқа салып алатынына ренжідім. Айтып жатқан әндерінің барлығы сөзі қазақша болғанымен, қарақалпақ па, ұйғыр ма, өзбек пе, иран ба, әйтеуір бізге жат бір әуендердің иірімі. Әдетте «жұлдыз-әншілер» танылып алғаннан кейін бір композитор-ән әрлеушімен жұмыс жүргізе бастайды.

Тұтастай соған тәуелді «студия әншісіне» айналады. Келісім-шартқа отырады. Басқа ән жазғыштардан реті келсе қашқақтап жүреді.

Сөйтеді де, ізденісі сарқылып, өзін өзі қалай қайталап жатқанын байқамайды. Ернарға кімнің ән жазып жүргенін білмеймін, әйтеуір не сол сазгердің, не Ернардың әлгі шығыс әуендеріне бір жақындығы бардай көрінеді. Тыңдап көріңіз: «Күнім, сен сөнбеші», «Жақында маған», «Ұнатамын», «Жақсы көрем осы қалпыңмен», «Жаман ба?», «Балым» т.б.

Ернардың Димаш замандасындай қазақтың халық әндерін құйқылжыта шырқауға толық мүмкіндігі бар. Неге байланып отыр? Әлде, репертуарын өзі таңдамай ма? Қазір продюсер деген шықты ғой. Соған тәуелді ме? Қалай болғанда да, өз басым үні бөлек Ернардай әншінің халық әндерін, халық композиторларының әндерін айтқанын қалаймын. Сонда ол жеке концерт берумен ғана шектеліп қалмай, әлемдік сахнаға да шығуға мүмкіндік алар еді...

Ернарды жастар көп тыңдайды екен. Сол жас әнқұмарларымыз қазақ әнінің иірімі шығысқа жақын екен-ау, өзіміздің ұлттық әуен колоритіміз жоқ па сонда деген ойда қалмаса екен деген тілек қой біздікі...

БҮЛДІР.

СОСЫН КЕШІРІМ СҰРАЙ САЛ...

Жүргізуші мас күйінде көлік жүргізіп келе жатып, жаяу жүргінші өткелінен өтіп бара жатқан жазықсыз адамды қағып кетеді. Мастығы тарқаған соң, туыстарын ертіп алып, марқұмның қайғыдан жылап-сықтап отырған ағайындарынан кешірім сұрай салады. Үлкендердің сөзіне тоқтаған туыстары: «кеткен адам кетті ғой, қайтеміз...» деп амалсыздан кешірім береді...

Базарда екі әйел бет көріспестей боп, бір-бірін балағаттап, елдің алдында абыройларын төгіп, жаға жыртысады. Араға адам түсіп, бір-бірінен кешірім сұрай салады. Қайтеді, кешіреді...

Ер азамат ашуын ұстай алмай, осыдан сәл бұрын: «сенсіз өмір сүре алмаймын, алақаныма салып өтем!» деп уәде етіп алған жарын сабап тастайды. Есін жиған соң кешірім сұрай салады. Заты әйел ғой, кешірім береді...

Араздасқан екі туыс әулет ынтымағын ойлап, «Амал күні» тізе бүге бір-бірінен кешірім сұрай келеді. Ағайыннан алыс кетсін бе, кешірім береді...

Атпалдай азаматты айдын-күннің аманында шәкірттерінің алдында әй-шайға қаратпай қолын бұрап, мәшинеге салып алып кетеді. Артынан кешірім сұрай салады. Қызметтегі адамның абыройын төксін бе, кешірім береді...

Қарап тұрсаң, бәрі оңай. Бүлдір. Сосын кешірім сұрай сал!

Кешіруін кешіреміз-ау. Ал, жүректегі жараны қалай өшірер екенбіз?

Артынан кешірім сұрап жүгірмейтіндей өмір сүру қиын ба осы бізге?

ҚОРҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ НЕМЕСЕ ЮТУБ-ФОБИЯ

Бала кезімізде бұзықшылық жасасақ, «әкеңе айтам», «мұғаліміңе ертіп барам», «анаң естімесін» деп қорқытушы еді, қазір жұрт «ютубқа салам» дейтін үрейлендірудің жаңа бір тәсілін ойлап тапты. Әлдебір мекемеге барып, әрекеттерінің заңсыз екенін айта бастасаң, не болмаса еріксіз ашу шақырсаң, соткасын суырып алып, сенің қалауыңсыз, әй-

шайға қаратпай бейнежазбаға түсіре бастайды. «Ютубқа салам, бүкіл әлемге масқара боласың!» деп қорқытады. Қандай қоғам болдық сонда? Адамдық, азаматтық қасиет қайда? Сабыр, түсінісу қалды ма сонда?

Заң бойынша фото және видеоға түсіру тәртібі қауіпсіздігі әр түрлі деңгейлі қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде және сот залында қарастырылған. Сонымен қатар, ҚР Азаматтық кодексінің 145-бабында («Өз бейнесіне құқық») қандай да бір адамның сурет бейнесін оның келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда – мұрагерлерінің келісімінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ, егер адам өзінің суретінің басқа бір жерлерде таралуын қаламаса онда түсіруге тыйым салынады деп жазылған. Шариятта да «Қиямет күні ең ауыр азапқа душар болатындардың бірі осы суретті (бейнені) рұқсатсыз таратушылар» (Бұхари, Әдәб, 75) деп ескертілген. Яғни, адамның еркінен тыс, келісімінсіз бейне жариялау үлкен күнәға апаратынға ұқсайды.

Қит етсе, соткасын ала жүгіретін «бәлеқорлар» мен «қызық қуушылар» бұған не дер екен?

ЕРЕКШЕ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ ЗӘРУМІЗ

Бір көргенде таң қалдыратын ерекше ескерткіштер адамға қуаныш сыйлап, қалаға сән беру үшін ғана соғылады десек, қателесеміз. Алдымен оны кез келген халықтың өнері мен мәдениетінің көрінісі деп қабылдау керек. Мұндай ескерткіштер мүсіншінің қиялына қарай түрлі абстарктіде мүсінделе береді. Креативтілігі соншалық, бір қарағанда адамға айрықша шабыт сылайтыны рас. Селфилетпей жанынан өте алмайсың. Әрі ол қаланы жарнамалауға таптырмас құрал. Әлем қалаларында, әсіресе, Еуропада мұндай ескерткіш-мүсіндер өте көп. Олардың әрқайсысының белгілі бір шығу тарихы бар: «Өлген жылқы үстіндегі Вацлав» (Прага), «Шаптырып тұрған бала» (Брюссель), «Аспанға асылған аспа жол» (Бонди), «Экспансия» (Нью-Йорк), «Көкжиек» (Жаңа Зеландия), «Жоғалып бара жатқан адам» (Вашингтон), «Белгісіз қызметкер» (Исландия), «Сөйлейтін шам» (Швеция), «Бағдаршам-ағаш» (Лондон)... деп кете береді. Санай берсек, сан жетпейтіні рас. Біздің Алматы мен Астана да мұндай ескерткіштерден кенде емес: «Жер-Ана», «Суретші», «Ғұмыр ағашы», «Қалалықтар», «Ғашықтар»

(Астана), «Битаз», «Бағбан», «Жылқы басы», «Ашуға мінген бұқа», «Жауырын» (Алматы). Сабаннан соғылған «Тиін» сияқты елдің наразылығын тудырған ескерткіштер де болды.

Мұндай ерекше мүсіндер кейінгі кезде Түркістанда да пайда бола бастады. «Шәйнек үлгісіндегі субұрқақ», «Бір тал гүл ұсынған қол». Өкінішке орай, бұлар сәтсіз туынды болған сияқты. Сол себепті де әлеуметтік желіде блогерлердің қызу талқысына ұшырады. «Плагиат» деді, «Айтар ойы жоқ» деді, әйтеуір, ұната қоймағаны анық.

Дегенмен, облыс орталығы ретінде қалыптасып, түрленіп келе жатқан жаңа қалаға мұндай креативті ескерткіштер керек-ақ.

Сонда қайтпекпіз? Көз сүйсінетін мүсін соға қояр сәулетшіні қапелімде көне қаладан таба алмасымыз анық. (Бар болса, әлгіндей жұрттың күлкісін тудыратын ескерткіштер соқпас еді ғой). Дизайнерлердің тапшы екені тағы рас. Дұрысы – жөні осы екен деп мән-мағынасыз арматура мен гипсті жұмбаздай бермей, ерекше ескерткіштерге мүсіншілер арасында республикалық конкурс жариялаған жөн сияқты. Және мұндай қызықты мүсіндерді ұзақ тұратындай етіп Еуропа қалаларындағыдай мыспен соққан абзал.

Ауада қалқыған шәйнекті «ұстап» тұрып суретке түсуге құмар ағайын бұған не дер екен?

ПАРТНЕР

Партнер (фр. partenaire) – бірлесіп қатысушы, әріптес деген мағынаны білдіреді. Осыған «перзентханадағы еркек» дегенді де қосып қоямыз-ау. Түрік сериалдарының әсері ме, әйтеуір, кейінгі кезде босанғалы жатқан жас келіншектер «маған партнер боласың» деп соқа басты еркектерін соқталдай ғып перзентханаға ерте баратын болған. Партнерлікті – «серіктесе босану» десек, бұл босанушы әйелдің жақын адамдарының тікелей босануға қатысуына келіңкірейді. Серіктестің міндеті – рухани қолдау, толғатып жатқан адамға қолайлы әсер ету. Мұндай адамның бір есептен алдын-ала босану процесін біліп, дайындалып келген кәсіпқой әйел болғаны жөн. Босанушы әйелдің белін, ішін сипап, әйелдің дұрыс тыныс алуына, жүріп-тұруына, тамақ-суын ішуіне көмектеседі. Қарап отырсаң, осының барлығы мем-

лекеттен жалақы алып отырған перзентханадағы дәрігердің немесе акушердің міндеті сияқты. Партнер солар болуы тиіс. Ал, шын мәнінде, жауапкершіліктен қаша ма, әйтеуір, барлық шаруаны дүниеге перзент әкелгелі жатқан ананың туыстарына жүктей салған. Ал, келін қайын жұртынан гөрі осынау ауыр процесте күнде ойнап-күліп жүрген күйеуінің болғанын қалайды. Осыдан келіп, еркек байғұстың перзентханада отыратын «дәстүрі» пайда болды.

Ілгеріде аналарымыз күйеуін перзентханаға ертпек түгілі, үйде босанса да жабықтан сығалатпайтын. Ал, ер азамат ат шаптырым жерде тұрып, оқтаулы мылтығын ауық-ауық аспанға атып, әйелінің жеңіл босанып алуына көмек көрсететін.

Негізінен әйелдердің пікірі ер адамының «партнерлігі» жағында: «Серіктестік босануға қатысқан ерлердің одан кейінгі отбасылық өмірі өзгере бастайды, әрине жақсы жағынан», «Серіктестік босанудан кейін әйел мен ерінің арасындағы сезім артып, жауапкершілік күшейе түседі», «Жолдасымның өмірімдегі ең маңызды сәттердің бірінде қасымнан табылғанына қатты қуандым. Себебі ол қасымда болса қорғаным бар сияқты сезінемін, қорықпаймын».

Ал, ер адамдар бұған не дер екен? Әлде, оларға перзентханада келіншегімен бірге жатып «толғатқан» ұнай ма?..

ШАЙ ІШІП КЕТСЕҢ ҚАЙТЕДІ, МЕН ҰСЫНҒАН КЕСЕДЕН...

Шай ішу дәстүрі ежелгі Қытайдан бастау алады десек те, шайды бабымен ішетін бір халық болса, ол – қазақ. Әсіресе, ауыл қазағы келген мейманға шайды сүт-қаймақ қатып, сән-салтанатымен әдемі ұсынады. Самауырды сексеуіл шоғына, мал тезегіне маздатып, баппен шай демдеп беретін ағайын да бар. Шай ішпесек басымыз ауыратын қазақпыз ғой...

XIX ғасырдың ортасына дейін шайды негізінен ауқатты қазақтар ішкен. Уақыт өте келе шай ішу қонақ күтудің негізгі рәсіміне айнала бастады. Қазекем шайды аз мөлшермен кесенің түбіне құятын болған. Толтыра құю келген қонақты сыйламау ретінде қабылданған. Ал, қонағымыз кеседегі шайды түбіне дейін ішпейтін, бұл дым көрмеген әдепсіздік болып саналған.

Әлемде шайдың кеңінен тараған бірнеше түрі бар: көк шай, сары шай, улун шайы, қызыл шай, пуэр, гүлді шай...

Қазір біз Түркістандағы шатхана мен мейрамхана мәзірінен шайдың төрт-бес түрін байқап жүрміз: қара шай, көк шай, сүт қатқан шай, лимон қосылған шай... Кейінгі жылдары «ташкент шайы» дейтін қосылды (екі шайдың қосындысынан әзірленетіндіктен, оны «махаббат шайы» деп жүргендер де бар). Негізі түркістандықтардың «ташкент шайы» деп жүргендері – көк шай мен қара шайдың лимон мен шекер-набат қосқан қосындысы. Ташкенттің өзіне барып кафелерден «ташкент шайын» сұрағанымызда алатопылы ағайынның көк шайды ұсына бергені бар. Соған қарағанда «ташкент шайының» «авторы» түркістандық ағайын болса керек. Сондықтан бұған «түркістан шайы» деп ен тағып алғанымыз абзал...

Көк шайдың өзбек ағайындардың шөл басар сүйікті сусыны екені рас. Енді біз де сүт қатқан шайымызды «қазақ шайы» деп мөр басып рәсімдеп алғанымыз жөн-ау! Қазекемнен артық шайды сүт қатып бабымен демдер қай халық бар дерсің! Бұл да – қымыз, қымыран, шалап сияқты жеңсік төл сусынымызға айналар еді...

Ендеше, ағайын, даяшы қолымызға ұстатқан ас мәзіріне үңілгенде «сүт қатқан шай» демей – «қазақ шайы», «ташкент шайы» демей – «түркістан шайы» деп тапсырыс беруді әдетке айналдырайық!

БОЙЖЕТКЕНДІ ӨЗ БОСАҒАСЫНАН ҰЗАТЫП САЛМАЙТЫНЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

Жаһанданамыз деп, бойжеткен қыздың алтын ұя – өз жұртымен қимай қош айтысар ұзату тойын у-шумен, ойын-сауығымен, арақ-шарабымен тойханада өткізетін болып жүрміз. Яғни, жаңа өмірге қадам басқан қыз балалық балғын шақтары, тәтті сәттері өткен өз жұртынан емес, әлдебір кәсіпкердің «босағасынан», яғни тойханадан ұзатылып кете барады. Қызды алып кетуге келген құдалар жағы болашақ келіндерінің туып-өскен алтын босағасын көрмейді. Ішкені ірің, жегені желім боп, той бойы тағатсыздана сағат тіліне қарағыштаумен болады. Себебі түнгі 12-ден қалдырмай қызды алып кету дейтін еш жерде жазылмаған бір «заң»

бар.

Сағат 12-ге тақаған шақта күйеу бала тойхананың кіре берісіне жалға алған қымбат көлігін тақап қойып (кейбір «наглет» еткендері той ортасына алып кіреді де), қаралы жиындағыдай елді зар илете күңіrentкен асабаның соңғы сөзін күтер-күтпес, көз жасын тыя алмай тұрған Золушка-жарын ата-анасының, ағайын-туыстарының қарсы алдында, көздерін бақырайтып қойып, ұяты мен ары боп саналатын бұтынан қармап көтеріп алып, мәшинеге атып ұрады да, болашақ жарын бағып-қағып өсірген қайын жұртына қош деуге де жарамай, тура жын қаққандай бар жылдамдығымен еліне қарай жүйткі жөнеледі. Алтын босаға қайда, ел қайда? Оған бәрібір.

Аңтарылған жұрт асабаның: «арттарыңа қарайламаңдар, тойханаға қайта кіруге болмайды» деген желеу сөзіне сеніп, бастары салбырап, жынынан айырылған бақсыдай әрі-сәрі күй кешіп, егіліп тұрған қыз ата-анасына басу айтқансып, алаң көңілмен үйлеріне қайтады...

Ілгеріде қыз өзінің ақ босағасынан ұзайтын. Өз үйінен күйеу еліне аттанарда ауылын аралай жүріп, жақын туыстарымен қоштасатын. Ондағы мақсат – ағайындарымен жүздесіп шығу ғана емес, әр туыстың от орнымен, шаңырағымен қоштасып, сол шаңырақиелерінен, дәстүр бойынша ескерткіш есебінде ұсынған сыйлықтарын қабылдап, ықыластарына ризашылық білдіріп, олардың сый-сыпаттарын көзіндей көріп, құшағына басып аттанатын. Соңынан ақ босағасына келіп, ата-анасымен, жұртымен, құрбы-құрдастарымен қоштасып, «сыңсу» айтып, өзінің жаңа үйіне жеңге-қайынсіңділерімен бірге кете баратын. Күйеу тек алыстай еріп жүретін, аяғына жармасып, көтеріп әкетпейтін.

Сіз қалай ойлайсыз, жат жұртқа жарым көңілмен кетіп бара жатқан қызға ұзатылар кезде өз босағасы қымбат па, әлде тойхана босағасы қымбат па?

ТЕРМИНАЛ-ТЕРМИНАТОРЛАР

Қазір кредит алмайтын адам жоқ. Тойына да алады, қиялдағы ойына да алады, бітпеген үйіне де алады, «шықпа жаным» деген күйіне де алады. Сосын ай сайын терминал жағалап жүргендері...

Несиеге ақша берген банктердің проценттеп

қайтарым алатынына үйрендік. Жалақы қолға тиісімен беріп құтылғанша жанымыз тыным таппайтыны анық. Ал, енді сол банктен бөлек, терминалдың да «жұқалап» үстеме алып отыратынын білесіз бе? Қалай дейсіз ғой?

Несия алсаңыз, банк менеджері қолыңызға ай сайын қанша төлеу керектігіңізді ескертіп отыратын таблицады кесте-қағаз ұстатады. Сол кесте-қағазбен ай сайын пәлен уақытта банкке барып, терминалына қажетті сомадағы қарыз ақшаңызды құюыңыз тиіс. Бір күн кешіксеңіз, телефоныңызға «төлеуді ұмыттыңыз-ау» деген хабарлама келіп тұрады. Тағы бір-екі күн кешіксеңіз, енді қайтып несие ала алмайтындай етіп «қара тізімге» іліктіріп жіберуі әбден мүмкін. Амал жоқ, ай сайын терминалға жүгіресіз.

Мәселен, әдебір зат алып, оны үш айға бөліп төлеуге келістіңіз делік. Бірінші айда қолыңыздағы кесте бойынша 22 642 теңге құюыңыз керек. Ал терминал тек қағаз ақша қабылдайды. (Әрине, тиын қабылдайтын терминалдар да бар, бірақ некен-саяқ. Сіз тұрған терминалда жоқ екені ақиқат). Қалтаңыздағы қағаз ақшаны терминалдың жұтқыр ауызына тоғыта бастайсыз. 22 500 болды. Қалғаны 142 теңге. Дөңгелектеп, не 200 теңге саласыз, не 142 теңгеңізді келер айдың кестесіне қосып төлеуге қалдыра қоясыз. Келер айда 22 784 төлеуіңіз керек ($142 + 22\,642$). Қағаз ақшамен 22 700 теңге салдыңыз. Қалғаны 84 теңге. Не үшінші айға қалдырасыз, не соңғы айда азая берсін деп дөңгелектеп тағы 200 теңге құясыз. Үшінші ай келді. Қалғаны 22 768 теңге ($84 + 22\,642$). Тағы да қағаз ақшамен 22 700 теңге құясыз. Қалғаны 68 теңге. Соңғы ай. Несиені жабуыңыз керек. Әйтпесе 68 теңге қарыз болып қаласыз. Нар тәуекел, 200 теңге тағы кетті. Сонда сіз банк үстемелеген пайыздан бөлек тағы 132 теңгені еріксіз артық беріп отырсыз. Бұл сіз ғана. Ал, терминал жағалап жүрген қаншама адам бар!

Сондықтан несие қағаздарын рәсімдегенде, ана үстелдің басында отырған әдемі галстукты сүйкімді қыздардан кесте-қағазды дөңгелектеп, тиын-тебенсіз толтыруын талап етеміз-ау...

«АРАЙ» ӨТТІ. ТҮЙІНІ ҚАНДАЙ?

Түркістан облысының мәдениет басқармасы, облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының

ұйымдастыруымен Абайдың 175 жылдығына арналған «Арай» облыстық ән байқауы өтті. 1995 жылдан бері дәстүрлі түрде дарынды әншілерге сәт сапар тілеп жүрген айтулы ән додасы биыл Абай шығармаларын жастар арасында кеңінен насихаттай отырып, жас талант иелерінің Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін жатқа оқуына ықпал етуді, қазақ әндерін орындаушылар арасынан жас талант иелерін анықтап, кәсіби бағдар беруді көздеді. Байқаудың деңгейін көтеру мақсатында қазылық құрамға белгілі актер Әділ Ахметов, танымал әнші Бауыржан Исаев сияқты халықаралық және республикалық өнер фестивальдерінің жүлдегерлері тартылды. «Менің де өнердегі алғашқы қадамым осы фестивальден бастау алған, – деді байқау алдындағы баспасөз мәслихатында сөз алған Бауыржан Исаев ағынан жарыла. – Сондықтан қазылар алқасына мүше болу жөніндегі ұсыныс түскенде ерекше толқығаным рас. Бір жағынан үлкен жауапкершілік жүктелгенін де сездім. Міне, бүгін осы байқаудың қазылар алқасының мүшесі ретінде нағыз талант иесін анықтауға мүмкіндік туып отыр».

Байқау ережесіне сәйкес облыс аумағындағы аудан-қалаларда алдын-ала іріктеу өтіп, 294 үміткерлер арасынан 38 әнші мен мәдени шара жүргізуге талпынушылар таңдап алынды. Байқаудың биылғы жетістігі – сахна қызығы мен шыжығын көре қоймаған балуыз әншілерге кнер өлкесіне жолдама беріп қана қоймай, қағазға қарамай сөйлейтін сауатты мәдени шара жүргізушілерін анықтауға мүмкіндік туды.

9 сағатқа созылған ән додасы ымырт үйіріле қорытындыланып, шыдамын сабырға шақырып соңына дейін отырған көрермендер алдында жеңімпаздар марапатталды. Ән байқауының бас жүлдесін Аплатон Рақымжан, ал мәдени іс-шара жүргізушілері сайысының бас жүлдесін Инабат Абытханқызы иеленді.

Қош! Сонымен бұл байқауды өте жоғары деңгейде өтті деп толық бағалауға болады. Мұнда шараның ойдағыдай өтуіне ерекше үлес қосқан облыстық мәдениет басқармасының бөлім басшысы Гүлнұр Көлбайдың айрықша еңбегінің болғанын айта кеткен орынды.

Не есте қалды? Көрермен нені аманаттады? Енді соған келейік...

Біріншіден, репертуар таңдауда ұйымдастырушылар

тарапынан дұрыс бағыт-бағдар берілгені байқалды. «Плагиат», мәтіні мәнсіз, жеңілтек әндер айтылмады. Екіншіден, тәжірибелерін ұштай қоймаса да, әншілердің микрофонмен жұмыс істей алуы қуантты. Құлақ тұндырар айқай, мұрын асты сыбырын естімедік. Үшіншіден, әдебір «жұлдыз»-төрелерге еліктеу, соларға ұқсауға тырысу «ауруын» көрмедік. Әр әнші өзінің жеке үні мен стилін көрсетуге тырысты. Төртіншіден, мәдени шара жүргізуге ұмтылған жастардың именшіктеп, қағаз шұқып, сөзден сүрінуі байқалмады. Көздері шоқтай жанып, көрерменді баурап алуға талпынды.

Дегенмен, «әттеген-ай» дегізер тұстар да болмай қалған жоқ. Кейбір аудандардың осындай маңызды додаға маңдайалды әншілері мен сөз шеберлерін алып келмегені таңдандырды. «Әйтеуір, біреу барса болды емес пе?» деген енжарлық пен жауапсыздық сезіліп тұрды. Керісінше, сахнада жиі көрініп жүрген «жұлдыз» конкурсанттың жүлде тапсырар мезгіл жеткенде үйіне кетіп қалып, хабарлаған жүргізушіні де, жүлде тапсырушы тұлғаны да, тіпті шапалақ соғып отырған көрерменді де сыйламағаны таңдандырды. Конкурсқа келіп тұрып, «Абай қара сөздерін жаттамап едім...» деп қымсынбай «айтып салған» конкурсанттар да кездесті. Әншілердің басым бөлігінің өз туындысын жаңа қырынан өңдеп ұсынуға талпынбай, негізінен дайын минусовкаға иек артқаны қынжылтты. Алла сыйлаған әдемі қоңыр дауысы бола тұра, жүргізуші-конкурсанттардың жасанды дауысқа көбірек еліктегені аңғарылды.

Мұның барлығын келер жылы осы конкурсқа қатысуды мұрат тұтып жүрген жаңа талапкерлерге ой салатын мәселе болуы тиіс деп айтып отырмыз. Ал, осы байқауда жүлдегер атанған талапкерлердің «жалт етіп, жоқ болып кетпей», киелі сахнадан көбірек көрініп, облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығына мәдени іс-шара майданында қолқанат болғандарын қалар едік...

МЕЙІРІМІ ТӨГІЛГЕН

ҚИМАС ЖАН ЕДІ...

Дене пішімі кең, соған қарай пейілі де ашық, ініге де, ағаға да дос, әрі әкемдей, әрі сырлас құрдасымдай болып кеткен, «Шаттық ұялаған шаңырақ» атты кітабымның кейіпкері,

талай тастанды сәбиді бауырына басқан алтын жүректі азамат Ысқақ Жұмашев ағамнан айырылып қалдым. Көрген сайын аңқылдай амандасатын, кімді де болса бауырына басып, дос құшағын айқара ашуға құмар осы бір қарияны қимай талай жан көзіне жас алды-ау...

Жұмаш әулетінің бірді-екілі емес, он үш бірдей тастанды нәрестені бауырларына басып, басынан сипап, аналық, аталық мейірімдерін төгіп, ертеңгі елдің азаматтарын аман сақтап қалуға титтей де болса үлес қосуы – түсінген жанға адамдықтың, үлкен адамгершіліктің ақ жолы болатын. Бүгінде үйлі-баранды болып, бір-бір үйдің түтінін түтетіп отырған бұл немерелері де қаралы күні қамқор аталарын қимай, босағада егіле жылап тұрды...

Ойы таза адамның – жаны да таза. Ал, жаны таза адамның жақсылық жасауға үйірсек жүретіні әуелден мәлім. Өз ұл-қыздарына, соған қоса әлгі 13 балаға адалдықты үйретіп, ақ жол сілтеп, асыл қасиетімен, балаға деген жүрек жылуымен мейірім шуағын төккен қайырымды атаның, міне, осылайша 85 жасқа қараған шағында ізгілікке толы жүрегі тоқтады...

Бұл отбасыға мен жиі баратынмын. Жай бармайтын едім, ыстық ілтипат, жылу іздеп баратынмын. Әр барған сайын Ысқақ атаның да, Гүлжаһан ананың да балаға деген мейірім-сезімдеріне таңдай қаға қайтатынмын...

Сәл шегініс жасайыншы.

Бірде Ысқақ аға өмірінде адамзат баласы ауызға алуға арланатын сұмдық оқиғаға куә болды. Таңертеңгілік жұмысқа асығыс шыққан ол ауласының есігінен аттай бере, шалқасынан түсе жаздады. Дәл есігінің сыртында жөргекке оралған, жарық дүниеге келгеніне небәрі 3-4 күн ғана болған, мынау баянсыз өмірдегі зұлымдық атаулыдан бейхабар сәби жатты...

– О, тоба! Лағнет жаусын, бейкүнә сені тастанды еткен безбүйректерге! Адамзаттан пенде болып туылып, айуан болып кеткендер-ай, қалай ғана көздері қиды екен? – деп бөбекті көтеріп алғанда, үйден жүгіре басып келген зайыбы Гүлжаһанның мына сұмдыққа ебіл-дебілі шықты. Сол күні осы бір суық оқиға мен шаранасы кеппеген сәбиді бауырларына басқан Жұмаш әулеті туралы хабар шағын қалаға тез тарап кетті.

Ол кезде Ысқақ аға сәулеті жарасқан келбетті Кентаудың білдей дәрігері-тін. Алдына келген науқастарды, әсіресе, бөбектерді өбектей жүріп, жан-тәнімен емдейтін, сүйетін. Уақытпен санасуды білмейтін. Жалпы, Ысқақ ағаның балаға деген, тіпті, барша адамға деген жүрек жылуын тілмен айттып жеткізу қиын. Осыдан біраз бұрын қуықтай бөлменің сегіз жерінде сегіз бесік тербетіп, түн ұйқысын төрт бөлген Гүлжаһан жеңгейдің де, сағат сайын жаялық жуып, суық суға қолын малған келіндерінің де қабақ шытқан сәтін көрген емеспін. Әулеттің абыз атаның көзі жұмылғанша жанында болып, қолынан келген барлық ем-домын жасаған дәрігер ұлы Ержанға деген, ыстық тамағын үзбеген келіні Гүлназға деген ықыластары бөлек.

Тағы бір шегініс.

Түн. Ай сәулесі жатын бөлмені әжептеуір жарық етіп тұр. Сырттағы дыбысқа аз-кем құлақ түрген Ысқақ жаңа ғана көз ілген қасындағы Гүлжаһанды оятып:

– Естіп тұрсың ба? Сыртта сәбидің дауысы шыққан сияқты.

– Ия... ия... Ойпыр-ай, тағы да...

Тез киініп, екеуі асыға тысқа шықса, көрші иті көшеде жатқан жөргекке ұмтыла бастаған екен.

Сәлден соң бейкүнә сәби ыстық алақанның жылуына жылынып, ана бауырына тығыла түсті...

Тағдыр тәлкегінде қалған тастанды сәбилер үшін есігін айқара ашқан «АрНұр» отбасылық нәрестеханасының да, жат баласын өз перзентіндей бауырларына басып, қамқор құшағын ашқан, оларды балиғат жасына жеткізіп, бақыт ұясына қондырған Жұмаш әулетінің бүгінгі қайғысына ортақтаса келіп жатқан игі жақсыларда есеп жоқ...

Нәрестехана атының «АрНұр» аталуы жайдан-жай емес еді. «Ар» Ысқақтың үлкен ұлы Арманның, «Нұр» екінші ұлы Нұржанның бастапқы буындарынан құралған символикалық атау-тын. Сәбилердің тегтері де осы атаумен еншілес: Арнұрқызы, Арнұрұлы...

Бұлар өз балаларым ғой, – деуші еді Ысқақ аға жасаураған жанарын сүрте отырып, – біз не жесек, не кисек, олар да соны жеді, соны киді. Енді, міне, шүкір, бәрі бақытты, бір-бір үйдің иелері!..

Терең ойлаған адамға Ысқақ атаның мұнысы ерлік.

Даладағы сәби түгілі, өз перзентіне өзі ие бола алмай жүрген жандар аз емес қой арамызда. Қане, қайсысымыз жат баласын бауырымызға басып, нанымызды бөліп беріп жүрміз?..

... Бұл әулетке қай кезде келсең де, бейкүнә сәбилердің құйтақандай жүректерінің лүпілін сезетінсің. Сол лүпіл бейне бір осынау отбасы мейірімінің тынымсыз ырғағы секілді естілетін.

Енді, міне, талай жанға өмір лүпілін сыйлаған Атаның, менің үлкен дос-ағамның өзінің жүрегі тоқтады... Кеуденді өксік қысады, қамыға жылайсың, қимайсың. Амал не, тағдыр солай...

ЕЛДЕ ЖОҚ ҒҰРЫПТАР БАР АРАМЫЗДА...

Қазақ мінәйі бір себеппен той құрап алғыш халық. Мәшине сатып алса да – той, екінші қатын алса да – той. «Гәп», «черный касса», «жуу»... әйтеуір, жиыны тауысылған емес. Әсіресе, әйелдер қауымы тойға құмар. Елде жоқ ғұрыпты ойлап табатын да солар. «Жолы ғой», «елден қаламыз ба?» деп, жалған намыспен бала-шағасының ауызынан жырып, бір-бірін алдарқатқан кәде-күде арқалап жүргендері. Дұрыс қой, тоқшылық заманда ойнап-күлгенге не жетсін! Бірақ, мәселе онда емес қой, мәселе – басқада...

Біздің жақта құдалықта, бесік тойда «шуылдақ тоғыз» дейтін бір кәде бар. Аты айтып тұрғандай, әйел біткенді есіріктендіріп, ақылынан алжастырып, керек десеңіз, бет көріспестей араздастырып жіберетін жоралғы осы. Ғұрыптың мәнісі мынада – ұсақ-түйек арзанқол заттар сататын базарға барып, құны түкке тұрғысыз 150-200 дана айна-тарақ, ойыншық, тағы басқа түрлі алпыншақ-салпыншақ сатып аласыз. Бұған әрі кетсе 2000 теңгедей ғана ақшаңыз кетеді. Құдалық үстінде кит көру кезінде, міне, осы ұсақ-түйекке әйелдер кәдімгідей-ақ таласады. Бір-бірімен бет жыртысып, өкпелесіп, ақыр соңы араздасып тарқасады. Осы кезге дейін қылауы түспеген ағайыншылығын 10 теңгелік тәбәрік затқа айырбастап жібере салатыны таңдандырады. Әлі күнге дейін сол «шуылдақтың» шылауынан шыға алмай, жылдар бойы араз болып жүрген ағайын көп...

Әй, әйелдер-ай, бірлігімізге сызат салмаңдаршы!

КӨКЕҢ КІМ?

«Жаңа қазақ» кейпіне еніп алған кейбір жігіттердің тап-тұйнақтай киініп алып, резюме-түйіндемелерін желпілдетіп кеңсе жағалап жүретінін байқаймыз. Неге екенін қайдам, бізге қарағанда оларға қай кеңсеңіздің де есігі айқара ашық. Кезек күтіп әуре болмайды. Бастықтың кабинетіне хатшының өзі жетелеп ертіп кіреді. Не киімін, не өзін сыйлаған шығар деп ойлайсың. Кейпіне қарасаң, ізденіп, білімін жетілдіріп, іскерлігін арттырып жүрген жанға ұқсамайды. Жылпос, жылтыр. Бірақ, бұл мекеме үшін ол керек кадр. Өйткені оның ано-о-оу жақта көкесі бар. Сол көкенің «звоногымен» келіп тұр. Қабылдамай көр, қане? Құрысың! «Көкесін көзіне көрсетті» деген балама содан қалса керек.

Сонда «көке» деген кім өзі? Сіз бен біз үшін – аға, әрине. Бірақ, «жаңа қазақтар» үшін ол – аса маңызды мәселелерді шешіп бере алатын үлке-е-ен дөкей. Биілік биігіне жеңіл ұмтылғандар үшін мұндай тасада отырған көкелер «мықты тіреу» екені даусыз. Кейде абайсызда арасына кіріп кетсең сенің тағдырыңды бір қоңыраумен-ақ шешіп тастайтын да солар. Әрине, талантты, қабілетті, адал, іскер еңбек адамдары да аз емес арамызда. Тек «көкелеріне» сенгендер олардың алдын орап жүр. Сенген көкесінің оның миына ақыл құймайтынын, тек өзінің іскерлігімен, қабілетімен, ақыл-парасатымен ғана биікке жететнін бұл пақырлар білер ме екен? Әлде, өмір бойы көкесінің айдауымен жүремін деп ойлай ма? «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» демеуші ме еді дана Абай осындайда.

«Көкелерімізге» сенген қоғамда ел болашағын жарқын ете алмайтынымыз ақиқат. Сондықтан, «көкелерсіз», өз қарым-қабілетіне сенетін мамандар қоғамы қалыптасса деген ақжолтай арманымыз бар.

Бұл ойымызға дәл қазір әлдебір болымсызға болысып, телефон шалып жатқан «көкелердің» өздері не дер екен?..

ТҮРКІСТАН АМФИТЕАТРЫ...

АТЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Көне қалада «Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театры» бар. Таяу күндерде, мүмкін

жазға салым шығар, екінші театр – «Амфитеатр» өз есігін айқара ашпақ...

Амфитеатр – көне грек тілінен аударғанда «шеңберленген театр» деген мағына береді. Бізге Арля, Колизей, Аспендос, Нима, Пула, Гордиана, Верона амфитеатрлары жақсы таныс. Бұлар қызыққұмар халыққа жыртқыш аңдарды таластырып, асау жануарларды қуалап, гладиаторлар сайысын, театрлық қойылымдарды тамашалауға мүмкіндік беретін сауық орындары болған. Амфитеатрдың ортасында дөңгелек алаң болады да, көрермендердің орындары жартылай шеңберленіп, сатылай орналасады. Ашық аспан астындағы мұндай жартылай шеңберлі театрлар қойылымды таза ауада қамсыз тамашалауға мүмкіндік береді. Қазіргі ұғымдағы амфитеатр – концерт залдарындағы партерден кейінгі орындар.

Қош, сонымен... Жаңа театр ашылды делік. «Амфитеатр» дейміз бе? Әлде, басқа ойларыңыз бар ма? Үлкен кісілердің айта алмай, шоқырақтап қалатыны анық қой? «Аспан асты театры» десек қайтеді? «Ашық театр», «Қойылым алаңы» дегендер де сұранып тұрған сияқты. Көптің ойы, ұсынысы – кейде бір ортақ шешім қабылдауға септігін тигізіп жатады. «Сол күйі қалдырайық, халықаралық термин ғой» дейтіндердің табылатыны да даусыз. Барлық ұсыныстарға біз құрметпен қараймыз. Сөйтсе де, бір бас қатырып көрейікші, ағайын?

«ЖОЛДЫҢ АСТЫНАН ШЫҒЫП, КОММУНИЗМГЕ ҚАРАЙ БЕТ АЛЫП БАРАМЫЗ...»

Түркістанды исі қазақ түркі жұртының рухани астанасы деп таниды. Сондықтан, зиярат ете келген турист мұндағы әрбір тұрғынның сөйлеу мәдениетінен қазақы иісті, шығыстық болмысты аңғарғысы, көше маңдайшаларынан ұлт ұлыларының аты-жөндерін оқығысы, ал қалаішілік аймақ аттарынан осы өлкеге таныс тарихи атауларды көргісі келеді. Өкінішке орай, олай болмай тұр.

Базбір түркістандықтар ұлттық құндылығымызды әлі де ұғынбай жүрген сияқты. Қала аумақтарының ономастика қызметі шегелеп бекіткен әп-әдемі-ақ атаулары бар, бірақ

оны тек ресми құжаттардан ғана оқып жүрміз. Ауызекі тілде басқаша.

РЕМЗАВОД, ХЛОБЗАВОД, ЖУКОВСКИЙ, ШВЕЙЦАРИЯ, ТЕХОСНАСТКА, ТГЖД, ШНОС, ЖОЛДЫҢ АСТЫ, ОННЫҢ ЖОЛЫ, БЕСТІҢ ЖОЛЫ, ЖЕТІНІҢ ЖОЛЫ, ОРАЛМАН, КОММУНИЗМ, ТЕЛЬМАН, ГОРОД, МАСЛОПРОМ, АВТОБАЗА, МИКРОРАЙОН, НОВОСТРОЙКА, ИСА ЖАҚ... осылай кете береді. Бүкіл түркістандықтар да, жолаушы көліктерінің бағыттаушы маңдайшалары да осылай сөйлейді және жазады. Жергілікті тұрғындар аялдама атауларын қызық айтады: ТЕЛЬМАН, ПЛАКАТ, БЕСТІҢ ПОВОРОТЫ, ТУПИК, ТАС, ТҮЙЕ, ЖАУҒАШТЫ, ТАЛҒАТ, АРТЕЗИАН, РАЙОННЫЙ, КОРПУС т.б. Егер сырттан келген әдебіреу қаланың ресми жолсілтегішін қолына ұстап алып, «Яссы ықшамауданына», «Бекзат ықшамауданына» немесе «Тұран ықшамауданына» жолсілтеп жібересіз бе?» деп жөн сұраса, жергілікті халықтың «мынау не деп тұр?» деп бетіне бажырая қарап, аңтарылып қалатыны сөзсіз.

Меніңше, осының барлығы қала тұрғындарына көздеріне қайта-қайта шұқып көрсетер тиісті маңдайшалардың болмауынан, бар болса да, тым аздығынан не көзге көрінбей, майда әріптермен жазылуынан болып жатқан сияқты. Жергілікті телеарна да жүгіртпе жолдағы жарнама-хабарландыруларын аумақ атауларын тапсырыс беруші қалай жазып берсе, солай өңдемей беріп жүр. Мұның өзі де бұған кері әсерін тигізіп жатқан сыңайлы.

«Түркістандықтар, сөз түзелді, сен де түзел!» дейміз бе, қайтеміз?

СҰЛУЛЫҚҚА СҰҚТАҢҒЫҢ КЕЛСЕ, ТҮНДЕ ҚЫДЫР

Байқайсыздар ма, өздерінің тұрып жатқан қаласын сүйетін әлеуметтік желі белсенділері шаһарларының сұлу келбетін тек түнгі фототүсірілімдер мен бейнесюжеттер арқылы ғана көрсетуге тырысып бағуда. Өйткені қаланың ғажап бейнесін күндізгі фотосуреттермен ұсыну қиын. Сұрқай, жадағай. Сыртқы келбеті, ғимарат қасбеті, экстерьер дизайны көз тартпайды. Айналасының сәулеттік үйлесімі

жоқ. Лайықты ракурс таңдай алмайсың.

Ал, түнде жалт-жұлт етіп көз алдайтын, алыстан лыпылдап арбайтын бұтаққа асылған гирляндтар, қабырғада ойнаған 3D-сәулелер, саябақтар мен алаңдардағы акриловты ойыншықтар, лайтбокстар, дюралайттар, флекс-неондар, пиксельді шыршалар бізге тұрақты сұлулық сыйлай алмайтыны заңды. Бір көргеннен кейін, селфиге фон етіп, бір суретке түскеннен кейін екінші мәрте жанына жолағың да келмейді.

Одан гөрі қаланың күндізгі сұлулығына көбірек сәулеттік мән беру керек сияқты. Ел түнде жатып, күндіз қыдырыстайды ғой. «Мә, мынау түнде әдемі көрініп еді, сылағы түсіп, айналасы шашылып жатыр ғой?» деп таң қалып жататыны содан.

Дамыған мемлекеттерде қалай? Ондағы қаланы жарықпен безендіргіш дизайнерлер негізінен сәулеттік әдемілікке, айналасымен қабысқан үйлесімділікке айрықша мән береді. Кішкентай ұшқынның өзінің сәулетке қосымша сұлулық сыйлағанын қалайды. Сол әлсіз жалқынның күндізгі мезгілде де ғимаратқа сән беріп тұрғанын байқайсың. Бұл бағытта Нұр-Сұлтан қаласының біршама тәжірибе жинақтап қалғаны аңғарылады.

Біз, шүкір, бұған енді ғана үйреніп келеміз. Сөйтсе де, қысық көздердің арзан флекс-неондарына тым әуестене беру, оны үйлесім іздемей, алпыншақ-салпыншақ етіп әр жерге іле беру қала шырайын ашпаса керек-ті. Қала түнде ғана емес, күндіз де сұлу көрінсе, міне, нағыз сәулеттік шешім – осы!

Әзірге қала сұлулығына сұқтанғың келсе, күндіз ұйықтап, түнде «жорта» тұр...

«ХОРОШО», «ДАВАЙ», «ПОКА»...

КІМНІҢ ТІЛІ?

Кейбір дәйектерге сүйенсек, әлемде 6 мыңға жуық тіл бар деп есептеледі екен. (Оны санап шыққан кім бар дерсің?). Дегенмен, соның ішінде дүние халықтарының үштен екісі 40-шақты тілде өзара түсінісетін көрінеді. Тәжірибе әр екі апта сайын бір тілдің өліп жататынын да дәлелдеген.

Әлгі 6 мыңға жуық тілдің ішінде қазақ тілі де бар.

Байқайсыздар ма, өзін халықтан сәл биіктеу қоятын, «қайда барсам да маған төрден орын тиюі тиіс» деп

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

есептейтін кейбір зиялылау адамдар қымбат «соткасымен» сөйлескенде, ебедейсіздеу бас шұлғып «хорошо, хорошо» дей береді. Бұл «жақсы, жарайды, орындаймыз» дегені. Сонда «хорошо» – зиялылықтың бір белгісі болғаны ғой...

Бір-бірімен қош айтысқалы тұрған екі жанның айырылысар тұста «давай» дейтіні бар. Бір есептен «давай» – «жарайды» деп келіскендіктің де белгісі. Кей тұста «давай» – «қане» дегеннің мағынасын да береді. Әсіресе, бұл сауыққұмар жастардың арасында кеңінен тараған сленг.

Қоштасарда «пока» дегенді де ауызекі тілден тастай алмай жүрміз. «Көріскенше, әзірше қоштаспаймыз» дегені...

Бұлай кете берсек, әлгі 6 мыңға жуық тілге тағы бір иесі жоқ тілді қосып алуымыз әбден мүмкін. Әлде, иесі біз бе?

Мейлі, бәрі «о'кей», «хорошо» болсын деп тілейік.

«Давай, пока!».

СӘН ҚУҒАН ҚЫЗДАР

Енді бой жете бастаған жас қыздарымыздың мінезінің «біртүрлілеу» болып көрінуіне екі самайынан тазы иттің құлағындай салпылдай құлаған қобырақ шаштары мен беттеріндегі бес батпан бояулары кері әсер ететін сияқты. Себебі, жеңіл боянып алған қыздарға қарағанда, қалыңырақ боянған бойжеткендер әлгі «сәнді» шаштары мен «әдемі» бояуларын көрсеткісі келе ме, әйтеуір, жақындай бере жүрісі өзгеріп, аман-саулық сұрағысы келмей, ешкімді жақтырмай қабағы үйін-түйін боп, көздері аударылып-төңкеріліп, біртүрлі беттері бұрыштанып қалады.

Макияжым бұзылмасын дейтін шығар... Ал, бұзылып жатқан мінезді қайтеміз?

ТАРАЗДА БАР БІР ДОСЫМ...

Көне Тараздағы мәдени шараның шымылдығы «Көне Тараз» күйінсіз ашылмайды. Авторы айыр қалпақты күйші-композитор Аман Малдыбаев. Күй шығарып, төл өнерімізді дәріптеп жүрген бұл азаматпен жақынырақ танысуыма бүгін әлеуметтік желіде туған күнін «шуылдатып» тойлап жатқан тараздық досым һәм курстасым Қуаныш Сабырұлы себепші болған еді. Басынан бастайын...

Осыдан біраз жыл бұрын Қуаныш курстасым балалар

ақыны, Қазақ радиосының Тараздағы қосынында ұзақ жылдар тілшілік қызмет атқарған, бүгінде жаны жаннаттан тұрақ тапқан марқұм Лесбек Сайлаубектің үйіне ертіп барды. Асыл жары Әсемгүл құрақ ұша қарсы алып, қазанға қазы-қарта мен жал-жаясынан молырақ салып, былқыта ет асты. Бұл Лесбектің көптен көрмеген әріптес досы Қуанышқа деген ерекше құрметі еді! Менің киелі Түркістаннан қонақтай келгенімді, «әлгі бір» әннің авторы екенімді естігенде, үйдің іші тіпті құлпырып сала берді! Лесбек пен Әсемгүл тура Шәмші мен Сабырхан үйлеріне іздеп келгендей, бала-шағаларымен Қуаныш екеумізбен қайта-қайта суретке түсіп, маз-мейрам болды да қалды. Сол дастархан үстінде Лесбектің өзім өте тәуір көретін, тіпті ыңылдай айта жүрер «Жалын кешкен» әніне сөз жазғанын естігенде, олар емес, енді мен қолдарынан фотоаппараттарын жұлып алып, олармен естелікке суретке түсе бастадым. Өйткені, көптен іздеп жүрген танымал әннің авторы Аман Малдыбаевпен жүздесудің сәті енді түскеніне қуанған болатынымын...

Көпұзамай Аман екеуміз Алматыда Бейсен Құранбектің «Айтуға оңай» тележобасында кездестік. Қайтар жолда Аман қоярда-қоймай қолқалап, мені Тараздан түсіріп алып қалды. Бәлсінбей, бірден келісе кетуіме бір есептен осындағы Қуаныш досымды көруге деген ішкі сағынышым да себеп болған еді. Ғалия екеуінің қолынан дәм тату – мен үшін қайталанбас бір ғажайып сәт! Ғалия да біздің ортақ әңгімемізге, тура сол журфакта оқығандай, жан-тәнімен кірісе кететін. Аракідік таласып та қалатын. Сонда Қуаныш досым: «Күрс – біздікі! Курстас – менікі! Саған не жорық?» деп бір ду күлдіріп алатын. Дастархан басынан үлкен ұлы Арман да, қызы Әйгерім де, кіші ұлы Абзал да тұрғысы келмейді. Қуаныш екеуміздің бала мінезбен сағына қауышқан сәттерімізге ортақтаса куә болып, жүздері бал-бұл жанып, таң қала қызықтап отырады. (Кейін осы достығымыздың белгісі болсыншы деп немеремнің біріне Абзалдың атын қойдым. «Қуаныш, сен қайталанбас тұлғасың! Қуаныш қазақта жалғыз болу керек! Сондықтан немеремнің атын Қуаныш емес, Абзал қойдым!» деп айтқаным бар).

Не керек, вокзалдан екеумізді сабыры қалмай Қуаныш күтіп алды. Ойда жоқта сонда тұратын жиенім Әбдікамал, қайдан есіткенін білмедім, Таразға келген хабарымды білген

бойда үйіне дастархан жайдырып, өткенде ғана Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Арысқа арнайы сапарлай барғанда аяқ киім фабрикасынан «отандық өнім ғой» деп туфлиін сатып алған Әміртай кәсіпкермен бірге жолыға кетті. Жиеннің үйінде Аманның күйлері мен әндерін жақынырақ отырып тыңдауға мол мүмкіндік алғанымызға қуандық. Сол жолы Қуаныш екеуіміз «Жалын кешкен» әнінің шығу тарихын да сұрап алуды ұмытпадық.

– 80-ші жылдары нағашы жеңгем Гүлбаршынның ұлы үйленіп, құда баланың тойын қызықтауға бір топ мейман сау ете қалдық. Студент кезім. Ақ домбырамды арқалай барғанмын, – дейді Аман сол шақты еске алып.

– Ақ домбырасы несі? – дейміз біз, әдетте қоңыр домбыраға көз үйренгендіктен бе, таң қалып.

– (күлді) Ия, сол тұста менде ғана ақ домбыра болатын. Қорабымен. Әлі үйде сақтаулы. Келген мейман бізден бұрын осы домбыраны сұрайды.

Содан не керек, той ортасында асабаның қолқалауымен Әбдімомынның «Ерке сылқымын» орындадым. Орныма келіп жайғасқаным сол еді, қасымда отырған ашаңдау жігіт: «Домбыранды көрсеттің де, қорабына қайта сала салдың ғой» деп әзілдеді. Сосын сараңдық танытпайын деп қолына ақ домбырамды ұстаттым. Ол әрі-бері аунатып қарады да, «әдемі екен» деп салалы саусақтарымен шертіп қалды. Байқаймын, қара жаяу емес сияқты. Таныстық. Лесбек Сайлаубек деген ақын болып шықты. Екеуіміздің бұл таныстығымыз кейін жиірек араласатын достыққа ұласты. Арада барыс-келіс көбейді. Бірде: «Ән жазатының бар екен, мына өлеңді байқап көрсең қайтеді?» деп қалтасынан суырып алып, бүктеулі парағын ұсынды. Ашып қарасам:

Есінде ме, әсем гүлі көктемнің,

Сыңғыр қаққан таудың ерке бұлағы.

Қызықты еді өзіңменен өткен күн,

Көз алдымда сол қалпында тұр әлі, – деген өлең жолдары жазылған екен.

Ән сұрап тұрғандай көрінді. «Көрейін», – дедім де, қалтама сала салдым.

Арада біраз уақыт өткен соң, әлгі өлеңге лайық бір әуен көкейімді түрткендей болды. Сосын Лесбекті тауып алдым.

– Өткендегі шумағыңа қайырма мен тағы бір шумақ

қосасың-ау, – дедім.

Ол:

– Ән туды ма? – деп қуана кетті.

– Әлдене бар сияқты, – дедім. – Біткен соң бір-ақ тыңдасаңшы.

Лекең сол жерде екі шумақты лезде-ақ жазып тастады.

Жалын кешкен, жанымды ескен,

Күндер қайда, қарағым?

Дір еткізген, шықпас естен,

Мөлдiреген жанарың.

Ән-жыр айтып, бал-бұл жайнап қырды асып,

Жүрдік талай таңды атырып сырласып.

Қызғалдақтай жайнаған сол далада,

Тұратынсың жанарыңнан нұр шашып.

Бойымдағы ерікті де алдырдың,

Махаббаттың жүректе отын жандырдың.

Өзің, еркем, ойымдасың әрқашан,

Сеземісің бұл күйімді, жан құрбым?!

– Кімге арнадың? – дедім Лекеңнің алабұртқан көңілін байқап.

– Келіншегіме. Өте тамаша адам! Есінде ме, алғашқы шумақтағы «Есінде ме, әсем гүлі көктемнің» деген тұсы. Сол «әсем гүлің» – өзімнің Әсемгүлім ғой! – деді.

Әніміз «хит» болады екен деп ойламаппыз. Кейін Лесбек екеуіміз тойға барған сайын баяғы «менің әнім еді» деп, біртүрлі айтуға ұялатын «пұшық» әнімізді «мынау біздің әніміз!» деп мақтанышпен айтатын күйге жеттік...

Міне, Қуаныш досым екеуіміз белгілі әннің «белгісіз» авторларымен осылай кездескен едік...

Р.С.: Қай кезде де өнерліге өріс ашып жүрер, жанашыр досым! Туған күніңмен! Курстастар әрі-бері өткенде аялдап өтер кішкентай отаныңның дастарханы тек жақсылыққа жайыласын!

Айтпақшы, сол жолы жиеннің дастарханында біздің думанды отырысымызға разы болған, әлгі облыс әкімі Өмекеңе туфли сыйлаған Әміртай бауырымыз Арыс қаласына екеуімізді арнайы шақырып жатыр. «Жоралғыға ықыласпен атаған етіктеріңді келіп киіп кетпейсідер ме? Шығармашылық адамдарының аяқтарының жылы жүргені жөн ғой!» дейді...

Бір қауышып, сағынышты басатын бұдан асқан қандай

сылтау керек, сыралғы досым!

P.S.S.: Авторын өзіміз тауып танытқан Аманның мына әдемі әні сендерге ән-сыйлығым болсын!

ӘШАҒАМДЫ ҚАШАН ҰЛЫҚТАЙМЫЗ?

Әшағамның жанын жаннатқа беріп, мына қым-қуыт тіршіліктен демалып, дамылдап жатқанына да биыл алтыншы жыл. Бүгін туған күні. Сағынасың, аңсайсың. Жымия күліп, нұрлы жүзімен айналасына шуақ шашар келісті келбетін, әзіл-қалжыңға, жеңіл оспаққа тояттатқан тәтті кездерін іздейсің. Отырған жері ду-думан, шалқыған көңіл... бір өзі – бір театр. Кім-кімді де бет-жүзіне қарамай шырпып өтетін, шынның жүзінен де қаймықпайтын нағыз талант иесі еді. Қазір шындықты шырқырата айтар адамдар да қалмай барады. Өңкей жылмаң қаққан жарамсақтар мен жылпостар. Әшағаң еске түскенде, шегендей жеткізген парасатты ойларын санаңнан жүгірткенде, осыны бір ойлайсың.

Әшағаңның қасында көп жүрдім. Бірде байсалды кейіпке еніп, театр өнерінің тынысы жайлы ағыла сөйлеп, таланттар турасында тартымды ой қозғап отырса, енді бірде еркелеп, балаң күйге түсіп, өзіне ғана жарасымды әзіл-қалжыңға ерік беріп жататын. Онымен таңды таңға ұрып қанша әңгімелессең де жалықпайтынсың. Әңгімені әдемі айтады, образдап жеткізеді, тура оқиға ішінде жүргендей күйге енесің. Ауық-ауық үлкен демей, кіші демей желпінтіп, қағытып қоятын әзілдері де бар.

Өз басым дәл Әшағаңдай шешен адам көрген емеспін. Сахнада тұрып байсалды кейіпте байыппен әңгіме айта бастағанда зал сілтідей ұйып тыңдай қалатын. Білгірдің аты білгір. Мың кісіні ауызына қарата бипаз сөйлейтін, образға еніп өлең оқыса бұлбұл құстың өзі қанат қақпай ұйи тыңдай қалатын Райымбек Сейтметтің өзі Әшағамның шешендігін мойындағанын көзіммен талай көргем.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Үкімет қаулысымен Түркістан сазды-драма театрына Райымбек Сейтметтің есімі берілді. Ел болып қуандық. Ендігі кезек – Әшағаңда! Облыс орталығында бой көтеріп жатқан өнер ошақтарының біріне театр сыншысы Әшірбек Сығайдың есімі беріліп, кіре берісіне жымыған жүзімен портреті ілініп, есімі тасқа қашалып жазылып жатса, бүткіл ел болып қуанған болар едік!

Жалпы, өмірде де, өнерде де қатар жүрген екі тарланды қосарлай ұлықтау – біздің айнымас борышымыз болса керек.

КРЕСЛО

Осы біздегі креслолардың құйрықбасар жұмсақ былғарысының астына бір түйір алтын жасырып тігеді-ау деймін. Әйтеуір, отырғандар лезде адам танымастай өзгеріп шыға келеді ғой. Алтын іздегіштермен креслоларды біртіндеп тексеріп, пинцетпен алып тастау керек екен. Әйтпесе, жөні түзу бастық қалмай барады... (мұның өз басыма ешқандай қатысы жоқ, жәй байқап қалғаным да...)

ШӘКІРТ СЫЙЫ

Мына ұлттық ою-өрнекпен нақышталған былғары шахмат тақтасы мен үшін аса қымбат. Себебі, мұны маған ең сүйікті шәкірттерімнің бірі Ғабит Сапарбеков студент кезінде тоғызқұмалақ ойындарынан жүлдегер болып келіп, пойыздан түсе салысымен өз жатақханасына соқпай, тікелей үйіме тартып: «Аға, мына алғашқы жеңісімнің жоралғысын ырым болсыншы деп сіздің қанжығаңызға байлауға келдім!» деп, көңілімді босатып, жеңгесінің ілтипатпен берген қою шәйін ішіп, шын пейілімен сыйлап кеткен-ді. Міне, бұл шахмат содан бері – 13 жылдың жүзі болды, сыны кетпей қонақ бөлмесінде тұр.

Әрине, қаншама шахматқұмарлар үйімде болды, осы тақтаны көрген сайын: «Мынау қайдан келген дүние, әдемі ғой тіпті!» деп, аударыстыра қарап, бетін сипаумен болады. Мұндайда шахмат фигуралары ойын тақтасына тігілгенше шалқыта, шабыттана айтатыным осы сыйдың қалай келгендігі туралы қызықты әңгіме (қызықты болсын деп, көңіл ауанына қарай, кей тұсын қоюлата, түрлендіре айтатыным рас енді).

Кейде шахмат бос қалғанда, үйге қонақтай келген жиен-немерелердің шахмат тасын қақпақылдап ойыншыққа айналдыратыны бар. «Әй!» деп тыжырына қалғанымда, әжесінің: «Ойнасын да, атасы! Тас табылар, сыртын бұлдірмесе болды да» деп басу айтады. Содан немерелерім құмарлары қанғанша тастарын атқылап ойнап, әйтеуір, солардан қалғанын үйдің бұрыш-бұрышынан тергіштеп жиыстырып алып, тақтасына реттеп салып жүрдім. Тасы да әйдік, ағаштан ойылған, өрнекті,

жеңіл. Бірақ, немерелерден несін аяйсың, атқылаудан біразы жоғалып, түгендей алмай қалғанда, әжесіне айтпай іштей қамығатыным рас.

Кеше бір аяулы досым келіп: «Баяғы сыйға алған шахматыңды тікші, бір құмарымнан шығайын деп келдім!» дегенінде, жарты тасын «жоғалтып алған» шахматымның сыртын ғана көрсетуге мәжбүр болдым. Сөйтіп, қалған тасымен екеуіміз дойбы ойнап тарқастық...

Рахмет, Ғабит шәкіртім! Осы шахмат арқылы қаншама дос таптым, қаншама сыйлы жан үйімде болды. Барлығы да сенің атыңнан қанық.

P.S.: Енді бір шахматқұмар досым тасын түгендеп әкеліп (бірақ, әдемі тас болсын), Ғабит сыйлаған шаршы тақтаның үстіне қатарластыра тігіп, шахмат ойнаймын десе, есігім ашық!

СЕЛФИМЕН СЕКЕҢДЕГЕНДЕР НЕ ОЙЛАЙДЫ ЕКЕН ОСЫ?

Қазір қолдарында сотка, әлдебір танымал әнші той-жиында ән айта бастаса болғаны алдына шығып алып суретке селфи түсемін деп ербеңдейтін қатындар да, кәрі-құртаңдар да көбейіп кетті. Кейде бір-бірінің үстіне мінгесіп, селфилетпекке шаңқылдап таласып қалатындары да бар. Той біткен соң осы ерсі қылықтарын жиын бейнежазбасынан көріп ұялатын шығар деп ойларсыз? Қайдағы? «Ана бір оңбаған алдымды кес-кестеп, суретке дұрыс түсе алмасам бола ма?» деп бұртиып коментарий жазып отырады. Бүкіл ой-санасын үш сағаттық той арбап, қай бұрышта қалары белгісіз бір түскен фотосына мәз болған ессіз қатындардың есерсоқ желігіне қарап тұрып, намысың келеді.

Өнебойы солай желігіп жүреді екен дейін десең, жайшылық күндерде тіпті де олай емес. Кейде зиялылығы әлгі әншілерді он орап алар елге белгілі тұлғалар келіп рухани азық болар кеш өткізіп жатады. Әлгі суретке түскіш қатындар мен кәрі-құртаңдар зым-зия. Қолтаңба алып қалуды ойланбақ түгілі залда маужырап есінеп отырады. Миларын әлгіндей жеңіл селфи жеп қойғандықтан ұйқы қысады да оларды.

Бір кезде Мөңке би айтып еді:

Бас қосылған жерлерде

Әйел жағы ден болар,
 Жаман-жақсы айтса да,
 Өзінікі жөн болар.
 Орай салып бастарын,
 Жалпылдатып шаштарын,
 Тақымдары жалтылдап,
 Емшектері салпылдап,
 Ұят жағы кем болар...
 Соның кері келіп жүрмесін деңіз?
 Ал, сіз қалай едіңіз? Селфи аламанына кіріп көріп пе
 едіңіз?

МҰХИТТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА ҚАЗАҚ ӘНҰРАНЫН ШЫРҚАП ЖҮРГЕН ҚАНДАСЫМЫЗДЫҢ АҒАСЫ!

Бүгін жұбайы Клара екеуі қосыла ән шырқағанда тұла бойынды шымырлатып, сезіміңнің нәзік қылдарын шертетін Әміреқұл Ергешұлы Әбуовтің туған күні. Үнемі күліп жүретін, сен байқамасаң да, ана жақтан амандық сұрап, құшағын ала ұмтылатын аңғал да адал әріптес-дос! (P.S.: мұндайда қызмет алшақтығы бізге кедергі емес).

Геннадий Головкиннің АҚШ-тағы жекпе-жектерінде өнебойы Әнұранымызды жанды дауыспен шырқап тұратын Орынбасар Әбудің туған ағасы. Орынбасар Түркістан облысының тумасы, қазір Америкада Нью-Йоркте білім алып жатыр. Еліміздегі түрлі ән байқауларының жеңімпазы, қазақ мәдениетін өзге елдерде насихаттап жүрген ұлтшыл азамат. Джаз бен афроамерикан фольклорын қабат алып жүрген талантты жігіт. Естеріңізде болса, әнші жігіт бізге «Қазақстан дауысы» ән байқауы арқылы танылды. Кейін өнер институтын тамамдап, Астанада біраз сахна мәдениетін жинақтап алған соң, Америкаға оқу іздеп кетті. Қазір Орынбасар Нью-Йоркте «The Magic of Nomads» тобының солисі. Оны мұхиттың арғы жағына жетелеп апарған джазға деген сүйіспеншілігі. Қазір біздің қандасымызды нью-йорктіктер ерекше жақсы көреді. Әр кеш сайын қонаққа шақырып, блюз, свинг сипатындағы композицияларын жалықпай тыңдайды. Гена осы бір қазақ жігітін жанына жәй ертіп жүрген жоқ. Жаны да, қаны да қазақ - Головкин қазақтың қайсар рухын

рингке шыққан сайын құрметпен киіп шығар шапанымен емес, Әнұранымыз арқылы да әлемге танытпақ!

ҚАСЫМХАН АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢБИГІ

Бәріміз де өлеңді жақсы көреміз. Өлеңнің ырғағынан, тербелісінен сүйікті ақынымыздың қимылын, дауысын, мәнерін, мінез-құлқын танимыз. Ақын да өз кезегінде, оқырманына жақынырақ келгісі келе ме, әйтеуір, «өлең-өсекшіден» сырын бүкпеуге тырысады. Жан дүниесін сол өлеңге ақтарып, сырлы құпияларын сол өлеңмен жария етеді. Біз жырларын іздеп жүріп оқитын Қасымхан Бегмановтың өлеңдері де, міне, осындай сыршылдығымен, сырбаздығымен оқыған жанның жүрегін баурап алады.

Қасымхан Бегмановтың шығармашылық жолы бөлек. Әлдекімдердікіндей мансап-тұғырлы, мадақ-мақтанды емес, бір сыдырғы, сабырлы, салмақты: ақындық, жазушылық, журналистік, өнертанушылық, зерттеушілік, киногоерлік, редакторлық... Буырқана қайнаған шығармашылық керуені осылай жалғасып кете барады. Әйтсе де, жүрегiнiң қалауымен таңдап алған өлең өресіндегі білген-түйгені бір түйеге жүк боларлық, бейнеті белшеден, тыныш-тынымы шаш етек-тен. Оған ақынның «Бесіктен бейітке дейін» дейтін жыр жинағын асықпай парақтап оқып шыққан адам толық көз жеткізе алады.

Бірі айтпады-ау жылы сөз шіркіндердің,

Жылап тұрып... тұлпардай сілкінгенмін.

Ей, пенделер, сендерден жеріген соң,

Жалғыз барып бейітке күрсінгенмін... – дейді ақын.

Өлең құрау айтуға жеңіл болғанымен, көз майын тауысатын бейнетті жұмыс. Мұны Қасым ақын әу баста білсе де, осы қиындыққа бүткіл ғұмырын байлады. Өлеңдерін жақсы көргендіктен де, кейінгі толқын біздер, жырқұмар жастар жазған жазбаларына көбірек үңіліп, көбірек сыр ұрлаймыз. Ойы тұнық, айтары анық. Айналамыздағы дүниенің тамыр бүлкілін дөп басып, көрікті тілмен көркемдей кестелейді. Қазіргі атақ-даңқ іздеген тебінмұрт ақындар сияқты арнау өлеңге құмартпай, жадағай, жаттанды, жадау тақырыптарға бармай, өлеңмен от көсеп, проблема көтереді, сезімге шок үрлеп, бойтұмар ойға жетелейді. Поэзияны көсемсөзбен, көсемсөзді өлеңмен сабақтастырған санаулы ақындардың

бірі де осы Қасағаң.

Қазақ деп мұңға баттым мен,
 Қазақ деп жылап жаттым мен.
 Көзімде мұңның табы бар,
 Ернімде шөлдің зары бар.
 Жетім ботадай боздадым,
 Сөз ұғар біреу табылар.
 Алдыма түсті-ау жабылар,
 Жабылардан да жалығар.
 «Қазақтың зарын айтты-ау» деп,
 Мені де жоқтар, сағынар... – дейді ақын.

Міне, осындай шумақтарымен-ақ Қасым ағаның азаматтық пайымы, кісілік келбеті, ұлтжанды болмысы көрінеді. Мұның өлеңді «ермек» санап жүрген кейінгі жастарға үлгі-өнеге болары анық. «Жас кезде адам алып-ұшады. Кейін поэзияның бір күндік емес, ұзақ ғұмыр екенін түсінеді» дейді ақынның өзі бір жазбасында. Өлеңдегі ағалары өмірден кете бастағанда-ақ Қасым ағаның «сүйегі үгітіліп, жаны ауыра» бастағаны содан. «Біз ол кезде көше ақындары едік» деп бағалады сол бір кезеңдегі бір шоғыр таланттармен бірге еркінсіп жүрген күндерін.

Көше ақындары,
 көше ақындары арғымақтары даланың,
 Алшаңдай басып келе жататын тротуарында қаланың.
 Білмейді оны бүгінгі мынау тәртібі жақсы жас ақын,
 Мен көрген сол бір көше ақындары шараппен шөлін
 басатын.

Зар кезеңдер мен тар кезеңдерде қазақты олар сатқан жоқ,

Көше ақындары жер астында да тып-тыныш ұйықтап жатқан жоқ...

Жалпы сол кезде әдеби ортаға «көше ақындары» деген терминді еңгізген осы Қасымханның өзі болатын. «Көше ақындары» десе көз алдымызға көшеде қаңғырып, ішіп жүрген біреуді елестетеміз. Әлі күнге дейін мен өзімді көше ақыны сезінемін» – дейді бұл турасында ақынның өзі де ағынан жарыла.

Қасым аға екеуміз Сасықбұлақта – «Үлгілі» дейтін кішкентай ауылда бір өзеннің сағасынан қатарласа суға шоғыла өстік. Былай етене араласып кетпесек те, сәлеміміз

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

түзу, ниетіміз бір болды. Ол іні деп бауырына тартты, мен аға деп арқа тұттым. Өмірдің әралуан саласында кезіге қалғанда «айналайын» деп арқамнан қағып, іш тарта сөйлейтін бір жылылығы бар.

Осы ауылдың бір кезде өндірі едім,
Өткенді ойлап жан-жаққа телміремін.
Арманшыл ем, пәк едім, алғаш рет
Осы ауылда өлең боп мөлдіредім...
Өз ойы!

Әлі есімде... Әкем ауыл поштасында істейтін. Жауыр мәстегімен ауыл-ауылды аралып, қоржынмен газет-журнал, хат-хабар тарататын. Мен ол кезде өлең түгілі өмірдің не екенін ұға қоймаған жас баламын. Мектептен қайтып келе жатып өнебойы жол жиегінде отырған Қасым ағамды көретінмін. Сондағы күтетіні – әкем, әкемнің қоржынындағы аудан газеті екен ғой. Аудан газетінде Қасымханның өлеңдері жарық көреді. Ал, төлтумаңның баспадан жарық көруі – ең тәтті бақыт! Міне, Қасымхан аға өлеңге осылай ұмтылды. Дәлірек, өлең Қасымханды осылай тапты!

«Бесік пенен бейіттің арасында,
Қасымханжан, тарихта қаласың ба?» –
Деп сұрады ағамыз немқұрайлы,
Ақын аздай қазақтың даласында.
«Қаласың ба тарихта?» ойлы сұрақ,
Кернеп бара жатқандай бойды қуат.
Қалғым кеп жүр тарихта Қасымхан боп,
Жақсы өлең жазылмай қойды бірақ...

Қарапайымдылық. Кеуде соғып тұрған жоқ. «Жақсы өлең жазылмады» деп өзін әлі де қайраумен жүр. Жақсы өлең жазу үшін шабыткерлік талант аз, шеберлік керек деп отыр, сегіз қыр аз, сегіз сыр мәндірек деп отыр. Әйтпесе Қасаған әлдеқашан-ақ мойындалған ақын.

Қасымханның көп сырының бірі – елін сүйетіндігі, халқын сүйетіндігі.

Кеудемдегі лаулаған сөндіреді өртті кім,
Қаршадайдан қазақ деп келе жатқан дерттімін.
Сағынышпен өтті айлар, сағынышпен өтті түн,
Бұлың-бұлың бұл күнге жетпеді кім, жетті кім?
Шалқып жатқан арнасы түбі өзендей толармын,
Үзілетін кезіңнен бір тамшы жас болармын.

Көп қырының бірі – жақсы әнге талғаммен өлең-сөз жазатыны. Ән сөзінің иірім-танымын дәл Қасымхандай меңгерген, Қасымхандай пайымдаған жан некен-саяқ. Ән дейтін сиқыры мен жұмбағы көл-көсір ғажайып әлемге өз тағдырын байлап, талай әндерге сөз жазды. Қараңыз...

Есіме жиі аламын, үздіккен түндерімді...

Екеуміз қоштасарда, саусағыңдірілдеген... («Ол көктем оралмайды» әнінен).

Жасырған сырларың, ұйқымды ұрлады...

Көңілді шайқаған, қайыңдар айтады ән... («Ол көктем оралмайды қайтадан» әнінен)

Ғажап! Тұнып тұрған сурет! «Екеуміз қоштасарда қимастықпен жылап едің ғой» деп тұрған жоқ, «саусағыңдірілдеді» дейді, «сені ойлап түнімен ұйықтай алмадым» деп тұрған жоқ, «ұйқымды ұрладың» деп тұр. Мұнан асқан қандай поэзия болмақ!

Кейде әнге сөз жазатындар әні мен сөзінің бунағы үйлессе болды, қалғанын әнші өзі реттеп алар деген шалағай пікірге үйір. Бұл дұрыс емес. Нағыз поэзия – ән мәтінінде! Қасым ақын осыны терең ұғатын ақын.

Мана, жоғарыда, екеуміз бір ауылданбыз дедім ғой, бірақ мен Қасымхан өлеңдеріне ән жазбаппын. Жазбайын деп жүргем жоқ, талап-талғамынан жүрексінем. Қасымхандай ақынның өлеңіне ән жазуға әлі пісіп-жетілген жоқпын-ау деп ойлаймын. Өткенде бір кезіккенімде «Менің өлеңдеріме жазған әнің бар ма?» деп сұрап қалды. Сәті туған екен-ау деп топшылады. Дегенмен, жақсы дайындық керек. Қасым өлеңдері жаман әнге арқау болмауы тиіс...

Газеттердің бірінен Қасымханның: «Аламан бәйгенің өзі бірер сағаттан соң аяқталады. Ал, өмір қашан бітеді? Әрбірден соң поэзия уақытпен өлшеуге келе ме? Шын ақындар поэзияда мәңгілікке ғана жұмыс жасайды. Кейінгі балалар осыны түсіну керек» дегендей бір пікірін оқып қалып едім. Бұл артына ой тастар шын суреткерге тән ойлы пайым.

Кейінгі жылдары Қасымхан аға ақылын күйбең тірлігінен биік санар ойлы жанға тамызық болар «Бесік пен бейіттің арасында», «Отқа оранған Отырар», «Дүние», «Бақыт жайлы баллада», «Ташкентпен қоштасу», «Шерлі Түркістан», «Тұяқ серпу», «Ескі жұрт» сияқты шедевр

жырлар жазды.

Әрбір күнің ойсыз, мұңсыз атпаған,
Жаныңда жүр сұр жебесін сақтаған.
Бақытты іздеп не қыламын әуре боп,
Қанша ғасыр іздеп қазақ таппаған.
Бақытсызбын, ере көрме, қал еркем,
Үмітім бар жетер деген ел ертең.
Халқым кешке бақытты боп көз ілсе,
Бақытты боп оянамын таңертең.

Бұл елін, халқын сүйген, ұлтқа қызмет етуді бәрінен
де биік қойған Қасымхан поэзиясының айнымас желісі,
ӨЛЕҢБИГІ!

Р.С.: Айтпақшы, Қасаға! Туған ауылыңызға қашан
келесіз? Өзіңіз қадір тұтар Қалыбай, Кенжебек, Сәйдек
көкелеріңіз, Рүстем ұстазыңыз сағынып жүр...

ТҮРКІСТАНҒА КЕЛСЕ ҮЙІМЕ ҚОНБАЙ КЕТПЕЙТІН ЕСКІ ДОСЫМ

Шәмші Қалдаяқовпен көзі тірісінде кездескен адамның
бірі «Қариялар азайып бара жатыр», «Кірмеші жиі түсіме»,
«Шай ішіп кетсең қайтеді», «Қиялдағы қалқа» сияқты та-
нымал әндердің авторы Қалдыбек Құрманәлімен арамызда
бұрыннан келе жатқан сыралғы достығымыз бар. Сондықтан
да ол Кентау-Түркістанға келген сайын алдымен біздің үйге,
сосын досы Жанболат пен ер Бекзаттың ата-анасы Сейілхан
көкеміз бен Сырлықұл жеңгеміздің үйіне соқпай кетпейді.

Жуырда осы өнерлес досым Түркістанға тағы келді.
Бұл жолы Шәмші ағасының ескерткішінің ашылуына арнайы
ат басын бұрған екен. Оң жақ кеудесінде – жүрек тұсында
түймедей бір сары жез күнмен шағылыса сәуле шашып
тұрғандықтан: «Қалеке, бұл не медаль?» деп, көзімді қадай
бергенім сол еді, жанында тұрған «Арыстанбаб» колледжінің
директоры Арслан Асанов: «Беке, естімеп пе едің? Біздің
Қалдыбек «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»
атағын алды ғой!» деді. Қуанып кеттім. Күлімдеп тұрған
Қалдыбегімді құшақтай алдым. Бұл атақтың арзан өнермен
алдарқатып жүрген сайқымазақ әртістерді емес, шын өнер
иесін тапқанына қуандым.

Ал, арадағы достығымыз былай басталған еді. 1990

жылы «Алатау» телеарнасы кентаулық ақын Рахым Балабиев туралы деректі фильм түсіруді жоспарлайды да, Рахаң Алматты маңындағы табиғат аясында түсірілетін болашақ фильмге кейіпкер етіп Медеу шатқалына бізді де ерте кетеді. Телеарнада фильм сценарийін аз-кем ақылдасып отырғанымызда студияға жүрісі ширақ, ұзын бойлы қара жігіт кіріп келді. Кірген бетте жатсынбай, бұрыннан таныс адамдай біздің әңгімемізге араласа кетті де, табиғат аясына бірге серік болып баруға өтініш білдірді. Фильм режиссері бұған қарсы бола қойған жоқ. Таныса келе бұл жігіттің сол кезде-ақ бірқатар әндерімен танылып қалған композитор Қалдыбек Құрманәлі екенін білдім.

Режиссер мәшинеден түскен соң Медеу жаққа жаяу жүргенді жөн көрді. Ондағы ойы жолай фильмге қажет бейнематериалдар жинап алу.

Біз Қалдыбек екеуіміз арт жақта келе жатқанбыз. Ортақ әңгімеміз – ән төңірегінде. Сосын жаңа әндерін айтып беруін қолқаладым. Қалдыбек біз ала барған домбыраны қолына алып, әлі сөзі дайын бола қоймаған бірқатар әндерінің әуенімен таныстырды. «Мана Рахаң сені де ән жазады деп қалып еді, қандай әндерің бар?» деп енді өзіме қолқа салды. Бірді-екілі әнімді орындадым. Көзі жалт ете қалды. «Бұл ел ішінде айтылып жүрген әндер ғой! Авторы сен бе едің? Неге көрінбей жүрсін?» деді де, дереу режиссерді жанына шақырып алып: «Тағы бір фильм түсіретін болдың! Міне, мына жігіт туралы!» деп, әндерімді ыңылдай бастады. Режиссер қуана кетті. Міне, осылайша ойда-жоқта, Қалдыбектің араласуымен менің әндерім туралы «Алатау» арнасында 10 минуттық фильм түсірілген еді.

Содан Алматыға барған сайын ескі дос Қалдыбекті тауып алатын болдым. Екеуіміз оңтүстік астанадағы өнер орталарын іздейміз, қауышамыз, сырласамыз, келешекке жоспар құрамыз.

Бірде осындай рухани ортадан кештеу қайтқан бетіміз. Ең соңғы трамвай жүргелі тұр екен, қарғып мініп алдық. Қалғып-мүлгіп отырған екі-үш адамнан басқа ешкім жоқ екен. Мақатаев көшесіне келгенімізде жүргізуші «Мақатаев аялдамасынан түсетіндерің бар ма?» деп хабарлады. Алдыңғы жақта бүк түсіп бір шүйкедей орыс кемпірі отырған, орнынан қарғып тұрып: «Мақатаев? Какой Мақатаев? Пастер же? Ули-

ца Пастера!» деп жүргізушінің жағасынан алып, айқай салды. Тумысынан ұлтжанды Қалдыбек мұндайға шыдасын ба, ол да орнынан қарғып тұрып, әлгі орыс кемпірдің жағасынан ұстап алды да, «Вот вам Пастер! Пожайлуста, гуляйте до утра!» деп, әлі өз аялдамасына жетпегенін зар қылып айтқан кемпірдің мұң-зарына қарамастан, трамвайдан түсірді де тастады.

Тағы бірде Түркістанда, облыс әкімі келе жатыр деген желеумен жолқауіпсіздігі қызметкерлерінің тышқан өткізбей жолды жауып тастағанына қарамастан, тура облыс әкімінің кортеджі жақындап қалған сәтте Қалдыбектің қиялай басып, аспай-саспай жолды кесіп өткеніне де куә болғаным бар. Жол шетінде тұрған МАИ қызметкерінің: «Ойбай-ай, енді қызметтен айырылатын болдым ғой!» деп зар жылағаны есте. «Мұның қалай, Қалдыбек-ау?» дегенімде, «Әкім де екеуміз сияқты ет пен сүйектен жаралған адам ғой, жаяу жүргіншіні өткізіп жіберсін» деп абыржуыма мән бермеген-ді...

«Ән-Аға» туған 1992 жылы Қалдыбек Кентауға келіп, біздің үйге қонды. Екеуміз лоджыда жатып, ескі әдетпен бір-бірімізге жаңа әндерімізді тыңдата бастадық. Одан сәл бұрын, 29 ақпан күні Шәмші ағамыз дүниеден озған болатын. Аға рухына арнап «Ән аға» атты жаңа ән нобайлап қойғанын айтып қалды. Әннің сөзін көрнекті ақын Ибрагим Иса жазған екен. Орындауын өтіндім. Тамаша ән! Екеуміз ыңылдап біразға дейін жаңа әнді айтып жаттық. Сосын менде ой туды. «Қалдыбек, – дедім, – бәрібір әнді ертең студияға барып өңдетіп жаздырасың ғой, өтінішім бар, әрбір шумақтың қайырмасынан кейін Шәмшінің өз әндерінен «проигрыш» ойнатсаң қайтер еді?», – деген ұсынысымды айттым. Бұл ойым Қалдыбектің көңілінен шықты. Кейін ән осы өңдеуде жазылды. Көп ұзамай, Қалдыбек екеуміз лоджыда жатып әбден июін қандырған ән Шәмші әндері конкурсына жолдама алды. Әттең, сол жолы бұл ән ешқандай да жүлдеге ілінбеген еді...

Сөйтсе де бұл ән «бағы жанған» өзге әндерге қарағанда халыққа кеңінен танылды. Шәмшіні қадірлейтін әнқұмар халық мұны Шәмшіге арналған сыйұран, ән падишасына тұрғызылған ән-ескерткіш ретінде қабылдады.

Жетті ғой осы күнге ән болып есімің де,
Тербеттің ғашықтарды махаббат бесігіңде.

Аққулар арасында әнің жүр, барасың ба?
 Бір сұлу мұңаяды Арыстың жағасыңда.
 Ән-Аға, жан аға!
 Сені аңсап шарқ ұрды шағала.
 Каспийдің толқыны соғады жағаға.
 Жағаға, жан аға, ән аға!
 Еліңе мәңгі ұнатқан нәр бердің ән-бұлақтан,
 Жетеді іңкәр әнің Теріскей, Тамды жақтан.
 Ән болып ұшарыңда аққуға ұқсадың ба?
 Гүл болып үлбіредің бақыттың құшағыңда.
 Шалқыған жалын жастар тойларда әнің бастар,
 Толқиды әуеніңмен ақ маңдай қарындастар.
 Тұнса да дала гүлге, өксиді дала бірге,
 Ескегін қайығыңның қалдырдың, аға, кімге?

– Шәмші Қазақстанның қазіргі әнұранын 26 жасында жазса, мен де Шәмшіге арналған әнімді жазғанда 26 жаста екенмін, – дейді Қалдыбектің өзі кейін радиоға берген сұхбаттарының бірінде.

Шәмшіге арналған әндердің өзі бүгінде 100-ден асып жығылады екен. Мұның өзі қалың қазақтың Шәмші әндеріне деген шексіз махаббатының белгісі болса керек. Солардың ішінде Қалдыбектің «Ән-Ағасы» – шоқтығы биік дара туынды!

ҰЯТСЫЗ ТОЙХАНАЛАР

Бұрын «Тойыңыз қай тойханада өтеді еді?» деп сұраушы едік. Енді «Тойыңызға тойхананың қай бүйіріндегі тесігінен кіреміз?» деп сұрайтын болдық...

Бұрын тойхана аспаздары ас дайындайтын блогына бөгде адамдарды «антисанитария!» деп жолатпаушы еді. Енді ас бөлмесі арқылы лайсаң етіктерімен тізбектеле жортқан тойшыл қауымды «мархабат!» деп құдасындай қарсы алатын болды...

Әй, сөз өтпейтін қазекем-ай!

ҚҰЛТӨШ

Жүрегімнің төрінен ерекше орын алар курстас досым, жазушы һәм публицист Құлтөлеу Мұқашпен кездеспегелі біраз болды. Сағынып жүрмін...

Бірге оқыдық, бір жатақханада жаттық, балаң қиялмен албырт сезімнің жетегіне ердік. Сыр жасырмадық, сыралғы дос болдық. Бәріміз еркелетіп оны «Құлтөш» дедік. Құлтөлеудің жақсы туындылары сол 5-ші жатақханада туды. Әңгімелерін не қара сиямен, не қара қаламын істіктеп ұштап алып жазады. Күлсе шын пейілімен, бар дауысын шығара, ақтарыла күледі. Жымиып қою, мырс ете қалу онда жоқ. Пейілінің кеңдігі де!

Жатақхана бөлмесінде көк түтіні ауаға шаншылған темекісін саусағының арасына қыстырып алып, алты шекті гитараның пернелерін нәзік шертетін «творчестволық бейнесі» есімде қалыпты. «Домбыранды әкелші», – дейтін ондайда курстасым түтінге перделенген екі көзін гитара пернелеріне қадаған күйі. Домбыра мен гитара дуэтке әдімі келеді. Көк пластырмен қапсыра оралған сынық домбырам бар, әкеліп, майда шертіспен қапталдай қосыламын. Екеуміздің біріге шырқар сүйікті әніміз – «Көп қарадым суретіңе». Композитор Базарбай Жұманиязовтың Оспанхан Әубәкіровтің сөзіне жазған шоқтығы биік туындыларының бірі.

Көктем келер гүлін алып,
Жаз да келер жырын алып...

Бұл әнді екеуміз қанша айтсақ та жалықпаймыз. Гитара мен домбыра үнінің акустикалық резонанспен үйлесім табатыны соншалық, бөлмеге кездейсоқ кіріп қалған қыздардың өзі ән иірімінен кете алмай, не сұрай келгендерін ұмыта, аңтарыла тұрып қалатын.

Әсіресе, әннің соңғы қайырымындағы «Сағындырмай өзің келші, хат жазғанша өлеңменен...» дейтін тұсына келгенде еріксіз көзімізге жас іркітінбіз. Ауылды сағынатын болсақ керек...

Әпкесі Алматыға келген сайын Құлтөлеу мені жанынан тастамай кездесуге ертіп барады. Бір тойынып алсын дейтін достық ықыласы ғой.

Кейін, оқу бітіріп, тарыдай шашырап жан-жаққа кеттік. Ұзақ жылдар кездесудің сәті түспеді. Рас, Алматыға сапарлай барғанда – «Қазақстан мектебі» журналына, қазақ радиосына соққанымда, бірді-екілі ұшырасып қалғаным бар. Құлтөлеудің әдеті – дереу қолтығыңнан сүйреп алып, «мұндай мүмкіндік болмас» деп, не журналға мақалаңды бергізеді, не эфирден

сөйлетіп алады. Бұл оның кәнігі журналистке тән ақпарат тарату шапшаңдығы әрі әріптес-досына деген құрметі.

Құлтөлеу үшін қымбат өлке – туған жері Ақшатауда да болдық. Қара шаңырағында аунап-қунадық. Бақыт тіледік. Ән туғыздық. Қосыла шырқадық. Сөзімнің басында «мен үшін орны бөлек» деуімнің сыры да осы. Ән жазуға деген жасырын қабілетімді оятып, шабыт сыйлаған киелі мекен – міне, осы Ақшатау!

Бір досым: «Саған емес, талай жастардың бақытына куә болған мына әніңе сол ән туған Шет ауданының «құрметін» беріп жатса жарасар еді-ау» деп әзіл араластыра айтқаны бар-тын. «Егер әніме ондай атақ бұйырып жатса, оны мен сол елдің тумасы, үлкен досым, «Хан Кене рухы», «Әуестік әлемі», «Ұзақ бұралаң жол», «Салбыруын», «Боз жауын», «Сенің терезең» сияқты туындылардың авторы Құлтөлеудің өзіне сыйлап кетер едім» деп күлген едім сонда. Кім біледі, бір жылдары туған елінде жазушыға құрмет көрсетілер де, тек мен білетін Құлтөлеу ондай атақ-даңқыңызға құмар емес. Оның бар марапаты – шығармашылығы!

Құлтөлеу дос, сағындым! Алматыға өзіңді іздеп баратын күн де алыс болмас. Домбырам дайын, гитараңның құлағын күйіңе келтіре бер...

СӨЗ ҚҰДЫРЕТІ

Қазақтың ең асыл, ең әдемі, ең аяулы сөздері солдан оңға, не оңнан солға оқысаң да, дыбысталуы да, мағынасы да өзгеріссіз қалатыны қызық: Алла, қазақ, баб, нан, ата, ана, апа, ене, аға, іні, қызық, қақ... Сәл ойлансаң, мұндай мысалды көптеп келтіре беруге болады. Абай атамыз айтқандай, бұлар «айналасы жұп-жұмыр, теп-тегіс келетін» сөздер. Кейде «әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ» дегендегі «ажа»-ны – әже емес пе екен деп те ойлап қаласың. Қожа – әулет қожасы «ата» да, ажа – үлкен ана «әже» шығар...

Қане, қалай қарай оқысаң да, мағынасы өзгермейтін сөздерді сіз де білетін шығарсыз? Бөлісіңіз...

ӘДЕПСІЗ ӘЛЕУЖЕЛІ

Кейбір желі қолданушылардың бала да, ана да отырған әлеужелілерге кіріпалып, ұятты суретті жүктеп, анайы, бейпіл,

боқтық сөздерді ойланбастан жаза салатыны таң қалдырады. Қазақ сөздің киесін ұққан халық қой. Сондықтан әр сөзді астармен, тұспалмен жеткізген. С...мін дегенді «дәрет сын-дырып қайтайын», «жеңіл дәретке шығайын» дейді. Т...мын дегенді «тысқа шығып келейін» дейді. Өлді демей, «шалқар көлім суалды», «шырағым сөнді» дейді. Руың кім еді демей, «қай туғансың?» деп сұрайды. Бойдақсың ба демей, «басың бос па еді?» деп тұспалдайды...

ЖАС ЖАУЫНГЕР КЕЛЕДІ АЛШАҢ БАСЫП...

Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ, қырық жыл қырғында білектің күшімен, найзаның ұшымен мынадай ұлан-ғайыр жерімізді аман алып қалған бабаларымыздың жанқиярлық ерлігін оқыдық. Қан майданда фашист басқыншыларына той-тарыс беріп, Екінші Дүниежүзілік соғыстың ауыр зардабынан мүгедек болып елге оралған аға-апаларымыздың мұңды жүзі мен көз жасын көрдік. Кешегі ызғарлы Желтоқсанда тоталитарлық жүйеге қарсы тұрып, ел азаттығы үшін алаңға шығып, пікірін ашық айтамын деп қуғын-сүргінге ұшыраған замандастарымызды көрдік.

Арыста азаматтарымызды қарша бораған алапат снарядтардан аман алып қалған әскерилердің адал қызметін көрдік. Мақтааралда су тасқынына ұшыраған қандастарымызды белуарынан су кеше жүріп құтқарып қалған еріктілердің іс-әрекетін көрдік. Індет жағадан алғанда, өз өміріне қауіп төніп тұрғанын сезсе де, адамды ажалдан арашалау үшін түні бойы ұйықтамай кезекшілікте тұрған ақ халаттылардың ерлікке бара-бар істерін көрдік. Ал, дәл мынадай, бейбіт күннің аман-ында, бір жыл әскерде азаматтық борышымды өтедім деп, жауды қырып тастағандай сән-салтанатымен ауылға алшаң басып кіріп келген жауынгерлерді бірінші көруіміз. Бұл не? Қандай ерлік? Әлде, азаматтық борышымызды өтеу де «ерлікке» айналды ма?

Ойланайық, жастар...

Дәл осылай көшеде алшаң басып жүру үшін елдігімізге, тәуелсіздігімізге, қала берді, өз азаматтығымызға лайық үлкен істер атқаруымыз керек, бауырлар...

КУРСТАС

Серікпен курстаспын. Ол Семейден - Абай елінен, мен Түркістаннан - Йассауи төрінен. Думанға толы студенттік шақтан ерекше сағынышпен еске алып, таңға дейін отырап екеумізге ортақ естеліктеріміз көп...

Үнемі қолынан гитарасы түспейтін. Бір қызығы, біздің бөлмеге домбырсын арқалай келетін. Өйткені, екеуміздің отыра қап, шанақты сабалай қосарлап күй тартатынымыз бар. «Ерке сылқым», «Аққу», «Балбырауын»... Ол - бірінші қағыста, мен - екінші қағыстамын. Әлдекімдер құсап унисон тартпайтынбыз. Қос дауыста домбыраны безек қақтыратынбыз. Бәлкім, күйді қос дауыста тарту шеберлігін алғаш бастаған біз болуымыз да ғажап емес...

Көптен көрмей сағынып жүргем. Бірде Түркістанға қарындасының құдалығына ере келіп, салған беттен мені іздепті. Қойсын ба, тауып алды. Құстай ұштым. Төрде құшақтаса кеттік. Сол күнгі құдалық екеуміздің құдалығымыз болды-ау! Ән де, күй де таңға дейін толастаған жоқ.

Әй, Серік дос, тағы бір келер ме едің?! Мына жақ әніңді де, күйіңді де сағынып жүр...

ЕЛІКТЕУІШ ЕМЛЕЛЕР

Әлеуметтік желіде жаңалықтар тарататын turkystan.kz дейтін портал бар. Осы портал тақырып атаулыны шұбатып қойып, әр сөзді бас әріппен теріп жариялайды екен (суретте). Германия, Түркия, Ұлыбритания сияқты елдердің грамматикасында дәл осылай бас әріпке құмарлық бар. Әлде бұлар соларға еліктей ме? Онда төл тіліміздің ережесі қайда қалды? Адам аттары мен жер-су аттары ғана бас әріппен жазылмаушы ма еді? Бұлардікі қай ереже? Әлде, сайт редакторы шет елде оқып, соның әсерінен шыға алмай жүр ме?..

ОПЕРАТОР ОЙЛАНА БЕРЕДІ

Кейбір мекемелердің телефон арқылы қызмет көрсету операторларына қоңырау шалсаңыз, «қазақ тіліне қосылу үшін 1-ді басыңыз», «орыс тіліне қосылу үшін 2-ні басыңыз», «енді оператор жауабын күтіңіз» деп автоқыздың жетегімен басыңды қатырып, онсыз да қымбат уақытыңды ұрлап, езбелеп тұрып алатыны несі екен? Телефон тұтқасын тікелей

көтерсе бірдеңелері кете ме? Осының астарында білдірмей бірлік жеу қулығы жасырынып тұрған жоқ па екен? Сіз қалай ойлайсыз?

ИЕКТЕ ДЕ БЕТПЕРДЕ, БІЛЕКТЕ ДЕ БЕТПЕРДЕ...

Медициналық қорғаныш бетпердесін тұмсыққа не мақсатпен тағып алатынын осы жұрт білмейді-ау деймін. Білмесе, естеріне салайық: елімізде тәжтажал дейтін індет жүріп жатыр, ол қаншама адамдардың (олардың ішінде сіздің де жақыныңыз бар) өмірін жалмады, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлем бойынша бұл індетті пандемия деп жариялап, экономикамызға қаншалықты зияны тиіп жатса да, еліміз сіз бен біздің қауіпсіздігіміз үшін оқшаулау тәртібін енгізіп, оқтын-оқтын карантин жариялауға мәжбүр болып отыр. Әлде, күні кеше ғана пневмония сырқатының екі өкпеңізді сығып, демалуға ауа таппай қиналғаныңызды ұмыттыңыз ба?

Карантин жұмсарып, базар ашылды деген соң, қала жұрты мұны қалай қабылдады екен деп базар маңын жағалағанбыз. Сұмдық! Елдің 60 пайызы бәз-баяғы қалпы ашық-шашық бетпердесіз жүр. Қалған 40 пайыздың тең жартысының бетперделері не білегінде, не иегінде, не қалтасы мен сөмкесінде жүр. Бір-екеуіне: «Бетпердеңізді неге тақпай жүрсіз?» десек, бетімізге бажырая қарап: «Сен кім едің? Әкім бе едің тексеретін?» деп әкіреңдеді. Жеміс-жидекті қораптап алып жатқандардың бір-біріне: «Ертең алпыс шақты адамға бір жиыным бар еді?» деп жатқандарын да құлағымыз шалып қалды. Бұрын газет беттерінен «біз батыр халықпыз, ештеңеден қорықпаймыз!» дегенді оқып қалушы едік, батырлығымыздың не екенін енді ұққандай болдық...

Бетпердені өзі үшін емес, әлдекім үшін иекке тағып алатындар не ойлайды екен сонда? Ауыз ашық, мұрын ашық. Бетімде жабысып тұрса болды, вирустан сақтайды деген жабайы түсінік пе әлде?

Телевизор күндіз-түні қақсап жатыр, қоғамдық орындарда жауапты тұлғалар қайта-қайта ескертіп жатыр, әр тұста сақтандыру бюллетеньдері ілулі тұр – құлағымыз тас керең, көзіміз жұмулы. Бұл не деген жауапсыздық?

Сіздің қауіпсіздігіңіз кім үшін керек сонда, айна-

лайын ағайын? Отбасыңызға ма, әлде әкімдіктің жауапты қызметкеріне ме? Ойланыңыз!

ОНЛАЙН ОЙЛАНДЫРЫП ОТЫР...

Индеттің мына беталысына қарағанда педагогтар жаңа оқу жылында да онлайнмен отыратын сияқты. Оның үстіне білімге қатысты ведомство басшысы 1-қыркүйекте сабақтың онлайн форматта болатынын қайта-қайта ескертіп жатыр. Министр бұл тұста: «Оқушылар қашықтан оқи ма, оқымай ма, бәрібір білім жүйесі өзгеруі тиіс» дегенді қадап айтты. Ал қашықтан оқыту кезінде бұрынғы әдістеме, бүгінгі мониторинг өзгертіні белгілі. Әсіресе, мәселе ІТ мәселесіне келгенде, мұғалімге де, оқытушыға да көп дайындық керек екені байқалады. Жазғы демалыс кезінде базбір білім беру мекемелері басқару инфрақұрылымын да, білім беру бағдарламасы мен педагогтарды даярлау үдерісін де жаңа форматқа көшіруде. Қалай болғанда да, педагогтерге жаңа дағды керек екенін ұғынған сияқты.

Онлайн білім беруге негізделген цифрлық педагогика педагогтардан компьютер мен серверлерді, интернетті тәп-тәуір меңгеріп алуды талап етуде. Ата-аналар мен оқушы-студенттерге де, егер білім алуды керек етсе, әрине, онлайнда «ойланып қалмайтын» компьютер қажет. Ватсаппен өткен сабақ жарамайды енді. «Компьютер алауға шамам жоқ, балама техникалық құралды мектебі әперсін!» деген ауыл психологиясынан арылатын кез келді (ондайлар бар, әрине). Осылай талап қойып отырған кей ата-ананың баласының қолында қымбат «Айфон» жүргенін көзіміз көрді.

Әрине, қабілетті, компьютерді тез меңгере қоятын, шапшаңдық харизматикасы бар педагог үшін онлайн дегеніңіз түк емес. Тек қашықтан өткізетін вебинар-сабағы үшін қажетті материалдарды алдын ала дайындап, айтар ойын монитор алдында шәкіртке жүйелеп жеткізіп, кері байланыс жасап отырса болғаны, сабақ өзі ойлағандай сәтті өтеді. Яғни, талантты адам жаңа жүйеге тез икемделе қойып, өз идеясын офлайннан онлайнға генеризациялап оңай көшіре қояды. Ал, жеке сабағына жүрдім-бардым қарап, онлайнға «онлайн» қатысатын талантсыз педагог үшін бұл нағыз катастрофа! Компьютердің қай тетігін басарын білмей,

әркімнен көмек сұрап, босқа уақыт өткізіп, қолында бар материалдарын визуальды бере алмай, асып-сасып қалады. Бұл өзіне де, монитордың ар жағында білім алмаққа ниеттеніп отырған шәкіртке де ауыр. Осы себептен білім беру парадигмасына өзгеріс енгізіп, «әркімге қабілетіне қарай» лайықты жалақысын қойып, категорияға байлап қоймай, қабілетті педагогтарды ынталандырып отырмасақ, ертең олар да «ватсаппен дәріс беретін» педагогтар қатарын көбейтуі мүмкін.

Қалай болғанда да, біз әлі көп уақыт онлайн, офлайн деп біраз әуре-сарсаңға түсетін сияқтымыз. Сондықтан қазірден бастап педагогикалық университеттер онлайн, офлайн тәсілімен сабақ жүргізу әдіснамасын білім беру бағдарламаларына міндетті пән ретінде енгізе қойып, жаңа жүйе педагогтарын дайындауды қолға алуы керек.

Педагогикалық мамандыққа оқуға қабылдар кезде де, білім беру мекемесіне қызметке алар кезде де ең басты критерий – сұхбаттасу болуы тиіс. Қабілеті бар адам ғана сабақ бергені жөн. Қолында дипломы бардың барлығы – педагог емес. Педагогтық – қанмен сіңетін қасиет. «Әке-көке» онлайнға жарамайды. (Мемлекеттің білім беру грантына жұмсап жатқан қаржысы далаға кетпесін дегенім ғой...)

Онлайн-дәрісте мұғалімнің не оқытушының имиджі, сөз саптауы мен шешендігі айрықша рөл атқарады. Ол салған беттен шәкіртті мониторға байлап, өзіне баурап алуы тиіс. Зумда отырып, «балам, ана тетікті қалай басамын, мына материалды саған қалай жіберемін?» деп уақытты оздырып отырып алатын педагогтан оқушылардың қаша бастайтыны заңды. Ал бұл өз кезегінде онлайн-сабаққа қатысу көрсеткішін төмендетеді (монитордың ар жағында үйінде отырған баланың онлайн-еркі өзінде ғой...).

Бізге білім берумен қатар мақсатты тәрбие де керек екен. Кейде базбір мектепте педагогтар бір-бірімен бет жұлысып жатқанда «осылар төрт жыл бойы альма-матерде не оқыды екен?» деп ойда қалатының рас. Ізгілікке баулитын білімнің де болғаны жөн екен. Оның үстіне кейінгі кезде ата-аналар да мұғаліммен бірге онлайн-дәріске араласып отырады. Олар да баласымен бірге монитор арқылы мұғалім сабағын, әдеп-құлқын бақылайды.

Ия, қазір заман басқа, талап та басқа. Осыдан отыз жыл бұрынғы «Тамаша» әзіл-сықақ театрындағы Құдайберген

Сұлтанбаев пен Мейірман Нұрекеевтің сахналық әзілімен бүгінгікөрермендікүлдіреалмайсың. Олар Қанат Әбжаппаров пен Тұрсынбек Қабатовтардың әзіліне күледі...

АЗАН ШАҚЫРЫП, АТ ҚОЙЫП ЖҮРМІЗ-АУ...

Бізде жарық дүние есігін ашқан сәбиге азан шақырып, ат қою рәсімі бар. Елге сыйлы белгілі азамат болып өссін деген ниетпен құрметі бар, қадірлі адамға «азан шақырып, ат қойып бересіз бе?» деп қолқа салған. Ат қоятын адам құндақтаулы сәбиді қолына алып, басын құбылаға қарата тұрып, «Аллаһу әкбар!» деп азан шақырып, «Сенің есімің Пәленше!» деп, әке-анасы таңдап қойған есімді оң құлағына үш рет қайталап айқайлаған. Бұл баланың есінде сол есім мәңгіге қалсын, құлағына сіңісті болсын деген ниеттен туған ырым. Азан шақырып, ат қою жоралғысын сәби туылғаннан кейін жетінші күні жасайтынын да ұмытпағанымыз жөн. Бұл сәби құлағы сыртқы дыбысқа алаңдай бастаған мерзім.

Өкінішке орай, қазіргі жастарымыз ата-анасы он ойла-нып, мың толғанып қойған төл есімдерінен «жерініп», өз беттерінше «заманауи» ат қойып алатын болған. Әсіресе, мұндай есімдерді Instagram парақшасындағы профильдерінен жиі кездестіресіз: gala_, jaz_, ulka_, tunga_, assel_, molya_ осылай кете береді. Бұл қазіргі жастарымыздың «сүйікті» есімдері. Кісі аты бас әріппен жазылушы еді, мұндай «ұнамды» аттар кіші әріппен де жазыла беретін сыңайлы...

Ертең, қиямет күнінде, Пайғамбарымыздың хадисінде айтылғандай, әр пенде осы азан шақырылып қойылған есімдерімен шақырыла бастағанда, есімдерін бұрмалап алған жастарымыз қайтер екен, есітпеген болып тұра берер ме екен?

Жастар үйден шыға бере өздеріне ұнайтын «шұнақ» есімдерін қойып алатын болса, несіне азан шақырып, ат қойып әуре болып жүрміз осы біз?

ЖАРНАМА ЖАРЫСЫ

Жарнама – сатып алушыға әсер ету мүмкіндігі бойынша ең тиімді тәсіл. Сондықтан әлемді ауызына қаратқан алпауыт компаниялар жарнамадан ештеңесін аямайды. Мәселен,

Ксения Собчак Ресей тележүргізушілері арасында аз ғана уақытта мол табысқа кенелген блогерлердің бірі. Ол жылына Instagram парақшасындағы жарнамасының өзінен 1,6 миллион табыс тауып отырады екен.

Кейінгі кезде, әсіресе, пандемия режимі енгелі бері, бір тиын жұмсамай-ақ, өтпей тұрған затты фейк ақпаратпен жарнамалап, мол табысқа кенелудің дәурені туды. Оған әркімнің смартфонында жүрген әлеуметтік желі дейтін құрал және не болса соған сенгіш халықтың өзі көмекке келуде.

Бәлкім, пост жазып отырған әдебір желі пайдаланушысы өзінің ағзасына оң әсер еткен (басқа біреуге оның титімдей де әсері болмауы мүмкін) дәрінің пайдасы туралы кеңесімен бөлісе отырып, сол дәріні еріксіз жарнамалап отырғанын байқамай қалуы да мүмкін. Ал, ертесіне дәл осы постты оқыған қалың оқырман айтылған дәріні қораптап сатып алу үшін дәріханаға қарай жүгіреді. Бетперде, антисептик, қызу өлшегіш, аспирин, аскорбин қышқылы, цефазолин, парацетамол, офло, дексаметазон, ұн-жарма өнімдері тапшылығын естеріңізге түсіріңіздер... Осының барлығы желі қолданушыларының посттарынан кейін «танымалдылыққа» айналды.

Бұған, әрине, желі пайдаланушылары кінәлі емес (себебі, олар әдейі жарнама жасап отырған жоқ қой). Мәселенің барлығы дер кезінде дәрігер көмегіне жүгінбеуден, не учаскелік дәрігері уақтылы ем бермеуден, бір-бірінен, көршілерінен, туыстарынан «рецепт» жазып алудан болып отырған жағдайлар.

Мәселен, ертең мен де желі арқылы тікелей эфирге шығып, іш аурудың дәрісі індетке қарсы бірден-бір дауа ем екен деп, левомецинді ұнтақтап, суға әбден араластырып жіберіп, көзбе-көз жұтып жіберсем, ертесіне дәріханаға барып левомецинді қораптап сатып алғысы келетіндердің кездесетіні бек мүмкін... Ең бастысы – дәрігердің берген емі. Өйткені ол науқастың қан-несеп сараптамасына, жеке шағымына жүгіне отырып рецепт ұсынады. Сол үшін дәрігерді жеті жыл оқытады.

P.S.: Айтпақшы, менің есік алдындағы бақшамды биыл ажырық дейтін шөп басып кетіпті. Тұмауға дауа ем екен, келіп теріп кетесіздер ме?... – деп әзілдеп қойсам, ә.

Ауырмайық, сақтанайық!

САЛТ-ЖОРАЛҒЫМЫЗҒА ДА «КАРАНТИН» КЕРЕК ЕКЕН

Елге індет енгелі, бұрынғыдай емес, жиын-тойдың еп-теп азая бастағанын аңғарамыз. Енді адамды көбірек жинайтын біраз салт-жоралғыларымызға ептеп «түзету» енгізіп қойсақ та, артықтық етпес-ау деп ойлаймын. Кейін індеттің беті қайтып жатса, жиып-теріп қалпына келтіріп алармыз.

Мәселен, қанша айтсаң да, адам жиыламай тұрмайтын жаназа дейтін жоралғымыз бар. Ет жақыны дүниеден қайтып жатқанда туыстарының жанында болып, көңілін жұбатпай, ешкім де үйінде дым болмағандай қаннен-қаперсіз отыра алмайды ғой деп ойлаймын.

Біздің жақта марқұм қайтыс болған күні жақын-туыстары есік алдында қаз-қатар тізіле тұрып, көңіл айта келген әрбір адамды екі иыққа қапсыра құшып, қолын қысып амандасып жатады, яғни, көріседі. Мың адам келсе, осы қимылды мың мәрте қайталайды. Үйде жылап-сықтап отырған әйелдер жағы да кірген аза тұтушыны құшаққа алып, көз жасын көл етеді. Бірінде бетперде бар, бірінде жоқ.

Өткен жолы бір жаназада ауыл молдасы жас жігіт екен, қақпадан кірген әрбір адамға: «Құшаққа алып көріспей, алыстан көңіл айтсаңыздар да болады, қаралы жанға жылы сөз де медет» деп ескертумен болды. Жұрт қарсы болған жоқ, құшақтаспай, айтқанын орындады. «Неге көрісе алмадық» деп өкпелемеді. Түсінгені.

Сосын, қайдан келген кәде екені белгісіз, жаназа үстінде елдің барлығына біртіндеп сүлгі, әйелдер жағына бір жапырақ пүліш тарататын бір жоралғы пайда болды. Неге сүлгі? Неге басқа зат емес, түсіне алмай жүрмін. Сұрадым, әр сүлгіңіз базарда 600 теңгеден тұрады екен. Сол жаназада 800 адамға 800 сүлгі таратылды. Жылап-сықтаған қаралы үйдің жан қалтасынан 480 000 теңге кетті. Жаназа күні мәйіт шыққан үйден тамақ бермейік деп бәтуаласқанымыз жақсы, ал мынауысы несі?

Ел көп жиналатын жиынның бірі – беташар. Жас түскен келінді көру, қолынан дәм тату ежелден келе жатқан дәстүр. Бет ашуға келген «ақында» кінә жоқ, үй иесі жалдаған соң келеді, күні бұрын келісіп, «қаламақысын» бекітіп алады. Сондықтан адам қанша жиналса да, оның ұпайы түгел. Ал, беташарды созбақтап, бесіктегі баласына дейін әр адамды

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

жеке-жеке айтқызып, елді шаршатып алатын той иесінің өзі. Себебі, осында жүрген әр адамның «қалтасын қағып», ортадағы қоржынға ақшаның көбірек түскені оған тиімді. Ал, бұл – уақыт. Уақыттың созылуы індеттің ел аралап сумаңдауына ыңғайлы.

Құдалық сияқты кішігірім жиындар «подполиеге» көшкен. Құдаларды бетіне ұн жағып, қант тістетіп үйге кіргізіп алған соң, қақпа мықтап бекітіледі де, музыкасыз, ың-шыңсыз 40-50 адам бір бөлмеде бір-біріне тілек айтып сағаттап қамалып отыра береді. Бетперде қалтада не сөмкеде. Құдамен маскі арқылы тілдеспейді ғой енді?! Ал, көліктер құдалық болып жатқан үйден аулақ, көше бойына әр тұсқа шашырап тұрақтана қояды. Маскировка! Кімді алдап жатырмыз? Коронавирусты ма?

Мынадай індет жайлаған алмағайып заманда сән-салтанатымен келін түсіре алмай, қыз ұзата алмай, қиналып жатқанымыз рас. Қызыққа тоймайтын сауықшыл халықпыз ғой. Дегенмен, індеттің өз «заңы» бар. Одан сақтанбасақ болмайды!

Бәлкім, сіздің жұртты көп жинамай, елдің амандығын сақтауға септігі тиер салт-жоралғы өткізуге қатысты бір ұсынысыңыз бар шығар?..

ТОЙ ҚУМАЙ, ОЙ ҚУАЙЫҚ

Мемлекет басшысы: «Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!», - деген әдемі ой айтыпты. Сансыз тойхана иелері салтанат сарайларын босқа қаңтарып қоймай, профилактикалық ем қабылдайтын «бір терезе» қағидатындағы емдеу орталықтарына: көп орынды аурухана+емхана+дәріхана+процедура кабинеті+емдеу диагностика кабинеті+лабораториялық зертхана сипатындағы сауықтыру кешендеріне айналдыру жағын ойлауы керек шығар...

ОТЫРАР ТӨРДЕ ШӨМЕЙП...

Ілгеріде Шортанбай жырау:

«Бұл асылық асқан заманда,

Қожа, молда көбейіп,

Отырар төрде шөмейіп...» деп жырлап еді, қазіргі сақалы селкеу тартып, мұрты тебіндей бастаған жас молдалар да, сәлдесі мен шапанын құрмет санай ма, әйтеуір дастархан басында үлкен-кішіге қарамай аттап-пұттап төрге ұзайтын болып жүр. Жасы 80 мен 90-ды алқымдап қалған қариялардың бұған еті үйреніп кеткені соншалық, мән беріп те қарамайды. Осылайша ата сақалы ауызына түскен кіл қарттардың ортасында бетті нартай болып жас бала отырады.

Дұрыс, молдекеңнің алған білімін, қаушағына құйған ілімін сыйлайтын шығармыз, бірақ иманда үлкенді сыйлау, құрметтеу, оған төрден орын беру деген ұғымның болмағаны ма? Шеттеп, өзі құралпы замандастарының қатарына отырса да, уағызын сол жерде отырып айтса да құрметке лайық болады ғой.

Біздіңше, дастархан төрі – сол ауылдың ізеті мен ізгілігін түгендеп отырған, ауылы сыйлап, құрмет тұтатын, ауызында айтары бар шежіре қарттардікі сияқты. Сіз қалай ойлайсыз?

КІСІЛІК – КІШІЛІКТЕ

«Қабуснамада» Ануширан патшаның «Кісі деп кімді айтамыз?» деген сұрағына оның ақылман уәзірі: «Өзін басқалардан кішік, қарапайым ұстаған адамды» деп жауап берген екен. Демек, кісілік – адамның жақсы қасиеттерін танытатын ұғым. Дабыра мен дақпырттан аулақ, қарапайым мінезімен ел алғысына бөленіп жүрген азаматты «кісілігі жоғары кісі екен» деп мақтайтынымыз содан. Махмұд Қашқаридің: «Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі» деп тамсанатыны бар. Кісілік дегенде, алдымен, ұйқыда жатқан жұртының санасын оятып, ағартушылығы мен қайраткерлігін қабат ұстаған Алаш ардақтылары еске түседі. Туған халқының келешегі үшін ауыр азап пен қайғы шексе де, алған мақсаттарынан таймай, абақтыда қамалып жатқанның өзінде тектілік пен тұлғалық болмысынан айнымай кеткен ел зиялылары нағыз кісіліктің символдары екен-ау...

Қазіргі кісі кім? Мағынасы өзгеріп кетті ме деп қорқамын. Маңғаз, жан баласын менсінбейтін, айналасына өзі сияқты тоғышарларды жиып алып, талтаңдап әзер жүретін қарынбайларды «кісі» дейтін болыппыз. Шікірейген тағысымызды көрсек, «Түү, кісі болып кетіпсің ғой!» деп

мазақ ететініміз содан. «Ана кісілер келмей жиынды бастап жүрмендер» деп, әлдекімдерден қорқақтайтын болыппыз. Жұмсақ креслоға отыруды, қымбат көлік мінуді, жақсы киінуді кісілік деп ұғатындар көп. Шын кісілік – көркем мінезде емес пе еді, ағайын?

Жарық бөлменің өзінде қара көзілдірігі көзінен түспейтін, ернінің ұшымен ғана әзер амандасып, төрді ғана тұрақты орным деп есептейтін талтаңбайларға жалпақтаймыз деп, қазақтың шын кісілік келбетін жоғалтып алмасақ игі...

СІЗ МЫЛЖЫҢ ЕМЕССІЗ БЕ?..

Жұрттың уақытын алып көп сөйлеу қанымызға сіңіп кеткен қасиет пе деп ойлаймын. Тілекейтсе, тыңдаушымыз жақтырып отыр ма, жақтырмай отыр ма, бәрібір, көсемсіміз. Алқалы жиындарда жарыссөзге шығып сөйлесек те, елдің уақытын ұрлап шешенсіміз. Көшеде кезігіп қап жағдай сұрасақ та ділмәрсіп біраз алтын уақытын аламыз. Іс бабында телефон шалсақ та шаруаға мүлдем қатысы жоқ қайдағы-ойдағы жоқты айтып дарақы күлкімен біраз уақытын ұрлаймыз. Кафе-ресторандарда да ерні-ерніне жұқпай серіктесінің «миын ашытып» отырған адамдарды көреміз. Құран оқып, дұға қайырсақ та, молдекеңнің шұбыртпа батасын тыңдап, тізерлеп, алақан жайып ұзақ отырып қаламыз. Құдалық, той-жиында да солай. Сол үйдің мысық-тышқанына да дейін сөйлеп болмай, кіші дәреттің қысқанына қарамастан, орнымыздан қозғала қоймаймыз. Мұндай сөзуарлықтың санамызға сіңіп кеткені соншалық, маңызды шаруамызды жиып қойып сағаттап тұрып мылжыңдауға бармыз.

АҚШ ғалымдары кім көп сөйлейді екен: ер адам ба, әйел адам ба деген мақсатта зерттеу жүргізіп көрген екен, зерттеу нәтижелері әйелдердің орта есеппен күніне 16 215, ер адамдардың күніне 15 669 сөз сөйлейтінін анықтаған. Ал сөйлеу жылдамдығы жағынан әйелдер ер адамдарға қарағанда анағұрлым алда екен. Байқасақ, екеуі де бір-бірінен қалысып тұрған жоқ. Аризон университетінің социолог-ғалымы Маттиас Мэйльдің зерттеуінше, ең мылжың адам күніне 47 000, ал ең сөзге сараң адам күніне 500 сөз сөйлейтін көрінеді.

Сол ғалымдар арнайы келіп, «ең ұзақ тілек айтатын», «ең ұзақ дұға қайыратын», «ең ұзақ телефонмен сөйлесетін» халық кім екен деп зерттесе, жыл сайын әлемдік байланыс

мекемелері телефон басында ұзақ отыратын клиенттеріне тағайындайтын «Жыл мылжыңы» сыйлығын бізге беріп кететіні даусыз.

Осы сөзшең қасиетіміз сырт көзге маңдайшадағы мекеме атауларымызға дейін көрініп тұратын сияқты. Мәселен, жәй ғана «Полиция қызметкерлерінің киім-кешек қоймасы» деп қысқартып жаза салатын мекеме атауын «Түркістан облысы полиция департаментінің арнайы және жұмылдыру даярлық басқармасы мен тылды қамтамасыз ету басқармасының киім-кешек қоймасы» деп шұбырта жөнелеміз. «№26 орта мектеп» түрінде жазыла салатын білім ошағының атауы «Түркістан қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №26 жалпы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі» болып жазылып тұр. Айта берсе, мұндай мысалдар өте көп.

Айналамыздағы «шешендер» мен «көсемдер» әңгіменің маңызы көп сөйлеуде емес, көп тыңдауда екенін түсінсе ғой, шіркін...

ТОЙҒА САУ АДАМ БАРАДЫ

24.kz таратқан мәліметке сүйенсек, Өзбекстанда республикалық комиссияның ұйғарымымен тойдың шақыру билетіне «сау болсаңыз ғана келіңіз» деп жазуды міндеттейтін шешім қабылданыпты. Бұл талап театрларға барушыларға да қатысы бар.

Дегенмен, тойханаға келген қонақтың сау екендігін қалай анықтайтыны туралы ашып жазылмаған. Бәлкім, қалтасында төлқұжатымен бірге ПЦР анықтамасы болуын талап ететін шығар. Кім білсін... Ал, бізде әзірге сауы да, сау емесі де тойхананың артқы есігінен ұрлана кіріп думанда-тып жатыр. Бәлкім, мұндай талап бізге де керек шығар. Онымен қоса «шопырыңызды ертіп жүрмеңіз», «тең-тең тоғыз арқаламай, ақшамен келіңіз», «кетерде дастарханды сыпырып кетпеңіз», «шәйнекпен арақ ішіп жүрмеңіз», «тілекті қысқа айтыңыз» деген сияқты ескертпелерді де жазып қойса артықтық етпес еді-ау...

ДӘРІГЕРДІҢ ДЕ ДӘРІГЕРІ БАР

БҰРЫНҒЫ ҚАРТ ДӘРІГЕР: тамырыңды ұстайды, қан қысымын өлшеп көреді, стетоскоп жүгіртіп өкпе тыны-

сын, жүрек қағысын тыңдайды, пальпация жасайды, тіліңді, көз қарашығыңды ашып көреді, несеп-қан анализдерін оқып шығады. Диагноз дайын! Науқастың қалтасынан бір тиын да шықпайды.

БҮГІНГІ ЖАС ДӘРІГЕР: қабылдауы сатулы, қан қысымын өлшеп көргенімен, тамыр ұстамайды, екі көзі компьютерде, стетоскоп суырмада, пальпация жасамайды (бәлкім, жиіркенетін шығар), тіліңді, көз қарашығыңды ашып көрмейді, бірден астындағы кассаға несеп-қан анализдеріне, УЗИ-ге, МРТ-ге, кардиограммаға, ЭКГ-ге жұмсайды. Қаншама ақшаңды кассаға төгіп, кезекпен жүйкеңді жұқартып келгеніңде, диагноз дұрыс қойылмайды...

СЫҢҒЫРЛА, КҮМІС ҚОҢЫРАУ!

Бала кезімізде мектептегі сабақ арасындағы үзілісте сыңғырлап күміс қоңырау соғылатын. Ол құлағымызға жылы әрі жағымды естілетін. Сол қоңырау 10 минуттік үзілістен соң да сабаққа кіруіміздің қажет екенін ескертетін.

Қоңырау соғу бақыты апталық үлгерім бойынша озық шыққан ең озат оқушыға бұйыратын да, сол оқушы дәлізбен жүгіре жүріп, бойын мақтаныш сезімі кернеп, қолындағы жез қоңырауын аспанға көтере шаттана қағатын. «Шіркін-ай, сол қоңырауды мен де қақсам ғой» деп тәтті қиялға берілетінбіз біз. Қайткенде де қоңырауды бір ұстап көрмек ниетте жақсы оқуға талпынатынбыз.

Негізі, білім саласына сабақ аралығы атрибуты ретінде қоңырау соғу дәстүрін алғаш чех педагогы Ян Амос Каменский енгізген еді. Дегенмен, сонау ерте дәуірлерде грек философ Платон өз шәкірттерін сабаққа шақыру үшін бірі бос, екіншісі суға толы екі шөлмекті бір-біріне қағу арқылы шыны қоңырауларын (клепсидр) пайдаланды деген дерек те бар.

Қазір мектептер түгелдей электр қоңырауларына көшті. Қоңырау соғу бақыты – есік алдында отырған күзетшінің еншісінде. Ал жез қоңырау жылына екі мәрте ғана қағылады: 1 қыркүйек – жаңа оқу жылы басталған сәтте, 25 мамыр – оқушылар жазғы демалысқа кететін уақытта. Қалған уақытта киелі қоңырау мектеп басшысының сейфінде шаң басып тұра береді.

Сыңғырлы қоңырау қағу дәстүрі – кәдуілгі сабақ арасындағы үзіліс бөлшегі болудан қалғаны қашан. Бүгінде

ол қызық қуған мұғалімдердің думан-сауығына айналып барады. Қоңырауды бұрынғыдай таңдаулы оқушылар емес, бала қызығынан ештеңесін аямайтын ата-ананың «қоңырау қаққан ботақанымның бәсіресі дайын» деп, өз баласына қоңырау қаққызып, мұғалімдерге дастархан жайып беретін дәстүріне айналған...

Жез қоңырау үні – бізді алыс бір армандарға жетелеп, білім кемесімен сапарлап бара жатқанымыздың айғағы еді, оның үні – құстың сайрағанындай кеудемізге шуақ төгіп, білімге құштарлығымызды оятатын әуезді бір музыка болатын...

Сыңғырла, күміс қоңырау, менің балалығымның өшпес әні! Алтын ұя – мектебімнің естен кетпес естелігі!

ЖАҚЫН АДАМЫҢЫЗҒА НЕ СЫЙЛАП ЖҮРСІЗ?

Жігіт кезімізде санаулы гүлдердің ғана атын білуші едік. Қазір шөп те гүл, шөңге де гүл. Әсіресе, әйелдер мейрамы қарсаңында гүл базарында атын айтып болмас күмәнді бір «шөп-шаламдар» көбейіп кетеді.

Гүл саудалағыштар шешек ашатын әлдебір арам шөптің сабағын жұлып алып, құмыраға қондырады да, «бұл «Әйел бақыты» деген гүл, ол үйіңізге жарасымды бір бақыт әкеліп, отбасылық проблемаларыңызды сол заматта-ақ шешіп отырады», «ал мынау – «Доллар дарағы». Бұл үйге ақша шақыратын гүл, сізді әп-сәтте-ақ байытып жібереді» деп, ырымға сенгіш еркектердің қолына ұстатып жібереді. Шын мәнінде алғашқы шөптің аты – спатифиллум, екінші шөп – замиокулькас. Осы сияқты «Еркек мейірімі», «Сүйіктіме», «Індет қуалар», «Менің Ақшақарым» деген гүлдерді де кезіктіресіз. Гүл сатушылар бұлардың «ата тегін» түгелімен жаттап алған. Қозғай кетсең, таңға дейін жырлауға бар. Керісінше, үйге мүлдем жолатуға болмайтын гүлдер де болады екен: плющ, фикус, монстера, фиалка, кактус... Бұлар отбасының берекесін қашырып, еркектерді араққұмар, қатынқұмар, ал әйелдерін жезөкше етіп жіберетін көрінеді.

Ежелден ұлтымыз жақын адамына сыйлық тартуда ырым-тыйымға сенбеген, «бәсіре ату», «күміс салу», «ки-мешек кигізу», «бәйге тігу», «ат мінгізу», «шапан жабу»,

«селт еткізу», «үш тоғыз» сияқты сыйлық түрлерін жасаған. Негізі, гүл сыйлау Еуропадан келген дәстүр. Атам қазақ ең жақын адамына екі-үш күннен соң солып, қурап қалатын шөп-шалам сыйламайтын, өмірінде, тұрмысында кәдеге асар, мәңгілікке естелік болып қалар жақсы бір зат ұсынатын.

Терезеңіздің алдындағы құмырада кешегі мейрамнан қалған гүл түр ма еді? Су құюды ұмытып кетпеңіз...

АТЫҢ ҚАЙСЫ, ФАМИЛИЯҢ ҚАЙСЫ?

Sputnik Қазақстан таратқан ақпаратқа сүйенсек (сілтеме: <https://m.sputnik.kz/.../qazaqstandyqtar-aty-joni.html>), Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов министрліктің 2021 жылы атқаратын жұмысына тоқтала тұрып, азаматтардың аты-жөнін латын негізді әліпбимен жазу ережелерінің әзірленетінін жеткізіпті.

Дәл осы тұста, егер ереже қайта әзірленетін болса, онда мына мәселені де ескере кеткен жөн-ау деп ойлаймын.

Дүние-әлем түгел аты-жөндерін бір ізге түсіріп алған: алдымен – аты, сосын – тегі жазылады/айтылады: Джо Байден, Режеп Ердоған, Маргарет Тэтчер, Ангела Меркель, Әлихан Бөкейхан, Нұртөре Жүсіп, Қайрат Нұртас, Бекжігіт Сердәлі...

Ауызекі сөйлеген кезде де, әдеби жазбада да Абай Құнанбаевты – Құнанбаев Абай, Олжас Сүлейменовты – Сүлейменов Олжас, Мұқағали Мақатаевты – Мақатаев Мұқағали демейміз ғой?

Ал, бізде азаматтардың аты-жөндері әртүрлі жазылатындықтан, атының қайсы, фамилиясының қайсы екенін айыра алмай шатасып жатамыз. Айталық, өз басым бірінші атымды, сосын тегімді жазып қоятындықтан, фамилияны бірінші атап үйренгендердің кейде «Беке»-нің орнына «Сәке» деп қалатыны бар...

Негізі фамилия ресми құжат тізімдегенде немесе кітапхана картотекасын рәсімдегенде ғана бірінші жазылғаны жөн. Өзге жағдайда аты бірінші жазылатын әлемдік қалып тәжірибеге енуі тиіс.

Ендеше, азаматтардың аты-жөнін латын негізді әліпбимен жазу ережелерін әзірлеген тұста осыны да заңдастырып жіберген жөн-ау.

КОЙ ҚҰЛАҒЫН КІМ ЖЕЙДІ?

Жуырда оқыған-тоқығаны көп, аспай-саспай мәнермен сөйлейтін, жасы сексенге тақаған Әлихан деген қартпен табақтас болудың сәті түсті. Үлкен астын алдында әдеттегідей алдымызға бас келді. Бір құлағы шүнтийп кесілген, езіліп піскен басты мүжіп отырған қария: «Мұның екінші құлағының қайда кеткенін білесің бе?» деп төтеннен сұрақ қойды. «Далада жүгіріп жүрген ойын балаларының бірінің қолында жүрген шығар» дедім мен де қарияның нені меңзеп отырғанын шамалап. Қарт табаққа басты салып алып кірген жігітке сұраулы жүзбен қараған еді, ол: «Босағада жиен балаға кесіп берген едім» деп, бірдеңені бүлдіріп алдым ба дегендей мұңая қалды...

– Құлағын кесіп балаға бергенін дұрыс, бірақ осы үйдің баласына бергенін жөн болар еді, – деп қария бір әңгіменің құлағын қылатитты. – Ілгеріде бір жолаушы жолсоқты боп, қаталап шөлдеп, қарны ашып, түн ортасында «құдайы қонақпын» деп ауыл шетіндегі бір үйге тоқтайды. Үй иесі қазақы дәстүрмен жөн сұраспай, жолаушыға қазан көтеріп, барын алдына тосып, сыралғы құдасындай күтеді. Ас үстінде әңгіме тиегі ағытылып, екеуінің сөзі жарасып, таңның қалай атқаны да білінбей қалады. Отағасы мен қонақ бірін-бірі қимастай дос тұтып, қоштасар сәтте үй иесі құдайы қонағын құшағына қысып тұрып: «Қалауыңды ал!» дейді. Жолаушы: «Мана есіктің алдында жүгіріп жүрген бір күшікті көріп едім, соны бәсірелейінші» дейді. «Ойбай-ау, дұрыстау бір нәрсе сұрамадың ба? Мейлі, қонақтың қалауы мен үшін – заң. Ал, қалауыңды» дейді үй иесі. Сәлден соң, қонақ: «Жоқ, айныдым. Күшікті емес, ана есік алдында жатқан шиды алайын» дейді. «Мейлі» дейді үй иесі. Жолаушы бес-алты қадам жүріп барып: «Айып етпе, қожайын, тағы айныдым. Шида емес, қара қозыны алатын болдым. Тек бауыздап, етін жақсылап асып, қоржыныма салып берсең болғаны» дейді. Үй иесі: «Қалауың білсін» деп, қаракөлдi сойып, мылжалап пісіріп, бас-сирағымен қонақтың қоржынына сала бастағанда, құдайы қонақ: «Отағасы-ау, бастың бір құлағы қайда?» дейді. «Құлағын үйдегі мына бала жеп қойып еді» дейді мал иесі. «Ендеше, мұны да алмайтын болдым. Ырысы өздеріңізге бұйырсын!» деп жолаушы жолға жинала бастайды. Үй иесі: «Оу, мұның қалай? Күшікті алам дедің – алмадың, шида алам

дедің – оны да алмадың, қозы алайыншы деп едің – одан да бас тарттың. Мұның сыры неде?» деп сұрайды. «Басыңнан бағың арылмайтын жақсы бір жан екенсің, досым. Сенің берекелі ырысың маған да жұғысты болсыншы деп әдепкіде бәсіре етіп күшікті қалағаным рас. Кейін көзім шалып қалды, күшік жүгіріп жүріп есіктің алдында жатқан шиға шаптырып кетті. Е, ырыс шиға ауды

гой деп, шиды қаладым. Сөйтіп тұрғанымда қозы келіп шиды жалады. Ырыс қозыға ауды-ау деп қозыға құда түстім. Қозының еті піскенде оның құлағын үйіңіздегі балаңыз жеп қойды. Отбасыңыздағы ырыс пен бақ-береке жалғыз мұрагеріңіз – балаңызға ауды. Бұл Алланың ісі. Бақ сіздің үйден сыртқа кетпейтінін түсіндім» деп жолаушы ризалықпен қоштасып, әрі қарай жол жүріп кеткен екен. Міне, қойдың бір құлағын осы үйдің баласы жесін деуімнің мәнісі осы еді, – деп Әлихан қария сөзін аяқтады...

Ал, сіздің әулетте қалай? Қой құлағын кім жеуші еді?

ЖАЯУДЫ ДА БІР ОЙЛАП ҚОЙСАҚ

Бұрын, Кентау қаласы жедел ұңғылаудан әлемдік рекордымен аты шығып, тасы өрге домалап тұрған шағында жұмысшылар кешқұрым шаһар сұлулығына көз тояттатып, қыдырыстап, велосипедпен еркін жүруі үшін қала орталығындағы кейбір сәулеті жарасқан әсем көшелерде кешкі сағат 19.00-ден таңғы 07.00-ге дейін көліктің жүруіне тыйым салынатын. Демалыс, мереке күндері бұл көшелер тіпті күні бойы «жабық» тұратын. Қала тұрғындары бұл уақытта, қай жағымнан көлік келіп қалады екен деп алақтамай, «карантинді» көшелердің бойымен бала-шағасын ертіп, қыдырыстап, қала сұлулығына тамсанып, өзінің туған шаһарына деген махаббатын оятушы еді.

Осы оңды тәжірибені күн сайын түрленіп, гүлденіп келе жатқан Түркістан қаласында да пайдалануға болатын сияқты. Бір есептен, бұл қаланың экологиясын жақсартуға, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Әлемдегі сәулетті қалалардың жақсы тәжірибесіне үнемі назар салып жүретін Рашид Абатұлы жаяу жүргіншілерге көбірек мүмкіндік жасау мақсатында «таза қала, жайлы қала, қауіпсіз қала» логистикасымен осыны да бір ойлап қойса, артықтық етпес еді.

Мәселен, «Әдем», «Анталия», «Дәулет», «Бургер», «Наурыз», «ДиаДора» сияқты ойын-сауық, сауда орындары орын тепкен С.Қожанов көшесінің бойы елдің осылай қыдырыстауына ыңғайлы сияқты. Әрі мұнда уақыт өте келе Алматыдағы «Арбаттағыдай» суретшілер, қолөнершілер кешқұрым шам жарығымен өздерінің төлтума туындыларын жайып, ел ішінде көрінбей жүрген өнерпаздарды қызықты бағдарламаларын ұсынып, ду-думан, сауық-сайран болып жатар еді. Көлік кептелісі болады екен деп қауіптенудің қажеті жоқ. Себебі іргеде жапсарлас, көлік қозғалысын реттеп отыратын Байбұрт көшесі бар. Тек кешқұрым демалыс аймағына айналар көшенің кедір-бұдыр асфальтін сүріп тастап, Еуропадағыдай, мәшине доңғалағына жұмсақ тиетін ою-өрнекті тас-кірпіш төсеп, көшеге қарайтын беттегі ғимараттардың сәулеттік көрінісін ландшафт дизайнымен безендірсе жетіп жатыр. Ал, таңғы сағат 07.00-ден кешкі сағат 19.00-ге дейінгі уақытта көліктер әдетінше зығғи береді.

Жақсылап ойланса, осы сияқты көлікке де, жаяу жүргіншіге де ыңғайлы басқа демалыс аймақтарын тауып алуға болады. Оны бізден гөрі қаланың байырғы тұрғындары жақсы білсе керек.

Ал, «Арбат бар емес пе?», «Саябақтар мен саяжолдар көбейіп қалды», «Сонда серуендей бермей ме қыдырғыштар?» деушілерге: мыңдаған саябақтары мен гүлзарлары салтанат құрған Берлин әкімдігінің жаяу жүргіншілерге жасап отырған қолайлы жағдайын мысал етіп айтқан болар едік. Мұнда алдымен жаяу жүргіншілер қай жермен көбірек жүреді, қай тұста көбірек қыдырыстайды, соны мониторингтеп зерттеп алады. Сосын адамға жаяу жүруіне қажет қалыпты жағдай жасайды. Қиыр шеттегі бос тұрған саябақтар болса, ол өзін ақтаған жоқ деген шешіммен басқа әлеуметтік нысандарға ауыстырылады. Тіпті, Алманияның федеральды Парламенті жаяу жүргіншілер туралы заңда қабылдап тастаған. Осы заңда қала тұрғындары мен қонақтарының жаяу жүруіне, кездесіп, қыдырыстай жүріп кішкентай мәселелерді шешуіне барлық қолайлы жағдайлар қарастырылған.

Қазір барлық нәрседен адамның құндылығы қымбаттап барады. Сондықтан көлікке емес, жаяу жүргіншіге де бір мезгіл жағдай жасап қойған артықтық етпес...

ЖАҢЫЛТПАШ МАҢДАЙШАЛАР

Қайсыбір қалада да кісі жиі бас сұғатын қоғамдық орындар бар: дүкен, дәріхана, қонақ үй, мейрамхана, шатхана т.б. Солардың кіре беріс маңдайшаларындағы атауларына көз салып па едіңіз? Не қазақша емес, не орысша емес, дүбара бірдеңе. «Дүкені Молшылық магазин», «Дәріханасы Айболит аптека», «Мейрамханасы Шаттық ресторан», «Қонақ үйі Сапар гостиница»... Бұл олардың мемлекеттік тілді «құрметтеген» түрлері. Әлдене десең: «Қазақшасын бірінші жазып қойдық ғой, енді не демексің?» деп беттен алғалы тұр. Қарсы уәж айта алмайсың. Қазақ тіліндегісін бірінші жазып қойғаны рас. Бірақ, қалай?

Қоғамдық орын атауларының осы тәртіппен жазылып жүргеніне біраз болды. Стилистикасын кім енгізгенін бүгінде ешкім тап басып айта алмайды. Ал, дұрысы: «Молшылық дүкені, магазин Молшылық» екенін бәрі де біледі. Бірақ, әлгіндей дүбара сөз оларға қаржы үнемдеуге тиімді. Артық сөз – баннерге жұмсалатын артық ақша.

Егер шын үнемдегісі келсе, мемлекеттік тілдегі атауын қалдырып, қалғанын «күзеп» тастағаны жөн. Қарны аш адам, қажет деп тапса, дүкеннің, ал басы ауырған кісі дәріхананың не екенін өздері-ақ сұрастырып біліп алады...

АЛЫС ЖОЛҒА ПАМПЕРС

КИП ШЫҚҚАНЫҢЫЗ АБЗАЛ

Үйден қашық, басқа қалаға не шет елге, немесе алыс жолға шығатын болсақ іштей әрқайсымызды ойландырар бір «проблема» бар: ол – әжетхана мәселесі. «Қайда барып дәрет сындырар екенмін?», «Қала көшелерінде бұл жағы қарастырылған ба?», «Аяқ асты дәрет қысса не істеймін?» т.с.с.

Мәселен, Еуропада қалааралық автобустың өзінде артқы жағында әжетхана бар. Біздегідей «бір қалыңдау бұтаның маңына тоқтайсыз ба?» деп шопырды мазаламайды; ұйқылы-ояу шаруасын бітіріп, сапарын әрі қарай жалғап кете барады. Ал, Токио көшелерінде әр 300 метр сайын тап-тұйнақтай болып тұрған эко-әжетханаларға кезігесің. Жапония тазалыққа құмар ел ғой, тіпті шалғай мекендерге дейін сырттан ішкі жағы көрінбейтін, іштен сыртқы табиғатты

тамашалап отыра беруге болатын әжетханаларды орнатып тастаған. Осы идеяның авторы жапон сәулетшісі Сигэру Банудан мұның мәнісін сұрағанда: «Әжетхана – ең бір лас мекен» деген стереотипті жою үшін жасай салған жобам еді» деп жауап берген. Чехияда да «адам аяғы баспаған» жердің өзінде қарауылдай қалқайып дәретханалар тұрады. Бір қызығы, барлығы тегін.

Ал, бізде екі унитаз, бір қолжуғышын орнатып алып, 50 теңгеден «навар» жинап отырғандар тым болмаса әжетхана тазалығын ойластыруды да білмейді. Қол жуатын суы мұздай, қағазы сатулы, сүлгісі кір-қожалақ...

Шүкір, өзге елдердің «жаңашылдығына» біз де ұмтылып жатырмыз. «Логистика» дедік пе, «жасыл аймақ» дедік пе, әйтеуір, Батыс-Қытай тас жолы бойына бірнеше әжетхана соғып тастадық. Аты әжетхана болғанымен, заты қоқысхана дерсің. Онда кіріп, жеңіл-желпі әжетіңді шығармақ түгілі, шыбын-шіркейге таланып, көзің ашып, қолқаңды құсық қамайды...

Енді таяу айларда киелі мекенге еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті шет елден зияратшылар ағылатыны даусыз. Олар табиғат тамашасын қызықтап, асықпай автобуспен сапарлағысы келуі мүмкін. Сондайда, беті аулақ, ұлы сөзде ұят жоқ, үлкен дәреті қысты делік... Не болатынын, не ойлайтынын өзіңіз-ақ бажайлай беріңіз... Сыртының сылағы түскен, есігі жоқ ақ үйшік, дәрет төгетін тесігі бітеліп, сары мұз қатқан лас еден, қоқысы ағылып-төгілген темір жәшік, күн қақтаған «қолжуғыш» бакалашкалар...

Қала ішінен де жөні түзу әжетхана таба қоюың екіталай. Әлдебіреу үйіне кіргізбейді. Кейбір аты дардай мекеме қызметкерлерінің қақаған аязда көршілерінің қисайған дүңгіршегіне барып «әжет шығарып» жүргенін көрдік.

Қалаға туристерді магниттей тартамыз десек, алдымен әжетханамызды реттеп алуымыз керек сияқты. Халық көп шоғырланатын жерлерде, тіпті көше бойларында сағат сайын санитарлық тазартудан өтіп жататын эко-әжетханалардың тұрғаны жөн. Сонда ғана біз өркениетті елдердегідей шет елден келген меймандарымызға тазалық мәдениетін көрсете аламыз.

Ал, әзірге алыс жолға памперс киіп шыға тұрғаныңыз абзал.

БОЯУШЫ ҚЫЗДАР...

Енді бой жете бастаған жас қыздарымыздың мінезінің «біртүрлілеу» болып көрінуіне екі самайынан тазы иттің құлағындай салпылдай құлаған қобырақ шаштары мен беттеріндегі бес батпан бояулары кері әсер ететін сияқты. Себебі, жеңіл боянып алған қыздарға қарағанда, қалыңырақ боянған бойжеткендер әлгі «сәнді» шаштары мен «әдемі» бояуларын көрсеткісі келе ме, әйтеуір, жақындай бере жүрісі өзгеріп, аман-саулық сұрағысы келмей, ешкімді жақтырмай қабағы үйін-түйін боп, көздері аударылып-төңкеріліп, біртүрлі беттері бұрыштанып қалады.

Макияжым бұзылмасын дейтін шығар... Ал, бұзылып жатқан мінезді қайтеміз?

ХАТ-ХАБАР ЖӨНЕЛТЕ АЛМАЙТЫН ПОШТАЛАР...

Түркістан «Қазпочта» мекемелерінде хат салатын қарапайым конверт жоқ десем, сенесіз бе? Әй, сене қоймайсыз-ау. Себебі хаттың пошта арқылы жөнелтілетіні сізге де, бізге де бала күннен жақсы таныс.

Жуырда ресми хатымызды жолдау үшін алдымен Халық банкі маңындағы байланыс бөлімшесіне бардық. Ондағы әйнектің ар жағында отырған қарындас: «Бізде хатыңызды жолдайтын конверт жоқ, оны өзіңізбен бірге ала келуіңіз керек еді» деді.

Жарайды, өмір ғой, мұнда болмаса басқа бөлімшеде болып қалар деп, «Амангелді» аялдамасы маңындағы байланыс бөлімшесіне соғып едік, онда отырған ер азамат та: «Конверт жоқ» деп теріс айналды. Қой, басқа-басқа, орталық поштада болмаса ұят шығар енді деп, автобекет артындағы ең үлкен поштаға жол тарттық.

Ондағы хат қабылдаушылар да: «Аға, конвертіміз жоқ еді» деп төмен қарады. Абырой болғанда, «тағы әлдеқандай болып қалмас па екен» деп, жолда кеңсе заттары дүкеніне соғып конверт ала салғанбыз, сол құтқарды.

Бұрын поштаға барып, сол жерден ақшамызды төлеп конверт сатып алып, хатымызды жөнелте беруші едік, бұл жолы не болғанын түсінбедік. Ешкім үйінде конвертін қаттап ұстап отырмайтыны анық қой...

Әрі-бері хат-хабар жөнелте алмай, сәнінен айрылып отырған Түркістан поштасының басшылығы бұған не дер екен?

«ОРЫС КЕЛІНШЕГІҢІЗ» БАР МА?

Қазақта үлкен ас келер алдында үйдегі жас балаға құман-шылапшын алдырып, келген кісілердің қолына қос қолдап ұстаған қара құманнан сорғалата жылы су құйып, иығына іле кірген таза сүлгісін ұсынып құрмет көрсететін әдемі бір дәстүр бар. Көпшілік жиналған жерде адамның мол болуына байланысты қолға су құю дәстүрін екі жігіт «бата – бастан, су – аяқтан» деген тәртіппен босағадан төрге қарай айналдыра құйып атқаратын. Кейде есік алдына су шашырамасын деген ниетпен түбіне шөп төселген шылапшын қойып, иығына сүлгі ілген қунақ жігіт қонақтарға үйге кірерде қолына су құйып құрмет көрсетіп тұратын. Үлкендер жағы мұны қадағалап: «бір қолыңмен шүмегін ұстап тұр», «сарылдатпай үзіп-үзіп құй» деп ескертіп отыратын. Ал, қолын жуған қонақ жағы: «Молда бол, үлкен жігіт бол!», «Көп жаса!», «Қатарыңның алды бол!» деп, алғысын жаудырып, батасын беріп жата-тын. Бұл көптің алғысымен ұлым биікке ұмтылсын, жаман атаулыдан бойын аулақ ұстасын деген ниеттен туған қазақы дәстүр болатын. «Баталы ер арымас» деген тәмсілмен өскен ұл қарапайым қолға су құюдың да артында үлкен мағынаның бар екенін біліп өсетін.

Өз басым қолым қалт еткенде алатопылы ағайындардың «Самарқанд» дейтін шайханасына жиі бас сұғып тұрамын. Мәселе ондағы аспаздардың асты дәмді әзірлеуінде емес, есік алдында тұрған ұялшақ қыздардың қыл мойын жез құманның шүмегінен ұстап, қолыңа сорғалата ыстық су құятынында. Қалай алғысыңды айтпайсың? Қалай бата бермейсің? Олар қолға су құю дәстүрімізді клиент тартудың бір құралы ретінде тәп-тәуір пайдаланып отыр. Осы қолға су құю дәстүрін кейінгі буынның ұмыта бастағаны көңіл қынжылатады.

Жиын-тойда есік алдына тақтай қадап, оған судан босаған бакалашканы тізбектей қағып, «орыс келіншектің құманына қолдарыңды жуа кіріңдер» деп, бакалашканы келінге теңеп әзілдегенсіп, суы сорғалаған жалғыз сүлгіні күн көзіне жалбырата іліп қойып, жап-жас жігіттердің миығынан күле анадайдан қарап тұратынын талай көргенбіз. Немесе

«Үйде су ағып тұр, ваннаға қолдарыңды жуа кіріңдер» деп, елді ванна алдына кезекке қаңтарып қойып, жеңіліне қарай жүгінетін әдет таптық. Дәрет алар құман таппай, қарт кісінің қолына бакалашка ұстатып жіберетін дағдымыз тағы бар. Ал, қолға су құятын баалаларымыз бұл кезде бір-бірімен қуаласпақ ойнап, анасының етегіне оратылып, «Кола» сұрап әуре болып жатады...

Сіз қалай едіңіз? Бүгін ауызашар ғой. «Орыс келіншегіңіз» қолға «су құюға» дайын тұрған болар...

АНДИ МА, БАҚЫЛАЙ МА?

Қазір Түркістан қаласында жол бойында, жол қиылыстарында сізге «тесіле» қарап тұрған камерадан көз сүрінеді. Салбырағаны да, жалбырағаны да автокөлік жүргізушілерін аңдумен әлек. Көше қиылысындағы жол жүру ережесін реттеп, жылдамдықты асырғандарды ауыздықтау үшін мұндай камералар қажет те шығар, бірақ, бейнебақылау жүйесі таңнан кешке дейін жолды аңди бермей, қалтарыс-бұлтарыстағы халықтың қауіпсіздігін де қамтамасыз етуі тиіс қой. Соңғы кезде қолдарына қару, пышақ алып емін-еркін сайраңдап жүргендерді бағана басындағы камера емес, өтіп бара жатқан жүргіншілер байқап, түсіріп алған.

Қалаішілік қалтарыс-бұлтарыстарды бақылау үшін бірінің үстіне бірі миңгескен камералардың біразын мөлтекаудан аулаларының ішіне, көпқабатты үйлердің іргесіне, подъезд кіреберістеріне көшірген дұрыс сияқты. Тым болмаса ойы бұзық, арам пиғылдылар ту сыртынан «қарап» тұрған камерадан сескеніп, аяқ тартып жүрер еді.

ҚҰРЫЛЫС МӘДЕНИЕТІ

Кім болса да, отбасылы болған соң, әркімнің босағасына телмірмей жеке баспанасының болғанын қалайды. Ел қатарлы үй тұрғызып алу үшін жер телімін сатып алып, үйді қайда соғатының, қора-қопсысының қай тұстан орын тебетінің жо-спарлап, өзінше сызбасын сызады. Болашақ үйінің нобайы көз алдына елестеп, тәтті бір қиялға беріледі.

Ал, мұндай жоспарды, мәселен, еуропалықтар алдымен әжетхана орнын белгілеп, барлық сантехникалық мүмкіндіктері қарастырылған дәретхана соғып алумен

бастайды екен. Өзбек ағайындарды да көріп жүрміз, үй құрылысын ағаш көшеттерін отырғызудан бастайды. Үй соғып болғанша дәретхана да әжетіне жарайды, көшет те көлеңке беретін мәуелі дараққа айналады.

Қаланың жаңа жер телімдері берілген жеке секторлы аймақтарын байқап жүрміз, түкке керексіз, аннан-мұннан сүйреп әкеліп тастаған жартыкеш кірпіштер мен арматуралары сойдиган құрылыс қалдықтарынан аяқ алып жүре алмайсыз. Құмырсқа құрылыс. Жоспарлап, кәдеге асар құрылыс заттарын ғана біртіндеп сатып алып жарату деген түсінік жоқ. Өз ауласы да, көрші ауласы да құрылыс қалдықтарынан қалған қоқыстардан көрінбейді. Айнала шаң-тозаң, төгілген әк, жел суырған құм, шашылған тас. Әжетхана да, бау-бақша да біз үшін соңғы кезекте. Оған дейін не үш шиферді қалқалай тұрамыз, не көршіге салмақ саламыз. Бір қызығы, үй әлдеқашан салынып бітсе де, әлгі құрылыс қалдықтары көше жақ іргеде жылдар бойы құрылыстан қалған экспонат болып жата береді. «Керегі болып қалар, жата берсін» деген сол баяғы жабайы түсінік...

Осының барлығы айналып келгенде гүлге оранып, шаң-тозаңнан енді ғана арыла бастаған қаламыздың көркіне кері әсер ететіні даусыз.

Жеке ауламызда құрылыс жүргізу мәдениетін де үйренетін кезіміз келген сияқты, ағайын...

МОТИВАЦИЯ ІЗДЕП ЖҮРСІЗ БЕ?

«Екінші болма», «Күнкөрістен кет, байлыққа жет!», «Қоқыстан табылған миллионер қыз», «Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгерт», «Құпия», «Қош бол, қиындық!», «Ақ пен Қара»... Бұлар әлеуметтік желідегі жазбалар мен ашық тренингтер арқылы жарнамаланып, көпке танымал болған қазақ тілді мотивациялық кітаптар. Олардың алды 100 мың данаға дейін сатылып кетті. Бұдан өзге «Думай и богатей», «Лучше поздно, чем никогда», «Финансист», «52 понедельника. Как за год добиться любых целей», «Привычка достигать», «Будь чудом. 50 уроков, которые помогут тебе сделать невозможное», «Режим гения. Распорядок дня великих людей», «Твой путь», «Думай медленно... Решай быстро» дейтін шетел авторларының кітаптары да бізге жақсы таныс. Бұлар миллион таралыммен тараған бестселлерлер.

Мұндай кітаптар туралы елдің пікірі әрқалай: біреулер «әжептеуір мотивация берді, оқып шығуға кеңес беремін» десе, енді біреулер «бұлар белгілі бір уақыт аралығында ғана танымал болып, кейін жоғалып кететін кітаптар» деген пікірде.

Ал, мына, бүгін ғана тұсауы кесілген «Таным мен тәлім» кітабы өндіріс ісімен тікелей шұғылданып жүрген басшы-менеджерлердің арасында ұзақ жасайтыны даусыз. Себебі кітапта тұралап қалған өндіріс орнын қайта қалай аяғынан тік тұрғызуға болады, кәсіпорындағы өндірістік қақтығысты шешудің жолы қандай, тұрақты дами берудің көзі неде, өндірісте ысырапқа жол бермеудің тетігі бар ма, қалай үнемдеуге болады, жұмыс орнын таза ұстаудың құпиясы неде? деген сұрақтарға осы ортада басшылық қызметте жүріп, тәжірибе жүзінде барлық құпиясын меңгерген кітап авторынан қарапайым қазақ тілінде жауап табасыз.

Кітап қарапайым жұмысшыға таным берерлік жеңіл тілде, басшы мен менеджерге тәлім боларлық ұғынықты стильде жазылған. Сондықтан осынау кітаптың жақсы жағына қарай өзгеруге ұмтылған әрбір жұмысшы мен еңбек адамының жұмыс үстелінің үстінде жататынына сенімдімін!

Айтпақшы, кітапты кімнің жазып шыққанын айтпаппын ғой. Кітап авторы – Кентау трансформатор зауытының директоры Хайрулла Қожабаев.

МАЗМҰНЫ

Желтоқсан – жанымның жарасы	3
Ел рәмізі – тәуелсіздік тұмары	6
Ұқыптылық	7
Парасат пен пайым патшалығы	9
Наурыз мейрамын дұрыс	11
Тойлап жүрміз бе?	11
Афишада қалған мәңгілік бейне	14
Ұстаз	17
Уәденің адамы	19
Тіл білмейді екенсің – айыппұлыңды төле!	22
Туризмді ту еткен тұғырлы ел болсақ қой.....	22
Сырғалым, сырғаңның сыңғыры	23
Қақпаңыз неге биік?	24
“Тойым ойыма қонбай тұр”.....	25
Аятын ақыға оқитын қариялар	26
Сатушы – ана, сатып алушы – бала	27
Көшеңе көшелі жандар ие ме?	28
Ай-қап!	28
«Катаниені» ауыздықтар Катани керек боп тұр	28
Руға бөлініп жүзі күйгендер	29
Ұрпаққа даритын, жер аты – тарихың	30
Күн нұры	32
Тәж қала – арман қала	32
Өзі – қазақ, құжаты – өзбек	38
Шаттық ұялаған шаңырақ	40
Достығың берік пе?	43
«Ар ма?» деген дертке қуат емес пе?	45
Жол тәртібін бұзатын кім?	46
Өлең «айтып», ән «оқып» жүрміз бе?	47
«Қара жорға» кімнің биі?	50
Асабалықты кәсіп еткендер	52
Патриот	53

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Мәдениет туралы сөз	54
Ономастикалық жұмыстарды үнемі	
қадағалап отыру керек	56
«Қазаншының еркі бар...»	59
Байлық бақамен өлшене ме?	60
Болмысы бөлек бозінген күйші	61
«Ұзынқұлаққа» үйірсек еткен ұстаз	64
Сахнагер Сейтметов	66
XIII ғасыр жасаған тұт ағашы	74
Бүгінгінің жарамазаны	74
Хирургтың хоббиі	76
Аруаққа сәлем салу дұрыс па?	77
Қажылық – атақ па?	78
Әшірбек Сығайды аңсау	79
«Өнертапқыш» көміршілер	81
Той «кредиті»	81
Жол ережесінің түркістандық нұсқасы	82
«Мысық-тышқан» вокзалы	82
Қайран, текемет...	83
Әйелдің шашы қысқа, ақылы ұзын	84
Бата орнына – тілек	84
Кит орнына – домбыра	84
Өнерпаз әйелдер-ай	85
Біртүрлі ұялып тұрмын...	85
Абыройын стажбен есептейтіндер	86
Алтын ұям	86
Дос пен «досты»	88
Бір аулада 7 келін	88
Күйші Төлеген, «Салтанат» және мен	91
Өн мен өлең	94
«Көлеңке»	94
Сезімді қайтем тулаған?	95
Автотұрақсыз қала	96
Ақ босаған – арың	97
Сәлемің түзу ме?	98
Құран мен ұран	99
Жартасқа бардым...	100
Тойға емес, тойдан...	100
Қыңқыл-сыңқыл	101
«Жабысқақ» әріптер	101

Рушыл дүкендер	102
Ойын баласының «ойы»	102
Разнараядка	102
Төзімділік	103
«Хамелеон» көшелер	103
«Күн көсемдер» әлі тұр	104
Мақтан мен мадақ	104
Барлық білім – кітапта	105
Туған жерге туың тік!	105
Қазақы шай	106
Қазақы салат	106
Тіке айту – мақтан ба?	107
Тұралатқан «тоғыздар»	107
Әні «жок» халық	108
Сөз түзелді, көшен де түзелсін!	109
Фотодағы жасандылық	109
Есіміңіз кім?	109
Автор – автор емес, әнші – автор болып тұр... ..	111
Әй, сән қуған қыздар-ай... ..	112
Қонаққа барғыңыз келе ме?	112
Шапаннан неге шошимыз?	113
Астамшыл асабалар	115
Кімге, не үшін төлеп жүрсіз?	115
16 қыздың 2-еуі қайда?	116
Түркістанның түрленуі – өңірдің гүлденуі	117
Тұсауынды кесейін, күрмеуінді шешейін... ..	124
Төр – мұғалімдікі!	125
Қазығұрттың басында кеме қалған	127
Жастардың тілі – тілсіз тіл	128
Асхана мәдениеті	129
Текті сөздің төресі	130
Дәукең	132
Асқақ арманды ауыл ақыны	135
Ақтау – арман қала, ән қала	137
Ұлт өнерін ұлықтаған ағаш шебері	142
Ары таза адам еді	144
Әбдуәлі Баешовтың күй-дариясы	147
Шырын сөздің шебері	148
Бала мінез Базарбай	152
Шырактың сөнбес алауы	154

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Үйде «келініңіз» бар ма?	156
Қала шежіресінің қарашаңырағы	157
Көкпаршы Қалжан	159
Қала руханиятының ақсақалы	161
Декан	163
Лектор	164
Құлағын тесіп құнтитып... ..	168
Сөз мергені	169
«Ұятсыз» ұялы телефон	171
Ескерткіш – ел еңсесі	172
Тәуелсіздік мейрамында тәуелсіздігімізге қатысы жоқ адамдар марапатталып жатады	175
Қалыңдық лақтырған десте кімге тәбәрік?	176
Актер болғың келе ме? Алдымен әншіліктен баста!	177
Құдадан құтылғанша асығатынымыз қалай?	178
Мультипликациядағы мутант-кейіпкерлер	180
Түркістанның тамағы да дәмді	181
Қош, қаламсап... ..	182
«Крот» адамдар... ..	183
«Жамбастаған» полицей... ..	183
Даяшы мәдениеті	185
Жүлдесіз қалған жүлдегер	186
Түркістан алаңындағы Тайқазан көшірмесі	
7 металлдың қоспасынан жасалған құнды жәдігер	189
«Өтірік» өнер... ..	192
Той-жиынның еркесі	193
Тізе бүгу – мойын ұсыну	194
Арманына асыққан қыз	195
Мәйіт маңында сүйек мүжігендер не ойлайды екен?	199
Сырға салудың сыры	201
Бесікті қыз төркініне артатынымыз қалай?	202
«Ән-күйдің» жай-күйі қалай?	203
Жалған атақ-даңққа мараторий жариялайық	206
Жарнамада – тележүргізуші!	207
Тойыңызға гендер-асаба шақырған жоқ па едіңіз?	209
Темағаң мінезі жұмсақ, қонақжай, кеңпейіл де еді... ..	210
Көзі фотоаппарат жігіт	213
«Жас» деп кімді айтамыз?	214
Ән тербеген жүректер	215
Бауырсақ мейрамы	217

Тиыннан – ақша... Ал ақшадан – тиын...	217
4-сынып оқушысы Абай қара сөздерін жатқа айтады	218
Асаба да асығыс, молда да асығыс...	219
Тамақ арсыз	220
Қара шаңырақ, қара келін	220
Әнбұзар әншілер	221
Ұлттық киіммен жүргені ұнамды көрінді	223
Кейбір имамдарды тыңдасаң ужас кино көргендей боласың...	224
«Джунгли» салат	225
Таза қалада тұрғыңыз келмей ме?	225
Ауызашар сағатқа тәуелді ме?	228
Қазіргі келін анекдот тыңдап, сәлем салады...	228
Мекеме атауы шұбап жүр	229
Уақыттан адасқан жастар	230
Жаңылтпашқа құмармыз-ау...	230
Шахмат шаршысындағы байлық	230
Есікке байланған ғұмыр	232
Димаш – мектеп оқулығында!	232
«Мамам қазақша сөйлесем ұрсады»	233
Жылы сөйлеші, айналайын...	233
Телефоным шырылдаса, сен деймін...	234
Ғашық болу соншалықты мақтаныш па?	236
Жұмыс көп, жиын одан да көп...	237
Той кәмпиттерін Ресей шығарып беріп жатыр	238
Ханымдар, мырзаларыңыздың алдына шығып кеткен жоқсыздар ма?	239
Құран сүресі Гарвардта	239
100 грамм!	240
Ауыз жыбырлатпай, асқақ шырқайық!	240
Жасырынбақ жағымпаздық...	241
Тойдан шаршап жүрсіз бе?	242
Бас мүжитін бе едіңіз?	242
Не мініп жүрсіз?	244
Квартирниктен – көркемдік кеңеске	245
Сүндеттеу – мұсылман парыздарының бірі	245
Түркістан бренді	246
Сақалыңызды бояуға дайынсыз ба?	247
Ал, «қарттарым», аман-саумысыңдар?	248
Қалай?	248

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Абайлаңыз, мобильді қондырғыңызда –	
жалған акпарат	249
Шаң шаршатып тұр	250
Әйелден еркек көп екен	252
Жалға беріп «жарылқап» отыр... ..	252
Қазіргі көрермен әнші көрмеген бе?	253
Нағыз шопырлар Түркістанда шынығады... ..	253
Адал сауда	254
Жамағатқа жағамыз деп... ..	255
Әже болып жүргеніңді ұмытып... ..	255
Жалаң тобық	256
Ыңкыл-сыңкыл әндер	256
Жолға қол жүксіз шыққаныңыз жөн	258
«Братаның» – аға, «апашқаң» – апа емес пе?	259
Уақыт ұрлау марафоны... ..	259
Осы сізге рушылдық соншалықты қажет пе?	260
Кімсіз сіз, «-Ов» мырза!	261
Әнұранымызды Америкада шырқап жүрген жігіт	264
Туған күнім Тәжікстанда тойланды	265
Дүйсенбіде әйелдер шалбар кимейді	266
Басшыға деген теріс көзқарас болмауы тиіс	267
Қаралы жанмен көрісу әдебіміз қалай?	268
«Көмір – қаптаймын, қысқа сақтаймын!»	269
Компьютер де «алдап» соғады екен... ..	270
Қазақ әні – қырғыз елінде	272
Сахнаның сары баласы	273
Қош бол мектеп, қош бол форма көйлек... ..	275
Барлық жол базарға бастайды	276
Көше атын көше аралап іздейміз	276
Біз де бала болғанбыз... ..	277
Молда біткеннің өлім шақырып жүретіні несі екен?	279
Тегі жоғалған әншілер	281
Күлкі арсыз немесе «қатын күлкі»	281
Кешіккенге неге жалпақтаймыз осы біз?	282
Ұлттық әуенімізді жоғалтып алмайық, ағайын!	284
Бүлдір. сосын кешірім сұрай сал... ..	285
Қорқытудың жаңа тәсілі немесе Ютуб-фобия	285
Ерекше ескерткіштерге зәруміз	286
Партнер	287
Шай ішіп кетсең қайтеді, мен ұсынған кеседен... ..	288

Бойжеткенді өз босағасынан ұзатып	
салмайтынымыз қалай?	289
Терминал-терминаторлар	290
«Арай» өтті. Түйіні қандай?	291
Мейірімі төгілген кимас жан еді... ..	293
Елде жоқ ғұрыптар бар арамызда... ..	296
Түркістан амфитеатры... Аты қандай болмақ?	297
«Жолдың астынан шығып, коммунизмге қарай	
бет алып барамыз...»	298
Сұлулыққа сұқтаңғың келсе, түнде қыдыр	299
«Хорошо», «давай», «пока»... Кімнің тілі?	300
Сән қуған қыздар	301
Таразда бар бір досым... ..	301
Әшағамды қашан ұлықтаймыз?	305
Шәкірт сыйы	306
Селфимен секендегендер не ойлайды екен осы?	307
Мұхиттың арғы жағында қазақ әнұранын	
шырқап жүрген қандасымыздың ағасы!	308
Қасымхан ақынның өлеңбиігі	309
Түркістанға келсе үйіме қонбай кетпейтін ескі досым	313
Ұятсыз тойханалар	316
Құлтөш	316
Сөз құдыреті	318
Әдепсіз әлеужелі	318
Жас жауынгер келеді алшаң басып... ..	319
Курстас	320
Еліктеуіш емелер	320
Оператор ойлана береді	320
Иекте де бетперде, білекте де бетперде... ..	321
Онлайн ойландырып отыр... ..	322
Азан шақырып, ат қойып жүрміз-ау... ..	324
Жарнама жарысы	324
Салт-жоралғымызға да «карантин» керек екен	326
Той қумай, ой қуайық	327
Отырар төрде шөмейіп... ..	327
Кісілік – кішілікте	328
Сіз мылжың емессіз бе?.. ..	329
Тойға сау адам барады	330
Дәрігердің де дәрігері бар	330
Сыңғырла, күміс қоңырау!	331

СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Жақын адамыңызға не сыйлап жүрсіз?	332
Атың қайсы, фамилияң қайсы?	333
Қой құлағын кім жейді?	334
Жаяуды да бір ойлап қойсақ	335
Жаңылтпаш маңдайшалар	337
Алыс жолға памперс киіп шыққаныңыз абзал	337
Бояушы қыздар	339
Хат-хабар жөнелте алмайтын пошталар	339
«Орыс келіншегіңіз» бар ма?	340
Анди ма, бақылай ма?	341
Құрылыс мәдениеті	341
Мотивация іздеп жүрсіз бе?	342

Бекжігіт СЕРДӘЛІ
СӨЙЛЕ ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

Бірінші том

**«Нұрлы Әлем» баспасының
директоры – Жарылқасын ДӘУЛЕТ**

Редакторы –

Дизайнері – Б. Жарылқасынұлы

Беттеуші – Нағима Дәулет

Корректоры – Б. Егембердіқызы

Тех. редакторы – Раушан Өскенқызы

Басуға 5.04.2023 ж. қол қойылды.

Қалпы 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік.

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс.

Баспа табағы 22. Таралымы 300 дана.

Тапсырыс №11

*Автордың дайын файлынан «Нұрлы Әлем» баспасының
баспаханасында басылды.*

Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

«Нұрлы Әлем» баспасының телефоны:

Алматы: 8 (727) 230 18 00; 8 702 290 5005

E-mail: nurly_alem@inbox.ru

instagram: [@nurly_alem](https://www.instagram.com/nurly_alem)

ISBN 978-601-205-746-1



9 786012 057461